354/354
М13

Төрехан МАЙБАС

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ КӨМЕСКІЛЕНГЕН ЭТНОГРАФИЯСЫ

Төрехан МАЙБАС

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ КӨМЕСКІЛЕНГЕН ЭТНОГРАФИЯСЫ

Этнографтың жазбалары
Таным кітабы

«ШЕТ АУДАНДЫҚ ОРТАЛЫҚТАНДЫРЫЛҒАН
КІТАПХАНАЛАР ЖҮЙЕСІ»
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ
№

Алматы, 2025

ООЖ 351/354 (574)
КБЖ 63.3 (5 Қаз)
М 13

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі «Мәдениет және өнер саласындағы бәсекекелестікті жоғарылату, қазақстандық мәдени мұраны сақтау, зерделеумен насихаттау және архив ісіннің іскс асырылу тиімділігін арттыру» бағдарламасы « Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін сатып алу, басып шығару және тарату» кіші бағдарламасы бойынша жарық көрді

Майбас Т.

М 13 **Қазақ халқының көмескіленген этнографиясы:** *Этнографтың жазбалары. Таным кітабы* / Төрехан Майбас. - Алматы: ЖШС “Баспа сервис”, 2025. - 432 б.

ISBN 978-601-217-946-0

Белгілі этнограф-жазушы Төрехан Майбастың бұл кітабына бүгінгі қазақ баласының руханиятын түзетін үлттық этнографиясындағы соқталы сауалдарға берілетін жауаптың түп-төркіні тергеледі. Жазушының қолданысындағы жауабы өзінде тұрған сауалдың талдануы оқырманды тәнті етеді, бір сауалдан тағы бір сауалдың туындауы қаншалықты табиғи болса, жауабы да соншалықты табиғи болып келеді. Бір сөзбен айтқанда бұл кітапта қазақ халқының көмескіленген этнографиясы кеңінен сөз болады.

Кітаптың тілі көркем, шұрайлы. Кітап көпшілікке арналған.

ӘОЖ 351/354 (574)
КБЖ 63.3 (5 Қаз)

,ШЕТ АУДАИДЫҚ ОРТАЛЫКПНДЫРЫЛЕАН
КІТАПХАНАЛАР ЖТИЕСІ»
КОММУНАЛДЫК МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ
42674

ISBN 978-601-217-946-0

© ЖШС “Баспа сервис”, 2025.

БІРІНШІ БӨЛІМ

ЕЛТАНЫМ

Бірінші жазба
ҚАЗАҚТЫҢ «БІЗДІҢ ҚАЗАҒЫ» КІМДЕР?

Қазақ шалдарының «біздің қазақ» деп сөз саптайтыны бар. Осы «біздің қазақ» сөз тіркесі маған күні бүгінге дейін маза бермей келеді. Бұған қарағанда «біздің қазақ емес» те бар сынды.

Сонда айтып отырған біздің қазағымыз кімдер?

Қазақтың бұрынғы абыз шалдары «біздің қазақ» арқылы қазақты қалай шығарушы еді?..

Бұған әргі-бергі әдебиетте жауап жоқ. Бар болса сұйық, әрі-беріден кейін сайрақтан соқтасынға шығаратын жылымшы, татымсыз жазбалар. Сол жауапты енді өз тарапымыздан іздестіріп көрейік.

Сұраса келе «қарынбөле шығатын» қарға тамырлы қазақ руға, тайпаға, ұлысқа, жүзге бөліну арқылы бір-бірімен сүйек болып жатады. Қазақтың туыстық ұстыны осылай бөліну арқылы бірігуге негізделген. Мұнда да үштік өлшем бірлігі бар. Ағайын, жамағайын және қаймана қазақ.

Осының ағайындары кімдер деген сауал шығады.

Ағайынымыз - жеті ата ұрпақтары. Ауызекі тілімізге салсақ сегізінші атаға дейінгі ұрпақ.

Жеті атаны баба не баладан емес, атадан өрбітеді.

Ата - баланың әкесінің әкесі.

Осы атаға келгенде кібіртіктеп қалатынымыз бар. Арғы ата, бергі ата деп бір қайырамыз, баба ата деп тағы айналсоқтаймыз. Тек ата, түп ата деп тағы да ежіктей түсеміз. Ата сөзінен барып шыққан аталас сөзін де туыстық атауы қылып алдық. Шын мәнінде аталаспыз деген сөз бір атадан тараған немерелеріміз деген сөз.

Әке - атаның баласы.

Бала - әке-шешенің ұрпағы.

Немере - баланың баласы.

Шөбере - немеренің баласы.

Шөпшек - шөберенің баласы. Шөпшекті кей жерде шөбшік деп айтушылық бар.

Немене - шөпшектің баласы.

Жеті атамыз осы.

Ағайынымыз осылар. Ағайын - бір атаның адамдары, сегізінші атаға дейінгі ағайындылар.

Қолымызға Ж.Артықбаевтың «Жеті жарғы» оқу құралын алғанбыз. Толық мәтін деп шекелеген соң екінші тағанына жүгінейік. Оның бірінші параграфы нақ осы отбасы және неке мәселесіне арналған. Неге екенін қайдам, автор қандас туыстықты он екі атаға дейін таратыпты. Сегізінші атаны -туажат, тоғызыншы атаны - жекжат, оныншы атаны - жүрежат, он бірінші атаны - жұрағат, он екінші атаны - ұрпақ деп үкілепті. Әр жағын қанша ақтарсақ та жамағайын мен қаймананы таба алмадық.

Қазақ дауының бір парасы енші дауы болғандықтан бұл мәселелер кітаптан көрініс табуы керек еді.

Осыдан кейін «Жеті жарғының» толық мәтініне сене алмадық. Талдап отырғанымыз «Жеті жарғының» дүниелері емес, кейінгі қолдан жасап жамағандарымыз. Сегізінші атадан бастап бәрі дұдамал. Бұл суса-ниншілік...Бұл жарға жығушылық...

Тағы бір қазақ этнографы Жұмажан Нұртайұлы «Қазақ болғым келеді...» деген кітабында онекілік тарату жүйесін қолдап шығыпты. Ата тарату тәмсілін былайша түзіпті - ата, бала, немере, шөбере, шөбшік, немене, жүрежат, туажат, жұрағат, аталас, ағайын, рулас.

Мұнда да бірізділік жоқ. Бұл жазбаға қарап он екінші атаны ру деп қалуға болады.

Жиырмасыншы атаңыздың да ру болмауы мүмкін. Қырқыншы атаңыздың ру болмай қалуы мүмкін. Ру болу үшін ең алдымен өскен ата болуы керек, оның көшіп-конып жүре алатындай жері болуы шарт. Мұның бірі жоқ па - жетпіс жетінші атаңыз да ру бола алмайды. Өзін өзі қорғай алатын ұрық қана ру атанған. «У ішсең руыңмен» деген сөз содан қалған. Өскен, мықты рулар өз ішіндегі кикілжіңді сыртқа шығармай өздері шешкен. Қыз баланың ұятына бүкіл ру күйген. Қарымтаны бүкіл ру болып төлеген.

Жалпы, жамағайын мен қаймананы ажыратуда қазақ этнографиясында селкеуліктер бар. Заманында Балғабек Қыдырбекұлы, беріде Ақселеу Сейдімбек түзген тәмсілде де бірізділік болмады. Кейінгілер болса атымен маңып жүр.

Ағайынымыз жеті ата.

Келесі үш ата - жамағайын.

Енді соны тарқата кетейік:

Жүрежат - немененің баласы. Өз жұртыңның сегізінші ұрпағы әлі бөтен емес, жат болғанның өзінде жүре барып жат болады.

Көрежат - жүрежаттың баласы. Бұл ұрпақ жат болғанда көріп тұрып жат болады.

Туажат - көрежаттың баласы.

Қазақтың он атасы осымен тамам болды. Оныншы ұрпақтың атауы айтып тұрғандай ендігі ұрпақ туа жат. Ағайынымыз бен жамағайынымыз осымен тамам.

Он бірінші атамыз - қаймана (қазақ).

Бабаларымыз жеті атаға дейін қыз алғызбаған. Жамағайыннан да қыз алуды қош көрмеген. Сондықтан жамағайыннан қыз алу үрдісі шын мәнінде жоққа тән. Оның есесіне қайманадан қыз алу жаппай үрдіс алған деп айтуға болады.

Қазақтың ұғымында қайманамыз - қазақ. Біз қазаққа осылай барып қосыламыз.

Қытайлық қандасымыз, шежіретанушы Думан Жақып «Жеті ата және шежіре» деген еңбегінде жеті ата тәмсілін біріздендіру мәселесін қояды. Орынды-ақ мәселе. Алайда өзі айтып отырған орнықтыру принципінен тайғанақтай береді. Өйтетіні қазақтың туыстық институтын қолдан жасауға шақырады және өз ұсыныстарын ұсынады. Думан бауырға салсақ ата сөзінен кейінгі таралымдар ұрпаққа қатысты. Олай болса бұл тәмсіл дұрыс емес. Дұрысы атадан жоғары санамалау дейді. Осы тұрғыда Нығмет Мыңжанидың жеті аталық ұстанымы дұрыс-мыс. Ол қазақтың жеті ата атауы былайша деп: бірінші - өзің, екінші - әкең, үшінші - атаң, төртінші - бабаң, бесінші - арғы атаң, алтыншы - түп атаң, жетінші - тек атаң деп санамалай жөнеледі. Бұл жерден ешқандай да жеті атаның иісі шығып тұрған жоқ. Осы жерде еріксіз мырс етесің. Әкенің әкесі тек қана әкесі ғана бола алады, ата бола алмайды. Сол сияқты бабаның да әкесі ата бола алмайды. Өйткені бірмезгілде баба атаның әкесі және атаның баласы бола алмайды.

Бұл тақырыпқа барып жүрген Мақсұтбек Ниязбекұлы өз ұсынысын жариялап үлгерді. Ол есеп бойынша бес атадан қайырсақ та жарайды. Қайсыбір зерттеушілеріміз Өтейбойдақтың «Шипагерлік баянына» жүгінгісі бар.

Шалдарымыз «біздің қазақ» деп айтқанда руынан шығып қазаққа қосылған бабаларын айтқан. Қарқаралы қазағының ұғымында «біздің қазақ» бұлар ең алдымен Қаракесектер, соңынан Арғындар, ең соңында Орта жүздер.

Жақында «Астана» телеарнасынан ток-шоу көрдім. Қалқаман Сарин деген інініздің, қалыңмал туралы. Сол шоуға кімдер қатыспады дейсіз. Философы да, филологы да, әншісі де, сәншісі де... Тіпті, Парламент депутаты да тіресті. Ақыры жарылғаптанды. Бір жағы қалыңмал керек дейді, екіншісі керек емес деп өзеурейді. Екі жақтың да тұтығатыны -

қалыңмалдың көлемі. Бір қарындасымыз теңімді тапсам тегін барамын деп өңмендейді. Әлгі депутат апайымыз динломды қыздың қалыңмалы үш мың доллар деп шегеледі. Бұл санды неге сүйеніп айтқанын бір құдайым білсім?! Ең құрымағанда Спандияр Көбеевтің «Қалыңмал» романын қарамай ма?

Қалыңмал жөнінде көп жазған Халел Арғынбаевтың жазбаларынан да тұщымды жауап алу мүмкін емес. Қазақтың тағы бір Ахаңы - Ақселеу ағамыз да жалтарған бұл сауалдан. Жамбыл Артықбаев іниміз «Жеті жарғы» кітабында жіліктеп бере алмапты. Онда қалыңмал жөнінде міндетті түрде бап болуы керек. Алайда ғалым жазбасынан жадағайлықтан басқа ештеңе таппадық.

Қалыңмалдың көп мал екені белгілі. Сонда қанша болғаны? Ел қашқан сауалға енді біз жақындап көрейік.

Қазақпыз ғой, қалыңмалдан мың айдағандар болған шығар. Алайда көпшіліктің білетіні екі өлшем. Бірі - қырық жеті де, екіншісі - отыз-жеті. Неге екі түрлі? Енді соны қаузап көрелік.

Ең бастысы қалыңмал айдағаннан байыған қазақ болмаған. Қалыңмалсыз қатын алған қазақ та болмаған. Өйткені қазақта кәдесіз қыз болмайды. Мейлі ол соқыр болсын, мейлі ол ақсақ болсын, мейлі ол ер дауысты болсын, мейлі ол кер дауысты болсын - оның қалыңмалы болады. Оның қалыңмалының өлшемі де белгілі. Не қырық жеті, не отыз жеті. Қалыңмалдың мұнан басқа өлшемі жоқ.

Қалыңмалдың басты өлшемі үш тоғыз. Яғни тоғыз жылқы, тоғыз түйе, тоғыз қой. Бұлардың басы жиырма жеті. Қалған жиырмасы ешкі.

Отыз жеті бергенде де үш тоғыз өзгермейді. Кейінгісіндегі ешкі саны - он.

Сиыр атымен қалыңмалға кірмеген.

Қалыңмал мөлшері неге екі түрлі десек, біріншісінде бала тоғыз ай тоғыз күнінде келген, яғни бала анасының құрсағында қырық апта жатқан. Апта дегеніміз - жеті деген сөз. Демек бала анасының құрсағында «қырық жеті» жатқан. Қырықты жетіге көбейтсек 280 күн болады. Тоғыз ай тоғыз күніміз осы!

Толық күнімен дүниеге қыз бала келгенде «қырық жеті» деп сүйіншілеген!

Қыз бала дүниеге шала келгенде «отыз жеті» деп сүйіншілеген! Өйткені ол анасының құрсағында отыз жеті апта жатқан. Отызды жетіге еселесек 210 күн шығады. Бұл жеті ай деген сөз. Шаламыз осы.

Қыз бала дүниеге келіп, сүйінші сұраған адамға қыздың әкесі тоғызбасы жетелетуге міндетті болған. Тоғызбасы деп отырғанымыз не жылқы, не түйе, не қой. Солардың бір басын жетектеткен. Мұндай жағдайда ешкі атамаған.

Осы күні не көп. Той көп. Институт бітірсе де той, бірінші сынып бітірсе де той.

Сондай тойлардың бірі - қыз ұзату тойы. Бүгінде оны үйлену тойынан кем өткізбей жүр. Оған да екі-үш жүз адам шақырады. Оған екі-үш бас қара шалады. Бұл тойдың басқа тойларға қарағанды сұңқылы көп. Елдің қабағы ашылмай отырады. Ел балаларының қуанышына емес, ренішіне жиналған сынды. Асабасы да, жинаған әншілері де сұңқылдаған соң қалғандарына не жорық. Көзі мен мұрындарының суына ие бола алмай отырады. Қойшы, ақыры той да аяқталуға жақындайды. Бала жаңа отбасына кетуге айналады. Сол кезде баланы жетектеп әжесінің алдына әкеледі. Бата сұрайды. Жылап-сықтап әже батасын береді...

Ал төрде отырған көпей шалдардың мұнымен жұмыстары жоқтай.

Бата берген дұрыс-ақ. Батамен ер көгереді. Батагөй ақсақалдарды ат жібертіп алдырған. Жүруге жарамай қалғанда баланың жанына кісі қосып жіберген.

Әлімсақтан батаны ер азамат қайырған. Қардың бата қайырғанын бүгінде көз көргенімен, кешеде естілген емес.

Бата қайыру - ердің еншісі.

Әйел баласы - шайтан. Шайтан ер-азаматты дұрыс жолдан әйел арқылы тайдырады. Әйел қалмағанда еркектің көзіне әйел болып көрінген.

Бата тірілердің еншісі.

Дұға аруақтардың еншісі.

Дастарқан басында кіл әйел жиналғанның өзінде әйел баласы бата қайыра алмайды. Қайырамын десе пішпеден өткен баласы немесе немересінің қолын сыртынан алып бата жасаған. Мал сойғанда да солай. Өз қолын сыртынан салып, ер баланың қолымен сояды. Дұға бағыштаса да солай.

Қазақта күйеубала бата қайырмайды. Себеп - күйеу қызының қойындасы. Осындай себеппен жиен де бата қайырмайды. Өйткені ол қызынан туады. Өйткені ол күйеубаладан туады.

Қазақ салтында бата дастарқанға қайырылады.

Ал бата сұраудың жолы атымен бөлек.

Ертеректе Қызылордаға барғаным бар.

Содан дастарканға отырайық. Көп ұзамастан қызыл қарбыз келтірілсін. Жиналғандар бата сұраймыз десін. Ниеттеп отырғандары мен. Өйткені мен алыстан келген қонақпын. Енді мен қысылайын. Өйткені бізде қарбызға бата сұрамайды. Және бізде батаны сойыс малға береді. Дастарқан басына табақпен келгенде басқа жасайды. Мен осыны айтайын. Олар да шалқаларынан түсті. Бізде батаны дәмге қайырады деп.

Ал менің есіме батаға байланысты басқа бір әңгіме түскен.

Арқада атақты Қырбас батыр, Қырбас бай деген өткен. Атақты Қанжығалы қарт Бөгенбайдың күйеубаласы, атақты Көкбөрі Жарылғаптың баласы. Одан атақты Арқаның асу бермес биі Бәйсейіт туады.

Сол Қырбас бай Арқадағы Тобықтының асына барыпты. Жасына қараса да, жолына қараса бата жасау Қырбастікі екен. Алайда ол отырған дастарқан табағында бас болмапты. Соған орай Қырбас астан сынық қайтады.

Содан замандардан замандар өтіп әлгі елге Қырбастың баласы Бәйсейіт би барады. Бұл да бір үлкен ас екен. Сол аста жасы да келіп отырмаса да, жолы да келіп отырмаса да Тобықты ағайындар Бәйсейіт алдына бас келтіріпті.

Сонда Бәйсейіт:

- Шабыңдар Қырекеңе! Жеткізіңдер басын. Құйқасынан дәм татыра алмасаңдар да батасын алып қайтыңдар!.. - депті. Сол бас қайтып келгенше дастарқан басындағылар орындарынан тұра алмапты дейді.

Тағы да есіме Қызылорда түсіп отыр. Бізден делегация барады ғой. Мәдениет күндерін өткізуге. Оның ішінде облыстық мәслихаттың хатшысы Нұрлан Дулатбеков, ҚарМТУ-нің ректоры Арыстан Ғазалиев, «Егемен Қазақстанның» Қарағанды облысы бойынша меншікті тілшісі Айқын Несіпбай болады. Дәм қайыруға келгенде дастарқан иелері жолды Нұрланға беріпті. Қалай дегенде қызметі үлкен ғой, оның үстіне делегация басшыларының бірі. Алайда Нұрлан аға баласы отырғанда біздер бата қайырмаймыз деп, жолды Айқынға береді. Ал Айқын қожа отырғанда қазақ баласы бата қайырмайды деп жолды Арыстанға беріпті. Дастарқан басында отырғандар әбден разы болыпты.

Нұрланға бірден Арыстанға жол беруіне болатын еді ғой. Жоқ, ол олай істей алмайды. Оның аға баласының жолын тағы бір атап өткісі бар. Ол батаны аға баласы берсін дейді. Қандай жарасымдылық! Қандай әдемілік!

Сол дастарқанда өзім де болдым. Арыстан да бірден қол жаймаған. Жан-жағына қаранған. Басқалар түсінбесе де біздер түсіндік. Ол төре тұқымын іздеген еді... Жоқ еді дастарқан басында төре тұқымдары. Сонда да Арыстан қолын кеудесіне қарай ала қоймаған. Ол енді төреге есептерді іздестірген. Төре жоқта Тарақты төреге есеп. Төре жоқта Табын төреге есеп. Төре жоқта Жалайыр төреге есеп. Түсінгенге бұл да тәрбие мектебі. Сөзбен емес, амалмен айналасын тәрбиелеп берген бұл бауырларымызға қалайша сүйсінбейміз?!

Елден шыққан ершектерді «аузында батасы, сөзінде бәтуасы жоқ» деп тезге салып жатады. Мұндай тезге түскендердің кейінде арба іздері түзу болады. Осы бата мен бәтуа сөздерінің түбі бір.

Ең алдымен, оның қасиетті Құран Кәрімдегі бірінші сүренің атауы екендігін айтқанымыз жөн болар. Олай болса бата да қасиетті сөз болып шығады. Ол кез келген жерде айтыла бермеген.

Бата иман сөзі болғандықтан әлімсақтан тұрмысымызға мықтап енген. Ол Құдайдың бергеніне шүкіршілік етуімен байланысты. Адамның басты байлығы - денсаушылығы. Ал сол денсаушылығымыз ең алдымен дәмге қатысты. Ол тән саулығына бастайды.

Аста да имандылық бар. Бата жүрген жерде қанағат жүреді. Жоққа салауат айту, барға қанағат жасау бұл - жан саулығы. Олай болса Құдайдың адалынан берген дәміне бата жасау пендесінің мойынындағы парыз. Ол дастарқан үстіндегі дәмнің азды-көптігіне, дастарқан басындағы адамдар санына байланысты емес.

Бата дәмнің алдынан және соңынан беріледі.

Жақсы сөз жан семіртеді. Бата сол жақсы сөздің мәйегі. Ендеше батамен жан семіреді, күнәқарлықтан сақтандырады. Ал hарам асты тұтыну үлкен күнә болып табылады. Дастарқан басында ондай «дәм» болғанда бата жасалмайды. Әдетте дәмге батаны ақсақалдар, не болмаса еліне сыйлы азаматтар немесе жолы үлкендер қайтарады.

Ертеректе дәмнің алды-артынан дұға оқылған. Діннің Кеңес заманында тәрк етілуімен ол кейінде жай ғана бата түрінде - дәм беруші үй иесі мен дастарқан басындағыларға игі тілек, алғыс айту түріне ауысқан. Бұған қарап бата мен дұғаның бір-бірінен алыс ұғымдар еместігін аңдауға болады.

Халқымызда бата оқыр деген ұғым бар. Оның мәнісі дүниеден қайтқан адамға дұға оқу.

Бата алмай қазекем сапарға шықпаған. Бата жасалмай қандай іс болсын қолға алынбаған.

Есімдері елге жайылған жандардың батасын алуды қазекем үлкен ырымға жорыған. Сондықтан ат тұяғы жетер жерден ондай адамдарды арнайы ат жібертіп алдырып, мал сойып, батасын алған. Бесіктегі баласының аузына түкірткен. Жер шалғай болған жағдайда баласын ашамайға отырғызып, жанына серік қосып жіберген.

Бата берушінің мойнында үлкен жүк бар. Бата киелі ұғым. Аты шыққан адамдар алдына келгендердің бәріне бірдей бата бермеген. Сынына толғанда ғана берген.

Не нәрсе болсын оның міндетті түрде жұбы болады. Батаның да жұбы бар. Ол - теріс бата.

Бабаларымыз қорыққанда осы теріс батадан қорыққан. Соған орай оны ауызға алмауға тырысқан. Батаның терісі болған соң оның оңы да болу керек ғой. Алайда ол бізде жоқ. Оң батаны ерекшелемей жай ғана бата деген. Бата атауының түп-төркінінде осындай ұғымдар мен

нанымдар жатыр. Алайда өмір болған соң бәрі де болады. Соған орай теріс бата да бой көрсетіп қалады. Бір ерекшелігі ондай батаны ең жақын адамдары берген. Демек теріс бата шалт әрекеттермен байланысты берілген. Ол қасиетті, киелі ұғымдармен кірігіп жатыр. Ондай әрекеттер үлкен күнә, кешірілмес қылмыс саналған. Оның жазасы да үлкен, ел естімеген жаза. Ол - теріс бата. Мұндай жаза тұтастай елдің бетіне түскен шіркеу ретінде бағаланған. Сондықтан мұндай жазалар ілуде - шалуда қолданылған. Теріс бата қолдың сыртымен берілген. Мұндай бата көпшілік алдында жасалған. Себебі белгілі - ондай оқыс әрекеттер қайтып қайталанбасын дегендік. Мұндай баталар негізінен опасыздық жасағандарға, сатқындыққа жол бергендерге, бата бұзғандарға берілген.

Теріс бата ұрпақтан-ұрпаққа кетеді деп түсінілген. Сондықтан оның алдын алуға бүкіл ағайын, жамағайын, ру болып жұмылған.

Алайда бата бұзушылардың жоғарыдағыдай жазадан құтылып кететін сәттері де болған. Ол жыл басы - наурыз айымен байланысты. Бұл айда берілетін батаны наурызбата деген. Наурызда теріс бата жүрмеген. Сондықтан да атастырылған күйеуін олқысынған қыздардың сүйген жігіттерімен қашып кету оқиғалары осы айға келген. Оның есесіне кейінгілерді мұндай шалт қадамдардан сақтандыру жазасы «белгіленген». Ол - бәддұға/с/.

Бәддұғас екі сөзден тұрады. Біріншісі - бата, екіншісі - дұға деген сөзден. Бәддұғаста жай ғана бата берілмей дұғасы да оқылады. Демек бұл да ауыр жаза болып табылады. Оны да күнәкардың жақын адамдары берген. Теріс батадан бәддұғастың айырмашылығы - бәддұғаста оқылған дұғаны жетінші ұрпақтан дұға оқу арқылы қайтаруға болады-мыс.

Екінші бір ерекшелігі наурыз айында бәддұғас айту міндетті емес. Сондықтан оны ешкім сөкпеген. Басқа жағдайда не теріс бата, не бәддұғас берілген.

Сонымен «біздің қазақтың» да жиегіне шыққан сындымыз. «Біздің қазағымыз» да неке институтына бастайды.

Сонымен ойға алған ниетіміздің ұшпағынан шықтық-ау дейміз. Қазақ болу үшін алдымен «біздің қазақ» болуымыз маңызды. Өйткені не нәрсе болсын тегіне тартады. Ал текті білмеу надандықтың басты белгісі. Абай һәкім айтпақшы наданнан һәкім тумайды.

Екінші жазба

ӨЗІМІЗДІҢ АДАСҚАНЫМЫЗ а з д а й ӨЗГЕЛЕРДІ АДАСТЫРМАЙЫҚ

Сонау екі мыныншы жылдардың басында Қарағанды облыстық «Орталық Қазақстан» газетінің бетінде белгілі өлкетанушы-журналист Төлеуқадыр Нысановтың маған арнап жазған Ашық хаты жарық көрді.

Онда өңір тарихының кедір-будырлығы, негізсіз болса да қолдан тарихжасамға ұмтылушылық, ат үстіне мінгеннің бәрін батыр жасаушылық, әу дегеннің бәрін әнші деушілік, екі ауыз бәдік айтқанды ақын-жырауға балаушылықтың белең алып бара жатқаны сөз болғанды. Сондай-ақ сөз мәдениетінің төмендігі, сөйлеу мәдениетінің ойқы-шойқылығы көтерілгенді.

Одан беріде араға біраз жыл түсіпті. Төлеуқадыр ағамыз да бақилық болып кетті. Аман жүрміз деп бізге де айтуға болмайды. Көпей шалдардың қатарына іліндік.

Бір жазбаның бетіне бәрін сыйғызу мүмкін болмас, дегенмен томақ тұрғандарын тізіп көрелік...

Сонымен сөзіміздің бісімәлласын өзіміздің Сарыарқадан бастайық...

Қазіргі тарихшылардың жазуынша Сарыарқаға біздер ақтабан шұбырынды, алқакөл сұламадан кейін келіппіз. Ер Доспамбет жырау сонау Азауда жатып:

- Екі арыстап жау шапса,
Оқ қылқандай шаншылса,
Қан жусандай егілсе,
Аққан судай төгілсе,
Бетегелі Сарыарқаның бойында
Соғысып өлген өкінбес! -

дейді.

Бұл он бесінші ғасыр. Ноғайлы дәуірі.

Сонда қалай болғаны?

Қазіргі Сарыарқамыздан басқа тағы бір Сарыарқаның бар болғаны ма?

Бәрін қойғанда Сарыарқаның не сөз екенін әлі де айтып болғанымыз жоқ.

Кітаптарды парақтай бастасаң жылағың келеді. Сары жазық дала деп шұбырта жөнеледі. Қойшығара Салғара айтпақшы тіл білмейміз, мылқаумыз. Арғысын қойғанда бергіге кіретін Сарыарқа сөзін ажыратып оқи алмай отырғанда, ортағасырлық жәдігерлерді қалай оқымақпыз?!

Сары деген алтын деген сөз. Сарыарқа дегеніміз Алтынарқа деген сөз! Асты да алтын, үсті де алтын, иен дала Алтынарқа аталмағанда қалай аталмақ?! Бабаларымыз сол алтындарының нәсіне жеткен, ұрпақтан ұрпаққа кетсін деп оларын құпиялап Сарыарқа деген.

Сары дегеніміз шау, кәрі деген сөз. Малға қаратып сарытіс деп жатамыз. Бұл кәрі тартты деген сөз. Сонда Сарыарқа дегеніміз Кәріарқа болып шығады. Яғни ежелгі Арқа деген сөз.

Қазір тарихшылардың жаңа толқыны шықты. Көрер көрешікті солардан көретін боламыз. Олар Сарыарқамызды жіліктеуге кірісті. Солтүстік Сарыарқа, Батыс Сарыарқа, Шығыс Сарыарқа, Орталық Сарыарқа... деп. Басқасын айтпай-ақ қоялық, Ноғайлы дәуірінен бері ешкім де Сарыарқадан бұлайша мипалау жасамаған. Айтса Сарыарқаның батысы, не шығысы деп жосық сілтеген. Қазіргі Қазақстанның құбылалық атауын түсінуге болады. Сарыарқаға қандай да бір қауіп туып тұрған жок. Олай болса Сарыарқа атауын қалдырайық. Анықтауышсыз...

Сарыарқасын Ер Доспамбеттен бастап талай ақын-жыраулар өлеңге қосқан, толғаулар тудырған. Әріні қойғанда берідегі Дияқажы, Түсетай, Сәрінжіп, Тәшен сынды ақындардың Сарыарқа жөніндегі толғаулары жатқан панорамалы туындылар. Онда жерге деген сағыныштан басқа сол кездің әлеуметтік аурасы да қамтылған. Тарихи жыр болғанда тарихи өлең, тарихи толғаулар да болмақ. Бұл «Сарыарқа» топтамасын осы қатарға жатқызуға болады. Сарыарқаны танудағы бұл толғаулар қатарын «Сарыарқанаме» десек болар еді. Қазіргі уақытта мұндай топтамалардың біразы қолымызда бар.

Осында бір ғылым докторы болып жүрген інішектің кітабы қолыма түссін. Ақжал деген жер атауын жері жалды, бұйратты болған соң ақ түсіне қарай Ақжал атанған деп бөсіпті. Еңірегім келген. Шын мәнінде ол жерде ешқандай бұйрат та, жал да жоқ. Бары Аққасқыр-ды! Қазақтар ит-құсты түстегенде көк қасқырды көкжал деп, ақ қасқырды ақжал деп түстеген ғой. Ақшатау деген де жер бар. Оны ақшалы тау депті шімірікпестен. Шынында, ол бір байдың енші беріп шығарған ақша отаулы ауылы болатын.

Қазіргі Қазақстанда бұрын қандай мемлекеттер тұрған десе аспаннан түскендей боламыз. Аузымызға не келсе соны көки саламыз. Шын мәнінде қазіргі қазақ жерінде бұрынғы үш алып мемлекет Ноғайлы, Қазақ хандықтары және Моғолстан тұрған. Бұл жерде моғолды моңғолмен шатыстырудың жөні жоқ. Қазақтың жүзге бөлінуі осыдан туындаған. Қазақ жұрты біртұтас қазақ хандығына ұйысқанда осы жүздер арқылы ұйысқан. Жүз - біріктіруші фактор болатын. Хан билігі әлсіреген тарих сахнасына жүз билігі шыққан. Бірақ жүз билігі ешқашанда хан билігінен жоғары тұрмаған! Мұны қашанда жадымызда ұстауымыз

керек. Жалпы, жүз ұғымы XVIII ғасырда ғана қалыптаса бастаған. Әйтпесе қазақ ұлысы Үлкен Орда, Орта Орда және Кіші Орда деп бөлінген. Оның өзінде Кіші Орданы Орта Ордадан бөліп алушы Әбілқайыр хан. Ал мектепте оқытылатын тарих оқулығының бетіне үңілсеңіз жүрегіңіз шым ете қалады.

Рас, Әбілқайырды көруге болады. Кіші жүздің ханы дейді. Бұрындық бар. Ұлы жүздің ханы дейді. Абылайды Орта жүздің ханы депті. Сонда қазақтың ханы қайда?

Абылай қазақтың ханы болмаған ба? Қазақты билер басқарған деген тенденция белең алып барады. Жоқ, хандар басқарған. Елді үш адамның басқаруы мүмкін емес. Бір-ақ адам басқарған.

Қазір жүзге бөлінгеннің жүзі күйсін деп тақылдайтынды шығардық. Шын мәнінде мемлекеттік құрылымызда жүз институты болмағанда қазір қазақ ұлты болып отырмас едік.

Қазақтың Ұлы, Орта, Кіші жүз болып бөлінетінін айттық. Орыс ағайындар Ұлы жүзді Аға жүз (старший жуз) дейді бұрмалап. Бұл жерде Ұлы жүздің мәні үлкен деген ұғымды білдіреді. Демек үш жүзіміз Үлкен, Орта, Кіші жүздер. Бұрынғы атаулары Үлкен, Орта, Кіші ордалар.

Осының өзімізге қарағаң Орта жүзін әңгімелейік. Әлімсақтан Алты арыс Орта жүз деп аталады. Сонсоң онысын жіліктей жөнеледі:

Аспандай Арғын,
Жұлдыздай Қыпшақ.
Қойдай Керей,
Қозыдай Уақ.
Енді екеуі Қоңырат, Найман,
Қалғанын қайдам?!

Енді бұған Ақселеу ағамыз Тарақтыны әкеліп жетінші арыс қылып енгізді. Мұндай әңгіме Мәшекеңнің өзінде де болған. Алайда ол кісі Орта жүзді алты арыс деп шегелеп жазады. Күштеп таңғанымызбен бұл әңгіме ешкімнің құлағына сіңбеді. Өйткені ноқта ағалары жүз арыстарына саналмаған. Табын да, Жалайыр да арыс боп жүз құрамына енген жоқ. Ендеше сол ноқта ағаларының бірі Тарақты да арыс болып кіре алмайды.

Тарақты атасын Орта жүздің ноқта ағасы дейді. Сөйткен Тарақтыны Арғынға жақындатпақшы болып, бір қызынан туғыза саламыз. Ал оның тарақты таңбалы екендігін ескермейміз.

Этнонимнен шатысушылық бізде бұрыннан бар. Осыдан біраз уақыт «Орталық Қазақстанда» Көшім хан жөнінде мақала шығып, Қаракесектің Көшім атасы өздерін хан тұқымымыз деп жапырау жүрді. Осы атаның ішінде «Құдайдан кейін зормыз» дейтін шор атасы бар. Ресейде шор ұлысының барлығы белгілі. Ол аз десеңіз кешегі жоңғарларыңызға

шорос тайпасы абадандық еткен. Бұлардың арасындағы өзара байлапысқа назар аударғанның орнына шар ете түсеміз. Кешегі Қаздауысты Қазыбек қонтайшыға барып екі ауыз бәдік айтып, есе алады. Сонда қалай болғаны? Бұлар қай тілде сөйлескен? Қазақ тілінде ме? Әлде, Қаздауысты Қазыбек бабамыз қалмақ тілін білген ме?

Бұлар шорос тілінде тілдескен.

Ал шорос түркі нәсілі болады. Аспан асты елі жоңғар жұртын қыруға айналғанда Қаздауысты Қазыбек осы шор атасын Қарқаралыға аударып алған. Жақында ғана Сәбит Дулаттың «Ұлы қоныс аудару соқпағымен» («По тропам великого переселения») атты кітабы жарық көрді. Бір қызығы кітап орыс тілінде жазылып, ағылшын тіліндегі аудармасымен беріліпті. Бәлкім, асыққан. Бәлкім, оқырманын орыс тілділер арасынан іздеген. Әйтпесе қанын сорғалатып тұрып қазақ тілінде беруге әбден болатын еді ғой. Сонда біраз жайт айтылыпты. Соның ішінде біздің қаузап отырған әңгімемізге де тоқталыпты. Онда да ашық айтылған. Ондағы шор (ос) мен біздің шордың түп тамыры бір деп. Қазыбек пен Қонтайшы шор тілінде тілдескен деп. Ал шор қазақ болады...

Біздің көп батырларымыздың есімдерінің ғылыми айналысқа түспегені белгілі. Оның түрлі себептері бар. Ең алдымен Арқада соғыс көп болған. Мидай Арқа жері аттылы әскерге соғысуға қолайлы еді. Соған орай батырлар да көп болды. Алайда солардың біразының есімдері аға батырлардың көлеңкесінде қалды. Сондықтан Арқада есімдері дүрілдеп тұрған батырларымызды қаймана жұрттың білмей жатуы заңды да. Оған шам шақырудың қажеті жоқ.

Сарым Жалаңтөс (Соқыр) батыр туралы кітап шығаруға талпындық. «Аңызға айналған тұлғалар» сериясының жетекшісі, белгілі ғалым Сәреенбі Дәуітов ол кісіні білмек тұрсын естімеген болып шықты. Енді қалай түсіндірсек дегенде арамыздағы біреуіміз ол кісінің Қаздауысты Қазыбектің туған күйеубаласы екенін жеткіздік.

Ғалым ағамыз әр жағын тыңдамады да. Кірсін деп бір-ақ шешкен. Бірақ артынан ши шықты. Қысық көз қытайлардың өзін дірілдеткен қонтайшының өзіне қызын бермеген Қаздауысты Қазыбек қайдағы бір соқыр батырға қызын қалай берді деп. Сонан сол кітап әлі шықпай жатыр. Дәлел әкел дейді баспагерлер, әйтпесе әлгі томақ жерін алып тастаңдар дейді. Оған өздерін Қаздауысты Қазыбектің жиен-көгеншарлары санаған ұрпақтарының көнбей отырған жайы бар.

Осы Маңқан (Қаздауысты Қазыбектің жалғыз қызы) апамызға «жігіт» тауып берушілік әлі тиылмай келеді. Апамызды кімге ғана қоспадық. Маңдайының тайқылығына көнектікті жазғанымыз қалай? Ылғи тоқалдыққа беріппіз. Өкінішті. Бәріміздің де тектіден туғымыз келеді, соған орай бұрмалауға жол береміз. Әйтпесе айтып отырған Маңқан-

дарымыздың барлығының да аттас болуы әбден мүмкін ғой. Жақында тағы бір басылымнан оқығаным бар еді. Онда Тарақты атасының бір батыры біздің апамызды қолтығына алған екен. Бұған не дерсің? Қайырын берсін дедік те, қойдық.

Тағы да Кершу бабаға қатысты бір жаңсақ әңгіме. Туған жердің тарихына бапандай ағамыз Қайырбек Сәдуақасов Жидебай батырға қатысты «Қасым» журналында шыққан «Ерлік - елдік рухтың байрағы» деген зерттеуінде «...Екіншісі, Қасым төренің үйіне түскен Жалекеңе Қасым: «Құдай айдап Сіз келдіңіз. Жақында нәрестелі болып едік. Өзіңіз атын қойып беріңіз деп өтінеді. Сонда Жалаңтөс бабамыз нәрестені қолына алып тұрып: «Өзі төре мына батыр кенедей ғана шағын екен және сапсары екен, мұның аты Кенесары болсын. Атқан оғы тастан өтсін, атағы бүкіл әлемге жетсін. Аллауәкбар» деп бата берген екен» деп жазады.

Бәрі дұрыс-ау. Тек, Кенесары дүниеге келгенде Кершу бабамның бақылыққа озып, сүйегінің сары тартқанын қайда қоямыз?!

Арқа жұрты қалай жаз шығады солай ас беріп жатады. Сондай астың бірі Әлтеке Жидебай батырға берілген ас. Тамыз айында өтті. Соған орай батыр бабамызға қатысты мақалалар БАҚ беттерінде жиі жариялана бастады. Сондай мақаланың бірін Мырзатай аға Жолдасбеков те жазды. «Егеменде». «Орталық» оны көшіріп басты. Мырзатай ағаға сенсек Қаздауысты Қазыбек «Сарыарқадай жер қайда, Жидебайдай ер қайда» деп сұңқылдапты-мыс.

Қаздауысты Қазыбектер тегін күңіренбейді. Не боп қалды екен деп осынау екі жолдың астарына үңілейік. Тағы бір басылымда осы екі жолды Н. Потанин қалдырған депті.

Алғаш жатырқағанбыз. Сонсоң есімізге түскен. Мұны айтқанда кәдімгідей күңіренетін жағдай болған. Және айтушы Қаздауысты Қазыбек емес, Кенесары хан!

Кенесары айтса Кекілікте айтқан ғой. «Сарыарқадай жер қайда, Ағыбайдай ер қайда» деп. Айтатын-ақ жөні бар. Аюдың өзін алып түсем деп жүргенде сақау қырғызға қол болғаны қайтып зар құсқызбасын. Алатау күнде соғысып жүрген Сарыарқасы емес еді. Кекіліктегі сардары Бұқарбай Ағыбайы емес еді.

Хан Кененің сұңғылалығын кейінгі күндер көрсетті. Үш жүз батырмен жау қоршауын бұзып шыққан Ағыбай батыр, өзімен бірге Науанды алып кетпей, Кенесарының өзіне мойын бұрмады. Ал сол Ағыбай болып-толып тұрғанында «Менің алдымда Саржан ағам бар. Онда менің қырық күшім бар деген». Хан Саржанды өзіндей қырық Ағыбайға теңеген. Сөйткен Ағыбай, шын мәнінде өзінен асқан батыр жоқ деп білетін Ағыбай Науанның найзасынан түсіп қалып, қапа болып отырғанында хан Кене тамам көптің көзінше «Біздің Науанжанның ойыны ғой деген». Ендігі қорытындыны өздеріңіздер де жасай аласыздар.

Жақында қолыма бір дискі түсті. Аудиоальбом екен. Ағыбай батыр туралы. Қарағанды облыстық әкімдігі қолдауымен «Қарағанды жәдігерлері» сериясымен шығыпты. Бәрі дұрыс-ау, алайда батырдың туған жылы ретінде1793 жыл, қайтқан жылы ретінде 1880 жыл көрсетіліпті. Мұны қалай қабылдау керек? Барлық әдебиетте, барлық дереккөзінде батыр хан Кенемен түйдей құрдас делінеді. Хан Кененің туған жылы ретінде 1801 жыл көрсетілген.

Жидекеңе берген асымыз Жидебайтануға бір бет қоса алды ма? Әй, қайдам?! Жамыраса сөз сөйлегендердің барлығы сол жамыраудан аса алмады. Батыр бабамызға арнап кітап та шығардық. Одан ел санасында жүрген Жидекеңді таба алмадық. Тіпті жоғарыда аталған теріс пайымдауды одан әрі тереңдете түсіпті. Қисыны келмейтін нәрсені күштеп қиюластырған. Ал кітаптың шекесіне «Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті», одан төмен «Қазақ халқының рухани мұрасын зерделеу институты» деп жазып, тіреп қойыпты. Сонда мұны қалай түсінуіміз керек?! Жоғарыда айтқанымыз зар. Сол зарды нақыл деп алыпты. Солай-ақ болсын. «Біріншіден, аталмыш нақылдың мазмұнына назар аударайық. Жарыса айтылып тұрған жолдардың екеуінде де сағыныш сазы, аңсау бар. Яғни, Арқадан ауып, өзге жерден қоныс алған адамның бойындағы туған жерге деген ыстық ықыластың табы жатыр. Сол тәрізді жаумен шайқастан қажыған, қалжыраған адамның арманы, яғни, Жидебай тәрізді батыр болса ғой деген көңіл ізденісі көрініс беріп тұр. Бір сөзбен айтқанда бұл қанатты сөз Жидекең өмірден өткеннен кейін туған тәрізді».

Мұны жазып отырған белгілі фольклоршы ғалым Мұхаммадғали Әбдуов іниміз. Бұлай айту басқаға жарасса да Мұқаңа жараспайды. Қанша дегенмен фольклоршы ғой. М.Әбдуовтың Жидебай батыр жөніндегі құрастырған кітабы «Ер есімі ел есінде» деп аталады. «Жидебай батыр» деп берсек тағымыздан түсіп қалмас едік қой?

Осы бізде арандату деген бар. Әдейі істелген нәрсе емес, әрине. Білместіктен, надандықтан. Әйтпесе, М.Жолдасбеков тегіс жолда жүрген ғалым болатын. Менің ойымша, сол мақаланы басқа біреу жазып берген сынды. Сондай кепке ақын ағамыз Серік Ақсұңқарұлы да ұрынған екен. Осы кітапта ағамыздың «Қолға түскен жоңғар қонтайшысының Жидебай батырға айтқаны» деген эпсанасы бар. Әргі-бергі тарихта жоңғар қонтайшысының қазақ қолына тұтқын болып түскенін еш жерден оқымадық, ел ішінде де айтылмайды. Өміріміздің бәрі аңыз, әпсана терумен өтіп келе жатқан өзіміз естісек құлағымыз керең болсын. Осынысы болмаса шығарманы классикалық туынды десе болады. Онда классизмнің барлық канондары қамтылған.

Абылайханның өзімен сөйлеспейтін Қонтайшы Жидекеңді қайтсін?! Бұл Жидекеңді кемсіту емес, Қонтайшының мәртебесін түсірмеу. Патша мен патша сөйлескен. Осы жерде Қонтайшы лауазымына да сәуле түсіре кетейік. Қонтайшы деген хантайшы деген сөз. Ханы түсінікті, тайшысы ше? Ол да түсінікті. Әмірші деген сөз. Қалмақта тайшы, хансуда тайцзы. Ремезевтің түзген жағырапиялық карталарында тайшымен аяқталатын тау қыраттары қазақ жерінде жетерлік.

Қазыбектің де олай айтуы мүмкін емес. Қазыбек зар айтатын тұлға емес. Ол өзгенің мәселесін де, өзінің мәселесін де өзгеге салмай өзі шешкен. Ол ел ойлап жүргендей екі ауыз бәдік айтып, елді бітістіріп жүрген шешен, би ғана емес. Ол Қонтайшының өзіне қызын бермеген жарты патша!

Мұқаңа рақмет. Қазыбек бабамызға араша түскеніне. Алайда оны Кенесары айтқан деп кері кетіпті. Жидебайға қаратып айтты деп. Қалғанын өздеріңіз салғастыра беріңіздер. Кенесарының айтқаны рас. Алайда Ағыбай батырға қаратып айтқан.

Алайда

«Замана өтпес болсайшы,
Жидекем өлмес болсайшы»

деген жолдарды біржолата Қазыбекке байлап беріпті. Қазыбек бұлай деп те айта алмайды. Қазыбек қайда, Жидебай қайда?!

Ең біріншіден, әлеуметтік мәртебесі келмейді. Екіншіден, жас айырмашылығы шалғай жатыр. Мұны Кенесарының айтуы бек мүмкін. Алайда ол да айтпаған. Мұны айтушы Қарекең, кәдімгі Тобықты Қараменде бабамыз. Қарекең мен Жидекеңнің бармақ дос болғаны белгілі. Мұндай әңгімені бармақдос айтпағанда кім айтпақ?

Көкбөрі Керней батыр деген бар. Қаракесектің Машай бұтағынан. Күні кешеге дейін біреу біліп, біреу білмеген тұлға. Есім ханның тұсында болған. Ханның қолбасшысы болған. Сол бабамыз жөнінде алғаш мен жаздым. Осыдан бір жиырма жыл бұрын. Одан кейін басталды. Қойшығара Салғара, Мұхтар Мағауин, т.б. ағаларымыз жазсын. Жергілікті қаламгер Садық Смағұл кітап та жазды. Ақтамберді жыраудың Керней дүниеден қайтқанда айтқан толғауы да ел аузында жүр.

Сол кісінің шөбересі Жарылғап батырды қол басқарған десең мыңбасы болған шығар деп қыжыртады. Ерейменде Қанжығалы қарт Бөгенбайға иісі қазақ болып ас беріп, ғылыми-практикалық жиын өтті. [illegible] да Жарылғап батырды Бес Мейрамның қолын басқарған деп жазады. Академик Манаш Қозыбаев бастаған ғалымдар... Мәшекеннің ғылыми кеңесінде үштің бірі

«ҰЛТТЫҚ ОРТАЛЫҚТАНДЫРЫЛҒАН КІТАПХАНАЛАР ЖҮЙЕСІ»
ҰЛТТЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ
№ 42674

болып отырғанын жазады.Жарылғап батыр бабасының Көкбөрі лақап атын алып қалған бірден бірі тұқымы. Одан кейін де талай батырлар дүниеге келген. Алайда олардың ешқайсы да Көкбөрі деген лақап атпен аталмады. Сол Көкбөрі Жарылғап есімі аталған жерде аға батырлар ұрпақтарының қабақтарының кекжиіп қалатынын аңдап жүрмін. Сол аға батырлардың Жақаңның қол астында соғысқанын жазсаң шам шақырады. Олардың есебінше Жарылғап батыр олардың бабаларының қол астында соғысқан.

Софы Сматаев ағамыздың «Жарылғап батыр» деген өлеңмен жазылған романы оқырманын таппады десек, оның осындай себебі бар. Себебі автордың кейіпкері ауыл ішінен ұзай алмаған. Ағамыз елдің әлгіндей айтар уәжінен тайсақтаған. Қазір жеке батырлар көбейіп кетті. Қайсын оқып қалсаң жеке батыр болып шыға келеді. Зейініңді қанша жұмылдырсаң да есімі есіңе түсе қоймайды-ау. Сонсоң қоя саласың. Қолдан жасалған батырсымақ деп. Біреу-екеу емес, жүздеп... Олардың қайсымен соғысып жатарсың.

Шын мәнінде жеке батырлар болған. Олардың қатарына өзіміздің Байқозы батырды, оның әкесі Наймантай батырды, Кәрсен Таңыбай батырды және басқаларын жатқызуға болады. Олардың бір ерекшелігі жауға шаба да білген, қорғана да білген. Бір өздері жүзге татыған, бір өздері мыңға татыған. Алла Тағалла оларды алқаған. Ерекше қасиеттер дарытқан. Байқозы батырдың сілесі болған. Көзін тіктеген адамы қалпақтай түскен. Жауға қарсы жалғыз шыға берген. Барған да, сасық қамау тұман түсірген. Жау сөйтіп өзді-өздерін қырған.

Таңыбай батырда да сондай қасиет болған. Елдің көзін байлап, таудан тас үшырған дейді.

Сеңкібай бабамызды таза би етіп алдық. Біле білсек ол ең алдымен батыр болған адам. Жетісу жерін жау қолынан азат етуде көзсіз ерліктерге барған. Үйсін жүрты батырдың нағашысы болады. Жастайынан сонда кетіп, батыр атағы шығады. Кейінде қалып қояды. Туған топырағына жауды жастандырып барып, бір-ақ қайтады. Осыған байланысты үйсін батыры болып жүрді. Үйсін батыры деп дәріптелді. Сол-ақ екен балалық қызғаныш сезіміміз оянсын. Біздің бабамыз деп әрі-бері шапқыладық, ақыры біржолата «өзіміздікі» еттік. Алайда аруақты бабамызды одан әрі үлықтауға бара алмадық. Бірді-екілі кітап құрастырған болдық. Мәңгілік кесенесін жаңартқан болдық. Сонымен бәрін бітіріп тастағандай болып жүрміз. Түскейдегі ағайындар болса қазақтың ұлттық батыры етпесе де біраз жерге апаратын еді. Алтынмен аптап, күміспен күптеп, қарасаң басындағы қалпағың түсіп қалатындай соқталы ескеркішін соғар еді. Қарағандыдағы күн көсемдердің бірінің көшесін сөзге келместен жұлып алар еді. Бізде соның бірі жоқ. Не өзімізді жарытпаймыз, не өзгеге қимаймыз.

Қарағандыда тоқсан тоғыз тас ескерткіш бар. Соның бірінде ұлттық рухымыз жоқ. Сондықтан да көшіп жүр. Апақ бабамыз әйтеуір жылы орынын тауыпты. Ал Құрманғазы бабамыздың ескерткішінің қайда екенін жан біле қоймайды. Қоныштағай атамызды елдің бәрі білетін болар. Негізі үш ата. Қояншы мен Тағай. Және Дәулет. Ел бұзып айтып Қоныштағай деп кеткен. Соны енді өздерінше түзеп Қояншытаңай деп жазушылық етек алып барады. Тағайды Таңай қылып алды. Тура осылай болатын болса ел бұл атаны Қоныштаңай деуші еді ғой! Сол бірмойындығымыз әлі қалмай келеді. Былтыр осы ата ас берді балаларына. Сонда Қояншы бабалары туралы қоян аулағандықтан Қояншы аталған деп тұр. Қайдағы бір жарыместің сөзі ғой бұл. Кіндігінен мыңдаған ұрпақ өрбіткен қастерлі атаның татымсыз тірлігіне жол болсын!? Қазақтың қай батыры қоян аулапты. Жалпы, қоян аулау бала-шағаның ермегі емес пе?

Сонау 92-де Көкбөрі Жарылғап батырға ас бердік. Ғылыми-практикалық конференция өткіздік. Кімдер келмеді дейсіз сол асқа?! Азуын айға білеген академигіміз Салық Зимановтан бастап бәрі келген. Бірінен кейін бірі мінберді босатпаған. Солар Жарылғаптануға бір әріп те қосқан жоқ. Айтқандары ауа жайылған сөз. Көбісі менің бұған дейінгі жазғандарымды қайталады. Оның өзінде нашар көшірмесі болып шықты. Сол аста батыр бабамызды 1735 жылы тудырып қойдық. Абырой болғанда сөз тиіп, батырдың туған жылын түзегендей болдық. Содан баз біреуге жеккөрінішті болдық.

Тамақтан өтпей көлденең тұрған бір нәрсе ата-бабаларымыздың есімдеріне байланысты. Кәрсен деген кесек ата бар. Батыр да шыққан, батыршалысы да шыққан, барымташасы да шыққан. Үйсін мен Арғын шекарасында отырған алқаулы аталардың бірі. Үйсін жерін өз жеріндей жайлаған, жан-жағына тынышсыз, кеңестік милицияның өзін өкімет деп білмеген жайпау ата.

Қаракесекте аналардың мәртебесі бабалардың мәртебесінен кем түспеген. Соған орай оларға деген ұрпақтарының да құрметі бөлек болған. Түптейтін болсақ Қаракесек деген ата жоқ. Қаракесек деген одақ бар. Қаракесек дегеніміз Болатқожа, Шұбыртпалы, Қамбар, Жалықпас ұрпақтары. Оларды біріктіруші діңгек Болатқожаның анасы Қарқабат. Ол осы төртеуінің де сұтанасы. Сондықтан да осы төртеу Қарқабат дегенде отырған орындарында отыра алмайды. Кейінгі үшеуге Болатқожа ес болып қалады. Өйткені бәйбіше балаларына қарсы шығып, енші айырған осы Болатқожа. Қуандық ағасының барша баласын кесекпен құлатып, ағасына келгенде пұшайман болатын Болатқожа осыдан кейін Қаракесек атанған. Қабы бөлек болғанымен сабы бір бұл аталар бүгінде тізелесіп қатар отыр, қатар өмір сүріп жатыр. Әлдеқандай араларынан

бір тентек шығып жатса, бәріміз де бір шалдың баласымыз деп жарасымдықтарын бұзбайды.

Кәрсен де бір рулы елдің атына айналған. Ол кісі жөнінде там-тұм деректер Мәшекеңде бар. Жақсы атайды. Неге Кәрсен аталғаны жөніндегі әңгіме тарқатылған. Мәшекеңнің өзі анамызды бірде Қарсын деп жазса, бірде Карсон деп жазады. Кейінгі ұрпақтары Кәрсөн деп жазып жүр. Шын мәнінде Кәрсен деп жазылуы керек еді. Кәрсен деген қазақ сөзі емес, қалмақ сөзі. Осы Кәрсен ішінде Құлназар деген ата бар. Бір рулы елге айналды. Шежірелерін шығарып, ас берген өскін аталардың бірі. Құлназар Қазыбек би тобында қалмаққа барған айтулы би, әулие тұлға. Сол кісінің есімін Құназар деп жазушылық бар. Мұны енді надандығымыздың көрінісі демей көріңіз. Министріміздің өзі ешбір жазу емлесіне бағынбай Құл-Мұхамед деп айырып жазып жатса, біз одан қашып отырмыз. Назар да жаратушының тоқсан тоғыз есімінің бірі. Мұхамедтің құлы болғымыз бар да, Назардың құлы болғымыз келмейтіні қалай. Қазақ баласы ешқашанда ешкімге құл болған емес және ешқашан құл да ұстамаған. Бірақ Алланың құлы болудан қашпаған! Қазақтың діндарлығы елде жоқ діндарлық. Қазақта Әбдіқұл есімді азаматтар өріп жүр. Әбдісі араб сөзі де, құлы қазақтың сөзі! Құл сөзі түсінікті. Әбдісі ше? Ол да құл деген сөз! Қазақтың діндарлығына күмән келтірушілер бүгінде жеткілікті.

Жақында Шет ауданының өңіріндегі Қарамұрынға тақау жерде Дербісәлі батырға арнап үлкен ас берілді. Мен көрген жөн-жосығымен өткен салиқалы астардың бірегейі осы ас деп түйдім. Рас, мұнда да адасушылық болды. Баяғы сол мекерлігіміз алдымыздан шықты. Өзіміз білмейміз, өзгеден сұрамаймыз. Жалған намыстың кесікті құлы болып алғанбыз. Әйтпесе Дербісәлі батыр аға батырлар қатарына жатпай ма? Ал біз бардық та 1707 жылы туғызып қойдық. Сонда ол не - Жарылғап, Жидебай батырлармен қарбалдасып шапқан ба? Сорақылығымыз, сол айтып отырған аста батырдың дін жорықтары жөнінде бір ауыз сөз айтқан жан болмады. Дербісәлі жай батыр емес, көшелі батыр. Көшелігі сол ол өз жерінде емес, өзгенің жерінде соғысты. Жер үшін соғысқан жоқ, дін үшін соғысты. Соны неге әспеттемейміз?!

Жә, болар. Бүгінде тарих ғылымымыз жер бауырлағаннан да төмен күйде. Шөкесінен түскен. Сен тарихпен айналыспасаң, бәрібір тарих сенімен айналысады. Соны көзіміз көріп отыр. Сонан да қолына қалам ұстағандардың бәрі тарихшы болып алған. Жөнді, жосықсыз төпеп жатыр. Әрине, әдейі жазбайды. Болсыншы деп жазады. Туған жерінің, туған елінің абыройын асқақтатпақшы. Алайда екінің бірінің діттеген мақсатына жете бермейтіні бар. Біздікі де сондай жағдай.

Шерағаң айтпақшы бір кем дүние...

Үшінші жазба

ӘЙЕЛІ АЗҒАН ЕЛДІҢ ЕРТЕҢІ БОЛМАЙДЫ

Тіршілік қарбаласымен осы сәрсенбіде Астанада болдым. Барған үйімізде «Тоқал алғым кеп тұр...» деген күлдібадам хабар жүріп жатыр екен. Бәрі отыр сонда - психологы да, саясаттанушысы да, спортшысы да, айтыскер ақыны да, діндары да, басқасы да...

Әңгімелері тоқал алу жөнінде. Құлақ салсаңыз... Құлағыңыздың қарыны шұрқырап қоя береді. Тоқал жөнінде келелі әңгіме өрбіткеннің орнына татымсыз көр-жерді қоңырсытады.

Сол көр-жер әңгімеден түсінгеніміз, тоқал деген екінші әйел екен. Оны алу үшін бәйбішенің рұқсаты керек-мыс. Екінші тоқал алсаң бәйбіше мен алғашқы тоқалдың рұқсаты керек-мыс... Неге тоқал алу керек деген мәселеге келгенде демографияны жақсартамыз дейді. Негізінен тоқал алуға қарсы емес бір замандасымыз отағасының ондай ойдан сырт екенін, ала қалса, өсіп қалған бала-шағадан ұят емес пе деп қарап тұр. Әлсіз де болса қарсылығының түрі.

Әрине, бұл тоқал, тоқал алу мәселесі кешелі-бүгінде қозғалып жатқан жоқ. Соған қарамастан бұл дау-дамай аяғынан шыға алмай әлі күнге милығып жатыр. Анық нәрсе, тоқал алу мәселесін шешпейінше, тоқал мәртебесін анықтамайынша, оған деген көзқарасымызды түбегейлі өзгертпейінше ертеңгі күні ер адамдарымыздың тоқал алмақ тұрсын, қу тізесін құшақтап қалуы әбден мүмкін. Өйткені біздің қыздарымыз Саин көшесінде тұр, қала берді жат жұрттықтардың құшағында кетіп жатыр. Одан қалды аспан асты елінің жүз миллион бойдағы бізге қарап тұр. Оларда қазірдің өзінде қазақ қызы мүкәмалшыл деген ұғым қалыптасып үлгерген. Неліктен?! Сол айтып отырған тоқалдыққа қимағандығымыздан! Енді осы мәселеге этнограф ретінде бір сәуле түсіре кетсек артық болмас. Өйткені еліміздің ертеңі осы тоқал мәселесінің шешілуіне байланып тұр.

Өндірісті ошақта тұрғандықтан орыс тәлімі бізге ерте келді. Әкейдің бір бауыры қалада оқыды. Бір күні сол ағатайым сары шашты, бидай өңді қазақша сайрап тұрған бәденді аруды алып келді. Үлкендердің, оның ішінде әжемнің батасын алмақ. Әжем ескіше оқыған, діни сауаты өзіне жететін адам еді. Көршілес жатқан Ақтоғайдың орысы екен. Ел «өзіміз ғой, қазақшасы өзіміздің асып тұр» деп желпілдегенімен әжемнің қабағы ашыла қоймады. Айтыстарынша болашақ жеңгем мұсылман дініне де кірмекші екен. Сонан әжем болашақ келінімен есік жауып алып бір сағат сөйлессін. Іле болашақ жеңгем ағатайыммен есік жауып алып бір сағат сөйлессін... Қабағы кіржиіп шыққан ағатайыма әжем:

- Әй, кәпір де болса қазақ ал, сүйегі мұсылман... - деді.

- Мұсылман дініне кірем деп тұр ғой, - деді жан ұшырған ағатайым.

- Жүре мұсылман бар да, туа мұсылман бар...

- Мұсылман болса болды емес пе?

- Қарындасыңның басын кемітпе. Алдымен қазақ ал, басқасын сонсоң көресің...

Ол кезде бұл сөзге ой жүгірте алмадық. Бүгінде мен үшін мұнан асқан қастерлі сөз жоқ сияқты. Әйел баласына деген қазақ баласының мұндай ұстанымы қай ұлтта, қай ұлыста бар екен дейсіз еріксіз. Қойшы, сонымен ағатайым сөзін өткізе алмады. Қатынсыз қалған жоқ, әрине. Сары шашты «жеңгем» де өз теңін тапты. Алайда осыдан кейін біздің жақта орыстан әйел алу біржолата тыйылмаса да, айтарлықтай сиреді. Толық себебін білмесем де сол жолы әжеме риза едім. Бүгін де ризашылығымды айтып отырамын. Ескі адамдар бірнәрсе білген ғой. Сол әжем қолы босай қалса бабалар тарихын құлағыма құяды.

Біздің түп бабамыз Дау болады. Біздер сол бабамыздың Бабылдық деген тоқалынан тараймыз. Бұл маған ұнай қоймайды.

- Оны қайдан тауып алып жүр? - деймін. Өйткені анамыздың сүйегі қалмақ боп тұр ғой. Әжемнің тарқатуынша Даудың інісі Балапан батыр бір жорықта ерлік жасап, соның өтеуіне алған екен.

- Өзі ала алмайды...

- Неге? - деп тықақтаймын ғой мен де.

- Себебі қыздың сүйегі қалмақ.

Енді мен ойланайын. Ағасына алуға болғанда інісіне неге алуға болмайды деп.

- Қалмақтың қызы бәйбіше бола алмайды...

- Неге? - деймін мен де беріспей.

- Тек қазақ қыздары ғана бәйбіше бола алады!

Міне, мәселе қайда? Балапан батыр бойдақ болған соң ала алмаған екен ғой. Манағы ойымнан біршама қайтқан сындымын. Бәйбішесі болғанда ғой...алатын еді ғой деймін іштей.

Мәшекең, Мәшһүр Жүсіп жазады, Қырбас жеті қатын алған деп.

Қырбас айтулы, тарихи тұлға. Атақты Көкбөрі Жарылғаптың баласы, Қанжығалы қарт Бөгенбайдың күйеубаласы. Бір қызығы Бөгенбай батыр күйеубаласын өзі таңдаған. Олай болса Қырбасыңыз осал емес. Елдің айтуынша иман нұры тасыған жан-жақты тұлға болыпты. Сөйткен Қырекең жеті қатын алды дейді. Бұл қалай деймін. Шариғаттан шығып тұр ғой деймін. Ұшығына шыға алмаған соң Мәшекең шатысыңқыраған екен дегем.

Замана ағымына қарай шежіре жазуға кіріскенбіз. Сонда Қырекеңнің жеті қатын алғанына көзім жетсін. Алғашқы төртеуі түсінікті.

- Қалғаны ше? - деймін.
- Кейінгі үшеуі аяқбауы... - дейді үлкендер.
- Аяқбауы кімдер? - деймін де.
- Некесіз қатындары, - дейді.

Ертеде ауылда жесір әйел деген болмайтын. Тиісінше жетім бала да болмайтын. Әлгіндей себептен. Ер кіндік жетімсіздігі қашанда болған. Еркектің аз жасайтындығы, ауру-сырқауға бейім тұратындығы белгілі. Оның үстіне барымта-сырымтасын, жортуылын, соғысын қосыңыз. Осыдан кейін әйелдер қалайша көп болмасын?! Осыдан соң бабаларымыздың әйелдері қалайша көп болмасын! Сол әйелдердің көптігін бабаларымыз білдірмеген. Бәйбішесі, тоқалы түгел болса да, әлгіндей себеппен шамасы жетіп жатса аяқбаулыққа алған. Бабаларымыз шариғат жолын осылайша айналып өткен. Ең бастысы әйел байсыз отырмау керек! Байсыз әйел «бұзылады». Ал бұзылған әйел елді бұзады. Елді ағайындықтан шығарады. Әмеңгерлік, аяқбаудың астарында осыдан кейін нәпсі сезімі жатыр деп айта алмайсыз. Тоқал алуда болса болар, ал аяқбауда бар деп айту қиын. Онда әйелдің бұзылмауы жатыр. Бабаларымыз әйел баласын қатты қастерлеген. Оларды ертеңгі күнгі ана деп білген. Сондықтан да әйел баласына деген басқаша көзқарас болмаған. Қазақ ауылында байсыз әйел баласы болмаған!..

Қазір кәрі қыз дегенді шығарып алдық. Онысы отыздан асып кеткендері. Бұрынғының кәрі қыздары он үштен ғана асушы еді. Қазақ ер баласына мұсылман болып жатса басқа нәсілді қызға үйленуге рұқсат берген. Оның өзінде тоқалдыққа. Қыздарына ондай кеңшілік жасамаған!.. Соған орай қазақ баласының бәйбішесі міндетті түрде қазақ болған. Бұқар жыраудың «Қатының болсын қалмақтан» дегені белгілі. Алайда сол қалмақ қыздары бәйбішелікке жоғарыдай себептермен жарамаған. Бұқар-екең олай деп айтса, қан жаңартуды жадыңнан шығарма деп тұр! Бәйбіше дүниеден озған күннің өзінде тоқалдар оның орнын баса алмаған. Бәйбішеден кейін есік аттағандар тоқал деп аталады. Бұл екінші қатын деген ұғымды білдірмейді. Некелі қатын дегенді білдіреді.

Тоқалдардың ұзын саны үшеу. Олардың өз атаулары бар. Қазіргідей рет санымен бірінші, екінші, үшінші деп аталмайды.

Қазірде тоқал алу мәселесі алқалы жиындардың биік мінберлерінен естіле бастады. Бір қарындасымыз осыған орай әйелдердің екі байлы болуын заңдастыру жөнінде даурығып жүр. Қош, бұған не айтуға болады? Алғашқыларынікі түсінікті. Олардың ойынша еліміздегі демографиялық мәселені тап осы тоқал институтымен әбден шешуге болады. Әрине, бұл бопсамен толық келісе алмаймыз. Бұған мына өзбек ағайындардан мысал келтірсек жеткілікті. Кейінгі он жылдың ішінде

өз-ағаңдар жиырма миллионға көбейіпті. Тоқал алмай-ақ. Демек, гәп басқада.

Шын мәнінде тоқал алудың физиологиялық астары бар. Аяғы ауыр әйел кемінде ерінен төрт ай азат болуы керек... Әйелдің жайы түсінікті. Ал ері ше? Физиологиялық жағынан бұл мәселеде әйелдерге қарағанда еркектің осал екендігі белгілі. Тоқал алу осыдан шыққан. Қалғанының бәрі салдары. Қазіргі бауырларымыз «мен екі әйелді асырай аламын, болмаса үш әйелді киіндіріп, тамақтандыра аламын» деп даурығып жүр. Ашығын айтсақ бұл жерде көлденеңдеп нәпсі мәселесі тұр. Ал бабаларымыздың тоқал алуында адамгершілік мәселесі тұрған. Бұл сол кездегі елдік мәселе болатын.

Қазақ қоғамында басы артық әйел болмаған!.. Ерлер жетпесе тоқалдыққа жүрген. Осындай себеппен жесірлер де болмаған. Әмеңгерлік институтын заманның өзі тудырған. Жақын әмеңгері болмағанда руластарынан шығармаған! Аяқбаулық да осыдан барып шыққан. Қазақ қоғамында басы бос әйел баласы болмаған. Қай қазақ әйелінің болсын байы болған.

Бұл мәселеге шариғат та қатты қараған... Онда шешеңді әкеңді өлтірген қандықолға қос дейді. Міне, мәселе қайда?! Шешең байсыз қалмасын дейді. Тіпті, адам өлтірген кісіге қос дейді. Оның ішінде әкеңді өлтірсе де! Өйткені оның болмысы - әйел. Мұсылмандық деген осы. Адамгершілік деген осы. Өйткені оның астарында әйел баласының басының бос болмауы жатыр. Мұсылман дінінің қағидатында біреудің баласына әке болуы пиғылына үлкен сауап жазылған. Бізде де солай. Айырмашылығы бізде қан туыстығына қатты қарайды. Мұның өзі баланың жетімдігіне жол бермейді.

Бәйбіше - көп әйел алғандағы әйелдердің үлкені, рет саны бойынша бірінші әйел. Бай және бике сөздерінің қосындысынан тұрады. Осы түбір сөздер бәйбішенің мәртебесін айтқызбай-ақ айқындап тұр деп ойлаймыз.

Тоқал - бәйбішеден кейінгі әйелдер. Ер адамдар көп әйел алғанда тоқалдар үлкен тоқал, кіші тоқал және кенже тоқал деп бөлінеді. Тоқал саны екеу болғанда: үлкен және кіші тоқал деп аталады. Бәйбіше қайтыс болған жағдайда да тоқалдар бәйбішенің орнын баса алмайды. Бәйбіше орнында отырған тоқал - бәйбіше тоқал деп аталады.

Күні кеше ғана «31 арнадан» Қазақстандағы жезөкшелікті заңдастырайық деген хабар таратылды. Бұған не айтуға болады?! Біздер мұсылман еліміз. Олай болса ондай әңгіменің көтерілуі орынсыз. Әрі-беріден кейін мұны еліміздің қауіпсіздігін осалдату деп қабылдауымыз қажет.

Сонымен жазбамызға нүкте қойған сындымыз. Азған әйелдің себебімен талай жұрт тарих сахнасынан кетті. Мәңгілік ел боламыз

десек, қоғамымыздағы әйел балаға деген көзқарасымызды өзгертейік.

Ұрғашы деп қарау надандықтың белгісі!

Қарындас деп қарау кемелдіктің белгісі!

Қарындастарымыздың басын кемітпейік.

Төртінші жазба
МАСЫЛДЫҚ ӘУ БАСҚЫ ТӘРБИЕДЕН

Қазақтың басты дәмі - ет. Бүгінде ет культі жүріп тұр.

Телесандықтан түймесін басып қалсаңыз Тұрсынбек Қабатов сайрап тұрады.

- Ет дегенде бет бар ма? - деп.

Әншілеріміз де қалыспауда. Роза қарындасымыз бешбармақ деп әуелетіп, қыздырманың қызыл тілін қыздырып жүр...

Қазір той-томалақ көп. Бара қалсаң асабамыз той ортасында бәрін тоқтатып қойып, ет деп жарапазандайды. Оның салтанаты жанында елұранымыз жіп есе алмайды. Даяшыларымыз елді бес-алты рет айналып еттабақтарды орнына әзер қояды-ау...Еттабаққа үңілсең мүше тұрсын, сынық сүйек таппайсыз. Бұл қалай дейсіз еріксіз. Мүше болушы еді ғой дейсіз іштен. Бас табақта ғана бас жүреді. Қалғаны мақұрым. Сол басты ұстайтын адам жоқ. Көпей шалы бар, қаба шалы бар бір-біріне сырғытады. Ұстаса құйқасынан бір тіліп жейді де жанындағысына жылжыта салады.

Бастың мәселесі тәрбиесінде. Оны етінен, құйқасынан, миынан ажырату керек. Ажыратып қоймай оны тәрбиелеу керек. Бас ұстаған бата қайырған. Басқа өкпе жүрмеген. Жүрген кезі де болған.

Ертеде Арқа елінде атақты Қаракесек Жарылғап батырдың баласы Қырбас батыр Тобықтыдағы бір асқа барады. Сол аста бата қайыру жолы Қырбастікі бола түра еттабақта бас болмапты. Жылдардың жылында, күндердің күнінде тағы да Тобықты елінде үлкен ас өтеді. Оған Қырбастың би баласы Бәйсейіт те барыпты. Сонда жолы келіп тұрмаса да Бәйсейіт бас үстапты. Сонда Бәйсейіт:

- Шап Қырекеңе! Батасын алып келіңдер! - депті.

Бас үшін бас шабыспағанымызды осыдан-ақ көруге болады. Ал Бәшекеңнің істеп отырғаны бастың қадірін тағы бір мәрте ел есіне салғандық.

Мүшенің жөні атымен бөлек. Қазақтың еті мүшесіз болмайды. Мүшесі келіспесе ол ет емес. Онда ол - дәм. Қазақ дәмге қараңыз десе

«барына қанағат қылыңыз» дегені. Дәмнің өлі ет болуы мүмкін. Дәмде бас болмауы мүмкін.

Ет турамай тұрып мүше таратады. Мүшенің қадірлісі жамбас. Сол таратыста мүлт кетсеңіз болды өкпе басталып кетеді. Өйткені дұрыс тартылмаған мүше сүйекке түскен таңба деп есептелген. Бұрындары бүгінгідей өзімен бірге ет орап алып кету деген болмаған. Ал бұйырған мүшесін алып кету сөкет есептелмеген. Өйткені мүше ұстаған адамның сүйекті әбден ақсөңке қылып мүжуі үй иесіне деген құрметі деп түсінілген. Ауылдың көпей шалдары қайда барса да немерелерін тастамайды. Сол мұрынбоқтарын алдына алып:

- Тұқылына дейін мүжіндер, әйелдерің әдемі болады, - дейді. Мұндайда балаларда жан қала ма, әпіл-тәпіл ақсөңке қылып шығарады. Сөйтіп немерелеріне сіңір жегізеді. Ал сіңірде фосфор мен кальций көп болады. Табиғат нәрлісін, құнарлысын қашанда тасада ұстаған ғой. Соны біздің шалдар білген. Білгені сол енді олар сүйекті шағып, майын жегізеді.

Баяғының серілері қызға сөз салғанда:

- Сені жілік майымен асыраймын, - демеуші ме еді. Ұрпағының ертеңгісін ойлағаннан солай деп отыр.

Ет желінген, сорпа ішілген. Сүйек мүжілген. Жоқ, шалдар тарамайды. Енді шағылған сүйектерді алып кеміре бастайды. Жіліктің майлы басы сөйтіп жұтылып жатады. Ең соңында сүйектен дым да қалмайды.

Есесіне ұрпағы аман. Ой жағынан да. Дене жағынан да.

Есесіне ұрпағы масыл емес. Ой жағынан да. Дене жағынан да.

Бесінші жазба
ТАҒАНЫ ТҮГЕЛ ҚАЗАҚИЯ

І. ЕЛБАЙРАҒЫМ ЖЕЛБІРЕП, ЕЛҰРАНЫМ ШЫРҚАЛЫП, ЕЛТАҢБАМ АСҚАҚТАП...

3-4 маусым күні - Мемлекеттік рәміздер күні елімізде, оның ішінде мұнайшылар астанасы - Атырау қаласында кеңінен аталып өтті. Елдігімізді, бірлігімізді, азаттығымызды айғақтайтын осынау атаулы датаға орай Атырауда өткен республикалық патриоттар шеруі «Менің Қазақстаным!» деп аталды. Осымен алтыншы рет өткен бұл форумның жаңалығы - бір мезетте еліміздің түпкір-түпкірінде Әнұран ойналып, Мемлекеттік Ту көкке көтерілді. Атыраулықтардың бастамасымен жүзеге асқан осынау жарасымы келіскен салтанат енді жыл сайын өткізіл-

мекші. Сөйтіп, берік дәстүрге енбекші. Шара аясында «Менің Елтаңбам! Менің Туым! Менің Әнұраным!» атты жастардың акция-шеруі, «Менің Қазақстаным!» атты VI республикалық патриоттар форумы, қазақ эстрадасы жұлдыздарының қатысуымен ойын-сауық, Жайық өзенінің үстінде лазерлік шоу ұйымдастырылды. Сондай-ақ әртүрлі аталымдар бойынша үздік деп танылған спортшылар, әртістер, өз кәсібінде жоғары жетістікке жеткен, қайырымдылық көрсеткен азаматтар, ғалымдар, қоғамдық ұйым басшылары «Жыл патриоты» атағымен марапатталды. Осы шаралардың қай-қайсысы болсын ел есінде мықтап қалды десек қателесе қоймаспыз.

Мемлекеттік Рәміздер күні сағат таңғы 9-да басталған. Автомобильшілер, байкерлер, салтанаттылардың шеруі «Ақжайық» мейманханасынан Исатай-Махамбет алаңына қарай бет түзеген. Мемлекеттік Туымызды көтеріп шыққан бұл шерудің салтанаты шынымен асқақ еді. Бұл шеруге қатысушының да, қызықтаушының да мақтаныш сезімін сөзбен айтып жеткізуге болмас. Астана уақытымен сағат таңертеңгі 11-де еліміздің барлық облыс орталықтарында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы желбіреп, Мемлекеттік Әнұраны орындалды. Жүріп келе жатқан жандар жүрісін тоқтатып, көліктегілер көлігінен түсіп, оң қолдарын жүрек тұсында ұстап, ел рәміздеріне деген құрметтерін көрсетті. Барша қазақстандықтар Атырауға келіп бір адам болып Әнұранымызды шырқады! Бұл акцияға еліміз бойынша 150000 адам қатысты! Одан кейін форум делегаттарының мақсатты топтармен жүздесулері, кездесулері жүріп жатты. Мемлекеттік рәміздер авторларымен кездесу де көпшілік жадында қалды.

Осы шара аясында өткен «Менің Қазақстаным!» патриоттар форумының жөні атымен бөлек болды. ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі мен Атырау облыстық әкімдігі қолдауымен жас патриоттарымыз қашанда өздерінің көшбасшы екендіктерін көрсетіп бақты. Қашандағыдай бұл форумда студенттеріміз, оқушыларымыз, жастарымыз көптеп қатысты.

Қазақстан Жастары Конгресінің өкілі Айбат Машенов айтады:

- Біздің өткізіп жатқан шараларымыздың бір күндік болып қалатыны өкінтеді. Өйткені осыған дейінгі шараларымыздың барлығы бірдей күткендегідей нәтиже бермеді. Турасын айтсақ бір күндік шара болып қалды. Мемлекеттік Рәіздеріміз идеологиямыздың басты мазмұны болатындықтан, оны насихаттауға барынша көңіл аударуымыз қажет. Әрбір қазақстандық біздің мемлекетіміздің рәміздерін көз алдында елестете алса, мемлекеттік әнұранымызды ешкімнің көмегінсіз шырқап берсе - форумымыздың өз мақсатына жеткені деп білеміз.

Шынында, ойланатын мәселелер баршылық.

Әнұранымыз орындалып жатқанда біздер қалт тоқтап, кірпік қақпастан, оң қолымызды жүрек тұсымызға апарып қосыла қояр ма екенбіз.

Жақында кіші футболдан «Қайрат» ұлттық командамыз «Барселонаны» жеңіп, айды аспанға бір-ақ шығарды. Алайда оның құрамында екі қазақ ойыншысынан басқасының барлығы да бразилиялықтар болатын.

Тағы бір мысал. Ауылды жерге барсаңыз түсі әбден оңған туымызды көреміз. Тіпті, түсі анықтауға да келмейді. Мұнымызды неге жатқызамыз? Геральдикада көк түс адалдықтың, сенімнің түсі болып саналады. Әрі-беріден соң көк деген сөз аспанды білдіреді. Олай болса біздің туымыздың түсі аспантүс. Ап күн кашанда тыныштық пен байлықтың нышаны болған. Қыран болса еркіндігіміздің нышаны. Сонымен Мемлекеттік туымыздың нышан реті мынадай: көк аспан, нұрлы күн, қыран бүркіт немесе адалдық пен сенімділік, бейбітшілік пен байлық және еркіндік.

Тудан шығады. Ту культі бізде бұрыннан бар. Ақсүйектердің өз тулары болған. Ондай тулар батырларда да болған. Оны қойғанда негізгі майдан осы ту төңірегінде өткен. Соған орай майданға шықпас бұрын қазақ қолдары ең алдымен ту ұстаушысын сайлап алған. Соғысқа сонсоң барып кіріскен. Тудың құлап қалуы жаман ырымға баланған. Бізде осы соңғысы жиі бой көрсетіп жүр.

Мұнайшылар астанасында нағыз алып Ту мен Елтаңбамызды көрдік. Олардың әрқайсысының пішімі 20 да 10 метр болатын. Оған автомобильшілеріміз бен байкерлеріміздің туын қосыңыз. Бұл мыңдаған тудың мерекесі еді. Көрмейін десең көзің бар деп бабаларымыз тегін айтпаған-ау. Сол шеруде жүрген автомобильдерімізге ілінген туларға көз салсаңыз жүрегіңіз шым ете қалады. Өйткені Туымыздың 2:1 өлшемі сақталмаған. Оның үстіне туымызды желбіретіп салып қойған.

Мемлекеттік мәселеде осынау еркіндік өз орынын таппай тұр. Қалай десек те мұнымызды толып жатқан себеп-салдармен түсіндіре алмасақ керек. Өйткені мемлекеттік рәміздеріміз туралы бізде заң бар. Сол заңда бәрі дәйектелген. Мемлекеттік Елтаңбамызда не бейнеленгенін екінің бірі айтып бере алмайды. Оның ішінде жастарымыз... Олай болса мемлекеттік рәміздерімізді мектеп бағдарламасына арнайы пән ретінде оқытудың кезегі жетті деп білгеніміз жөн. Жоғары оқу орынында да арнайы курс жүргізу керек болады. Қазақстан тарихы оқытылады. Ал рәміздеріміздің оқытылмауын қалай қабылдауымыз керек?!

Және бір байқағанымыз, бізде рәмізтанушылар жоқтың қасы екен. Әрі-беріден кейін Ербол Шәймерденнен басқа бірде бір адамды еске түсіре алмадық. Содан ба, бізде рәмізтану бойынша әдебиет кемшін, болып жатса аз таралымды. Рәмізтануға деген құрметімізді бүкілхалықтық деңгейде қалыптастырамыз десек, айтып отырған рәміздерімізді

әр босағаға апаруымыз керек. Рәмізтану әрі-беріден кейін - отбасыдан басталу керек. Өйткені бала тез қабылдайды, тез есте ұстайды. Және бала кезінде жаттағанын, есте ұстағанын өмір бойы алып жүреді. Қазір елтаңбамызда не бар деп сұрасақ екінің бірі ойланып қалады. Содан ойланып барып ат дейді...

Елтаңбамыздағы басты бейне-шаңырақ! Мемлекеттік Елтаңбамыздың жүрегі осы - шаңырақ! Шаңырақ - мемлекетіміздің негізі. Дала математикасы және астрономиясы осы шаңырақта жатыр. Қазақтың дүниетанымында шаңырақ осылайша ерекше орын алады. Ал Елтаңбадағы жылқы кейбіреулер айтып жүргендей ат емес. Рас, қазақ та жылқы мінезді. Азаттығына келгенде шу асау. Ол өздігінен басына өлсе қамыт салғызбайды. Ол бас азаттығына келгенде тұсауыңа да, шідеріңе де көнбейді. Елтаңбадағы жылқымыз жаңылыс жазылып жүргендей тұлпар да емес. Жылқы жарықтықтың ең жүйрігі тұлпар, әрине. Одан қашқақтап отырған жоқпыз. Қазақ баласының басын қосқаны дастарқаны екендігі белгілі. Содан да қазақ баласының ішіп-жемі қай жерде болсын бірдей. Қазақ баласының ұлт болып ұйысуында бұл да жеткіліксіз еді. Бабаларымыз оның да жолын тапқан. Пырақ арқылы қанын араластырған, пырақ арқылы қан тазалығын сақтап қалған. Ендеше Елтаңбамыздағы жылқы жай ғана ат емес - пырақ!

«Менің Қазақстаным» патриоттар форумы небәрі алты жаста ғана. Соның өзінде еліміздегі ең бұқаралық мерекеге айналып отыр. Өйткені бұл күні басты мерекеміз - «Менің Туым!», «Менің Елтаңбам!», «Менің Әнұраным!» бүкілхалықтық той болып атап өтіледі.

Ендігі берер сөз әнұранымыз төңірегінде. Бірде сөзімен айтылып жүрсе, бірде сазымен орындалып жүр. Таза үрмелі аспаптармен орындалғанын да естіп көріп жүрміз. Домбырамен орындалғанына да көзіміз қанықкан. Ал ұрмалы аспаптар орындауындағы әнұранымызға қалай қарайсыз?

Мәнерлеп сырғанаудан 2013 жылғы әлем біріншілігінің күміс жүлдегері, жетінші Азиялық ойындардың жеңімпазы Денис Тэн айтады:

- Мен әлемнің көп жерлерін шарладым. Алайда Қазақстанның әлемдегі ең таңдаулы мемлекеттердің бірі екендігін ішімнен сезіп тұрамын. Сондықтан мен мұнда жиі боламын. Келген сайын достарыма Қазақстанның әлемдегі ең таңдаулы мемлекеті екендігін айтудан жалықпаймын. Шетелдік достарыма да осыны айтамын. Біздің ұлы ел екендігімізді олар да мойындайды. Қазақстанның келешегі бар дейді олар бір ауыздан. Менің жүрегім үшін бұл ең әуенді сөз еді...

АҚШ-та жаттығып жүрген Денис ақжарма көңілін осылайша жайып тастады. Оны үгіттеушілер баршылық. Басқа елдердің атынан бақ сынауға. Алайда бәріне барса да Отанын сата алмайды. Ол үшін басты-

сы - Қазақстаны, қалғаны соңынан. Сөз ішінде айта кетелік, Денис Тэн спортта жеткен жетістіктері үшін «Жыл патриоты» кеуделік белгісіне ие болды.

Мемлекеттік рәміздерімізге байланысты көп болып кеңесетін жайттар баршылық. Оның біразы монеталарымызға қатысты. Еліміздің ұлттық валютасы - теңгеміз айналысқа түскеннен бері де жиырма жылдың жүзі болыпты. Онда міндетті түрде мемлекеттік елтаңбамыз бейнеленеді. Елтаңбамыз бейнеленген соң оны қалайда құрметтеуіміз керек. Сәнқой жастарымыз балақтарына тиындық монеталарымызды мұрнынан тізіп қояды. Болмаса етікшілерге айтып, бәтеңкесінің басына, не болмаса өкшелеріне қаққызып алдыратындары бар. Тегі, мұндай қадамдардан бас тартуымыз қажет болады. Айналыста жоқ қағаз ақшаларының көптеп шығарылуы да бізді ойлантса керек. Олардың алдымен валюта ретінде бағамы жоқ. Одан қалды бағамсыз болғандықтан қоқыста жатуы мүмкін. Егер біздер шын патриот болсақ оны сол қоқыстан тазартып алуымыз керек. Сондай қадамға біздер бара аламыз ба?!

Мемлекеттік Елтаңбамыз киім-кешектерде де өріп жүр. Әсіресе, спорттық киім үлгілерінде. Бәлкім, керек те болар. Алайда дамбал мен қамбалдарда өріп жүрген елтаңбаларымызды не істейміз?! Әлде доллар бейнеленген ішкиімдер де сатылып жатыр ғой тіліміздің тістеген күйі отыра береміз бе?! Қазір жастар арасында татуировка деген дендеп тұр. Оныңыз бетте де, қара санда да жамырап жүр. Ұлымыз да, қызымыз да осы сырқатқа ұшыраған. Былай қарасаң еш сөкеттігі жоқ сияқты.

Елтаңба, Ту, Әнұранды еліміздің басты құндылықтары деп жүрміз. Енді осы үш қастерлі нышандарымызды жауапкершілік деп түсінетін уақыт жеткен сынды.

Осы форумға қатысқан, Халық Қаһарманы, Парламент депутаты Бақытжан Ертаев ағамыз айтады:

- Біздің бабаларымыз Туды аман алып қалуда қасық қаны қалғанша соғысқан. Ұлттық рәміздерімізді қорлауға ешкімнің де қақысы жоқ. Өйткені онда біздің ата-бабаларымыздың қаны жатыр...

Ағамыз әдемі айтып отыр. Көз алдыңда майдан даласы тұра қалады... Олай болса біздер мойынымызға жауапкершілік алуымыз керек. Ұлттық рәміздерімізді қорлауға жол бермейміз деп. Тіпті, керек болып жатса қорлауға жол бергендердің өзін жауапкершілікке тарту керек болар. Бұл енді, әрине, ертеңгі күннің мәселесі.

Күткеніміз көп болатын Атыраудан... Біразының үдесінен шықты. Құрманғазы бабамыздың «Саржайлауын» мың домбырамен тартқан оларға деген ризашылығымыз да шексіз. Әнұранымызды мың адам болып шырқағанда тіпті қатып кететін еді. Ондай жақсы күндерге де жетерміз. Мұндай шаралардың даңғаза шуы әдетте көп болады. Қалай

десек те бұл шара өз дегеніне жетті деп білеміз. Ең бастысы бұқаралық сипаты болатын. Сол сипат болды. Бұл да аз шаруа емес. Кездесулерде, жүздесулерде ел рәміздері жөніндегі әңгімелер толастаған жоқ. Алайда күні бойы біз қозғаған әңгімелердің көбісі сол жоғары лепті әңгімелердің тасасында қалды.

Ендігі айтар әңгіме рәміздерімізде жүйелі реттілік жоқ. Көкбайрағымызға дейін де бізде қилы тулар болған... Мәселен, Абылайдың Ақтуы, Жарылғаптың Жасылтуы...

Елтаңбамызға дейін де бізде қилы таңбалар болған... Мәселен, Арғының көзтаңбасы, Тарақтының тарақ таңбасы...

Әнұранымыз да солай... Соның шерлісі - «Елімай»...

Рәміздеріміздің барлығы да Елімізге қатысты! Рәміздеріміздің барлығы да Ел сөзіне қатысты! Ендеше солай атайық! Көкбайрақ деп емес - Елбайрақ деп! Елтаңбамыз қалсын! Әнұран емес - Елұран!..

Енді бәрі де өз орынын тапқандай:

Елбайрақ...

Елтаңба...

Елұран...

II. ҰЛТТЫҚ КОДЫМЫЗДЫҢ РӘМІЗДЕРДЕ КӨРІНБЕУІ ҚАЛАЙ?

«Мемлекеттік рәміздер - бұл біздің мемлекетіміздің, біздің егемендігіміздің берік негізінің бірі. Олар Тәуелсіздіктің касиетті біріктіруші образын білдіреді».

Бұл жай адамның сөзі емес. Елбасымыздың сөзі. Егемендігіміздің берік негізі деп шегелеп тұрып айтады.

Сол негізіміздің беріктігіне басқалардың көзі жетсе де менің күмәнім бар. Қазір көктемгі төл төгініндегідей улап-шулап, жамырап, шамамыз жеткенше Боратты күстаналап, ауызымызды қайшылатып іреп жатырмыз. Осылайша «қайрат» көрсетіп, өзімізді зиялы қауымға қосқан сындымыз. Дегенмен надандығымыз әр жерден көрініп қалуда. Әлеуметтік желіні ашып қалсаңыз-ақ көретініңіз желі қолданушының тұзаққа сыймай жатқан бәдіреті, одан төмен көк туымыз. Сол көк туға «Мен сені мақтан етемін!» деп жазып қойған. Көкке ілетін көк туымызды бел үстіне ысырып, тым төмендетіп жібермедік пе?! Ремаркалық жазуы да - «Мен сені мақтан тұтамын!» болуы керек еді. Елбасымыз айтып отырған «берік негізге» негізделген ұстынымыз қайсы?! Әрине, туымыз, әнұранымыз, елтаңбамыз! Жеткен жеріміз сол - соның өзін дұрыс атап, жаза алмай келеміз. Бірізділік жоқ.

Ең алдымен, туымызды, әнұранымызды, елтаңбамызды біріктіретін факторымыз не болмақ?! Сөз жоқ, ол - елдігіміз!

Ел деген ұйыстырушы сөзіміз! Ендеше елдігіміздің басты үш нышаны осы ел сөзімен байланысты сабақтастықта жатуы керек. Әрине, туды елту деп айта алмаймыз. Құлаққа түрпідей тиеді. Алайда тудың басқа атаулары да тілімізде баршылық қой. Байрақ десек қалай болады? Ел ішінде көкбайрақ деп айтушылық бар ғой. Соған орайластырып елбайрақ десек ше? Елтаңба деген сөзімізбен кірігіп, жарасып-ақ тұрған жоқ па?! Елбайрақ, Елтаңба... Ендігісі... Әнұранымыз... Мұнымыздың қазақша жатық атауы - Елұран!..

Енді бәрі де өз орынын тапқандай:

Елбайрақ...

Елтаңба...

Елұран...

Алдымен елбайрағымыздың түсі туралы. Көкбайрақ деп жүрміз. Шынымен туымыздың түсі көк пе? Далаға шығып, байрағымызды түстер болсақ неше түрлі түс реңкін көруге болады. Қанық көктен көгілдірге дейін. Мұны да бір бүйірімізде ұстап тұрайық.

Тудағы бейне туралы. Күн астында қалықтаған қыранды көреміз. Әрине, әсерлі. Динамика бар. Еркіндіктің нышаны! Осы жүрде үзіліс алуымызға тура келеді. Әңгіме ұлттық кодымыз жөнінде болмақ. Оның басты атрибутын жылқы деп айшықтап та қойдық. Ол жөнінде аз жазылған жоқ.

Қазақ баласының ұлттық кодының тағы бір атрибуты - қыран деп білеміз. Ол туралы жазудан да біраз жерге бардық. Оу, осымен тоқтағанымыз қалай? Қазақ баласының коды керек болса - көкбөрі емес пе еді?! Басының азаттығын бәрінен жоғары қоятын, бабаларымыз бағалаған бөріні әлі күнге дейін ұлықтап келе жатқан жоқпыз ба?! Осы жерде шегелеуімізге тура келеді.

Қазақ баласының коды:

Жылқы/пырақ,

Бүркіт/қыран,

Қасқыр/бөрі/көкбөрі.

Осы ұлттық кодымыз мемлекеттік нышандарда өзінің көрінісін қалай тауып отыр?

Пырағымыз елтаңбамызда тұр. Қалғанында жоқ. Қыранымыз елбайрағымызда тұр. Қалғанында жоқ.

Тағы да елбайрағымыз жөнінде. Елбайрақтың аспандайтын жері - спорттық жарыстар. Топ жарғандардың құрметіне ту көтеріледі. Анығырақ айтсақ, жеңімпаздар құрметіне алған орындарына қарай үш ту көтеріледі. Сонда көңілге қаяу түсіретін жағдайды байқап қаламыз.

Біздің байрағымыз басқа елдердікіндей емес. Көлем жағынан. Мұндайда тудың көлденеңінен ілінетіні белгілі. Соған орай айбатты қыранымыз көлденең түскендіктен көп құстың біріне айналып кете барады. Тоқ етері Қыранымыз да, Қасқырымыз да елтаңбамызда өз бейнесін табуы керек. Осы бейнелер елбайрағымызда да атойлап тұрулары керек!

Қазақтың Елұранының сөзі арнайы жазылған емес. Оған ешқандай байқау жарияланған жоқ. Мәтіні сонау 1956 жылы жазылған. Сөзін Жұмекен Нәжімеденов жазса, әнін Шәмші Қалдаяқов шығарған. Елбасымыз 2005 жылы елұран мәртебесіне сай болуы үшін мәтініне өзгеріс енгізді. Сөйтіп, елұран авторларының бірі болып шыға келді. Осы авторлық Елбасымызға керек пе еді?! Қара қазақтың мұрақ кигеніндей болып тұр-ау...

Кешегі Одақтың елұранының сөзін мұрт көсеміміз бірнеше рет түзеген. Түзегенде шегелеп тұрып түзеген. Соған қарамастан авторлығына жармасқан жоқ қой...

Өз сөзімізге көшелік. Біздің де елұранымызға біраз түзету енгізуіміз керек. Өйткені бұл қанша жерден айтсақ та елұран емес, ән. Қайталап айтамыз, біздің айтып отырған елұранымыз халықтық, бұқаралық ән болатын. Біздің қазақтың аузына ащы су тисе сол аузына ие бола алмай қалады. Жібереді-ау келіп «Менің Қазақстанымды». Алайда басқа жұрт сылқия тойса да айтпайды ғой. Өйткені олардың елұрандары ән емес... Елұранды есі түзулер айтса керек... Сонымен құрметімізді түзейік. Елбайрағымызға деген... Елтаңбамызға деген... Елұранымызға деген...

Ол үшін... Қайта оралайық! Елбайрағымызға... Елтаңбамызға... Елұранымызға... Жадымызды жаңғыртайық. Сонсоң қайтып оралайық. Мемлекеттік рәміздерімізге...

28.10.2020 ж.

III. ЖАРЫҚТЫҚ

Бізде бәрі бар деп арқаны кеңге саламыз. Мемлекеттік атрибуттарымыз ұрып тұр деп кеудемсоқтыққа барамыз. Оның ішінде біздің мемлекеттік рәміздеріміз ешкімдікінен сорлы емес деп есеміз.

Қазақ баласының ең қастерлі сөзінің бірі - жарықтық сөзі. Жақынына қаратып айтатын сөзі, жақын тартып айтатын сөзі. Сол сөзін алпыс алты мың мақұлықат ішінде тек жылқы малына қаратып айтқан. Неге? Қай елдің болсын елтаңбасына қарасаңыз айтқызбай ұғынатын бейне кескіндерді көресіз.

Елтаңбасында түйеқұс бейнеленген елдер бар. Ол, әрине, ең алдымен Австралия елі. Елтаңбасында тағы бір түйеқұс бейнеленген елді

білеміз. Түйеқұс болғанда - ему деп аталатын еңкіші. Ол, әрине, Жаңа Зеландия елі! Елтаңбаларында жылқы жарықтық бейнеленген елдер де баршылық. Солардың бірі - Қазақелі, Қазақия...

Неге жылқы? Неге алпыс алты мың мақұлықаттың бірі емес? Болмаса неге төрт түліктің басқасы емес?!

Жылқының тарихы тереңде. Білетін ғалымдар бесінші ғасырға апарып тіреп отыр. Ботай мәдениетінен хабардар адамға мұны айтып керегі жоқ. Айтпай және болмайды. Қазақ баласының пәлсапасы көктен келген пәлсапа. Ол пәлсапа бойынша... Бірге тумақ болса да, бірге өлмек жоқ!

Бірге тумақ бар, әрине. Егіздер, үшемдер, төртемдер...

Бірге өлмек те бар! Ішінәре... Мәселен, жортуылдарда, соғыстарда, апаттарда, болмаса, індеттерде... Бірге туғандардың бірге өлуі мүмкін. Алайда бірге жатуы... Неғайбыл! Бірге тумаса да бірге өлмек бар! Бірге тумаса да көрге бірге еңбек бар! Бұл жер философиясы! Адаммен бірге көрге кірген бірден бір мақұлықат болса ол жылқы жарықтық! Тарихшыларымыз, археологтеріміз бабаларымыздың жылқыны өздерімен бірге көмдіргенін көлденең тартады. Бабаларымыз деп бұл жерде далалықтарды айтып отырмыз, әрине.

Бәлкім, жылқымен бірге... Оған ауызымыз бармай тұр. Бәлкім, солай болуы да мүмкін-ау деп ойлайсың. Көк пәлсапасы бойынша мүмкін. Жер философиясы бойынша күмән. Анығы жылқы жарықтықтың адаммен, адам болғанда далалықпен, далалық болғанда бабаларымызбен бірге көмілгені.

Жылқысыз далалықты елестету мүмкін емес. Оның бар өмірі жылқымен байланысты. Жылқы оның үйі, киімі, тамағы, көлігі, қорғаны, қаруы... Үйі дейтініміз барлық ғұмыры жылқы үстінде өткен бабаларымыз аз болмаған.

Тамағы дейтініміз оның сүтін пайдаланған. Тамағын осы жылқы арқылы айырған. Жылқыменен аң аулаған. Көлігі дейтініміз бір қырдың топырағын екінші қырдың топырағына қосқаны былай тұрсын, қыр баласы дәретке де осы жылқысымен шыққан. Қаруы дейтініміз - шынымен ол алтыншы қаруы болған. Бабаларымыз жылқы тұяғымен жауын тапап өткен. Қорғаны дейтініміз ұлан-ғайыр даламызды осы жылқы жарықтығымен қорғаған...

Осы ұлан-ғайыр даланы мекендеген бабаларымыздың басын қосып тұрған не нәрсе дегенде көпшілік қазақтың дастарқанын атайды. Ол да дұрыс. Алайда... Ат болса керек!

Қазақ баласы қызын алысқа ұзатуға, келінді алыстан алуға мүдделі болған. Онсыз ұрпағын ұсақтап алуы, тіпті түп-тұқиянын құртып алуы әбден мүмкін-тін. Одан сырт болу үшін ұрпақ қанын дүрсін-дүрсін

айырбастап отыру керек еді. Ондай мүмкіндікті тек ат бере алады. Сондықтан да дала баласының қаны таза! Сондықтан да дала баласының рухы асқақ! Сондықтан да ат бабаларымыздан бізге қалған мұра. Сондықтан ат қазақ баласының коды! Сол кодымызды қалай құрметтесек те жарасады. Сол кодымызды қалай дәріптесек те сияды. Олай болса бұл мәселеміз мемлекеттік мәселе болып шығады.

Мына түркімен жұртының қызын алсаң да текежәуміті мен алабайын алып шыға алмайсың. Өйткені олар түркімен баласының ұлттық коды болып есептеледі. Исланд жылқысы жөнінде де осыны айтар едік. Тұрқы кішірек келетін, кеудесі кере қарыс, жалы жер сызатын бұл жылқыны шекарадан алып шығу мүмкін емес. Ал шықты ма - қайтып кіргізілмейді.

Ендеше біздер де ұлттық кодымызға мемлекет тұрғысынан келейік. Ұлттық кодымыз ең алдымен мемлекеттігімізді білдіретін нышандарда өз көрінісін тапсын. Ол нышандарымыз, әрине, мемлекеттік рәміздеріміз. Елтаңбамызда ат жарқын бейнелеген. Жылқы жарықтық қанатты пырақ ретінде көрінісін тапқан. Мұны ұлттық калоритіміз десек те жарасады. Сол калоритіміздің елбайрағымызда да көрінісін табуы маңызды. Құдайға шүкір, ел байрағымызда жылқы жарықтыққа кеңістік жеткілікті. Олай болса ел байрағымызда жылқы жарықтық міндетті түрде қанатты пырақ түрінде бейнеленуі керек. Елұранымыздың сөзі де, сазы да келісіп тұр. Сол елұранымызды тағы да кемелдендіре түсейік. Ұлттық кодымызды түстеп тұрып тағы бір шумақ қосайық!

10.06.2019 ж.

Алтыниы жазба
ҮНДІ ШАЙЫНЫҢ ИІСІ

Ертеректе қазіргідей аста-төк дәрі-дәрмектер бола қоймайтын. Оны үлкендер жағы керексіне де бермейтін. Бас ауырса, бастың сақинасы ұстаса, көзге жел тисе, ешқайда да жүгіріп жатпайтын. Торқалтаға қол салып шайын шығаратын. Оның қандай шай екенін бала екеш балаға дейін білетін. Өйткені оның иісі бұрқырап тұратын.

Бұрындары қағаз шай болған. Сол қағазында суреті жүрер еді. Соның қастерлісі пілдің суреті бар шай болатын. Оны үнді шайы деуші еді. Иісі қандай еді жарықтықтың. Алты қырдың астында тұрып иісін жазбай тануға болатын. Соны үлкендер жағы дәрі ретінде ішуші еді-ау. Қаладан келген баланың ата-анасына алған базарлығының қадірлісі

осы үнді шайы еді дегенге кім сенер?! Ақселеу ағам да сол үнді шайы секілді еді. Қазақылығы барынша бұрқырап тұратын.

* * *

Әкей жамбасы қара жерге тигенше намазын қаза қылған жоқ. Дұға батасын айтқанда міндетті түрде:

- Асанқайғы бабамыздың қайғысынан сақтасын, - деп отыратын.

* * *

Ақадырдан қоңырау шалды. Өмір Кәріп ағамыз. Ақаңның емшектесі. Ол кісі бостекі қоңырау шалмайды.

- Ақаңа барып қайт. Мемлекеттік сыйлыққа ұсынылып жатыр ғой. Ел сөзін жеткіз, - деп телефон құлағын қоя салды.

Бұл 2004-тің қарашасы еді. Жүрегім шым ете қалды. Кещелігімді тұқыртып айтқанда не айтқысы келді екен деп қоям. Ішім бір пәлені сезетін сияқты. Соны ішімнен айтам. Өтпей қалуы мүмкін ғой деп. Ахаңмен хабарластым.

- Бүгін келсең де бейілмін, - деп қояды.

Астана бізге сүйкеніп тұр емес пе, түс әлетінде-ақ жетіп бардым. Ақаң жұмыста екен.

- Аудиторияда отырып шер тарқата алмаспыз, кешкі жетіде үйде бол, - деп ол кісі де телефон құлағын қоя салды.

Таксимен келе жатып, жол апатына ұшырап, үйге түнгі онға қарай барайын.

- Жеті, - деп едім ғой...

Зілсіз айтты. Жөнімді айтып едім, аунап түсті.

- Нағашыңды қарсы ал, Мәди, - деп немересін шақырды.

Ағам төрге бастады. Дастарқан қайысып тұр. Қонақ шақырған екен ғой, кісілері қайда екен деп қоям. Содан дастарқан басында төртеуіміз отырмыз. Ақаң, Орал жеңгей, Мәди және мен.

- Ақселеу айта береді дейсіңдер ғой. Менің де бір өнерімді көріңдер. Мынаның бәрі менің қолымнан шығып отыр. Шай мен қантты базардан алдырдым...

Аузыма сөз түссе, кәне?! Атығайша турас, қарауылша турас деп ет тураудың екі түрін көрсетті. Мен де қалыс қалмай, бас ұстаудың Машай түрін көрсеттім. Бас ұстағандықтан бата бердім. Соңғысын қайтып қайталатты:

- Қорқыттың бебеуінен, Асанқайғының қайғысынан сақтасын, - дедім.

- Бой жазайық, - деп Ақаң өз бөлмесіне бастады.

Толып жатқан бумаларымен таныстырды. Соның екеуін ерекшелеп алдыма қойды. Тарихи тұлғаларымыздың, оның ішінде батырларымыздың, би-шешендеріміздің, болыстарымыздың қайда жерленгендері жөніндегі деректер алдымнан жамырап қоя берсін. Ішінде бірқатар мазарлар мен күмбезді бейіттердің, атбесіктердің, тақыттардың фотосуреттері тізбеленіпті.

- Ел ішінде жүрсің ғой. Жинақтауға атсалысқын, - деді.

Мен сол жерде-ақ біраз тарихи тұлғалардың жербесіктері жөнінде айтып бердім. Кейін фотосуреттерін де жібердім. Әңгіменіздің арнасы біртіндеп күйге қарай аунаған.

- Мына ғажапты қараңыз! XIX ғасыр, қазақтың рухани мәдениеті XIX ғасырдағыдай биікке ешқашан көтеріліп көрген жоқ, әлі де көтеріле алмай келеді, егер қазірде ұлттық бір төл тумамыз туындап жатса, ол сол мұрамыздың екпіні, жалғасы ғана.

XIX ғасыр ол - Абай, Махамбет, шешендер, жыраулар.

XIX ғасыр ол - Ақан, Біржан, Мұхиттар.

XIX ғасыр ол - Құрманғазы, Тәттімбет, Дәулеткерей, Ықылас, Қазанғаптар. Мың жылдық тарихы бар сәулет өнеріміз қайта жаңғырды. Қолөнеріміз Еуропа мұражайларының сәнін кіргізді. Саяси, әскери рухымыз шырқар шегіне жетіп жығылды.

Ол - Исатай-Махамбет көтерілісі, ол - Кенесары көтерілісі. Мұндай азаттық үшін тегеурінді көтеріліс әлем халықтарының тарихында сирек болды. Осының барлығы XIX ғасыр қазақтың алтын ғасыры деуге дес береді. Сол алтын ғасырымыздың рухани алтын діңгегі ол - күй өнері. Мен бұл тақырыпқа кездейсоқ келген жоқпын. Мен күйшілер отанында дүниеге келдім. Мені тудырған топырақ ол - Тәттімбет, Дайрабай, Ықылас, Сайдалы сары Тоқа, Қыздарбек, Бәубек, Сембек, Итаяқ, Абдолла, Әбікен... біздің ауылдың шалдары ең нашары деп менсінбей отыратыны Мағауия. Сол Мағауияңыз ұлы күйші болатын...

Осы жерге келгенде Ахаң әңгімесін кілт үзіп Әшімтайдың мұрасы жөнінде сұрағаны. Әкемнің інісі Қасымжан ағатайым «Қоңырқазды» қоңырлатқанда ішімізден тынып отыратынбыз-ды. Ағатайым айтар еді:

- Мұнда жалғыз қаздың ғана қаңқылы бар, - деп.

Біз сол дыбысты ажырата алмай жатар едік.

- Болса болар, жамыраған қаңқыл шалынбайды. Түптің түбінде, осы қосбасарлардың табиғатын сен ашып беретін шығарсың. Менің күй кабылдауым классикалық канон. Сенікі атымен кері. Атавизмдік канон. Сенің Арқа қосбасарлары жөніндегі пайымың бәрімізді де ойландырады. Сен күйдің табиғатын ашсам деп талпынасың, мен тарихын қаузап келемін. Халқымыздың арғы-бергі ғасырдағы осынау күй өнерін тарих

қойнауынан алып шығып, ел кәдесіне жарату менің маңдайыма жазылған екен. Бұл бір ғана музыкатанушылық кітабы емес. Онда соңғы екі жарым мың жыл ішіндегі Еуразия көшпелілерінің тарихы, этнографиясы, фольклоры қамтылған. Ұмырымның жиырма бес-отыз жылын осыған арнадым. Бірақ, еш өкінбеймін. Сол еңбегім үлкен сыйлыққа ұсынылып жатыр. Алса - нұр үстіне нұр, жазатайым еленбей жатса - оған да өкінбеймін. Өкінбейтінім - осы кітаптың соңғы қазақ қалғанша өлмейтініне сенімдімін. Кітабымның күй өнерін парықтай білетін қазақ баласының колынан түспейтініне сенімдімін. Төрехан шырақ, бұл сенің аузыңнан шығатын сөз еді, соны сен маған айтқыздың-ау...

Ахаңның бұл сөзін мен де ішімнен айтып отырғанмын. Ахаңмен бұл бірінші кездесуім емес. Кездескен сайын өсіп, кемелденіп қайтамын. Ақадырда, айтып отырған Өмір ағамыздың үйінде дастарқандас болғанымыз бар. Ахаңның қажылық сапарына барып келген кезі. Сондағы әңгіметіміз есімнен кетер емес.

- Әлі шекарамыз қайсы деген заман да туады. Сорақылығымыз сол сауалды өзімізге емес басқаларға қоятын боламыз. Біздің шекарамызды басқалар белгілейтін болады. Сенің әкең айтып отырған Асанқайғының қайғысы сол. Асан бабамыз сондай күн туатынын білген. Білгендіктен де желмаясына мініп қазағының жерін түгендеп кеткен. Шекарамызды айқындап берген. Сол Асан бабамыздың сөзін біз айта алар ма екенбіз?!.

Ахаң қандай данышпан еді?! Айтпақ тұрсын буған аузымыздан жаңылмай тұрмыз ғой. Асан бабамыз бен Ахаңды шендестіргеніміз жараса қоймас. Дегенмен мынаны айтуымыз керек болады. Жерімізді Асан баба түгендеп берсе, елімізді Ақселеу аға түгендеп беріп отыр. Түгендегені сол, ол қазағына домбырасын қайырып берді. Ал қазақ деген - домбыра... Менде де бір уайым бар. Қазақсыз Қазақия деген. Ахаңның уайымы ғой.

* * *

Бүгінде өзіміз де намазға жығылғанбыз. Біз де дұға батасын қайыратын болғанбыз. Міндетті түрде: - Асанқайғы бабамыздың қайғысынан сақтасын,- деп отырамыз,- Ақселеу ағамыздың қайғысынан сақтасын,- деп қосып айтамыз.

* * *

Бүгінде қағаз шай жоқ. Пілдің суреті де ізім-қайым жоғалды. Алайда үнді шайы қалды. «ЭКСПО»-ға алғашқылардың бірі болып ұмтылдым. Үнді павильонында болдым. Удай бағасына қарамастан шайдың үш-

төрт келісін алғам. Үйдегілерді қуантайын деп базарлығымды ашайын. Ел лап қойды. Ал мен болсам көзіммен жер шұқылап кеттім. Өйткені шайдың иісі жоқ еді. Жер-көкті алып кететін жұпар иісі... Сол шайымыз әлі бар. Шөл басатын сусын ретінде ішіп жатырмыз. Ақаң да келместер көшіне ілескен. Артында қаншама ізбасарлары қалды. Алайда олардан қазақылық иісі шықпақ тұрсын Ақаңнан тозаң да тұрмапты-ау... Құныкеңнің шақшасы еді деп ұстайтын шақшасы қандай еді-ау...

Оясына насыбай салып атып, түкірінбейтіні де бір тұрпат еді-ау... Домбыранының шегін босатып былпылдататыны қандай-еді-ау...

Біздің ауылдың шалдары былай деп бастаушы еді деп сөз саптайтыны қалай еді-ау...

* * *

Ақселеуді бағалай алмай жатырмыз-ау әлі... Бұйыртқанымыз Жаңаарқадан бір төмпешік қана...

Жетінші жазба
АЛТЫН АДАМ ЕРТЕГІСІ

Ерте, ерте, ертеде, ешкі жүні бөртеде, қырғауылы қызылда, құйрық жүні ұзында көк отты, көгілдір көлді, нілді аспанды, ақбұйрат таулы, ұшқан құстың қанаты талған, шапқан аттың тұяғы күйген, бір шетінен екінші шетіне айлық жолы бар иен Даланы ат үстінен түспейтін элде сақ, әлде қас деген көшпелі жаугер ел мекен етіпті. Әлгі иен Далалардың қасиеттілігі соншама ел топырағын жеп те күн көріпті. Сонан да әлгі жердің әрбір тасын қасық қаны қалғандарынша қорғапты, сол жолда оққа ұшқан ерлерін шейіт деп қастерлепті, олардың есімдерін өлеңжырға қосып ұрпақтан ұрпаққа жеткізіпті. Қасиетке балаған жерлерін туған жер, атамекен, атажұрт, Отан деп құрметтеп, қастерлепті. Отарлатып құйрықты қой-ешкі, табындатып әукелі сиыр, қосындап жаялы жылқы, келелеп өркешті түйе өсіріп, солардың от жаңартуымен қоныс жаңалап отырыпты. Қаламынан шыққан уық шаңырақты айналып шығады ғой, бұлар да солайынша туған жерлерін жылдың төрт мезгілінде айналып шығады екен. Қолға үйреткен төрт түліктері көктеу, жайлау, күздеу, қыстауларын үнемі жаңартып, туған жерлерін толтырыпты, басқа жұрттың отын от деп білмепті, жұрт жаңартқанда адасқандай болса, болмаса қолды болса аруанасы боздап, биесі кісінеп, сиыры мөңіреп, қой-ешкісі маңырап тура тартып, туған жерлерін жазбай таныпты, ол жолда көлі де, шөлі де кедергі бола алмапты, малы ғана емес, елдің

кіндігі де туған жерге байланыпты. Еңбектеген баласынан еңкейген қариясына дейін ақыретке туған жерде өтуді армандапты. Сүйектерінің жат жерде қалмауын баласының баласына, немересінің немересіне аманаттапты.

Осыншама иен жерді қорғау да оңай емес еді.

Құстар қайтқанда, не келгенде үшкілденіп ауаны жарып үшып, мүздаққа да, қар аралас жаңбырға да қарамай қарсы біткен еменнің иір бұтағындай қасқиып жетер жеріне жетеді. Бұл ел де туған жерлеріне осындай әдіспен иелік етуді жөн көріпті, көкте құс үшкілденсе, жерде әлгі ел үшкілденіпті, үлкен үш топқа шоғырланып, үнемі туған жер шебімен көшіп жүріпті, ел шебін шақырылмаған жауларынан солайша қорғапты. Сол елсіз иенді Дала деп атапты, сол далаларын асқаралы тауларға, айна көлдерге, шұрайлы шұратқа, ну орманға айырбастамапты.

Оларды шошақ бөрікті, теңіздің арғы жағындағылар және бие сусынын дайындаушылар деп атапты.

Шошақ бөрікті дейтіндері бастарынан дулығалары түспепті, теңіздің арғы жағындағылар дейтіндері өздері теңізден эрі өтпепті және өзгелерді теңізден бері өткізбепті, ал бие сусынын дайындаушылар дейтіндері элгі ел бие байлап, қымыз ашытып қуаттаныпты.

Үнемі көшіп жүретіндіктен осы үш топ жұрт қоңсы отырған елдерді жаңылыстырыпты, көшпелі алтындай үнемі сусып отырыпты. Көшелі елге айналған жұрт көшпелі алтынды жолбасшылыққа алыпты, от шар кедергі дегенді білмеген, жолындағылардың бәрін жайпап отырған.

Көшпелі алтыны жолбасшы болған елді көршілері көре алмай күндепті, алтынына қызығыпты. Алтындары ағынан болыпты, қызылынан болыпты, сарысынан болыпты, әсіресе соңғысының мол қоры болыпты. Сонан жауларын жаңылыстыру үшін жер атауларын өзгертуге мәжбүр болады. Ақ алтынды Алтынтөбе деген жерін Ақтөбе, қызыл алтынды Алтынқұм деген жерін Қызылқұм, сары алтынды Алтынарқа деген жерін Сарыарқа деп атайды, сөйтіп Даладағы алтынды атауларын әлгіндей әдіспен құпиялайды.

Иен Даланың асты ғана емес, үсті де алтынға кенде емес еді. Ол алтындарын да көздерінің қарашығындай қорғады.

Олары - Алтын адамдары еді.

Шошақ бөріктілер де, теңіздің ар жағындағылар да, бие сусынын дайындайтындар да осыншама жерге иелік жасауға бас болған кемеңгер көсемдерін әлгі ақ, қызыл, сары алтындарын қорғағандай қорғаштады, жаулары қастандық жасамасын деп олардың есімдерін құпиялап ұстады. Жауларынан тыққыштаған алтындарын сол көсемдерінен аямады. Сол құрметтерін көрсетуден көсемдері, бекзадалары, патшайымдары дүниеден өткенде де жаңылмады, тіпті арта түсті.

Олар рухтарымен кейінгі ұрпақтарын қорғайды деп білді. Сондықтан барлық далалықтар - шошақ бөріктілер, теңіздің ар жағындағылар және бие сусынын дайындайтындар олардан аянып қалмады, барлық өнерлерін салып, соңғы сапарға шығарып салды. Кейінгі ұрпақтары жаңылысып қалмасын деп оларға кигізген бастон, аяқтон, сыртаңын түгелдей алтынмен қалбырлады, тіпті құйма алтынмен көмкерді.

Дүниенің төрт бұрышына балап төрт ұстын көтеріп, сөре жасап қастерлеген мәйіттерін күн көзінен қуаттансын деп жыл бойы шығарып қойды. Аптасында аузы-мұрыны, көзі-құлағы кетті, қырқында іш құрылысы ақты, ал жылында мәйіттер барша еттерінен ажырады, күн көзінен қуаттанып алтын сүйекті Алтын адамға айналды. Әлгі күн көзінен қуаттанып алтынға айналған мәйіттерін Даланың ақ, қызыл, сары алтындарымен аптады. Олардың тұтынған бес қаруын күміспен күптеп, өздерімен қоса көмді.

Оларды ай қараңғылығында қара жер қойнауына берді. Бөтен біреулер сүйегін қорламасын деп жанынан мыңдаған мұртшалар салды, обалар түрғызды. Бастарына қиын-қыстау күндер туғанда жасырын жолдар арқылы жер астындағы кемеңгерлеріне - Алтын адамға барып тәу етіп, қуаттанып қайтып отырды, кездескен қиыншылықтардың барлығын солайша жеңді.

Сол Алтын адамдар кейінгі ұрпақтарын шынымен алқады.

Ит жылында Шошақ бөріктілер елінен алтын киімді жауынгердің мүрдесі табылды. Алтын адам киімі төрт мыңға жуық барыс, бұлан, таутеке, арқар, ат, түрлі құс бейнелерін беретін хайуанат нақышындағы алтын әшекейлермен безендірілген. Міне, қызық, олардың бастоны кейінгі ұрпақтарының киім үлгілеріне ұқсас, биік, шошақ төбелі, сыртаңының көкірек тұсы, жеңі алтын тоғалармен өрнектеліп, аяқтонының балағы да алтын тоғалармен әшекейленген. Бұл адамның біздің заманымыздан бұрынғы бесінші-төртінші ғасырларда өмір сүргені анықталды. Ғұламалар оны он сегіз жасар бекзада деп тапты.

Қоян жылында Теңіздің ар жағындағы елден де Алтын адам табылды. Бұл да көсем және зайыбымен жерленген. Көсемінің барлық киімі алтын қапсырмалар мен түрлі пішіндегі текшелермен оюлап безендірілген. Олардың біздің заманымыздан бұрынғы үшінші-екінші ғасырларда өмір сүргені анықталды.

Сол жылы әлгі елдің шығысынан үшінші Алтын адамның мүрдесі табылды, біздің заманымызға дейінгі төртінші-үшінші ғасырларда өмір сүрген көсемі екен, бұған дейінгі табылғандардан ерекшелігі әшекейлерінің құйма алтыннан жасалғандығы, бұрынғылары қаңылтыр алтын болатын, ұзын саны төрт жарым мыңнан асады.

Төртінші Алтын адамның мүрдесі Бие сусынын дайындайтын елден барыс жылы табылды. Олардың біздің заманымыздан бұрынғы жетінші-бесінші ғасырларда өмір сүргені анықталды. Екі мыңнан астам алтын моншақ табылған. Көз майын тауысқан ғұламалар ол жерді патшалар даласы деп атап отыр, отыздар шамасындағы дала патшайымы екен.

Жылан жылында Шошақ бөріктілер жерінен бесінші Алтын адам табылды. Ғұламалар оны отыз жеті жаста деп отыр.

Алтын адам әлгі үштік үшкілді ұстын еткен елдің азаттық, еркіндік рәмізіне айналды. Оның тұлғасы Бас шаһарының бас алаңына орнатылды, төбе бөркіндегі қанатты тұлпарлар бейнесі әлгі елдің Елтаңбасына енді.

Шошақ бөріктілер, Теңіздің ар жағындағы және Бие сусынын дайындайтындар елі кемеңгер көсемдерінің күн көзінен қуаттанып Алтын адамға айналған мүрделерін ақ, қызыл, сары алтынмен қайта аптап, ең биік тас тұғырға орнатты. Сырт қараған адам оның алтынының реңкінің өзгеріп тұрғанын байқар еді.

Алтын адам бірде ақ болып көрінеді.

Алтын адам бірде қызыл болып көрінеді.

Алтын адам бірде сары болып көрінеді...

Өйткені Алтын адам ақ алтынның, сары алтынның, қызыл алтынның қоспасынан құйылған.

Сол Алтын адам өз орынын тапқаннан бері ұрпақтары ерекше бір қуатқа ие болды.

Иен Далаға бабалар рухы оралды,.

Иен Далаға Алтын адам рухы оралды.

Алтын адам ұрпақтары қысқа уақыт ішінде жер-жаһандағы елдердің алдыңғы қатарлы елу елінің қатарына енді.

Сол Алтын адам Қазақ елінің арғы бабалары болады.

Алдағы уақытта қалған Алтын адамдарының да өздерінің биік тұғырын табатыны сөзсіз. Ұрпақтары одан әрмен қуат алып, еселенген жігермен елін көркейтетін болады. Бәлкім, ең озық отыз елдің қатарына сонда енетін шығар.

Бес Алтын адамы өз тұғырына қонса Қазақ елінің алдына шығар ел табыла қояр ма екен?!

Сонда...

Алдындағы отыз елдің артынан ермейтін болады...

Сонда...

Алдындағы отыз елді соңынан ертетін болады...

07.04.2013 ж.

Сегізінші жазба
МӘҢГІ ЕЛДЕР

Ерте, ерте, ертеде, ешкі жүні бөртеде, қырғауылы қызылда, құйрық жүні ұзында су патшасы Сүлеймен Адам Ата мен Һауа ананың ұрпағы өсіп - өнсін деп төрткүл дүниені суға толтырып, ернеуіне дейін кілкітіп қойыпты. Жай ғана кілкітіп қоймай, жер бетіндегі адамдар бірінің асына бірі қарауыл болмасын деп әлгі қара суынан қара теңізіне дейін балықтың бекіре, жайын, алабұға, ақмарқа, қаяз, албырт, тұқы, майшабақ сынды мың сан түрін жүздіріпті. Олардың еттері балдан да тәтті болыпты. Ауызға салсаң еріп жүре береді екен.

Су жағалаған елдің күнкөрісі осылайша суға байланыпты. Ел су бетінде сал жүзгізіпті, сол салда өмір сүріпті, бала өсіріп, көбейіпті.

Бір ғана балық етінен жүректері сазып, суға күріш, бидай, тары, жүгері, арпа бөрттіруді үйреніпті, сөйтіп ен байлықтан мамыражай тіршілік кешіпті. Әлгі өсіргендерін өздері ғана азық қылмай, барша мақұлықаттармен бөлісіпті. Осыған дейінгі елдер мен елдер, ұлыстар мен ұлыстар арасындағы ұлтарақтай жер үшін соғыстары сап тыйылыпты.

Алайда су патшасы Сүлеймен мұнан былай су үшін соғыс болып жүрмей ме деп үнемі іштей қауіп қылады екен. Сондықтан барша жайды өз көзімен көру үшін судан жиі-жиі шығып тұрыпты.

Өз жақсылығының өтеуін білу үшін патша тағы бірде жолға шығады. Қайда барса да тоқшылық дейді. Қайда барса да мамыражай тірлік дейді. Ел қара жерді тастап, суға кетіпті. Несібелерін қара судан айырыпты. Балықты байлық деп біліпті. Балдырды қорек етіпті. Дәнді дақыл өсіруді игеріпті, оны өздері азық қылып қана қоймай, асырап отырған малдарына жем ретінде береді екен. Мақұлықаттарға қарап дәрмектік өсімдіктердің шипалық қасиетін таныпты. Денелеріне жара түссе жапырақ жауып, құлан таза айығып кетеді екен. Дәрілік шөптерден тұнба алуды үйреніпті. Онысы өздеріне де, басқа да мақұлықаттарға шипалы болып шығыпты. Әлгі дәрулік шөптерді жазда кептіріп, қыста да пайдаланады екен.

Қайтар жолда бір елдің үстінен өтіпті. Ол елде де айна көлдер жеткілікті көрінеді. Қара суы да аз емес екен.

Салқар айдындағы балықтың көптігі соншама, жағаға шығып қалыпты. Қайраңдап қалған олардың иісі шыға бастаған екен. Өлексе талғамайтын құзғын да жемепті. Жар басынан қарқылдап коймайтын қарға да әлгі жерге жоламай қойыпты.

Мұншама ысырапты көріп патшаның іші удай ашыпты.

Сонда бұл ел несібесін неден айырып отыр деп таң қалыпты.

Барса ел тағы, жабайы аңдарды қолға ұстауды игеріпті. Оның ішінде жылқы, түйе, қой-ешкі, сиырды жатып-өргізіпті, отарлатып қой-ешкі, табындатып сиыр, келелеп түйе, үйірлеп жылқы айдатыпты. Еті мен сүтін азық қылып, терісін киім қып киіпті. Шұбат алып, қымыз ашытып, айран ұйытып, шалап дайындапты. Ұсақ малдың сүтінен құрт, ірімшік айырыпты. Қаймақ қалқып, май бүлғапты.

Төрт түлігіне ит қарауыл болыпты. Жыртқыштардан қорғапты. Иттері қасқырдың өзіне бергісіз екен. Астығын кеміргіш жәндіктерден қорғау үшін мысық асырап, үй жануарына айналдырыпты. Әлгі иті мен мысығы иелері не ішіп, не жесе соны қорек қылыпты.

Ішкен асын һарам, адал деп бөледі екен. Шөп жейтіндері адал да, жыртқыштары һарам дейді. Аңға шығып, құс салуды үйреніпті. Құс етін де қақтап, азық қылған жайлары бар екен.

Патша әрі ойланып, бері ойланып бұл елге керек емес балықты қажетсінген басқа елдерге аударыпты.

Арада талай жылдар өтіп патша тағы да жолға шығады. Баяғы балықты қорек етпейтін елге келеді. Келсе әлгі елдің мұрты майлы дейді. Баяғыша әлгі төрт түлігінің сүмесін еміп отыр дейді. Патша әрі ойланып, бері ойланып ащы суды қалдырып, тұщы суды басқа елдерге аударыпты.

Содан Сүлеймен патша ойға қалады. Жұрттың бәрі бұлайша судың қадірін білмесе жер бетінен Адам Ата ұрпағы құрып кетер деп қауіп қылыпты. Сонан судың қадіріне жеткен үш-төрт елді мәңгі ел етпекке ұйғарады. Олардың әрқайсысына қос өзен байласам жеткілікті деп шешіпті.

Сонан бір елге келсе суды қадірлегендері соншама бағасын алтыннан да қымбат етіп қойыпты. Патша әлгі елге разы болып, қос өзен - Ефрат пен Тигрді ағызыпты.

Арада тағы біраз жылдар өтеді. Патша тағы да жолға шығады. Баяғы балықты қорек етпейтін елге келеді.

Су жағалаған елді тағы көре алмайды. Жер жүзінің адамзат баласы суға көшіп алғанда бұл елдің баласы иен даласынан қозғалмапты. Таңдайын немен жібітеді десе ащы суға тас салып тұщытады екен. Бұл елге су керек емес екен деп патша біраз теңіздер мен көлдерді, өзендер мен бұлақтарды басқа елдерге аударыпты.

Жолай тағы бір елдің суға деген құрметін көреді. Әлгі ел тірлігінің суға байланғаны соншама тіпті мәйіттерінің өзін суға ағызады екен. Бір-біріне жасаған сыйлықтың ең кәделісі бір құмыра таза су екен. Патша бұл елге де разы болып, тағы қос өзен - Инд пен Гангті ағызыпты.

Арада тағы біраз жыл өтеді. Патша тағы да жолға жиналады. Баяғы балық жемейтін, су ішпейтін елге келеді. Келсе ел өз орынында дейді. Суы азайып, қара жері көбейген әлгі ел ас та төк өмір сүріп жатыр дейді.

Әлгі елді енді патша ащы судан да қысыпты. Мұхиттар іргесін аулақ салып, ойдым-ойдым теңіздер мен көлдер қалыпты.

Араға тағы біраз жылдар түседі. Патша тағы жолға шығады. Баяғы балықты қорек етпейтін елге келіпті. Келсе құрып кетпек тұрсын бір-біріне жер жетпей қырық пышақ болып жатыр дейді. Бұл ел таңдайын немен жібітеді десе таңғы шықты жерге түсірмейді екен.

Су патшасы Сүлеймен бұл ел судың қадірін білмейді екен деп қатты ашуланыпты. Ашуланғаны соншама, барлық су көздерінің арнасын басқа елдерге аударыпты.

Жолай тағы бір елге соғады. Әлгі елдің суға деген құрметі әлемет дейді. Өздерінде су жетпей жатқандай басқа өзен-бұлақтардың арнасын өздеріне аударып жатыпты. Патша разы болып бұл елге де қос өзен-Янцзы мен Хуанхэні ағызыпты.

Араға тағы да жылдар түседі. Патша тағы жолға шығады. Қайда барса да мамыражай тіршілік дейді. Адам Атаның ұрпағы өсіпті. Суға кеме жүздіріпті. Балықты жеп қана қоймай өсіре білуді үйреніпті дейді.

Патшаның есіне баяғы балықты қорек етпейтін, суды татып көрмейтін ел түседі. Келсе ел орынында дейді. Өздері өсіп қана қоймай әлгі төрт түлігі де мыңғырып өсіпті дейді.

Бұл елдің де суға деген ерекше құрметін таниды. Бұлақ көрсе көзін ашады екен. Өздері ішпесе де басқалар ішсін деп қырық құлаш жерден су шығарады екен. Онысы рәсуа болмасын деп шегендеп қояды екен.

Сүлеймен патша су бұл елге керек болмағанымен малына керек екен. Оларға теңіздер мен көлдер де жеткілікті деп мұхиттарды қайтармапты.

Патшаның осы сапарынан кейін әлгі елге бес - алты теңіз, он шақты көл оралыпты.

Арада тағы жылдар түседі. Сүлеймен патша тағы да жолға шығады. Баяғы әуезе көрген еліне келеді. Келсе ел орынында дейді. Елі аузын немен жібітіп отыр десе қойдың құйрығын, түйенің өркешін сорады екен.

Елдің суға деген құрметінің өскені соншалық алған қарыздарын сумен өтейді екен.

Мұны көріп Сүлеймен патша дән разыланыпты. Бұл елді де мәңгі елдер қатарына қосыпты. Мәңгі елдер алдына шығарыпты. Өйткені қатарынан үш қос өзен ағызыпты.

Ең алдымен қос өзен - Сыр мен Әмуді ағызыпты.

Одан кейін қос өзен - Еділ мен Жайықты ағызыпты.

Ең соңында қос өзен - Есіл мен Ертісті ағызыпты.

Сол елдің тұрғындары біздің арғы бабаларымыз екен.

23.02.2013 ж.

Тоғызыншы жазба

МӘҢГІ ЕЛ АҢСАРЫ

Ағымдық жылғы мамыр айында Шығыс Қазақстан облысының Үржар ауданында сақ ханшайымының мүрдесі табылды. Қытай асар күре жол -Таскесекен-Бақты бойында орналасқан Лайбұлақ және Жаңатілек ауылдарының ортасындағы мүрдеден табылған әйел мәйітінін алтынмен апталған сәукелесі мен алтын өрнекті киімі, сүйегі жақсы сақталыпты.

Ғалымдар оны Үржар ханшайымы деп отыр.

Бұл осымен табылып отырған алтыншы алтын адам. Алғашқысы Есік қорғанынан ит жылы, екіншісі Атырау облысының Аралтөбе қорғанынан қоян жылы, сол жылы үшіншісі Шығыс Қазақстанның Зайсанынан, төртіншісі барыс жылы Орталық Қазақстанның Қарқаралы ауданының Талды ауылынан, бесіншісі жылан жылында Тараздың Жетітөбе қорғанынан табылған еді. Зерттеу жұмыстарын жүргізген археологтарымыздың барлығы бір ауыздан аталмыш жәдігерлерді сақ дәуіріне жатқызып отыр. Рас, асығыстық танытып қола дәуіріне, Үйсін, Қаңлы дәуіріне жатқызғанымызды несіне жасырайық. Оның үстіне беделді қалам қайраткерлерінің төтеннен қосылып, өздерінің ата-бабаларына қарай бұрмалауға тырысқандарын да жасыруға болмас. Қазіргі уақыт қит етсең дәлел сұрайтын уақыт. Сақ дәуірінің алтын ескерткіштерінің бір емес, бірдей алтауының Қазақ жерінің барлық аймақтарынан табылуы әркімді ойландырса керек.

Қазақ халқының тарихын пирамида десек оның ұшарында қазіргі қазақ ұлты, қазақ халқы тұр. Осы жерде ұстынында, табанында кімдер тұр деген сауал туады. Пирамиданың беріктігі табаны мен ұшарына байланысты десек, ең алдымен ұшары мен табанын анықтап алуымыз керек. Ұшарын айттық. Табаны кім болмақ?

Қазақ тарихын ғұннан, түркіден бастап жүргендер баршылық. Үйсін, Қаңлы дәуірін де көлденең тартушылар бар.

Аса бір сақтықпен сақтан таратушылар да бар. Кейінгі кезде осынау тұжырымға елдің бәрі құлай бастады. 1969 жылы Есіктен табылған сақ патшасы - Алтын адам бүгінде Қазақ елінің брендіне айналды. Алматыдағы тәуелсіздік ескерткішіміздің ұшар басында осы Алтын адам тұр!

Алтын адам Қазақ елінің тәуелсіздігінің рәмізі ретінде ұғынылады, түсініледі. Әзірге талас жоқ. Дау-дамай жоқ. Өйткені бүгінге дейін Еуразия құрылығының бір жерінен де Алтын адам табылмай отыр. Әйтпесе барлығының да арғы атасын сақтан таратқысы бар. Ондай ұлт-ұлыстарды алыстан іздеп керегі жоқ. Алтын адамдардың Қазақ даласынан бірінен кейін бірінің табылуы оларды еріксіз тұқыртып отыр.

Қазақ тарихын жазып берген орыс көршіміз әзірге бізді баққаннан әріге аспай отыр. Оған себеп қазақ тарихшыларының бұрынғыша ел тарихын он алтыншы ғасырға байлап қойғаны. Ерте ме, кеш пе оның көкжиегінің сан ғасырды көктей өтіп, сақ дәуіріне ұласатынын олар білмей отырған жоқ. Біз қазақ тарихын қайта жазған күні олар да бір бүйірден қосылатын болады. Өйткені қазақ тарихының қайтып жазылуы әлемдік дүниетанымды өзгертетін болады. Демек сақтар Қазақ жерін жайлаған. Қазақ баласы өз тарихын осы Сақ дәуірінен бастауы керек! Қалғанын таратып аламыз.

Қазақ тарихының білгірі Манаш Қозыбаев Қазақ баласының тарихын:

адам баласы қазақ сахарасында пайда болып, өмір сүрген белес;

Сақ, Үйсін, Қаңлы, Ғұндар заманасы;

Түрік тектес тайпалар дәуірі;

Қыпшақ белесі;

моңғол дәуірі;

Қазақ хандықтары; ұлттың қалыптасу кезеңі;

Отаршылдық заманы; қазақ халқы Кеңес империясының уысында;

егеменді кезең деп жіліктейді.

Сөз жоқ, Қазақ баласының тарихын былайша жіктеумен келіспеушілер де баршылық. Жалпы, бұл жерде де бірізділік жоқ. Әсіресе, моңғол дәуірімен келіспеушілер қарасы қоюлау. Оған да түсіністікпен қарау керек болады. Моңғол деген ел, халық, ұлт жоқ. Бірақ Моңғол мемлекеті болды ғой. Және ол басқа емес Қазақ жерінде болды. Сол мемлекеттің қолын бүгінде Қазақ елінің құрамында отырған Найман, Керей, Қоңырат, Меркіт, Жалайыр тайпалары құрады емес пе? Біздің де бүгінгі бағытымыз Мәңгі ел болу! Мәңгі ел болу аңсары кешегі Шыңғыс ханнан басталған. Содан да барып ол ұйыстырған жаңа ел Мәңгі ел - Моңғол атанды емес пе?!

Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың қазақтың мәңгілігі - мәңгі елдігі жөніндегі концепциясы тақыр жерде туа салған жоқ. Оның артында үлкен астар жатыр. Қазақ бүгін, ертең Мәңгі ел болайын деп жатқан жоқ.

Қазақ кеше де Мәңгі ел болған!

Бүгін де - Мәңгі ел!

Ертең де - Мәңгі ел!

Қазақ кешегі Сақ дәуірінде де болған. Абай айтты екен деп бірінші сыныптың оқушысының айтар сөзді айту бүгінде жарамайды. Қазақ Ақ қаздан тарады деп.

Ендеше Қазақ халқы тарихының қай кезеңін зерттемейік бір бүйірімізде қазақ халқының мемлекеттілігі тұруы керек.

М.Қозыбаевқа дейін де қазақ мемлекеттілігінің көнелігі жөнінде пікір айтушылар болған. Сонау Алтын адам табылмай тұрған заманның өзінде тағы бір корифейіміз Мұсатай Ақынжанов «Қазақтың тегі туралы» зерттеуін 1967 жылы жариялата алды. Мұндай кітаптың даудамайлы болатыны түсінікті болса керек. Орыс емес, ең алдымен қазақстандық тарихшылардың өздері ғалым концепциясына қарсы болған. Сонда М. Ақынжанов не дейді?!

Қазақ халқының арғы тегі ерте заманда, біздің заманымыздан бұрынғы VIII—IV ғасырларда, Орта Азияны мекендеген ежелгі сақ тайпаларынан шыққан, ал қазақ деген сөз қас (нағыз) пен сақ (тайпа аты) деген екі сөзден (нағыз сақ) тұрады. Қазақтар түрік, моңғол тектес халықтың екі бұтағынан (ғұн мен сақ) құрылған ежелгі халық...

М.Ақынжанов - М.Қозыбаев - Н.Назарбаев концепциясы бойынша қазақ халқы қай уақытта да өз алдына мемлекет болып келген. Сақтан бастау алатын Қазақ мемлекеті бүгінде архетипін сақтап отыр. Батыс-шыл тарихшылар айтып жүргендей Сақ мемлекеті жер бетінен құрып кеткен жоқ. Ол Қас сақ, Қазақ болып қалды. Сақ жерінде бүгінде қас сақтар, нағыз сақтар - қазақтар отыр. Әрине, М.Ақынжанов өзінің концепциясын дәлелдей алмады. Дұрысы мүмкіндік бермеді. Алайда кейінгі жылдары шығып жатқан зерттеулер ғалым тұжырымдамасын бекіте түсуде. «Қазақтың көне тарихы» ҚХР-да басылды (1987). Бұл кітап «Жалын» баспасынан 1993 жылы аударылып шықты. Онда қазақ туралы деректердің Ежелгі Қытай жылнамасында кездесетіні айтылады. Және осы еңбекте қазақты ежелгі парсы, грек тарихында да ұшырасады деп жазады.

Соның бір парасы мынадай.

Араб саяхатшысы және жазушысы Мұхаммед әл-Ауфи 1228 жылы «Таңдаулы әңгімелер мен аңыздар жинағы» деген кітабында Алтайды мекендеген елдердің тоғыз ұлысқа бөлінетінін, бұлардың ішінде үш тайпа шығыл, үш ұлыс қазақ барлығын жазыпты. 982 жылы парсы тілінде жазылған «Худуд эл-Ғалам» (Әлем шекаралары) кітабында «Алан елінде қазақ деген ұлыс бар» деп жазыпты. Византия императоры Константин Порфирордни (905-959) өз жазбаларында Кубаннан шығысқа қарай мекендеген елді «Қазақия» деп атаған. Мұндай мысалдарды кітаптардан көптеп келтіруге болады. Орыстың иек артқан жәдігері «Өткен жылдар баянында» да қасақ елі аз айтылмайды. Олардың баянында қасақтар жеңіліп жатады, салық төлеп тұрады. «Өлдің Мамай, қор болдыңды» осы орыстар жазған. Әйтпесе оның дұрысы «Жеңдің Мамай, ер болдың» емес пе еді?!

Әріге сілтесек қазақ халқы ерте заманнан еліміздің шығыс және түскей өңірлерін, Алтай, Тянынань таулары, Жоңғар ойпаты, Жетісу мен

Сырдария алабы, Дешті Қыпшақ даласын жайлаған. Өйткені сақ, үйсін, қаңлы, қимақ, қыпшақ, дулат, түркеш, қарлық, оғыз, найман, керей, арғын, қоңырат тайпалары осы өңірлерде түрды. Ұлт ұйыстырушы ретінде арғын кеңінен тараған. Алайда Арғын дегенде қазақ ұлты ұғынылады. Міне, қызық, Өзбек елінде отырған қоңыраттар ешқашанда өздерін өзбекпіз деген емес. Керісінше Башқұрт ішіндегі арғындар өздерін естекпіз дейді.

Бүгін заман басқа. Ұмыры қашанда шолақ болып шығатын тарихты қолдан жасап керегі жоқ. Біздің өз тарихымыз өзімізге жетеді.

Біздің тарихымыз сақтан басталып нағыз сақпен аяқталатын тарих. Бұл мәңгі елдер тарихы. Өйткені қас сақтардың тарихы сақтардан басталады.

Бізге қалғаны сақтардың қас саққа қалай айналғанын жылнамалау ғана.

13.07.2013 ж.

Бірінші жазба

ОТЫРҒАН БҰТАМЫЗДЫ БҰТАРЛАМАЙЫҚ

Бүгінде бұражазушылық бар. Бүгінде өзі үшін жазған дүниесін көпшілікке ұсынушылық белең алып тұр. Бүгінде өзімдікі дұрыс деген өлермендік озғындап тұр. Соның түп қазығын қотарып көрсең, білместігіміз алдымыздан жамырап қоя береді. Басы қылтиып тұрған надандығымызды көреміз.

Жақында қолыма түскен белгілі сөз зергері Аманжол Ақынның «Сыпайы сырын білдірмес...» деген тамаша кітабын бір демде оқып шықтым. Қазақ сөзін бір қазақтан кем білмейтінін көріп тағы бір тәнті болдым.

«Әркімнің несібесі бір Алладан» деген мақаласында «Бір қой егіз тапса бір түп жусан артық өседі» деп жазыпты. Ал «Көршілер» мақаласында әлгі жазбасын «Бір қой егіз туса бір түп жусан артық өседі» деп түрлендіріпті.

Қош, мұны неге жазып отырмын? Оны да айтайын. Мен де осындай тақырыппен мақала жазғанмын.

Мұның дұрысы «Тоқты егіз туса, шөп басы айыр шығады». Қазақы ділімізге салсақ ең алдымен тоқты егіз таппақ тұрсын қоздауға да құқысы жоқ.

Оның да өзіндік себебі бар. Ұрғашы қозының алты айдан кейін тоқты аталатыны белгілі. Бұл биологиялық өліара. Оны қазақтар жұрын деген. Оған үшыраған тоқтылардың қозы таппақ түрсын торалуының өзі қиямет болған. Сондықтан да бабаларымыз тоқтыларын қашсын, қашпасын дилы ұстауға тырысқан. Ал күйлі, дилы тоқтылар жалқы таппақ тұрсын, егіз де таба береді.

Осы тоқты сөзіне орай айтылар бір тоқтамды да айта кетелік. Тіліміз-де «еркек тоқты - құрмалдық» деген сөз бар. Бүгінде мақал деп жүрміз. Мақал болған соң ол қисыны кемел, еш дәлелді қажет етпейтін тұжырым болу керек. Мақал қылмай жүрген өзіміз.

Әуелі құрмалдық сөзін құрбандық сөзімен шатастырмайық. Құрбандық Құрбан айтында шалынатын төрт түлік түрі. Ол жылында бір рет

қана шалынады. Ал құрмалдықтың ай сайын, жұма сайын, күн сайын шалынуы мүмкін. Құрмалдыққа тек қана қой түлігі шалынады. Оның ішінде еркегі. Құрмалдыққа қойдың таңдалатыны ол көктен түскен, пейіштен жаралған. Оның тоқтысының таңдалатыны көктен түскен қойымыз - тоқты болатын. Тоқты қой түлігінің ең тазасы. Ұрғашысы да, еркегі де. Ұрғашы тоқтының қашуы мүмкін. Ал еркек тоқты келер жылында ғана күйекке түседі.

Ал құрмалдық сөзінің мағынасын есті қазақ білсе керек. Құрмалдық ең әуелі Алланың ризалығы үшін, сонсоң ғана барып аруақтарға ниеттеліп шалынады. Кейде әлгіндей құрмалдықтарды садақа деп те жатады. Оның да жөні бар. Егер мал иесі атап айтса, ол садақа болғаны. Садақаға төрт түлік малының бәрі бірдей жарай береді. Құрмалдық иесі шалған малынан өзіне тиісті үлесін ала алады. Ал садақада бәрі елге таратылады.

Осыған байланысты ел ішінде жүрген мына жаңсақ түсінікті де айталық. Ел іші болған соң мал жоғалып жатады. Кейін табылмай кетуі мүмкін. Сондайда мал иесі бәріне қолды бірақ сілтеп садақа деп жатады. Жоқ, жоғалған мал садақа бола алмайды. Садақа болу үшін малды атау керек болады.

Тілімізде бөрітон/ды деген сөз бар. Осы сөзді алғаусыз қолданатынымыз байқалады. Көбінесе қасқыр ішік деп түсінеміз. Сол мағынада қолданамыз. Шын мәнінде бөрітон деген сөз бөрі киім деген сөз. Тон деген киім деген сөз. Мысалы, бастон - баскиім, ыштан (іштон) - іш киім, сыртан (сырттон) - сырт киім... Ал ішігіміз осы тонның ішіне кіреді.

Бабаларымыз басқа жұрт сияқты жазды күтіп отырмаған. Соғысу керек пе - қақаған қыста да соғыса берген. Ол үшін, әрине, жылы киім керек. Ол жылы киіміміздің атауы - бөрітон. Тонның бәрі қасқыр терісінен тігілген. Қыл ақыры ұлтарақ та қасқыр терісінен сырылған.

Атауында тұрғандай бөрітон киелі ұғым. Бадырайтып қасқыр ішік демейміз. Соған орай бөрітоңдының өз алдында жауапкершілігі бар. Қай жағдайда, қандай жағдайда болсын бөрітоңды серігін айдалада (жау қолында, қарлы боранда) тастап кетсе оның айбанасына толық құн төлеген.

Осы сакралдықтан шығады. Бабаларымыздың пайымынша қасқырды ит ала алмайды. Ол пайымдарын «Боркөз (бөрікөз) көрсе бөрі айналады» деген мәтелде қалдырған. Шынында да солай. Жай ит қасқырды ала алмайды. Алатыны осы - бөрікөздері. Бұл не қылған көз?

Әдетте қасқырдың күшігі соқыр болып туады. Көзін ашқанда оның қызыл реңкілігі байқалады. Итте де ондай жағдай болады. Итақайды жал қарықтырса, әрине. Алайда иттің сегіз табатыны белгілі. Әлгіндей

жағдайдың өзінде күшіктердің бірінің де бөркөз болмауы мүмкін. Болса ондай күшікті бөрікөз деп ерекше күтімге алған. Екі қар басқаннан кейін қасқырға салған. Қазақтың қастерлейтін бөрікөзі осы.

Ал, боркөз көрсе бөрінің айналатыны қалай. Ит тұқымы сынды боркөз де қасқырды тіке ала алмайды. Айналдырып жүріп алады. Мәселен, қасқыр итті тарпа бас салады. Боркөз олай істей алмайды.

Осы қасқырға байланысты тағы бір тонымызды тарқата кетелік. Орыс ағайында куртка деген сөз бар... Бүгінде куртка сөзіне құлағымыздың қанғандығы соншалық, солай айтып, солай жазып жүрміз. Орыс тілінен кірген сөз деп пайымдаймыз. Дегенмен күртеше сөзін естіп қалғанымызда ойланып қалатын жайымыз бар. Онымыз бекершілік емес. Ертеде әртүрлі себептермен (сүт қату, суық тигізу, шемендену) жас әйелдердің омырауынан сүт шықпай қалушылық болған. Соны емшілеріміз қазақы ем-домдарын қолданып жаза білген. Ол үшін қасқыр терісін пайдаланған. Оның өзінде құртқасының. Құртқаның не екенін білеміз.

Қасқыр қаншығының бәрі бірдей күшіктемейді. Күшіктейтіні құртқасы. Сол құртқа терісінен омырауды жауып тұратын тон пішкен. Ол тон құртқа аталған. Олай болса қазіргі қолданып жүрген куртка сөзі өзіміздің төл сөзіміз болып шығады. Құртқа деген...

Осы сөзіміз кейін орыс ағайынға куртка болып ауысқан, сонан өзімізге оралған. Куртка болып...

Осы жерде бүгінгі тірлігімізге де араласа кеткеніміз жөн сынды. Оның ішінде саудаға. Киім-кешек саудасына.

Қазіргі күнде ондай дүкен көп. Жарнамасы анадайдан айқайлап тұрады. Бір дүңгіршіктің шекесіне «Аяқ киімді жөндейміз» деп әлеміштеп қойыпты. Ал «Аяқ киімі» дүкені» деген жазулы дүкендер аяқтыға жол берсе кәні?! Осы «аяқ киім» деген сөзді аяқтон деп неге барынша жатық, барынша қазақы қылып жазбаймыз?! Бас киім дегеннің орнына бастон деп жазсақ кім кедергі? Ішкиімнің орнына дайын тұрған ыштанды неге қолданбаймыз? Куртқамызды құртқа деп жазсақ барынша жатық болып шықпай ма?! Сол сияқты шароварды шалбар деп, брюкиді бүрік деп, трусиді дамбал деп, шортыны қамбал деп жазып қоймай, айтуды да қалыптастырсақ озғындағанымыздың бір сипаты емес пе?!

Осы жерде киім-кешек қос сөзіне назар аудара кетелік. Осының соңғы сыңары қандай мағынаны береді?

Тілімізде кәшек сөзі бар. Шөптің қалдығы мағынасын береді. Анығы шөп емес. Кешек те сондай мағынадағы сөз. Киім емес. Киім тігетін, киімдік мата. Кешек те киім емес. Көйлек-көншек сөзінде де осындай мән жатыр. Көншектен ешқандай да көйлек шықпайды. Ал жеңсіз, жа-

ғасыз көйлек тігуге болады. Көншегіміз осы. Көншегіміз қазіргі майка деп жүрген, футболка деп жүрген киімімізге келеді.

Басқа жастанатын жастықты елдің бәрі біледі. Ой жүгірте бермегендіктен оның не сөз екендігін біле бермейміз. Ұйқының қанық болуы осы жастыққа байланысты. Оны негізінен жас адамдар пайдаланған. Сондықтан да оны жас тоқ, жастық деп атаған. Ал егде адамдар жастықтың орнына бастықты пайдаланған. Өйткені бастық мойын астына салатын төсеніш. Мұндай жағдайда мойын омыртқалары дем алады. Бастық жастанған ертеңінде құрдай болып тұрған. Сарбаздар да осы бастықты жастанған. Оны алып жүру онша қиындық тудырмаған. Бастық ішін жусанмен, болмаса өлеңшөппен толтырған. Бүгінде барша жапон халқы осы бастықты пайдаланады. Және оларын өркениет жетістігі деп дәріптейді.

Ал біздің оны бабаларымыздың көзіндей тұтынғанымыздың орнына күресінге шығарып тастайтынымыз қалай?! Үйіміздің төрінде тұрмаса да мұражайымыздың төрінде тұратын жәдігер ғой.

Жә, жетер. Осы жерден тізгін тарталық. Қазақы жазайық, қазақы сөйлейік дегенімізбен бірден бәрі орнына келе қоймас. Дегенменен қолымызда бардың өзін ұқсата алмай отырған жайымыз бар екенін де ұмытпайық. Оған жоғарыда келтірген мысалдарымыз куә.

Жақында елге бардым. Бір жақын кейуанаға сәлем бердім.

- Сәлемші болсаң төрге оз, - деп төрге шығарып жатыр.

Осы жерде ойлана қалайын. Төрге шық демейді. Төрге оз дейді. Міне, сізге, керек болса қазақы сөз саптаушылық.

Екінші жазба
БҮТІН КИІМГЕ ЖАМАУ ТҮСІРМЕЙДІ

Қолымыз қалт еткенде газет-жорнал қараймыз. Бірден баурайтыны бүгінде тақырып аясы кеңіген. Төпеп жатыр. Келсін-келмесін. Ниет біреу - еліме болсыншы дейді. Бұл да бір көрінбес майдан ғой деп түсіністікпен қарағың келеді. Біреу телеграф тілімен тақ-тұқ етіп жазады, енді біреу сағыздайын созып тұрып алады. Сөйлеу мәдениетіміздің әлі қалыптаспағаны көрініп қалады. Жасыратын несі бар, ана тіліміздің уызына жарымағанбыз. Онымыз бүтін киімге түскен жамаудай көрініп тұрады. Өзі адасқанның өзгені де адастыратыны анық. Тіл майданында үнсіз қалғанымыз жарамас деп біз де қолымызға қалам алдық.

Алла кешірер, аруақ кешірмес

Бүгінде өлім-жітімге байланысты шаралар көп. Көсе шалдар мен жетім сақалды жастар соның жуан ортасында жүреді. Һақ Тағаланың кешпейтін күнәсінің болмайтыны айтылады. «Алла кешірер» деп қояды. Сонан бір білгішсымақтар шығады. «Аруақ кешірмес» деп шегелейді. Бұл енді барып тұрған күпірлік. Алла кешіргенде пендесі кешірмеуші ме еді.

Бұл жерде әңгіме пенделік жөнінде болып отыр. Аруақ кешегі пенде. Алланың рахманы, Алланың құлы. Алла кең, шүкіршілігіңді қабылдайды. Аруақ Алла емес, ол қабылдай алмайды. Аруақ сол сәтінде де пенде емес. Ол кешіре алмайды. Рас, ол кешегі пенде. Ал пенде кешіре алады. Олай болса бұл жерде аруақ жөнінде наһақ сөйлеме деп тұр. Наһақ жазғырма деп тұр. Мұнан шығатын қорытынды - аруақ жөнінде ойланып сөйлеген дұрыс болады.

Алмас қылыш қын түбінде жатпайды

Қылышты білген қазақ қынды да білген. Қылыштың сауыты қынап та, пышақтікі - қын. Осыған орай БАҚ беттерінде дау-дамай бар. Қын түбінде пышақ ғана жата алады. Өйткені ол пышаққа арналып жасалған. Онда қылыш жата алмайды. Бұл тура мағынасында айтылған мәтел. Ал мағынасы «әр нәрсенің өз орыны барды» білдіреді.

Ауру - астан, дау - қарындастан

Не нәрсе болсын өзіміздің қажетімізге қарай бұрып аламыз. Ауру - астан деп тақ ете қаламыз. Екінші жартысын айтпаймыз. Дұрысы көмескіленген. Бұл мақалдың екінші жартысы - дау - қарындастан.

Осындағы қарындас сөзін әйел баласына қаратып айтып жүрген жайымыз бар. Шын мәнінде ол бір қарыннан шыққанға қаратылып айтылған. Ел кешегі бабаларымыздың елұранына айналған «Елім-ай» әнін білсе керек. Сонда «Қарындастан айырылған жаман екен, мөлтілдеп екі көзге жас келеді...» деген жолдар бар. Шынында да әннің көзіңе жас алдыратын жері осы жер. Бұл не қылған қарындас? Бұл жерде туған бауыр жөнінде айтылып тұр.

Ал келтіріп отырған мақалымыздың жөні бөлек. Мұнда әңгіме енші бөлісі жөнінде айтылып тұр. Ағайындылар арасында даудың енші бөлісуден басталатыны белгілі. Олай болса дау - туған бауырдан, туған қарындастан.

Бірінші әйел, екінші әйел...

Бүгінде шежіре кітабынан көп нәрсе жоқ. Таралымы да орасан. Соның кез келген бетін ашып қалсаңыз әйел санамағын көресіз. Бірінші әйел, екінші әйел, үшінші әйел, төртінші әйел деген.

Бабаларымызда көп әйел алушылық болған. Және сол жамағаттарына қашанда ие болып отырған. Жаугершілік заманның өзінде де жесірлерін қаңғытпаған. Басқадай да себептермен төрт рет некелескен. Төрт әйел алуды шариғат та қосқан.

Алайда біздер сияқты әйелдерін нөмірлемеген. Үлкен әйелін бірінші әйел демей - бәйбіше деген. Одан кейінгі әйелдерін - тоқал/дар деген. Тоқалдарының өзін түстеп қойған. Тоқалдарының үлкенін - үлкен тоқал, ортаншысын - кіші тоқал, соңғысын - кенже тоқал деген.

Дүниеге некесіз сәбилер де келіп тұрған. Бабаларымыз оларды да алыстатпаған. Олардың шешелерін - аяқбау деген. Бұл бүгінгі тіліміз-бен айтқанда төртінші әйелден кейінгі әйелдер.

Елу жылда ер жаңа, жүз жылда жер жаңа

Бұл мақал ел ішінде «Елу жылда ел жаңа, жүз жылда қазан» деп қолданылады. Әдетте мақалдың логикалық қисыны, пайымы кемел болады. Мұнда соның көлеңкесі де жоқ.

Әңгіме қазан жөнінде болса бұл мақалдың дұрысы «Елу жылда ел бақыр, жүз жылда қазан» болуы керек еді. Егер елге қаратылып айтылса... «Елу жылда ел жаңа, жүз жылда жер жаңа».

Бұрынғының шалдары солай дейтін. Қисыны кемел. Шыркөбелек айналған дүниеде қозғалыссыз түрған дүние жоқ. Олай болса ел де жаңарады, жер де жаңарады.

Жесір әйел болса да, жесір еркек болмайды

Түрлі себептермен қосақтарының біреуі қайтыс болып, жұптылардың жеке қалу оқиғасы өмірде кездесіп жатады. Әйелдерге қаратып айтқанда жесір дейді. Бұл сөз міндетті түрде күйеуі қайтқан әйел баласына қаратылып айтылады. Неке бұзушылар, неке аттаушылар да бұған жатпайды. Баяғының адамдары кейіп айтқанның өзінде «байдан қайтқан», «байдан қайтқан қар», талақ деп айтып отырушы еді.

Соған қарамастан айтушылық бар. Жесір еркек деп. Ішің қылп ете қалады. Әйелі қайтқан еркекті меңзегені. Сол кезде кешегі абыз шалдардан естіген есті мақалың есіңе сарт ете қалады. «Бопай тигенін алады, тотай сүйгенін алады» деген. Қазақ мақал-мәтелдерін орнықтыруға

көп күш салып жүрген Мұзафар Әлімбаев ағамыз «Үйі сынық тигенін алады, Бойдақ сүйгенін алады» деген екен.

Біліп жүргеннің артықтығы жоқ, әйелі өлген еркек - бопай.

Ит жақсысы өлімтігін көрсетпейді

Ит серті бар мақұлықат. Киіктің серті жол кесу болса, иттің серті ерте ме, кеш пе ата жауымен бетпе бет келу. Ал иттің жауы кәдімгі қасқыр. Кез келген қасқыр итті бұтарлап кете алады. Керісінше итте ондай қауқар болғанымен айбын жоқ. Кейбір иттер қасқыр алғанымен, көбінесе өздері жем болып жатады.

Ит әбден қартайғанда да бұл сертінен тая алмайды. Өлерін білген ит өлермен. Ол ұли бастайды. Ата жауын іздейді. Бұрынғыдай бұғып қала алмайды. Жауына жемтік болып кетсе де, шайқасып өледі. Иттің жақсы аталатыны, өлімтігін көрсетпейтіні осыдан.

Негізінен бұл мәтел жүрексіздерге, қорқақтарға қаратылып айтылады. «Ит жақсысы өлімтігін көрсетпейді» дегенде бабаларымыз осыны айтып отыр. Бұл мақал «Жақсы ит өлімтігін көрсетпейді» деп жарыспалы түрде де айтылып жүр.

Ит өлген жер

Ит жеті қазынаның бірі. Жұмақта болатын мақұлықаттың ішінде ит те бар. Құс өзі үшін алады, ит иесі үшін алады. Адам ұстаған мақұлықаттың ішіндегі ең тазасы осы ит деп есептеледі.

Шын мәнінде ит нас мақұлықаттың бірі. Қазақ онысын жақтырмайды. Үлкендер жағының бір нәрсеге кейістік білдіргенде «сілекейіңді жақпай отыршы» деп айтатыны сондықтан.

Тазының тазасы - әлеке. «Әлекедей жаланған» деп айтса, қазақ тазының тазалығын да айтып отыр. Соған орай қазақ баласы тазыны төрге оздырған. Мұнан біздің біліміз ит иесі үшін ауру-сырқау әкелмейді екен. Ит ауырғанда иесінен алыстай бастайды. Әлі жеткенше денесін сүйреп барып өледі. Яғни, ит өлген жер деген сөз алыс жер деген сөз.

Келіннің құлағына алтын сырға

Осыдан екі-үш жыл бұрын «Жас Алаш» газеті «Құлыбаевтың құлағына алтын сырға», борышкерлермен кездесуге уақыт тапсын» деп айқай мақала басты. Бұл мәтелді атам қазақ «айтылар сөзді келіндер естімей-ақ қойсын» мағынасында айтқан.

Баланың жөні бір бөлек те, келіннің жөні бір бөлек. Балаға сыйғанның бәрі бірдей келінге сыймайды. Келіннің көзінше ондай әңгіме ай-

тылар болса алданышы болсын дегендік. Құлақтың ондай алданышы, әрине, алтын сырға.

Қалмақ қызы бәйбіше бола алмайды

Тағы да сол шежіре кітаптарында жиі кездесетін сөздердің бірі - «бәйбішесі қалмақ екен», «бәйбішесі - қалмақтан» сынды сөздер. Жаңсақтық жоқ сияқты.

Ең алдымен айтарымыз қазақ қалыбында бәйбіше баласын кемсіту жоқ. Ал қалмақ әйелінің шаранасын екінің бірі кеміткен. Әпсана-аңыздардан білетініміз үйленбеген батыр бабаларымыз олжа қатындарын/қыздарын жар ете алмаған. Өйткені бәйбіше міндетті түрде қазақтан болуы керек.

Бабаларымыз қыздарын кемсітуге осылайша жол бермеген. Олай болса қалмақ қызының бәйбіше атануы мүмкін емес, болса тоқал шешелеріміз ғана қалмақ қызынан болған.

Қалмақ қызын алуға ұмтылған

Қазір шешелерімізді қалмақ десең-ақ болды - үйдей пәлеге қаласың. Әрі-беріден кейін сол қалмақтығын жазбай-ақ қойшы деп өтінеді. Шын мәнінде бабаларымыздың қолы сол айтып отырған қалмақ тотайларына жете бермеген. Қалмақ қыздары бөліске түскенде ерлік көрсеткендерге ғана сондай құрмет жасалған. Оның үстіне Бұқар бабамыздың сөзі бар. «Отының болсын жантақтан, қатының болсын қалмақтан...» деген.

Бұл не деген сөз. Тұқымың азып кетпесін деген сөз. Оның үстіне қалмақтың жаугер халық екені белгілі. Ертеңгі елінің шекарасының бекемдігін ойлаған бабаларымыз солайынша қалмақ жұртынан қыз алуға ұмтылған.

Қырғыздар да бірнәрсе білген

Қырғызда мәтел бар. «Қазақ болғың келсе - қызын ал» деген. Қазақ қызы қашанда кеңқолтық болған. Өзінің бір, ерінің қырық күндігін ойлап отырған. Қазақ әйелі бар еркек өзін толық санаған. Енші бөліскенде тоқал баласы болса да бәйбіше баласындай енші алған.

Ойнас оттан ыстық, боқтан сасық

Ер мен әйел әр түрлі себептермен көңілдес болып жатады. Біреуді қосағынан өсек жирендіреді, енді біреуін төсек жирендіреді. Құпиясы ашылғанда ер де, әйел де абыройсыз қалған.

Араға ағайын түсіп, адасқандар өз үйірін тапқанда бұл тірліктің баянсыздығын осынау мәтелмен білдірген. Ыстық нәрсе күйдірмей қоймайды, күйіп қалма дегенді білдіреді.

От алуға келгендей

Ертеде жетімсіздік көп болған. Соның бірі - күкірт жетімсіздігі еді. Мұның өзі отты (күкіртті) үнемдеп пайдалануға итермелеген. Осыдан барып от көму шыққан.

От көму деген сөз қазанның астындағы қидың шоғын күлмен қалың етіп жауып тастау деген сөз. Ертеңінде от жаққанда сол шоқты тамызық етеді. Үрлеп берсе болды қау ду ете қалады. Отты қыста ғана емес жазда да көмеді. Ертемен ауыл сол көмілген отты алуға ұмтылады. Шоқтың қызуы қайтпас үшін оны асығыс алып кетеді. От алуға келген жандар асығыс келеді, үсігіс қайтады.

«От алуға келгендей» деген сөз содан қалған.

Өлі жарымай, тірі байымайды

Қазір бұл мәтелді ел «Өлі риза болмай, тірі байымайды» деп қолданып жүр. Өлі пәнилік ешнәрсеге мұқтаж емес. Ол ішпейді, ол жемейді, ол кимейді. Алайда ол рух. Ал рух үнемі еске алуды қажет етеді. Сонда ғана тірілер рухы тазарады.

Өліні жарытса тек дұға ғана жарытады, Құран ғана жарытады. Өлі дұға бағыштағанда ғана, Құран түсіргенде ғана жариды. Осы амалымен мүмін мүсілімдік міндетінен құтылады. Тірінің жаруына, тірінің баюына жол ашады.

Сарымсақ шайнағанның тісі бүтін

Қазақ даласына жете қоймаған теңіз саяхатшыларының цинга деген ауруы бар. Оны қазақтар діңгене деген. Ол кэдімгі обадай миллиондаған өмірді жалмаған. Бұл ауру теңізшілер арасында ғана емес, алыс жатқан елді мекендерде де кеңінен тараған. Оның ішіне Сібірде. Негізгі себебі аскорбин қышқылының жетіспеушілігі. Яғни С дәрмегі (дәрумені) жетпейді деген сөз.

Бұл сырқат қызыл иектің талаурауынан басталады. Сол сырқаттың мың да бір емі сарымсақ екенін бабаларымыз білген. Сарымсақ болғанда чеснок емес, даланың (сайдың) сарымсағы. Сол сарымсақ діңгененің мың да бір емі. Қазақ көпестері соны пайдалана білген.

«Сарымсақ шайнағанның тісі бүтін» деген сөз содан қалған. Бұл тіркес кейінде мәтелге айналған. Сарымсақ шайнағаннан иіс шығып

тұрады. Хош иіс емес, әрине. Мағынасы өзің үшін қолайсыз болса да құрбандыққа бар деген сөз.

Үрерге иті жоқ, сығарға биті жоқ

hақ Тағалла мақұлықаттарды Адам Атадан бұрын жаратқан. Жұмақтан Адам Ата hауа Анамызбен, шайтанмен шығып қалған. Сонда шайтан мақұлықаттарды азғырған. Адам Ата сендерді құртады деп. Сонда бірінші болып ит қапқан екен. Алайда Жәбірейіл періштеден хабар келіп, Адам Ата оны қапса да жылы құшағына алады. Адам Атаның жұпар иісін алған иттер оның жау емес, дос екендігін біледі. Сөйтіп болашақ иелерін қорғап қалады. hақ Тағалла оларды мәңгілікке дос етеді.

Үрерге иті жоқ деген сөз - қорғансыз қалды, доссыз қалды деген сөз. Бұл мәтелдің екінші жартысы біріншісімен өзектес. Иттің қызылмен қоректенетіні белгілі. Қызыл деп отырғанымыз ет. Еті жоқ үйге ит жоламайды. Қаны аз адамға бит жоламайды.

Ірімшікке май қондырғандай

Ұйытқыны қазандағы сүтке малып алса болды, сүт бірден дір-дір етіп тортадай ұйып түседі. Оны ағаш қасықпен араластырып отырып қайнатады. Ең соңында сүт сарғыш тартып, жапырақтанып алақан аумағындай ірімшік түседі. Оны ұзақ және жақсы сақтау үшін көлеңкеде желдетіп, кептіріп алады. Мұндай ірімшіктер қызғылт түсті болады. Ал күн көзіне кептірілгендері сарғыштау болады. Алдыңғысын түсіне қарамастан ақ ірімшік, кейінгісін шыны ірімшік дейді.

Ерте заманда тәттінің болмағаны белгілі. Сол тәттінің орнына осы ірімшік жүрген. Ауылдың шайқой қариялары болыскей самауырындарды осындай ірімшіктерді майға бұлғап тісіне баса отырып тауысқан. Мұндай қариялардың дастарқан басындағы сөздері де, шайды сораптап тартыстары да жарасымды болады. «Ірімшікке май қондырғандай» деген сөз соған қарай айтылған.

Шапқыт да іштонға жатады

Шапқытты түсіндірме сөздігімізден таба алмадық. Басқа сөздіктерді де қарастырып көрдік. Біреулерінде бұл сөзді де қосарлапты. Шапан-шапқыт деп.

Шапанымыз сыртаңға жатады да, шапқытымыз іштонға жатады. Жалпақ тілмен айтсақ шапан сырт киім де, шапқыт ішкиім.

Бір сөзбен айтсақ шапқыт ер адамның құтын жауып тұратын іш киім.

Үшінші жазба

ТІЛІМІЗ МҮГЕДЕК ЕМЕС, ТІЛ МҮГЕДЕГІМІЗ

Жазу мәдениеті бар да, сөйлеу мәдениеті бар. Кейінгісі де білген жанға үлкен өнер. Кешегі сөздің дәмін кіргізген шешендер халқын сөзге ұйытса, осы тіл құдіретімен ұйытқан. Өзіміз сөйлей алмаймыз, онымызды өзімізден емес, тіліміздің көреміз. Тіл мүгедегімізді мойындағымыз келмейді. Оны мына төмендегі мысалдардан көруге болады.

Не амандаса алмаймыз, не қоштаса алмаймыз

Телесандықта ток-шоу басталды. Салт-дәстүрімізге байланысты. Бағдрламаны жүргізуші самбырлап хабарын бастап жіберді. Шамасы жеткенше көсіліп бақты. Кенет әңгімесін үзіп:

- Ассалаумағалейкум!.. - дегені.

Біз бір бірімізге қарайық.

- Есі дұрыс па өзінің? - деп қатар отырған әжеміз ернін сылп еткізді. Бізде үн жоқ. Содан әлгі шоу бір сағатқа созылған. Тағы бір жарты сағаттан кейін жүргізуші тізгінін жиып:

- Қош, сау болыңыздар, - десін.

Сен де аман бол, - деп жатырмыз іштей.

Басқа шаруамызға айналғанда:

- Осы алаңда аман-сау кездесейік, - деп қарап тұр жүргізушіміз.

- Бұл қоштаса беруші ме еді? - деп әжеміз тағы күңк етсін. Сонан әжеміздің күңкілі жуық маңда басыла қоймады.

- Не амандаса білмейді, не қоштаса білмейді, сөйтіп тұрып өзімізді үйретеде-е-е... - деген кейуананың даусы құлағымызда қалып қойды.

Үшінші қол

Дүкенде тұрмыз. Қазақтың айты алды еді. Ел шамасы жеткенше артынып-тартынып алып жатыр. Бір апайымыз көзге түсе берген. Әпсәтте төрт себеті тырсиып шыға келген. Бәлкім, тағы қайтып келмейін деді ме екен, болмаса керегі болып қалды ма екен, тағы бір себетті мелдеткен. Енді кете алсашы. Сыртқа жиі-жиі қарай береді. Келетін адамы келмей апайымыз абыржиын десін. Көмектесіп жіберейік десек өзіміз де сол кісінің жағдайындамыз. Дегенмен бір мұсылман табылған.

- Қол керек пе, апа! - десін әлгі азамат.

- Келетін адамым келмей қалып, жол ұзарып тұр, - десін апайымыз. Бәріміз бір-бірімізге қарайық. Бәрін тастап көмектескіміз келсін. Амал-

сыздан әлгі апайға қарайлай-қарайлай өз жөнімізді табайық. Бес қабатты үйіміздің алдында сәкілер тұратын. Көпейі бар, дөкейі бар зейнеткерлікке шыққан шалдар «рыбалап» домино ұрып жататын. Сол жерден өте бергенде көршілерім тоқтатсын.

- Қол керек, - дейді, - үшінші қол...

Өздері үшеу отырып үшінші қол іздегені несі деп қоям. Сөйтсем карт соғуға бір қол жетпей отыр екен. Ал отырған үшеудің бірі карт ойнау білмейді екен.

Әуелі бауы берік болады; одан кейін бауыры берік болады

Дүниеге сәби келеді. Іңғалап.

- Сүйінші! - деген хабар шығады. Басталады сонсоң қоңырау шалушылар, кіріп шығушылар. Сондағы айтарымыз:

- Құтты болсын!

- Бауыры берік болсын! - деп айтып жатқандар да бар. Кейінгісіне қарап бұл тұң бала болмады деп тон пішейік. Кейін білсек әлгі жылбысқы шынымен тұң бала екен. Сонда «бауыры берік болсыны қалай дейміз» ғой тыжырынып. Сөйтсек әлгі бауырымыздың быдықтап жүргені:

- Бауы берік болсын... - екен ғой.

Бала дүниеге келген соң кіндігін байлайды. Шешіліп кеткен жағдайда кіндігі айналып, бала шушаң жылауық болады. Тұңнан кейін дүниеге келген балаларға бауыры берік болсын деп айтады.

Тоқымқағарынан кейінгі қазақ

Тоқымқағарынан кейінгі қазақ сапаршы. Нағашылап бір барады. Сәлем салып екі барады. Бата сұрап үш барады. Сөйтіп қыр асып қоймай, қарасын да көкжиектен асырады.

Мұнан былай ол енді мүсәпір. Мүсәпір дегеніміз мұсылман жолаушы деген сөз, мұсылман сапаршы деген сөз. Оның алдында мың сан тарау жол жатады. Ол сол жолда адаспайды. Өйткені артында қалың тілеушісі бар. Сол тілеушілері аят оқып, ақжолтай тілеп жатады. Ең соңында әкесі баласының атын жетектеп, ұзап барып:

- Оң сапар, балам! Бір Жаратқанға тапсырдым, - дер еді.

Қазіргілер ше?

- Жолың болсын, - деп жатады.

Сапаршы болған соң-ақ қазақ баласы сәлемші. Ол әке-шешесінің ғана сәлемін арқалап жүрмейді, мүтіл ауылдың сәлемін, сәлем-сауқа-

тын қоса ала жүреді. Осылайша кешегінің үлкендері жан-жағының, айналасының амандығын түгендеп отырған.

Жөн сұрасу атадан қалған салт. Иен далада кездескен сапаршылардың жөні атымен бөлек. Қарға тамырлы қазақ осы жөн сұрасумен-ақ күн батырады.

Кешегінің шалдары:

- Жол болсын! - деуші еді.
- Әлей болсын,- дейтін жолаушы.

Бүгінгі кәріміз-жасымыздың сөз саптасымыз атымен бөлек:

- Қайда барасың? - деп қарап тұрамыз.

Жөн білетін қазақ

Жөн білетін қазақ бәрін де айтқызбай-ақ білген ғой. Аң қағып жүргендер де ұшырасады.

- Үйірімен үш тоғыз, - дейді.
- Тұзақ қарап келем, - дейді ол да қуанып жөн білетін қазаққа кездескеніне.
- Қағушылар ұзапты ғой, - дейді сапаршы.
- Тоспада, - дейді аңшы.
- Шаппаңа қан жұқсын! - дейді сапаршы.

Құдайға шүкір, бүгін де аң қағамыз. Сондағы айтарымыз:

- Итіңнің аузы қан болсын!..

Ит hарам мақұлықат. Оның аузы тиген нәрсенің бәрі hарам. Ең құрығанда соны да ескермейміз. Оны да қойшы, бүгінгінің баласы аңшыға да :

- Жол болсын! - деп қарап тұрады.

Иен далада аң-құс ырғын. Малшылар да жолығып жатады. Жөн сұрасады. Беймарал малшыны көріп сапаршы қуанады:

- Жаяр көбейсін! - дейді.

Әп-әдемі-ақ тілек. Қазақы тілек. Алайда мұнда да селкеулік бар. Кешегінің шалдары мұндай жағдайда:

- Бағар көбейсін! - дейтін. Себебі мал басқа бітеді. Ал жаяр көбейсін деп атам қазақ мал төлдегенде айтқан.

Соғымға жылқы сояды

Жақында бір келеңсіз әңгіменің үстінен шықтым.

- Соғымға іріңдей-іріңдей төрт ту қой сойдым. Төртеуі байталдың етін бермесе де, тайды беріп тұр, - деп қарқ-қарқ күледі бір танысым.

- Соғымға мен де құнажынды атып ұрдым, - дейді екіншісі.

Ішім қылп ете қалды. Кешегі үлкендер қара малды күздікке, қыстыққа соятын. Анығы соғымға емес. Ал қой жарықтықты қараша, қауыста пышаққа жығатын. Соғым союдан әлі ажырай қойған жоқпыз. Кіріп шыққан көрші-қолаң аузы-басы қисамай семіз болсын дейді. Кешегінің кемпір-шалы:

- Шүйгін болсын, - демеуші ме еді.

Ескеретін нәрсе соғымға тек жылқы малы сойылады. Соғым деген сөз бұл ең алдымен қазы, қарта. Оның қыртысын бармақпен, елімен, табанмен өлшейді. Ендеше семіз болсын деп қара мал сойғандарға қаратып айтады.

Итте сербек болады

Тағы да сол телесандыққа жабысып қалғанбыз. Әңгіме ит, оның ішінде тазылар жөнінде болып жатыр. Ойдан, қырдан итбегілер жиналған-ақ екен. Біреуі кейінде ғана қазақ даласында пайда болған Тұйғын тазысы жөнінде баяндауда. Араларында дамай басталды.

- Тазының құс тістеген жүйрігі, - дейді иесі.

Баяғының шалдары тазының жүйрігін әлеке деуші еді деп біз отырмыз.

- Жүйріктігін қайдан білуге болады? - дейді сауал қоюшы.
- Жаясынан, - дейді иесі.
- Жалды болса тіпті ерен, - деп тағы қоссын.

Енді біз ойланайық. Итте жая болады, жал болады дегенді естіген емеспіз. Шамалауымызша әлгі итбегіміз сербекті айтқысы келген болар. Жылқыда жая болса, итте сербек болады. Жалдың да жылкыда болатыны белгілі. Қасқырда да болады. Көкжал, қызылжал, ақжал деп айтатынымыз содан. Ал тазыда жал болуы мүмкін емес.

Төртінші жазба
АУЫЗ ӨЗІМІЗДІКІ ДЕГЕНМЕН

Бүгінде жазуымызды әбден шатыстырып біттік. Алдымызда сөздік жатпаса күнделікті баспасөзді түсініп оқу мүмкін болмай барады. Ал сөйлеу мәдениетіміздің төмендегені соншама - телеарналардағы хабарларды қайтып көруге мәжбүр боласыз. Соның барлығы сөз табиғатын білместіктен шығып жатады. Сондай біраз сөзді жіліктесек жоғарыдағыдай себебі бар.

Аң балалайды

Теларнаның бірінен көрсетілім беріп жатты. Жануарлар дүниесінен. Оның өзі аударма екен. Әңгіме аңдардың көбеюі жөнінде. Бір кезде қойып қалсын. Буаз аңдар көктемде туады деп.

Ал кеп ойланайын. Аң туушы ма еді деп. Аң буаз болушы ма еді деп. Бұрынғы шалдар аң туады деп сөйлемейтін. Аң балалайды деп айтатын. Мұнымыз жалпылама атау. Жалқылағанда жіліктеп алып кететін.

Жыртқыштар жөнінде айтқанда тек қана күшіктейді деп айтады. Қасқыр туды немесе бөлтіріктеді деп айтпайды, айтса күшіктеді деп айтады.

Үй түліктеріне қаратып айтқанда бие құлындады, түйе боталады, сиыр бұзаулады, қой қоздады, ешкі лақтады деп айтады. Бұлардың тағыларына қаратып айтқанда да осылайша өзгеріссіз айтылады. Қодас бұзаулады, киік лақтады, арқар қоздады деп. Құлан құландады демейді, құлан құлындады дейді. Басқа тұяқтыларына төлдеді дейді. Елік, бұлан төлдеді деп айтады. Қалғандары балалайды. Піл, керік балалады деп айтады.

Хайуанаттардың жұмыртқадан көбейетіні бар. Оларды тұқымданды дейді. Буаз аң дегенді естісем керең болайын. Ал буаз малды естідім. Оның өзі төрт түлігімізге қаратылып айтылған. Адам баласына қаратып айтқанда бұлай сөйлемейді. Ішті әйел, буаз әйел деп айтушылық болғанымен есті қазақ ондай құтпан әйел баласын екіқабат деген. Екіқабат деп тек адам баласына қаратылып айтылады. Туады деп адам баласына қаратып айтады. Құсқа қаратып айтқанда жалпылап жұмыртқа басады дейді.

Аң малтиды

Адам суда жүзеді, малтиды, сүңгиді. Аң ше?

Қазақтың түсінігіндегі аң жалпы атаудан әсте бөлек түсініледі. Жалпы аң атауын бабаларымыз мақұлықат деп түйіндеп тастаған. Аңды сол мақұлықат сөзінен алып шығады. Мәселен, қолтырауын қазақ түсінігінде мақұлықат. Бабаларымыз оны аң деп білмеген. Өйткені оның етін, терісін, қан-жынын пайдаланбаған, тұтынбаған. Мүйізтұмсық жөнінде де осыны айтуға болады. Жайра жөнінде осыны айтар едік.

Ал аю жөнінде бұлай айта алмаймыз. Қасқыр жөнінде де, түлкі жөнінде де солай дер едік. Өйткені біз оларды тұтынамыз. Құрығанда терісін, құрығанда өтін.

Ауызекі тілде аң жүзеді деп айта береміз. Мәселен, арыстан суда жүзеді, аю да солай. Алайда есті қазақ ешқашанда аң жүзеді деп ешқашан

айтпаған. Аң малтиды деп айтқан. Өйткені аң тек алдыңғы екі аяғы ғана ескек ретінде пайдаланады.

Құс болса жүзеді. Өйткені олар жарғақты. Жарғақ аяқты.

Ақсақ қой түстен кейін маңырайды

Бұл мәтелдің әу бастағы қолданылу мағынасы атымен өзгеріп кеткен. Қазіргі қолданыста құр қалған, кеш қалған мағынасын береді.

Тегене құйрық қойлар шайлаған соң жүре алмай қалады. Енді олардың өз салмағын алып жүруі мұң болады. Оның үстіне май сүйегін жеп қойып, сүйектері жіңішкереді. Осындай себеппен отардағы ақсақ қойлар аз болмайды. Олардың төлдеріне қарауға мұршасы келмей жатады. Іздесе өз жағдайы түзелген соң іздейді. Оның өзінде маңырап...

Бұл мәтел осыдан барып әу баста өзінен аспады мағынасында қолданылған.

Арба айдаған артқа қарайды

«Адасқанның алды жөн, арты соқпақ» деген мақалды елдің бәрі білер. Ат үстіндегі қазақтың жайы белгілі. Ол жан-жағына қарап бағдар алады. Ал арбадағы айдаушы қазақтың жайы күдімен. Барар жерін білмеген айдаушы еріксіз артына қараумен әуре болады. Өйткені ол бағдарын артына қарап түзейді. Содан барып «Арба айдаған артына қарайды» деген мәтел қалған.

Қазір арба айдаған алдыға қарайды деп айтушылық белең алып барады. Бұлай айту аяқжолынан адасып қалғандарға жарасса керек. Алайда жылқы малы ешқашанда аяқжолынан таймаған.

Аяқты уқалайды

Бүгінде бұлау деген жол бермей тұр. Сол үшін отандастарымыз сонау Қытай, Тайланд, Үнді елдеріне сапарлап барып келіп жүр.

Білген адамға бұлау дегеніңіз қып-қызыл бизнес көзі. Қазір ондай бұлау өзімізде де жеткілікті. Телесандық түймесін басып қалсаңыз қытайша бұлаймыз, үндіше бұлаймыз деген жарнамадан көз ашпайсыз. Соның өзінде дұрыс жазбайды. Бірінде бұлаймыз десе, екіншісінде булаймыз деп жатады. Бұлау мен булау екі түрлі сөз. Бұлап үзеді, булап тер алады. Ал жарнамадан осы сөздердің екеуін де көруге болады. Аяқты бұлаймыз, аяқты булаймыз деп жатады.

Аяқты буламайды да, бұламайды да. Уқалайды. Бас та солай. Оны да уқалайды.

Безі жоқ ешкі пышақты табады

Бабаларымыз малдың күйлілігін сауырына, бауырына, жауырынына қарап айырған. Жай уақытта ешкінің семіздігін айыру мүмкін емес. Оны ешкі бағушы шекшектер жақсы білген.

Ешкінің бұғасында екі без болады. Түймелі ешкілердің де болатыны түсінікті. Бұл жерде түйме мен безді шатыстыруға болмайды. Ешкі қалай семірсе де түймесі қашанда көрініп тұрады. Ал бездің жөні басқа. Жай уақытта ол көзге көрініп тұрады. Ал мал семіргенде қолдың жұдырығындай майға көміліп кете барады. «Безі жоқ ешкі пышақты табады» деген мәтелдің тура мағынасы осындай. Бабына келді, игілікке жұмсалды деген мағынаны береді.

Қан жуып, кіндік кескен...

«Кір жуып, кіндік кескен» деп сұққылдап жатамыз. Бұл мақалды айтқанда туған жер мағынасын жазбай танимыз.

Кіндік кескені түсінікті, кір жуғаны қалай? Әуелі кіндік кесіп, соңынан неге кір жумаймыз? Қазір «кір жуып» сөзін тура мағынасында қолданып жүрміз. Қанға байланысты әйел баласына намаз оқу, не оқымау, ораза ұстау, не ұстамау туралы хұкімі бар. Мәселен, етеккірі келген әйел баласы намаз да оқымайды, ораза да ұстамайды. Амал қазасын етеккірі өткен соң өткереді. Дүниеге сәби әкелген әйел бұл міндеттен қырық күн азат. Өйткені сәбимен бірге әйелдің кірі/қаны да келеді. Дүниеге сәбиден бұрын кір/қан бұрын келеді.

Кірді, әрине, жуады. Оған дейін кіндік қаны тамбайды. Кіндік қаны кескен соң тамады. Демек, «кір жуып, кіндік кескен» тіркесін қан жуып, кіндік кескен» деп түсінуіміз керек.

Қой шайлайды

Қарауылы жақсы мал семіреді. Қылаңды малдың түгі сыртына шығып, көз қуантады. Біреуі майды өркешіне жинаса, біреуі құйрығына жинайды. Майды құйрыққа жинайтыны тек қой ғана. Сондықтан да бабаларымыз оларды тегене құйрық деп әспеттеп жатады.

Төрт түліктің қалғаны тоғын сақтағанда, қой малы семіруін тоқтатпайды. Оның семіретіні соншама ит секілді артқы аяғынан шоқиып қалады. Ал әлемет семіргені аяққа тұра алмай жатып қалады. Енді қой шайлайды. Шайлағаны сол құйрығынан жарылады. Мұны кешегі шалдарымыз ақмай дейтін. Ақмайды шикідей жей беретін.

Қолтық керістіреді

Шүкіршілік, бүгінде той көп. Соның қастерлісі неке тойы, әрине. Некенің хұкімінде соңғы малынды салып, той жасау жауапталған. Олай болса неке тойы тойлануы керек.

Сол тойда асаба құдаларды ортаға шақырады.

- Құшақ жайып, төс қағыстырыңыздар, - дейді. Ортаға шақырылған ерлі-зайыпты құдалар бір-бірін құшақтап, төс түйістіреді. Былайша қарағанда сөкеттігі жоқ сияқты.

Алайда құда мен құдағи төс қағыстырмақ тұрсын, қолтық та керіспеген. Өйткені құдалыққа тек ер адамдар ғана жүрген. Әрі-беріден кейін құда мен құдағидың төс түйістіруі әбестік. Ал құдалардың жөні басқа.

Екі жақтың сөзі піскенде колтық керісіп, төс түйістірген. Бұл құда болдық деген мағынаны білдіреді.

Құсты ілдіреді

Бүгінде өскелең жастарда аңшылық әуезе болып барады. Бұлары қызара бөртіп, көшені шаңдатып жүргеннен гөрі жақсырақ, ірине. Алайда автоматтанып, пулеметтеніп бара жатқан мұндай жандарды көріп ішің ашиды. Бұл аңшылық емес, жұқалап айтқанда қырушылық.

Қазір екінің бірі итбегі немесе құсбегі. Жаратқанының бабы келсін, келмесін «охотаға» кетіп бара жатады.

- Құс қағамыз, - дейді біреуі.
- Аң қағамыз, - дейді екіншісі.

Іштей «тоғызымен тоғыз үйір» деп тілеулес болып тұрасың.

Аң қағу, құс қағу деп айтушылық бар. Ал негізінен... Құсты ілдіреді... Анды шалдырады...

Мал бітеді

Сөз білетін қазақ «Атамызға мың біткен» дейді.

Қазақтың танымында жүз сөзі жиегінен асқан көптік ұғымын бере бермейді. Жылқы малына қаратып айтқанда мисыз көп болса да мың біткен дейді. Мың біткен соң дегеннен-ақ оның жылқылы бай екенін бағамдаймыз. Осындағы мың сөзі жылқылы деген мағынаны да, бай деген мағынаны да береді.

Бұл жердегі анық нәрсе мал бітеді екен. «Атадан қалған мал жоқ» деп және онысын шегелеп қояды. Бұл анық нәрсе болса керек. Кешегі қызыл тәргі кезінде Арқаның он сегіз мың жылқы біткен байлары Адамбай-Тұрсын айдалып, малы тәркіленгенде сіңірі шыққан кедей-

лерге жүздеп жылқы тиіп, шала байыған-ды. Елдің айтысынша сол жылқыдан келер жылы тігерге тұяқ қалмапты. Осыған қарағанда жылқы жарықтық бітсе керек.

Мың бітсін-ақ. Неге атамызға? Оның астарында не жатыр? Аңдаған адам бірден табады. Атамыздың еңбеккөр болғандығын. Өйткені атамыз қағып-баққан. Олай болса мал баққанға бітеді екен.

Мал бітеді. Мал баққанға бітеді.

Өлім жетеді

Өлімнен бір ғана Қорқыт дәде қашпаған. Өзекті жанның барлығы да қашқан.

Бұл дүниені тәрк етіп қылуетке түскендер де аз болмаған. Солардың біреуі де өлімнен қашып құтылмаған. Адам Ата 930 жыл жасаған. Мұса Пайғамбар 120 жас жасаған. Нұх Пайғамбар болса 1780 жыл жасаған. Дүниеден қайтарында ел бұл дүние жайында Нұх Пайғамбардан сұрағанда «өмір екі есікті үй сияқты, бірінен кіріп, екіншісінен шығып бара жатырмын» депті.

Олардың барлығы да бір жанына тыншу іздеген. Ол даруды біреу үйінен, біреу түзден тапқан, біреу оттан, біреу судан тапқан. О дүниелік болғанда барлығы да лақатқа барып түскен. Сөйтіп тыншыған. Адам жанын тыншытатын өлім ғана. Сондықтан ол кеш пе, ерте ме - өзекті жанға бәрібір жетеді.

Соғымды тәрбиелейді

Тәрбие сөзін кейінге дейін арабтардан енбеді ме екен деп келген едім. Бүгінде өзіміздің төл сөзіміз екендігіне ден қойдым.

Адамның тәрбиесі түсінікті. Осы тәрбие сөзінің соғымға тура қатысы бар.

Күнделікті сойыста малды мүшелейді. Жылқыны да. Жай уақытта жылқы малын соя бермейді. Сойса торқалы тойда, топырақты өлімде сояды. Онда да мүшелейді.

Ал соғымды мүшелемейді - тәрбиелейді. Ең бастысы етке жел тигізбейді.Ондай ет піскенде сағызданып тұрады. Етті жас күйінде сақтаймын десе суға шылап, мұздатады. Жер қазып, мұзқаптап сақтайды. Мұндай ет бұзылмайды. Сөлін ұстап қалады. Нағыз сұр керек болса, онда етті ұнда сақтау керек болады. Мұндай ет еш уақытта бұзылмайды және оны суға қайнатпай-ақ жей беруге болады. Оны қазақтар мейізсүр деген. Шынымен дәмі мейіз татып тұрады.

Ет табаққа ешқандай бөтен қоспасыз түсуі керек. Тәрбиесі келіскен етке ешқандай сарымсақ, жуа, басқа да дәмдеуіштердің қажеті шамалы. Кемеліне келген мұндай дәмді қазақтар соғым еті деп әспеттеген. Қазақтың еті тек еттен ғана тұрады.

Бесінші жазба
АУЫЗ ЖАППАЙ КЕЛЕМІЗ, АУЫЗ ЖАУЫП ҚАЙТАМЫЗ

Дүниеге сәби келеді. Іңгәлап.

- Сүйінші! - деген хабар шығады.

Басталады сонсоң қоңырау шалушылар, кіріп шығушылар.

Сондағы айтарымыз:

- Құтты болсын!

- Бауыры берік болсын! - деп айтар болсақ тағымыздан түсіп қалатын сындымыз.

Тоқымқағарынан кейінгі қазақ сапаршы. Нағашылап бір барады. Сәлем салып екі барады. Бата сұрап үш барады. Сөйтіп қыр асып қоймай, қарасын да көкжиектен асырады. Мұнан былай ол енді мүсәпір. Мүсәпір дегеніміз мұсылман жолаушы деген сөз, мұсылман сапаршы деген сөз. Оның алдында мың сан тарау жол жатады. Ол сол жолда адаспайды. Өйткені артында қалың тілеушісі бар. Сол тілеушілері аят оқып, ақжолтай тілеп жатады. Ең соңында әкесі баласының атын жетектеп, ұзап барып:

- Оң сапар, балам! Бір Жаратқанға тапсырдым, - дер еді.

Қазіргілер ше? Жолың болсын деп жатады. Жаңсақтық жоқ сынды.

Ендеше бәрін басынан бастап қайтып оқыңыз.

Сапаршы болған соң-ақ қазақ баласы сәлемші. Ол әке-шешесінің ғана сәлемін арқалап жүрмейді, мүтіл ауылдың сәлемін, сәлем-сауқатын қоса ала жүреді. Осылайша кешегінің үлкендері жан-жағының, айналасының амандығын түгендеп отырған.

Жөн сұрасу атадан қалған салт. Иен далада кездескен сапаршылардың жөні атымен бөлек. Қарға тамырлы қазақ осы жөн сұрасумен-ақ күн батырады.

Кешегінің шалдары:

- Жол болсын! - деуші еді.

- Әлей болсын,- дейтін жолаушы.

Бүгінгі кәріміз-жасымыздың сөз саптасымыз атымен бөлек:

- Қайда барасың? - деп қарап тұрамыз. Жөн білетін қазақ бәрін де айтқызбай-ақ білген ғой.

Аң қағып жүргендер де ұшырасады.

- Үйірімен үш тоғыз, - дейді.

- Тұзақ қарап келем, - дейді ол да қуанып жөн білетін қазаққа кездескеніне.

- Қағушылар ұзапты ғой, - дейді сапаршы.

- Тоспада, - дейді аңшы.

- Шаппаңа қан жұқсын! - дейді сапаршы. Құдайға шүкір, бүгінде аң қағамыз. Сондағы айтарымыз:

- Итіңнің аузы қан болсын!..

Ит һарам мақұлықат. Оның аузы тиген нәрсенің бәрі һарам. Ең құрығанда соны да ескермейміз. Оны да қойшы, бүгінгінің баласы аңшыға да:

- Жол болсын! - деп қарап тұрады.

Иен далада аң-құс ырғын. Малшылар да жолығып жатады. Жөн сұрасады. Беймарал малшыны көріп сапаршы қуанады:

- Жаяр көбейсін! - дейді. Әп-әдемі-ақ тілек. Қазақы тілек. Алайда мұнда да селкеулік бар. Кешегінің шалдары мұндай жағдайда:

- Бағар көбейсін! - дейтін. Себебі мал басқа бітеді. Ал жаяр көбейсін деп атам қазақ мал төлдегенде айтқан.

Соғым союдан әлі ажырай қойған жоқпыз. Кіріп шыққан көрші-қолаң аузы-басы қисамай семіз болсын дейді. Кешегінің кемпір-шалы:

- Шүйгін болсын, - демеуші ме еді.

Әңгімеміз ұзап кеткен сынды. Қалғанын қысқа қайырайық.

Біреу қайтыс болғанда иманы сәламат болсын дейді.

Жақсы хабарда сүйінші сұрайды.

Жаман хабарда арты ұшықсыз болсын деп айтады.

Мал төлдегенде сүт көбейсін демейді, ақ көбейсін дейді.

Жаңа зат алғанда оған көрімдік сұрамайды, байғазы сұрайды.

Бата бергенде қабыл болсын дейді.

Ораза ұстағанда қабыл болсын демейді, мүбәрак болсын дейді.

Қарсы алғанда қош келдіңіз демейді, хош келдіңіз дейді.

Шығарып салғанда сау болыңыз демейді, қош болыңыз дейді.

Алтышиы жазба
ҚАЗАҚ ТІЛІ МӘҢГІЛІК ТІЛ БОЛА АЛА МА?

Мәңгілік ел туралы мұратымыз мықты. Ондай мәңгілік елдің тілі де мәңгілік болуы керек.

Мына қансу жұртында ондай мәңгілік ел жөніндегі ұғым жоқ. Олардың ұғымында олар мынау көкпен, жермен қатар жаратылған. Олардың тіл жөніндегі ұғымы да осы орайда. Оларда біз сияқты термин

сөз деп жатпайды. Оларда атымен ұры сөз жоқ. Адасып жүрген сөз де таппайсыз.

Сонда?

Бәрі де қытай тілінде. Шетелдік кез келген сөзді өздерінің ұғым-түсінігіне қарай орайластырып алады. Оларын аударма сөз деп және айта алмайсыз. Өйткені ол сөздердің қытайлық қанықтығы басым.

Осы жерде менің қазақ тілім еске оралады. «Бес ғасыр жырлайды-ны» күнде болмаса да аптасына бір рет төңкеріп-ақтарып отырамын. Құданың құдыреті сонда оқығандарымның ішінен бірде бір орыс, болмаса, араб, болмаса парсы, болмаса қытай тілінің ізін таппаймын. Менің бабаларымның сөздігінде бірде бір термин жоқ екен. Термин сөз жоқ екен!

Қуанатын-ақ жайт.

Шынымен солай ма?

Солайы солай-ау...

Қанша күштеп, мәжбүрлегенімізбен қараша жұрт станцияны станса, поезды пойыз деуден жаңылмай келеді. Селоны әлі күнге дейін село деп келеміз. Қараша жұрттың ұғымында ол ауыл ғана. Ол сондықтан да селоңызды село деп еш уақытта айтпайды. Ауыл дейді.

Темір кесетін ара десең бәрі түсіне қалады. Ашара десең ешкім түсінбейді. Бабаларымыз сөйлеген тілде неге ашара деп айтпаймыз? Мұндай сөзді мыңдап келтіруге болады.

Тілші ғалымдарымыз, тіл институтымыз қазақ тілі ғарыштап дамып жатыр дейді. Термин сөздің сөздігін көптомды қылып шығарып жатыр. Мұнымен айналысатын құрылымдар бар. Кәдімгідей жалақы алып отыр. Мемлекеттік бақылау бар.

Менің қолданысымда қазақтың екі-үш мыңдаған сөзі бар. Өкініштісі онымды өзгелер қолдана қоймайды. Қарапайым ғана мысал алайық. Тон дейік. Тон десең елдің бәрі қысты күні суықтан, аяздан қорғайтын кемі қасқыр терісінен, не болмаса қой терісінен жасалған сырт киімді ойлайды. Ал қазақта сырт тон (сыртаң), іштон (ыштан), бастон, аяқтон деген сөздер қатары бар екендігін біле де бермейді. Өкініштісі бұл сөз-дерді тарихи еңбектерден ғана ұшырастыратын болдық.

Бүгінгі қазақ тілінде басқасын қойғанда иттің үрғашысының, ер-кегінің, күшігінің атауы жоқ. Егер расында да солай болып жатса, Қы-тайға бармай-ақ қоялық, тағы бір көршіміз Орыс жұртынан неге ау-дарып ала салмаймыз. Ол жұртта бар ғой. Иттің еркегін кобель дейді, ұрғашысын сука дейді, күшігін щенок дейді. Қазір осы хэлге келдік. Калька аударма жасап жатқан жағдайымыздың сорлығын осы жерде көреміз. Иттің еркегі не десең төбет деген жауап аласың. Ұрғашысына келгенде қаншық деп тақ ете қалады. Күшігін күшік дейді.

Енді осы жерде ойланып көрелік. Қазақша ойланайық. Бұлай айтуымның жөні бар. Қазаққа ет десең ол бірден қазы-қарта деп тамсанады, орысқа айтсаң бірден салосы мен шпигін жырлай бастайды.

Итті үй мақұлықаты дегенімізбен оның түбінде тағылық жатыр, жыртқыштық жатыр, олай болса ол жыртқыш аң. Ал жыртқыштардың еркегін арлан, ұрғашысын қаншық, баласын күшік дейді. Сонда қалай болғаны, иттің жыртқыштар тобына жатпағаны ма? Әлде жыртқыштардың барлығы иттен тараған ба?

«Иттің еркегін бақай, ұрғашысын ақай, күшігін тоқай дейді» десең, осының есі дұрыс па деп көзі алақандай болып кете барады. Керісінше, кейде мен де сондай ойда тұрамын. Әсіресе, кейінгі жастардың ит ойындарында. Қазір осындай да әуезе бар. Кәдімгідей үлкен сомалар тігеді. Айтып отырған сауалымды әлеуметтік желі арқылы барша қазақ баласына қойдым. Жауап жоқ. Этнографпын деп жүрген талай ғалымдарымызды айналдырып көрдім. Тырс етпейді. Итбегілер мені көрсе қашып жүреді. Ізбақай деген сөз естідіңіз бе? Иісбақай деген сөз ше? Есбақай сөзі таныс болар... Анығы ішілдігі, иісшілдігі, естілігі... Ау, бұл итке ғана тән қасиеттер ғой! Сонда? Әңгіме шынымен ит жөнінде болып түр ма? Әрине, иттің иісшілін иісбақай, ішілін ізбақай, естісін есбақай деген. Қазақ тілін осыдан кейін қалайша дамып жатыр деп айтуға болады. Керісінше өліп жатыр ғой. Өлмесе бұл сөздер қайда кетті.

Жарайды ит жөніндегі әңгімемізге кейін оралармыз. Басты тақырыбымызға оралайық. Әлемде бәленбай миллион термин сөз бар дейді. Оны аудару мүмкін емес дейді біздің ғұламаларымыз. Ал қытай тілінде термин сөзінің болмауы қалай? Дүние төрт негізге сүйенеді. Біздің жұрт жерге, суға, отқа, желге жүгінеді. Қансулар оған татықты (металды) қосады, жапан жұрты ағашты қосады. Барлық сөз негіздерден бастау алады.

Тағы да дәлелге жүгінейік. Тағы да қансу жұртын алайық. Компьютер... Біз қотарамыз деп біраз әуреледік. Қазір қол сілтеп, тынышталған жайымыз бар. Қансулар ше? Олар ойланды, ақыл-парасатына салды. Ақыры тапты. Компьютердің өзегі ми! Қалғаны қосалқылары. Ми болғанда қандай ми? Адамзаттық ми, адамзаттық емес ми, ғарыштық ми, жаһандық ми, тоқ ми, қуатты ми...

Қансулар осының тоқ миына тоқтады. Неге тоқ? Одан гөрі қуаттысы дұрысырақ еді ғой деп әлсіз қарсылық көрсетесің. Жауабы дайын. Ми бұл жерде табиғи емес. Табиғи болғанда қуатты ми деп атар ма едік.

Орыстың холодильнигін алайық. Ислам Жарылғап бабамызға салауат. Тоңазытқыш деп өз сөзіміз қылып бере қойды. Осы сөзді аударма деуге аузың бармайды. Қансулар болса мұзқорап деп алды.

Телевизорге келейік. Телесандық деп жүрміз. Сандығы қорап дегендейін келіп тұр. Қансулар болса тоққөлеңке дейді.

Кішкене ойлансақ мұндай сөздер қатарын өз сөзіміз қыла аламыз деп ойлаймын.

Осыдан біраз бұрын әлеуметтік желі арқылы фарш сөзін былжыр, эмбрион сөзін туыт деп алайық деп сұрау салдым. Менің ұсынысымның космонегізі баршылық. Алайда ел құлақтарына жүгінді. Қайтесіз дегендей сыңай танытты. Менің қансу болғым жоқ. Қазақ болғым келеді. Термин сөзі жоқ қазақ болғым келеді.

01.01.2021 ж.

Жетінші жазба
ТОҒЫЗ ЖҮЗ ТОҚСАН тоғыз сөз

Қазір сөздік көп. Жоғынан бары жақсы, әрине. Қажетіміздің өтейтіні сөзсіз, әрине.

Жоғы этнографиялық сөздік. Ондай сөздік түзу бір адамның қолынан келмейтіні түсінікті. Алайда түзу керек. Оны ертеңгі күннің үлесінде деп білеміз. Менің мына сөздігім өзімнің болмысымның сөздігі. Жылдар бойы жинаған маржандарым. Бәлкім, мың бір сөз. Бәлкім, мың екі сөз. Асып айтқанша жығыла айтайыншы деп «Тоғыз жүз тоқсан тоғыз сөз» деп алдым. Мыңға өздеріңіз толтырып аларсыздар деп назарларыңызға ұсынып отырмын.

А

Абадан - әуектер арланының көсемі.

Абадан байрақты деген сөз - қасқыр байрақты деген сөз.

Абақы - тіл, көз тимесін деп шарбақ, сырғауыл басына ілінетін дорба.

Абаш - ашық-шашық, жартылай жалаңаш адам.

Абыр - мызғымайтын.

(Абыралы, абыр-сабыр)

Абысын - ағайынды ер адамдардың әйелдері.

Ағайын - бір атаның адамдары, сегізінші атаға дейінгі ағайындылар.

Ағайындылар - отбасындағы балалардың жалпы атауы.

Ағатай - әкенің кенже інісі.

Ағатай сөзі аға сөзінен шыққан. Қайсыбір отбасында немеренің алды жасы бойынша баладан үлкен болған. Әлгіндей сүт кенже бала жасының кішілігіне қарамастан әке орнында отырса да ағатай деп аталған. Тура мағынасында ағадай деген сөз.

Ағке келін экелуші, бас құда орнындағы адам.

Ағке сөзі аға сөзінен жасалған. Қазір бұл сөз жасы үлкен ет жақын ер адамдарға қаратылып айтылады.

Ажын - ағайынды ер адамдардың немере келіндері.

Айбар - жолбарыстың арланы.

Аймауыт - батырлардың сыртаң (сырт) киімі.

Айтаңба - өлім-жітімге байланысты жылқы баласына салынатын мұсылман таңбасы.

Айтолғақ - соңғы айдағы (тоғызыншы) толғақ.

Айтыс - аюдың арланы.

Айыр - қос өркешті түйе.

Айырқалпақ - жұқа киізден сырылып айыр тігілген қалпақ түрі.

Ақал - үшінші көз.

Ақау - ауызы жабылмай жүйесіз сөйлейтін адам.

Мақаудың антонимі.

Ақжал - ақ қасқыр.

Аққол - әйелді босандыратын адам/әйел.

Ақыр - өсиет.

(«Болыңыз бекем, ата, алаңызға,
Айттыңыз көп ақырды балаңызға».
Дияқажы, «Нұрлығайын).

Ақыр - о дүние.

(«Ұзамады Ғабдолла мен Таһир да,
Жастай өтті ақырға».
Дияқажы, «Мұхаммед»)

Алақ - сауысқанның мекиені.

Алақысы - бестас ойынының алтыншы кезегі.

Албырт - мүшелінен шықпаған бала.

Алқыма - зоб ауруының қазақша атауы.

Алтайы - түлкінің қан қызылы.

Алтын - түлкінің арланы.

Алаң - топалаңның бір түрі.

Алан - барыстың күшігі.

Алсыр - екі жасында тісейтін жылқы малы.

Ана - бүркіттің алты жасары.

Аңшы - ер бала дүниеге келгендегі сүйіншінің атауы.

Апатай - әкенің кенже қарындасы, кейін апатай сөзі апытай деп дыбыстық өзгеріске ұшыраған.

Апақ - қарғаның балапаны.

Арақас - досының қасымен қастасу.

Аралық - аяқтон тіккенде қалып пен мұрыншаның арасына қағылатын сыналық ағаш.

Арбақ - артқы екі доңғалағы алдыңғы екі доңғалағының ізін баспайтын арба.

Арқал - арқардың саулығы.

Арлан - жыртқыштардың еркегі.

Арттой - түйенің қаюы.

Арттық - төрт түліктің киітінің келуі.

Асатолғақ - толғақтың жетпей келуі.

Астық - асқа сойылатын жылқы малы.

Асыр - екінті намазы.

Атақаз - қаздың еркегі.

Атама - аталған мал.

Атамал - атадан қалған мал, кенженің еншісі.

Атау - үйірден қалған айғыр.

Атқабан - екі ойыншы ойнайтын көтеріспек асық ойыны.

Атой - айғырдың ішті биені өз үйіріне қосып алып, іш тастатуы.

Атжетер - аттың мойыны жететін қашықтық.

Аттабақ - атпен жүріп тартылатын табақ.

Ашара - темір кесетін ара.

Аяң - жылқының жанға жайлы ақырын жүрісі.

Мұндай аттарды бабаларымыз аяңшыл деп қастерлеген.

Аяқтон - аяқ киімнің жалпы атауы.

Аяқшы - той табағында жүруші.

Аяныша - мәлім.

(«Аяныша, жер мен көктей, расы,
Көзе тартқан мал мен ғылым арасы».
Дияқажы, «Ғибрат»)

Ә

Әз - суқараңғы/соқыр.

Осы сөз төңірегінде дау-дамай көп. Кейбіреулер шен деп ойлайды. Мысалы. Әз Тәуке, Әз Жәнібек. Соған орай Әз Төлеби деп жазғанды да оқыдық. Ақ сөзінің баламасы деп ойлаушылық бар. Мысалы мал көзіне ақ түссе оны әз түсті дейді. Соған орай әз наурыз деп айтушылық бар.

Шынтуайтында көзіне ақ түскен адамды айтады.

Әзборақ - борсықтың күшігі.

Негізі борақ деп аталады. Борсық та күшігін соқыр туады. Соған орай әәборақ деп жүрміз.

Әлеке - тазының ит иісі шықпайтын тазасы.

Кейінгі кезде әлекені тазының жүйрігі деп қате қабылдаушылар шығып жүр.

Әлемет - керемет.

Әспет - құрмет.

Әуек - қасқырдың үйірі.

Әуекте кемі екі қасқырдан отыз жалға дейін болады. 2013 жылы Жақұтияда төрт жүз қасқырдың басын біріктірген әуек бір жарым мың халқы бар ауылдың қотанына шабуыл жасаған. Үш күннің ішінде қырық бас жылқыны қырып салған.

Әуселе - шама, күш-қуат.

(Әуселеңді көріп алайын)

Б

Баба - атаның әкесі.

Бабай - шал-шауқан.

(«Асқаптың менің көңілім жастарында,
Бабайлар ашуланса, өзі білсін».
Дияқажы, «Шаһарбану»)

Бағар - төрт түлік.

(Бағар көбейсін!)

Базына - өкпе.

Байбөрі - қанық сүр (бөрі)

Байқара - қанық қара.

Байқасқа - қанық қасқа.

Байқоңыр - қанық қоңыр.

Байсал - айғырдың үйірін бермейтін жақсысы, жылқының құты.

(«Байсалды айғыр үйірін ат жақтайды»
Мақал)

Байсаң - аузы-мұрнынан шыққан қапсан.

(«Зая қылар бәрін де,
Тоғыз айдың толғағы.
Талай да келер жайсаңы,
Талай да келер байсаңы...
Қайда Бодық болмағы?»

(Қаракесек Балта Бәкі шешеннің Бәйсейіт биге айтқан көңіл айтуынан).

Байсары - қанық сары.

Байтаба - жүннен тоқылған қалың шұлғау.

Байторы - қанық торы.

Байыз - тыныс.

(«Тұрғанда майыстырып сәл байыздап,
Жүрекке қанжарменен бір-ақ перді».
Дияқажы, «Сақырап»)

Балақаз - қаздың балапаны.

Балдырған - жас, піспеген шөп.

Бамдат - таң намазы.

Бапа...құдағидың құдағиы.

Бапан - қамыс басының төбелігі (үлпілдегі).

Барсақ (барысақ) - барыстың арланы.

Басар - дуадақтың мекиені.

Баспақ - теріден жасалған шағын қаптардың жалпы атауы.

Бастон - бас киімдердің жалпы атауы.

Бастық - жастықтың кішкене түрі.

Бастық - ертоқымға салынатын көрпеше.

Бастық - төрт бұрышын желкеден түйетін, әдетте шабандоз балалар байлайтын шаршы орамал.

Бастырма - түйменің үлкені.

Батпан - басына қорғасын құйылған ағаш шоқпар.

Башар/басар - балдыздың бопайға әйел болуы.

Бәддұғас - дұғаланған теріс бата.

Бедіреуік - өз төліне ғана иитін қой.

Безек - күзеннің күшігі.

Белгімал - түрлі себептермен қажеттілікке байланысты қоң көтеруге жіберілген мал (жылқы) басы. Әдетте барымташылардың өздері де белгімалды жазбай танып тастап кететін болған.

Белқұда - әйелдері ішті болғанда құдаласқан құдалар.

Белқұдық - ер адамдардың белден қазылатын құдығы/көрі.

Белтолғақ - жеті айдан кейін басталатын толғақ.

Белі - еркектің бірнеше әйелден көрген балалары.

Берек - майысса да сынбайтын, ағаш /тобылғы түрі.
(«Біздің іске керегі:
Шөптің өлеңі,
Тулақтың сереңі,
Саусақтың терегі,
Жігіттің берегі,
Шалдың тереңі».
Дияқажы)

Беркім - атағын шығару үшін жомарттық жасайтын адам.

Бесболат - бүркіттің бес саусақтысы.
Әдетте бүркіттер төрт саусақты келеді.

Бестас - есепке құрылған асық ойынының түрі.

Бесікқұда - атастырылған балалары дүниеге келген құдалар.

Бесін - күн еңкейген мезгіл.
Божығай - тіссіз туған бота.
Болған - баянсыз, опасыз.
Бопай - әйелі өлген еркек.
(«Бопай тигенін алады,
Тотай сүйгенін алады».
Мақал.
Мұзафар Әлімбаевта:
«Үйі сынық тигенін алады,
Бойдақ сүйгенін алады»)
Бопал - ойға алған істің қаза болуы (жүзеге аспауы)
Борақ - борсықтың арланы.
Бостан - ағаштың омырылып түсетін осалы.
Ботай - жосық.
(«Аш - жалаңаш қырылып,
Келмеді ісі ботайға».
Дияқажы).
Ботық - екі жылда бір туған бота.
Бошық - тарпаң мен жылқының (биенің) буданы.
Бояқ - матаның түрі.
(«Бұл жібердім базарға,
Бояғы мен бөзіне.
Салса жылқы тоқтайды,
Арқаның бөрі көзіне».
«Батырлар жыры»)
Бөденет - жылқының омырау еті.
Бөлен - ағалы-інілі адамдардың апалы-сіңлілерге үйленгендегі балалары.
Бөркөз - бөрікөз, ит тұқымдастардың көзі көк болып туатын күшіктері.
Бөрі - әуектегі арлан қасқырлар.
Бөрісырғақ - ақпан айының екінші-үшінші апта аралығында жүретін сырғақ, қасқырлардың қарығатын уақыты.
Бөтей - дуадақтың балапаны.
Бөтеке - түйенің бүйрегі.
Бунақ - байтал, қысыр бие құйрығының кертіліп күзелуі.
Буыршын - үш жасқа шығар бура.
Бұралқы - қасқырдың жалғыз жортатыны.
Бұралқылар көп өмір сүре алмайды. Әдетте бұралқының өмір сүретін, аң аулайтын, демалатын аумағы бола бермейді. Сондықтан олар басқа бір әуектің жеріне (аумағына) кіруге мәжбүр болады. Ал әуектер

өз аумағына басқа жалдарды кіргізбейді. Кірген жағдайда талап тастайды.

Бұтар - балтаның шағын түрі.

Бүлдіршін - үш жасқа шығар, қайымаған ұрғашы түйе.

Бүлкілдек - баяу желісті ат.

Бүрме - әйелдердің ғана киетін киімі, етегі қызыл асыққа дейін жететін, бүрілген ыштан.

Бүрік - тізеден не қызыласықтан бүрілген еркектер киімі.

Біте - ағаш шеге.

Быжық - баласы көп адам.

Д

Дағалай - бір жылда екінші рет лақтаған ешкінің төлі.

Даң - алаң.

(«Бірі оны айтысып,
бірі мұны,
Ғажам халқы гуілдеп кірді даңға».
Дияқажы, «Шаһарбану»)

Далақ - үлкен алаша түрі.

Далбай - күнестен, масадан қорғану үшін киетін бас киім, күлпараның бір түрі.

Дарақ - құлақшыны һәм құлақ бауы бар бас киім түрі.

Дарымшы - қарақұртты оқитын адам.

Дастар - қымбат матадан оратылған бас киім түрі.

Дегеншар - көгеншардың баласы.

Делегей - қыста қардан, қоңыр күз бен ерте көктемде жауын-шашыннан қорғану үшін құлақшынның немесе тымақтың сыртынан киетін жамылғы.

Дере - мұз үстіне жиналған су.

Дода - жұрттың бәрі қатысып тартатын көкпар түрі.

Долық - құдықтың лайын, не тасын шығаруға арналған теріден істелген қап пішіндес ыдыс.

Дулақ - сыпыра құс ату.

Е

Ебей - күң.

Еже - әкесінің апасы.

Ежігей - кепкен құрт пен ірімшіктің қоспасы.

Екінді - күн батуға жақындаған кез, бесін мен ақшам арасы.

Елтабар - нағашысында тәрбиеленген бала.

Елті - әйел бақсы.

(Ш.Уәлиханов. Бақсылар)

Ербақ - ортасын ойып, қорғасын құйған ағаш балға.

Ерқара - бір әйелден/қатпадан аспаған ер/еркек.

(Төбелеп келген төрені,

Ерқараға теңгерген...

Балта Бәкі шешеннің Бодық батыр қайтыс болғанда айтқан көңіл айтуы)

Ережеп - үш күнгі ұсталған ораза.

Есел - нағашы жұрт.

(Қайтармаған жиендердің меселін,

Алыс жатыр қара ормандай ес елім).

Ешкілтай - ешкінің асығы.

Ж

Жабақ - есеп дорба.

Жабар - қабір топырағы.

Жабар - табынға түсуге жараған бұзаушық.

Жабасалма - түлкі тымақ.

Жабын - жылқы малына тер қатпас үшін жабылған жабу.

(«Бағзы біреулер жалғыз-жалғыздан жабындап ат айдалған жаққа қарай кетіп те жатқан сияқты». Ж. Алтайбаев «Қара төбел»)

Жазаң - бұдыры жоқ жазық жер /дала.

Жақай - садақтың кішкене түрі.

Жақат - адамның бір нәрсені ұнатуы, жақсы көруі.

Жақау - бетінде шіркейі бар төменшек адам, әсіресе бұл қыз балаларға қаратылып айтылады.

Жал - қасқырдың арланы.

Жалақ - бестас ойынының бесінші кезегі.

Жалаңқат - желбегей киілетін сауыт түрі.

(Біреулер оны қылыш деп жаңсақ айтып жүр)

Жалап - иттің тісі тиген жер.

Ит адал мақұлықатқа жатпайды. Оның тісі тиген жері - hарам.

Жалқын - егіз не үшем тумай жалғыз туған төл, жыртқыш құс балапаны.

(«Жалқынның жалы мықты,

Жалманның шалы мықты».

Мақал)

Жалман - айбалтаның өткір жүзі.

Жамағайын - жеті атадан асқаннан кейінгі ағайын, он бірінші атаға дейінгі ағайындылар.

Ағайынмен қыз алыспайтын қазақ жамағайынмен алысады.

Жамағат - әйел/қатын.

Жанай - таңайдың баласы.

Жанбақы - жетекке жүрмейтін, сауғызбайтын қой.

Жанжан - халық, жамиғат.

(«Һалипа қу-сұмменен жанас қылса,
Жанжанды бастай алмай жоқ қылады».
Дияқажы, «Нұрлығайын»)

Жанқұрдас - жастары алшақ адамдардың жасына қарамай құрдас болуы, жаны құрдастар.

Жапатай - күннен қорғану үшін киетін тақияның жұқалтаң түрі.

Жарғыш - қойдың ішінен жарылып өлуі.

Жарма - ағаштың ұзынынан бөлінуі.

Жасаған - жиырмадан асқан құлынды бие.

Жасамалы - айғырдың үш-төрт жастан асқаны.

Жасамыс - айғырдан шыққан бие.

Жауман - дұшпан адам.

Жаутаң - түлкінің күшігі.

(«Базардан базар барып бөз алмадым,
Оңаша, жалғыздыққа төзе алмадым.
Түлкінің жаутаңындай сені көрсем,
Өлсем деп құшақтасып көз алмадым».
Халық өлеңі)

Жаяр - жерге жайылған дастарқан.

Жәутік - қарсақтың күшігі.

Жебе - тобылғының берегінен жасалған ағаш шеге.

Жебелеу - шегендеу.

(Құдықты шегендейді, етікті жебелейді)

Жек - жаман.

(«Мен жанжалды көремін жек,
Арада әйел үшін қалатын кек».
Дияқажы, «Шаһарбану»)

Жекейтабан - өкшелі етік.

Желмая - түйенің жүйрігі.

Жемаяқ - құсқа ақжем беретін аяқ.

Жембасар - бүркіттің сұқ саусағы.

Жемқалта - бүркітті шақыратын етті алып жүретін қалта.

Кей жерлерде жемдорба деп те айтылады.

Жемсау - құстардың жұмыршағы.

Жепей - шоқпарға орнатылған (кіріктірілген) жебе.

Жесір - күйеуі қайтыс болған әйел.

Қазір байымен ажырасқан әйелді де жесір деп жүрміз. Байының көзі тірісінде әйел баласы еш уақытта да жесір бола алмайды.

Жоңқа - жаңқаның уағы.

(Ақын егер кейіпкер ғашықтық жолында өліп кетсе «Нысан өлсе жоңқасын бетіне жабады, қашаумен көтіне қағатын» болып түйіндейді.

Т.Нысанов «Естігендерім мен көргендерім немесе өмір өткелдері», 16 бет.)

Жолай - қара және ақ түстерінің өрнекте қатар келіп отыруы.

Жолашық - асқа барушыларды шығарып салушылар және оларды оралғанда қарсы алушылар.

Жұмсақ - кірпінің баласы.

Жұмыр - ешкінің немесе қойдың қарнынан жасалатын ыдыс.

Жұмырық - жұдырықтың іші.

Жұрын - киімге ерекшелеу не әсемдік үшін салынатын әдіптеме.

Жүгіртпе - бітеу сойылған аң терісі.

Жүрежат - туажаттың әкесі.

Жыланкөз - кірпіксіз адам.

Жыланшық - жылап ағып жататын бұлақ суы.

Жылдас - айы бөлек болғанымен жылы бір тумалар.

(«Жылымыз бір жылдас».

Т.Нұғыманұлы «Сағындым, сағым жылдар», «Орталық Қазақстан», 20.10.2007)

Жылой (жылыой) - мұздың үзілген жері.

Жылтыр - қардың соңынан жаңбыр жауып жердің көкмұз болып жатуы.

Жылыжем - қаршыға ұстаған құстың етін бүркітке беру.

Жыпық - кірпігін жиі қағатын адам.

И

Итбүлкек - жабағылардың жарысы.

Итен (иітен) - әбден иі қанған ит терісі, ит терісінен жасалған тон, аяқтон, иттон/итон/итен (унты).

Итжерік - аяғы ауыр әйелдің жерік асына иттің ортақтасуы.

Иір - түйенің мойыны.

К

Кебін - бәйге атының денесін толық қамтыған жабу түрі.

Кежек - үйректің еркегі.

Кекжек - алға баспайтын шегіншек жылқы.

Келеме - әйелдердің сыртаң киімі.

(«Ерлер киер кебене,
Наздар киер келеме».
Батырлар жырынан).

Келепан - қойдың жүйрігі.

Келсан - малдың тісінің дөңгеленіп мүжілуі.

Келтек - шоқпардың шағын түрі.

Кемік - бір нәрсенің жетілмеуі.

Кеней - ешкінің асығы.

Кентай - көңге тігілетін жай асық.

Керегеорамал - келіннің аяғының ауырлығын білдіретін керегеге ілінетін орамал.

Керімсал - қыста болатын жылы күн.

Арқа қазақтары шілдедегі салқын самалды осылай атайды.

Керіскей - боранды күндері киілетін ерлердің сыртаң киімі.

(«Желге беріп қасқайып,
Көктей өткен, мырза ұлым.
Борай да борай қар жауса,
Керіскей кигіз, мырза ұлым».
Батырлар жырынан, 50 бет)

(«Кермиығым, кербезім,
Керіскедей шандозым».
Махамбет, 246 бет).

Кесік - үкім.

(Арақтың кілтшісі - Қайым, астың кілтшісі - сіз деген кесік айтты.
Д.Байқадамова, «Мен білетін Әуезов»)

Кетеу - жиырмадан асқан қазы бермейтін жылқы малы.

Кетқұда - құдандалылар арасының алыстауы, аралары алыстаған құдалар.

(«Арада жаушы жүрмектік,
Кетқұдалардың әдеті».
Алпамыс батыр, 165 бет.)

Кеуіл - құлыны ембей-ақ иіп тұратын бие.

Көгеншар - жиеншардың баласы.

Көбеңшар - көгеншардың баласы.

Көзгелдек - кішкентай тостақан.

Көзқап - құдықшылардың су тазарғанша тазалайтын теріден жасалған қап тәрізді ыдысы.

Көке - немеренің әйелі, немере келін.

Көкей - шөберенің әйелі, шөбере келін.

Көкжал - көк қасқыр.

Көкпек - ешкінің ағы.

Көлейіт - көлді /сулы жер.

Көмеш - қалыпты пішімі бар, күнделікті көріп жүрген нанымыз.

Көрбақ - үйкүшік.

Көрежат - жүрежаттың баласы.

Көрлеуіт - ұйыққан қаншық.

Көсем - жалғыз.

(«Жақ сақалы үрпиіп, көсем жегілген кәрі атының қасында сілейіп тұр».

Ғ.Құлахмет «Көл түбіне кеткен ел»)

Көсемат - қар бұзатын ат.

Көшіл - шошқаның еркегі.

Күлдәрі - ашық, қызыл түсті мата.

Күнде - мойынға салатын құрсау /бұғау түрі.

(«Мойынына күнде салып, аяғына кісен құрсау салып, қолына шынжыр бұғау салып қозы бақтырып қойды». Алпамыс батыр, 215 бет.)

(«Мойынға күнде түскенмен,
Басымды өзім биледім».
Дияқажы, «Азусыз ат мінбедім»)

Күңемшек - сүттіген емшек.

Күңемшек - әйелдердің емшегі.

Салыстырыңыз: қыземшек - қыздардың емшегі.

Күңше - күңнің қызы.

Күл - малға шығатын шешек ауруы.

Күлкүндес - бәйбішенің өз еркімен үстіне тоқал енгізуі.

Күлпара - жаңбыр мен қардан қорғаншақтап киетін бастон.

Күліш - шапан түрі.

(Оқалап қызыл күліш шапан киіп,
Құлпырып май айында жұпар шашкан.
Қазақтың қара өлеңінен)

Кіндік - еркек.

(«Хадиша - жесір қатын, бай еді,
Мейірман, төңірегіне жай еді.
Барар адамы қол берген келіссе,
Бір кіндікке жар болуға сай еді».
Дияқажы, «Мұхаммед»)

Қ

Қабай - бораннан, сырмадан, құм дауылынан қорғану үшін алдында екі ойығы бар пошымы қап, сондай-ақ торба сынды құлақшын мен тымақтың сыртынан киетін жамылғы.

Қабырғакеңес - отағасының бәйбішесі мен тоқалдардың кеңесі.

Қайдалы - ақылман, жолтабар.

(«Руым Алсай емес, Байдалымын,
Қапияда жол тапқан қайдалымын.
Кешегі қазақ, қалмақ соғысында,
Сар атпен жалғыз шапқан найзалымын».
Құлтума ақын)

Қағанақтас - бір анадан туғандар.

Қайдауыл - шыңылтыр аязда туған текті құс балапандарының жалпы атауы.

(«Мұздақта туған қайдауыл,
Итжеккенде тоңбайды».
Түсетай ақын).

Қайқаң - шөмеле салатын үлкен айыр.

Қайсыл - бостан-бос, себепсіз.

(«Қалалы бар деп піскенмен,
Бүйідей қайсыл тимедім».
Дияқажы)

Қайыру - бүркітті күзде артық майдан арылту.

Қақсау - бестас ойынының он бірінші кезегі.

Қалақан - мұрындықты тиек.

(«Үкілі болушы еді алақаны,
Тұрмайды бір орында қалақаны.
Артыма жалтақтаймын, үміт артам,
Бүркітке тартпай қоймас балапаны».
Әсел Адамбайқызы)

Қалжуыр - садақ оғының бір түрі.

(«Тышқан ініне кіре алмай жүріп,
Құйрығына қалжуыр байлайды».
Мақал)

(«Қалжуырдай шаншылған,
Жұрт үшін қарауылға көп тұрған».
Бес ғасыр жырлайды, 56 бет.)

Қалман - озбаса да өмірі артта қалмайтын адам.

Қалша - бір нәрсенің қозғалмай қалуы.

(«Біз отырған тасадан бес киік өте бергенде атам қатты ысқырып қалғанда киіктер оқыс шыққан дауыстан қалша қарап тұра қалды».
Т.Нысанов «Естігендерім мен көргендерім немесе өмір өткелдері», 18 бет.)

Қалшаң - қалды адам.

Қамақ - түрме.

Қамбал - етегі бүрілген шолақ ыштан.
Қамбар - арыстанның арланы.
Қамтама - құпия /жасырын.
(«Зорлықпен дінге кір деп қамағанда,
Тұрды ол ойда бардай бір қамтама».
Дияқажы, «Шаһарбану»)
Қана - бүркіттің жеті жасары.
Қанай - жанайдың баласы.
Қандыкөз - бүркіттің нағыз қыраны.
Қанжыр - түлкінің қаншығы.
Қантүбіт - бүркіттің екі жасары.
Қаптағай - жабайы түйе.
Қаншық - жыртқыштардың ұрғашысы.
Қаншыр - арыстанның қаншығы.
Қарабас - жалғыз бас.
Қаражал - қара қасқыр.
Қаражұрт - жігіттің өз жұрты.
Қарақ - кірпіктері қосылып кеткен адам.
Қаракұлақ - касқыр ішік.
Қараті́л - сиырдың жүйрігі.
Қараш - қары кетпейтін жер.
Қарашыл - жылқының ес көріп қараға, ауылға бұрыла беретіні.
Қарашыл - көпшіл адам.
Қарғалтай - алтайының қан қызыл қанжыры.
Қарғалы - түлкінің іні.
Қарқара - қыздардың той-томалаққа, салтанатқа киетін киімі.
(«Қарқаралы қыз, қасабалы қатын».
Мәтел)
Қармалжық - көк қылшық араласқан түлкі, қарасы.
(«Қара түлкі қармылжық,
Қас сыпайы киген жұрт».
Бұқар жырау, 98 бет.)
Қары - шуланның жатыры.
Қасқырға қаратып қары дейді. Қасқыр қарығады ғой.
Қарыл - сойылбау қиып кетпес үшін қарға киілетін теріден жасалған қол/қап.
Қатай - ақпанның ел ішіндегі ауызекі ескі атауы.
Қатпа - кеш, толғағынан асып туған бала.
Қатпа - терісіне ілінген адам.
Қатпа - ер адамның тұң да соңғы әйелі.
Ер адамның тұң әйелі қазіргі түсінікпен бәйбіше аталып жүр. Шын мәнінде қатпаның бәйбіше аталуы үшін ері тоқал алуы керек.

Қатқат - қабырғалы мал.

Қатыбас - қозысынан жеріген қой.

Қашаған - секемшіл, жанына жақындатпайтын аңдардың жалпылама атауы. Түбірі қашақ аң /мал / болса керек.

Қашатолғақ - толғақтың асып келуі.

Қашқар - дәрет алатын қайқы мойнақты құман атауы.

Қодық - құланның төлі.

(«Құланнан атты қодықты,
Көлден тартты борықты».
«Батырлар жыры», 80 б.)

Қолау - қолға тұрған тай.

(«Ауылының арасы оншақты шақырымдай ғана Тұрсынбай мектебіне бірде жаяу, бірде қолау тайымен келіп-кетіп жүріп білім алған жиенінің зерделілігіне көзі жеткен туған нағашысы, сол кездегі Абыралы өңіріндегі көзі ашық азаматтың бірі Нарманбет Мырзатайұлы оны өз қамқорлығына алған».

Т.Нысанов «Естігендерім мен көргендерім немесе өмір өткелдері»,139 бет.)

Қолкесер - мал сойған қасапшының еттік үлесі.

Қоңқар - арқардың/құлжаның асығы.

Қоман - өркешті макұлықаттардың жалпы атауы.

Қорам - ылғи ұрғашы құлын туатын бие /түйе, сиыр.

Қорамта - арқардың үйірі.

Қорғалақ - жасқаншақ.

(«Тіпті кісі бетіне тура қарай алмайтын қорғалақ болатын».
Ғ.Құлахмет. «Көл түбіне кеткен ел»)

Қосық - қоспа, қосылған.

(«Жұмыстың бэрін сырттан сол жөндеді,
«Ғалияға» бірге барған сапар қосық».
Дияқажы).

Қу - аққудың мекиені.

Құлық - айғырдан шықпай жүрген бие.

Құлжа - арқардың қошқары.

Құлжал - жатаған жал.

Құлқын - құтанның мойыны.

Құлмақ - ағаш балға.

Құлық - құлдар киетін кәдесіз бас киім түрі.

Құмайыт - құмдауытты жер.

Құрмалдық - аруақтарға бағышталып шалынатын мал.

Құрмалдыққа тек қана қой түлігі, оның ішінде қой түлігінің ең тазасы - еркек тоқты шалынады.

Құныс - қасқырдың жүйрігі (қанатты қасқыр).

Құртқа - іші-сырты бірдей қыз баласы.

Құртқа - әуекті басқаратын қасқырдың қаншығы/шуланы.

Құсжерік - аяғы ауыр әйелдің қасқырдың, болмаса аюдың өтіне жерік болуы.

Құтан - құлдың баласы.

Қыдасып - жылқының асығы.

Қызай - тұрмысқа шықпаған қыз.

Қызана - тұрмысқа шықпай бала тапқан әйел.

Қыздар - үйленбей өткен еркек.

Қызқұдық - қызайға қазылатын құдық/көр.

Қызтолғақ - алғашқы босанардағы толғақ.

Қызылжал - қызыл қасқыр.

Қызылқұда - әйелдері әлі жүкті емес адамдардың алдын ала құда түсуі.

Қылдырық - тырнаның /сұқсырдың мойыны.

Қырам - храм.

(«Сахалар тұра алмады шуылдасып,
Қия алмай Пайғамбарын қайғы ұласып.
Расулдың айтуымен мешіт кіріп,
Қырамды күңірентті зар жыласып».
Дияқажы, «Мұхаммед»)

Қырынжыл - жылқының бір жағына қарай қырындап жүруі.

Қытыр - кесек тұз.

Қыштау - пышақты кесе түбіне жану.

Л

Лақешім - ешкінің төлін еркелетіп атау.

М

Майшоқырақ - шабыстың ең жайлысы.

Маңай - қанайдың баласы.

Маңдай - түйенің алдыңғы алты тісі.

Мақат - аюдың ұйыққа бірінші түсетін арланы.

Мама - бабаның қосағы.

Мамақаз - қаздың мекиені.

Мамыр - үйректің балапаны.

Маңай - қанайдың баласы.

Мара - екі адамның арасында тартылатын көкпар түрі.

Машай - құланның ұрғашысы.

Мәре - шаттық.

Мәулен - мәлімнің күшігі.

Мәше - есектің ұрғашысы.

Мегежін - шошқаның ұрғашысы.

Мейрамсу/ы - қайткан адамның ішетін соңғы суы.

Оны марқұмның жақындары ішкізеді. Мейрамсуын сүйек жуып ішкізеді.

Мейізсүр - ұнда сүрлеп, суға қайнатпай-ақ жей беретін жылқы еті.

Мекер - құбылмалы, шайпау/әйел.

Мертік - сынған.

(«Мертік,
Соқыр болмаса қалары жоқ,
Отыз бір мен он тоғызда болған жасы».
Дияқажы)

Метей - бітеу ағаш шелек.

Мешін - маймылдың ұрғашысы.

Молақ - екі қолы шолақ адам.

Мөлдірік - мөлдір шыны /слюда.

Мүкі - соғым союға арналған пышақ түрі.

Мұзбалақ - бүркіттің бестісі.

Мұрақ - ақсүйектер киетін бастон.

Мұңқойдыру - қоңыр күзде бүркітті майдан айыру.

Мырсақ - қарсақтың қаншығы.

Мырсын - мысықтың ұрғашысы.

Мыршым - мысықтың еркегі.

Місекер - ұсынақты.

(«Өзінің он саусағынан мөрі тамған місекер, әрі құралайды көз-дейтін мерген.

О.Орынтаев, «Босағадағы малшылар», «Орталық Қазақстан», №98/9174)

Н

Намаздыгер - күннің еңкейіп, ұясына кіруге таянған кезі, екінді.

Намазшам - ақшам.

Нарбота - нардың төлі.

Нартайлақ - нардың бір жастан асқаны.

Нарша - нардың үш жастан асқаны.

Наршашық - нардың екі жастан асқаны.

Нәби - бестас ойынының ақырғы кезегі.

Нышан - ақ қал.

О

Омпы - асықтың шоңқыға қарсы орналасуы.
Ортаға - ортаншы ағаға айтылатын жанама атау.
Ортатолғақ - жеті айдан кейін басталатын толғақ.
Отаужас - ер баланың мүшелге өтуі, қыз баланың тоғыз жастан шығуы.
Отыз жеті - шала туған қызбала.
Отыз жеті - қалыңмал өлшемі.
Оя - бас бармақ пен сұқ саусақтың арасындағы жарғақ, ертеде насыбайды ояға салып ататын болған.

Ө

Өжіре - қарамалды күтімге алатын оқшауланған арнайы орын.
Өлеңшар - тебеншардың баласы.
Өлекшін - жолбарыстың қаншығы.
Өшпен - өртенген жер шөбінің орайлануы.

П

Пырақ - қанатты тұлпар.
Піспе - бүркіттің табан майын алу.
Піскек - кепкен іштегі желді шығаруға арналған құрал.

С

Сағанақ - кереге қоспасындағы шолақ ағаштар.
Сайдақ - бойдақ (уақытша)
(«Хан қолында сайдақтар,
Қатыны жоқ бойдақтар».
«Батырлар жыры», 87 б.)
Санар - жылқыны үйірлеп санағанда құмалақ салып тұратын қап.
Саң - қой-ешкі терісінен жасалған кішкене қап.
Саңғу - құстардың дәреттенуі.
Саңдақ - кірпияз.
(Салқын қан, самал мінез, сөзге сандақ,
Қадірді қазаққа сен берген таңдап.
С.Адамин «Туған жер»)
Сақ - сауысқанның қоразы.
Сақат - тісеген мал.

Сақау - тісі мүжілген мал /түйе.

Сақетер - жепей орнатылған шоқпар түрі.

Сапар - кезек.

(«Бір сапарда өлтірмей сен қоя бер,
Бұл уәде айнымайтын достық деп біл».
Дияқажы, «Сақырап»)

Сапар/ы/ - ұш /ы/.

(Сапары екі мұрттың екі жақта,
Тамаша,
Құлағынан орап қойған.
Диақажы. «Ғазырет Ғалы»)

Саралжық - қылшығының сарысы көп түлкі.

Саркідір - ақылы тоқтаған /піскен/ азамат.

(«Міне, мұның өзі арғы Байдалы би айтқандай: «Кәріліктің дауасы көп сөйлемей ауызды баққан, көп қыдырмай үйде жатқан» деген аталы сөзі жасамыс тарта, тоқтап қалған әрбір саркідір азамат естерінде ұстау керек», Т.Нысанов «Естігендерім мен көргендерім немесе өмір өткелдері», 127 бет.)

Саршық - насыбайшылардың атқан насыбайының күлі.

Сарыбөртпе - қан сөлінен шала айырылған ет.

Сарыққұда - балаларының белі бекігенде түскен құдалық.

Сарым - күй, бап талғамаушылық.

(Сарымақ, сарымсақ, т.б.)

Сарымақ - жолбарыстың күшігі.

Сарысу - ірімшігі алынған сұйықты қайнату арқылы алынатын қоймалжың.

Сарытіс - бір нәрсенің жетілуі.

Сасық - борсықтың қаншығы.

Саят - құсқа құс салу.

Саятшы - қыз бала дүниеге келгендегі сүйіншінің атауы.

Секей - ешкі баласының жүйрігі.

Сетер - асаулығы өзіндегі мінілмейтін жануар.

Сәһар - аққудың қоразы.

Соғым - алты ай қыстан қиналмай шығу үшін сойылатын жылқы баласы.

Соғымбасы - ауылдың үлкені, болмаса ақсақалының барша ауыл тұрғындарының соғымы шүйгін болсын деген ниетпен шалатын соғымы.

Созан - түйенің ауытын тігетін ағаштан не темірден жасалған ине.

Сойдақ - түйенің маңдай мен үкпесінен басқа тістері.

Соқыр - мысықтың күшігі.

Солақ - ен атауы.

Солақат - денсаушылығы нашарлаған адамға белгіленген мал, бақылыққа озса да, сырқатынан сауығып кетсе шалынатын құрбандық.

Сорпай - сорпаның ішілмейтін тұнбасы.

Сорпылдақ - кішкене балаға сордыратын қой құйрығының білем майы.

Су - кентайдың шеңбердің сыртына түсуі.

Сүндетат - сүндетке арнап балаға мінгізілетін тай, байтал.

Сығым - бүркіттің ортаңғы саусағы.

Сығыр - көздің сызық болып бітуі.

Сығыр - мүшелінен шыққан бала, ересек бала.

Сылан - сырты көркем, таза адам.

Сыланышты - сырты, іші бірдей көркем адам.

Сым - түзу.

(Қарақат көзді сым саусақ...
Үкілі Ыбырай, «Гәкку», төртінші түрі)

Сына - былғарыдан жасалған шыны ыдыстарға арналған қап.

Сынашық - сыналық ағаш.

Сыпыра - санауға келмейтін нәрсе.

(Сыпыра боқтау, сыпыра жырау, сыпыра беру)

Сыпыра - бір нәрсенің тоқтамауы, тоқтай алмауы.

Сырпылдақ - сиырдың жазғы қоймалжың жапасы.

Сыртаң/сырт тон - сыртқы киім.

Сытық - көзі сынған ине.

Сүрде - қалың шөптің киізденіп, сол күйі сарғаюы.

Сілбі - малдың тісінің тісеп қызылиектенуі.

Сілбі - апталап жауатын ақжауын.

Сілбір - шөп басының мұздақтануы.

(Е.Бөкетовтың А. Қарасартовтан алған сұхбатында кездеседі)

Сірі - кепкен көн.

Т

Табан - бармақтың, елінің және шынашақтың қосындысы.

Табанаш - аюдың табан майы.

(Табанаш айтыстай. К.Жуасбайқызы. «Мен қалып барамын»)

Таға - нағашының баласы.

Тағай - тағаның баласы.

Тазтарақ - ұрғашы тісі бар тарақ.

Тазыаяқ - әлекеге арналған аяқ.

Талар - өлімсіреген жарық.

Талқы - талдан жасалған шарбақ, ықтасын.

Таңай - тағайдың баласы.

Тамар - сүзілмейтін су.

(Жігіттің жақсысы тамар-ды,
Белдіктің асылы қамар-ды.
Халық әнінен).

Тапа - құданың құдасы.

Тапыраш - бұзау-тайыншалардың жарысы.

Тарауық - су тұрмас үшін шөмелені тарайтын үш тісті ағаш тарақ.

Тарпан - құланның айғыры.

Тасар - ешкінің табыны.

Тастүлек - бүркіттің төрт жасары.

Таутан - барыстың қаншығы.

Тауша - сөре тақтайлар, басқаша айтсақ қиыстырылып текшеленген тақтайлар, орысшаласақ - полка(лар).

(Е.Бөкетовтың А.Қарасартовтан алған сұхбатында кездеседі)

Тәж - хан мен патшалардың алтындатылған бас киімі.

Тебеншар - көбеңшардың баласы.

Тебетей - тымақ, бөрік ішінен киетін тақия түрі.

Тегеурін - бүркіттің өкше саусағы.

Тез - мәтін.

(«Қан төгіп соғысқаннан мынау әділ,
Құрылды уәделі серттің тезі».
Дияқажы, «Шаһарбану»)

Теңбек - жайылық.

(«Қозғалтпай емін - еркін алды жығып,
Құлағын теңбектей ғып жерге сығып»
Дияқажы, «Сақырап»)

Текебұрқылдақ - арқарлардың үйірге түсетін амалы.

Телпек - төбеге ғана киетін тақия сынды бас киім түрі.

Телі - әйелдің бірнеше еркектен көрген балалары.

Тобан/аяқ - саусағы/бәшайы жоқ немесе жетілмеген аяқ.

Тобатай - кішкене шелек, аяқтық шелек.

Тобаяқ - емдік шөп-шалам дайындауға арналған ыдыс.

Тобыл - топтап құс ілдіру.

Тобышақ - жотасы пышақ қырлы ат.

Тоз - қайыңның қабығы.

Тоймал - тойға-томалаққа, қызыққа сойылатын мал.

Тойнақ - құманның шүмегі.

Толқыныс - алабұрту.

(«Ұланбатырдағы әкесінің үш бөлмелі үйінде жалғыз өзі қалып бара жатқан қимасымды ойлағанда көңіліме ерекше толқыныс пайда болып еді».

Т.Нұғыманұлы «Сағындым, сағым жылдар», «Орталық Қазақстан», 20.10.2007).

Томалақ - түйенің тезегі.

Томыр - түсі суық адам.

Томыртқа - мұз салып салқындатылған сусын.

Топал - мүйізі жоқ мал.

Торақ - жадағай тау.

Тосартой - баланың дүниеге келуіне қырық күн қалғанда жасалынатын той.

Төле - бөлелердің балалары.

Төлеу - біліниП қалған барымта малының айыбына берілетін мал.

Төсқұдық - әйел адамдарға қазылатын құдық/көр.

Туажат - ағайынның соңы.

Туыт - тіршілік біткеннің түйін (түйір) байлауы (салуы).

Тұғыр - шобырдың тәуірі.

Тұлат - тұлданған ат.

Тұлымат — қайтқан адамның мінген атының тұлымы кесіліп, басы бос жіберілген тұлданған аты.

Тұмса - айғырдан шықса да құлындамайтын бие.

Тұрар — шала туған жеті айлық бала.

Тұтатқы - самаурын оттығы.

(«Әкейдің айтуы бойынша аудан құрылғанда Қайнар селосының басы ну орман болса үйлерді салғанда сол ағаштарды кесіп, құрылыс материалдары етіп пайдаланған. Ендігі оның қалған түбірлерін біз қазып әкеледі де самауырға тұтатқы жасайды.

Т.Нысанов «Естігендерім мен көргендерім немесе өмір өткелдері», 12 бет.)

Тұзбала - ер бала.

Түзік - қия баспайтын адам.

(Сыпайы сызып айтады,
Шешен қызып айтады.
Шорқақ үзіп айтады,
Бұзық бұзып айтады,
Түзік тізіп айтады.)

Түйнеш - түйін шешетін екі жағы да үшкір аша ағаш, әдетте қайыңнан жасалады.

Түйте - балтаның моғал/өтпейтін жағы.

Тықы - мығым.

(«Еңбек жолын аудандық қаржы бөлімінің агенттігінен бастаған Нығметолла Төкешевті қызмет барысында байқағаным орыс, қазақ тіліне бірдей сауатты, қызметте тықы, эрдайым өзін сергек ұстайтын жинақы адам болды.

Т.Нысанов «Естігендерім мен көргендерім немесе өмір өткелдері», 46 бет.)

Тыпыл - аяғын басқан бала.

(«Әкесі іште кенде дүние салды,
Жас тыпыл әке көрмей жетім қалды».
Дияқажы, «Мұхаммед»)

Тірнек - бүркіттің үш жасары.

Тісиек - қызылиек мал/түйе, жылқы.

Ұ

Ұзақтық - сырқаттың басын көтермей саржамбас болып төсекте жатуы.

Ұзынтолғақ - толғақтың алты айдан кейін басталуы.

Ұйқыашар - соғымның соңғы етін уызға сап пісірген дәм.

Ұйқыбезер - ұйқының қашуы.

(«Таң сарғайып атқанша кірпігім айқаспай, ұйқыбезер кеселге ұшырадым.» Ғ.Құлахмет «Көл түбіне кеткен ел»)

Ұйы - иттің жатыры.

Итке қаратып ұйы дейді. Ит ұйығады.

Ұланбәйге - тай-жабағылардың бәйгесі.

Ұранат - ұранға шығарылған жылқы жүйрігі.

Ұранбәйге - алысқа айдалатын бәйге түрі.

Ұшар - иттің жүйрігі (қанатты ит).

Ұшпа - жауын болып жаумайтын бұлт.

Ұябасар - бүркіттің ұрғашысы.

Ү

Үйқамақ - үй жағдайында тұтқында ұстау.

Үйқонақ - кәмелетке жетпеген қыз бала.

Үйлеу - үйлену.

(«Мұхаммед жиырма бес жасқа жетті,
Қалайда оны биыл үйлейміз деп,
Әбутәліп туыстармен кеңес етті».
Дияқажы, «Мұхаммед»)

Үйірмекіл - кемінде екі адамның қатысуымен кемінде төрт асықты үйіріп ойнайтын ойынының түрі.

(«- Үйірмекіл ойнайсың ба? - деді Барыс».
Ғ.Құлахмет, «Көл түбіне кеткен ел»)

Үйі - қарамал жатыры.

Қарамалға қаратып үйі дейді. Түлкіге кқратып айтқанда да үйі дейді. Түлкі үйігеді ғой.

Үйірім - құстың тобы /үйірі.

Үкпе - түйенің азу тісі.

Үндемес - бестас ойынының тоғызыншы кезегі.

Ш

Шаға - дайындық.

(«Азусыз ат мінбедім,
Жағасыз шапан кимедім.
Жараттым елге білгенім,
Білуге шаға иледім».
Дияқажы)

Шабар - жылқы малының үйірге түсуге жарағаны.

Шағыр - мал баласы көзінің көк болуы. Төрт түлікке қаратып айтқанда көккөз түйе, немесе бие деп айтпайды, шағыр дейді. Бабаларымыз оларды жаратпаған. Соған орай шағырдан үйір салмаңыз деген.

Шажырқай - іш май.

Шақалақ - алты айлық нәресте.

Шақар - күзеннің арланы.

Шақат - суы қайтқан жер.

Шақтасын - дәл емес, бірақ соған жетеқабыл.

Шақты - шамалас, жетерлік.

(«Ғалиядан» мен қалғанмын әкем өліп,
Демеді қаражатпен жолға шақты».
Дияқажы)

Шақыт - пышақты екіншісімен қайрау.

Шанаш - тезек теретін қап.

Шаңдақ - ернеусіз ағаш табақ.

Шаңыт - қалың шаң.

Шам - намыс /шамшыл - намысшыл/.

Шама - бажалардың балалары.

Шапық - шап майы.

Шапиқ/шапық - шапағат жасаушы.

(«Шапиғым, шапағат қыл, мен мұқтажың,
Рауаң бар бір ғұмырлық ләуләк тәжің».
Дияқажы)

Шашал - күзеннің қаншығы.

Шәрке - теріден істелген орама аяқтон.

Шәулі - бүркіттің еркегі /қоразы/.

Шеңгел - бүркіттің шынашығы.

Шетер - адамның өз ғұмырында жасайтын бір айтулы ерлігі.

Шетін - уайым.

(«Емеспін жүрген жайдақ ел шетінде,
Айтасыз қандай ғақыл мен шетінге».
Дияқажы)

Шилан - әмиянның шағын түрі.

Шилен - шилі жер.

Шобыр - мал қайыруға мінетін ат.

Шойнақ - аяғын сүйретіп басатын адам.

Шоңқайма - өкшелігі сүйем етік.

Шоңқы - омпының қарсы жағы.

Шоқтогай - ойдым тоғай.

(«Қостерек өзенінің Нұрақ деп аталатын иінінде ұйыса өскен шоқ тоғайға тығылған жеті-сегіз қыстау - Аламан ұрпақтарының қысқы қонысы».

Ғ.Құлахмет. «Көл түбіне кеткен ел»)

Шом - бума/қамыс.

Шоры - күң.

Шөгел - бүркіттің қайтқаны.

Шөжей - сұқсырдың балапаны.

Шөжен - қырғауылдың балапаны.

Шөке - қарғаның мекиені.

Шөкей - шөпшектің әйелі, шөпшек келін.

Шөкейіт - киіктің асығы.

Шөкіт - түйенің шөгуі, адамның тізелеп отыруы.

Шөншік - арыстанның күшігі.

Шулан - қасқырдың қаншығы (Моңғол жұрты оны шона дейді). «Бөлтірігін алма шуланның, шұрқан салар қораңа» деген мәтел бар. Қасқырдың кекшіл тағы екендігін білеміз. Оның ішінде шуланның, оның ішінде бөртенің кекшілдігі әлемет. Бұлар нағыз қырыпсалдар. Соған орай қазақ аңшылары апаннан күшік алса бәрін алған. Көз алдарында күшігі жүрсе кегін ұмытпайды деп.

Шуыр - шуын жеп қоятын сиыр малы.

Шүңет - түбі көрінетін ойық. Шүңеткөз деп айтқанда әз мағынасы түсініледі.

Шүрегей - үйректің мекиені.

Шікіра - ешкінің теке/еркек лағы.

Шілдік - тісі әбден мүжілген мал.

Шығу - ісік.

(«Тамағына шығу шығып, бір жетіден кейін қайтыс болды».

Қайыркүл Ахмет «Қажыбаян»)

Шыжың - кіші дәреттің тұрмауы.

Шыжым - түйенің жүнінен ескен құлашты жіп. Негізінен бүркітті қайыру үшін қолданады.

Шылқыма - өзінің шегіне сыймайтын жылқы малының қазысы.

Шымайыт - шымды жер.

Шып - құстың қанатындағы су.

Шыраң - тым семірген адам.

Шыт - әйелдердің бас жамылғысы.

Шыт - мата атауы.

Шытық - бір нәрсенің кішкене ойығы, көзі.

Шік - ен, таңба.

Шікті түліктің жамбасына салады.

Шікіл - құс көшінің басшысы.

І

Ілбісін - сілеусіннің қаншығы.

Ілтік - найзаның екі пісті/ұшты түрі.

(Ілтіктің басына,

Ешкімді салмадым.

К.Жуасбайқызы «Өкініш»)

Інгенше - түйенің қауға жарағаны.

Інсін - сілеусіннің күшігі.

Іштон/ыштан - іш/кі киім.

ҮШІНШІ БӨЛІМ

ДІЛТАНЫМ

Бірінші жазба
АҒАЙЫН, ЖАМАҒАЙЫН ЖӘНЕ ҚАЙМАНА

Халқымыздың ежелгі жөн-жорасы бойынша ер жігіттің үш жұрты болады. Олар - өз жұрты, нағашы жұрты және қайын жұрты. Біздің туыстық ұстынымыз тікелей осы үш жұртқа байланысты. «Сұраса келе қарынбөле шығатын» қарға тамырлы қазақ руға, тайпаға, ұлысқа, жүзге бөліну арқылы бір-бірімен сүйек болып жатады. Қазақтың туыстық ұстыны осылай бөліну арқылы бірігуге негізделген. Ағайын, жамағайын, жекжат, құдандалы болып туыстасу осыдан шыққан.

Осыған байланысты тек қана қазақ халқына тән туыстық қатынастың дербес атаулары айтарлықтай қанық бояулы. Мәңгүрттіктің салдарынан бұл атаулардың дені ұмытылды, қайсыбір атаулардың бастапқы мән-мағыналары күңгірттеніп, қолданудан түсіп қалды. Осыдан барып басқасын қойғанда жеті атамызды тарата алмайтын дәрежеге жеттік. Атасыз, тексіз халықтардың қатарынан орын ала жаздадық.

Кейінгі уақытта қазақтың осы туыстық ұстынын қайтып орнықтыру бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар баршылық. Алайда жоғарыдағыдай себептерге байланысты әттеген-айлар, қайсыбір селкеуліктер де жетерлік.

Сонымен ер жігіттің қара жұрты - өз жұрты. Жалпақ тілмен айтқанда - ағайыны. Бұл жөнінде халқымыз «Өз жұртың күншіл» дейді. Онымен қоймай «Бар болсаң - көре алмайды, жоқ болсаң - бөліп бере алмайды. Жақсы болсаң - күндейді, жаман болсаң - жүндейді» деп қосып қояды.

Әйел баласы үшін өз жұрты - төркін. Қазақтың ататегі осы өз жұртынан шығады. Жеті атаны өз жұртынан таратады. Кейінгі кезде он атаны тарату да үрдіске еніп жүр. Жамағайынды білу үшін бұл да керек.

Жеті атаны баба не баладан емес, атадан өрбітеді.

Ата - баланың әкесінің әкесі.

Әже - әкенің қосағы, әкенің шешесі.

Баба - атаның әкесі.

Мама - бабаның қосағы.

Әке - атаның баласы.

Өгей әке - шешенің екінші рет тұрмысқа шыққандағы күйеуі.

Өкіл әке - жас келіннің түскен жеріндегі әке орнындағы қамқоршы ер адам.

Шеше - әкенің қосағы.

Осы әке мен шешені қосарлап - әке-шеше дейді. Ерлі-зайыпты деп те атайды. Ол өмірге ұрпақ әкелуші қосақ деп ұғынылады. Осы ерлі-зайыптылардың ерін - жұбай деп айтуды шығарып алдық. Бұл мүлде дұрыс емес. Ер адам - отағасы, күйеуі, ал оның қосағы - әйелі, жұбайы, зайыбы. Осы әке-шешені ата-ана деп те айтып жүрміз. Мұнда айтарлықтай селкеулік бар. Атап айтқанда түркі тілдес халықтардың денінде ана сөзі ене деп айтылады. Бұған салсақ ата-ана тіркесі ата-ене деп айтылса керек еді. Және бұл әке- шешенің әке-шешесіне қатысты атау. Бұл мағынасында осынау атау қайын жұртқа қаратылып айтылады. Ауыспалы мағынасында ата-ана деп айту, баланың әке-шешесі деп түсіну кейін шыққан.

Бәйбіше - көп әйел алғандағы әйелдердің үлкені, рет саны бойынша бірінші әйел.

Тоқал - бәйбішеден кейінгі әйелдер. Ер адамдар көп әйел алғанда тоқалдар былай бөлінеді: үлкен тоқал, кіші тоқал және кенже тоқал. Тоқал саны екеу болғанда: үлкен және кіші тоқал деп аталады. Бәйбіше қайтыс болған жағдайда да тоқалдар бәйбішенің орнын баса алмайды. Бәйбіше орнында отырған тоқал - бәйбіше тоқал деп аталады.

Өгей шеше - әкенің екінші рет үйленгеніндегі әйелі.

Өкіл шеше - жас келіннің түскен жеріндегі шеше орнындағы қамқоршы әйел адам.

Бала - әке-шешенің ұрпағы. Бала жынысына қарай ұл, қыз деп екіге бөлінеді. Ұл ұрпақ жалғастырушы, шаңырақ иесі, мұрагер, атұстар. Қыз ұрпақты дүниеге әкелуші, отбасының қонағы, қырық жеті.

Балалардың үлкені - тұңғыш, соңғысы - кенже. Қалғандары - ортаншы. Қарашаңырақ кенже ұлда қалған.

Аға - отбасындағы жасы үлкен ер бала.

Жеңге - ағаның әйелі.

Ағке - келін әкелуші, бас құда орнындағы адам. Ағке сөзі аға сөзінен жасалған. Қазір бұл сөз жасы үлкен ет жақын ер адамдарға қаратылып айтылады.

Ағатай - әкенің кенже інісі. Ағатай сөзі аға сөзінен шыққан. Қайсыбір отбасында немеренің алды жасы бойынша баладан үлкен болған. Әлгіндей сүт кенже бала жасының кішілігіне қарамастан әке орнында отырса да ағатай деп аталған. Тура мағынасында ағадай деген сөз.

Іні - отбасындағы жасы кіші ер бала.

Келін - інінің, баланың әйелі.

Апа - отбасындағы жасы үлкен қыз бала.

Әпке - келін әкелуші, бас құдағи орнындағы әйел адам.

Апатай - әкенің кенже қарындасы, кейін апатай сөзі апытай деп дыбыстық өзгеріске ұшыраған.

Қарындас - ер баламен бірге туған жасы кіші қыз бала.

Сіңлі - қыз баламен бірге туған жасы кіші қыз бала.

Еже - әкенің апасы.

Абысын - ағайынды ер адамдардың әйелдері.

Ажын - ағайынды ер адамдардың немере келіндері.

Тілімізде абысын-ажын деген тіркес бар. Осы тіркестегі екі сөз бір-бірінен ажыратылып, айтыла береді. Абысын жөнінде халқымыз: «Ағайын тату болса - ат көп, абысын тату болса - ас көп», «Ажын болған абысын болады» деп мақал-мәтелге қосады. Бұл жерде соңғы мәтелге назар аударған жөн. Абысын тұрғанда ажындар бір-біріне абысын бола алмайды. Олар абысын болу үшін арада бір ұрпақ алмасу керек. Жалпақ тілмен айтқанда абысын - отбасындағы келіндер, ажын - отбасындағы немере келіндер.

Ағайындылар - отбасындағы балалардың жалпы атауы. Ағайын - бір атаның адамдары, сегізінші атаға дейінгі ағайындылар.

Жамағайын - жеті атадан асқаннан кейінгі ағайын, он бірінші атаға дейінгі ағайындылар. Ағайынмен қыз алыспайтын қазақ жамағайынмен алысады.

Қыздар - үйленбей өткен ер адам.

Қызай -тұрмыс құрмай өткен әйел бала.

Телі - әйелдің бірнеше еркектен көрген балалары.

Белі - еркектің бірнеше әйелден көрген балалары.

Жесір -талақ болған немесе күйеуі қайтыс болған әйел.

Әмеңгер - жесір әйелдің қайтыс болған күйеуінің аға-інілері, ағайыны.

Бопай - әйелі өлген еркек.

Басар /башар/ - балдыздың бопайға әйел болуы.

Бөле - апалы-сіңлілердің балалары. Қазір бажалардың балаларын да бөле деп айту үрдіс алып жүр. Бұл дұрыс емес. «Екі аяқтыда бөле тату, төрт аяқтыда бота тату» деп мақалдауды шығарып алдық. «Бөле татудың» орнына «Бажа тату» деп те айтып жүрміз. Дұрысы: «Екі аяқтыда құрдас тату».

Қарынбөле - ағайыннан тарайтын қыздардың балалары.

Төле - бөлелердің балалары.

Бөлен - ағалы-інілі адамдардың апалы-сіңлілерге үйленгендегі балалары.

Бажа - апалы-сіңлі қыздардың күйеулері.

Шама - бажалардың балалары. Өмірде апалы-сіңлілердің қайтыс болып, олардың күйеулерінің қайтып үйленуі жайты болып жатады. Бұл әйелдерден туған балаларды да бабаларымыз жоғарыдағыша алыстатпаған.

Қайната - ерлі-зайыптылардың әкелері.

Қайнене - ерлі-зайыптылардың шешелері. Қайын ата мен қайын енені қысқартып ата-ене деп айтады.

Қайынаға - ерлі-зайыптылардың жасы үлкен ағалары.

Қайыніні - күйеуінің жасы кіші інілері.

Қайынапа - күйеуінің апалары.

Қайынсіңлі - күйеуінің қарындастары.

Қайынбике - әйелінің жасы үлкен апалары.

Балдыз - әйелінің жасы кіші бауырлары.

Жезде - апаның күйеуі.

Күйеу - бір атадан /ағайыннан/ қыз алған адам.

Күйеубала - қарындас пен сіңлінің /қыздың/ күйеуі.

Қайын жұрт - күйеудің қыз алған жұрты.

Құда - қыз алып, қыз беріскен отбасының отағасылары.

Құдағи - құдалардың әйелдері.

Құдабала - ерлі-зайыптылардың інілері.

Құдаша - ерлі-зайыптылардың қарындастары мен сіңлілері.

Тапа - құданың құдасы.

Бапа - құдағидың құдағиы.

Немере - ұлдың баласы.

Көке - немеренің әйелі, немере келін.

Шөбере - немеренің баласы.

Көкей - шөберенің әйелі, шөбере келін.

Шөпшек - шөберенің баласы.

Шөкей - шөпшектің әйелі, шөпшек келін.

Немене - шөпшектің баласы. Қазақтың жеті атасы осы неменемен аяқталады. Алайда халқымызда он ата тарату үрдісі де бар. Алғашқы жеті ата ағайын болса, кейінгі үш ата - жамағайын.

Жүрежат - немененің баласы. Өз жұртының сегізінші ұрпағы әлі бөтен емес, жат болғанның өзінде жүре барып жат болады.

Көрежат - жүрежаттың баласы. Бұл ұрпақ жат болғанда көріп тұрып жат болады.

Туажат - көрежаттың баласы. Қазақтың он атасы осымен тамам болды. Оныншы ұрпақтың атауы айтып тұрғандай ендігі ұрпақ туа жат. Қайын жұрт жөнінде халқымыз «Қолыңның ұзындығына қарайды, жағаң-

ның қызылдығына қарайды. Берсең жағасың, бермесең дауға қаласың» дейді. Тіпті «Қайын жұртың - міншіл» деп шорт кеседі.

Қайын жұртты жоғарыда ағайын ішінде түгендедік. Енді ер-азаматтың үшінші жұртына ауысайық.

Халқымыз «Нағашы жұртың - сыншыл», «Жақсылығыңа - сүйінеді, жамандығыңа - күйінеді. Әрқашанда тілеуіңді тілейді, тілеуқор болады» дейді.

Нағашы - шешенің төркін жұрты.

Нағашы аға - шешенің ағасы.

Нағашы жеңге - нағашы аға мен нағашы інінің әйелдері.

Нағашы іні - шешенің інісі.

Нағашы апа - шешенің апасы.

Нағашы қарындас - нағашы ағаның қарындасы.

Нағашы жезде - нағашы апаның күйеуі.

Таға - нағашының баласы. Қырғыз ағайын нағашыны таға дейді. Түстіктің қазақтары да осы мағынасында қолданады.

Тағай - тағаның баласы.

Таңай - тағайдың баласы.

Жанай - таңайдың баласы.

Қанай - жанайдың баласы.

Маңай - қанайдың баласы.

Нағашының һэм жиеннің сегізінші ұрпағын қазақтар қаймана деген. Қаймана сөзі туыстық ілік-шатыстықтың жоқтығын білдіреді. Қаймана қазақ деген сөз осыдан шыққан.

Нағашыны тарату тәмсілін зерделесек қисынды бірізділікті аңдауға болады. Нағашының бесінші ұрпағының жанында, алтыншы ұрпағының қанында ғана «нағашылық» қасиет бар. Ал жетінші ұрпағында нағашыдан маңайлық қана қасиет қалады.

Жиен - қыздан туған балалар. Қазақта жиен жұрт деген ұғым жоқ. Халқымыз «Жиен ел болмас» деп тұқыртып, «Жиен назары жерде қалмайды» деп аспандатады. «Қыздан туғанның қиығы жоқ» деп жиенді өз алдына ел қылып шығаратын да біздің қазақ.

Жиеншар - жиеннің баласы.

Дегеншар - жиеншардың баласы.

Көгеншар - дегеншардың баласы.

Көбеңшар - көгеншардың баласы.

Тебеншар - көбеңшардың баласы.

Өлеңшар - тебеншардың баласы.

Халқымыз жиенді де жеті атаға дейін ғана таратады. Сегізінші ұрпағын жоғарыда айтқанымыздай қаймана дейді.

Екінші жазба

БАТА, НАУРЫЗБАТА, ТЕРІС БАТА ЖӘНЕ БӘДДҰҒАС

Қазақ ұғымында бата үлкен орын алады. Елден шыққан ершектерді «аузында батасы, сөзінде бәтуасы жоқ» деп тезге салып, қатарға қосқан. Осы бата мен бәтуа сөздерінің түбі бір.

Ең алдымен, оның қасиетті Құран Кәрімдегі бірінші сүренің атауы екендігін айтқанымыз жөн болар. Олай болса бата да қасиетті сөз. Ол кез келген жерде айтыла бермеген. Оның да жол - жоралғысы бар.

Бата иман сөзі болғандықтан тұрмысымызға мықтап енген. Ол Құдайдың бергеніне шүкіршілік етуімен байланысты. Адамның басты байлығы - денсаушылығы дәмге қатысты. Ол тән саулығына бастайды. Аста да имандылық бар. Бата жүрген жерде қанағат жүреді. Жоққа салауат айту, барға қанағат жасау бұл - жан саулығы. Олай болса Құдайдың адалынан берген дәміне бата жасау пендесінің мойынындағы парыз. Ол дастарқан үстіндегі дәмнің азды-көптігіне, дастарқан басындағы адамдар санына байланысты емес. Бата дәмнің алдынан және соңынан беріледі.

Пендесінің тән саулығына ұмтылуы табиғи нәрсе. Соның өзінде шектеу бар. Ұшқан құстың, жүгірген аңның бәрі бірдей адал емес. Жаратқанның қазекеме адал деп қосқан адал асы ең алдымен - төрт түлігі. Жүгірген аңның жынды қорек ететіні тұрсын, ін аузына теріс қарап жататынын адалға қоспаған. Теріс батаның түп тамырында осындай харам - адал сынды түсініктер тұр. Жан саулығы да осы түсінікпен астасып жатыр, алайда оның мәні тереңірек. Не нәрсе болсын маңдай термен келеді. Ендеше әлгі адал астың өзі өздігінен келмейді.

Жақсы сөз жан семіртеді. Бата сол жақсы сөздің мәйегі. Ендеше батамен жан семіреді, күнәқарлықтан сақтандырады. Харам асты тұтыну үлкен күнә болып табылады. Дастарқан басында ондай «дәм» болғанда бата жасалмайды.

Әдетте дәмге батаны ақсақалдар, не болмаса еліне сыйлы азаматтар немесе жолы үлкендер қайтарады. Бұл жерде жасқа қарамайды, басқа қарайды. Сондықтан қазақ үрдісінде дәмге негізінен жасына қарамай бас ұстаған адам бата жасайды.

Әйел баласы бата бермейді. Күйеубала да бата қайырмайды. Өйткені күйеубала бас ұстамайды.

Ертеректе дәмнің алды - артынан дұға оқылған. Діннің Кеңес заманында тәрк етілуімен ол кейінде жай ғана бата түрінде - дәм беруші үй иесі мен дастарқан басындағыларға игі тілек, алғыс айту түріне ауыс-

қан. Бұған қарап бата мен дұғаның бір-бірінен алыс ұғымдар еместігін аңдауға болады.

Халқымызда бата оқыр деген ұғым бар. Оның мәнісі дүниеден қайтқан адамға дұға оқу.

Батаның кең тараған ұғымы — алғыс, игі тілек деген түсініктер. Осыған орай халқымыз «батаменен ел көгереді» деп шегелеп кеткен. Оның астарында да көп мән жатыр. Қай елдің болсын баласының жасаған қызметі сатулы. Бізде де «тегін емес». Ондай қызметі үшін қазақ ұланы бата алады. Үлкенді құрметтеу, оларға жасы кішілердің қызмет көрсетуі осылай сіңірілген. Қызметтің үлкен - кішілігіне қарамай бата беріледі. Сондықтан жасы кішілер реті келсе үлкендерге қызмет көрсетуге ұмтылып тұрады. Бата алмай қазекем сапарға шықпаған. Бата жасалмай қандай іс болсын қолға алынбаған. Есімдері елге жайылған жандардың батасын алуды қазекем үлкен ырымға жорыған. Сондықтан ат тұяғы жетер жерден ондай адамдарды арнай ат жібертіп алдырып, мал сойып, батасын алған. Бесіктегі баласының аузына түкірткен. Жер шалғай болған жағдайда баласын ашамайға отырғызып, жанына серік қосып жіберген.

Бата берушінің мойнында үлкен жүк бар. Бата киелі ұғым. Аты шыққан адамдар алдына келгендердің бәріне бірдей бата бермеген. Сынына толғанда ғана берген.

Мал сойғанда да бата жасалады. Соғыс жағдайында ауылда ер - азаматтардың болмауы мүмкін. Осындай жағдайда ғана ауылдың сыйлы, пірәдар бәйбішесі ғана берген.

Әйел баласының мал бауыздамайтыны белгілі. Жоғарыдағыдай жағдайда оған да кеңшілік жасалған. Оның өзінде шектеу бар. Әйел баласы малды сүндеттелген баланың қолының сыртынан қолын салып бауыздаған. Қазекем батаны қате кетпейді деп түсінеді. Сондықтан оған барынша қатты қараған.

Не нәрсе болсын оның міндетті түрде жұбы болады. Батаның да жұбы бар. Ол - теріс бата. Бабаларымыз қорыққанда осы теріс батадан қорыққан. Соған орай оны ауызға алмауға тырысқан. Батаның терісі болған соң оның оңы да болу керек ғой. Алайда ол бізде жоқ. Оң батаны ерекшелемей жай ғана бата деген. Бата атауының түп-төркінінде осындай ұғымдар мен нанымдар жатыр. Алайда өмір болған соң бәрі де болады. Соған орай теріс бата да бой көрсетіп қалады. Бір ерекшелігі ондай батаны ең жақын адамдары берген. Демек теріс бата шалт әрекеттермен байланысты берілген. Ол қасиетті, киелі ұғымдармен кірігіп жатыр. Ондай әрекеттер үлкен күнә, кешірілмес қылмыс саналған. Оның жазасы да үлкен, ел естімеген жаза. Ол - теріс бата. Мұндай жаза

тұтастай елдің бетіне түскен шіркеу ретінде бағаланған. Сондықтан мұндай жазалар ілуде-шалуда қолданылған. Теріс бата қолдың сыртымен берілген. Мұндай бата көпшілік алдында жасалған. Себебі белгілі - ондай оқыс әрекеттер қайтып қайталанбасын дегендік. Мұндай баталар негізінен опасыздық жасағандарға, сатқындыққа жол бергендерге, бата бұзғандарға берілген.

Теріс бата ұрпақтан ұрпаққа кетеді деп түсінілген. Сондықтан оның алдын алуға бүкіл ағайын, жамағайын, ру болып жұмылған.

Алайда бата бұзушылардың жоғарыдағыдай жазадан құтылып кететін сәттері де болған. Ол жыл басы - наурыз айымен байланысты. Бұл айда берілетін батаны наурызбата деген. Наурызда теріс бата жүрмеген. Сондықтан да атастырылған күйеуін олқысынған қыздардың сүйген жігіттерімен қашып кету оқиғалары осы айға келген.

Оның есесіне кейінгілерді мұндай шалт қадамдардан сақтандыру жазасы «белгіленген». Ол - бәддұға/с/. Бәддұғас екі сөзден тұрады. Біріншісі - бата, екіншісі - дұға деген сөздер. Бәддұғаста жай ғана бата берілмей, дұғасы да оқылады. Демек бұл да ауыр жаза болып табылады. Оны да күнәкардың жақын адамдары берген. Теріс батадан бәддұғастың айырмашылығы - бәддұғаста оқылған дұғаны жетінші ұрпақтан дұға оқу арқылы қайтаруға болады-мыс. Екінші бір ерекшелігі - наурыз айында бәддұғас айту міндетті емес. Сондықтан оны ешкім сөкпеген. Бақа жағдайда не теріс бата, не бәддұғас берілген.

Үшінші жазба
БҰЛҚЫНШАҚ, ЖАРЫЛҒАП, КӨЗДІК, ҚАТАР ЖӘНЕ ДОЛЫҚ

Қазақ халқы күнделікті өмірінде қапты кеңінен пайдаланған. Көшпелі өмір салтын ұстануы бұған еріксіз мәжбүрлеген. Көшпенділік ашық-шашық жүруді көтермеген. Сондықтан қашанда көшуге тастүйін дайын отыру керек еді. Көшпендінің серігі тастаяқтай жинақылық болған.

Қаптың өзі пайдалануына, қолданылуына байланысты үлкен үш топқа бөлінеді. Оның ішінде ең кішкенесі, әрине, қалта. Қалтаның көбірек тарағаны - тонқалталар. Іштоннан бастап сырттонның бәрінде қалта болады. Олар жанқалта, төсқалта, белқалта, ішқалта, сыртқалта (тысқалта/тұзқалта) деп аталады.

Зағиптердің ішкі сырма қалтасы әзқалта делінеді. Ол әдетте кеуденің сол жақ тұсында орналасады. Онда зағиптердің ең қажетті заттары сақ-

талады. Күнделікті тұрмыстық қалаталар да болады. Оған ең алдымен жемқалта жатады. Атауында тұрғандай бұл жем салатын қалта. Оған көбіне атбегілер, құсбегілер үйірсек келеді. Абақ та осы топқа кіреді. Абақтың есеп қап екендігі белгілі. Қазақтың есепқабы бір абақпен бітпейді. Оның санар деген түрі де бар. Үйірлі жылқыны санағанда құмалақ салып тұратын қалтамыз осы. Абақ пен санарды ауызекі тілде қап деп айту кең етек алған.

Қалтаның үлкені - малақай. Онда әйелдің жыл ішінде емшек сүтімен көтерген баласы - балақай жататын болған. Әдетте үйде бір-ақ бесік болады. Бесік жетпегендіктен балақайды құлақшынға жатқызып, керегеге іліп қоятын болған. Балақай жататын болғандықтан әлгі құлақшынымыз балақай атанған. Кейін малақай болып дыбыстық өзгеріске ұшыраған.

Қапсырма қалталардың тізбесі қатар делінеді. Қатар ірілі-ұсақты он шақты қалтадан тұрады. Оларда күнделікті өмірде жиі қолданылатын тұрмыстық ұсақ-түйек заттар мен бұйымдар сақталған. Айна, тарақ, жіп, ине дегендейін.

Қалтаның кәделісі - әмиян. Онда ақша сақталады. Оның шағын түрін - шилан дейді.

Онан кейінгі үлкендеу сыйымдықты қалта түрін дорба деген. Оның ішінде елге етене танысы, тұрмыста көбірек қолданылатыны - жемдорба. Атдорба, қолдорба, жолдорба да осы топқа жатады. Есеп дорбалардың жалпы атау - жабақ делінеді. Тіл, көз тимесін деп шарбақ, сырғауыл басына ілінетін дорбаны абақы дейді. Кейде мұны атқаратын қызметіне байланысты ауызекі тілде ырымқалта деп те атай береді.

Боқша да тұрмыста жиі қолданылады. Ол қалың киізден не матадан жасалады. Боқшаның сырмалысы да кездеседі.

Дорба мен қаптың арасында қапшық бар. Оларды жалпылап баспақ дейді. Бұл атау тек теріден жасалған шағын қаптарға қатысты. Қалғанының барлығы - қапшық.

Сондай қапшықтың бірі - шанаш. Мұнымыз теріден жасалған мұз сақтайтын қапшық. Ауызсуға пайдаланылатын сүйменмен ойып алған мұзды осынау шанаштарда сақтаған. Тірі суды да осы шанаштарда сақтаған. Жаз айларында мәйітті туған-туысқандарына қаратқанда да осы шанашты пайдаланған. Аяқтың ауыспалы мағынасы ыдыс деген сөз. Аяқшы деген кәделі қызмет те болған. Ас (ет) салынған табақтан дәм алушылар өзіне тиесілі мүшесін тауып, ризашылықпен аттануы тиіс. Бұл міндет аяқшыға жүктелген.

Ал аяққап деген сөз ыдыскап деген мағынаны береді.

Шернияз ақын бір өлеңінде:

- Болғанда топай құлға асық болар,
Аяққапта қырғыш пен қасық қалар, -

деген.

Көшпенді қазақ сынатын ыдыстарын осындай қаптарда сақтаған. Оны қазақтар сына деген. Сына шыны ыдыстарға арналған, теріден (былғарыдан) жасалады. Аяққап та өз алдына жіктеліп, бөлініп жатады. Теріден жасалған қаусырма қаптар болады. Солардың бірі -кесеқап. Атауында тұрғандай онда кеселер сақталады. Кесеқапқа ұсақ малдың бітеу сойылған сан (аяқ) терілері пайдаланылады.

Жиылған керегені тасымалдауға арналған, әсем әдіптелген қапты керегеқап деген. Жиылған керегені қазақ әдетте қанат дейді. Алайда соған қарамастан қанатқап аталмай керегеқап аталған. Керегеқапты өнер туындысы деуге де келеді. Ондағы ою-өрнек қою келеді. Жиектері әсем әдіптеледі. Уықтарды әдетте баулап санамалайды. Бір уыққапқа он бес-жиырма уық бауланады.

Көзқап -құдықшылардың су тазарғанша тазалайтын теріден жасалған қап тәрізді ыдысы.

Қап атаулының үлкені - қанар. Әдетте онымен көлемді, бірақ салмағы жеңіл заттар мен бұйымдарды тасымалдайды. Мәселен, жүн.

Сойылбау қиып кетпес үшін қарға киілетін теріден жасалған қап - қарыл деп аталады.

Бұлқыншақ деп жылқы немесе ешкінің бітеу сойылған сан терісінен жасалған қапты айтады. Ал желінқапты жарылып кетпесін деп сиырдың желініне кигізеді.

Жарма қапты - жарылғап деген. Ол тұрмыста жиі қолданылады. Астық сақтауға аса қолайлы.

Арадан, шыбын-шіркейден қорғаныш қапты - басқап деген. Есебі басқа киетін қап деген мағынаны береді. Қолға киетін қапты - қолғап деген. Белден төменгі аяқтонды - аяққап деген. Көздігі бар қапты көзқап деген. Масақаппен масадан қорғанған.

Әйел баласы шашының табиғи бояуын жоғалтпау үшін шашқапты пайдаланған. Шаш мұндай қапта сынбайды. Долық малдың, оның ішінде қара малдың бітеу терісінен жасалады.

Бітеу сойылған аң терісі - жүгіртпе деп аталады. Бітеу сойылған төрт түлік санының атауы жетерлік. Саң, мес, долық, бұлқыншақ осы қатарға жатады. Долық та қап орнына жұмсалады, пайдаланылады. Құй мен құдық қазған құдықшылар онымен қырық құлаш құдықтардың лайын не тасын саумалап шығарған. Арқа қазақтары осылайша шығарылған лай қоспаны өтелек деген. Долықтың аузы бүрмелі келеді. Сонан

барып оның ішіндегі лай не тас шашырамайды, құдық ішіндегі адамға қауіп төндірмейді. Алайда керісінше де болып жатады. «Өтелек қазған өлгенін білмейді» деген мәтел содан қалған.

Төртінші жазба
ЖЕЛМАЯ, ТҰЛПАР, ҚАРАТІЛ ЖӘНЕ КЕЛЕПАН

Халқымыздың адал деп, Құдайдың асқа қосқаны деп бағып-қаққан төрт түлігі - түйе, жылқы, сиыр, қой/ешкі. Осы төрт түлік халқымыздың жесе - тамағы, ішсе - сусыны, кисе - киімі, мінсе - көлігі, бір сөзбен айтқанда күнкөріс көзі. Сондықтан да бабаларымыз амандықты ең алдымен малдан бастаған. Оларды киелі деп ұққан, пір тұтқан.

Төрт түліктің пірлері: түйе - Ойсыл қара, жылқы - Қамбар ата/Жылқышы ата, сиыр - Зеңгі баба, қой - Шопан ата, ешкі - Сексек ата/Шекшек ата.

Төрт түліктің жаралуы: сордан - түйе, желден - жылқы, судан - сиыр, бейіштен/оттан - қой, тастан - ешкі.

Төрт түліктің аталығы/еркегі: түйе - бура, жылқы - айғыр, сиыр - бұқа, қой - қошқар, ешкі - теке.

Төрт түліктің аналығы/ұрғашысы: түйе - інген, жылқы - бие, сиыр - сиыр, қой - саулық, ешкі - ешкі.

Төрт түліктің түйін салуы: түйе - шөгеді, қайиды, жылқы - шабады, шығады, сиыр - жабады, жасиды, қой/ешкі - қашырады, қашады.

Төрт түліктің төл көтеру мерзімі: түйе - он екі ай, жылқы - он ай, сиыр - тоғыз ай, қой/ешкі - бес ай.

Төрт түліктің төлдеуі: түйе - боталайды, жылқы - құлындайды, сиыр - бұзаулайды, қой - қоздайды, ешкі - лақтайды.

Төрт түліктің төлі: түйе - бота, жылқы - құлын, сиыр - бұзау, қой - қозы, ешкі - лақ.

Төрт түліктің еркелету: түйе - ботам/ботақаным, жылқы - құлыным/құлыншағым, сиыр - бұзауым/бұзауқаным, қой - қозым/қошақаным, ешкі - лағым/лақ ешімім.

Төрт түліктің пішпелері: түйе - атан, жылқы - азбан/ат, сиыр - өгіз, қой - сек.

Төрт түліктің табыны: түйе - келе, жылқы - үйір, сиыр - табын, қой - отар.

Төрт түліктің бағымы: түйе - түйеші, жылқы - жылқышы, сиыр - сиыршы/падашы, қой - қойшы/шопан.

Төрт түліктің оты: түйе - көкпек, жылқы - боз, сиыр - өлең, қой - қара от.

Төрт түліктің ағы: түйе - шүбат, жылқы - қымыз, сиыр - айран, қой - қатық.

Төрт түлікті шақыру: түйе - көс-көс, сорап-сорап, жылқы - құрау-құрау, моһ-моһ, сиыр - ауқау-ауқау, шәуһіт-шәуһіт, қой - пұшайт-пұшайт, қотш-қотш/нүргей-нүргей, ірит-ірит, ешкі - шөре-шөре, нок-нок.

Төрт түліктің мінез-құлқы: түйе - қашаған, жылқы - тебеген, сиыр - сүзеген, қой - момақан.

Төрт түліктің жүрісі: түйе - тайлақтайды, тайраңдайды, тапырақтайды, тойтаңдайды, еседі, жылқы - аяңдайды, ілбиді, шоқырақтайды, текіректейді, жорғалайды, тайпалайды, бүлкілдейді, желиді, шабады, сиыр - тапырақтайды, шапқылайды, өңкілдейді, қой - саулайды, жүгіреді, ешкі - саулайды, қайқаңдайды.

Төрт түліктің дыбыс шығаруы: түйе - бақырады, боздайды, бұрқылдайды, сарнайды, ыңыранады, жылқы - кісінейді, шұрқырайды, оқыранады, шыңғырады, пысқырады, арқырайды, азынайды, сиыр - мөңірейді, өкіреді, қой - маңырайды, пысқырады, шулайды, ешкі - маңырайды, бақырады, бақылдайды.

Төрт түліктің күтімі: түйе - қарттікі, жылқы - жігіттікі, қой/ешкі - бала-шағанікі.

Төрт түліктің сыбағасы: түйе - көштікі, жылқы - қызықтікі, сиыр - қонақтікі, ешкі - кәрі-құртаңдікі.

Төрт түліктің қоңын айыру: түйе - қомынан, жылқы - жалынан, сиыр - санынан, қой - күйрығынан, ешкі - мойынынан.

Төрт түліктің сойыстығы: соғымдық - түйе, жылқы, қарындық - қой, ешкі.

Төрт түлікті қомсыну: түйе - мүйе, жылқы — мылқы, сиыр - миыр, қой - мой, ешкі - мешкі.

Төрт түліктің індеті: түйе - ақшелек, жылқы - жамандату, сиыр - сәлаумәлік, қой - топалаң, ешкі - кебенек.

Төрт түлікті қарғап-сілеу: түйе - ақшелек келгір, жылқы - жамандатқыр/жамандату тигір, сиыр - мәлік келгір, қой - топалаң тигір, ешкі - кебенек келгір.

Төрт түліктің жүні: түйе - шуда/түк, мамық, түбіт/, жылқы - қыл/түк, сиыр - тобар, қой - жабағы/күзем, ешкі - түбіт/қыл.

Төрт түліктің жүйрігі: түйе - желмая, жылқы - тұлпар, сиыр - қаратіл, қой - келепан.

Төрт түліктің асығы: топай - сиыр, кеней - қой/ешкі.

Төрт түліктің тезегі: түйе - томалақ, жылкы - тезек, сиыр - жапа, қой/ешкі - құмалақ.

Бесінші жазба
ЖҰДЫРЫҚ, ЖҰМЫРЫҚ, АЛАҚАН ЖӘНЕ БЕС/БАРМАҚ

Әдетте жақсы білетін нәрсеміз жөнінде «бес саусағымдай білемін» деп жатамыз. Сол бес саусақтың өзін бір-бірінен ажырата аламыз ба?

Бес саусағымызды жұмсақ, сырты - жұдырық, іші - жұмырық, ашсақ - алақан.

Қай халықтың болсын таусылмас қазынасы - фольклоры. Бес саусаққа қатысты деректемелер мен дәйектемелерді осы фольклордан, оның ішінде балалар фольклорынан іздестірген жөн.

Атам қазақ ес біле бастаған баласына эу дегенде-ақ санауды үйретеді. Бала дүниетануды ең алдымен осы санамақтан бастайды. Бірде бүгіп, бірде жазып ойналатын бұл ойын түрі қысқа да нұсқа өлең-жырлармен балалар есінде тез жатталады. Санамақты қарапайым ойын түрінде қарастырып, оны балаларды жылағанда уату деп түсіну ұшқары пікір болса керек. Орыстардың потешкиі сынды бізде де уату өлеңдері жеткілікті. Алайда санамақ - баланың дүниетанымын қалыптастыратын күрделі кешенді ойын түрі. Санамаққа саусақтың барлығы да қатысады, оның ішінде бес саусақтың орыны ерекше. Санамақтың қарапайым түрі «Бес саусақ» деп аталады. Оның реті мынадай: Бір, Білән, Кәлән, Кәтіс, Отыс. Мұнда танымдық, не болмаса ақпараттық ештеңе жоқ сияқты. Алайда баланың бес саусақты енді жазбай танитыны тағы даусыз. Енді санамақ күрделене түседі: бас бармақ, балаң/балалы/ үйрек, ортан терек, шылдыр шүмек, кішкене бөбек. Ал санамақтың салмағы соңғы шумағында жатыр. Сен тұр, қойыңа/қозыңа/бар! Сен тұр, сиырға/бұзауға/ бар! Сен тұр, жылқыға/құлынға/ бар! Сен тұр, түйеге/ботаға/ бар!

Бабаларымыз дүниенің жаратылыс болмысын, дүниенің төрт күйін осы төрт жолмен беріп кеткен. Қой - оттан, сиыр - судан, жылқы - желден, түйе - сордан жаралған.

Халқымыз саусақтың табиғатын жақсы білген, сондықтан да оны абақ ретінде пайдаланған. Көбейту кестесін саусақтарға түсірген. Мысалға, тоғыздың көбейту кестесін алайық: тоғыз бен бірдің көбейтіндісі - тоғыз, көбейтілетін санды бүгеміз, бірді бүккенде оң жақта сегіз /бірлік/, сол жақта бір /ондық/ т.с.с қалады. Жылдың неше күннен, айдан, оның ішінде әр айдың неше күннен тұратынын да осы саусақ арқылы білуге болады. Оған төрт саусақтың буын қатары алынған /бас бармақ кірмейді/. Бұл қатардың дөңесі 31 күнге, ойығы 30 күнге тең. Жыл маусымдары, тоқсандар, күн мен түннің ұзақтығы, олардың теңелуі де саусаққа көшірілген. Оған бунақ және білезік өлшем болған. Адам ба-

ласының жаратылысында өлшем құралдары ретінде өз дене мүшелерін алғаны мәлім. Оның сілемдері бізде осы саусақпен байланысты өлшемдерде қалған. Саусақ негізінен ен және кез өлшемі ретінде тұрмыста кеңінен пайдаланылған.

Ен өлшеміне бармақ, елі, шынашақ және табан жатады.

Елі өлшемі сұқ саусақтан басталып шыншақпен аяқталды. Ал шынашақ еліден басқа өз алдына дербес - шыншақ - өлшем болып та табылады. Бармақтың, елінің және шынашақтың қосындысы табан болады. Бұл өлшем көбінесе халқымыздың күн көрісі жылқы малының қазысына байланысты қолданылады.

Кез өлшемі - сүйем мен қарыс. Әдетте сүйемнің ең қысқасы 10 сантиметрден кем болмайды, ал қарыстың ұзындығы 25 сантиметрден аспайды.

Сүйем өз ішінде тағы бөлінеді: Сүйем - бас бармақ пен сұқ саусақтың аралығы. Сынық сүйем - бас бармақ пен сұқ саусақтың буыны аралығы. Қарыс - бас бармақ пен шынашақ аралығы. Мұны ауызекі тілде бөбек қарыс дейді. Кере қарыс - бармақ пен аты жоқ саусақтың аралығы. Мұны ауызекі тілде шүмек қарыс дейді. Сере қарыс - бас бармақ пен ортан қолдың аралығы. Жырта қарыс - бұл сере қарыс жетпей қалғанда қолданылатын атау.

Мұнан басқа саусақпен байланысты бір реттік көлем өлшемдері де бар. Олар - шымшым, атым, уыс /бір уыс топырақ, бір шымшым тұз, бір атым насыбай/. Атым және шымшым өлшемдерінің табиғаты бір. Соған орай шымшым атымнан кіші болады. Насыбайды алақанға салыпататын болып жүрміз. Ертеректе оны бас бармақ пен сұқ саусақтың арасындағы ояға салып атқан. Атып жіберетін болғандықтан атым атауы содан шыққан.

Саусақпен қатысты өлшемнің тағы бірі -тұтам. Оның бір реттік, мезеттік сипаты жоқ. Бір тұтам, он тұтам, қырық тұтам деп айтыла береді. Әдетте бір тұтам деп қысқа, келте нәрсе /зат/ ұғынылады. Ал тұтамды саусаққа көшірсек, ол төрт елі болып шығады. Ауызекі тілде кейде шеңгелді де саусақ өлшеміне қолданып жүрміз. Бұл дұрыс болмаса керек. Шеңгел саусақтардың жайылып тарбиған түрі.

Түркі халықтарының етті саусақпен жейтіні белгілі. Осыдан барып етті /жеуді/ беш/с/ бармақ деу шыққан. Түркі халықтарының бәрінде бірдей саусақ біздегідей саусақ атымен аталмайды. Оны өзіміздің баба тіліміздің де көруімізге болады. Мәселен, бізде саусақтың өзі төрт түрлі аталады - бармақ, саусақ /сұқ/, қол /ортан/ және шынашақ. Бұл көне түркі тілінің бізде сақталып қалғандығын көрсететін мысалдардың бірі болса керек. Өзбек, татар және басқа ағайындар саусақты бармақ дейді. Еттің бешбармақ /бесбармақ / аталуы содан.

Алтыншы жазба

КІНДІКТЕС, ЕГІЗ, ҮШЕМ, ТӨРТЕМ ЖӘНЕ ДАҒАЛАЙ

Көзін төрт түлікпен ашқан бабаларымыз қашан күйек алып, салуды білген. Көшпелі қатаң өмір салты оларды осыған еріксіз мәжбүрлеген. Отырықшылыққа қарағанда көшпелі өмір кеңқолтықты көтере алмаған. Соған орай ірі қара малының табанының қашан қызатынын, ұсақ малдың тұяғымен қашан жер тарпитынын білу маңызды болды. Түйені қайыту, биені шығару, сиырды жасыту, қой - ешкіні қашыру көшпелі өмірдің ажырамас бөлігі еді. Содан да келедегі шөгетін бураның, қостағы шабатын айғырдың, табындағы жабатын бұқаның, отардағы қашыратын қошқар мен текенің күйітін келтіру үлкен жауапкершілікті талап етті. Табиғи сұрыптауға адамдар осылай араласты. Түйенің он екі ай, жылқының он ай, сиырдың тоғыз ай, қой - ешкінің бес ай көтеретінін жақсы білді.

Көшпелі тұрмыстарына орай аяқты малдан жылқыны, түйені, қой-ешкіні қолай көрді. Солардан қалай егіздетіп төл алуды ойластырды. Сөйткен жағдайда ғана жан сақтап қалуға болатын еді.

Ұсақ малдың егіз табатыны белгілі. Тіпті саулықтың үшем табатыны да кездеседі. Ал ешкі жарықтық төртемге дейін ішті болады. Бұл жағдайда мал иесінің қуанатыны белгілі.

Қарамалға қаратып айтсақ, оны жақсы ырымға жорымаған. Жылқы, не сиыр егіз тапқан жағдайда дереу сыңарынан айыруды ойлаған. Сондай себептен егіздің сыңарын көршіге не қоныстасқа беріп жатады. Ондай жағдай болмағанда пышаққа жыққан. Құлын сойды, не бұзау сойды деген әңгіме содан қалған. Әйтпесе қазақ баласы қарамал төлін пышаққа жықпаған.

Ешкі жарықтық табиғатына қарай жылына екі рет төлдеп отырған. Оның екінші мәрте төлдегендегі шаранасын дағалай атаған. Қазақтың қариялары ешкілерді осылайша төлдетіп, жыл бойы ешкі етінен ажырамаған. Кәрілік мүшелге шыққан бабаларымыз ешкі етін көбірек пайдаланатын болған. Өйткені ол сіңімді және адамды тез ширатады.

Осыларымызды енді адамға қаратып айтсақ бәрі де кездеседі.

Таңғалатын тұқ те жоқ. Емшек сүтімен бала көтерген шешелеріміз аз болмаған. Жылдың басында туған әйелдердің сол жылдың аяғында босанып жататын сәті аз болмаған. Ондай балаларды ерекшелеп балақай деген. Қазіргі уақытта балақай сөзі басқа мағына алып кеткен.

Әдетте әйелдер екі бала туып жатса егіз деп жатамыз. Таза тіл тұрғысынан келсек егіз деген сөздің өзі екі және көп деген мағынаны береді. Өйткеніз көптік жалғауы болып табылады /салыстырыңыз: мүйіз,

тізе т.б./. Алайда бұл жалғаудың тек парлама заттарға жалғанатынын аңдауға болады. Демек мүйіздің немесе тізенің саны екіден аспайды. Бұл анық нәрсе. Мүйіздің бірі біріне ұқсамауы мүмкін. Мәселен, біреуі қисық бітеді. Тізенің ұзынды-қысқалы болуы мүмкін.

Егіздер де солай. Кейбіреулері тіпті бір-біріне ұқсамай жатады. Бірі ұзын, бірі қысқа деген дейін. Бірі қара, бірі сары дегендейін. Ұқсайтындары да болады. Олар - кіндіктестер. Судың екі тамшысындай ұқсайтындар. Оларды бір-бірінен айыру өте қиын болады. Егіздерге қарағанда кіндіктестердің өмір сүруі біршама ғана емес айтарлықтай қиын өтеді. Кіндіктестер әруақытта сезімтал болып келеді. Олардың біреуі сырқаттанып қалса, екіншісі де ұшып түседі. Халқымызда осыған қатысты мынадай бір әңгіме бар.

Баяғыда бір кіндіктестер өтіпті. Ат тартып мінген жылқышылар екен. Соның бірі таң жусауында қосқа оралыпты. Асықпай отырып оясына салып насыбай атыпты. Таңқ етіп түшкіріпті. Содан қараптан қарап тұрып аяғынан баса алмай қалады. Әлгі жігіт бір кептің болғанын сезіп, жігіттерді жылқыға шаптырыпты. Барса, кіндіктесі аттан құлап, аяғын мертіктіріп алыпты. Сөйтсе мана таңқ етіп түшкіргенде құлаған екен.

Бұл оқиғаның өмірде болған, не болмағанын айту мүмкін емес. Алайда осындай әпсананың барлығы да шындық. Мұны ресми медицина да жоққа шығармайды. Дегенмен бұл құбылысты әзірге ғалымдарымыз түсіндіріп бере алмай отыр.

Жетінші жазба
ҚОЛБАЛА, ЖОЛБАЛА, ЕРІКТІ ЖӘНЕ КҮЛ КҮНДЕС

Қазір қолданылып жүрген қолбала сөзінің алғашқы мағынасы мүлдем өзгеріп кеткен. Алып кел, шауып келдің орнына жүрген бұл сөздің алғашқы мағынасы неке қатынасымен байланысты.

Қазақ әйелінің еріне қарағанда ерте қартаятыны белгілі. Осыған байланысты еркек төсек жаңғыртады. Әдетте бұған бәйбіше қарсылық көрсете қоймайды. Мұндай жағдайда қолы жеткендер жас иісті текті жерден таңдап жүріп алады. Қолы жетпегендер ел ішінен ұзамайды. Олардың көздейтіні ел ішінде күтімі болмай жүрген төмен етектер немесе жетім қыздар. Болмаса жамағайынның осындай қыздарын да ала береді. Оларға қалың мал кәдесі жасалмайды, жолы ғана беріледі. Ондай қыздарды алдымен үй іші қызметіне араластырады. Соңынан әйелі

етіп алады. Бұл жағыдайда бәйбіше бөлек шығып, жеке ауыл болып отырмайды.

Кей жағдайда әйелдің бедеулігі қолбала кіргізуге итермелейді. Мұндай себепте барлық шаруаны әйелдің өзі мойнына алады. Қолбаланы ерінің келісімінсіз өзі таңдайды. Ондай баланы көбінесе төркін жұртынан іздестіреді.

Қол қысқалықтан да ер-азаматтың жүріп қалатыны кездеседі. Мұның өзі оның ағайынына бататын сын. Мұндай беті шіркеулі ағайын да жол беріп, қолбала кіргізеді. Қолбаланың жасына ешкім де қарамайды. Тым жас болса да кіргізе береді. Балиғатқа жеткен соң әйелі болады. Мұнда да той жасалмайды.

Әйелі дүниеден қайтқан бопайлар да қолбаланы жағалайды. Жастай қалған бала-шағасы бар бопайлар қолбаланы қол көрмейді. Олар адамын қайын жұртынан іздейді. Мұндай жолмен түскен әйелді жолбала дейді. Кейде жолбаланы қайын жұртының өзі түсіріп береді. Мұндай жайыттар ел ішінде аз кездеспейді. Жолбала әдетте дүниеден қайтқан әйелдің жақын туысы болып келеді. Тіпті болмаса жамағайыны болады. Жолбала түскенде оның қалың малы беріледі. Осыған орай оның тойы да жасалады. Жолбаланың да мүлде жас болуы мүмкін. Алайда қатын алу жоралғысы күшінде қалады. Оның жолы қырық жетіден кем болмайды.

Ел ішінде қатын тұрмайтын қу тақым еркектер де болып тұрады. Мұндай еркектердің беті шіркеулі болатыны түсінікті. Соған орай оларға төсек жаңғырту оңайға түспейді. Ел іші ондайларға қыз бермейді. Сондықтан құрықты алысқа салуға тура келеді. Мұндай қу тақымдардың құрығына түссе, баяғы сол кедей-кепшіктер түседі. Мұнда да қыздың жолы беріледі. Алайда отыз жетіден аспайды. Қосымша бет шіркеуі деп үй сынығын қоса төлейді. Бедеу әйелдердің отбасы берекесін ойлап, үстіне өз қолымен туған немесе жақын сіңлісін енгізетін жайты да болады. Бұл жағдайда бәйбіше отауын бөлектемейді, сіңлісімен бірге тұра береді. Сіңлісінің түңғышын өз бауырына салады. Кейбір бәйбішелер ер балаға ғана тоқтайды. Ондай әйелдерді де ерекшелеп телқатын дейді. Мұндай жолмен келген әйелді тоқал деп атамайды. Телқатынның қалың малы да - қырық жеті. Кейбір әйелдердің қараусыз қалған сіңлісі де осындай жолмен телқатын болып жатады.

Жасы келген әйелдердің өз еркімен әйел кіргізетіні де аз кездеспейді. Ондай әйелдерді ерікті күндес деген. Ерікті күндеске де адам төркін жұртынан іздестіріледі. Оған басы бос келіншектер жарай берген. Сондықтан да оған қырық жеті тұрсын отыз жетінің өзі берілмейді. Жай ғана жат жұрттық жоралғысы беріледі. Ерікті күндеске барған әйел

малдан да, баладан да айрылмайды. Бай ерікті күндеске келгендікі. Бұлар да бәйбіше, тоқал болып отырмайды.

Қазақтың күл күндесі басқашалау.

Қалыптасқан дәстүр бойынша еркектер көп әйел алған. Әлі жеткендердің жеті әйел алғандары да болған. Негізінен төрт әйелден аспаған. Күл күндестер бәйбіше - тоқал ауылдары болып бөлек отырған. Адуынды бәйбішелер байдан айырылса да малдан айырылмаған. Сондықтан қалған тоқалдар мұндай бәйбішелердің шылауында жүрген. Еркек күл күндестердің санын көбейткенде ешқайсының ырзалығын сұрамаған. Екі әйел алғанда күл күндестер бәйбіше - тоқал болып бөлінген. Үш әйел алғанда тоқалдар үлкен тоқал және кіші тоқал деп аталған. Төрт әйел алғанда тоқалдар үлкен тоқал, кіші тоқал және кенже тоқал деп бөлінеді.

Бәйбішенің орны бөлек болған. Қайтыс болғанның өзінде тоқалдар бәйбіше орнын баса алмаған.

Сегізінші жазба
ҚЫРЫҚ ЖЕТІ, ОТЫЗ ЖЕТІ, ТҰРАР ЖӘНЕ ҚЫРЫҚ СЕРКЕШ

Халқымыздың әдет-ғұрпында қырық және отыз сандарымен қатысты жоралғылар баршылық. Осы сандармен байланысты тұрақты сөз тіркестері де жеткілікті. Табиғатын танымағандықтан оларды өз алдына жекелеп айтып та, жазып та жүрміз. Шын мәнінде осы қырық және отыз сандары, онымен қатысты сөз тіркестері қазақ халқының дүниетанымының қандай дәрежеде болғандығынан хабар береді. Қой баққан бабаларымыздың ой баққандығын осы тіркестердің табиғаты көрсетеді.

Ұрпақ жалғастығы өмірдің мәні ретінде түсінілген. Сондықтан бұл мәселеге қатты қараған. Адам баласының дүниеге келгеннен бастап бақылыққа озғанына дейінгі келте ғұмырының осы отыз және қырық сандарымен байланысты екендігін бабаларымыз дәл таныған.

Құрсақ тойы қырық күннен кейін жасалған. Адам баласының жыныстық белгілері осы қырық күннен кейін білінеді. Оны қазіргі медицина да жоққа шығармайды.

Баланың тосар тойы дүниеге келуіне қырық күн қалғанда жасалған. Баланың ендігі қалған қырық күндегі барлық «ауыртпалығы» нағашыларының мойнына көшкен. Енді нағашы жағы шабылады. Әр күн сайын олар бір серкеш байлайтын болған. Ешкі, оның ішінде серкеш етінің жеңіл әрі сіңімді екендігі осылай ескерілген. Жер аяғы алыс болып қатыса алмағанда нағашыларының бұл міндетін баланың өкіл

әкесі не шешесі атқарған. Жер аяғы кеңігенде нағашылары келіп жиендерінің бәсірелі қырық серкешін экеліп тастайтын болған. Бұл міндетті бөліскен баланың өкіл әкесіне не шешесіне кәделі жолын берген. Оның ішінде міндетті түрде бір серкеш болуы керек. Бұл осындай қуаныш сендерге де жұғысты болсын деген ниеттен туған. Сөйтіп, қырық серкеш жиеннің, ал бір /қырық бірінші/ серкеш өкіл әкенің не шешенің сыбағасы болған.

Баланың қарыншашы қырық күннен кейін алынған. Бұл да кәделі тойға жатады. Қарыншаштыалу құрметі баланың нағашы жұртына берілген.

Ана толғағының өзі қиындықпен жүреді. Біреуі асып туады, мұны қашатолғақ дейді. Енді біреуі жетпей шала туады, мұны - асатолғақ дейді. Толғақтың бұл екі түрі де жас сәби үшін қатерлі. Дұрыс күтім болғанда олар шетінемей қалады. Олардың тұру, тұрмауы осы қырық күннен кейін білінеді. Қырық күн тұрған бала шетінемейді, Құдайдың берген жасын жасайды. Бұған дейін елге көрсетілмеген бала көрсетіледі. Баланы бірінші көру құрметі тағы да нағашы жұртына беріледі. Бала тұрды /тұратын болды/ деп жиендерінің өскен тырнағы мен шашын алады. Мұны қарыншаш тойы дейді. Жер аяғы алыс болып нағашы жұрты қатыса алмағанда бұл жоралғылардың бәрін өкіл эке не шеше атқарған. Жиен мен нағашының арасындағы «бітіспес» дау осыдан басталады. Ер жеткен жиен енді нағашыларынан өмір бойы қырық серкешін даулайтын болады. Жарық дүниеге ер бала келсе - атұстар, қыз бала келсе - қырық жеті /қырық жеті/. Қырық жеті ұғымының бастапқы табиғаты қазір өзгеріп кеткен. Жалпақ жұрт осы қырық жетіні қалың мал өтеуі деп ұғынады.

Дұрыс жетілген баланың ана құрсағында тоғыз ай, тоғыз күн жататыны белгілі. Мұны қарапайым түсінікке көшірсек, тоғыз ай, тоғыз күніміз 280 күн болып шығады. Тіл, көз, сұқты ескерген бабаларымыз бұл мерзімді қырық жеті деп жұқалаған. Өйткені бала ана құрсағында қырық апта жатады. Қырық жетінің түпкі мағынасы енді түсінікті болар. Қырық пен аптаның /апта жеті күннен тұрады/ көбейтіндісі /40х7/-280!

Жақсылық хабар атауына қазақтың сүйіншісі дайын. Ең бәсі жоғары сүйінші өмірге сәби келгенде беріледі. Баланың дүниеге келуімен байланысты сүйінші сұрауда да көп мән бар.

Ер бала туғанда атұстар деп сүйіншілейді. Қыз бала келгенде қырықжеті дейді. Алайда толғақтың бәрі дұрыс келе бермейді ғой. Асатолғақ келіп баланың жеті айлық болып шала тууы да мүмкін. Мұндайда отызжеті деп сүйіншілейді. Жеті айлық бала ана құрсағында 210 күн жатады. Бабаларымыздың байырғы түсінігі бойынша бала шала туған-

да ана құрсағында отыз апта жатады. Ал отыз бен аптаның көбейтіндісі /30х7/ - 210 күн! Осылайша дүниеге шала туған қыз бала келгенде отыз жеті деп сүйіншілейді. Мұндай шала туған бала, оның ішінде қыз бала шетінемейді.

Ер баланың жөні басқашалау. Қыз балаға қарағанда олар әлжуаз болады. Аракідік олардың арасында шетінеуі кездеседі. Тұтасымен алғанда олар да «адам» болып кетеді. Мұндайда қазекем тұрар деп сүйіншілеген.

Сонымен дұрыс толғақпен келген ер бала - атұстар, қыз бала - қырықжеті, асатолғақпен келген ер бала - тұрар, қыз бала - отызжеті. Қашатолғақпен келген балаға сүйінші сұрамаған. Оның сүйіншісі қарыншашы алынғанда берілген.

Қашатолғақпен келген баланың қарыншашы алынғаннан кейін оған ерекше құрмет көрсетіледі. Осыған дейін атаусыз келген сәбиге есімі беріледі. Қырықжеті мен отызжеті қалыңмал өтеуінің мөлшері емес. Бұл сүйіншінің мөлшері!

Атауында тұрғандай мұндай сүйіншінің нарқы қарамал бастаған/ түйе не ат/жылқы/, сиырды атамайды/ қырық не отыз ұсақ мал. Оның ішінде міндетті түрде серкеш жүреді. Қашатолғақтың бәсі екеуінен де жоғары. Алғаш оған елеусіз ғана әйтеуір, «жылбысқы», «біржапырақ» деп мән берілмей келсе, қарыншашы алынған кейін әлгі біржапырағымыздың бәсі аспандап шыға келеді. Оның бәсі екі сыбаға - қырық жеті мен отыз жеті. Қырықжетісіне түйе бастаған, ал отыз жетісіне ат бастаған, барлығы жетпіс уақ мал береді. Қырық пен отыз бекер қосарланып отырған жоқ. Қазақ баласын аяқтандырғанда «отыз күн ойын, қырық күн тойын» жасаған. Бұл жоғарыдағы толғақтың бар түрін ескергендік.

Қалыңмалдың қырық жетімен және отызжетімен жанама ғана байланысы бар. Қалыңмал өтеуіне сүйінші бәсінің үшеуі де кіреді.

Тағы бір шетін мәселеге сәуле түсіре кетейік. Ол да осы қырық санымен қатысты.

Халқымыздың дәстүрінде адам қайтыс болып, қырық күн өткеннен кейін қырқы /қырық күн/ берілетін ғұрпы бар. Әу баста қырқы қырықжетісі түгел адамдарға берілген. Алғашқы түсінік бойынша бұлар Құдайдың сүйген құлдары, өйткені олар ана құрсағында қырық апта жатқандар, яғни - қырықжетілер. Ал шала туғандар - аса және қаша толғақпен келгендер пендесінің сүйемелдеуімен жол-жөнекей «адам» болып кеткендер. Кейін оларға да қырқы берілетін болған.

Бұған керісінше де пайымдау бар. Ол - қырқы әу баста шала туғандарға берілген деген түсінік. Бұл пайымдау бойынша шала туғандардың күні жетпейді. Бұған сүйенсек шала туғандардың 210 күніне 40 күнді

қосқанымызбен ол бәрібір 280 күнге жетпейді. Олай болса осының алғашқысы дұрыс болар.

Ер адамдардың қырқы асырылмаған. Мұнда да жоғарыдағы қырық-жеті және отызжеті түсініктері жатыр.

Тілімізде «жиен ел болмайды» деген мәтел бар. Оның себебі жоғарыда айтқандай қырық серкешпен байланысты. Әртүрлі себептермен кейде жиендердің қырық серкеші берілмей қалады. Сондайда нағашы жұрты «жиен ел болмайды» деп қыжыртады. Ал керісінше жиендік бәсіресі - қырық серкешін түгендеп алғандар «жиен неге ел болмайды малды болса...» деп кергиді.

Тоғызыншы жазба
САПТЫАЯҚ, ЖЕМАЯҚ, ИТАЯҚ ЖӘНЕ ТОБАЯҚ

Аяқ болған соң-ақ еске ыдыс түседі. Ыдыс сөзі өз алдына жеке тұрып тұрмыстық қолданудағы бұйымдардың жалпы атауын бергенімен нақ тамақ ішетін ыдыс ұғымын бермейді. Аяқ керсінше - ас ішетін ыдыс, оның ішінде шұңғылы, ойығы деп түсініледі. Бұлардың барлығы да тостақан тәрізді ыдыстар.

Олар қолдану мақсатына орай ағаштың қатты түрлерінің берішінен, үйілінен, безінен жасалады. Мұндай ыдыстарды жасау тәсілдері де сан алуан. Ұңғу әдісі қолданылады, тұтастай шабылады. Тіпті құрсаулап та жасайды.

Күнделікті тұрмыста көбірек қолданылатыны тұтастай шабылатындары. Ата-бабаларымыздың қастерлеп өткен осы топтағы аяқтарының бірі - саптыаяқ. Оның кәдімгі тостағаннан ерекшелігі - бүлдіргілі сабы немесе шығыршылығы бар. Шүмектісі де кездеседі. Мүйізді саптылары да ел ішінде жиі ұшырайды.

Саптыаяқ өнер туындысы ретінде де қаралған. Соған орай оның бәсі де жоғары. Одан кейінгі орындарда тазыаяқ пен жемаяқ тұрған.

Бұл аяқтар ағаштың безінен жасалғандықтан қаңсып жарылмайды. Көлеңкелі жерде кептіргендіктен күңсімейді. Оның үстіне жылқы майын сіңіреді. Мұндай аяқтар бабалар көзі ретінде баланың баласына кетеді.

Аталған аяқтарды қазақтардың көшпелі тұрмысының өзі тудырған. Саптыаяқты негізінен жолаушылар мен малшылар тұтынған. Мойыны алыс жерге сапарлаған жолаушы шөлдегенде жанторсықтағы сусынын құйып ішкен. Малшылар болса қорықтықтарын ішкен. Бұл жерлерде

саптыаяқ тостаған қызметін атқарған. Ол ожаудың орнына да жүрген. Қазақ тұрмысында ожау ретінде кеңінен пайдаланылған.

Қымыз құйылған тегене бетінде қалқып жүрген саптыаяқ түрі де бар. Кей жерлерде оны қалтқы деп атайды.

Ата-бабаларымыздың аңшылық-саятшылықты да кәсіп еткені белгілі. Оның ішінде құсбегілікті ерекше шашбаулатқан. Қыранға құс ілдіріп, аң шалдыртқан. Ондай кәделі құстардың орыны төр болған. Оның күтімі де ерекше. Соған орай оларға да арнайы аяқ шабылған. Ол - жемаяқ. Қыранды жаратқанда етті қызылынан айырып, ақжем қылып береді. Сол ақжем осы жемаяқпен беріледі. Ақжемнің суда қалған сөлі сумен суағар/шүмек/ арқылы ағызылған.

Ит те жеті қазынаның бірі ретінде әлпештелген. Оларға да арнап аяқ шабылған. Ол - итаяқ.

Иттің де иті бар. Түлкі шалатын, қасқыр алатын тазылардың орыны бөлек болған. Әсіресе, тазының әлекесі қастерленген. Олар үшін де арнайы аяқ шабылған. Оны тазыаяқ деген.

Итаяқ пен тазыаяқтың айырмашылығы жоқ десе де болады. Алайда тазыаяққа да өнер туындысы ретінде қаралған. Кейбір аңшылар тазыаяқтарын иттерімен бірге ала жүрген.

Осы топтағы ыдыстың тағы біреуі - тобаяқ. Аяқтың атауы негізінен оның пішініне қарай аталса керек. Оның пішіні бас киіміміз - топыға ұқсас. Тобаяқ емдік шөп-шалам, тамырлардан тұнба, қоспа дайындауға арналған. Оның сопақша түрі малға да дәрі ішкізуге пайдаланған. Мұндай аяқ өзі қат дәріні шашпай-төкпей малдың көмекейіне құя салуға арналып жасалған. Тобаяқтың құлағы мен шүмегін қосап дейді.

Аяқтардың барлығы да сұйықтарды ішуге, дайындауға арналған. Аяққа ұқсас басқа ыдыс түрлері жеткілікті. Алайда оларды ешқашанда аяқ деп атамайды. Мысалы, насыбай келі осындай ыдыс түріне жатады. Келіге жататын ыдыстардың өзі бір төбе.

Бүгінде аталған саптыаяқ, жемаяқ, итаяқ, арагідікте тазыаяқ та кездеседі. Ал тобаяқ мүлде ұшыраспайды десе де болады.

Оныншы жазба
СӘУКЕЛЕ, КИМЕШЕК ЖӘНЕ ШЫЛАУЫШ

Қазақ әйелдерінің ұлттық киімдері сан алуан. Кәделі киімдері де жеткілікті.

Алайда киімнен - саяқ. Кимешек пен шылауыш осы топқа жатады. Сәукеле киген қыздың кимешек пен шылауыш кимейтіні болмайды. Құда түсіп, құйрық жесіскеннен кейін қыздың анасы кимешек пен шы-

лауыш дайындай бастайды. Бастонға жататын бұл киім қыз жасауының ең кәделісі болып есептеледі. Сондықтан ол бөлек сандыққа салынады. Бұл киімді қыз келін болып түскен жерінде шамамен бір жылдан кейін киеді. Төркіндеп келгенде қыз осы кимешек - шылауышты киіп келеді.

Қыздың барып түскен жеріне бірден сіңе қоюы қиын. Оның ендігі тәрбиесімен ата-енесі, қайын жұрты шұғылданады. Бұл мектептен бар-лық қазақ әйелдері өткен. Одан өту қыл көпірден өткенмен бірдей.

Біріншіден, келін түскен жерінде қайын жұртын өз есімдерімен ата-май, жанама ат қойып, одан жаңылыспауы шарт. Бұл шарттың өзіндік қиындығы бар. Келін осы босағадан шыққан аруақтардың да есімдерін ауызға ала алмайды.

Екіншіден, келінге елден бұрын төсектен тұрып түңлікті ашып, ең соңында түңлікті жауып жату міндеттелген. Таңғы шайдан кешкі та-мақ арасындағы қымыз қотару, іркіт пісу, саба пісу сынды ұсақ көрі-нетін барлық жұмысты келін атқарады. Мезгілсіз қонақты да атқаратын келін. Қысқасы, ұзақты күн тыным алмайды.

Үшіншіден, сәлем беруден жаңылмауы керек. Бұл да үлкен сын бо-лып табылады. Оның ең бастысы үйге сәлем бергенде бетті беріп кіріп, шыққанда да қалай кірсе солай шығу керек.

Төртіншіден, жыл бойында келін «мінез» көрсетпеуі шарт.

Бұл міндетінен келін тұңғыш баласына босанғанда да босай алмай-ды. Баланың қарыншашы алынғанда ғана келін азат болады. Ал бала-ның қарыншашы қырқынан шыққанда алынады.

Бұл үлкен той. Енді ене шашылады. Ағайын-жамағайынды жинай-ды. Солардың көзінше келінді төрге оздырады. Жаңа түскен келіннің абысындары сары майдай сақтап келген төркін жұрттан келген сандық-ты енелерінің алдында келтіреді. Ене сыбағасына жіберілген сандық-тағы кимешек пен шылауыш сыртқа шығарылады. Енесі өз қолымен келініне кимешек пен шылауышты кигізеді. Маңдайынан сүйіп, ауыл-дың үлкенінен бата сұрайды. Ене мен келін арасындағы қатынас жаңа сатыға көтеріледі. Бұдан былай ене - ана, келін енесіне - қыз болады.

Келіннің қайын жұртындағы отыз күн ойыны басталады. Бірінші күні келін елден ерте тұрып, түңлік ашу міндетінен азат болады. Екінші күні дәреттік су әкелу міндетінен босайды. Отызыншы күні түңлікті енесі өз қолымен жабады.

Осыдан бастап келін санатқа енеді. Енесінің құзырындағы міндет-тер енді келінінің қолына көше бастайды. Тошалаға кіреді, мүшені өзі таңдайды. Қонақты да өзі қабылдап, өзі атқарады. Сойыс малын да өзі белгілейді. Қазақ қашанда ашық түсті ұнатқан. Кимешек пен шылауыш та ашық түсті. Әйелдің көріксізі болмайды. Ақ киген әйелдің көркі ай-бындап шығады. Ол айбын тіршілік бастауында жатыр. Кимешек пен

шылауышты ана киеді. Сәукеле сәнге киілген. Бұл табиғи нәрсе. Енді келін болған қыз ер көзіне ең алдымен түсетін колаң шашы мен ақ тамағын жасырады. Кимешек пен шылауыш осылайша пәктік киімі болып шығады. Сонымен қатар ол тазалық киімі де.

Төркіндеп барғанда өз жұрты шашылады. Отыз күн ойынның жалғасы қырық күн тойға ұласады. Ақ кимешек - шылауыштың бауырындағы жиен осы жолы өзінің қырық серкешін айдап кетеді.

Он бірінші жазба
ШӨКЕ, ШЕШЕ, АПАҚ ЖӘНЕ ЖҰМСАҚ

Қазақ «қарға баласын сүйеді әппағым деп...» мақалдайды. Осы мақалдың тура мағынасына үңілген кім бар екен?! Соған бір үңіліп көрейікші.

Қарғаның балапаны туа қара емес. Мұнан қарғаның балапанының туғандағы түсі ақ деген ұғым тумаса керек. Құс балапанының барлығының бірдей қызылшақа болып туатынын ескерсек, олардың балапан кезіндегі түсін түстеу де мүмкін емес. Ақиқаты сол, қарғаның ақүрпек балапаны жүре келе қара болады. Қарға үшін балапаны «ақ» болып қалады, ол үшін баласы - «әппағым». Сонымен қарғаның баласы - әппақ. Қазақ оны жалпақ тілде апақ дейді. Апақ сөзі осы әппақтан шыққан.

Қарғаның мекиені - шөке.

Халқымыз қаңтардағы күннің ұзаруын қарға адыммен кесіктеген. Қантарда күн - шөке адым, ақпанда ат адым ұзарады дейді. Мұндағы шөкенің мағынасы - қарға, бірақ мекиені. Шынында да қаңтардағы күннің ұзаруы шөкелеген адамның адымымен бірдей. Арқа қазақтары шөке адым деп қиястамай, қарға адым деп туралайды.

Осы жерде айта кетелік, жалпы, құстың еркегін - қораз, ұрғашысын - мекиен, баласын - балапан деп атайды.

Сауысқанның мекиені - алақ.

Неге алақ? Неге ала емес? Көне түркі тілінде ал деген сөз айла деген ұғымды береді. Мәселен, Алдар... Мұндағы ал - айла, дар - адам деген сөз. Сауысқанның да айладан кенде емес екені белгілі. Алайда бұл негізінен сақ құс. Әлде түсіне қарай ала - ақ деп аталды ма екен? Бәлкім, алаяқтың тіліміздегі алақ-жұлақ деген қоссөзіндегі алақпен бір байланысы бар ма?

Сауысқанның қоразы - сақ. Балапаны - сапақ.

Аққудың қоразы - сәһар. Мекиені - қу.

Кәнігі саятшылар аққулар сұңқылдағанда қудың дауысын сәһарға қарағанда тез айырады. Өйткені қудың дауысы жіңішке, ащылау бола-

ды. Тіліміздe «қу дауысты» деген тіркес бар. Осыны кейінгі уақытта «қыз дауысты» деп түсіндіретін болдық. Дұрысы қу дауысты деген тіркес ащы дауысты деген ұғымды білдіреді.

Аққудың балапаны - көгілдір.

Бүркіттің қоразы - шәулі. Ұрғашысы - ұябасар.

Қаздың қоразы - атақаз. Мекиені - мамақаз. Балапаны - балақаз, мамыр деп те айта береді.

Үйректің қоразы - кежек. Мекиені - шүрегей. Балапаны - мамыр.

Адал құстардың сәуірдің /көкектің екінші жартысында ұя басып, мамырдың бірінші жартысында балапан шығаратыны белгілі. Үйректің балапаны осыған орай мамыр деп аталса керек. Кей жерлерде қаздың да балапанын мамыр деп айту кездеседі.

Тауықтың қоразы - әтеш. Ұрғашысы - мекиен. Балапаны - шөже.

Қырғауылдың балапаны - шөжен.

Сұқсырдың балапаны - шөжей.

Арқардың аталығы - құлжа. Саулығы - арқал. Кейінгі кезде арқарды муфлонның аудармасына құрбан қылып жүрміз-ау. Арқардың қозысы - қозықа.

Маралдың қозысы - қодыға.

Құланның құлыны - қодық. Көне түркі тілінде қоды /қозы/ деген сөз төл деген ұғымды білдіреді. Құланның айғыры - тарпан.

Есектің ұрғашысы - мәше. Есектің айғыры - домбай. Құлыны - күрре. Тілші ғалымдарымыз осы күрре сөзіне де назар аударуы керек сияқты. Өйткені...

Биттің баласын - зәрре дейді. Осы күрре мен зәрре сөздері бір-біріне алыс тұрмаса керек. Зәрре деген сөз титімдей деген сөз, ал күрре ше?

Бұғынның бұзауы - бұғышық.

Киіктің текесі - сайғақ. Киіктің текесін ауызекі сөйлеуде ортеке деп айтушылық бар. Маңқыстаулықтар ортеке дейді. Дұрысы сайғақ болса керек. Оның үстінде ешкі баласында саяқ жүретіні осы сайғақ қана. Киіктің ешкісі - бөкен. Лағы - құралай.

Бабаларымыз жыртқыштарды да жынысына қарай жіліктей білген. Олардың еркегін - арлан, ұрғашысын - қаншық, баласын - күшік деп атаған.

Арыстанның арланы - қамбар.

Қазақ есепшілерінің күн қайыру жүйесінде Ай мен белгілі бір Жұлдыздың кездесуі бар. Соның алғашқысы - Қамбар тоғысы. Осы Қамбар жұлдызы Аймен бес рет тоғысады. Алғашқы рет айдың тоғыз жаңасында тоғысуы - тоғыздың айы / қазан айы атанған. Келесі кездесу айдың жеті жаңасында өтетіндіктен ол жетінің айы / қараша айы деп белгіленген.

Осы ретпен Қамбардың Аймен бес жаңасында кездесуі - үштің айы / қаңтар, бір жаңасында кездесуі - бірдің айы /ақпан деп аталған.

Қамбар тоғыз жүйесі бойынша жыл басы ақпан айының бірінші жұлдызы. Осындағы Қамбар жұлдызы деп отырғанымыз Арыстан жұлдызы.

Арыстанның қаншығы - қаншыр. Қаншырдың бастапқы мағынасы қан ішер болса керек. Өйткені аңға арыстанның қамбары емес қаншыры түседі. Ал қаншырдың «қаншырдай қатып қалған», «қаншырдай қатпа» сынды ауыспалы мағыналары да оның аңға түсуімен байланысты. Себебі қаншыр үнемі аңға түсетін болғандықтан бойына артық ет жинамайды.

Арыстанның күшігі - шөншік. Кей жерде шөншікті шөнжік деп жұмсартып айту да кездеседі.

Жолбарыстың қаншығы - өлекшін. «Күшігін асыраған өлекшіндей, азғындап шөктің, Сара, жылдан жылға. («Біржан - Сара» айтысы). Күшігі - сарымақ. «Саптыаяқтай еріндім, сарымақтай азулым» (Бұқар Жырау). Жолбарыстың арланы - айбар. Осындағы ай түбірлі сөзде көне түрік тілінде айығ түрінде кездеседі. Бұл - ашулы, жауыз деген сөз.

Аюдың арланы - айтыс. Жалпы, аю сөзі жоғарыда аталған ай түбірінен шыққан. Хакас тілінде айдас - күшті, ірі, мықты мағыналарында қолданылады. Бэлкім, айтыстағы тыс сөзі тіс шығар. Сонда ай - тыс «қорқынышты тісті» деген ұғымын бермей ме? Қаншығы - кірекей. Күшігі - қонжық.

Барыстың қаншығы - таутан. «Алма апаннан аланды, таутан алар балаңды» (Мәтел). Күшігі - алан. Арланы - барсақ. Ел ішінде «Таутанын тастап барыс ат, жаға болар ішікке» деген мәтел бар. Осы мәтелде жансақтық орын алған. Дұрысы: «Таутанын тастап барсақ/барысақ, жаға болар ішікке».

Барсақ қазіргі ұғыммен қарайтын болсақ барынша сақ /аң деген мағынаны білдіреді. Шын мәнінде барыстың қырағысы /сағы арланы емес өлекшіні.

Қарсақтың қаншығы - мырсақ. Кей жерде мыршақ деп айтушылық та бар. Қарсақ атауы аң атауы ретінде кейінде қалыптасқанға ұқсайды. Қарсақ деген сөз аңның ұрғашысына қаратылып айтылған сөз. Ендеше жоғарыдағы барсақ пен осы қарсақтың бастапқы мағынасы өзгерген бе дейміз. Күшігі - жәутік.

Жәутік нашар деген сөз. Әдетте қарсақтың күшігі әлжуаз болып туады. Тіліміздеғ жаман - жәутік тіркесі бар. Осындағы жәутік сөзі нашар деген мағынаны білдіреді.

Сілеусіннің қаншығы - ілбісін. Ел ішінде ілбішін деп айту да кездеседі. Күшігі - інсін.

Қасқырдың еркегі - арлан/жал. Қаншығы - шулан. «Бөлтірігін алма шуланның, шұрқан салар қораңа» (Мәтел). Күшігі - бөлтірік.

Түлкінің қаншығы - қанжыр. Тіліміздегі қанжырық сөзі осы қанжырмен түбірлес болар. Тура мағынасы - түлкінің қаншығы мағынасында да айтылуы әбден мүмкін. Күшігі - жаутаң. Арланы - алтын.

Алтынның тура мағынасы - бірінші айлакер. Көне түрік тілінде ал - айла, тын/тұң - бірінші. Қазіргі қазақ тілінде қолданылып жүрген тұңғыш сөзінің мағынасы - бірінші деген сөз.

Борсықтың арланы - борақ. Қаншығы - сасық. Күшігі - әзборақ. Борсық та күшігін соқыр туады. Әзборақтағы «әз» соқыр деген сөз.

Күзеннің арланы - шақар. Қаншығы - шашал. Күшігі - безек.

Мәлімнің күшігі - мәулен.

Мысықтың еркегі - мыршым. Ұрғашысы - мырсын. Күшігі - соқыр.

Бақаның баласы - бақашық.

Қандаланың баласы - талан.

Кірпінің ұрғашысы - шеше. Күшігі - жұмсақ. Кірпі де баласын қызылшақа, инесіз туады. Бабаларымыз: «Кірпі баласын сүйеді жұмсағым деп» осыдан айтқан.

Он екінші жазба
АРЫСТАН АҚЫРАДЫ, ЖОЛБАРЫС КҮРКІЛДЕЙДІ ЖӘНЕ БҰЛБҰЛ САЙРАЙДЫ

Аққу - сұңқылдайды, сыңсиды / сыңарын жоғалтқанда.

(«Аққу атты төреқұс,

Сұңқылдап өткен құм белден».

Жайық Бектұров, «Түрлі-түрлі құс бар»).

Арқар - маңырайды, бұрқылдайды /маталғанда, уілдейді / құжын (үйірге бірінші түскенде).

Арыстан - ақырады, күрілдейді.

Аю - ақырады, гүрілдейді, өкіреді / оқ тигенде.

Әупілдек - әупілдейді.

Бақа - бақылдайды, құрылдайды.

Безгелдек - безектейді.

Борсық - борсылдайды / жүгіргенде, пырсылдайды / қауіп төнгенде.

Бөгелек - ызылдайды.

Бүркіт - саңқылдайды, шаңқылдайды / тоят тілегенде, бістәктайды.

Бұлбұл - сайрайды.

Бытпылдық - бытпылдықтайды.

Есек - ақырады.

Ешкі - бақылдайды / теке, бақырады / түбіттегенде,

(Өңкей мама биемен,

Сауған сайын иіген.

Бөрі ала қашқанда,

Бақырғанын қайтерсің?

Сәкен Сейфуллин, «Қазақ әдебиеті», 104).

бұрқылдайды /маталғанда, маңырайды.

Дуадақ - дулайды.

Жапалақ - уаңдайды.

(Уаң, уаң деп жапалақ үн қосты.

Уақап Қадырханов, «Алтын ат»)

Жолбарыс - күрілдейді, ақырады.

Жылан - ысқырады / өртенгенде, ысылдайды / қорғанғанда, суылдайды.

Жылқы - кісінейді, шұрқырайды / табысқанда, осқыранады / бөтен дыбыс шыққанда, шыңғырады / қылбұрау салғанда, оқыранады / ес бергенде, пысқырады, арқырайды, азынайды / айғыр.

Ит - үреді, ұлиды, шәуілдейді / қанден, қыңсылайды /тепкенде, ұрғанда, шабаланады /байлауда тұрғанда, арсылдайды / шабаланғанда, ырылдайды /ызыландырғанда.

Кекілік - шақылдайды.

(«Әр жерден құрқылдап құр ұшып, шақылдап кекілік ұшып көкке жөнеді».

Уақап Қадырханов, «Алтын ат»).

Киік - маңырайды.

Көгершін - уілдейді.

Күркетауық - құркілдейді.

Күшіген - шақырады.

Қаз - қаңқылдайды, шулайды /қорыққанда.

(«Қаңқылдаған қоңыр қаз,

Балдырғаннан сүт емген.

Жайық Бектұров, «Түрлі-түрлі құс бар»).

Қарға - қарқылдайды.

Қасқыр - ырылдайды, ұлиды.

Қой - маңырайды, пысқырады, шулайды.

Құлан - ақырады.

Құндыз - сыңсиды.

Құр - құрқылдайды.

(«Әр жерден құрқылдап құр ұшып, шақылдап кекілік ұшып көкке жөнеді»

Уақап Қадырханов «Алтын ат»).

Қырғауыл - қиқулайды.

(«Қиқулап ұшқан қырғауыл,
Күнінде құлан басып өткісіз».
Махамбет.)

Марал - маңырайды.

Мысық - мияулайды, барылдайды.

Сауысқан - шақылықтайды.

Сиыр - мөңірейді, өкіреді, күжілдейді / бұқа, мекіренеді.

Суыр - шаңқылдайды.

Тауық - қытқыттайды, күркілдейді / балапанын қорғағанда, шақырады /қораз, қақылықтайды / жұмыртқа тапқанда.

Торғай - шырылдайды.

Түйе - боздайды, аңырайды, бақырады, бұрқылдайды / бура, сарнайды, зіркілдейді.

(«Азулы жын сақылдап,
Теке жындар бақылдап,
Бура жындар зіркілдеп».
Зейнолла Сәнік. «Тұғырыл хан»),

Түлкі - шаңқілдейді, ырсылдайды.

Тырна - тыраулайды.

Тышқан - шиқылдайды.

Шағала - шаңқылдайды.

Шегіртке - шырылдайды.

Шиебөрі - шәуілдейді.

Шошқа - қорсылдайды, шыңғырады, торсылдайды / торай.

Шыбын - ызыңдайды.

Ұлар - шулайды.

Үйрек - барқылдайды, қырқылдайды.

Үкі - шақырады.

Он үшінші жазба
ҚҰТАН ДАЛПЫЛДАЙДЫ, БЕЗГЕЛДЕК БЕЗІЛДЕЙДІ ЖӘНЕ ТАРҒАҚ ЖОРҒАЛАЙДЫ

Безгелдек - безілдейді.

(Тарғақ ұшар жорғалап,
Сармойын ұшар бақылдап,
Безгелдек ұшар безілдеп.

Ж.Бектұров. «Түрлі-түрлі құс бар»),
Құтан - далпылдайды.
(Шағала, құтан далпылдар,
Жемін тауып қыр, өрден.
Ж.Бектұров.»Түрлі-түрлі құс бар»).
Шағала - далпылдайды.
(Шағала, құтан далпылдар,
Жемін тауып қыр, өрден.
Ж.Бектұров.»Түрлі-түрлі құс бар»),
Тарғақ - жорғалайды.
(Тарғақ ұшар жорғалап,
Сармойын ұшар бақылдап,
Безгелдек ұшар безілдеп.
Ж.Бектұров. «Түрлі-түрлі құс бар»).

Он төртінші жазба
МАҚҰЛЫҚАТТАРДЫ ЕСТЕУ

Бүркітті бапым-бапым деп шақырады, күшім-күшім деп балдаққа қондырады, hайт-hайт деп құс ілдіреді, пысайт-пысайт деп пістелейді.

Қазды ғар-ғар деп шақырады.

Мысықты кіс-кіс деп сүт ішкізеді, мышым-мышым деп шақырады, мырс деп қудалайды.

Итті күшім-күшім деп еркелетеді, айт-айт деп айтақтайды, kah-kah деп деп шақырады, кет/шық деп қудалайды, жат деп тыныштандырады.

Тауықты тіпі-тіпі деп қонақтатады, шіп-шіп деп шақырады, кіш-кіш деп қудалайды.

Түйені көс-көс деп шақырады, сорап-сорап деп суғарады, шөк-шөк деп шөгереді, келе-келе деп қайытады.

Жылқыны құрау-құрау деп қайырады, moh-moh жемдейді, тәк-тәк деп жуасытады, құр-құр деп тыныштандырады, шу деп жүреді, айтшу деп шабады, дыр деп тоқтатады, құрайт-құрайт деп биеге салады.

Сиырды ауқау-ауқаулап шақырады, шәуhіт-шәуhіт деп жемдейді, шәугім-шәугім деп суғарады, өк-өк деп қудалайды, күж-күж деп табан қызуын бастырады, соп-соп деп арбаға жегеді.

Қойды төйге-төйге деп қозыны телиді, пұшайт-пұшайт деп шақырады, қотш-қотш деп желін қақтайды, ірит-ірит деп /қошқарды сүзістіреді, шәй-шәй деп қойды айдайды, шуай-шуай деп қайтарады, қайт-қайт деп қоралайды, қойт-қойт деп күйекке салады.

Ешкіні шөре-шөре деп шақыралы, ешім-ешім деп суғарады, шек-шек деп құдалайды, күргей-күргей деп иіреді, теке-теке деп күйекке түсіреді.

Он бесінші жазба
ХАЙУАНАТТАР ТОЛҒАҒЫ

Шиебөрі бір жарым ай көтереді.
Тасбақа жұмыртқасын екі ай басады.
Мысық екі ай көтереді.
Ит екі ай / 63 күн көтереді.
Ешкі бес ай көтереді.
Қой бес ай көтереді.
Маймыл алты ай көтереді.
Аю жеті ай көтереді.
Сусиыр сегіз ай көтереді.
Сиыр тоғыз ай көтереді.
Жылқы он ай көтереді.
Түйе он екі ай көтереді.
Піл жиырма екі ай көтереді.

Он алтыншы жазба
ЖАУЫРЫНШЫ

Қаракесек Машайдың Бораншысы бір шикіөкпеге зар болып Жаратканнан сұраған ғой. Мейіріңді түсіре көр деп. Бір шикі өкпе бере көр деп. Сол зарлық үстіндегі Бораншының үстіне Әлтеке Өтеген батыр кіріп келеді. Елдің баласы бес қаруымен жүрсе бұлардың бір қаруы қашанда артық болған ғой. Біреудің қойынында күлше жүрсе, бұлардың жабасалмасында сынық жауырын жүрер еді. Қысылғандарында басыкөздерін тұмшалап, сынықтың әр жағынан күнге сығалар еді.

Сонан сөйлеп берер еді:
Ақ қойым асытқан,
Қара қойым қасытқан.
Әз жыласа жас шығып,
Қара тасты жасытқан.
У ішесің асықсаң,
Су ішетін қасықтан.

Жаратқан өзі бермесе,
Құралмайды шашықтан...

Сынықтың сөйлеуінен хабары бар Бораншы ақтылы қойдан бір қарабасын алдырады. Қара қойдың сынығы ақ болады. Суреті соған тышқан ізденіп түседі.

Өтеген батыр да сөйлеп берген:

Баяны болмайды,
Сынықтан құраған.
Әйтеуір алмай қоймайды,
Күнде-күнде сұраған...

Мұны естіген Бораншыда ес қалмайды.

- hақ Жаратқан берем деп тұр. Жалғыз сұрап... сыңар сұрап бекершілік жасағансың. Екі із берем деп тұр. Егіз берем деп тұр...Кіндіктес берем деп тұр... Көбіктеніп сөйлеп, ақ тер, көк тер болып, жолын алып Өтеген батыр ұзын жолға шығады.

- Түбі жармақ, - дейді ұзын жол үстінде кетіп бара жатып.

Ай артынан ай өтіп, қырық және жеті апта айналғанда Бораншының бәйбішесі аузына арқан тістеп, толғақ сарындап тұрып алады. Соны күтіп тұрғандай-ақ баяғы Әлтеке Өтеген батыр сап ете қалады.

Айтолғақпен бала теріс келіп, тұрып алады. Болмаған соң төменнен жоғары қуалап, қолдағы арқанды аяққа түсіреді. Құрсақ сыртынан басын қуалап отырып, сынықпен шертпе жасайды. Соны күтіп отырғандай баланың басы көрінеді.

Өтеген батыр сөйлеген еді:

Көз жасымызды көрді.
hақ Жаратқан берді.
Келмесі келді,
Ермесі ерді...

Сонан сынығын атып ұрған. Сол кезде шарананың шар еткен дауысы да шығады. Ілесе тағы бір дауыс қосылады.

Бұл кезде Өтегеннен ешқандай батырлық ізі қалмаған-ды. Атойлап алға бақсылығы шыққан. Бақшылығы шыққан. Жаурыншылығы шыққан. Сынықшылығы шыққан...

hақ Жаратқан көріпкелдік қасиетін Әлтеке баласының көзіне берген сынды. Өтеген бақшының көз қарасына жан шыдамаған. Бұл адам баласына тән емес көз қарас болатын. Қарағанда көз етіңді суырып алатын

қарас. Содан ел шыдамай сыртқа тайсақтап шыға берген. Ең соңында аламан үйде Бораншы мен Өтеген қалған.

О, құдірет, бұлардың көз алдарында тырбанып екі басты шарана жатыр еді...

Бораншының есі ауып қалған. Есі кіргенде көргені арқасы жабысып туған әлгі шарананың аяқ-қолы бүтін, екі тірі жан болып жатқандығы еді. Әйелі де ыңырсып тірлігінен хабардар еткен. Көзге түспегені Өтеген еді. Жер жұтты ма, аспанға ұшып кетті ме, әйтеуір жоқ еді. Келер сәт көзін жылбысқыларының арқаларына жүгірткен. Жалманмен шапқан екен. Тура пышақпен кескендей ажыратыпты. Тек біреуіне бір жапырақ ет артықтау ауысқан сынды. Сол екі балаға Сұраулы, Тілеулі деп есім береді.

Бір жапырақ еті ауысқаны Тілеулі болатын. Тілеулі баласының мұнан әрменде Әлтеке балаларына жуық жүретіні осыдан. Бір бірімен сүйкенісіп жүрсе басқа себебі жоқ. Пендесі бұларды бөлгенімен, бұлар бөлінбеді. Бәрі де бір Көктен де.

Сонан бұлар бырттайын быжынап көбейсін. Қаулап өскені соншалық, ел шетіне жау келгендей болса ұранотын жақпай-ақ шайқасты бастап жіберетін.

Хан іздеп бармады.

Хан іздеп келді.

Өйткені Өтеген батырдың бақсылығы, бақшылығы, батырлығы, жауыршылығы, сыныкшылығы осы екі атада қалған еді. Ал айтып отырған екі атамыз Өтеген батыр жауырыншылығын өзімен бірге ала кетті дейді.

Он жетінші жазба
ЕТ ПЕН БЕШБАРМАҚ

I. ЕТ

Бүгінде БАҚ бетінде бешбармақ сөзінің төңірегінде дау-дамай толастамай келеді. Жергілікті телеарналардың бірінде істейтін қарындасымыз да осы сөзді қаузап алдымызға келді.

Оның себебі орталық арналардың бірінде арнайы «Бешбармақ» деген хабар беріле бастады. Не нәрсе болсын додаға айналдырып жіберетініміз бар ғой. Сол әдетпен «бәйге» басталған. Әжелердің арасында, абысындардың арасында, ажындардың арасында, келіндердің арасында... Ара-арасында бағдарламаны үзіп, «Бешбармақ» деп жарнама беріп

қояды. Бәрі дұрыс-ау, әлгі «бешбармақ» сөзінің құлаққа түрпідей тиіп жатқаны болмаса.

Қазақтың етін бешбармақ деп кешегі заманда орыс ағайындар айтып жататын. Жалпақ жұрт оны шам көре қоймайтын. Бұзып айтып отырға санайтын. Ал қазіргі қазақ баласы мұнымен келісе қояр ма екен?! Өйткені қазақтың басты кәделі тағамы - ет, қалғаны соның байлауында. Ет бере алмаған үйді қора-қопсыға балаған. Сондықтан әрбір сапаршы түсетін үйін сайлаған. Өйтетіні «түскенше қонақ ұялады, түскен соң үй иесі ұялады».

Бешбармақ сөзіндегі беш түсінікті. Бес деген сөз. Ал саусағы ше?

Түркі халықтарының бәрінде бірдей саусақ біздегідей саусақ атымен аталмайды. Оны өзіміздің баба тіліміздің де көруімізге болады. Мәселен, бізде саусақтың өзі бес түрлі аталады - бармақ, үйрек, терек, шүмек, бөбек. Бес саусақ санамағында ол анықтауышымен аталады: бас бармақ, балаң/балалы/ үйрек, ортан терек, шылдыр шүмек, кішкене бөбек. Бұл көне түркі тілінің бізде сақталып қалғандығын көрсететін мысалдардың бірі болса керек. Өзбек, татар және басқа ағайындар саусақты бармақ дейді. Еттің бешбармақ /бесбармақ / аталуы содан.

Бешбармақ сөзінен қашудың жөні жоқ. Ол түркі сөзі. Алайда орынымен қолданылғаны жөн. Бешбармақ ет сөзінің синонимі де бола алмайды. Және ет бешбармақ емес.

Сонда не?! Ет жеудің құралы. Біреу қасықпен, біреу шанышқымен, біреу шыбықпен жеп жатады. Жалпы түркілер, оның ішінде қазақтар да етті бес саусақпен жейді. Олай болса бешбармақ етті жеудің құралы.

II. БЕШБАРМАҚ

Қайда барсақ та бүгінде алдымыздан бешбармақ тосып алатын болды. Әлеуметтік желілерді ашып қалсаң ет пен бешбармақтың дауынан басыңды алып жүре алмайсың. Тұрсынбек Қабатовтың бағдарламасына көз салсаң қазақтың етін қыжыртып жатады. Телесандықты ашып қалсаң «Бешбармақ» шоуы жол бермейді. Енді бұған келіп «Бешбармақ» бейнеклипі килікті... Бұл біздің қасиетті ұлттық тағамызға деген құрметіміздің кемігенін көрсетеді. Етке де, бешбармаққа да... Ел ойлап жүргендей ет пен бешбармақ синоним сөздер емес.

Ет - қазақтың ұлттық тағамы. Ал бешбармақ сол етті жеудің әдісі. Яғни қазақ баласы етті бес бармақпен жейді. Қисыны бес саусақ-ты. Алайда қазекем бес саусақтың өзін бес түрлі атайды - бас/бармақ, балаң/үйрек, ортан/терек. шылдыр/шүмек, кішкене бөбек. Сонымен қазақтың саусақ атаулары - бармақ, үйрек, терек, шүмек, бөбек. Мұның өзі қазақ тілінің исі түркілердің баба тілі екенін көрсететін мысалдар-

дың бірі. Есесіне басқа түркі халықтары - қырғыздар, башқұрттар, татарлар саусақты бармақ дейді. Бешбармағымыз - осы.

Қазір не көп - той көп. Содан да думанханалардан шықпаймыз. Біздің кеншілер қаламыздағы думанханаларда той дүйсенбі күннен басқа күндері өте береді. Сол тойда көретініміз етке көрсетілетін ас та төк құрмет.

Асабамыз әуелі дабдырлап дастарқан басына ет келетінін хабарлайды. Сол-ақ табақшыларымыз стол аралап кете барады. Үш-төрт айналып тізіліп барып төрге тұрады. Сонсоң ғана барып табақты орындарына жайғастырады. Бұл ретте, әрине, асабамыздың аузы жабылмайды. Етке қатысты мақал-мәтелдің барын айтып шығады-ау. Ең соңында ет дегенде бет бар ма деп қол салуға рұқсат береді-ау.

Сонсоң басталады. Біреу шанышқымен, біреу қасықпен, енді біреуі бес саусағымен жей бастайды. Бұрынғы қазақтың шанышқысы істік болатын. Қалай айтсақ та шанышқымен ет жеу жарасып тұрған жоқ. Қасықпенен жеу де оңып тұр деп айта алмаймыз. Дұрысы бес саусақ, әрине. Өйткені бес саусағыңмен еттің бір қылаңын, бір баранын араластырып жей аласың.

Осы жерде елдің тазалық жөнінде айта қалатыны бар. Оны да қозғайық. Қасық-шанышқы мыңдаған адамның қолынан өтеді. Ал бес саусақты дастарқанға отырған сайын жумаймыз ба?

Астананың туған күнінде осы бесбармақтан шоу өтті. Сонда «Ұлы бешбармақ» деді. Бәленбай тонна ет асыпты. Гиннестің рекордтар кітабына кірмекші екен. Сығалатпады ондағылар. Олар да білсе керек. Еттің не екенін, бесбармақтың не екенін. Оның несі ұлы екенін ақыры түсінбедік. Мұны өздерінше айтсақ «Ұлы ысырап» еді.

Қазақ ет деп айтса оның екі мағынасы бар. Тар мағынасы күнделікті ішіп-жемі. Қазақ етсіз отырмайды. Қазақтың күнделікті еті - қойдың еті. Қонақ келсе де осы қой еті сойылады. Кең мағынасындағы қазақтың еті - жылқы еті. Ол ет торқалы тойда немесе топырақты өлімде беріледі. Қазақтың соғымы осы жылқы еті. Бабаларымыз етті, оның ішінде жылқы етін жоғары бағалаған. Соған орай оған басқа түліктің етін қоспаған. Қосқан жағдайда оны ет деп әспеттемеген. Алайда бүгінде осының барлығы күнделікті өміріміздің орын алып отыр. Қазанға түскеннің барлығын ет дейтін болдық.

Ғаламтордағы әлеуметтік желілерді ашып көрдік. Ет жөнінде, бешбармақ жөнінде не айтады екен деп. Айтып тұр. Қоян етінен жасалған бешбармақ дейді. Сиыр етінен жасалған бешбармақ дейді. Тауық (құс емес) етінен жасалған бешбармақ дейді. Қалай екенін қайдам, бұл тізімге түйе мен ешкіні қоспапты. Ал етті қарасаңыз талып түсесіз. Аю еті, борсық еті, суыр еті... Одан әрі арқар еті, киік еті деп тізбелейді.

Алғашқысын бабаларымыз ет деп білмеген, кейінгісін қуырдақтық деп білген.

Қазақтың етіне жарнаманың керегі жоқ. Бесбармағына да. Айтса «Бешбармақ» бағдарламасын жүргізуші Нұрлан Абдуллин інімізге жарасар. Ал барынша қазақы көрінетін Роза Рымбаева қарындасымызға жарасып тұрған жоқ. Бүтін киімге салынған жамау сынды көрінеді.

Сонымен етті де білген сияқтымыз.

Бес бармақты да.

Ет жейік. Етті бес бармақпен жейік.

Қазанға түскеннің бәрінің бірдей ет емес екенін жадымыздан шығармайық. Қазаныңызға қоян, не тауық ұшасы түсіп кетпесін.

Он сегізінші жазба
САҚ ЕТЕР ТИДІ САНЫМА, САҚСЫРЫМ ТОЛДЫ ҚАНЫМА...

I. САҚЕТЕР

Өмірінің көп уақытын ат үстінде жаугершілікпен өткізетін көшпелілер (бабаларымыз деп ұғыныңыз) қарудың жеті атасын ойлап тапқан.

Ол негізінен ату - садақ (жақ), түйреу - найза, шабу - айбалта, кесу - қылыш, соғу - шоқпар болып бес түрге бөлінеді.

Байқап отырсаңыздар бұлардың барлығы да шабуыл қарулары.

Жаяу болмай аттылы болуы - ұшқырлық және жазық далада соғысу мүмкіндігі бабаларымызға шабуылдау артықшылығын берген. Бұған қарап бабаларымыз қорғаныс қаруларынан таза ада деген қорытынды шығаруға болмайды.

Таза қорғаныс қаруы - қалқаннан басқа, мысалы қылыш шабуылға ғана қолданылмай, сонымен бірге қорғаныс қаруы болып та табылады. Ал негізінен көшпелілер қорғаныс элементтерін тонға (киімге) ауыстырған (сауыт, торлама...).

Енді осы қарудың соғу түріне тоқталайық.

Жоғарыда айтқанымыздай соғу қаруы - шоқпар. Шоқпар қолданылу аясына орай бағлан, күрсі, бұздыған, дойыр, сақетер болып бөлінеді.

Батпаны - тұтастай шабылған ағаштың басын ойып, қорғасын құйғаны.

Күрсісі (күрзі) - басы темірден жасалғаны.

Бұздығаны - басы алты тілімді, сардарлардың лауазымдық белгісін білдіретін жеңіл түрі.

Дойыры (дойыр шоқпар) - басы мен сабын шынжырмен, не қайыспен жалғастырған түрі. Дойыр ең алдымен арақашықтық қаруы. Дойыр қылыш, айбалта, найза жетпейтін арақашықтықта қолданылады. Дойырдың басы мен сабын біріктіретін жері (шынжыры, қайысы) құлақ деп аталады. Ауызекі тілімізде үлкендер ақпақұлақтарға «Құлағыңды ұрайын» деп кейіп жатады. Осының дұрысы - «құлақпен ұрайын». Өйткені шынжырды (қайысты) орағанда ол құлақ түрінде болады.

Дойырдың сабы әдетте қысқа болады. Есесіне құлағы тоғыз құлашқа дейін барады. Мұны бір есептен соғумен қатар лақтыру қаруы десе болғандай. Дойырептілікпен бірге дәлдікті талап ететін қару түрі. Нысанасына дәл тимеген жағдайда екпін әсерінен аттан ауып қалу қаупі бар. Сондықтан да оны екінің бірі қолдана бермеген.

Дойырдың нысанасы - тізе, қарсыласының қару ұстайтын қолы, жауырын, бел. Демек дойыр сындыру, үзу қаруы болып шығады. Дойыр да тиген жеріне сақ ете түседі. Алайда, бұл сақетер емес.

Сақетер болса осы дойырдың түрлемесі (вариациясы). Дойыр мен сақетердің айырмашылығы басында. Дойырдың басы таза жұмыр болса, сақетердің де басы жұмыр, алайда оның басына жепей орнатылған.

Жепей дегеніміз жебенің вариациясы. Ату қаруында жебе оқтың басында болса, соғу құралында шоқпардың басында болады. Жепей де жебе сынды бірнеше қырлы болады. Ол да темірден жасалады. Сақетер де тиген жеріне дойыр сынды сақ ете қалады. Қарудың атында тұрғандай оның қалай тигенін қарсыласы байқамай да қалады. Дойырда тек соғу функциясы болса, сақетерде соғумен бірге түйреу функциясы да бар. Сақетердің нысанасы - сан, иық, іш. Қарсыласының қорғаныс тоны мықты болғанның өзінде де сақетер соғу функциясын атқарады. Сақетер тиген жағдайда оңдырмайды. Етке қадалған жепейлер кейін шыққанда кесек етті жұла кетеді. Сақетер тиген адам қансырап өледі. Сақетер тиген жерден жай ғана қан шықпайды, қан орасан көп кетеді. Оны тоқтату да мүмкін бола бермейді. Өйткені сақетердің басында ондаған жепей болады.

Жазушы Н.Таукин Доспамбет туралы жазған «Сөз сәулесі сөнбейді» («Сарыарқа» журналы, 1991, №4) мақаласында жыраудың «Сақетер тиді саныма» деген жолын «Оқ тиді саныма» деп түсіндіреді. Жазушы жырау жырының табиғатын жалпы жақсы түсінгенімен бұл жерде сәл мұлт кеткен.

Рас, оқ та қан шығарады. Алайда ол сақ етпейді. Кірш етеді. Сақ ететін әрі кірш етіп қан шығаратын тек сақетер ғана. Садақтың жебесінен гөрі сақетер жебесінің зардабы қатты. Оған жырдың қалған екі жолын оқығанда көзіміз жетеді.

Сақетер тиді саныма,
Сақсырым толды қаныма.
Жара бір қатты, жан тәтті,
Жара аузына қан қатты...

II. САҚСЫР

Бабаларымыз белден төмен киетін кимі үлгілерін бір ауыз сөзбен аяқтон деген. Тізеқап, сақсыр, шалбардың барлығы да осы аяқтонға жатады.

Аяқтонның өзі екіге - іштон және сырттон деп бөлінеді. Іштон кейін тілдік өзгерістерге ұшырап ыштан (іштон-іштан) болып тұлғаланады. Сонымен қатар функциялық қызметін де өзгертеді. Бертін келе ол орыс тілінде штан (штаны) болып қалыптасады.

Сырттон да осындай тілдік өзгерістерге ұшырайды. Атап өтеріміз тіліміздегі «сыртаң жігіт» деген сөз тіркесі бар. Сыртаң жігіт дегеніміз сырт тонды жігіт, тура мағынасы тонды (киімді) талғап киетін жігіт деген сөз.

Іштонға дамбал мен қамбал жатады. Дамбал әдетте жұқа матадан тігіледі. Қамбал да солай. Бұлардың айырмасы дамбал балақты да, қамбал шолақ балақты. Дамбалдың балағы қызыл асыққа дейін жетсе, қамбалдың балағы тізеден төмен ғана болады, тізеден аспайтыны да болады. Қазіргі шорты, шортик деп жүргеніміз осы қамбал.

Іштон таза гигиеналық киім үлгісі болса, сырттон таза салтанат киімі.

Сырттонға шалбар, тізеқап, сақсыр жатады. Сырттон сыртқы киім болғандықтан оны сәндеп, кестелеп, қалың матадан, теріден, жарғақтан, мақпалдан жасауға ұмтылған.

Көшпелілердің киімін қабылдаған орыстар, казактар осы аяқтон үлгісін әскери киім ретінде киіп, шаровар деп атап кеткен. Кейінде ол еуропалық үлгідегі ортақ униформаға айналған.

Аяқтонды еркектермен бірге әйелдер де пайдаланған. Соның бірі - бүрме. Бұл іштонға да, сырттонға да жатады. Бүрме белден және қызыл асықтан бүрулі болады.

Еркектер осы бүрменің түрлемесі - бүрікті киген. Осы бүрік орыстарға ауысып, брюки (бүрік-брюк) болып қалыптасады.

Аяқтонда түйме болмаған. Оның орнына бау (ышқырбау) пайдаланылған. Казактар оны учкур дейді. Түйме алқын-жалқын өмірде қолайсыз болған. Сондықтан бабаларымыз ышқырбауды біліп қолданған. Жауынгерлік өнердің дзюдо, кунфу, такэвондо сынды түрлері түймесіз, ышқырбаулы болады.

Сым шалбар емес, дұрысын айтар болсақ, шалбардың түрі емес. Жаугершілік заманда сақсыр, шалбар кесу, шабу қаруларына (қылыш, айбалта) осалдық танытқан. Осыдан барып аяқтонға сым өру шыққан. Бара-бара сымды таспалап өретін болған. Мұның өзі аяқтонның қорғаныстық қабілетін айтарлықтай арттырған. Бұл жоғарыда айтылған, бабаларымыздың қорғаныс шараларын киімге ауыстырудың жарқын мысалдарының бірі. Шалбарға сым тартқаннан кейін шабу, кесу қарулары енді бұрынғыдай қауіпті болмады. Алайда, мұндай сым шалбар кию екінің бірінің қолынан келмеді. Өйткені шалбарға сым жүргізу өте қымбатқа түсіп отырды. Сондықтан оны таңдаулылар - қолбасшылар мен сардарлар киетін еді. Бертін келе сарбаздар өз қолбасшыларын, сардарларын осы сым белгілеріне қарап айыратын болды. Сым қасталық/шен белгі ретінде жүрді.

Кейін бұл үрдіс орыстар арқылы еуропалық елдерге ауысты. Оның жұқанағын бүгін де көруге болады. Әскери жоғары шенді қолбасшылар осындай айырықша белгісі бар шалбар (сым) киеді. Сым орнына матадан жолақ (қызыл) жүргізіледі. Қазіргі генералдар, маршалдар киіп жүрген қызыл жолақ белгісі бар шалбарлар осы - сым.

Тізеқаптың алғашқы түрі аусыз, құр жай балақ түрінде болған. Ол сырттондық киім. Алайда сақсырдың пайда болуымен ол іштондық функциясын атқарған. Атауында тұрғандай, тізеқаппен тізені бүркемелеген. Тізеқап балағы кейде тұйық болған. Осыдан барып кейбір зерттеушілеріміз оны аяқ киімі үлгісіне жатқызып жүр.

Сақсыр тізеқаптың жетілген түрі. Қазақтар киетін чикчир осы сақсыр. Бұл киім үлгісі тізеқапқа (екі балаққа) ау жалғау арқылы жасалған. Сақсырдың кейбір түрі тізеқап сынды тұйық, яғни балағы бітеу болады. Санға сақетер тиіп жаралағанда жиналған қан ешқайда шыға алмайды. Ол сақсырды толтырады. Сондықтан сақсырды бір есептен гигиеналық (оған инфекция кіре алмайды) киім десе де болады.

Қазіргі спортшыларымыз, бишілеріміз, циркшілеріміз киіп жүрген трико (түрік), гимнастерка (киім астар), гетра, т.б. сол -тізеқап, сақсыр, шалбарлар. Сөзімізді тағы да Ер Доспамбеттің төрт жолымен аяқтайық:

Сақетер тиді саныма,
Сақсырым толды қаныма.
Жара бір қатты, жан тәтті,
Жара аузына қан қатты...

ТӨРТІНШІ БӨЛІМ

КҮЙТАНЫМ

Бірінші жазба
АҒАШТІЛ

Алматыдағы Әбілмәштің баласы оқу бітіріп, ауылға сау ете түскенде көрші-қолаңдар айран-асыр болған. Қолдарындағы торлама, түйін-шек-буыншақтарының ішінен Алматының апорты шықпай қайдағы бір керманның қараағашы дей ме-ау, Төменнің қызылағашы дей ме-ау, Сарыөзектің сәмбіталы дей ме-ау, не керек, әйтеуір ұзынды-қысқалы ағаш кесінділері шыққан. Кейін олар көшіп келгенде де теңкиген жүк контейнерінен үй жасауы шықпай, ағаш кесінділері бой көрсеткен.

* * *

- Халқымыздың қолөнері жөнінде айтсақ ұста, зергер, шеберден аспаймыз. Одан әрі әңгімемізді өрбітіп жатсақ мүдіре бастаймыз. Бері салғанда үйші, әрі алғанда ишіге тірелеміз. Шынтуайтына келгенде киіз үйдің сүйегін бір адам жасамайды ғой. Уықшы, керегеші кобдышының бәрі біздің ұғымымызда үйші ғана. Ал шанашы, арбашы, қамытшы, доғашыны қайда қоямыз? Баяғыда зергерлерді дәріптегенде үлкендер иненің жасуына бедерлі көз орнатқан деп жататын. Кезінде мән бермеппін. Қазір ойлап отырсам өзіміздің кеудемізге тағып жүрген значогіміз екен ғой...

Қажығалидың нағашы атасы Жүнісбай Семей төңірегінде есімі шыққан күйшілердің бірі. Жүсекең ұсталық та, зергерлік те жасайтын, саят құратын. Ит жүгіртіп, құс салғандықтан теректен, ақ теректен тұғыр, саптыаяқ шабатын. Жүсекеңнің қолы боста қайың түбірінен ойыштап жасаған зеренаяқ, тегене, тостағаны қолды-аяққа тимей ауыл аралап кете баратын. Қажығали нағашы атасының атан өгіздің жілігінен ожау, қасық, томардан қылдан нәзік қиын бедерлі домбыра шабатынын мақтаныш көретін. «Пай, пай, Жүсекеңнің домбырасы өзі жоқта да сөйлеп жатады» десіп үлкендер қауқылдасып жатқанда кәдімгідей көтеріліп қалатын. Өсе келе өзінің де ауаны тоғай, жыңғыл жаққа ауатын болды. Қайыңның қызылды-сарылы түрінен тостаған шапты. Келе-келе

тегене, ожау, табақ жасауды шығарды. Қажығалидың домбыра шауып, жетіген, шертер жасауға машықтанғанына аз уақыт болған жоқ.

- Бәрі де «бала» домбырадан басталған еді, - дейді ол құрама домбыралардың біреуін қолына алып, - оны тұтас шапқаныммен, қанша күн шапқаным есімде жоқ, дегенмен ұзаққа созбасам керек. Асыққаныма көрінді ме екен, ән мен күйді құлай сүйгеніммен домбырашылық маған қонбады.

Қажығали үйінің бір бөлмесін шеберханаға айналдырған екен. Мұнда не жоқ дейсіз. Бітеден (ағаш шеге) бастап боданға (киіз балға) дейін бар. Қажығалидың өз қолымен жасалған пенопласт кесетін араны да, домбыраны иетін құралды да көрдік. Мұнан басқа да меншікті атаулары жоқ бірқатар құралдарды тамашаладық. Бәрін өзі жасаған.

- Сырнайда ойнаймын. Той-томалақта ән де салып қоямын. Ал енді нансаңыз күні бүгінге дейін бірде бір сырнай жасамаппын.

Қабырғаның біреуін тұтастай алып жатқан халқымыздың ұлттық аспаптарының кішірейтілген үлгілері көзіме оттай басылсын. Тайтұяқ дейсіз бе, жетіген дейсіз бе, қылқобыз, сыбызғы дейсіз бе, шаңқобыз дейсіз бе - бәрі осында екен.

- Балалар үшін Зәркүл өтінген соң жасап едім, - дейді, - ол қабырғадан көз алмай тұрған маған қарап.

Менің домбырадан ептеген хабарым бар. Оның алақан, мойын, шанақтан тұратынын білемін. Оның қатты ағаштан жасалатынынан да, сапасының ағаштың кебулігі, сақинасына (кәрі-жастығы) байланысты екенінен де хабарым бар. Сондықтан да Қажығалимен өткен әңгімемді осы арнаға түсіруге талпынғанымды жасырмаймын.

- Бәрі де дұрыс, бәрі де белгілі жайттар, - деді ол, - кілтипан мойын мен шанақтың ара қатынасында, қала берді желімде. Ертеректе қолданылған сіңірлеу (сіңір желімімен желімдеу) қолданыстан шығып қалды. Ал пайдаланылып жүрген желіміміз синтетикалық болғандықтан ыссы күнде ылжырап, домбырамыз ағаш үйіндісіне айналады. Домбыраның шанағын үлкейткенмен, мойынын ұзартып-қысқартқанымызбен ұтылмасақ ұтып жүргеніміз шамалы-ау деймін.

- Ағашқа тіл бітірген, - деп қосып қойдым.

- Расында да ағаштың тілі болады. Желді күні құлақ салсаң ағаштар сөйлейді. Ағаш тілінде. Соның бастысы күңгір. Әр жағы суылдап басқа ноталарға ауысады...

Біздің әңгімемізге Зәркүл аралассын:

- Белгілі қобызшы Сәкеңнің үйінде (Үмбетбаев) қонақта болдық. Қажығали төрде ілулі тұрған қылқобызды көбірек төңіректей берген. Қонақтан қайтқан бойда оның нобайын қағазға түсірді. Ұзаққа созбай мына қылқобызды дүниеге әкелді.

Ол менің қолыма әдеттегі қобыздан өзгешелеу аспапты ұстата берді. Қылқобызымыз осы екен. Қобыз төрт шекті, әрі темір болса, мынасы үш шекті. Ысқыш салып едім күңіреніп қоя берді.

Зәркүл әңгімесін одан әрі жалғады.

- Мұны егіздің сыңары десе де болады. Қажығалида өзінің қылқобызының көшірмесі бар екендігін Сәкең білмейді. Айтуға ұялдық. Жалпы, Қажығали қай істі болсын ойланып, толғанып ұзаққа апарады. Жылына үш, әрі кетсе төрт домбыра шабады. Қазір жас әншілеріміздің біразы оның домбырасын пайдаланып жүр. Белгілі әншіміз Жәнібек Кәрменовтың Қажығалидың жасаған домбырасымен ән шырқап жүргенін мақтан тұтамыз.

* * *

Әбілмаш аға сол күні оқу бітіріп келген екі баласының құрметіне көрші-қолаңды шақырып, шағын той-томалақ жасаған. Үлкендердің қолқасымен екеуі өнерлерін ортаға салған. Өз кезегінде Қажығали құрамалы домбырасын қуықтай қобдидан шығарып, қас қағым сәтте әлгі бөлек-салақтарымен нағашысы Жүсекеңнің қайдағы-жайдағыны қозғайтын қайырмаларына салған-ды. Отырыста болған ағаларымыздың бірі қайтып бара жатып:

- Қуықтай қобдиға домбыра сыйғызған, ә, - деп тандайын қағумен болды.

Екінші жазба
АҒКЕ

АДАМБАЙДЫҢ Исатайы (1934), Құрметті қырғыз (қазақ). Дала банкирі. Керней атасынан шыққан банкирлердің көшелісі. Осы атаның көшбасшы күйшісі. Домбыра, қобыз, сырнайда ойнаған. Арқа қосбасарларының бір тармағы шаңқосбасарды жалғастырушы. Шығарған күйлерінің алғашқы жартысын домбырамен бастап, екінші жартысын қобызбен аяқтап отырған. Байқұлақ болғандықтан өмірі қуғын-сүргінде өткен.

Арқада салтанаты асқан күйшілер некен-саяқ болған. Болса Тәттімбет, болса Машақ...

Ақсүйек болмағанымен бұлар да ордалар тіккен. Ол ордаларын күйорда деп әспеттеген.

Сол ордаға екінің бірі кіре бермеген. Барғандар дәреттеніп барған.

Сондай күйорданы Исатай да тіккен.

Исатайды іздеп келушілер легі бір толастамаған. Өйткен атақ-дабырасы Арқадан асып алысқа кеткен. Арқада он сегіз мың қылқұйрық біткен кешегі Адамбай мырзаның баласы деген атының өзі неге тұрады?!

Бұл да толған.

Бұл да болған.

Мұның толғаны бөлек еді.

Мұның болғаны бөлек еді.

Бұл қылқұйрық жимады.

Бұл соның пұлын жиды.

Бұл үйірлеп айдамады.

Бұл қалталап шашты.

Аққұмды...

Сарықұмды...

Қызылқұмды...

Соның бәрі жарасымды еді. Басқаға болмаса да Исатайға жарасатын. Байдың басқа балалары бұл бауырларының осынау ас та төк әрекетін онша құптай қоймаған. Бірақ одан ортайған Исатайды көрмеді. Көрмеге қойғандай қылқұйрық жиды. Тайпалаған жорғаларды жестірді. Бірақ оның бір ісі елді тыныш жатқызбады.

Ол ағаш жинады... Бәрін қойып онысын Сібірдің тайғысынан алдырды. Ел ағаштың қызыл түстісін, қара түстісін осы ауылдан көріп айран асыр болды. Басқа ағайындары ат жаратып, құс салып жатқанда ол ағаш баптады.

Ел қылқұйрықтардың жасын тісіне қарап айырып жатқанда бұл сақинасына қарап жиған-терген дөңбектерінің жасын айырды. Бұл сол жиған-терген дөңбектерінен домбыра шапты. Ай-жылында бір ғана домбыра шабатын.

Не керек, жақсы ағашқа күн туғызбады.

Туған інісі Тобатайдың есімі де ерте білінген. Керней елінің болысы болып, көп игілікті шаруалар тындырған. Алыс-жақынды жақындастырған көптеген шаруаларға ұйытқы болған. Ол да жоқтың жомарты, бардың кенеулісі болды. Сол бауыры Омбыға үйір айдатып, пәуеске алдырғанда Исатайдың ұйқысы шайдай ашылған.

Тобатай інісінің пәуескесі сөйлеп тұр еді.

Домбыра болып...

Күй болып...

Қызығына алдырған нәрсесі ғой деп, бірден бас салып сұрауға өресі жібермеген. Тура сондай бір пәуеске алмақшы болып бұл да шабылған. Сондағы тамыры Сатылған байға жосығын айтып, кісі шаптырған. Соңынан өзі де жүрген.

Құмдардың үш түрінен де алған. Қалталап.

Барғанымен қуанышы артында қалған екен.

Қаладағы пәуеске атаулыны алдынан өткізген.

Ол оларға домбыра шабушының көзімен қарағаң...

Ол оларға күйшінің көзімен қарағаң...

Жоқ еді іздегені...

Мұның көзімен қарағанда көргендерінің барлығы да құр кеуек ағаш болып шықты...

Енді артқа асыққан. Ауылда қалған пәуескеге... Туған бауыры емес пе?! Тобатай сөз айтпастан бұйымтайлаған пәуескесін жеткізіп тастаған. Барынша малынған жасауымен.

Сол пәуескені Исатай шақты да тастады.

Одан Тобатай хабарсыз болады. Бірде жол шығып қалады. Омбыға. Амалсыз пәуескесін сұрауға мәжбүр болады. Еш хабар болмаған соң өзі келеді. Сонда Исатай інісін қалақ домбырасымен қарсы алыпты. Сол қалағымен бұрынды-соңды естілмеген күй ойнапты. Исатайдың «Пәуеске» деген күйі осылайша туған.

Бұған дейін бұл атырапта домбыраға ат атап, атау берілмейтін. Бірақ осы домбыраның аты шықты. Ел оны «пәуеске домбыра» деді. Бұл хабар желдей есіп Арқадан асып сонау Омбыға да жеткен. Арада жыл өткенде Омбыдан Сатылған бай да келген. Жақсыны көрмекке деп.

Күйорда сонда арнасынан асқан. Жиылған елде қисап болмады. Жұрт алдына алдымен пәуеске шыққан.

Пәуеске арба емес... Пәуеске домбыра...

Іле Исатай көрінген. Ойнасын сонсоң келіп.

Алдымен бар болды. Сол барды шағып тастады. Жоқ болды.

Сонсоң жоқтан қайтып бар болды. Бұл жолғы бар бұрынғы бардан да әдемі еді.

Бұрынғысы пәуеске болатын... Ендігісі қолындағы қалақ домбырасы еді. Бұл «Пәуеске» күйі еді. Келер сәт жаңа сарын тамырды қуалап кете барған. Бұл әлгінде ғана ойналған күйдің жалғасындай болып көрінген.

Алдымен бар болды. Үлкен бар. Сол үлкен бар барған сайын кішірейе берді, кішірейе берді... Кішірейсе де бар еді... Жоқ емес.

- Бұл не күй? - деген көзі жасаураған Сатылған бай.
- Сатылған! - деген Исатай.
- Сатылған? - Сатылған байдың өз құлағына сенбеген жайы бар еді.
- Сатылған...

«Сатылған» күйі дүниеге осылай келген.

Сол Сатылған бай «Сатылған» күйіңнің көрімдігі деп мініп келген пәуескесін тастап кеткен еді.

Исатайдың алған адамы Әжікей сұлу. Әжікей Кәрсен елінің атақты болысы Сарыбастың қызы болады. Әжікей жөнінде заманында Сарыбас Боранқұлдың баласы Әкбар «Әжікей сұлу» деген қара сөзбен дастан жазған.

Исатайды ел Ағке деп кеткен. Өйткені Шолақ тұқымы Ағке дейді. Бай ауылының бесауыл атанғаны белгілі. Сол бесеудің бірі осы Исатайдың ауылы.

Ағке ауылы...

Күй ауылы...

Күйшінің жиырмасыншы жылдардан кейінгі өмірі шырғаланды болды. Соны біліп қолындағы малын таратып жібереді.

Ал құмы?..

Түссізге айналды дейді аңыздаушылар... Жай құмға айналды дейді аңыздаушылар... Уақыты келгенде өз түсін табады дейді аңыздаушылар... Күйші баласы Кәсенбектің қолында бақылыққа озады. Домбырасына Арқаның атақты күйшісі Рысқұлбек күйші ие болып қалды дейді...

Айтып отырған Рысқұлбегіміз күйшінің бел баласы болады. Қобызына Арқаның атақты қобызшысы Аман күйші ие болып қалды дейді... Қараның Аманы атанған Мұқаштың Аманы да Исатай күйшінің бөтені емес. Рысқұлбек пен Аман шөбере болып келеді...

Ал пәуеске домбыраның тағдыры әзірге мәлімсіз болып тұр...

Үшінші жазба
АҚТАҢГЕР

Кезекті еңбек демалысымда болғандықтан теледидар қарауға, күнделікті ақпарат құралдарын ақтарып қарастыруға уақытым болмаған. Соның есесін алайын дегендей спутниктік теледидардың өзім сүйіп тамашалайтын «Мәдениет бағдарламасын» қосқам. Кезекті жарнамадан кейін «Еурожаңалық» қосылған. Тыңдап отырмын. Кенет Қазақстаннан хабар берілді. Күй анасы Динаның 145 жылдығына орай Жаңақалада өткен республикалық домбырашылардың байқауынан екен. Бұл жөнінде естігем. Тамашасы сол, күй додасында екінші орын алған қаршадай қыз өзін қарағандылықпын деп таныстырды. Аты-жөні Гүлнәр Шәріпова екен.

Енді ойланайын, мұндай үкілі үмітіміз бар ма еді деп. Өйткені жергілікті баспасөзде ондай сүйіншілеген хабар көрмегем. Содан құлақтастар таптым. Расында да ондай қарындасымыз бар екен. Мынау өзіміздің облыстық арнайы музыка мектеп-интернатының 1995 жылғы түлегі. Жеңіс Дайырұлынан дәріс алған екен. Қазір Астанадағы Қазақ

Ұлттық музыка академиясында домбыра класында оқиды. Төртінші курста. Ұстазы Орынбай Дүйсеннің есімі де көпшілікке жақсы мәлім.

Енді есіме түсті. Былтырғы Көкбөрі Керней асында өнер көрсеткен қарындасымыз екен. Халықаралық «Шабыт» фестивалінде дипломант атанғаны, осыдан екі жыл бұрын өткен Тәттімбет бабамыз атындағы республикалық күйшілер додасында «Тәтімбет күйлерін үздік орындағаны үшін» арнайы сыйлығын қанжығасына байлағаны да есіме түсті. Сөйткен қарындасымыз біз ойлағандай жоғалып кетпепті. Өзін үлкен додаларға дайындапты.

Гүлнәрдің ата-анасы Сәуле апамыз бен Ғұбайдолла жездеміз осы Қарағандының тумалары. Екеуі де өнер десе ішкен асын жерге қоятын жандар. Жездеміз дәулескер күйшілер қатарынан. Арқаның «Қосбасарларын» шертіп отырады. Ал Сәуле апамыз Гүлнәрдің барлық сапарында қасында жүреді.

Байқауға Гүлнәр осы жолы жалғыз барыпты. Ата-анасыз. Додаға барлық облыстардан келіпті. Байқау Дина апамыздың туған топырағы Жаңақалада өткен. Жаңақала талай өнер майталмандарын тудырған киелі топырақ. Осынау құйқалы өңір қазақ өнеріне Құрманғазы, Дина, Мәмен, Қали, Оқап сынды қайталанбас соқталы тұлғаларды берді. Сол топырақты Гүлнәр да басқан. «Жаңақала барсаң күйшімін деме» деген мәтел бар. Екінің бірі айтады. Батырдың да жүрегін алатын сөз. Есіне «Арқаға барсаң әншімін» деген де мәтел түседі.

Уақыттың өзі тағзым еткен күй додасы басталған. Кезек өзіне жеткенде күй тәңірісі Тәтекеңе сыйынып, Динаның «Байжұмасын», Тәтекеңнің «Сылқылдағын», Қазанғаптың «Сырмасын» ойнаған. Тыңдарманды бірде суындырып, бірде жауратқанын сезеді. Өйткені өзі сондай сезімде болған. Тур қорытындысын шығарғанда өз көзіне өзі сенбеген. Қазылар алқасының төрағасы басқа емес, қазақ күй өнерінің мәтрі Қаршыға Ахмадияровтың өзі болатын. Сол кісінің өзі сөз алып, өзінің «Байжұма» күйін алғашқы буындарын дұрыс алмағанын айтып, келесі турға жіберілмейтінін жеткізген. Басқа басқа, алайда Дина күйлеріне тыңғылықты дайындалған. Әркім жаратылысына тартады. Сондықтан да Дина күйлерінде алдымен нәзіктік шығады. Осыны үнемі жадында ұстаған. Сондықтан да өзіне сенімді еді. Нотадан шықпаған. Мың құбылтып тартатындай күй театрлық өнер емес. Сондықтан да үнсіз қала алмаған. Көлденеңге жоғарыдағы уәждерді тартқан. Содан не керек, қазылар алқасы ақылдаса келе келесі турға жіберген.

Екінші турда тағы да Динамен бастаған. Бұл жолы күйшінің «Ананың бұйрығы» күйін ойнаған. Бұл негізінен пәлсапалық күй. Он саусақтан саулаған ырғақтар сен дүниеге келмегенде қолыма қару алып, Отанымды өзім қорғар едімді анық ұқтырады. Турдың тұздығы ретін-

де Махамбеттің «Қайран, Нарынын» тартқан. Екі күйдің табиғаты бір. Қайран ақын Нарыны үшін барын салған. Өйткені оның осыдан басқа Отаны жоқ еді.

Үшінші турға суырылып шыққандар арасынан өз есімін көргенде көңілін демдеген.

Ақтық турда тағы да Динамен бастаған. Бұл жолы «Бұлбұл» күйін құйқылжытқан. «Динаның «Бұлбұлын» түсіну үшін Күләштің «Бұлбұлын» тыңда деген сөз бар. Одан кейін Дәулеткерейдің «Жігеріне» кезек тиген. Құрманғазы да ұмытылмады. Көпшілік біле бермейтін «Машинасын» орындаған. Ал Сүгірге келгенде өзгеріп сала берген. Күйшінің бойлауық «Қосбасарын» шертіп-ақ баққан. Қаршыға ағасы келіп қолын алған. Жылап жібере жаздады. Бірақ жыламады. Өйткені ол өзін мойындатты ғой. Байқау қорытындысында өзінің есімі аталғанда селт еткен. Асықпай сахнаға көтерілген. Қаршыға ағасы бәрін тәпіштеп тұрып айтып берді.

- Гран-при сенікі еді, бірақ обалың педагогіңе, - деген. Осы салтанатты сәт «Хабар» бағдарламасынан берілген хабарға іліккен екен. Соны бірнеше қайтара көріп шыққан. «Байжұмадағы» алғашқы буындарын дұрыс алмағанын салық етіп тұрғанын жақсы түсінген. Алайда педагогтың жазығы қанша?! Түсінбесе осыны түсіне алмаған.

Бұл «Хабардан» берілген хабарды мен де бірнеше мәрте қайыра көріп шықтым.

Ұлылар да қателесіп жатады. Олардың қателері де ұлы болып келеді. Менің ойымша Қаршыға ағамыз екі мәрте қате жасаған. Біріншісінде - екінші турға жібермей қалғандығы. Екіншісінде - екінші турға жібергендігі. Ең бастысы өзіңнің қателік жібермегендігің. Гүлнәр күй сапарынан осыны түсініп қайтты.

Бұл енді оның мәңгі азығы болмақ. Жаңақалаға барғанда өзін күйшімін демеген. Гала-концертте Нұрғиса ағаның «Аққуын» орындаған. Хабарлаушы сонда өзін Арқаның ақтаңгер күйшісі деп хабарлаған. Содан асқан баға болмаса керек.

Келер жылында күйші-әйел баласы ішінде есімі Динадан кейін аталатын Аққыз күйшінің 110 жылдық мерейтойы келген. Аққыздың есімі ерекше аталады. Қосбасарды тудыра алған дарын. Елдің бәрі күйшінің топырағы Ақтоғайға ағылған. Ақсу-Аюлыдан Дәулетбек Сәдуақасов ағамыздың, кеншілер қаласынан Құнан Кәріпбеков әкеміздің дабысы білінген. Сайыстың төрелігінде Ақселеу ағамыз Сейдімбек отырған.

Ол осы сайыста Әпике Әбенқызының орындауындағы қосбасарды шалған. Тұздығына Тәтекеңнің «Бестөресін» төгілдірген. Бас жүлдені алам деп ойламаған. Өзін мойындатуға келген. Ел мойындады. Әпикені берген топырақ Гүлнәрді берді деп.

Әпике апамыз Аққыздың жиені болатын. Гүлнәр болса Әпике апамызға көгеншар болып келеді. Сонда Ақаң - Ақселеу ағамыз айтқан. Арқаның күйші қыздарының өз қосбасарлары болған деп. Сол сөз күні кешегідей құлағында. Бүгінде сол сөз жүрекке түскен.

06.06. 2007 ж.
Қарағанды

Төртінші жазба
АЛПАН КҮЙШІ

Алпап БЕКАЙДАРҰЛЫ (1932-1999), Қарқаралы ауданының Томар ауылында дүниеге келген. Қасен, Тезекбай күйшілердің тәлімін алған. Қарқаралы педучилищесінің түлегі. Елге келіп, ауыл мектебінде ән-күйден сабақ береді (1954-1965). «Прогресс» шаруашылығы ашылғанда аккумляторшы болып барады. Коммунистік еңбек екпіндісі атанады. Қазақтың атақты күйшісі Мағауия Хамзинмен шығармашылық байланыста болады. Алматыға шақырылғанымен отбасылық жағдайына байланысты бара алмайды. Соған қарамастан Алматының зиялы қауымының алдында өз өнерін көрсетіп, жоғары баға алады.

Бүгінде домбыра төңірегінде татымсыз әңгіме көп. Домбырашысы қайсы? Күйшісі қайсы? Дәулескері қайсы? Бәрін қойып домбыра шабушыны не дегеніміз жөн? Танықтық әлі күнге жоқ. Күй тартқаны жөн болсын, домбыра тартқаны қалай болар екен? Домбыраны шертпеуші ме еді?! Домбырада ойнайды дегенді естігенбіз. Домбыраны жеп қойды дегенді ше? Шынында да ондай өнер шеберлері өмірде болған ғой. Орыс жұрты ондайларды виртуоз деп аспандатып жатады. Біздер ше? Бәлкім, сүлей деп асқақтатсақ болар ма екен?

Құрама ер сынды құрама домбыра да болған ертеде. Қазір де бар. Белгілі күйші Таласбек Әсемқұловтың туған бауыры үйір болушы еді ондай домбыраға. Оны көзіміз көрді. Кезінде ол туралы жаздық та. Кешегі құлағы қазына қарияларымыз атақты күйші Мұқаштың Аманын жарты сағат домбыра шертіп, одан кейін онысын қобыз қылып аңыратып отыратын дейді. Сонда онымыз не аспап болды?

Бұл әңгімені ауызға алғанда кейіпкерімізге сындырайық деп отырғанымыз жоқ. Ол кісі де бір атаусыз қалған тұлға. Айтып отырған виртуозымыз осы кісіге келеді.

Ел ол кісіні Алпан күйші деп біледі.

Мынау Қарқаралының Томар ауылының тумасы. Сонау ашаршылық буған 32-ші жылы дүниеге келіпті. Әкесі Бекайдар жылқышы болыпты.

Ал жылқышының жайы белгілі. Жаяу-салпаң байларға қарағанда қашанда оларда саржелісті желік болған. Сапырып қымыз ішкен қазақтың қай баласы ыңылдамаған, қу тақтайға емінбеген?! Олай болса Бекайдардың ән салып, күй тартқанына сеніңіз. Қарқаралы жақта Бекайдар деген күйшіні естісеңіз жаңылыспайсыз - осы кісі.

Анасы Кенжебике бала тәрбиесінде болыпты. Өздері тоғыз екен. Оған ағайын-туғанның тағы бір тоғыз баласын қосыңыз.

Сол ауылда Қасен есімді ақсақал өтіпті. Әлгі кісі де домбырашы екен. Тартқанда құбылтып тартады дейді. Бала Алпан күндіз жоғалып кеткенде сол кісінің алдында күй тыңдап отырады дейді. Сағаттап, апталап, айлап...

Домбырашылар мұндайды сіміру дейді.

Өйткені ол бойға сіңіргенін қайтып тартып бермей, өз жанынан да қосады. Жетпей жатқанын толтырады. Мұндай санаттағы домбырашыларды дәулескерлер деген.

Олар өз жандарынан күй сорғалатпағанымен, күй иесімен таласқа барған, жесіскен. Қазіргі халық күйлері деп жүргеніміз сондай туындылар. Бірнеше дәулескер ұрпақтың қолынан шыққан, уақыт тезіне шыдап берген өлмес шығармалар.

Сіңірушілер де болған. Олар бойларына сіңіргенін сол күйі қайтып орындап берген. Оларды домбырашылар деген.

Домбырашылар сіңіреді...

Дәулескерлер сіміреді...

Мен білсем Алпан күйшіде екеуі де болған.

Бала Алпан Бекайдар күйшінің алдында да солай таңды таңға ұрып атырған...

Бала Алпан Тезекбай күйшінің алдында да солай түнді түнге ұрып батырған...

Бекайдар деп отырғанымыз әкесі, ал Тезекбайымыз туған ағасы. Елдің айтуынша екеуі де әлемет күйшілер болған.

Алпан сіңіргенін де, сімірген қайтып төгілдіре алған. Қу тақтайға емініп, жабысып қалатын. Сонан басталатын. Бақаймен тарту, башаймен тарту, алақанның сыртымен тарту, пернеге саусақ тигізбей тарту, ішектерді жеке шалу...

Алпан сол өнерін толық шығара алмады. Желі теріс келген замана оған мүмкіндік бермеді. Күй, оның ішінде шертпе күй қалқаңқұлақтар мен салпаңқұлақтардың бақылауында болатын. Мұндай күйшілердің түрмеде отырғаны аздай, атылғандары қаншама?!

Үлкендер жағы сұрай қоймаса, өз бетімен қалақ домбырасын алып, күй сорғалаткан емес.

Абылан деген жерде мектеп бітіріп, сол кездегі мықты оқулардың бірі Қарқаралы педучилищесіне түседі. Мұнда төрт жыл оқиды. Осындағы домбыра оркестрінде ойнайды. Ол заманның қалыбы бөлек еді. Ел оркестр құрғыш болатын. Ойнаса Құрманғазының күйін ойнайтын, Қазанғаптың шығармасын тартатын, қалды халық күйлерін ойнаушы еді. Шертпе күйге, оның ішінде Тәттімбетке жолай қоймайтын.

Алпанның мұнан түсінгені шертпенің бұғауда екендігі. Сондықтан да шертпеге жолай қоймайтын. Есесіне оңаша қалғанда сорғалатар еді. Күйді де, көздің жасын да...

1954 жылы міндетті әскер қатарында болды. Баранович қаласындағы әскери бөлімшеге түсті. Мұнда тіпті домбыра аспабына мұрынын шүйіре қарады. Қу тақтай қайдада табылған ғой. Еуропалық классикалық шығармалардың өзін шебер орындап берер еді. Алайда бәрі де орындалған жерінде қалып отырды.

Әскерден келген соң мектепке орналасқан. Ән-күйден сабақ берді. Сағаты аз болып, басқа да пәндерден сағат алды.

Бұл екі ортада бала-шаға да өсе бастаған. Құдай қосқан қосағы Күлпәші әнші болатын. Күлпәші тамылжыта ән салғанда ел алдындағы асын сырғытып, майлыққа асығар еді.

Рухы күшті адам иығын жалаңаштай алмайды. Оның да реті келе қалған. 1965 жылы Прогресс шаруашылығы ашылып, сондағы МТМ-ге жұмысқа тұрған. Кім болып дейсіз ғой. Әрине, аккумуляторшы болып. Бұл айтарға ғана. Әйтпесе, слесарь да, вулканолог те, дәнекерлеуші де, монтажшы да бір өзі болатын. Ең бастысы, нәпақасы дұрыс еді.

Өнерде қалай болса күнделікті өмірде де солай болды. Еңбек озаты болды. Коммунистік еңбек екпіндісі атанды. Мадақтама аталатын қатырма қағаздармен бірге ақшалай сыйлықтар да келіп жатты.

Өнер осылайша екінші орынға сырғыған.

Әрине, уақытша. Жақсы күндер туғанша. Сол күн де туған.

1977 жылы қоңыр күзде Қарқаралы ауданына қазақтың атақты күйшісі Мағауия Хамзин келе қалады. Өнер адамының не іздейтіні белгілі. Алдымен құлақ, әрине. Одан кейін ел жадында қалған шертпелер, қайырымдар.

Аудандық мәдениет басшыларына есіне бірден Алпан күйші түсе қалады. Оның үстіне Томар ауылы ешкімнен сорлы емес, шаруашылығы шалықтап тұрған совхоздардың бірі.

Томарлықтар әртіс қонақтарды иілігі жастық болып қарсы алған. Басқалары жайлы орын іздеп кеткенде Мақаң үш бөлмелі үйде он бір баласымен тұрып жатқан Алпекеңнің үйіне түсіпті.

Бұл үйдің есігі жабылмаған ғой. Көршілері бар, басқалары бар бауырсақ пісіріп, ет асып мәре-сәре болып қалады. Кешінде бастала-

ды керемет. Бірі бастап, екіншісі қостап, бірінікін-бірі іліп әкетіп, тек Арқаның бойлауық күйлерін шертіседі. Сол топтың ішінде ұйықтамай Қасен шалдың алдында отырған құдды баяғы бала Алпанша баласы Жамбыл отырады. Күй сүлейі сүйініш білдіреді.

- Мына кішкентай мендей күйші болсын, - деп батасын береді.

Құрғақ бата беріп қоймай, аузына түкірген екен.

Мақаңның үшінші көзі бар екен. Ол кісінің айтқаны келді. Жамбыл Алпекеңнің мираскері болып шықты.

Сол жылдың желтоқсан айының соңында Алматыда Мақаңның жарты ғасырлық мерей жасы тойланады. Арнайы тілгерам алған Алпекең одан әріге шыдамай Алматыға тартады.

Сол мерейтойда Мақаңның қолқалауымен Алпекең Тәтекеңнің «Көкейкестісін» орындайды. Күйшінің тойына күйшілер келмей ме?

Алпекең солардың аузын аштырып, көзін жұмдырады. Себеп... атымен өзгеше тартып еді. Саусақтың қарымен жоғары қарай орып қағу елдің көзін атыздай қылған...

Өзінің осы тойында Мақаң тамам күй шеберлерінің көзінше басқа елге айтпаған мадақ сөзін айтып, Алпекеңнің иығына шапан жауып, қолындағы домбырасын сыйлайды.

Енді бұл кісілер отбасы болып араласа бастайды. Өмірлерінің соңына дейін барыс-келіс үзілмейді. 1980 жылы асыл жеңгелері Галина Владимирқызының шақыруымен Алпекең Күлпәшін қолтықтап, Алматыға тағы барады. Ол кісілер бұл жолы Алпекеңдерді қыдыртады, қаламен таныстырады.

Араға жеті жыл түскенде Алпекеңді белгілі күйші Тұрысбек Түсіпбеков іздеп келеді. Тұрсекең Тәтекең ұрпағы ғана емес, тәттімбеттанушы да.

Сонан басталды дейді түретартыс. Тәтекең күйлері бірінен кейін бірі кетеді. «Көкейкестіге» келгенде Тұрсекең қағысын тоқтатып, ризалығын білдіріп, Тәтекең күйлері жазылған күйтабакты сыйлайды.

Осы жерде Мақаң Алпекеңді Алматыға құр қыдыра беруге шақыра берген бе деген сауал туады. Жоқ, шақырған. Өнер көрсетуге. Алайда ақарлы-шақарлы отбасын тастап кете алмайды.

Екі күйшінің өмірі сағыныштан тұрды десек, қателесе қоймаспыз. Алпекең Мақаңды сағынғанда күйлерін тартады екен. Солайынша Мақаңның барша күйін үйреніп алыпты. Ал Мақаң Алпекеңді сағынғанда «Көкейкестіні» күңірентеді дейді.

Еңбек демалысын алысымен Алпекең Мақаңа тартады екен. Одан кейін Жүсекең үйіне барып сәлем беріп, Қабиба апасының қолынан шай ішеді екен. Үйге келгеннен кейін де сол сағынышы құрғыры басылмай жүреді дейді.

Тоқсаныншы жылдардың ортасында Мақаңдардың Балқаш қаласында тұрғаны белгілі. 1995 жылы Алпекең баласы Жамбылмен іздеп барады. Сол жолы Мақаң екінші қайтара домбыра сыйлайды.

1999 жылы ақпан айында Мақаңды теледидардан көрсетеді.

Сонда Алпекең көзіне жас алып:

- Ой, жарықтығым-ай, енді біз бір-бірімізге кездесе алмайтын шығармыз, кош бол, қош бол, - депті.

Күлпәш апай қай қайдағыны айтпа деп сол жолы ұрыстым дейді.

Алайда Көк күшті ғой. Әлгі сөзді Жаратқанның өзі ауызға салған ба дейсің. Сол жылдың ақпан айының 15-де Алпекеңнің қан қысымы көтеріліп, бақилық сапарына аттанады.

Мағауия Хамзинді таныған қазақ Данелия Хамзинді де білсе керек. Дәкең Мақаңның туған бауыры. Бір үйге бір бақсы да көп деген қазақ сөзімен ауылдан ұзай алмаған өнерлі ағаларымыздың бірі. Бұл кісі - нағыз күйші. Музыкалық кәсіби білімі бар. Өз жанынан шығарған он шақты күйі айналыста жүр.

Алпан есімін ең бірінші болып осы Дәкеңнен білдік. Алпекең мен Мақаңның түретартысын осы Дәкеңнің берген күйтаспасы арқылы естідік. Тезекбай күйші баласы Нұрбай да білгенін жеткізген. Шаймұратұлы Мұрат бауырымыз да жап-жақсы естелік айтып берді. Туған өлке шежірешісі Ерғазы Төлеуұлы да білгенін ортаға салды. Белгілі әнші Мейірхан Адамбеков те біраз тың дерек берді.

- 78 күй білем, - деп айтушы еді дейді Күлпәш апай.

Өз жанынан да күй шығарған. «Аңшылар» деген. Нұрбай бауырымыз кіші ағасының құралайды көзден атқан мергендігін тамсанып түрып айтып берсін.

Алпекеңнің жолын қуған балалары бар ма дегенде ең алдымен ауызға Маралы мен Жамбылы түседі. Жамбыл тіпті күйші әкелеріне арнап «Қос күйші» деген күй де туындатыпты.

Әбусағиттан туған Әліби өнер институтында оқып жатыр. Ол да атасына тартып сегіз қырлы, бір сырлы болғалы тұр.

Алпан күйші іздеуге тұратын тұлға деп білеміз. Бір адамның іздегені түк емес. Көп болып іздесек көмбеге жолығарымыз анық.

Сол жоқшылардың ішінде сіз бен біз де болайық.

Қарағанды

Бесінші жазба

«АЛШАҒЫР» КҮЙІ

Жақында өңіріміз өмірінде тағы бір елеулі уақиға өтті. Жанаарқа ауданының Бидайық алабында Арқаның атақты батыры Сармантай Алшағыр батырдың басына ескерткіш қойылды. Оның ашылу салтанатына жұрт көптеп жиналды. Сармантай асын ұйымдастыру алқасының төрағасы Қуаныш Бәжейұлы, осы атаның бел балалары Төлеутай Шәкіров, Тілеукеш Арынов сынды ақсақалдарымыз жиналған қауымды құттықтап, баба басын табуға мұрындық болған Нәзір Қабылдаұлы мен Ақан ақсақалға, осы белгітасты орнатуға атсалысқан ел азаматтары Мейрам Ысқақовқа, Мейрам Жәкимовқа, Тілеужан Әубәкіровке, Елжас Шәкіровке, Ғибатолла Сәрсенбековке және басқаларына алғыс сезімдерін жеткізді.

Тоқтыбек күйші Баймамырұлын елдің бәрі бірдей біле бермейді. Арқаның көшелі күйшілерінің бірі. Жан-жағына Тоқаң атанған. Арқадағы атақты Жолай күйшінің немересі. Пайғамбар жасын жасаған. Екінші жаһан соғысынан он екі мүшесі сау оралған. Мұғалім еді. Мына Шет ауданында балалар оқытты. Сол кісінің он саусағы төс пен балғаның арасына түскен. Себебі белгілі. Қу тақтайдан саз сорғалатқан. Оны тыңдаған өзекті жан мына дүниені тарс есінен шығарар еді.

Қу тақтайға емінгендерді итжеккенге топтап айдайтын заман болған. Кешегі он сегіз мың қылқұйрық біткен Адамбайдың Рысқұлбегі, қу тақтайының шегін алып тастап қобыз қылып боздататын Қараның Аманы айдалғанда бұлардың басында да бұлт тұрғанды. Сол Аманның алдында Екінші Тәттімбет атанған Әбікен күйші домбыра ұстамаған дейді.

Домбыра жарықтық сөйтіп төрдегі басын төмен салған. Босағадан шығып қалғандары да болған. Тоқаңның шаңырағы да сондай кепке ұшыраған. Алайда іштегі шемен қоймайды екен. Тартты бәрібір. Елден жасырынып жон асып барып тартты. Қыр асып барып тартты. Кейінде есік-терезесін тас бекітіп алып, тартатын болған. Сондағы тартатыны Тәтекеңнің «Алшағыры». Сол «Алшағырды» тартқанда екі көзінен жасы сорғалап отыратын... Алшағыр батыр мына Арғын Мейрам шалдың бес баласы Куандықтың Сармантай сойынан болады. Атағы батырлығымен шыққан. Қалмақтың соңынан шаң тұрғызған қазақ батырларының бірі.

Сондай бір - қалмақ қашып, қазақ қуған жорықта Алшағыр батыр Қаракесектің Бәубек батырымен қосамжарланып жау түсіріпті. Қар талып, аттар болдырып қол іркілген екен. Қазақ жағы жеңіс дабылын кернейлетіпті. Енді қайтса да болар еді. Алайда Сармантай Алшағыр батыр жауқашырарының басын тежемепті.

- Дойырды ат көтіне мінгізем деген сертім бар! - депті.

Дойыры қалмақтың аты шығып жүрген батыры екен. Қашқын топтың ішінде әлгі Дойыр да бар екен.

Іркіліп қалған топтан тағы бір қара бой үздіреді. Ол Қаракесектің Бәубек батыры екен. Қуғыншылар жер танабын қуырып жауға жақындай түседі. Олардың артынан қалың шаң шығады. Мұны жау жағы да көріп, қалың қазақ қозғалған екен деп ойлайды.

Бәубектің аты Алшағырдікіне қарағанда тыңдау екен. Қуып жетіп қалғанда Алшағыр батыр:

- Дойыр менікі!..- деп айқайлапты.

Сол кезде Бәубек тізгін тартып, батырлар ат айырбастапты. Қалмақтар қуғыншылардан құтылмасын біліп соңғы амалға барады. Олар да қуғыншылардың Дойырға бола қалмай келе жатқанын біліп келеді екен. Содан біреуі Дойырдың басын қылышпен алып түседі.

Мұны күтпеген Алшағыр батыр басты ұстап іркіліп қалыпты. Дойыр екенін танып райынан қайтыпты. Енді бір қараса үзеңгілесі Бәубек ұзап кетіпті. Қуғыншылардың қалмасын көріп топтан біреуі қарсы салыпты. Үшінші кезегінде ғана Бәубек қалмақты аттан түсіріпті. Осы тұста Алшағыр да жетеді.

- Төрелігін бер, батыр, - депті Бәубек.

- Сауға батыр, - депті Алшағыр, - мұндай батыры бар қалмақты қанша шапсақ та ала алмаспыз. Қой құрттатып қоялық. Көз алдымызда жүрсін. Қалмақты сонда ұмытпаймыз...

Әлгі батырдың інісі екен. Есімі Қойыр дейді. Кейін әлгі батырдың әйел баласы екендігі білінеді. Қаракесек ішінде Қайыр деген ата бар. Осы шешелері есімімен аталып кете барған.

Бұған дейін Алшағыр мен Бәубек арасы ашы болып келген екен. Сол қату қабақ жазылып қоя беріпті. Алшағыр айтыпты:

- Айт, батыр, - депті, - Құдай дескен құда болайық! Не қыз ал, не қыз бер... - депті.

Бәубек үндемей қалыпты. Сөйтсе шашқаптысы жоқ екен. Алшағыр айтқан сөзінен таймай:

- Жартыңды бүтін қылады, жалғызыңды орман қылады, - деп Торқай есімді қызын Бәубектің Даниярбек деген баласына ұзатады.

Алшағыр батырдың айтқаны келіп сол Даниярбектің мейманасы асыпты. Керней-Кәрсен еліне болыс болыпты. Батыр атағы шығыпты. Сөйткен Алшағыр төтеннен келген ажалдан көз жұмыпты. Мұндай хабар жерде жата ма?!

Хабар жеткізген жаушының мейманасы асып тұрыпты. Қалай дегенде батырдың «жауы» ғой десе керек. Сонда батыр жаушыны сабап жіберіпті:

- Енді кіммен сабаласам, - деп...

Сол Бәубек қырық жігітімен барып Алшағырдың бейітін тұрғызыпты. Осы әпсананы Әлтеке Машақ күйші тоғыз перне, екі шекпен сөйлетіпті. «Алшағыр» күйі осылай туған дейді.

Бұл тірліктің сөзімен сөйлесек Машақ күйші Бәубек батырға күйеу болып келеді. Сол Машақ, Даниярбек, Тәттімбет тірліктерінде дос-жар болған адамдар.

Кейін бұл сарынды Тәтекең дамытқан дейді.

Алайда... Зерттеуші Таласбек Әсемқұлов басқаша әпсана келтіреді. Ол Алтай Алшағыр батыр деп айтады. Жанына Шаған деген батырды қосып қояды. Тағы бір зерттеушілеріміз Алшағырды Кіші жүз батыры деп есептейді.

Темеш Сатай батырдың есімі жалпақ жұртқа жақсы мәлім болса керек. Сол кісі бір жорықтан қайтып келе жатып Көкшетеңізді кесіп өтеді. Сонда шер шапқан екен. Сол шерді Сатай батыр жалаңаш қолмен алған дейді. Сонда батыр шердің бадырайын айтпай шағырын айта беріпті.

Сол бетімен Сармантай Ерназар батырдың үйіне түседі. Батыр құт болып түседі. Ерназар батыр кішкентайлы болып жатады. Содан Ерназардың сұрауымен сәбидің есімін Сатай тергепті:

- Сенің ныспың Алшағыр болады! - деп құлағына үш рет айқайлапты. Ерназар малдың есімін қойды деп реніш білдіріпті.

Сонда Сатай айтыпты:

- Шер мал емес, - деп.

Міне, қызық, Ерназар бабамыз ешқашанда баласын Алшағыр есімімен атамапты. Тайқара деп атаса керек. Екінші баласының есімі Байқара болғанына қарағанда бұл әпсананың да өмір сүруге құқы бар ғой деп ойлаймыз. Алшағыр балалары да көшелі болған. Оның ішінде Бижан батыр есімі көпшілікке білінді.

Өткен жылы Сармантай баба үрпақтары ел көлемінде үлкен ас берді. Сол аста үлкен, келелі мәселелер көтерілді. Соның бірі осы - Алшағыр Сармантай батыр еді.

Сол Алшағыр батырдың басы күні бүгінге дейін белгісіз болып келген еді.

Міне, қызық, Алтай бабамның бір ұрпағы Нәзір Қосубаев менің жақын, араласып жүрген інілерімнің бірі болады. Мамандығы теміржолшы. Соған қарамастан ел ішінің тірлігіне араласып жүреді. Сауапты істердің басынан табылады. Қазақ баласының ауызша тарихына жүйрік інілеріміздің бірі. Сол бауырымызбен осындай шараларда жиі тоқайласып қаламыз. Сондай бір сапарымызда Нәзір бауырым мен күтпеген әңгіме айтқан еді:

- 1976 жылы әкем зейнетақысын өсіру жағдайында, сол кездегі заң бойынша екі жыл ауыл шаруашылығында жұмыс жасау керек екен.

Сол себепті Бидайық ауылы, Есен өзенінің бойында, Арқалық тауының етегінде Жаңаарқа ауданының жылқысын бақтық. Әкеміз жылқы бағып жүрген кезімізде таулар мен бейіттерді таныстырып, руы Сармантай Алшағыр батырдың басына құран оқитынбыз.

Осыдан екі жыл бұрын Сармантай руының азаматтары қазан айында үлкен ас беріп, ата-баба рухына құран бағыштаған болатын. Осы ас барысында Алшағыр батырдың жатқан орынын тауып, белгі тасын қою мәселесі қозғалған еді. Осы рудың азаматы Ғибат Алшағыр батырдың басын яғни жатқан жерін таба алмай жүргенін айтқан еді. Мен ол кісінің басын білетінімді айтқанымда, осы рудың азаматтары бабаларының жатқан жерін көріп қайтуға қолқа салды. Өзімнің білетінімді толықтыруға Жаңаарқа ауданының Сәкен ауылында тұратын, Есен өзенінің бойында 40 жылдай жылқы баққан Ақан ақсақалды қасымызға алдыруды жөн санадым. Ақан ақсақал жол барысында Атасу-Шахтинск тас жолының бойында жатқан Тоғалақ батырдың бейітін де көрсетті. Сөйтіп Алшағыр батырдың бейітінің басына барып, баба рухына құран оқытып тарқастық.

...Мен не айтарымды білмедім. Елдің ат атап, таба алмай жүрген жоғын Нәзір бауырым осылайша «тауып» берген. Соның арты, міне, осындай ұлан-асыр асқа ұласты. Ел Нәзірдей бір баласы арқылы Алшағырдай бір батыр бабасының басын тапты.

Бұл жоғымызды ешқандай архив тауып бере алмайтын еді. Біздің тарихымызды өзге жұрттың тарихынан іздеп керегі жоқ екен. Өз тарихымызды өзіміз жазып келіппіз. Бірақ сол тарихымызды немқұрайлығымыздан, бабаларымыз құлағымызға құйған әпсаналарға сенбей, көршілес жұрттардың қағаздарынан іздегенбіз. Міне, гәп қайда?! Өз абыздарымызға сенбей, өзге кәуірге сенгенбіз... Олай болса ойланатын жайттар баршылық болып шығады. Бабалар әпсанасын айналымға түсірудің жаңа көзқарасы керек болады. Елбасымыз айтқан қайта жаңғыру тұрғысынан.

Оған мысалды алыстан іздеп керегі жоқ. Сармантай батырдың басы да осыған дейін белгісіз болып келген. Ол да табылды. Ел ішінің есті құлақтарының арқасында.

Әлі де қаншама батырымыз, басқа да жақсыларымыз бен жайсаңдарымыз елеусіз қалуда. Оларды тауып, есімін асқақтатқанымыздың орнына қолдан батыр жасап, жалған намықа барып жатқанымыз жасырын емес. Оның орнына ел ішіне барайық. Аруақ жанаған топырақтарымызға тәу етейік. Сол топырақ бізге жоғымызды тауып беретін болады. Өйткені топырақтың киесі жібермейді.

Және Нәзір бауырым айтады:

- Жиен ағам Сайдалы руынан шыққан Ақан ақсақалға осы рудың азаматтарының атынан үлкен алғысымды білдіремін. Ақан ақсақал бір

ғана Алшағыр батырды емес, ұрпқтары таба алмай жүрген Тоғалақ батырдың да басын көрсетіп, батыр ұрпақтарын үлкен қуанышқа бөледі. Әрине, бұл ұрпағы үшін үлкен бақыт, үлкен қазына деп есептеймін...

Біздің туған өлке шежіресін құймақұлақ қарияларымыз арқылы жазғымыз бар. Ауылға бара қалсақ тоқсанға келіп, селкілдеп отырған кейқуаттарды іздейміз. Ал олар болса наурызда түскен наурызшадай қалмай барады. Есесіне Нәзірдей, Ақандай кеудесі қазына замандастарымыз бар. Жан-жағымызға бажайлай қарайықшы, ағайын!..

Алтыншы жазба

ӘБІКЕН

Қағасын күңірентіи майда ғана,
Кім білген қадірінді, қайран аға?!
«Қонырыңды» естісем, егілем де,
Қанғып кеткім келеді айдалаға.
Қажытай Ілиясұлы

Әбікен ХАСЕНОВ (1892-1958), Қарағанды облысының Шет ауданындағы «Қызылту» ұжымшарында дүниеге келген. Қазақтың күйші-домбырашысы, іиертпе күйдің шебері, актер, Қазақстанның еңбегі сіңген артисі (1945). «Құрмет Белгісі» орденімен наградталған. 1934 жылдан қазіргі Қазақ академиялық драма театрында қызмет етті. Театр сахнасында Құнанбай (М.Әуезов пен Л.С. Соболевтің «Абайында»), Қараменде (Әуезовтің «Еңлік - Кебегінде»), Қодар, Балта (Г.Мүсіреповтің «Ақан сері - Ақтоқтысында»), Мұса (С.Мұқановтың «Шоқан Уәлихановында»), Тайман (Ә.Тәжібаевтың «Майрасында»), т.б. образдар жасады. Сонымен қатар ол Тәттімбеттің «Сарыжайлау», «Көкейкесті», «Сылқылдақ», «Бестөре», «Азамат», «Қосбасар» (бірнеше түрі), т.б. күйлерін күйтабаққа түсірді. Дәулетті, текті атадан шыққан. Әбікен Арқа күйлерін өте шебер орындайтын күйшілердің бірі. Ол орындаған шертпе күйлер мәдениетіміздің алтын қорына айналып, көпшілігі халық аспаптары оркестрі мен жеке орындаушылардың негізгі репертуарына енді.

Мынау орыс халқында «глубоко несчастный человек» деген сөз тіркесі бар.

Өте бақытсыз адамдарға қаратып айтады...

Өте бақытты адамдарға қаратып айтады...

Әбікен күйшінің басында осының екеуі де тұр.

Осы сөзімді Дәулетбек Сәдуақасұлына да қаратып айтар едім.

Осыдан бір ширек ғасыр бұрын Дәулетбек күйшіні басқалар тұрсын өзіміз де біле бермейтінбіз. Ал осыдан бір апта бұрын Ақсу-Аюлыда өткен «Күй-керуен» фестивалінде ағамызды ұлы күйші деп әспеттедік... Кеш те болса өз бағасын алды-ау... Мұндай бақыт Әбікен күйшіге әлі бұйырмай келеді.

Мына Балқаш өңірінде Төлеуқадыр Тоқтамысов деген ағамыз өтті. Балқаш тау-кен техникумының директоры болып тұрды. Сол ағамыз қырғын күйші болмағанымен күй табиғатын бір адамдай түсінетін.

Сол кісі айтар еді:

- Әбікеннің «Қоңырын» Мемлекеттік сыйлыққа ұсыну керек, - деп.

Кейін белгілі болғандай дүниеден өткен адамды мұндай атаулы сыйлыққа ұсынуға болмайды екен.

Сонда да ағамыз шегінбейтін:

- Әбікенді ұсынуға болмаса, «Қоңырды» ұсынайық, - дейтін. Және ұсынысын өткізуге барын салып бақты.

Тіршілігінде атақ-марапатсыз болған жоқ. Бірақ соның барлығын күйшілігі үшін емес, актерлығы үшін алды. Талайының теріс келгенін көрмейсіз бе? Мыңға нан жегізген «Қоңыры» өз өміріне балта шаба жаздаған.

Азды-көпті ғұмырында құдалауды аз көрмеген. Байдың баласы деді, құлақтың баласы деді. Қалды, қу тақтайға еміпді деді. Бәрінен де соңғысы өтіп кеткен. Өзінен өзі сөйлеп тұрған жарықтықтарды тамызық қылды. Иелерінің екі қолын кері қайырып, ағаш кесуге орыс ормандарына айдаған. Айдалмағанын атқан, асқан... Бұл солардың бәрінен аман қалған. Қашақ болып. Бұл өзінің болмысынан қашқан!

Сүйген жарды топырағы тартқан. Алтын асықтай балаларының да көрер жарығы алысқа бармады. Солардың барлығы шер болып кеудеге жиналған.

Қамал бұзар жасының қырқасына шыққанда ғана бір жарық сәуле көрінген. 1936 жылы Мәскеуге қазақ әдебиеті мен өнерінің он күндігіне барған. Бұл сол жолы да жұлқына қоймады. Өзін домбырашы ретінде мойындағанына шүкіршілігін айтты.

Содан бастап қашақтығынан қайтты. Алайда қуғыншы болып шыға алмады. Қолы қысқа еді...

Сырт көзден жасырынып қу тақтайына еміпді. Өзі сынды әлпеттестері аз емес еді. Бектің Орынбегі, Алтайбайдың Түсібі, Мұхамедияның Қажымұхамеді... Адамнан айла асқан ба? Домбыраның шанақтысынан қашып, қалақтысына иек артқан. Оның өзі құрама болатын.

Сол елуінші жылдары Алматыда осы кісілермен көрші тұрып, шерлі күйлерін өз құлағымен естіген бүгінгі атақты физик ғалымымыз Темірғали Көкетаев ағамыз айтады.

- Менің бала кезім ғой. Көкем үлкен қызметте болды. Соған орай жақсы үйде тұрдық. Көршіміз анау-мынау емес, қазақтың атақты күйшісі Әбікен Хасенов еді. Қазақтың сол кездегі сорпаға шығарлары осы үйді жағалайтын.

Ел басқарған арыстарымыз ғой. Бала да болсам мен ол кісілерді түсінем. Түсінбейтінім сол кісілер Әбекең алдында тапжылмастан сағаттап отыратын. Жай отырмай көздерінен жастары бұршақтап отыратын. Сөйтсем Әбекең Арқаның шер қосбасарларын ноқтадан босатады екен ғой...

Осы жерге келгенде ағамыздың өзі де босап қоя береді.

- Ақсу-Аюлыда Әбікеннің «Қоңыры» ойналды ма? - десін. Аяулы ағаның дауысында діріл бар. Дұрысы реніш табы бар. Кейін білсем «Күй-керуенге» шақырылмаған екен.

Өзім де қысылайын. Жан-жағыма қарамай, бір нәрседен қалып қоярдай жетіп барыппын. Бірақ ағалар кең ғой.

Ал мен Темкеңнің тағы бір айтқан әңгімесін еске алайын.

Темкеңнің айтуынша қалақ домбыраларды асыл ағалардың өздері шапса керек. Оның ішінде құрандысы дейді. Өйткені оны жасырып, тығып қалуға болады ғой.

- Домбыраның шегін де өздері ызды, - дейді ағамыз. Ағаның айтқаны атақты күйші шекке барынша мән берген. Қойды да өзі таңдаған. Басты шарты қой арық та, семіз де болмау керек...

Осыдан кейін де домбырамыз неге сақау дейміз-ау?!

Оның басты шығармасы - «Қоңыры». Оны әркім әртүрлі атайды. Біреулер Сәкенге арналған дейді. Енді біреулер Орынбекке арналған дейді. Тағы біреулер Ілиясқа (Ахметов) арналған дейді... Талас тудырмайтыны күйдің кейінде туғаны. Жастықтың оты қайтқан. Алайда шау тартқан жасында да жалын бар. Анығы бір мойындау бар. Бір Жаратқанның жазмышы болады екен. Ұшуға жаратылған құс жүзуге жоқ екен. Тайлақ тапырақтағанынан аспайды екен. Өзекті пендесінің маңдайына жазылғаны қоңыр тірлік екен. Бұл қос ішекке соны қалдырған. Қалғанының барлығы салдары болса керек?!. Бұл өмірді қойсайшы...

Ол өзінің «Қоңырынан» бас тартқан. Өйткені он жыл арқалап кетуі әбден кәдік еді. Сәкенге арнаса да, Орынбекке арнаса да... Соны арашалап қалған Алтайбайдың Түсібі.

Ақыретінде ел көп болды. Дүниеден ұлы актер өтті деп қара жамылды. Ал оның көктасында өмірден ұлы күйшінің өткендігі жазулы тұр еді:

Өнерің асқан сый,
Отаның алған бағалап.

Бармағыңнан тамған күй,
Еліңді жүр жағалап...

Оны жазып жүрген қазақтың алашшыл ақыны Дияқажының алашшыл баласы Қажымұхаммед Ахметов еді...

Жетінші жазба
БИЯЛАЙҚОСБАСАР

Рысқұлбек ИСАТАЕВ (1899-1964), Қарқаралы уезі Ақшатау болыстығының Мұхтар қыстағында туған. Қарқаралының үш басқышты приходская школасын бітірген. Бай баласы ретінде үнемі қуғында болады. Қырғыздың Сусамырына да өтіп кетеді. Кейін ел тыныштalған соң әуелі Жамбылдың Жуалысында тұрақтап, одан кейін Алматыға жылжиды. Заманында Бектің Орынбегі театрға шақырып, қазақ драма театрының әртісі болын істейді. Бірақ бір жағы Алматыны жерсінбей, екінші жағынан бай баласы деген түрткі шығын қайтып келеді. Балқашқа келіп жан сақтайды. 1937 жылы ыңқылдар қамауға алып, он жылға кесін қоя береді. Кесікті мерзімін Ресейдің орманында ағаш кесіп өтейді. Айдаудан 1946 жылы оралады. Заманындағы ірі күйшілердің бірі болған.

Аруақты іздеген дұрыс. Ата-бабаны індеткен дұрыс. Қатырма қағазда тарихы қалмаған қазақ баласына осының екеуі де сын. Сын болғанда сынақтың сынағы болып тұр. Мұрағаттарда із қалмаған. Не болмаса құпия деп құндақтаудан босатпай тұр. Сонда не істемек керек?! Жадыдан өшіп бара жатқан ескі әңгімелерді тірілтуден басқа жол қалмаған сынды. Мұнымыз да сондай әңгімелеріміздің бірі ғана...

Әңгіме Адамбайдың Рысқұлбегі туралы... Рысқұлбек күйші жөніндегі жалғыз дерек күткендегіміздей Қарлагтың мұрағатынан шыққан.

ИСАТАЕВ Рысқұлбек **(Исатаев Рысқұлбек), 1900 жылы туған, қазақ. Туған жері: Қарағанды обл., Шет. Білімі: бастауыш. Тұтқындалғанға дейінгі тұрған жері: Қарағанды обл., Балқаш. Кім және қашан тұтқындады:** 25.12.1937 **ж. Балқаш НКВД-сі. Кім және қашан соттады: Қарағанды обл. НКВДБ Үштігі,** 31.12.1937 **ж. Бап:** 58-10 **РСФСР ҚК, бас еркін** 10 **жылға айырып, жазасын ЕТЛ өтеуге кесілген. Ақталған күні және ақтаған орган:** 27.03.1989 **ж., Жезқазған обл. прокуратурасы. Істі тоқтату себебі:** 1989 **жылғы** 16 **қаңтардағы СССР ЖКП Жарлығы.**

Исатаев Рыскулбек, **1900 года рождении, казах. Место рождения: Карагандинская обл., Шетский. Образование: начальное. До арес-**

та проживал: Карагандинская обл. Балхаш. Кем и когда арестован: 25.12.1937 г., Балхашский НКВД. Кем и когда осужден: Тройка УНКВД по Карагандинской области, 31.12.1937 года. Статья: 58-10 УК РСФСР, осужден к лишению свободы в ИТЛ на 10 лет. Дата и орган реабилитации: 27.03.1989 г., Жезказганская облпрокуратура. Причина прекращения дела: Указ ПВС СССР от 16 января 1989 года.

Осыдан басқа дерек болса, кәне?! Тіпті, өмір сүрмегендей әсер қалдырады. Өмір сүргенде қандай?! Қақаған қысты айтпағанның өзінде шілденің шіліңгір ыстығында қолындағы биялайын тастамаған дейді. Биялай болғанда қандай?! Бұқардың сарттарына бесті ат беріп тоқытқан дейді. Айтушылар не ыстық, не суық өткізбейді деп аңыздайды.

Сол биялайын қолына домбыра ұстағанда ғана шешеді дейді! Тағдырының сол биялайға байланғанын кім білген?! Бай баласы, бағылан баласы деген арыз қай жерде жүрсе де байыздатпаған. Тіпті, елден безіп Алматыны бетке алса да тұрақтай алмаған. Содан Алматыдан қашқан. Балқашқа.

Мұнда да еркін жүре алмады. Жүргізбеді. Күндердің күнінде ұстаған. Отыз жетінің желтоқсанында. Соң аптасында.

Келушілер айран-асыр еді. Іздеген адамдары өз дастарқанының төрінде шай сораптап отыр еді. Биялайын шешпеген күйі.

- Жолдас Исатаев, сіз елу сегіздің онымен ұсталып отырсыз. Жедел бізбен бірге жүресіз...

Исатаевты барынша сабырлы қазақ болып шықты. Неге ұстап жатырсыңдар, мені қайда апара жатырсыңдар демеді.

- Орталаған шайымды тауысайын, - деп бір қойды.

Онысын тауысқанда тағы да тіл біткен:

- Ішімдегі шеменді қу тақтайда қалдырайын, - деген. Үндеместер тырс етпеген. Бәлкім, келіскені. Қалай, қайдан пайда бола кеткені белгісіз қу тақтай да табыла кеткен. Кәдімгі екі шекті, тоғыз пернелісі.

Осы тұс күйші қолындағы биялайын шешуге ыңғай берген.

- Биялайыңмен серттес, - деген үндеместердің кәртамысы.

- Не ғып? - деген күйші.

- Тап қазір сенің тағдырыңды осы биялайың шешеді, - деген жасамысы. Үндеместер бір қарсылық күткен. Тартпаймын деген. Болмаса шешемін деген. Әлде шынымен осыған дейін биялаймен тартып келген бе?!

Бұлар білетін қазақтың қалақ домбыралары сұңқылдап беруші еді, мынауысы атымен бөлек. Ішегі атымен бос жатыр. Биялайын шешкендей болса алақанмен тартып отырғаны байқалар еді. Барынша былжыр болар ма?!.

Былжыр басталған күй барып-барып саябыр тартқан, соңынан бір-жолата былжырап барып тоқтаған.

Жасамысы сарт еткізіп қолына кісенді сала қойған.

Кәртамысы:

- Айтқаным айтқан, сенің тағдырың осы биялайға байланған. Қайда барсаң да биялайыңды шешпе, - деген.

- Моншаға барсаң да... - деп жасамысы қосып қойған.

- Домбыра тартсаң да... - деген кәртамысы кейінгісін жақтырмай.

Сол түні «қара қарғаға» тиеген. Бір түрлі бөлек атағанымен көлік-тері кәдімгі атшана екен. Оның өзінде кенеулісі.

Содан Қарлагтан бірақ шыққан. Онда біреуді біреу біліп болмайды екен. Бәрі жау көрінеді. Өзін де жау қылып шығарды. Жапон тыңшысы қылды. Болса болармын деп ойлаған. Өйткені Орынбек Беков бауыры жапон тыңшысы көрінеді. Алматыға жетелеп әкелген сол кісі еді. Театрға. Домбырашы қылып.

- Орынбек бауырымыз жау болса мен де жау шығармын, - деген басы салбырап.

Содан айналасы бір жұма тергеді. Сол бір жұманың ішінде жау қылып шығарып, он жылды арқалатып жіберген.

Артында елі қалған. Аманаты қалған.

- Не аманат? - дескен жұрт.

- Күй қалдырған... - деген жабырқаулы жұрт.

Білетіндер:

- Биялаймен тартқан күй... - деп қосып қойған.

- Биялай қосбасар, -деген тағы біреуі.

Осы сөз ел құлағында қалды. Рысқұлбек күйшінің осы шертпесі ел ішінде «Рысқұлбектің биялайқосбасары» болып тарады.

Арада он жыл да өте шыққан. Оның босап келе жатқаны қазақ жеріне кірмей жатып білінген. Алыс-жақын ағайын Омбыға келген отарбадан тағы да баяғыдай кенеулі атшанаға аударып алған. Жол бойы жабағының қазысынан аудармаған. Кешегі он жеті мың қылқұйрық біткен Адамбайдың немересі емес пе - аялдаған жерінде барша қазақ баласы танып жатты. Барынша құрмет көрсетті. Қашанда алдынан қалақ домбырасы шықты да тұрды. Оның да қалақ домбырасына деген құрметі алабөтен еді. Ол жұртшылықтың барша қолқасын артық көрмеген. Тек... Биялаймен домбыра тарту жөніндегі қолқаларын артық көрген... Елге келгеннен кейін биялаймен домбыра тартпақ тұрсын қолына сол кәрі серігін алмай да қойған.

Өйткені ол биялайын Сібірдің қалың орманында қалдырған болатын. Домбыра-тағдырымен қайтып ойнағысы келмеген... Биялай-тағдырымен қайтып ойнағысы келмеген. Есесіне кейінгі ашқұрсақ құлақты

балалар сол қалақ домбыраға емінген. Сол биялайқосбасарды бүгінгі күнге алып келушілердің бірі Сапуанның Медеті тірі отыр.

Сол Медет аға айтады:

- Сол биялайқосбасар деп жүрген қосбасарымыз шаңқосбасардың көшелісі еді, - деп.

Сол биялайқосбасарды бүгінде Қасымның Қалкені тартады. «Рысқұлбектің шаңқосбасары» деп...

Сегізінші жазба
БЫЛЖЫР

Ел ол кісіні Тоқаң дейді.

Не үлкені, не кішісі ол кісіні азан шақырып қойған атымен атамайды.

Тоқтыбек деп...

* * *

Бұл бір атаусыз күй.

Алқаракөк аспанда көшкін бұлт жүйткіп барады. Зеңгір аспанда ақшулан бұлттың аламаны өтіп жатқандай. Кенет жарқ-жарқ етіп нажағай оты көрінді де, келер сәт жер-көкті мың сан тұяқтың сатыры жауып кетті. Жылқы көшіп бара жатыр еді. Көкте...

Түйдек-түйдек түйілген жабағы бұлт сетінеп, жер бауырлай бастаған. Сол бауырлаған бұлттың бауырынан бір тамшы үзіліп түсті...

Баданадай тамшы...

Сонсоң тағы бір тамшы...

Сонсоң тағы бір тамшы...

Тамшыға тамшы қосылып, бірін бірі жұтып жатыр. Бұрынғылар өмірзая деп осындайдан кейін айтады екен ғой. Бар нәрсе жоғалып жатыр. Баянсыз болып... Былжырап бастаған сарын еді, шамырқанып барып дың ете қалды.

Күйші сұлқ түсті.

Алғаш бетте қу тақтайдың шегі үзіліп кеткен ғой деп ойлаған. Жоқ, үзілмепті. Соған сенбегендей шекті сипалап отыр. Ішегі аман. Сонда үзілгені не?

Қу тақтайын айналдырып біраз отырды. Қайтып қол созбады.

Өзінің кіндігінен өрбіген үш ұл, он шақты немереден жалғасы табылмады. Қолындағы ұмырлық серігіне тағы да үңілсін. Қу тақтай болып қалғаны да. Домбыра еді... Ешкімнің қолына ұстатпаған кәделісі еді.

Бұл Жолай күйші болатын... Қанды жорықта осынау қу тақтайды жастанып жатар еді. Ондай жорықтың талайын бастан өткізген. Ұлытау асып, Кіші жүзге өтер еді, Бетпақты кесіп, Алатауға шығар еді.

Сол сүргіндердегі серігі осы қу тақтайы болатын. Сол серігімен айрылысқысы бар. Амалсыздан.

Кәделі нәрсе қашанда биікте тұруы керек. Арсаң дүниеде қолына тиген дойырдан оң қолының саусақтарының басы бірікпей одан әрі тарбия түскен. Қу тақтайға бір қарап, саусағына бір қарап, баяу орнынан көтерілген. Сол теріс тұрған бойы, қу тақтайын басына көтерген күйі қалағын жоғары қаратып тас мүсін болып қалсын. Үйде Баймамыр немересі отырған-ды. Орнынан атып тұрып, атасының қолынан қастерлі домбыраны алып, соншама бір ыждағаттылықпен уық арасынан өткен шауға ілсін.

- Алақанын аудара сал...

Бұл Баймамырдың күтпеген әңгімесі еді. Өз сөзінен Жолай күйшінің өзі де селк ете түсті. Сонсоң бір-біріне бажырая қарасын. Атасы көзін тайдырмады. Келер сәт екеуі де үнсіз қалсын.

Немерелері арасынан сарынға осы Баймамыры жақын. Алайда сарын жамыратуға жоқ. Сарынды қайталауға бар. Басқа немерелері де құр тыңқылдан әріге бармай тұр.

- «Көкейкестіге» тартып тұр... - деді Баймамыр атасының қай жағынан шығарын білмей.

- Былжырап... - деп қосып қойды атасы.

- Сарыны соншама жер тартқандай... екен...

Күйші немересіне жалт қараған. Оның шөгел қарасына төзу мүмкін емес еді. Баймамыр есіктен ата жөнелген.

-Былжыр... Былжыр...

Күйші ұзақ отырды. Ақшам жамырай құлағына бір сарын келген.

- Беу, мынау таныс сарын ғой!..

Бұл Баймамыр болатын. Алты қырдың астындағы отау үйінен аңыратсын келіп. Атасы Жолайдың «Былжырын».

- Тыштым... - деген күйші.

* * *

Ертеңінде-ақ ел ішінде әңгіме ду ете түссін.

- Жолай батыр қу тақтайын шауға іліпті...- деп.

- Шауға мына әлтекелер жауырын іледі деп естуші едік...- деп тағы біреуі күмілжісін.

Қалай дегенде осыдан кейін Жолай батыр қайтып жорыққа шықпады. Қалай дегенде осыдан кейін Жолай күйші қайтып қолына қу тақта-

йын алмады. Бірақ Жолай батырдың, Жолай күйшінің барлығы әманда білініп тұратын, сезіліп тұратын.

Жолайды көрген ел есіне бес қаруын түсірер еді. Жолайды көрген ел жер тартқан сарынды аңсар еді.

Ай артынан ай ауып, ел Жолай күйшінің жаңа тірлігіне де бой үйрете бастаған. Кескен томардай отырысы еш уақытта өзгермейтін болған. Ұйықтап отырғаны да, ой қуып отырғаны да белгісіз, әйтеуір бір жұмбақ отырыс. Кереге көздерін жалаңаштап қойып, осы отырысынан бір таңбайды.

* * *

Тоқсанға кірген жасында қашанғы қаздиып отыра берсін. Біресе Дәрімбай баласының, біресе Қойшыбай баласының ауылын шаңдатып қайтады. Тіршіліктерін көреді. Сарымбай баласының ауылын сонсоң бетке алар еді. Өйтетіні онда Баймамыр немересі бар. Ыңылдап отырады. «Былжырды». Қай бір ұмытып қалған сарынын сөйтіп еске түсіреді.

Бүгінде солайынша Сарымбай баласының ауылын көздеген. Бірақ Қойшыбай ауылынан қайтты. Үйде бір нәрсесі ұмыт қалғандай. Асықсын келіп, асықтырсын алапат бір тылсым күш.

Жолда ақбоз мінген секер көрінсін. Бұл атты қарсы салды. Келе шаужайына жармассын.

- Қона кет!.. - деп.
- Асық, отыңа асық!.. - десін әлгі жолаушы.
- Ныспыңды айта кет, - деген бұл.
- Тоқтыбек... - деп көзден ғайып болған.

Ентелеп келіп үйге бас сұқсын. Көзге бірден түскені шауда ілініп тұрған қалақбасы еді. Болды, біткені осы. Баяғы томар отырысына ыңғайлана берген. Сол кезде қу тақтайы дың ете қалсын. Бұл еріксіз көзін жерден көтеріп, қалақбасына қараған. О, құдірет, домбыра алақанына аударылып түсіпті. Құйылсын келіп өксік сарын...

- Сүйінші, сүйінші!..

Шобыр мінген баланың Мағыжан екенін жазбай таныған. Дәрімбайдан туған немересі.

- Баймамыр көкем кішкентайлы болды, - деп қояды.

Бұл атырапта біз ұстарларға сүйінші сұрамайды.

Тоқтыбек... Манағы беймәлім жолаушы көз алдында көлбеңдеп тұрып алсын. Сол бойы Мағыжанды алдыға алып жаман шобырмен Баймамыр ауылына жеткен. Отау үйге кіре майқоңыр жылбысқының құлағына үш рет айқайласын.

- Тоқтыбек!..Тоқтыбек!.. Тоқтыбек!..

О, ғажап! Жылбысқы уілдеп жатыр еді. Уіл емес еді бұл. Анық естіді. Былжыр сарынын.

* * *

Тоқтыбекті солайынша Жолай бабасы ғана Тоқтыбек деп атаған. Қалғандары Тоқаңнан аса алмаған.

Сол Тоқаң өсе келе дәулескер күйші болды. Бабасының қалақбасын қолына алса болды, «Былжыры» елді бусандырып беретін. Сонан қоғамдасқан заман келген. Бәрі ортақ болды. Бабасының қалақ домбырасы да ортаға түскен. Кейін бәлшебектері келді де тыңқылдақтарын тартып алып отқа жаққан. Одан кейін келген қызылдары да қу тақтай ұстағандарды оңдырмады. Рысқұлбек күйшіні он жыл арқалатып итжеккенге айдап жіберген. Қараның Аманы сол итжеккеннен діңгене болып оралды. Ал өзінің он саусағын төс пен балғаның ортасына салған.

Сонан домбыра көрсе үркектеп тұратын. Алайда «Былжыр» сарынынан кете алмаған.

* * *

Оңаша қалған сәттерінде үйді астам сарын жайлар еді.
Бұл «Былжыр» болатын.
- Өзі ойнап жатыр, - дер еді көзіндегі мөлт жасты жеңімен сүртіп.

Тоғызыншы жазба

ДОМБЫРА БОЛЫП БАРЫП, ҚОБЫЗ БОЛЫП ОРАЛДЫҚ

Алашымда ортаймаған нәсіп барды,
Сыр еліне Арқаның Қоянды жәрмеңкесі көшіп барды.

* * *

«Сыр елі - өнер ордасы» атты Қызылорда облысының мәдениет және өнер күндерінің кеншілер қаласында өткенін көпшілік ұмыта қоймаған болар. Міне, енді қарағандылықтар Сыр еліне «Сарыарқам - сайран елім» атты бағдарламамен келді.

Бағзы заманнан әлем өркениеті тарихына айналған, кезінде үш бірдей астана: бірі - Оғыздың басы болған - Жанкент, Жошының тасы қонған - Ақорда, үшіншісі - халқымыздың асыл ордасы - Ақмешіт бүгінгі

ұрпақтың мақтанышы. Әріде Батыс пен Шығыс мәдениетінің арасында маңызды сауда желісі Ұлы Жібек жолы торабы, бес ғасыр бұрын аты аңызға айналған Тұмар ханшайым, Қорқыт баба, Асан қайғы, Оқшы әулие, Әйтеке мен Бала билер ғұмыр кешкен, Жанқожа, Бұхарбай, Жалаңтөс бahадүрдей батырлар дүбірлеткен, беріде Мұстафа Шоқайұлы, Шораяқтың Омары, Балқы Базар, Нартай мен Нұртуғандарды, Сыр өлкесінің үш алыбы - Әбілдә, Қалтай, Әбдіжәміл, Роза мен Мәдинадай ән еркелерін түлеткен Сыр топырағы қашанда киелі болса керек.

Сарыарқалық өнерпаздар екі күн бойы Сыр елінде ән мен биден шашу шашты.

Ә.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасы кейінде берілген әсем ғимараттардың бірі. Мұндай кітапхана бізге де керек-ау деген көкейімізде асыл ой тұрды. Сонымен бірге бір кездері оның да Гоголь атында болғаны есімізге түскен. Әбділда еске түскенде міндетті түрде Қасым ақын да еске түседі. Өйткені Әбділда ақын Қасымтануға өлшеусіз үлес қосқан адам. Ендеше «біздің де Гоголь» Қасымға орнын босатса нұр үстіне нұр болар еді-ау.

Одан кейін басталған Арқа өнер шеберлерінің концерті.

Сахна төрінен алдымен Арқаның ардакүрең ақыны Аманжол Әлтаев көрінген. Оның арнауын жұртшылық демін ішіне тарта отырып тыңдаған. Өйткені оның сөз саптасында, сөз қайырымында тапқыр шумақтар түйдегімен ағытылған еді. Сілтідей тынған жұртшылық арнау аяқталғанда дүр ете қалған. Аманжолымыз гүл дестелерінің арасынан көрінбей қалған. Мұндай құрметке жанымыз семірген.

Театрда бос орын тұрсын бос жер жоқ еді. Театрда біздегідей балашаға отырған жоқ, тойға барардай малынып киінген өнерсүйер қауым отырды. Келер сәт сахнаның бір бүйірінен Мейірхан Адамбеков, екінші бүйірінен Жақсықелді Кемалов, одан кейін Сырым Хордин, одан кейін Сержан Мұсайын, ең соңынан Дәуренбек Әркенов сырнайымен көтерілген. «Арқаның сал-серілері» деп аталатын бұл нөмірді ешкім де бей-жай көре алмаған. Сырнайды көріп ел тағы демін ішінен алған. Сырнайды айтқан жерде Сырдын Нартайы бар емес пе?! Ел өздерін өткен ғасырда отырғандай сезінген. Үкілі бөрік киген Арқа сал-серілерінің салтанаты ерекше еді. Мейірхан «Көкшетауды» апарып тастаған, Жақсықелді Ақселеу ағасының «Дәуренайын» шырқасын. Одан әрі көтеру мүмкін еместей көрінген. Сол кезде Сырым Шашубайды жіберсін. Жиылған жұрт бір орында отыра алмаған. Кезек Дәуренбекке де жеткен. Ол сырнайын тура Нартай бабасынша құлаштап тұрып құйқылжытсын. Ел орнынан тұрып кеткен.

Концерттің қай нөмірін алмайық жатқан спектакль еді. Жаяу Мұсаның «Ақ сисасын» Талғат Ыдырысов ерекше бір сипатта, екпіндетіп,

дауылдатып айтып шықты. Әбуғалисан Шоқанбаевтың жетекшілігімен өнер көрсеткен Тәттімбет атындағы академиялық оркестріміздің орындауындағы Құрманғазының «Сарыарқасы», Тәттімбеттің «Саржайлауы», Әлшекейдің «Терісқақпайы» ұлттық калориті жоғалмай ел құлағына жеткен. Осы жерде өнер сүйер қауымның оркестрдің өз алдында концертпен келгендерін қалайтындарын да жеткізе кеткіміз келеді.

Белгілі қобызшымыз Ержігіт Оспанхановтың орындауындағы Қорқыт бабамыздың «Қоңыры» елді тағы да орындарынан тұрғызған. «Шыңдауыл» ұрмалы аспаптар оркестрінің «Көшпенділер» атты музыкалық көркемдік композициясы да көпшілік көңілінен шықты. Еліміздегі жалғыз академиялық музыка театрының өнер шеберлері Амантай Ибраев бастаған әншілеріміз классикалық шығармалардан попурри орындады. «Шолпан» үлгілі би ансамблінің өнеріне де жұртшылық дән риза болды.

Қазақтың ақсұңқар ақыны Серік Аксұңқаруының сөзіне жазылған жерлесіміз, белгілі сазгер Есжан Әміровтың «Қыдыр қонған - Қызылордам» әні орындалғанда залда тағы да толқын жүріп өткендей болды. Әнді орындаған Саят Әбдіғали іниміз де өзінің әбден толысқан шағын көрсетті-ау деп ойлаймыз. Қан-сөлін жоғалтпай, нақышын бұзбай айту да ерлік екен-ау деп ойладық. Ән авторларын орындарынан тұрғызып жұртшылық қошемет көрсетсе, облыс әкімі Қырымбек Елеуұлы оларға да нар қобыз сыйлады.

Сыр елі, жыр елі біздің ақынымызды да ұмытпады. Ұлықтады. Гуманитарлық колледж ғимаратында студенттердің Серік Ақсұңқаруымен кездесуі өтті. Кешті колледж директорының орынбасары Балзия Абуллаева ашып, «Жас толқын» клубының мүшелері жүргізді. Бұл кешке Ә.Тойжігіт, Е.Әміров, С.Әбдіғали, басқа да өнер майталмандары қатысты.

* * *

Келгенімізде таңдаулылар болып қарсы алып еді, қайтарымызда Қызылорда болып шығарып салды...

Оныншы жазба
ДОМБЫРА-ҒҰМЫР

«Қазақ үніндегі» Таласбекке берілген шағын, жып-жинақы мақаланы көрдім. Жоқтау емес екен. Шүкіршілік еттім. Ондағы Қазыбек Иса інім есті жігіт ғой. Жамағатқа естірту ретінде беріпті.

Соған қазанның алтысы күні мынадай пікір жазыппын:

«Не айтайын, мықты қазақтың бірі еді. Ағасы Қажығалимен көңіліміз жақын дос едік. Көрмеген көшесінен жарылқасын. Талай күй мен күйшіні тірілтіп еді. Солары Таласбекті өлтіре қоймас...»

Оның алдында қазақтың белгілі өнертанушысы Ерлан Төлеутаймен хабарласқам. Таласбектің қазасымен мойын бұра алмай жүр екен. Кейін сырқаттанып қалғанын жеткізді. Өнерсүйетін адамға бұл шынымен ауыр қаза еді. Ол да көп нәрсені өзімен бірге ала кетті деп білемін.

Сол кездің өзінде кең қолтық болатын. Бұл Таласбектің консерваторияда жұмыс істейтін кезі еді. Жаз кезінде демалыс алып, Ақшатауда тұратын ағасы Қажығалидың үйіне келіпті. «Ақшатау маған біртүрлі жақын дейтін әңгімелесе қалғанда. Жалпы, Ақшатаудың бәрі жақын» деп қуланып қояр еді. Айтып отырғаны оның да Семейінде Ақшатауы бар.

- «Қозы Көрпеште» айтылатын Ақшатау осы біздің Ақшатау, - дейтін жеңгесі Зәркүл.

- «Баян Сұлуда» айтылатын Ақшатау Семейдікі, - деп Қажығали килігетін. Таласбек жеңгесіне қарсы келе қоймайтын.

- Болса болар, - дей салатын.

Зәркүл қайнысына сеніп қалатын. Өйткені жырда айтылатын елді мекендер атауының біразы осы төңіректе кездесетін.

Қажығали осы жердегі мамандандырылған өрт сөндіру бөлімшесінде взвод командирі болып істеді-ау деймін. Ал Зәркүл жергілікті музыка мектебінде сабақ берсе керек. Әйтеуір екеуінің де мұрынына су жетпей жүретін. Ол кезде Ақшатау ордалы қалашық. Он мың халқы бар. Төрт мектеп істейді. Соның бірі саз мектебі. Одан қалды мәдениет үйінде түрлі үйірмелер бар. Кент әкімі Гүлбаршын Ақпанова болатын. Ол кісі өзі ән салатын, ән салғандарды өзіне жақын тартып тұратын.

Бұл жақта ән де салады, күй де тартады. Ал домбыра жасаушылар некен-саяқ кездесетін. Осы аймақта мен білсем Шәңгерей Шекеұлы көкеміздің басқа адам домбыра шаппайды ма деймін. Шәңгерей көкеміз де көшелі адам. Өз заманының серісі еді. Қажығали ол кісімен де араласып тұрды.

Бір әңгімесінде Қажығали бауырының келетінін сөз ішінде қыстырған еді. Сонан ретін тауып Ақшатауға келейін. Қажығалиы мынадай, Таласбегі қандай екен деп қоямын. Алып бара жатқан ештеңесі жоқ, өзім қатарлы азамат екен. Менімен әңгімелесуге құлықты болмады. Мен келгенде жұмыс үстінде екен. Қажығалидың дайындап, кептіріп қойған ағаштарынан домбыра шауып жасап жатыр еді. Мұнысы маған ұнады.

Түс әлетінде қолы босады-ау, әйтеуір. Тым әңгімешіл екен. Күйлер, күйшілер төңірегіндегі күйлерді суша сапырып отыр. Білгенім үш жүзге тарта күй біледі екен.

- Қаншасын тартасың? - деп сұрайын.
- Тартқанымша тартамын...
- Бір-екі күйден кейін сабалайды, - деп қосып қойды Қажығали.
- Кетбұғадан ше?
- Кез келгенін көзімді тырнап ашып тарта беремін, - деп қойды.

Сөз саптауы тосындау болғанымен өзіме ұнады. Біраздан кейін Арқа күйлеріне қалай ауысып кеткенімізді өзіміз де білмей қалдық. Мен бұл жақта Әбікен күйшінің пір тұтқан Жағыпар, Аман күйшілері жөнінде әңгімелеп берейін. Аманның домбырасын жарты сағат бойы домбыра қылып тартып, жарты сағаттан кейін қобыз қылып аңыратып отыратынын жеткізейін.

- Сол домбыра бар ма? - деп шалт сұрасын.
- Бар, - дедім мен, - Ақадырда тұратын жиенінің қолында.
- Құрамасы емес, қалақтысы, - деді Қажығали.

Сөйтсек Қажығали мен Зәркүл ол домбыраны іздеп барған екен.

- Шпалдан жасалған екен. Сібірде отырғанда жасаған ғой. Қара май мен тұзды әбден сіңірген екен. Ағашын айыра алмадым, - деп Қажығали одан өзінің хабардар екендігін білдіріп отырды.

- Күйлердің тарихын біледі екенсің, соларыңды қағазға түсіргенің жөн ғой, -деп ағалығымды алға салып жатырмын.

Содан күйлер тарихына ойысып кеттік. Бұл жерде үш тарапқа тарттық. Әсіресе, «Бестөре», «Қоңыр» күйлері төңірегіндегі топшылауларымыз қияс кетті. Кейін байқағанымдай Таласбек сол әуелгі пікірінде қалған екен.

Бұл әңгіметіміз Қажығалиға жақпай, ол әңгіме арнасын басқа жаққа бұрып жіберді. Таласбек ол тұста өзін жазушы санамайтын. Өзін тіпті күйшіге де қоспайтын.

- Өнер зерттеушімін, - деді.

Өнертанушымын демеді. Бұл сөзді оның білетініне күмәнім жоқ. Демек бір қалтарысының болғаны.

- Халтурщик, - деді Қажығали, - мен бір домбыра жасау үшін кемі отыз күнімді жіберемін, бұл болса отыз күнде отыз домбыра жасамақшы... Сонда Таласбек күніне бір домбырадан жасап отырған ғой.

- Менің домбырамды Қайрат, Қаршыға, Ақаң жаратып жүр, Құрманғазы оркестрі маған заказ бермекші, соған көмектес десем бас тартады. Бас тартқаның не, халтурамен шұғылданады.

- Менікі қажеттілік. Консерваториядағы шәкірттерім ағаш сабалап отыр. Өз домбырамыз өзімізге жарайды. Шәкірттеріміз бар, бәріміз жабылып жүріп сіздің бір домбыраңызды сатып ала алмаймыз, - деп ағасын отырғызып кетті. Бұған Қажығали кәдімгідей қызараңдасын.

- Онда сіздің жаныңызға келіп айына бір домбырадан шауып отырайын..

- Сорып жатыр мұны алматылықтар...Солқылдатып сорып жатыр...

Мұны Қажығали қажып тұрып айтты.

Одан кейін кеңірек отырып тілдесудің сәті түспеді. Той-томалақта ғана кездесіп жүрдік. Ақадырда тұрғанымда келемін, Әбікен күйшінің басқан топырағын басам деп еді. Жол тартпады білем, келмеді.

Сонан былтыр ғана хабарласты. «Былжыр» деген Тоқтыбек күйші жөніндегі әңгімемді оқыған екен.

- Балалары бар ғой? -деп сұрады.

- Бар, - дедім ойымда ештеңе жоқ мен. Ішім қылп ете қалды.

- Домбыра ұстаған баласы кейінде кетті.

- Жазылайын, барамын, - деді, бәлкім, мені домбырасы күтіп тұрған болар.

Ал ол домбыраның бар-жоғынан өзім де хабарсыз едім.

Ол өмірінің соңында да домбыра іздеп өтіп еді.

Оның өмірі домбыра-ғұмыр еді...

Он бірінші жазба

КЕРІМСАЛ

Бақыт деген байлық емес ұғымым,
Жыр боп шашыл, күй боп төгіл ғұмырым!
Бұлағыңнан бастау алдым бұлқынып,
Қасиетті туған жерім - тұғырым!

Зәрубай Сүйіндіков

Зәрубай СҮЙІНДІКОВ (1947-2018), Қарағанды облысының Шет ауданында дүниеге келген. Ақын, әуесқой сазгер. Күйші. ҚР білім беру ісінің үздігі. Еңбек жолын Ы. Алтынсарин орта мектебінде мұғалім болып бастаған. Аудандық білім бөлімінде әдіскер, аудандық әдістеме кабинетінің меңгерушісі, аупарткомда нұсқаушы (1976), аудандық мәдениет бөлімінің меңгерушісі, Нұраталды орта мектебінің директоры (1991), аудандық білім бөлімінің меңгерушісі (1995) болып істеген. 2005 жылдан зейнет демалысына шыққанға дейін аудандық археологиялық-этнографиялық мұражайдың директоры болды. Көптеген әндердің авторы. Өз жанынан бірқатар күйлер тудырған. «Өмір толғауы» (2003).

Өмірлік мұратын осынау бір ауыз шумаққа сиғызған Зәрубай ағаны бір адамдай білетін-ақ сияқты едім. Оным бекершілік болып шықты.

Осыдан бір жұма бұрын қаламыздың «Сарыжайлау» достық үйінде кейінде дәстүрге айналған жас әншілердің облыстық байқауы өтті.

Алдымдағы қағазды жиып тастап, кеш те болса сонда бардым. Жас құрақтай желпілдеп өсіп келе жатқан өскіндердің ұлан бәйгесіне топ жарып, ертеңгі ұран бәйгеге түсер кім бар екен деймін ғой баяғы. Шет ауданының сонау Ақшатау, Босаға, Өспен ауылдарында өнер айдынына қайығын салған Роза мен Мақпал әпкелерінің жолын қуған сіңлілері мен інілері баршылық еді. Солардың бірін көріп қалам ба деген ұры ойым да жоқ емес.

Сахна төрінде ән салып тұрған өрімдей жас өскін өзін еркін ұстайды екен. Елді өзіне баурап алыпты. Жанымдағылар ыңылдап баяу ғана қосылып отыр. Біраздан кейін өзімнің де қалай қосылып кеткенімді байқамай қалдым. Нөмір хабарланып кеткен. Сондықтан әннің кімдікі әрі әншінің кім екендігінен бейхабармын.

Ән қасиетті қара домбыра туралы. Киелі өнердің бекзаттығы туралы. Сөздері ұғымға жеңіл. Бірден көкейіңде жатталып қалады. Әсіресе қайырмасы. Әншісі де келіскен. Жас та болса орындау шеберлігінің қалыптасып қалғандығы байқалды.

Қоңыр домбыра. Қоңыр ырғақ. Осы әнді бұрын бір жерден есітігендеймін. Ал келіп есіме түсіре алсамшы. Біздің Арқаның әні екендігіне шәгім жоқ. Құлағымызды ауға бастырып алсақ та осы әуеннің біздің жақтың ырғағы екендігі бүкіл болысыммен сезінемін. Біздің жақ деп отырғаным - өзіміздің Шет өңірі.

Ән аяқталды. Жұрт қол соғып, қошемет көрсетіп жатты. Байқау аяқталғанша әлгі қоңыр әуен құлағымнан кетсе-ші. Сөйтіп отырғанымда байқаудың қорытындысы жарияланатын сәті де жақындады. Әлгі әннің маңдайы жарқырап шығатынына сенімдімін.

Алайда?..

Бас бәйгілер басқаларға кетіп жатты. Ау, бұл қалай, деймін іштей. Кезек екінші орынға жеткен. Домбыра туралы ән екінші келген екен. Орнымнан қалай тұрып кеткенімді байқамай калдым. Әні мен сөзі кімдікі дейсіз ғой? Зәрубай ағамдікі! Орындаушы Гүлден Қожамбаева екен. Қожанбаевтар есімі өнер сүйер қауымға жақсы мәлім болса керек. Әулетімен әншілер. Ақтоғай жөнінде әңгіме қозғала қалса еріксіз есіңе осы Қожамбаевтар әулеті түседі. Енді осы әннің бағын ашқан Гүлденнен айналайын. Өнер жолындағы бағың ашылсын деп жатырмын. Енді осы энді шеттіктердің аузына алмағанына қайран болайын. Әрі ойлап, бері ойлап тапқандай болдым. Өз басымнан кешкен жайт.

Таудың асқақтығын түбінде тұрып аңдамайсың. Оның шоқтығы алыстағанда байқалады. Мен де Зәкеңді солай танығанмын.

Зәкеңнің өзінен бұрын өнерімен танысқам. Бұрынғы Ақадыр ауданының Ақшағыл кеңшарында Орал Исатаев есімді дәулескер күйші болды. Ол кісіні еліне танытқан қоңыр домбырасы. Ақадырда өткен

Әбікен Хасенов атындағы республикалық күй жарысында бірінші орынды жеңіп алған. Әбди, Айдос, Қыздарбек, Аман сынды Тәтекеңнің жолын қуған біртуар күйшілердің мұрасын бүгінгі күнге қаз-қалпында жеткізушілердің бірі ғана емес - бірегейі.

Бір күні үйге келсем сол кісі отыр екен. Аудан басындағы өнер байқауына келіпті. Сол күннің кешінде өзінің аршадан шапқан қоңыр домбырасымен бір күйді аңыратсын. Күйдің өкініш сарыны басым екен. Әлде жоқтауға келеді. Мына дүниенің сенің басыңнан да бұлбұл ұшатынына иландырады. Бұрын ести қоймағам күйім, тосын ырғақ. Кімдікі деймін.

- Бәлі, білмеуші ме едің, бұл Зәубай ағаның күйі емес пе? - дегені.

Қатты қысылайын.

Күйдің аты - «Қайран досым» екен.

Кейін білдім. Бұл күй өмірден ерте кеткен Нұрмахан Тазабековке арналған екен. Нұрмахан да марқасқа жігіттердің қатарынан болатын. Зәкеңнің жан жолдасы. Зәкең де жалғызсыраған екен-ау. деймін. Мұңын шағар пенде таппай аруаққа шағыныпты-ау.

Дәннің де топырағына қарай өнетіні белгілі. Әкесі Сүйіндік Шет өңіріне дәулескер күйші ретінде белгілі. Қазақы ұғымдағы сері еді. Балаларын да осы жолға тәрбиеледі. Жарықтық, қызым наз, ұлым сері болады деп отырушы еді.

Расында да осы әулет өнерлі болды. Бірақ бәрін тәрк етіп, өнер жолына түскені болсайшы. Ата жолын қуады деген Зәрубайы да жарты жолдан бұрылып кетті. Зәкең Қарағандыдағы педтің қазақ тілі мен әдебиеті факультетін бітірген. Студент кезінде-ақ ақындық атағы шыға бастаған. Бірақ ол жолды қумады. Итқияндағы бір мектепке қатардағы мұғалім болып орналасқан.

Одан кейін Зәкеңнің «шенеуніктік» жолдары басталған. Аупарткомда нұсқаушы, мектеп директоры, аудандық білім бөліміне меңгеруші болды. Қазір осы соңғы қызметте. Қазақстан Республикасы білім беру ісінің үздігі. Мұғалімдердің бірінші съезіне делегат болып қатысқан. Толып жатқан қоғамдық ұйымдардың мүшесі.

Ау, ұмытып бара жатыр екенбіз ғой. Сексенінші жылдардың басында аудандық мәдениет бөлімін басқарған. Ел сол кезде Сүйкеңнің өзімен қайта табысқандай болған. Бұған дейін Шет жөнінде ән болмаған екен. Жергілікті сазгер Төлеген Ыбыжанов ағасымен бірге ән жазған. Әуені - Төкеңдікі де, сөзі - Зәкеңдікі. Сол «Ақсу-Аюлы - жыр мекені» күні бүгінге дейін шырқалып келеді.

Одан кейін де талай әндер дүниеге келді. «Туған жер», «Дос туралы ой», Ағыбай батыр», «Анама», «Өмір толғауы», «Ақсу-Аюлы арма-

ным», тағы басқа әндердің сөзін жазып, әуенін шығарған Зәкеңнің өзі. Бүгінде жиырманың үстінде өзінің еншілеген төл әні бар.

- Өнер жолына біржолата неге түспедіңіз? - деп сұраймын.

- Киесінен қорықтым, - деді. Екеуіміз де үнсіз қалдық. Сонсоң барып:

- Жол сілтер ағалар болмады, - деді. Қайтып сауал бермедім. Өзімнің бәтуасыздығыма кіжінейін. Қотырланған жарасын тырнап алдым-ау деп.

Інілікке жарасаң өзіңді сайраққа салар азаматтардың санатынан. Өнер жолында жүрген Тезекбай, Қайрат бауырларыма жасап жүрген қамқорлығы соның айғағы.

Зәкең кең пішілген, кесек тұлғалы азамат. Онысын оңтайландыру қайшысысынан қияндағы мектептерді аман алып қалғанынан көргенбіз. Екі аудан қосылғанда ешкімді алаламай көшелік танытқан.

Алдағы сенбі күні Ақсу-Аюлы ән салмақ. Зәрубай ағамның әндері шырқалмақшы. Жүрегінен жыр өріп, сезімді әнмен тербеткен, қазағымның қара домбырасынан күй толқынын селдеткен, туған елдің өнері мен мәдениетіне өзіндік өрнек қосқан Зәрубай ағаның шығармашылық кеші өтеді.

Қасиетті Ақсу-Аюлының топырағынан бастау алған кәусар бұлақ телегей дарияның тамырын бүлкілдетіп жатыр. Осындай басынан тұнған кәусар бұлақтарымыз өзінің құяр өнер дариясына таза жетсе екен деймін.

Сүйіндік ағаны көрген сайын мен керімсалды еске аламын. Керімсал деп бабаларымыз сарша тамыздағы салқын күндерді айтпаушы ма еді?! Керімсал деп бабаларымыз ақпандағы жылымықты айтпаушы ма еді?! Әндері қандай! Күйлері қандай! Басқасын айтпағанда... Керімсал десе керімсал!

Оның ғұмыры шын мәнінде домбыра ғұмыр болды. Сол ғұмырын жыр жолдарында қалдырып кетті.

Қыздарбек,
Сембек,
Әбдилер-ай,
Көңілдің мұңын тербеп әлдиледі-ай!
Тағдырдың төлкегіне қалғандар-ай,
Үзілген шектей армандар-ай,
Қанаты талғандар-ай!
Беу, домбыра,
Құлын дауыс,
Ай мүсін,
Сені тыңдап тебіренбес қай кісі!

Қасиетті шанағына сыйдырған,
Қазағымның қуанышы мен қайғысын,
Беу, домбыра,
Құлын дауыс,
ай мүсін!..

Он екінші жазба
КҮЙҒҰМЫР

Орал Исатайұлы 1943 жылы Қарағанды облысы Шет ауданының Жамбыл колхозында дүниеге келген. Шертпе күй шебері, дәулескер күйші. Қарағанды педагогикалық институтының түлегі. 1966 жылы Қарабұлақ ауылының пошта меңгерушісі болады. 1967 жылдан ағарту саласында - Ақшағыл орта мектебіне мұғалім болып орналасады. 1988 жылдан өмірінің соңына дейін осы мектепте директор болып қызмет істейді. Кәрсен - Кернейден шыққан күйшілердің қосбасарларын бүгінгі күнге жеткізуші. Әбікен Хасенов атындағы республикалық бірінші күй додасында жеңімпаз атанған.

* * *

Ел тәуелсіздігінің келуімен Арқаның бойлауық шертпе күйі де күндеден босады-ау. Астанамыз Алматы жақ сырт қалғанымен бойлауық күйлердің Арқа қазақтары үшін орны бір бөлек. Бес қаруы түгел болған кешегі бабаларымыздың алтыншы қаруы осы қалақ домбыра болатын. Жорықта түн қатып жүргенімен бабаларымыз үнемі соғыса бермеген ғой. Олар да өзекті жан. Туған жерін, бала-шағасын сағынады, аңсайды. Үзірмен майсақал көдесін иіскейді, ыңылдап әнін салады.

Соғыс қалайда соғыс. Адам қалайда адам.

Оның да өзіндік пәлсапасы бар.

Соғыс адамды тағыға айналдырады.

Ал адамның тағы болғысы жоқ.

Содан да ол қалақ домбырасына жүгінеді. Тартады-ай келіп Арқаның бойлауық күйлерін, шертеді-ай келіп Арқаның шертпе күйлерін... Көздерінің соралары ағып...

Бұл - Құран күйлер болатын...

Қанішерліктен бабаларымыз солайынша аман қалған. Тәубесіне келер еді. Біреудің жеріне зәру емес. Өз жері жетеді. Өз жерін қорғап қалды ма?! Болды. Бітті. Аттың басын кері бұрар еді.

Тоқсаныншы жылдардың басында шертпе күйдің кіші отаны Ақадырда Әбікен Хасенов атындағы бірінші күй додасы өтті. Республика көлемінде. Сол доданың ішінде ақ тер, көк тер болып өзіміз де жүрдік. Өзіміз қосылмасақ та домбырамызды қостық.

Сол алқалы топта бізге де сөз тиген. Сол биік мінберден мен осыны айттым. Қазақтың Құран күйлері жөнінде.

Күй өнерінің табиғатын зерттеуде көзінің майын берген Ақселеу ағамыз Сейдімбек төрағалықта отырған. Сол кісі айтып еді. Қазаныма олжа салдың-ау деп. Аузымызға түспей жүрген сөзді сен айттың-ау деп.

Қарилердің сайысын білеміз. Бұл да сондай сайыс болатын. Әбдидің қосбасары тартылғанда көзіне жас алмаған жан қалмаған. Бұл тәубе қосбасар еді. Сахна төрінде отырған Дәулетбек Сәдуақасұлы да жылап отыр еді. Бірақ көзінде жас жоқ еді. Сарқылған еді көз жасы.

Жылай-жылай...

Тағы бір адамның көзінен жас шықпаған. Ол Орал Исатайұлы еді. Ол да көз жасын сарыққан еді...

Тарта-тарта...

Ол да шертер еді. Әбдиді. Әбди деген тұңғиық. Арқа өнірінде қосбасарды жіліктеп алып кетуде Әбдидің алдына түскен адам жоқ. Оның қосбасарлары зар болып, шер болып, қарға болып, тәубе болып кете барады. Оралдың соның ішінде кіре алғаны тәубесі.

Ақтық сынға осы Дәулетбек ағасымен жарыса Орал да шыққан. Әбдидің тәубеқосбасарын ол да кемеліне келтіріп бойлататын. Алайда жолды аяулы ағасына берген. Сол додада бас бәйгіні Дәулетбек ағасымен бөліскен.

Оралды осал күйші деп ешкім де айта алмайды.

Күйшілік оның қанында бар. Әкесі Исатай марқұм өз ортасының көркі болатын. Домбырасын басына жастап ұйықтады. Ояуында қолынан тастамады. Бәрінің тартатыны бір сарын. Соны әрі қарай таратып әкетеді. Әркім өзінше ширатады. Бұл Арқаның атақты қосбасарлары болатын. Қанша күйші бар сонша қосбасары бар. Батыста та сондай дағды бар. Қанша дәулескері бар сонша ақжелеңі бар. Кәрсен атасының бір бұтағы Баймұрат аталады. Айдың аманында солар балаларын төбелестіріп отырады. Намыстары қалғып кетпесін дейді де. Осы Кәрсен мен Керней елінен талай марқасқалар шыққан. Батырлары да, би-шешендері де, ақындары да, жыраулары да, күйшілері де... Бүгінгі қазақ баласы солардың арасынан тек Әбікенді - Әбікен Хасеновты ғана жақсы біледі. Қалғандарынан бимағұлым, бейхабар. «Қоңыры» болмаса Әбікеннің өзін де танымағандай екенбіз-ау.

Сол Әбікеніңіз Жағыпар мен Қараның Аманының алдында домбыра ұстамаған дейді. Рысқұлбек күйші алдында Қараның Аманы әншейін жай тыңдаушы болып отырады екен. Әбікен Рысқұлбекке айтады екен:

- Қараның Аманындай тыңдаушың бар сенде арман жоқ, - деп.

Сөйткен Рысқұлбек Оралдың әкесі Исатайды, Шыныбектің Сапуанын, Жолай күйшінің немересі Тоқтыбекті, Мұсабектің Саматын, Әшімхан күйшіні, Әбеннің Әпикесін, Қалидың Ноғайын, келіп жатса Аққыз күйшіні апталап қамалап ұстап, күй шалады дейді. Рысқұлбек кешегі он жеті мың қылқұйрық біткен Адамбайдың бір түндік жақсы ұйқысы ғой. Сол он жеті мыңды барлыққа санамапты. Соны сарын туғызғанға үйірлеп жылқы айдатқан дейді. Кеңес өкіметі оларға күн туғызбады. Сібірге айдады. Ит жектірді. Сонда да қалақ домбыраларын тастамады.

Жаз шыға Қарабұлақтың үш бұлағын жағалап он екі қанат үй көшіп жүрер еді. Ішіндегі адамдарымен. Бұл қарабұлақтықтардың күй ордасы болатын. Киіз үйдің сыртындағы адамдары өзгергенімен ішіндегі адамдары өзгермейтін. Сол топтың ішінде Исатай күйші де жүретін.

Олармен бірге көшіп салпаңқұлақтар да жүрді. Ақыры оларды айдады. Отыз жеті болса бір сәрі. Соғыстың қайнап жатқан тұсында. Басқа шаруалары қалмағандай. Сөйтіп, Арқада, Ақадыр өңірінде домбыра мен домбырашыларды соттау басталды. Он жыл арқалап Қараның Аманы кетті. Сондай мерзімді алып ағаш кесуге Рысқұлбек те айдалды. Орманға барып күңірене тұр деп Әкішті де айдаған. Ноғай бір емес, екі отырып келді.

Исатай, Әшімхан, Тоқтыбектер бұл тізімде тұрғанымен аман қалған. Бірақ олардың сөзін алған. Домбыра көрсек тамызыққа жағамыз деп. Емініп қу тақтай сабаламаймыз деп.

Айдаудан Аман да келген, Рысқұлбек те келген, Әкіш те келген. Олармен бірге жаңа сарын да келген. Рысқұлбектің «Түзқамақ», Аманның «Итжеккені» өз алдына бөлек дүниелер еді. Бұлар сол сарынды, сол бебеуді алты қыр асып, ұрланып құлақтарына сіңірді. Салпаңқұлақтарға берген уәдесі бойынша элгі сарындарды іштей ыңылдап айтар еді.

Исатай күйшінің де көрмегені жоқ. Аманның «Тоқылдағын» тартамын деп бір ай бойы үй қарасын көрмегені бар. Әйтеуір, «Молотов» күйі деп әзер құтылған. Өзімдікі деп. Неге Молотов, неге Сталин емес деп қысады екен.

- Мұным соған дайындық, - депті.

Сол тыңқылдарды Орал алып қалды. Құлаққа кірген сарын қалмайды екен. Домбыраға әдейілеп үйреткен ешкім болмады. Үйретер де ме еді?! Бірақ қауіп еді ол. Өзіне. Айналасына.

Рысқұлбектің орнына Балтабай, Сапуанның орнына Медет, Тоқтыбектің орнына Ержандар келді. Әкенің құлаққа құйғаны бар, өзінің көріп өскені бар бұлар құранкүйлерге жоламады. Бұлар қу тақтайды

сабалап өсті. Алақанына ат айдап, шанағында үйіретін құ тақтай солайынша мөңірей бастаған. Алайда ішінде оқта-текте де болса жылқы кісінес те шығып қалатын. Бұл Орал еді...

Ол табиғатынан аса алмаған.

Әуелі ұрланып тартты.

Соңынан қорланып тартты...

Алайда алдында ешкім де қалмаған еді. Жол көрсетер. Бағыт-бағдар сілтер. Дәулетбек ағасы да қапалы жүретін. Ол да салпаңқұлақтардың қырына іліккен. Іліккені сол қолына қалағын ұстамай да кеткен.

Алдындағы аға толқын ағалары күйді тартып қана қоймай, әңгімесін қоса айтып отыратын. Тәтекеңнің күйлері деп жүрген күйдің бәрі бірдей ұлы бабасының шығармалары емес екен. Өз әкелері жанынан шығарған сарындарын еріксізден ұлы бабаларына барып телиді екен. Оны Орекеңнің өз аузынан естігем.

- Тартар күйің бөлек те, айтар әңгімең бөлек. Ең қиыны осынысы дер еді, - күрсініп күйші ағамыз.

Расында-ау дейсің еріксіз. «Бестөре» деп күй тартады да, бұлар кешегі Шыңғыс сұлтан, Ыбырай дуан, Құнанбай қажы, Шорманның Мұсасы, Сандыбайдың Ердені еді дейді. Уау, Шыңғыстан басқа бұлардың төресі қайсы, кейінгі үшеуінен басқа бұлардың қазағы қайсы деп айқайлығың келеді? Тіпті Бопай ханымға арналған деп те көкідік-ау. Соны ағамызға құлаққағыс қылғам. Сонда ағамыз:

- Қай атаң қатынын атап, күй арнап, өлең оқыпты? - деген. Жерге кіріп кете жаздағам.

Талай рет дәмдес болдық, Төрімде отырып күй шалған. Талай әңгіменің басын қайырған. Сол асыл ағаның әңгімесін айтсаң осы кісінің есі дұрыс па деп өзіңе күмәнмен қарайды. Ағамыз қазақ радиосына барып, таспаға жаздырған екен. Алматыда жүріп соның ізін таба алмадым. Бойлауық күйдің қызғыштай қорушысының бірі Төлеутай Наров ағамыз да жер сабалап отыр. Өзім жазып алып едім деп.

Елден үлкен ешкім жоқ. Радиоға сыймағанның елге сыйуы мүмкін. Ноғайдың «Қайырмасы» солай табылған. Бәлкім, Орал шалған күйлер таспада қалған шығар. Олай болған жағдайда іздестіруді жалғаған жөн болады. Орал ағамыз шығармашылықтың адамы болатын. Өлең туындататын. Бәлкім, сарын да тудырған болар. Өйткені ол тартқан күйлердің көбісінің атаулары бола бермейтін.

Дәулетбек ағамыз да сондай еді-ау.

Өз күйлеріне ие болғаны кейінде ғана.

Оған дейін өзінің сарынына өзі бас тартып отыратын.

Орал інісі екеуінің қалпы бір еді-ау...

Он үшінші жазба

КҮЙДӘУІР

(Эпитафия)

- Дәулетбек сексенге келіп жатыр екен... Соған мына Шет жұрты кеш жасап жатыр екен... Күй кешін...

Бұл ауылда айтылып жатқан ду. Дәулетбек дегені менің құлағыма жағады. Өйткені мен білген Дәулетбектердің жаманы болған емес. Сорлысы өзіммен қатар жүріп, қалам сілтеген кешегі Таңаттың Дәулетбегі болар. Алайда оның өзі менен көш ілгері тұр емес пе?!.

- Уау, сонда бұл қай Дәулетбек? - деймін іштей.

Мен білген Дәулетбекті жалпақ қазақ та білсе керекті. Сәдуақастың Дәулетбегін айтып отырмын, әрине. Түптеп жіберсем шынымен Сәдуақастың Дәулетбегі екен...

Осының алдында ғана Мағауияның тоқсан жылдығын атап өткенбіз. Көп күткен тойларымның бірі еді. Алайда өткен соң ғана бірақ білдім. Содан-ақ тойдың қалай өткенін білуге болар... Кейін қарап отырсам Мағауияны шерпе күйдің ірі өкілі деп күлдібадамдай салыпты. Шын мәнінде ол ұлы күйші еді ғой.

Оркестрдің тартқан симфониясын Мағауия сол қу таяқпен-ақ ойнап беруші еді ғой. Домбыраның құдіретін солайша бүкіл әлемге паш еткен Мағауияның тойы менің біреу біліп, біреу білмеген Ақадырдағы алпыс жылдығым сияқты Балқашта өте салыпты.

Мағауия Хамзиннің есімі мен үшін сакралды есім. Соны осы тойы бекітеді деп күткем. Мағауияның ұлы күйші екенін мен ғана айтып отырған жоқпын. Менен бұрын Ахаң - Ақселеу айтқан. Соны айтатын, соны қайталайтын ауыздың болмағаны бармақ шайнатады.

Орындаушылық шеберлігі жағынан Мағауиядан асып туған дәулескер жоқ. Бір ғана «Бестөрені» алайық. Кешегі Әбікеннен бастап бүгінгі Қайроллаға дейін орындаған дәулескерлеріміз қаншама?!. Бәрін қойып, айтып отырған Қайроллаша тартудың өзі бір арман болса керек қазақ баласына. Сол керауыздығымыз Әбікен тойынан да көрінген. Тіпті, Әбікеннің туған күнін айтпай-ақ қояйық, туған жылын да білмей-ақ тойлайтын хәлге жетіппіз. Біреулеріміз жүз жиырмаға толды деп, тағы біреулеріміз жүз жиырма беске келді деп тойладық-ау деймін. Сол Әбікенді бойына сіңірген, Әбікеннің көйлекшең жиені Әріннің Игені осы Қарағандыда отырды-ау. Ең құрығанда сол кісіден сұрауға да болатын еді ғой.

Қазақтың екінші Тәттімбеті деп күлтелеген Әбікенге көрсетіп отырған құрметіміздің сиқы осы. Тіпті, оның туған топырағы Шалтасқа ат ізін де салмадық-ау. Бет сипауға да жарамадық.

Ол тойда да не айтылғанын іштей сеземін. Қашқан, пысқан деген әңгіме айтылған болар. Қорқақ қашақ деп ойлайды. Қорқақ қашуға да үлгермейді. Өліп кетеді. Ал қашақтар міндетті түрде қайта оралады. Қай Цезарь сынды. Әбікен ұлы күйші деді ме екен?!

Ай, күмәнім бар...

Енді, міне, Дәулетбек күйшінің кеші өтеді екен...

Шері Шетте...

Шерлі Шетте...

Шежірелі Шетте...

Халқымыздың шертпе күйі мың өліп, мың тірілген өнеріміздің бірегейі. Өлген сайын күлден жаралған феникс құстай өршелене түседі. Қалың өрттен кейін қаудан жамырамаушы ма еді?! Күй өнеріміз де сондай. Оның да өсу, өршу, құлдырау кезеңдері болады.

Қазақтың Ахаңы, қазақтың Ақселеуі күйдің үш мың жылдық тарихы бар дейді. Оның өзінде бойлауық деп кесіп айтады. Ал тарихшыларымыз қазақ баласының тарихын алты жүз жылға жеткізе алмай жүр.

Соған қарамастан Тәттімбеттен қайтамыз. Кетбұғыға жақындай да алар емеспіз. Қорқыттың сарынын құр бебеу көреміз.

Күй сакралды өнер деп жүрміз. Сөйтеміз де ән бірінші, күй бірінші деп қызылтанау боламыз. Сакралды-ақ болған соң күй бірінші. Дүниеге келгендегі адамның айқайы ырғақ емес, дауыс ғана. Елдің бәрі Аққыз күйшіні ғана біледі. Шын мәнінде ол кісіден де талай ән қалған. Солардың ешқайсы да қазіргі шедевр деп жүрген әнсымақтардан сорлы емес еді.

Шертпе күйдің дәуірлеу тұсы Кенесары заманы. Қосбасарларды жұрт қалақпен де, шанақпен де сарнатқан. Қу тақтайы болмағанда ыңылдарына жүгінген. Өйткені бұлар рух күйлер болатын. Бұлар бой тіктетін күйлер болған. Бұл күйлер кісі таңдамаған. Төресің бе, қарашасың ба? Бәрібір... Содан да барып төрелер де қу тақтайға емінген. Хан Абылай хан болмағанда міндетті түрде күйші болатын еді. Наурызбай күйші десең осының есі дұрыс па деп қарайтындар бар...

Жұрттың бәрі Дина деген күйшіні біледі. Аққызды білуіміз де ертеден. Әпикені де кейін біліп жатырмыз. Құдайға шүкір, құрақтайын желкілдеп өсіп келе жатқан ізбасарлары баршылық.

Соған қарамастан оларды ошақ басынан ұзатқымыз келмейді. Қар күй тартпаған деген не сөз? Бұл қу тақтай қазақтың алтыншы қаруы емес пе?! Ал қазақтың қай қары қолына қару алмап еді?! Қазақтың ханын аттан түсірген қаракөздері аз ба еді?! Бір ғана Кәрсен Болған ананы, болмаса Бопай ханымды айтсақ та жеткілікті болар...

Шыңғыс дәуірінде де күйіміз дәуірлеу керек еді. Алайда оның жаңғырығы алысқа кете алмады. Кенесары заманындағы деңгейге көтеріле

алмады. Себеп біреу. Олар өз жері үшін соғыспады. Отандары үшін соғыспады. Өзгенің жерін өз жеріміз қыламыз деп соғысты.

Өзгенің жерін алу үшін бес қару да жеткілікті болатын.

Алтыншы қару өз жеріңді қорғау үшін керек-тін!

Бұл сабақтастық ғасырларды көктеп әлі келеді.

Дәл осы алтыншы қару бүгін керек!

Шыңғыс бабамыздың дәуірінен кейінгі кезең бөлшектену мен ұсақтанумен келеді. Өздері көшіп ұлан-ғайыр жері қалды. Өздерінің аңсарларын ертегілерде қалдырды. Ал сол ертегілерде бабаларымыз айдаһарлармен соғысып жатар еді. Бәрін қойып, Ертөстік ертегісін еске түсірсек те жетер еді. Бабаларымыз не қып айдаһарлармен соғысып жүр деп сұрақ қоя білмейміз. Ол не қылған айдаһар демейміз?!

Сол сауалдардың жауабы Арқаның бойлауық күйлерінде тұр. Шетте өтетін Дәулетбектің кешінде Арқаның осы бойлауық күйлері ойналуы керек.

Құдай өзі кешірсін, мына Жаңаарқа жұрты өздерін Сәкен еліненбіз деп әспеттеп, көтермелейді. Бәрекелді. Уау, соңда Сәкенге дейін соқталы тұлға болмаған ба дейсің еріксіз. Бұл жерге Сәкен сұңқарды қимай, болмаса бәсін түсірейік деп отырғанымыз жоқ. Олардың қарасы да қою. Алайда...Есті қазақ Жаңаарқаны Сайдалы сары Тоқаның елі деп біледі.

Олай болса соған сай құрмет көрсетейік.

Сол Жаңаарқада талай мәдени шаралар өтіп жатады. Соның қайсысында болсын елұранымыз орындалып жатады. Келсін, келмесін...

Айтарым, ресми шараларда ғана елұранымызды орындайық. Қалған уақыттағы шараларды Сайдалы сары Тоқаның қосбасарларымен ашайық. Қарқаралыдағы мұндай шаралар Тәттімбеттің, Ақтоғайдағы шаралар Шопырдың, Балқаштағы шаралар Мағауияның, Шеттегі шаралар Әбікеннің қосбасарларымен ашылсын.

Ұнасын, ұнамасын шертпе күйдің кіші Отаны Шет өңірі. Мен осы өңірден шыққан алпыс шақты күйшіні білемін. Күйшілер отбасы ғана емес, күйшілер әулеті де әлі үзілмей келеді Кешегі Боқанның Шыныбегі, оның баласы Сапуанның, немересі Медеттің, шөбересі Ерболаттың құйқалы өнерін қалың жұртшылық біле бермейді. Сөзге тиек етіп отырған Дәулетбек күйшінің баласы Қайролланың, немересі Жүсіптің жүре күйші емес, туа күйші екенін кім біліп жатыр?!

Осының бәрі айтылуы керек.

Осы тойда, осы кеште бәрі ашық айтылсын. Дәулетбекті Елбасы тыңдаған дейміз. Дұрыс, оны да айтайық. Алайда айтатын нәрсе Дәулетбек те ұлы күйші. Мына Ақтоғай өңірінен шыққан Омаштың Жақсылығы бар. Кешегі Мағауияның алдын орап жүретін. Сол соқталы күй тұлғаны Аққыздың шәкірті деуден аспай жүрміз. Шын мәнінде ол кісі де ұлы күйші. Оны да айтайық. Қашан мерейтойы келеді деп жүре бермей.

Жә, ұзап барамыз. Шерқосбасар сынды іште жүрген қызыл ғой. Айтар нәрсе дәл осы Дәулетбек Сәдуақасұлымен бірге тұтастай күйдәуір кетіп барады. Жақсылық пен Дәулетбек сол дәуірдің қос қанатындай көрінеді маған.

Бұлар тұнық күйшілер.

Бұлар туа күйшілер.

Бұларға сарын Көктен келетін болса керек.

Қайролла Сәдуақас, Қалкен Қасым солардың сарқыншағындай көрінеді маған. Уақытты байлап тұра алмайсың. Алайда осы бір тұнық күй заманын ұзартуға әбден мүмкіндігіміз бар. Қайролла, Қалкендер бар да...

Қазір оқыған, ноқат танитын кәсіби күйшілер келіп жатыр. Солар қоркынышты. Өйткені олар күйді нотамен игерген. Елді де сол нотаға байлап қояды.

Ал Арқаның бойлауық күйлері азат күйлер. Олар біздің күндемізді көтере алмайды.

Он төртінші жазба
ҚАРАНЫҢ АМАНЫ

МҰҚАШТЫҢ Аманы (1896-1966), Қарқаралы уезінің оныншы ауылында туған. Қараның Аманы деген атпен белгілі болған. Өз заманындағы айтулы күйшілердің бірегейі. Қазақ әдебиеті мен өнерінің Мәскеудегі онкүндігіне шақырылып (1936), соңынан бай туқымы екендігі білініп, шеттетіледі. Өз жанынан шығарған көптеген шертпе күй үлгілері қалды. Олардың арасында «Аманның қосбасары», «Итжеккен», «Айырылысу», «Түрмеден қашқан» деген күйлері белгілі болды. «Аманның қосбасары» Ә.Хасенов атындағы күй додасында ойналды. Бай туқымы, жат элемент ретінде қудаланып он жыл Сібірде отырып, діңгене болып оралады. Қоғамдық жұмысқа тартылмаған. Домбырасы мен қара қобызын арқалап ел аралаған. Арқа күйлерінің жалынды насихатшысы.

Ел бұл кісіні Мұқаштың Аманы дейді...

Болмаса Қараның Аманы дейді...

Оның өзін де айта бермейді. Өйткені қауіпті... Итжеккенге айдалып кетуің мүмкін...

Ныспысыз адам болмайды ғой. Туралап айта алмаған ел тұспалдап ол кісі, болмаса бұл кісі деп атайды.

Бұл кісіні де ел аңызға айналдырып алған.

Және соған тұрады.

Содан да ол бізден алыстап тұр...

Содан ол бізге жақын тұр...

Бұл кісіміздің азан шақырып қойған ныспысы - Аман, Мұқаш баласы.

Сол аңызға айналған тұлғамызды іздеп ақтармаған мұрағатымыз қалмаған шығар. Мардымды дерек тапсақ кәне?! Дегенмен...

Табылған. Дерек болғанда қандай?! Бұл дерек әлі айналысқа түсе қойған жоқ. Өйткені өте құпия деген бұрыштамасы бар. Сонымен тапқан дерегіміз не дейді?

МҰҚАШЕВ Аман (Мукашев Аман), 1896 жылы туған, қазақ. Туған жері: Қарағанды обл., Шет ауд. Білімі: бастауыш. Тұтқындалғанға дейінгі тұрған жері: Қарағанды обл., Балқаш. Кім және қашан тұтқындады: 22.12.1937 ж., Балқаш НКВД-сі. Кім және қашан соттады: Қарағанды обл. НКВДБ Үштігі, 28.12.1937 ж. Бап: 58-10 РСФСР ҚК, бас еркін 10 жылға айырып, жазасын ЕТЛ өтеуге кесілген. Ақталған күні және ақтаған орган: 13.09.1962 ж., Қарағанды облсоты. Істі тоқтату себебі: қылмыстық құрамы болмағандықтан.

Мукашев Аман, 1896 года рождения, казах. Место рождения: Карагандинская обл., Шетский. Образование: начальное. До ареста проживал: Карагандинская обл., Балхаш. Кем и когда арестован: 22.12.1937 г., Балхашский НКВД. Кем и когда осужден: Тройка УНКВД по Карагандинской области, 28.12.1937 года. Статья: 58-10 УК РСФСР, осужден к лишению свободы в ИТЛ на 10 лет. Дата и орган реабилитации: 13.09.1962 г., Карагандинский облсуд. Причина прекращения дела: за отсутствием состава преступления.

Бары осы.

Жеке адамға қатысты басқадай деректердің болмауы қалай деп сан ойланып, толғандық. Өйткені сәбет заманында әр сәбет адамының түшкіргеніне дейін қаттаулы тұратын.

Кейін білсек ол кісіміз ешқашанда сәбет өкіметін байытамын деп жұлқынбапты. Өмір бойы сәбет өкіметінің тесік күрегін ұстамай өтіпті. Сондықтан ғұмырбаяны қағазда қалмаған. Сондықтан ондай ақпарат мұрағатқа бармаған.

Есесіне қолынан екі нәрсесін тастамаған.

Бірі қалақ домбырасы...

Екіншісі қара қобызы...

Отыз жетінің қандыауызы Шет азаматтарына қырғидай тиген. Солардың дені қазақтың дөңмаңдай ұлдарының бірі Бектің Орынбегімен байланысы үшін сотталғандар. Орынбектің өзі аса қауіпті элемент, жапон тыңшысы, топ құрушы ретінде ату жазасына кесілген.

Сол Орынбекпен Аманның шынында да байланысы болған. Орынбек өзі басқарып отырған театрға осы өңірдің екі мисыз күйшісін жұмысқа алған. Оның бірі - Әбікен Хасенов болса, екіншісі - Рысқұлбек Адамбаев.

Үшіншісі...

Үшіншісі Мұқаштың Аманы болу керек еді...

Сол Орынбектің арнайы шақыртуымен Алматыға шақырылып біраз игі жақсылардың алдында өз өнерін көрсетеді. Өкініштісі, кең сахналарда емес, жекелеген адамдардың төрінде қолына домбыра ұстаған...

Ел мақтаған Алматының өнер сүйер қауымын онша жақтыра қоймаған. Өздерінің қолынан келмегені бір басқа, білген адамды тыңдауға жоқ екен. Үнемі қарақорым топтың алдында өнер көрсеткендіктен бе, шошайып отырған екі-үш адам алдында өнер көрсетуге құлықсыз болды. Ел жерұйық көріп жүрген Алматыны солайша жерсінбей, туған топырағына оралды. Сол-ақ екен тынысы ашылып қоя берген...

1936 жылы Мәскеуде қазақ эдебиеті мен өнерінің онкүндігі өтетін болып, өнер көрсетушілер тізіміне Аман күйші де ілігеді. Алайда үстінен жау баласы деген шағым түсіп, делегация құрамынан шеттетіледі. Оның орнына Әбікен Хасенов барады...

Осы жерде екі нәрсенің басын аша кетелік.

Біріншісі, жау баласы деген жала туралы.

Өз әкесі Мұқаш заманында Қаракесек Керней елінде сайлаусыз би болған адам. Қара қылды қақ жарған эділ билігімен ел есінде қалған. Ал бабасы Қара Бэйтікұлы кәдімгідей ел мойындаған айтулы тарихи тұлға болған. Заманында Қырбастың Бәйсейітімен, Жақсы Жанқұттымен, Өскенбайдың Құнанбайымен, Шорманның Мұсасымен, Есеттің Көпбайымен, Арқаның басқа да жақсыларымен қатар жүрген. Ортаға тарпаң қамшысын соң тастаған. Қара жай ғана қара танып қоймай Омбыда пелшірлік курсты тамамдайды. Барынша сауатты болған адам. Қарқаралы төртінші басқармасында (денсаулық сақтау), Қотанбұлақ, Керней болыстықтарында пелшір болып жұмыс істеген. Қырдағы күйдіргі, шешек, тырысқақ сынды жұқпалы ауруларға қарсы екпе жұмыстарын жүргізген. Керней болыстығының болысы болып сайланған. Алатауда бала би, Арқада дана би атанған шешен адам болған. Қара би айтты деген сөз бүгінде ел құлағында жүр.

Би бақылыққа озғанда ел-жұрты Қайрақты өзенінің бойында басына Арқа жұртында кездесе бермейтін еңселі де, сәулеті келіскен мазар тұрғызады. Ол жер содан бастап Қараның атымен Қарасаз деп аталады. Сол сәулет өнері жермен жексен болуға айналған-ды. Үш камералы мазар қайта жарақтау жұмыстары жүргізілгеннен кейін қайтадан елдің көз қуанышына айналды. «Қара би моласы» деген атпен мемлекеттік қорғауға алынды. Басына ескерткіш қойылды.

Аманның басы да осы жерде. Бабасының аяқ жағында жатыр. Басында көктасы бар.

Екіншісі, Мұқаштың Аманы алдында Әбікен Хасенов домбыра ұстамаған деген әңгіме туралы.

Ең алдымен, Әбікен Амансыз да Мәскеуде өнер көрсететін делегация құрамына кіреді. Актер ретінде. Олай болса Әбікен мен Аман арасында Мәскеуге күйші ретінде кімнің баратыны туралы талас тумаған.

Әбікен шынында да Аманның алдында домбыра ұстамапты. Бұған қосарымыз бар...

Атап айтқанда Әбікен Аманның алдында ғана емес, Жағыпардың алдында да домбыра ұстамаған.

Мен ел ішінің есті әңгімесін жарты ғасыр бойы жинаған адаммын. Оның ішінде мақсатты түрде жинаған әңгімелерімнің бір парасы осы үш күйшіге қатысты еді. Бір ғажабы, бұл үш күйшінің үшеуі де тіршіліктерінде бір-біріне барынша құрмет көрсетіп отырған. Оның ішінде Әбікеннің құрметі әлемет болыпты. Жағыпар мен Аманның алдында домбыра ұстамапты!

Жағыпар күйші де осал тұлға емес. Тәттімбет, Машақ сынды асқан өнер иесі болумен қатар ел де басқарған. Кәрсен елінің болысы болған.

Сол Жағыпардың елден ерекше қарқосбасарлары болған дейді. Олардың біреуі Қарқабат анаға, екіншісі Кәрсен анаға, үшіншісі Болған анаға арналған дейді. Ақадырда редактор болып тұрғанымда Жағыпардың жұқанасы Ықыш Ыбырай ақсақалмен жиі жолығысып тұрдық. Сол кісі айтып отырушы еді:

- Аман күйшінің артықшылығы саусағында, - деп.

Келер сәт маған сұрау салдырмай өзі айтар еді:

- Аман күйші домбыра ұстағанда алтыншы саусағы пайда болатын, - деп.

Аман да сотталғанда елу сегізбен сотталған. Елу сегізінші статьяның оныншы бабында нақтылық жоқ, халық жауы деген жалпылама тұжырым бар. Күйшіміз осы бапқа ілігеді. Ал шын мәнінде домбырасы үшін сотталған еді.

Ел Аманды аңыздағанда түрмеде жүріп те домбырасын тастамаған деп аңыздайды. Кез келген тақтайды домбыра қылып ойнаған дейді. Күйші кесікті жылын өтеп елге келгенде алдынан тағы бір күтпеген тағдыр соққысы күтіп тұр еді. Артында қалған жамағаты өзін күтпей аталасына тұрмысқа шығып кеткен екен.

Алайда сол жамағаты Аманның қараша үйінің түтінін сөндірмеген екен. Орыс орманынан оралған Аманды ел көш жерден тосып алып, өз ошағына түсірген екен. Түсіргенде ел жақсылары ұйғарған шүйкебасымен түсіреді...

Сонан...

Ел арты қалай болар екен деп дал болады.

Аман да текті атадан емес пе?! Ол ел күтпеген, алайда елді риза қылған шешімге барады. Жамағаты мен аталасының басын қосып, батасын береді. Ел қосқан шүйкебасына ризашылық танытады. Сол шүйкебасын алып, тіршілік көшіне ілесіп, үйме арбада сығаншылап кете барады.

Балқаш атырабында думан құрады. Қасиетті күй өнері қонған Бесата елінде өз үйінде жүргендей жүреді. Өлмес өнерімен елдің күйге деген сусағанын басады. Алғаш бетте қолына домбыра алмапты. Иір қобызды жанына серік етіпті. Адамнан айла артқан ба?! Кейінде құранды домбыра жасапты. Өзі шапқан дейді. Сол құрандысымен жарты сағат домбыра қылып ойнаса, енді бір жарты сағатында қобыз қылып аңыратыпты.

Аман күйшіден де күйлер қалған. Шаңқосбасар үрдісінде. Бұл қосбасарды бүгінде Қалкен аға Қасымов шалып жүр...

Қайран, қосбасарлар...

Он бесінші жазба
ҚАРҒАҚОСБАСАР

Қалкен ҚАСЫМ 1949 жылы Шет ауданында дүниеге келген. Тау-кен инженері. Ұзақ уақыт Жезқазған, Сәтбаев, Қарағайлы кен орындарында жетекші инженер болып жұмыс істеген. Бала кезден қасиетті домбыраны өзіне серік еткен. Тәттімбет, Қыздарбек, Әбди, Аққыз, Аман күйлерінің шебер орындаушысы. Көптеген күй фестивальдерінің лауреаты.

Сахна төріне Қалкен Қасымды шақырған.

Сол төрде ұзақ отырып қалсын. Сонсоң барып астыңғы шегін қағып, перне қуалап әуез тудырсын. Міне, тайпалма жүріс, міне, сүрініп кетті, міне, тұрып кетті. Жоқ, әлгі ырғақ тереңге тартсын.

Ол енді қайтып оралмайды. Мұны елдің бәрі түсінген. Алайда оған оралып керегі де жоқ. Ол бақиға кетті. Ал бақилық мәңгілік деген сөз... Әлгіндегі мұңнан, әлгіндегі өксіктен, әлгіндегі зардан түк калмаған. Бұл қарғақосбасар болатын...

Қосбасарлардың бастауында элбетте Тәтекең тұр. Табалдырыққосбасар Тәтекеңдікі, қалған қосбасарлар соның тармақталуы. Мұң болып, өксік болып, тәубе болып, наз болып, қарға болып...

Күйші күй шығарғанда ойлап отырмайды ғой. Күйім мұң бола ма деп, қарға бола ма деп. Соған орай Қалкен аға да әлгі күйін «Бауырыма» деп атаған. Мұндай күйлердің шалт оқиғалардан, түпсіз шерден туын-

дайтыны белгілі. Жұмыр бастың бақылыққа өтуі сондай шерлердің тереңі. Дәулетбек ағамыздың «Толғау» күйі де осы - қарғақосбасар. Қыршын кеткен баласы Халелге арнаған күйі. Мағауия Хамзиннің бауыры Дәнелия ағамыздың «Ағаны аңсау» деген күйі бар. Бұл да осы санаттағы күй. Пазыл ағамыздың «Арнау» деген күйі бар. Жол апатынан опат болған балаларына арналған. Ал осы қарғақосбасарлардың бастауында Әбдидің жалғыз баласы шетінегенде шығарған қарғақосбасары тұр.

Қалкен Қасымды білуім ертеден. Қолынан қалақ домбырасын тастамайтын. Ақшатау төңірегіндегі жиындар онсыз өтпейді десем де болады. Жастайынан күйші бала атанды. Ересектерге ілесіп біздер де күйші бала дейтінбіз. Ол кісінің кәдімгі кәсіби кенші екендігін кейінде ғана білдім.

Қалағаңның бақыты күйшілік ортасы болды. Өзі құралпы Орал Истаев, Балтабай Адамбаев, Ержан Баймамыров сынды Арқаның шертпе күй тәлімін алған азаматтарымен қатар жүрді. Одан тыс Сапуанов Медет, кәдімгі айтыскер ақын Самат Мұсабеков, Рысқұлбек Адамбайұлы сынды ағаларының қағысын көрді. Сәкен Әбіш сынды ағасының тәлімін алды.

Осының барлығы Қалкен ағаны қосбасарларға алып келген.

Арқа күйшілерінің көбісінің нотаға жоқтығы белгілі. Оның қажеті шамалы деп айту ұят болар. Алайда Арқа күйлерінің звукорядпен тартылмайтыны да жасырын емес.

Арқа күйлері қолдан жасалған кедергілерге көнбейді. Содан барып бұл төңіректегі күйшілердің барлығы көп перделі домбырада ойнайды. Қосымша пернелер орнықтырады. Ал бұл басы артық пернелерді нотаңыз көтере алмайды. Осыдан барып Арқа күйшілері нотаға ден қоймаған. Әдетте жай орындаушылар бір домбырамен оң бұраумен де, теріс бұраумен де тарта береді. Ал Арқа күйшілері міндетті түрде екеуін екі бөлек тартады. Құлақты түкіріктеу кейінде шыққан. Квинта бұрау қашанда орнықты бола бермеген. Соған орай теріс бұраумен тартушылар құлағын кең жайда үйде отырып келтірген.

Сол бір ұмытыла бастаған бабалардан қалған үрдісті осы Қалкен ағамыздан көруге болады. Ол кісі қашанда екі домбырамен жүреді, біреуі кварта болса, екіншісі квинтасы.

Бұрын әркімнің қолында жүретін қалақ домбыра бүгінде көзге түсе бермейді. Еуропаша тартыстың келуімен олар да көзден бір-бір ұшқан. Дегенмен мұражайлардан, үйінде қарты бар отбасылардан ұшырастыруға болады. Ал Қалкен ағаны қалақ домбырасыз көзге елестету қиын.

Өйткені ол кісі домбыраны өзі шабады. Шапқан домбырасының пернелік жүйесі де алабөтен. Мұндай домбырамен қағу арқылы ғана емес, пернені басу арқылы дыбыс алуға болады. Мұндай дыбыстарды езгі дыбыстар дейді. Оны тек пернені басу арқылы тудырады.

Тәтекеңнің, Әбікеннің, Әпикенің, Аққыздың кей күйлерін тек осылайша ойнау арқылы тыңдаушысына қал-сөлін жоғалтпай жеткізуге болады.

Қалкен Қасым ағаны екінің бірі білмесе де өнер төңірегінде жүрген жандардың оны білуі тиіс. Алайда Арқаның бойлауық күйлерін түйсінбеуіміз ол кісінің қалақ домбырасынан бізді алыстата түседі. Керек десеңіз сол қалақтарды экзотика деп қабылдаушылар бар.

Енді бірер жылдардан кейін осы қалақтар Қалкен ағамыздың қолынан түсіп, мұражайға бет алып бара жатса оған онша таңдануға да бола қоймас. Өйткені қазақтың қасиетті қалақ домбырасы бізді тастап барады.

Соны қайтарудың жолы сан тарау сынды. Соның ең бастысы күй кластарын ашу болып табылады. Ал Қалкен ағамыз олай деп ешбір шенеуніктің есігін аша алмайды. Ең алдымен музыкалық арнайы сауаты жоқ. Одан қалды нота танымайды.

Құймақ құлақ деген сөз тіркесі қолданыстан шығып барады. Оның орнына есту жадысы дегенді қолданып жүрміз. Салалы саусақ көрсек пианистің саусағы дейгін болдық. Кешегілер күйшінің саусағы деуші еді.

Қазіргілер нотаға қарамай тартып шықса бұттарына толып жүреді. Ал біздің қара шалдар нотаның не екенін білмеген. Сөйтіп жүріп те өшпес мұра қалдырған.

Қалкен ағамен анда-санда бойлауық күйлерге қатысты шараларда кездесіп қаламыз. Сонда басқа әңгімелерді қаузаймыз. Өйткені біздің «аузымыз күйіп қалған». Біздің жақта күй жөнінде ашық әңгімеге бара бермейді. Жазықты болып қалуымыз мүмкін.

Дегенмен Тәтекең аруағы сеп болып Қалкен күйші жөнінде, қарғақосбасар жөнінде осылайша қалам сілтеуге мұрсат алғанына шүкіршілік етемін.

Он алтыншы жазба
ҚОҢЫР

Медет Сапуанұлы 1943 жылы Қарағанды облысының Шет ауданында дүниеге келген. Целиноград ауылшаруашылығы институтының түлегі. 1970-95 жылдары Шет, Ақадыр аудандарының шаруашылықтарында бас зоотехник болып істеген. Ақшатау кенбайыту комбинатының қосалқы шаруашылығын басқарған. Дәудескер күйші.

Қоңыр...

Ойың сан-саққа жүгіреді.

Не ойласаң да оның арты Әбікенге барып тіреледі. Өйткені ол кісінің есімін санамызға өшпестей етіп «Қоңыры» жазып кетті. Қазір бұл күйді күйші бабамыз Сәкенге, Орынбекке арнаған деп жүрміз. Адам шерін біреуге арнаушы ма еді?! Бұл - шер!

Ол бар-жоғы шерін қу тақтаймен бөліскен.

Арқа дәстүріндегі қосбасардың табиғаты бөлек. Ол - зар! Ол саған арналған. Тыңдаушысына арналған. Шер өзінікі. Зар өзгенікі. Шер қоңыр да, қосбасар - зар. Олай болса қоңыр Әбікенге дейін де болған. Әр күйшінің өз қоңыры болған. Әр күйші өзінің ішіндегі қапасын осы қоңырда қалдырған.

Сондай қоңырын қалдырған Арқаның арқалы күйшілері аз болмаған. Шыныбек Боқанұлы сондай күйші. Боқан балаларынан нелер жақсылар шыққан ғой. Әбіл, Торғай палуандарды, Тұяқ атсейісті, Бәпіш молданы, Адасбек ақынды, Ескей жырауды елі әлі ұмыта қойған жоқ.

Баланың кенжесі болғандықтан тіккен шаңырағы әкем үйі аталды. Сол әкем үйінен кісі үзілмейтін. Домбырада қалай ойнаса, қобызда да солай ойнаған. Мешкейлер жарысы болғанда күйшілер жарысы неге болмасын. Алайда оны жарыс демеген. Сайыс деп те айтпаған. Оны тірес деген. Бұл кәдімгідей теке-тірестің өзі. Осындай тіресте жаңа шалым да туындап жатар еді. Сол тіресте Шыныбек алдына жан салмаған. Арқада аты шыққан Қалиақпар, Жолай күйшілердің өзін орап кеткен. Табан астында тартып отырған домбырасының шегін қылға ауыстырып, сарнатсын кеп қобызды. Бұлай тарту бұған дейін болмаған. Кейін де болмады...

Сол Шыныбек өзінің қоңырларын көзінің ағы мен қарасындай болған Сапуанға тастап кеткен. Тастамағаны қобызы еді.

Заманында атын жаратып асқа барыпты. Шақыру көбейіп, қоңырлатып жүргенде Бәйгеторысы қолды болады. Қылар қайласы таусылып, бәйгеге қобызын қосыпты. Сол бәйгеде қобызы алдына қара салмай өтіпті. Бұл атшабардың арты дау болған дейді. Біреуі қобыз келді деп, енді біреуі домбыра келді деп қиқылдасыпты.

Сапуан әкесінен соның домбырасын ғана алып қалды. Алайда ел Сапуанды да емқос, пірәдар, атсейіс, тақуа деп білді. Ол кісінің жаратқан Көкаты атшабарлардан келіп те жүрді. Бірақ күйшілігі алабөтен еді. Сапуан күй шалғанда алты қырдың ар жағында кетіп бара жатқан жолаушы атының басын іркіп, жүрген жолынан жаңылысар еді. Адамбайдың Рысқұлбегі, Мұқаштың Аманы тіресер күйшілері болды. Бірақ бұл дәурен де баста тұра бермеген. Басталсын қиқу кеп. Намаз оқыдың деп, домбыра тарттың деп, кісі емдедің деп... - бәрін барса келмеске айдап жатты. Алдымен Аман, соңын ала Рысқұлбек те айдалған.

Бұл бір басқа түскен сынақ екен деп ойлады. Жанына батқаны ержетіп қалған Зәружанының опат болуы еді. Төтеннен келген ажал алды-артына қаратпады. Оның артында өзі шапқан домбырасы қалды. Одан кейін бірінен кейін бірі Ерғазысы, Бекежаны, Көсемжаны жастай шетінеді. Бұл шер еді. Бұл зар еді. Соны Сапкең көтере алды. Сол шердің, сол зардың арқасында. Ат арытып келіп Рысқұлбек төккен шерді, ат терлетіп келіп Аман төккен зарды.

Бұл зарқосбасарлар еді.

Бұл қайтып қолына домбыра алмады. Намазын есік-терезесін бекітіп оқитын болды. Емін ел ұйықтағанда жасайтын болды.

Бір Жартқаннан баланың тілеуін тіледі. Біреуін берген hақ тағы біреуін неге бермесін деп. Төрт көгенкөзін алған hақ Тағала солардың төлеуіндей медетін қылды. Бесінші болып келген баланың есімін солайынша Медет деп қойған. Медетінің көзінше қалағын ұстамауға тырысатын. Тақтай тыңқылдатпақ тұрсын іштей ыңылдаудан да тыйылған болатын.

Сиыр ұрлап сотталды дегенге таң қалатын жұрт домбыра тартып сотталды дегенге таңғалмайтын болған. Содан да ел қу тақтайларын тамызық қылып жатты.

Күйшілікті біреуден сұрап ала алмайсың. Күйшілік қонады. Әйтпесе жеті ата тұқымыңда болуы керек. Бұл да дерт. Кәдімгідей тұқым қуалайды. Ал Шыныбек тұқымы үзілмеген күйшілер болатын. Үзілмегені сол, бүгінде қазақ сахнасына Шыныбек күйшінің шөбересі Ерболат Медетұлы шықты. Шыныбек атасының күйшілігі Ерболатқа қонған. Мектеп қабырғасында жүріп-ақ мамандар көзіне түскен ол бүгінде ертеңінен жақсылық күтіп жүрген үкілі үмітіміз. Қазірдің өзінде көптеген байқаулардың жеңімпазы атанып үлгерді. «Ақ Орда» ансамбілінің мүшесі. Арқа күйлерін насихаттаушы.

Медет ағамыз соған шүкіршілік етеді. Әйтпесе үлкен сахнаға өзінің шыққысы бар. Бабаларының тартқан шерлері мен зарлары әлі де құлағында. Бәлкім, жүрегінде...

Бұл бабаларының шерлері мен зарларын шатыстырып алған. Сапуанның, Рысқұлбектің, Жолайдың, Шыныбектің, Аманның шерлері мен зарлары мидай араласып кеткен. Әйтеуір бір шер. Ұлы шер. Бәлкім, бұл өзінікі шығар... Медет ағамызды мұндай ой жиі мазалайды. Ерболатының өз қоңыры болатынына сенімді. Алайда қашан?!

Өз қоңыры ше?!

Өзінің де қоңыры бар. Оңашада ғана шертетін.

Бәлкім, құлағында қалған...

Бәлкім, жүректен туындаған!..

Он жетінші жазба

ҚОҢЫРЛАТЫП КҮЙ ТӨККЕН

Дәнелия ХАМЗИН (1937-2018), Қарағанды облысының Ақтоғай ауданында туған. Математик. Аудан орталығындағы мектепте жарты ғасырдан астам уақыт ұстаздық қызмет атқарған. Белгілі күй тарланы Мағауия Хамзиннің бауыры. Кеншілер қаласында тұрған. Арқа күйшілерінің мұрасын, оның ішінде Мағауия Хамзин шығармаларының жалынды насихатшысы.

Дәкеңнен бұрын Мағауия ағамызды білдік. Ақшатау комбинатының сол тұстағы бас директоры Барлық Садықов, кент төрағасы Кенжебай Жәмпейісов, Гүлбаршын Ақпанова асыл ағаны аялай білді, қолдарынан келгенше қамқорлық жасады. Ақшатау өңіріндегі жеке концертін ұйымдастырып отырды.

Ауылға концерт келді деген дақпырт шығады. Іле әке-шешелеріміз, аяқты үлкендеріміз кеншілер сарайын бетке алып бара жатады. Концерт деген соң біз де жата алмай сахна есігінен сығалаймыз. Жалғыз адамның берген концертін көріп еріксіз таң қаламыз. Толып отырған адамдарды көріп таңданысымыз күшейе түседі. Ұшқан шыбынның ызыңы естілетіндей құлаққа ұрған тыныштық тұрушы еді.

Сахна төрінде отырған Мақаң домбырасынан төгілген әуен бізді де сыйқырлап алатын. Сол әуенді әлі күнге дейін өзімізбен алып келеміз.

1994 жылы Қарауылда Абайдың бір жарым ғасырлық тойы аталып өтті. Сол тойға бір ай бұрын барып жатқаным есімде. Сонда асыл ағаммен кеңірек танысудың реті келген-ді. Жанында Төлеуқадыр Тоқтамысов ағамыз бар-ды. Ол кісі де күй табиғатының тамыршысы еді. Белгілі күйші Қалкен Қасым ағамыз да осы топта болды.

Сонымен күйге сусаған шөліміз қанғандай болып көрінген. Сондай жақсы отырыстардың бірінде асыл ағаның аузынан күйші інісі Дәнелияның есімін естіген едік.

Кейін ол кісімен жолығысудың реті де келді. Кеншілер қаласына қоныс аударған соң жүздесуіміз жиілей түсті.

Сонда өз жөнінде бір ауыз сөз айтсайшы. Жоқ, алдымен Мақаңның есімін алады. Алдымен Әбікеннің есімін алады. Алдымен Алпанның есімін алады. Кейін менің Алпан ағамыз жөнінде танымдық мақала жазуыма да себепші болды.

Ол кісінің бір өтініші есімде жүр. Мақаң жөнінде жазуымды қолқалаған еді. Ал Мағауия Хамзинді жазу екінің бірінің қолынан келмеген. Жалпы, Мақаң жөнінде жазу күй мәдениетін тануыңды талап етеді. Осыдан барып элі күнге дейін Мақаң жөнінде қаны тамып тұрған жазба жоқ.

Мақаң алдында Әбікен тұр.

Қазақтың қара домбырасын төрткүл дүниеге танытқан басқа емес, Мақаң. Бір таяқ, екі шекпен атақты полонез бен түрік маршын Еуропаның өзіне қайтып таныттты.

Күй сұлтаны қатарында «Бестөре» мойындалған. Оның сүлей орындаушысы ретінде мойындалғаны Әбікен мен Мағауия. «Бестөрені» орындаушылар аз болмаған. Дәулетбек орындаған. Орал орындаған. Кешегі Таласбек те орындаған. Жанғали да орындаған. Қалкен де орындап жүр. Дәнелия ағамыз да орындайды.

Соның барлығы күй табиғатынан шықса керек. Теріс бұрауда орындалатын бұл күй әркім-біркімді жақындата бермейді.

Бұл жөнінде Дәнелия ағам былай дейді.

- «Қоңыр қазды» білесің, «Қоңыр қазды» білсең Қарымсақтың Әшімтайын білсең керек. Ал Әшімтай Хамзаның әкесі болады. Ал Хамза...

Осы жерге келгенде әңгімесін доғарып көзін тіктейді. Қалай әсер етті екен деп бағдарласа керек.

- Мақаң Тобықты ішінде Бораншы болады. Сол рудың ішінде бізді Бақсы дейді. Азан шақырып қойған есімі Бәйтелі болса керек. Сол Бәйтелі бабамыз асқан қобызшы болыпты. Бір аста астындағы жалқұйрығы аяқтан қалып, қолындағы қобызын қосыпты. Сол қобызы бәйгеден келіпті-мыс. Содан барып біздер Бақсы аталып жүрміз. Мақаңның орындауындағы «Бестөре» Әшімтай мен Хамзадан қалған. Оны Мақаң іліп алған. Одан мен...

Дәнелия ағамыздың сүйсініп айтатын әңгімесі бабаларының барлығының да қара домбыраны өздерінің шапқаны.

- Хамза атамыз домбыра шабатын, етік тігетін, ер шабатын. Сонсоң, әрине, күй төгілдіретін. Сол күйлер сүйектен сүйекке кетсе керек. Бізді қойғанда қазір Мақаңның немересі де атасының жолын жалғастыруда. Айтып отырған «Қоңыр қаз» бен «Бестөрені» әуелетіп жүлде салып жүр...

Мақаң кейін Балқаш қаласына келеді. Жергілікті жерде домбыра оркестрін ашады. Сол оркестрде Дәнелия ағамыз да домбырада ойнайды. Бауырлары Мәделия примада ойнапты. Осыдан кейін бұл әулеттің «бақсылығын» мойындамай көр.

Үй іші Мақаңның концертін жақтыра қоймаған. Домбыра тартып күн көру мүмкін болады деп сенбеген. Оның үстіне сол жылдары домбыра тарту өмірге қауіп болатын. Мақаңның тұрақтамай бірде Алматыда, бірде Қарағандыда, бірде Балқашта жүруінің салдары сонда жатса керек.

Ел бұл өнерлі отбасыны кәдімгідей бақсылар отбасы деп білген.

Мақаңның соңынан ерген Дәнелияның да домбырашылығы елге білініп қалады. Оның да күйші атағы шыға бастайды. Тіпті, Алматыға, Қарағандыға шақыру алады.

Сол кезде отбасы үкімі шығады. Бір үйге бір бақсы да жарайды деген. Дәкеңнің соңғы сүйеніші Мақаң да осы тұста тілін тістеп қалады.

Мақаңды түсінуге болатын. Домбыра арқалап, отбасын асырау жанкештілікті талап ететін. Туған бауырында бәрі болғанымен осы соңғысы жетіспейді-ау деп іштей қауіп қылған.

Осыдан кейін ол кісінің жақсы күндердің ұзатпай келетініне сенбеді-ау деп еріксіз ойға берілесің.

Бәрін қойғанда бүгінде «Қоңыр қаз» тартылмай барады. Шамамен осыдан бір ширек ғасыр бұрын елдің бәрі сол «Қоңыр қазды» тағы бір тыңдау үшін баратын. Кешегі күні қазақ радиосынан Мақаңның «Жайлауы» түспеуші еді. Бүгінде оқта-текте еститін болдық.

Осының барлығы Дәкеңнің жанын қинайды. Іште запыран болып, жүрегін айнытады.

Өйткені, Мақаң тұрсын, бүгінде Әбікеннің өзін тыңдау мүмкін болмай барады. Тәттімбет жөнінде айтудың өзі ұят.

Өйткені бүгінде қазақтың қара домбырасы шоуға айналған. Тұрып ойнайды, жатып ойнайды. Айналдырып ойнайды, лақтырып ойнайды. Дәкең осыдан шошиды. Бұл бетімізбен кете берсек Мақаңды қойып, Хамзекеңді қойып, Әшімтайды қойып Тәтекеңнің өзін өлтіріп тынармыз деп.

Сөз жоқ, бүгінде жақсы күнде тұрмыз.

Аға да жақсы жағдайда.

Алайда Арқа күйлерінің төңірегінде мал табушылар шықты. Сол Арқа күйлеріне үш қайнаса сорпасы қосылмайтын. Аға соған қажиды. Тіпті, өзін күйшілер қатарына қоспайтыны бар.

Алайда ол кісінің де өз қосбасары бар. Қарғақосбасар. «Ағаны аңсау» деген. Мақаңа арналған күйі.

Он сегізінші жазба
ҚОСБАСАР

Шет ауданының орталығы Ақсу-Аюлы селосында «Тәттімбет Қазанғапұлының 200 жылдық мерейтойы аясында «Шет өңірі - шертпе күйдің қайнар бұлағы» атты облыстық күй фестивалі өтеді дегенге кәдімгідей елеңдейік. Осыған дейін Тәтекеңе байланысты өткен мәдени шаралардың татымсыздығынан болар, Ақсу-Аюлыға бір күдік, бір үмітпен барғанбыз.

Күдікпен баратынымыз барлығын қаржы тапшылығына сырып тастадық. Оның үстіне биыл Арқа өңірінде қызыл судың жүргені белгілі. Оған ұрынған жандардың бәрі бірдей жаңа баспаналарына кірді деп айта алмаймыз. Ішіміздегі «шайтанымыз» «нан болса ән де болады» сыбырлап тұрып алсын... Осы тұста есіме еріксіз Ленинград құрсауын, Шостаковичтің кейінде «Ленинград симфониясы» аталған №7 симфониясын еске алайын. Бұл 1942 жылдың 9 тамызы еді ғой. Ал құрсаудың 1944 жылға дейін созылғаны белгілі. Оркестр музыканттары қырылып, бар-жоғы он бес адам қалған екен. Қардай борап тұрған оққа, сиреп қалған қатарларына қарамастан №7 симфония ойналған! Осы жерде еріксіз тіліңді тістейсің. Бізге не көрінді деп. Жыл басында Тәтекеңе қатысты өтетін шаралар көп-ақ сияқты еді. Соның барлығы сиырқұйымшақтанып барады.

Үмітпен баратынымыз Шет алабы шертпе күй мектебін қалыптастырып, орнықтырған өңір. Мұндай шертпе күйдің тұтастай алыптары ғұмыр кешкен, арттарына өлместей «қосбасарларын» қалдырған. Кешегі Қыздарбек қалыптастырған шертпе күй мектебінің ізі сайрақтайын сайрап жатыр - Әбди, Сембек, Мақаш, Жағыпар, Қараның Аманы, Әбікен, Рысқұлбек, Исатай, Тоқтыбек, Сапуан, Дәулетбек. Бүгінде бұл күйшілердің екінші толқыны сахнадан кетіп барады. Орал Исатайұлы, Манарбек Сағымбекұлы, Ержан Тоқтыбекұлы сондай күйшілер. Есесіне олардың орынын үшінші лек басып жатыр. Мәселен осы фестивальде жай оғындай жарқ етіп көрінген Жүсіп Сәдуақас Дәукеңнің немересі болады.

Қазақтың Ақселеуі - Ақселеу Сейдімбек қазақ күйін жіліктегенде бойлауық күйге ерекше екпін беруші еді. Ақаңның айтып отырған бойлауығы Арқаның «қосбасарлары» мен Батыстың «ақжелеңдері» ғой.

Бұл кеш те сондай ұмытылмас кештің бірі болды-ау деп ойлаймыз. Күй фестивалінің шымылдығын Қайролла Сәдуақас Тәтекеңнің «Қосбасарымен» ашқан. Қайролла күй әлеміндегі белгілі есім. Ол кешегі Дәулетбек Сәдуақасұлының бел баласы, Дәукеңнің мұрасын алып қалған баласы осы. Одан кейін әкесінің «Толғауын» аңыратсын.

Сол-ақ екен, кетті дейсің «қосбасарлар». Сайдалы сары Тоқа, Мүгілсім, Мақаш, Сүгір, Әбди, Қыздарбек...

Бірінен-бірі өтеді.

Залдың іш тартқан сәттері де келген...

Сахнаға Пазыл Тұтқабек ағамыз көтерілгенде уақыт тоқтап қалғандай болып көрінген. Айтары жоқ, ел Әбікеннің өзін көргендей әсерде болды десек, мұнымыз артық айтқандық бола қоймас. Әуелі Тәтекеңнің «Қосбасарын», соңынан Әбікеннің «Қоңырын» аңыратсын. Бұл ешқандай теорияға, нотаға бағынбайтын шертіс еді. Күйшінің шекті ілуінің өзі жатқан бір мектеп еді. Екі шекті қатар ілгенде жаның шығып кете

жаздайды, бір орында отыра алсаң кәне. Қыздарбек мектебінің өмір-шеңдігін мықты шәкірттерімен түсіндіруге болар. Пазыл ағамызға да сондай шәкірттер ертсек деген іштей тілегіміз болды. Бір ұры ойым айтсын, Әбікеннің «Қоңыры» осы Пазекеңмен кетіп барады деп. Сахнаға Гүлбара Рахымбекқызы көтерілгенде де ел дем алмай қалған. Жүрген жүрісі, киген киімі, ұстаған домбырасы ел назарын өзіне еріксіз аударған. Ел сахнадан Динаны, Аққызды, болмаса Әпикені көргендей болған. Тура солай болып шықты. Алдымен Аққыздың «Қосбасарына» жол берген.

Бұл екі ортада Зәрубай Сүйіндік, Қалкен Қасым, Ертай Жәнібек, Қайрат Мұстафин, Тоқыман Қонымбекқызы өнер көрсетіп, ел ризашылығына бөленіп үлгерген. Бұл өнерпаздардың қайсы болсын күй әлемінде өз есімдерін қалдырған өнер саңлақтары.

Сәрсенғали Жүзбаевтың шертпесі де ел жүрегінде қалды. Ол атақты Сүгірдің «Қосбасары» болатын. Сәрсенғали белгілі күйші Жанғали Жүзбаевтың туған бауыры болады.

Зәрубай ағамыздың Дербісәлі бабамызға арнаған күйі де ел жүрегіне жол тауып жатты деп білеміз.

Фестиваль шымылдығын Жүсіп Сәдуақас жапсын. Сонда ғана ел бәрін түсінгендей болған.

Кеш басталмай тұрып «Шет өңірі - шертпе күйдің қайнар бұлағы» атты бейнефильм көрсетілген. Бұл негізінен Тәтекең қалыптастырған шертпе күйдің феникс құстай қайта тірілгендігі жөніндегі көрсетілім еді. Қызыл саясат шертпе күйшілерді қуды, асты, атты. Соған қарамастан бүгінгі күнге жетті. Қанатын кеңге жая бастады. Соның дәлелі Дәулетбек Сәдуақас, Қайролла Сәдуақас және Жүсіп Сәдуақас деп біліңіз. Әке, бала және немере тәмсілі күйде де үзілмей келеді...

Кештің екінші жартысында Әбуғалисан Шоқанбаев дирижерлік еткен Тәттімбет атындағы халық аспаптары академиялық оркестрінің «Күймен тербелген Ақсу-Аюлы» атты гала концерті өтті. Оркестр орындауындағы Түркештің, Тәттімбеттің, Дәулеткерейдің, Құрманғазының, Қыздарбектің күйлері ешкімді де бей-жай қалдырмады.

Он тоғызыншы жазба
ҚЫЗҚОСБАСАР

Аққыз...

Ақәже...

Мүгілсім...

Бұлардың барлығы бір-ақ адам - Мүгілсім Ахметқызы, күйші Аққыз...

Сол Аққыз есімі аталған жерде есіме Дина да емес, Тәтекең де емес - қосбасарлар түседі.

Оның ішінде Қызқосбасар...

Қосбасарлардың тұмасында Тәттімбет тұр. Тәтекеңді сол қосбасарларынан айыру деген бекершілік. Содан да Тәтекең есімі өлмей келеді. Өлтірмей келе жатқан сол өзінің қосбасарлары.

Өзекті жан барда қосбасарлар өле қоймас. Өйткені қосбасарлар сол өзектінің өмір сүру болмысы. Сол қосбасарларымыз үзіліп барып, үзіліп барып жалғасын табуда. Оның себебі де, салдары да жеткілікті.

Қосбасарды тыңдаған адам Құранды естіген мүсілім сынды қалт тұра қалады. Өзіне өзі сырт көзбен қарайтын сәтті бастан өткізеді. Сөйтіп, өзін таниды. Өз көзімен. Бір сәт болса да ол өзінің пенделік қамытынан босайды. Ол өзінің адам екендігін көреді.

Тіршілік тауқыметінен өткен зіл жоқ. Енді оның тіршілік қамытын қайтып мойнына ілгісі жоқ. Мынау жалғаншы ішіп-жеуден ғана тұрмайды екен. Қарын қамынан басқа да қамдар баршылық екен. Мынау жарық дүниең жалғаншы екен. Ертеңіңнің не боларына көз жетпейді. Дегенмен сынық сәуле бар. Бәрі қайтып оралады. Қалай? Кешегіңе оқ атсаң, ертеңіңнен зеңбірек болып оралып жүрмей ме?! Қосбасарлар дүниеге солай келген.

Сол қосбасарлар қазақ баласына қырын келді. Меншебек те, бәлшебек те ытырынды. Ақ та, қызыл да ешкімөзденді. Қосбасарлардың соңына шам салып түсті.

Ел өздерінің қосабасарларынан танды. Өздерінен бұрын өткен күйшілерге теліді.

Оның ішінде Тәтекеңе телінгені қаншама? Бір кездері барша қосбасарлардың Тәтекең атынан шертілген заманы болған. Сол заман да келмеске кетті.

Ел қосбасар тартудан тартынған.

Қалақ біткеннің барлығы тамызыққа жаратылды. Ел ішінде есімдері білінген күйшілердің барлығын контр деп жариялаған. Алды итжеккенге айдалған. Ел ішінде қалғандарының он саусағы төс пен балғаның арасына түскен.

Сонда да бұл қазақ күй «тартудан» тыйылмаған. Қалақтағы тыңқылды іштегі ыңылға айналдырған.

Ел солайынша домбыра ұстаудан қашқан. Ән сүйемелсіз айтылатын жағдайға келген. Домбырада ойнайтын он саусақ шіркін енді санды шапаттаудан аспаған. Саусақты бір-біріне ұрып та әуезді дыбыс, әуезді ырғақ алуға болады.

Қосбасарлар сөйтіп те «күн көрген».

Кейін мұртты көсем кеңшілік жасады. Батырларды жырлауға қосты. Ал жыраулар домбырасыз жыр толғай алмас еді. Айтыскерлер домбырасыз жындарын шақыра алмас еді.

Домбыралармен бірге қосбасарлар да қайтып келген. Аузы күйіп қалған ел оларын ашық түстеп айта алмады. Солайынша «Туған жер», «Сағыныш», «Ағаларым» сынды бейкүнә күйлер пайда болды. Бұл күйлерді ешкім де контр дей алмады.

Шын мәнінде бұлар нағыз қаны тамып тұрған қосбасарлар еді.

Сағыныш...

Бейкүнә сезім. Туған жерді сағыну, бауырды сағыну, баланы сағыну, әке-шешені сағыну... Бұл сезімі үшін ешкім сотталмаған. Ешкім ешқайда айдалмаған.

Аққыз еді бұл «сағынышты» алып келген. Бәлкім, әке-шешесін, ет бауырларын, туған топырағын сағынған болар. Мұны қутақтай қарауылдары өздерінше қабылдаған. Олардың да өз өлшемдері бар.

Аққыздың да өз өлшемі бар!

Ол өзінше сағынған!

Қыз күнін!

Оның шертпесі - Қызқосбасар болатын!

Оның қосбасары -Қызқосбасар болатын!

Бәрі де оралады!

Туған жерің өз аяғынан келе алмайды. Алайда өзің бара аласың ғой. Бауырың келмесе өзің бар. Ал қыз күнің орала алмайды!

Қыз күнің оралмайды! Оң жақтағы қыздың жайы белгілі. Оның ішінде күйші болар ма?!

Бүкіл ауыл оның қорғанышы. Бүкіл ауыл оның тілеулесі. Расында да солай еді!

Мүгілсім десе Мүгілсім. Атына заты сай болды.

Кимешегі қандай ақ болса оның болмысы солай ақ еді. Жүрген жүрісінде, киген киімінде, ішкен жемінде «әйкәпір» атанбады. Ол ақ еді!

Ол ақ қыз еді! Ол - Аққыз еді! Сол ақтық оның есіміне жамалды. Оң жақта отырып Аққыз атанды.

Тұрмысқа Аққыз болып ұзатылды! Тұрмысында да Аққыз атанды! Тұрмыстан қалғанда да Аққыз атынан ажырамады!

Барған жері текті жер болатын. Атақты Тобықты Қараменде бидің Серігінің Көпбайы еді. Отбасылық шуақты күндері ұзаққа бармады. Төтеннен келген ажал қосағын көкке алып ұшты. Сол қосағы берген кеңшілікпен шерін тарқатты. Домбыраның екі шегіне емінді.

Сонан дүние дөңгелеп берсін. Иығына жамау түсірмегенімен қартоны көнетоз тартқан. Ұлы мен қызын Моншақбай көкесіне тапсырып, Шаң атасының кең қолтық Иген деген азаматының етегінен ұстаған.

Үлкендердің батасын алмап еді, талайына қарсы келді. Барған жерінде сырқат жамай берді.

Сөйтіп жүріп те дүниеге екі түсті балпанақтай сәби әкелген. Қосағы солардың қызығын көре алмай кетті.

Ендігі дүниені тәрк еткен.

Содан бастап қутақтай айнымас серігіне айналды. Дүние теріс айналсын. Жаратушының сынағына ілінді. Жаратқан бәрінен айырды. Ұйқыдан, күлкіден. Сол шемені күй болып шанақтан төгілді. Біреу мақтады, біреу даттады. Дабырасы көп еді. Домбырашы деді. Күйші деді. Дәулескер деді.

Бұл қосбасаршы еді!.. Кімге ежіктеп отырсын. Бұл қосбасар деп?! Қызқосбасар еді!

Алғашқы екі жетімегіне тағы екі жетімек жамап төркін жұртына оралды. Қызқосбасарымен. Ішкі әлемі әлемтапырақ еді. Қыздың қайтып келгені хош көрінбеген заман ғой. О, құдырет, мұның қыз ғұмыры туған топырағында қалған екен ғой. Ешкім де оған тура да, сырттай да қар деп қыжыртпады. Уақыт тоқтап қалған сынды. Қыз ғұмырында. Үлкені де, кішісі де Аққыз деп үзіліп тұр...

Бәрі оралды! Оралмағаны - қыз ғұмыры!

Бұл ешқандай да сағыныш емес еді! Бұл ешқандай да «Сағыныш» емес еді!

Бұл «Қызқосбасар» еді...

Жиырмасыншы жазба
ҚЫРЫҚ ТҮРЛІ КҮЙ АЙНАЛҒАН БАРМАҒЫНА

Тәттімбет - Арғын асқан ардагерім,
Қырық түрлі күй айналған бармағына...
Біржан сал

Бұл мақаланы жазудағы мақсатымыз біреуді мұқатып, тұқырту емес, Тәтекеңе деген құрметімізді түзеу болмақ. Жасыратыны жоқ, мақаламыздың атауы айтып тұрғандай күй алыбына деген құрметіміз төменшік.

Туған жерінде ескерткіш орнаттық, саз колледжіне есімін бердік, Қарағандыда көше атауын иеленді, сол Қарағандысында байқау өтіп тұрады...

Болғаны, біткені осы.

Осы Қарағандыда Құрманғазыға ескерткіш орнатылғанда бөркімді аспанға атқандардың бірі едік. Бабамыздың сол тас бейнесі қаламызда біраз уақыт көшіп жүрді де біржолата жоқ болды. Қала басшылығына

сұрау салғанымызбен жарытып жауап ала алмадық. Білетіндердің айтуынша көп қоймалардың бірінде шаң қауып жатыр-мыс.

Құрекеңе деген құрметіміздің сиқы осы.

Тәтекеңе деген құрметіміздің де оңып тұрған жері жоқ.

Тәттімбеттің күй алыбы екендігі даусыз. Құрметі соған орайлас болса дейсің. Бір реттік, бір мезеттік болмай күнделікті болса екен дейсің. Және бұл құрметімізді айында, жылында емес, күнде көрсетуіміз керек. Құрманғазы мен Тәттімбет қатар тұрған қазақ күй өнерінің шыңы. Олар қазақтың бойлауық күй өнерін қалыптастырды! Олай болса құрметтің барлығын осы екеуіне, қалса қалғандарына көрсетейік. Сонда ғана күй құдірет қайтып оралатын болады. Әйтпесе, бүгінде күй тартылған жерде селкілдеп билей жөнелетін болдық.

Қазақтың ең алдымен домбыра екендігін ұмытпау маңызды. Өйткені тіл «кесілген» жерде домбыра сөйлеген.

Бүгінгі тәуелсіздігімізде хандардың, батырлардың, би-шешендердің, алмас қылыштың, егеулі найзаның үлесі қандай болса, домбыраның үлесі де олардан бір мысқал кем емес.

Күні кешеге дейін домбыраны құндақтап келдік. Сонда да қазақ баласы қалағынан біржолата ажырай қойған жоқ. Алайда қатар да жүре алмады. Оны өзіне серік еткендер итжеккенге айдалып жатты. Қазақ баласы солайынша домбыра ұстамай кетсе басқа себебі болмаса керек. Қожа-молдаларды қалай құдаласа домбырашыларды да солай құдалады. Жер аударды, асты, атты. Ал қасиетті қалақты тамызық қылды.

Сонда да бұл өнер өлмей келеді. Тыңқылды ыңыл алмастырды.

Ел ішінде нелер күйшілер болған. Солар өз шығармаларынан бас тартып, халық күйі деп тартты, болмаса Тәтекеңнің, болмаса Құрманғазының өзіне теліді. Содан барып қазақтың күйі аман қалды...

Осы жерде есіме есті екі әңгіме оралсын.

Бір жылдары Құрманғазы оркестрі Қытайға барып, «Сарыарқаны» аңыратпай ма? Сонда концертке қатысып отырған қансудың күн көсемі Мао Цзедун орнынан тұрып кетіпті. Елұран деп қалыпты.

Шынында да Батыстың төкпе күйлері ұран күйлер. Мұндай күйлер тартылған жерде өздерін еркек санағандар ат жалына ұмтылып, найзасын іле кеткен ғой. Тағы бір жылдары Тәттімбет оркестрі Франселіне барып, «Сарыжайлауды» тартпай ма? Оған дейін құлықсыздау отырған зал ыбыр-жыбырынан пышақкесті тыйылыпты. Күй ойналып бітеді. Бірақ зал үнсіз. Қараса зал қалың ойға кетіпті дейді.

Міне, күй құдірет деп осыны айтады. Өзекті жанды ойға жетелейтін осындай Құран күйлер Арқаның топырағына тиесілі. Ұран күйлердің жетпеген жеріне Құран күйлер жеткен. Сен Алланың ғана рахманысың дейді сағақтан үзілген сарын.

Бүгінгі күнде кейінгісіне иек артқан жағдайда тұрмыз. Қазір ұрандап, бақан ала жүгіретін заман емес. Қазір кейінгісінің заманы. Не дейді сол күйлер?!

Сен жаяу жүру үшін жаратылған жоқсың дейді... Сен ат үстінде туғансың дейді... Туған жердің топырағын же, өлмейсің дейді... Бұл рухыңды жоғалтпа деген сөз!

Тәтекең де елімді қайтсем ұшпаққа шығарам деп қан жұтқан арыстың бірі. Қарқаралыға дуанбасы болып сайланам деп жұлқыныс танытса оның себеп-салдарын өңешпен байланыстырудың қажеті жоқ. Ол қазақтың соңғы ханын солқылдамай қолдады. Әрекетімен де, өнерімен де. Бұл тұс қазақ баласының тізелеген кезі. Хан Кенесарының Кекілікте қолға түсіп, қазақ баласының аттан түскен кезі. Сол қазақ баласының біржолата етпеттеп жатып қалмауы үшін рухын өлтірмеу керек еді. Ол үшін...

Қосбасарлар солай туған. Құран күйлер солай туған. Қайда барарыңды білу үшін қайдан келгеніңді білу керек. Бұл отқарудан да мықты қару - күйқару. Күйқаруымыз Қосбасарлар еді.

Арқаның қосбасарлары пендесінің намысын қалғытпайтын шалыс. Тәтекеңнің қосбасары соның шырқау шыңы, әрине. Бүгінгі күнге жеткені он саусақтан сәл ұзап тұр. Қалғаны... ұмытылған. Ұмытуға мәжбүрлеген.

Алайда мұндай сарынның із-түзсіз жоғалуы мүмкін емес еді. Жалғасты сол сарын. Үзіліп барып. Дүниеге Сайдалы сары Тоқаның қосбасары, Қыздарбектің қосбасары, Әбдидің қосбасары, Сембектің қосбасары, Аманның қосбасары, Жағыпардың қосбасары, Аққыздың қосбасары келді.

Сол қосбасарлар жіліктеліп кете барды. Наз болып, табалдырық болып, мұң болып, қарға болып, тәубе болып, зар болып, шаң болып. Әбдидің «Зарқосбасарын» тыңдаған жанға отыз екінің аштығын, Аманның «Шаңқосбасарын» тыңдаған жанға мынау жалғанның опасыздығын айтып керегі жоқ. Бәрібір... Келеді дейді жақсы күндер. Күй тартқызбаса ішіңнен ыңылда дейді... Жігерің құм болмасын десең емін қу тақтайыңа дейді... Сол ыңылға айналып, өлмей қалған тыңқыл қазақ баласының бойын қайта тіктетті. Бізді тарих көшінен қалдырмай, өлтірмей, өшірмей бүгінгі күнге алып келген осы Қосбасарлар еді.

Қазіргі күйшілердің тартып жатқан қосбасарларының Тәтекең қосбасарына үш қайнаса сорпасы қосылмайды. Ат арығанда мәстек болып қалушы еді ғой. Қосбасарлардың да басында сол жайт тұр.

Қазір оқыған мәдени тартушылар шықты. Шекті қылбұрау тартқандай тартып, нотамен тақылдатып шығады. Қазақ даласына еуропаша тартыс келді. Балалайкамен тартқандай тартады...

Тәтекең қалдырған шалыс, қалыс, теріс, қосақ бұраулардың бірі жоқ. Есесіне сабалау бар. Ал сабалау жүрген жерде тапырақтау жүреді. Ал тапырақ шабыстың жапа тастататыны түсінікті.

Тұшынбайсың. Еміренбейсің. Бойламайсың.

Тәтекең есімі қазақ руханиятында өлмейтін есім. Оны өлтірмейтіні - күйлері.

Күй болғанда бойлауық күйлері. Қазақтың Ақаңы - Ақселеу Сейдімбегі айтатын бойлауық күйлері. Арқада - қосбасарлар, Батыста - ақжелеңдер. Қазіргі қазақтың оқыған саз мамандары оларды да жіліктеп тастады, цикл деп. Оқыған надандығымыз осылайша әр жерден көрініп қалады. Әйтпесе толқынды қуған толқындайын қосбасары да, ақжелеңі де бойлап тұрған жоқ па?! Қазіргі күй табиғатын зерттеушілеріміз алпыс екі тамырлы ақжелең, алпыс екі тармақты қосбасар дейді де әрі қарай айдалаға маңиды, миға қонбайтын әңгімелер айтады, оннан, мұннан құрап аңыз-әпсана түзеді. Оқысаң еңіреп қоя бересің.

Бүгінде домбырашылардың дуэті, триосы, квартеті дегендер қаптады. Кешегі қай бабамыз қоғамдасып домбыра тартып еді?! Не Құрекеңнің, не Тәтекеңнің қосаққа жүргенін естімеппіз. Осы не нәрсені болсын «хорға» айналдыратын дағдымыздан айнымай келеміз.

Домбыраның табиғатын да бұзып біттік. Домбырамен опера ойнағанымыз аздай, «частушканы» сүйемелдегеніміз қай сасқанымыз? Енді репті домбырамен ойнайтын шығармыз. Жалпы, Сайлаубектің қолына домбыра ұстатуға жақындап қалғандаймыз-ау осы...

Ендеше құрдым алдында тұрмыз. Сол құрдымға кетпейміз десек күй өнеріне жаңаша көзқарас, жаңаша концепция қажет. Бұл уақыт талабы.

Құрманғазы мен Тәттімбет кездескен бе дейміз? Осындай да сауал бола ма? Олар кездескен, әрине. Кездестіре алмай жүрген өзіміз.

Қазақтың қоңыр күйіне шетелдіктер де еміниып отыр. Француз Гзавье Аллез Тәтекеңнің күйлерін бірнеше жылдан бері зерттеп келеді. Жинақтап, Париж қаласында дискке де басып үлгеріпті. Дискілерінің бірінде Тәттімбеттің 22 күйін басыпты.

Әмірені Парижден іздегеніміз аздай енді Тәтекеңді де Парижден іздейміз бе? Пазыл Тұтқабеков ағамыздың тартысын көріп тәубеңе келесің. Кешегі Дәулетбек Сәдуақасовтың баласы Қайролланы көріп шүкіршілік айтасың. Қалкен Қасымовты тыңдап байыз табасың. Бұл топқа Сәмекені, Зәрубай Сүйіндікті және басқаларын қосар едік. Бұлар барда Тәтекеңнің қосбасарлары өле қоймас.

Осыдан кейін осыған дейін аман келген Тәтекеңнің бізден кейін де өмір сүретініне кәміл сенесің.

Алайда кейінгі ұрпақтың «Қосбасарларды» жалғыз шекпен орындап жүрмей ме деген ішкі қаупімізді де жасыра алмадық...

Жиырма бірініі жазба

МАШАҚ КҮЙШІ

(«Көкейкесті» күйі аңызының ақыры)

Қаракесек Машайдың Бораншысы бір шикіөкпеге зар болып Жаратқаннан сұраған ғой. Мейіріңді түсіре көр деп. Бір шикі өкпе бере көр деп.

Сол зарлық үстіндегі Бораншының үстіне Әлтеке Өтеген батыр кіріп келеді. Елдің баласы бес қаруымен жүрсе бұлардың бір қаруы қашанда артық болған ғой. Біреудің қойынында күлше жүрсе, бұлардың жабасалмасында сынық жауырын жүрер еді. Қысылғандарында басы-көздерін тұмшалап, сынықтың әр жағынан күнге сығалар еді.

Сол Өтегеннен бесеу туады, бірі Қойкел. Заманында аты шыққан батыр болған. Осы кісінің есімімен аталатын жер-су атаулары бар.

Қойкелден - Болат, Жәмеңке, Жарылғап, Ес, Қан, Жан, Бек. Бұлар Қойкелдің алты аласы аталған. Қазақ алакөзім деп батыршалыс балаларын айтқан. Содан-ақ бұл кісілердің кім болғандығын пайымдауға болар.

Болаттан - Жантөбет, Жайнақ.

Жантөбеттен үшеу туады - Әйнек, Машақ, Итбай. Кейінгісінің ұрпақтарымен кейінге дейін араласқан жайым бар. Оның ішінде Рақытай Шойымбекұлы көшелі ағалардың бірі еді.

Мен Тілеулінің үрпағы боламын, оның ішінде Кернейі. Жоғарыдағы келтірген баянға байланысты Керней балалары Өтеген балаларына жақын жүреді. Жиенді-нағашылы да осылар, қарсы құдалар да осылар. Олай болса Өтеген батырға, Өтеген балаларына қатысты жайттарды Керней балалары білсе керек.

Сондай көлденең әңгімелердің біразын біз де естідік. Соның бірі Мәшекеңнің сайлаусыз отыз үш жыл болыс болғандығы жөніндегі әңгіме. Бұл әңгіме негізсіз емес. Мәшекең болыс болған тұстары Әлтеке атасының малы да, жаны қаулап өскен кезеңі. Ұрпақтары Бесатаға болыс болған деп көтермелейді. Бесатаға беделі жүргені рас, алайда болыс болғаны артық әңгіме. Өйткені Бесата елі әу бастан бір болыс ел болған жоқ.

Мәшекең ел басқарған жылдары оның бақталасы болмады. Баласы Ербекей он сегіз жасқа толғанша.

Атақты күйші Тәттімбет Қазанғапұлының 1815 жылы туып, 1862 жылы қайтыс болғаны белгілі. Мәшекең болса 1815 жылы туып, 1894 жылы қайтыс болған. Бұл кісілер түйдей құрдас. Тәтекеңнің де болыс болғаны белгілі. Бұл кісілер тіршілігінде араласқан, оңаша отау көтеріп, әңгіме-дүкен құрған адамдар.

Мәшекең асып, толып отырған заманында баласы Ербекей де ел көзіне түсе беріпті. Нағашысы Бәйсейіт би барынша қолдау жасап отырыпты. Сол баласы әкесімен болыстыққа талас болады. Іштей өзінің болыс болып сайланатынына сенімді болыпты әке. Алайда шар теңе түсіп, соңғы шар ойнайды. Байдәулет балаларының бірі шар ұрлап, Мәшекеңнің пайдасына шешіпті. Сонан Мәшекең жатып қалыпты. Көкейім кесілді деп.

Мәшекең де асқан күйші болыпты. Едірей асып, құрдасы Тәттімбетке барыпты. Көкейдегі шерін домбырамен айтыпты. Сонда Тәтекең «мынау күй көкейім кесілді деп тұр ғой, «Көкейкесті» болсын» деп Мәшкеңнің домбырасын қолына алыпты. Бұл күйіңді маған қи деп, күйді жаңа тұрпатта ойнап шығыпты.

Бұл әңгіменің бала кезден құлағымызға құйған кешегі жақсының көзі, алтынның сынығы Сүбіхибек Ахметұлы еді. Бұл кісі үлкен ағартушы, өлке тарихын жетік білетін әсіре шежірешіл адам болатын. Өз кезегінде бұл әңгімені әкесі Ахмет мұғалімнен естіген.

Ал Ахмет мұғалімнің бұл әңгімені естуі анық нәрсе. Өйткені Ахмет мұғалім Әбдірахимов 1887 жылы туып, 1937 жылы халық жауы ретінде атылған. Арқа өңіріне аты мәлім ағартушы. Әуелі Шаян медресесінде, онан кейін Бұхарада оқыған. «Ғалия» медресесін бітірген. 1916-1921 жылдары А.Байтұрсынұлы ауылында мұғалім болған. Алашорда көсемдерімен байланысын үзбеген. 1922-27 жылдары Қарқаралы қаласында мұғалім, Ақсу-Аюлыдағы мектепте директор, 1936-37 жылдары Ақадыр стансасында мұғалім болған.

Осы Ахаң тіршілігінде Мәшекеңнің немересі Қатармен араласыпты. Қатар да айтулы тұлға. Мәшекең мен Ербекейдің жолын ұстанған балаларының ішінде ол кісінің орыны ерекше деп білу керек. Қатар да қазағының ертеңін ойлаған. Алашордашыларға жақын тұрған, солармен мәжілістес болған. Олай болса жоғарыдағы әңгімені Қатардың өз аузынан естуі әбден мүмкін.

Осы жауырынға қатысты тағы бір әңгімені айтпасқа болмайды.

Дияқажы Арқадағы айтулы ақын, емсек, көзі ашық, сауатты адам болған. Ол да «Ғалия» медресесінде оқыған. Қажылық сапарында Түркияда қалып қойып, Ая-София мешітінен дәріс алады. Қазақтың айтулы тұлғалары Мәдиді, Мәнненді қырға алып кетіп емдеген. Сол Дияқажы Әлтекенің Тәшен ақынымен жақсы қарым-қатынаста болған екен. Осы атаның Құлжанбек болысы қайтыс болғанда Бесата ақындары жарыса жоқтауларын жазған екен. Олардың арасында Дияқажының өзі, Түсетай, Оқа және басқалары болыпты. Сонда Тәшеннің жоқтауы өткен екен. Тәшен ақын жоқтауын оқығанда көзі жасаурамаған жан қалмап-

ты. Сонда Диекең «балалар, көріп келіңдерші, Құлжекең тұрып кеткен жоқ па екен» депті.

Сол Диекең Ербекей қазасында уақытылы ести алмай қалып, кейіндеу арнайы келеді. Қашандағыдай жанында Тәшен отырады. Қатым Құран түсірген екен, соңында соң аятын оқып, баяғы Өтеген батырды еске алысыпты. Тәшен ақын қағытып:

- Өтегеннен өнер асқан жоқ,
Біреуі сүйек.
Сол өнерді алыпты
Керней тиеп.
Сондадағы болжайтыны өздерінше,
Жып-жылмағай мұрын асты,
қызыл иек, —

депті.

Сонда Дия:

- Сен не дейсің, шегіп алып Тәшен жазған,
Жоқ па ерің сөзден азған, көзден азған.
Қаратамақ берген аста дәреттеніп,
Жиендердің басын, бұтын боқпен жазғам, -

дейді.

Бұл ас шамамен 1928 жылы өткен. Кернейдің қаратабан байы Тоқсейіттің асы. Сол аста Түйтенің жиені Әлтеке Абыз батыр Аққоян деген жүйрігіне шаппай бәйге сұрайды. Олай дейтіні Түйтеге жиен, олай дейтіні Аққояны алдына қара салмаған жарау екен. Кергіген Абыз «Тіріліп Жарылғап келсе де бәйге біздікі» деп асылық жасапты. Сол аста Абыздың жарауы бәйгеге әзір ілігіпті. Бас бәйгені Түйтенің атақты Көкшағыры мен Ақшағыры алыпты. Сонда Кернейдің шалдары айтыпты, аруақ ұрды деп. Өйткені Аққоянның бұты кетіпті, Абыздың басы жарылыпты. Соны Дияқажы бір жетіде сиырдың жапасымен емдеп жазған дейді.

Сонан Дия ел үлкендеріне сәлем берем, бата жасаймын деп сыртқа шығады. Сондағы барған үйі Мәшекеңнің немересі Шақардың отауы екен. Сонда ел сұрапты.

- Әлтекенің басқа жақсыларын көрмей, Шақармен мәжілістес болуыңыздың себебі неде? - деп.

Сонда Диекең айтыпты:

- Аруақ іздеп бардым, - деп.

Айтып отырған аруағы Өтеген батыр, Өтеген жауырыншы.

Ал Өтегеннің бұл асыл қасиеті Әлтеке балалары ішінде Шақарға қонған.

Сол Дияның тағы бір өлеңі бар:

- Сәлем айттым Шақарға,
Іліктірмес деп қаһарға.
Ақжол алып барамын,
Омбы деген сапарға, -

деген.

Осы жолдардан-ақ Керней балаларының Өтеген бабамызды қалай бағалағанын көруге болады.

Керней балаларының тағы бір әспеттейтін тұлғасы Машақ баласы Шәйкен. Шәйкенмен Дия түйдей құрдас. Алыс-барыста болған адамдар. Екеуі де алашордашыл болған жандар. Алашорда кеңестерінен хабардар болып тұрған.

Тағы да Диекеңе жүгінейік:

- Сап етіп ауылыма,
Сапарғали сайтан келді.
Сөзіміз бір еді ғой,
Жоқтатпас Шәйкен мені,
Мәжілісіміз қысқа болды-ау,
Екі кеште қайтам енді.

Ақынның бұл шумағына қарағанда Сапарғали соттан бір ғана Диекең емес, Шәйкен бабамыз да теперіш көрген бе дейсің.

Осы Шәйкен болыс болып тұрғанда бұғатпен ауырған дейді. Соны осы Диекең тірі сумен жазған дейді.

Осы Шәйкен болыс қайтыс болғанда хабар жетпей қалып, Тәшен ақынға наз етіп өлең жолдайды. Құрдасының, қадірлесінің қадіріне тіріде жеткенін, алайда хабардың жетпегенін наз етеді. Мұны кейінгілер айтыс деп қиястап жүр. Тіп гі, Диекең жеңілді деп те жазып жүр.

Керісінше Керней балалары Тәшекең жеңілді деп жазып та, айтып та жүр. Мұнымыз барып тұрған жетесіздік болады. Бұрын-соңды да аруақ басында отырып ақындар айтысты дегенді естімедік. Бұлай деп айтуды жалғастыра берсек Диекеңнің де, Тәшекеңнің де, Шәкеңнің де алтын бастарын кемітіп аламыз.

Осынау жазбамызды қысқа қайыруға ұмтылдық. Қазіргі заман көпірменің заманы емес. Аруақтарға шет болмайық деп боямасыз сөйлеуге

тырыстық. Мәшекең бір ғана Әлтеке атасының баласы емес, қалды Машай атасының, қалды Бесатаның, қалды жалпы Қаракесектің баласы. Соған орай Машақ есімі аталған жерде Қаракесек балалары көлденең әңгімелерінен тыйылған.

Жазғанымыздың артық-кемі жоқ деп айта алмаймын. Кейінгі ұрпақ артығын жонар, кемістігін толтырар. Олай деп айтатынымыз кейінгі уақытта мұрағат материалдары көптеп шығып жатыр. Соларды тарихи дерек деп қабылдаушылар бар. Шын мәнінде онда да саясат араласқан. Ал саясат араласқан жерде шындық бола бермейді. Өскелең ұрпақтың осыны ескергені жөн. Бесата баласының бір-біріне қамшы көтергені болған шығар, алайда қару көтеріп, майып қылғанын естімедік.

Өз басым Әлтеке атасы жөнінде там-тұмдап болса да жазып жүрмін. Осы жолы Жидекең жөнінде ештеңе демедім. Өйткені бұған дейін «Егемен Қазақстанда» үлкен мақала бергем-ді. Әйтпесе, Жидекең менің бабам Жарылғап батырмен үзеңгі жолдас болған ғой.

Мәшекең бабамыздың ұрпақтары асыл бабамыз жөнінде бір-екі ауыз сөз жазып беруімді сұраған еді. Қолқаларын теріс дей алмадым. Осынау айтулы тұлға жөнінде өз алдына жеке кітап та жазуға болар еді. Ол енді келер күннің еншісінде деп білеміз. Ал біздің Мәшекең жөнінде жаңбыр-жаңбырдың астында жүріп жазғанымыз осы болды.

Жиырма екінші жазба

МІНКЕНЕР

Есірттің, еркелеттің, құйқылжыттың,
Күй тартсаң аққу болып биікке ұштың.
Жайқалтып, жамыратып, күмбірлетіп,
Айналдың маршалына талай кештің.
Қасымхан Қаленұлы

Тұрған ТҮСІПБАЕВ (1929-1994), Қарағанды облысы Ақтоғай ауданына қарасты Сәуле ауылында дүниеге келген. Мәдениет қайраткері. Шертпе күй насихатшысы. Күйші. Ақтоғайдағы М. Горький орта мектебінің 9 сыныбын, кейін Қарқаралы қаласындағы Абай атындағы екі жылдық педагогикалық училищені бітірген. 1948 жылы туған ауылға оралып, Қоңырат аудандық пионерлер үйінде директор болып еңбек жолын бастайды. 1949 жылы аудандық клуб үйінің меңгерушісі болады. 1950-1953 жылдары Кеңес әскері қатарында азаматтық борышын өтейді. Ол уақытта да өнерден қол үзбей, Ашхабад қаласындағы әскери бөлімнің шекті аспаптар

оркестріне жетекшілік жасайды. 1952 жылы Ташкентте өткен Орта Азиялық көркемөнерпаздар байқауында жеңімпаз болып танылады. 1955-1967жылдары аудандық мәдениет үйінің директоры болады. 1975 жылы Мәскеуде ХШЖК-де өткен Қазақ КСР-нің мәдени шығармашылық есебіне облыстық мәдениет ұжымы құрамында бірінші дәрежелі дипломмен және ХШЖК күміс медалімен марапатталады. «Тың және тыңайған жерлерді игерудің 20 жылдығы» мерейтойлық, «В.И. Лениннің туғанына 100 жыл» мерейтойлық, «1941-1945 ж. Ұлы Отан соғысындағы жеңістің 30 жылдығы» және «Еңбек ардагері» медальдарымен марапатталған.

Тұрғанның әкелері Түсіпбай, Құтжан әнші, күйші адамдар болыпты. Терме-қиссаларды да жатқа айтыпты. Тұрған күйшілік тәлімді солардан алыпты. Жастайынан күйші бала атанады. Бірақ ол заман күйге, оның ішінде шертпе күйге қырын қараған заман ғой. Сол салқындықты өмір бойы алып өтеді. Соған қарамастан Арқа күйлерінің жалынды насихатшысы ретінде танылады. Тіпті, Сармантайдың Ахметжанының күйлерін үлкен сахналарға алып шығады. Бұл сол замандағы ерлікке пара пар қадам болатын. Соған орай ол кісіге қандай құрмет көрсетсек те жарасар еді. Алайда...

Арқадағы Ақтоғай өңірін қазақ даласының өнерлі бір пұшпағы деп білу керек. Еліміздегі жиырма төрт сағат бойы ән салып тұратын бірден бір киелі өлке осы өңір. Әлихан, Әлімхан, Жақып сынды үш арысымызды айтпағанның өзінде кешегі Әсеттің, кешегі Манарбектің, кешегі Аққыздың, кешегі Күляштің, кешегі Мағауияның кіндік қандары тамған жер. Осы топқа бүгінде ортамызда жоқ Ақтоғайдың тума таланттары, өнер майталмандары, осынау мақаламыздың кейіпкері Тұрған Түсіпбаев пен Дәрітай Сәдуақасовты қосар едім.

Осы айтулы ағаларымыз бен апаларымыздың ұрпақтары сол аяулыларын іздеп жатыр, қолдарынан келгенше ұлықтап, құрметтеп жатыр.

Жүрегі соншама кең болғанымен, жері аядай ғана Ақтоғайымыз. Соған орай мәдениет ошақтары да жамырап тұрмаған өңір.

Аудан орталығында сондай ошақ біреу. Мәдениет үйі. Сол Мәдениет үйі бүгінде талан-таражыға түсіп жатыр...

Алғашында атаусыз тұрған. Осыдан тура он сегіз жыл бұрын белгілі балалар ақыны Жеңіс Қашқынов ағамыз Қарағанды облыстық «Орталық Қазақстан» газетінің бетінде «Тұғыры биік Тұрекең» атты мақала жариялап, аталмыш өнер ошағына Тұрекеңнің есімін беру туралы өз ұсынысын түсірген еді. Ақын ағамыз Тұрғанның өнер саласындағы еңбек жолына барлау жасап, «Ауданның тума азаматы, бала күнінде үйірмеге қатысып, алғаш Клуб үйіне, кейін Мәдениет үйіне 1949 жылдан басшылық жасап, Ақтоғай өнерінің өркен жаюына сүбелі үлес қосқан

Тұрған Түсіпбаевтай дара тұлғаны сөз жүзінде ғана емес, іс жүзінде мәңгі есте қалдыру ләзім. Ол үшін Ақтоғай ауданындағы Мәдениет үйіне Тұрған Түсіпбаевтың есімін беру керек» деп жазған еді.

Іле-шала 1999 жылғы 20 қарашада Ақтоғай аудандық «Тоқырауын тынысы» газетінде тағы бір ақын ағамыз Қасымхан Қаленұлының «Өнермен жаны бірге еді...» атты естелік мақаласы жарияланады. «Мәдениет үйін «Тұрған Түсіпбаев атындағы Мәдениет үйі» деп неге атамасқа?» дейді үлкен жүректі ағамыз.

Осы екі мақала басты себеп болып, осы жылдың 18 желтоқсанында сол тұстағы аудан басшысы Төлеужан Ахметбековтің ұйғарымымен, сол кездегі аудан әкімінің орынбасары (қазір аудан әкімі) Салтанат Әбеуованың тікелей басшылығымен аудандық Мәдениет үйінде марқұм Тұрған Түсіпбаевтың туғанына 70 жыл толуына орай «Үнің кетпес құлақтан» атты еске алу кеші өтеді.

2007 жылы 11 сәуірде Ақтоғай селосы ардагерлер кеңесі бастауыш ұйымның 76 адам қатысқан жиналысы болып, (жиналыс төрағасы Жарлығап Тохметов, хатшысы Сәкітай Сыздықов) онда күн тәртібіндегі мәселе бойынша «Мәдениет үйіне Тұрған Түсіпбаевтың есімі берілсін, бекіту аудан әкімдігінен сұралсын» деп бірауыздан қаулы қабылданған. 27 сәуірде Ақтоғай ауданының жұртшылығы атынан бір топ еңбек және өнер ардагерінің (22 адам қол қойған) аудандық Мәдениет үйіне Тұрған Түсіпбаевтың атын беру туралы мәселені дәйекті шешіп, нүкте қоюды сұрап аудан әкімі Махмұт Жарылғап мырзаға ашық хат тапсырады.

Ол ашық хатқа марқұм Дәрітай Сәдуақасов та, оның зайыбы Зина Сәдуақасова да (Көжекова) қол қояды. 28 мамырда Ақтоғай ауданының әкімдігі жанындағы ономастикалық комиссияның мәжілісі өтіп, комиссия төрайымы Салтанат Әбеуова - аудан әкімінің орынбасары, комиссия хатшысы, Ердос Абдрахманов - мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің бас маманы міндетін атқарушы, аталмыш Ашық хаттағы туралы мәселені қарап, «Аудандық Мәдениет үйіне әнші, күйші, актер Тұрған Түсіпбаевтың атын беру жөніндегі Ақтоғай ауданының бір топ еңбек және өнер ардагерінің ұсынысы мақұлдансын, шешім қабылдау аудан әкімінен сұралсын» деп бір ауыздан шешім кабылдаған. 29 мамыр күні Ақтоғай ауданының әкімдігі Ақтоғай ауданының Мәдениет үйіне Тұрған Түсіпбаевтың атын беру туралы мәселені қарап, Ақтоғай ауданының «Мәдениет үйіне» ауданның тумасы, біртуар талант иесі, «Тоқырауын толқындары» халықтық ән-би ансамблінің негізін қалаушылардың бірі, әнші, күйші, актер Тұрған Түсіпбаевтың атын беру жөніндегі аудан әкімдігі жанындағы ономастикалық комиссиясының шешімі мақұлданып және оны бекіту аудандық маслихат сессиясынан сұралсын деп № 11/21 қаулы қабылданған, оған аудан әкімі Махмұт Жарылғап қол қойып, мөрін басады.

Осы тұста атақты Әсет Найманбайұлының 140 жылдығы мерей жасы келе жатады. Айтып отырған Мәдениет үйіне Әсет есімін берейік деушілер шығады. Ел бермейік деп қалай айтсын. Әкімқаралар ойланып-ақ қалады. Ойланғанда ұзақ ойланады.

Кешегі ат үстінен жау түсірген бабаларымыз қапылыста атынан түсіп қалған батырларын мінкен ер, мінкенер деген. Ондай батырлар қайткен күнде жаяу қалмаған. Болмаса үзеңгілестері өз аттарын түсіп берген.

Қаймана жұрт солай деп ойлайды. Алайда аруақты бабаларымыз мінгесіп кете барады.

Сөйтіп жүргенде, тағы да сол «Орталық Қазақстанда» 2012 жылғы 29 қыркүйек күнгі санында Жанат Жаңқашұлының «Дәрітайды дәріптеу керек...» деген мақаласы жарық көреді. Онда осы өңірден шыққан қоғам және өнер қайраткерлері Серік Ақсұңқарұлы, Абзал Бөкен, Амантай Жұмаш, Рымбек Жүнісов, Серік Сағынтай өз пікірлерін ортаға салып, ауданның мәдениет үйіне Дәрітай Сәдуақасовтың атын беру туралы мәселе көтереді.

Сөз жоқ, Дәрітай құрметтеуге, дәріптеуге, әспеттеуге тұрарлық тұлға. Алайда Мәдениет үйінің екеу емес екендігін ескермейтініміз қалай? Оған екі адам таласып жатқанда үшінші адамның килігуі қалай?

2013 жылғы 12 қаңтарда тағы да сол «Орталықта» тағы да бір топ өнер тарландарының «Бір Мәдениет үйі кімге жетеді?» деген Ашық хаты жарық көреді.

Олар жұртшылықты мәмілеге шақырады. Ауданда Әсетке қатысты атау бар. Алдыңғы екеуінде жоқ. Біреуіне Мәдениет үйін, екіншісіне Өнер мектебін берейік дейді.

Одан берменде бес жыл өте шығыпты.

Аудандық Мәдениет үйі сол күйі атаусыз тұр.

Алда Аққыздың 120 жылдық, Мағауия Хамзиннің 90 жылдық мерей жастары келе жатыр. Одан қалды Күләш Байсейітова апамыздың 105 жылдығы биыл аталып өтіледі. Одан әрмен атақты әншіміз Манарбек Ержановтың да 120 жылдық мерей жасының құлағы қылтиып тұр. Енді олардың келіп килікпесіне кім кепіл береді.

Елдің аты ат та, біздің атымыз есек пе?! Есекке жетеу мініп жүрсе де жарасады. Ат екеудің өзін көпсінеді емес пе?

Одан қалды айтып отырған арыстарымыздың әрқайсысы мінкен ер емес пе? Олай болса олар ешкімге мінгеспейді. Және ешкімді де мінгестірмейді. Қазақтың қазанаты екеуді ғана емес, жетеуді де көтере береді. Алайда айтып отырған арыстарымыз ат ернеуінде, болмаса ат көтінде жүретін бала-шаға емес қой...

Жиырма үшінші жазба

НҰРҚОСБАСАР

Тұлғасы жауға шабар қолбасшыдай,
Өнердің су төгілмес жорғсындай.
Тоғаңның күйін тыңдап, көзін көрген,
Біз үшін секілдісің жалғасындай.
Уақыт талай жылдар қалған іркіп,
Кешегі тоқырауда көзге түртіп.
Тұншығып әр көкейде жатқан күйді,
Тірілттің шаңын бүгін сілкіп-сілкіп.
Тотаңның көп күйлері құдыретті,
Бүгінде сен арқылы елге жетті,
Тартқанда «Төрт толғауды»
тамсандырып,
Күй сүйер жан жүректі дірілдетті.
Хамит ақын Жаманов

Мұхаметжан Қанайұлы ТІЛЕУХАНОВ, 1946 жылы Қарағанды облысы Жаңаарқа ауданының Атасу кентінде дүниеге келген. Сазгер - күйші. Республикалық күй жарыстарының жеңімпазы. Алматы халық шаруашылығы институтының түлегі (1968), есепші-экономист. 1965-66 жылдары жастар мен студенттердің республикалық конкурстарының лауреаты атанады және Тәттімбет, Тоқа, Дайрабай күйлерін радиоға жаздырып, Алматы теледидарынан күйлері беріледі. 70-ші жылдары Қарағанды теледидары арқылы бірінші рет Сайдалы сары Тоқаның күйлерін насихаттап, телехабарлар ұйымдастырады. 1973 жылдан «Ұлытау» ансамблінің мүшесі болады. Ансамбль құрамында ГФР-да, Үндістанда, Францияда өнер көрсетеді. 1975 жылы «Қазақ КСР-і еңбегі сіңген мәдениет қызметкері» атағы беріледі. 1972-75 жылдары күйтабақтары, 2008 жылы күйлері жазылған кітапшасы шықты. «Арман-ай» (1973), «Шабыт» (1975), «Тағдыр-ай» (1989), «Нұрқосбасар» (2008) т.б. күйлердің авторы.

Мына Жаңаарқа жұртының өрендері өздерін Сәкен ауылынанбыз, болмаса Қайрат ауылынанбыз, болмаса Бекболат ауылынанбыз деп жатады. Айтары жоқ, сұңқар Сәкенмен қазақтың барша баласы мақтанады. Қайрат Байбосыновты білмейтін де қазақ кем де кем. Бекболат Тілеуханов та ел мақтанышы. Бұл жерде Сәкенді, болмаса Қайратты Жаңаарқаға қимай отырғанымыз жоқ. Бекболатты да қомсынып отырғанымыз жоқ...

Ел Жаңаарқаны білмейді емес, біледі. Бүгінде ел Жаңаарқаны қымыздың күбіханасы деп біледі. Кешегі күні ел Жаңаарқаны палуандар елі деп білді. Бұрын да ел Жаңаарқаны білген. Білгенде күйшілер елі деп білді. Білгенде күйші Сайдалы сары Тоқаның елі деп білді.

Бүгінде сол абыз Жаңаарқаның жұқанасы ғана қалған. Сол бір күндерді егіліп ойлағанда құлағыңа қоңыр дауыс жетеді. Бұл, әрине, қазақтың қасиетті домбырасының дауысы.

Ал маған Жаңаарқа Мұхамеджан болып елестейді... Күйші Мұхамеджан болып...

Ең алдымен оның арқасы бар. Қалай қолы домбыраға ілігеді. Солай арқасы ойнап шыға келеді. Өзін де ұмытады, өзгені де ұмытады... Жейді сонан кейін өзін өзі. Жейді сонан соң домбыраны. Бір сәт домбыраның шегі үзіліп түсетіндей көрінеді.

Тіршілік өлім мен өмір арасында жатыр. Тіршілік комада жатыр. Он сегіз мың мақұлықат жарыққа ұмтылған. Бір нәзік сәулеге ұмтылған.

Қара түнектен...

Отта да өмір бар. Алайда баяндысы нұр болар...

Қараңғылықта да нұр бар! Ендеше мұның қосбасары - нұрқосбасар!

Бүгінде бәрі нұр сөзіне байланып қалған. Нұр Отан, Нұр Астана, Нұр База, Нұр Стом... Шұбырып кете барады. Мұның нұрының ол нұрмен қатысы жоқ! Мұның нұры - қосбасар!

Шыныменен бұл Мұхамеджанның қосбасары еді.

Нұрқосбасарға көлденеңінен киліккен жоқ. Ол оған Тотаң арқылы келген!

Тотаң деп отырғанымыз Сайдалы сары Тоқа! Нұрқосбасарға келген жолы осындай нұрлы болатын. Қолына домбыра алған күні келген бұл дауыс құлағына. Сол, дауыс, міне, күй болып арнасынан асып жатыр.

Тұнық сарын.

Бәлкім, Тотаңдікі.

Бәлкім, өзінікі...

Қосбасарды тартып жүргені кешелі бүгін емес. Сонда да жаңылысып жүреді. Өйткені ырғақ біреу, шалыс біреу, қағыс біреу. Соны тамырландырып алып кету әркімге сын. Алып кете алсаң бағыңның жанғаны. Тотаңа барып қалмасаң да Тотаңның төбесін көретінің анық. Күйші атаулының болмысы осы!

Мұхамеджанды білген жаңаарқалықтар Хамаңды - Хамит ақын Жаманов ағамызды да білсе керек! Ол кісінің де Тотаң десе шығар жаны басқа еді-ау. Сол Хамаңның бір өлеңі бар. «Тотаңның жалғасы» деген.

Тотаңның көп күйлері құдіретті,
Бүгінде сен арқылы елге жетті,

Тартқанда «Төрт толғауды» тамсандырып,
Күй сүйер жан жүректі дірілдетті...

Енді, бәрі түсінікті болар. Өлең, әрине, Мұхамеджанға арналған! Бұл да ештеңе емес. Өлеңнің соңғы шумағына назар салайықшы.

Самғай бер қанат қағып күй көгіне,
Тыңдасын құмарланып ел егіле.
Тірілткен Тотаң күйін бүгін қайта,
Ел ырза өнердегі еңбегіңе.

Міне, сізге, нұрқосбасар!

Ол Хамаң ақын айтқандай Тотаң күйін тірілтті! Ол Тотаңды тірілтті! Ендігі міндет сол Тотаңды қайтып өлтіріп алмау!

Жо-жоқ, Тотаң өлмеген! Өлтіріп жүрген өзіміз!..

Мұхамеджан аға да өлмейді! Кемі Тотаң арқылы... Кемі қалақ домбырасы арқылы...

Мұқаңмен кездесіп қалсақ ауызымыз жабысып қалады. Сондағы байқайтыным бір саяқтық! Жақсы мағынадағы... Онысын жақсы ырымға балаймын. Өйткені қосбасарлар бұл дүниеге дудың ішінде келмейді. Бір жылы ағыста келеді.

Теңіздің асты тулап жатуы мүмкін. Теңіздің үсті тымық болуы мүмкін. Алайда қашанда бір тыныштығы болады. Он сегіз мың мақұлықаттың өзімен өзі болатын. Қосбасарлар сондай сәттерде туады...

Мұхамеджан ағаны білуім ертеден. Ашығы араласым жоқ. Әдейі істегендіктен емес. Мүмкіндігінше тыңдағым келеді. Кейде естіп қалам. Мұқаңның күй кеші өтеді дегенді. Өкініштісі кеш естимін. Ай өткен соң, жыл өткен соң. Шын мәнінде, Мұқаңның күй кешін жыл сайын өткізіп тұрсақ артық болмас еді. Апта сайын өткізсек те көптік етпес еді. Күн сайын өткізсек тіпті қатып кетер еді...

Ол үшін...

Жаңаарқада Тотаң күй мектебін ашу керек. Мұқаңның шәкірттері өріп жүру керек. Мұқаңның күй кешін күн сайын өткізейік деп отырғанымның астары осы...

Жиырма төртінші жазба

оң қол

Күй бар жерде өмір нұрлы, шуақты,
Қадірлейік осы мөлдір бұлақты.
Дәукең тартқан күй екен деп қаламын,
Бір күй шықса қазақы үйден қуатты.
Ибраһим Бекмаханұлы

Қазақ табиғатынан ақылман халық. Уақытты артына емес алдына салған. Өрт шықты деп орнынан көтерілмеген. Өртке қарсы өрт қойған. Табиғаттың өзі кең пішкендіктен жер қозғалса да қозғалмайды-ау. Ақырын күтеді. Жоқтың киесі, нығметінің берекесі бар деп біледі.

Талдауға бейім, ой жүгіртуге жарыспан.

Бояу әлемінің ағын асқақтатқан.

Түстің қарасын бауырлатпаған.

Қолайы деп қоңырын білген.

Осынау тірлігін қазекем екі-ақ ауыз сөзбен түйіп тастаған - қоңыр тірлік деп. Сол қоңыр тірлігін ұрпақтан ұрпаққа қалдырып келеді.

Қобызбен.

Домбырамен.

Алдыңғысында атой бар, соңғысында сабыр бар. Қазақ барлық бітім-болмысын осы шанағы пен қалағына сыйғызған. Қобыздың қоңыр сарыны мен домбыраның коңыр күмбірі шыққан жерде қазақ баласы әңгімені сап тыйған. Жүріп келе жатса қалт тоқтаған. Пендесінің тілі кесілетін сәті аз болмаған. Сондай сәттерде қобыз бен домбыра сөйлеген. Қобызбен жоқтау айтқан. Домбырамен құ жалғыздың өлімін естірткен. Қыл ақыры майдан даласында да жекпе-жекке домбыра шыққан. Соғыс тағдырын солайша дутарлар мен қомыздар, домбыралар шешкен. Осыдан барып домбыра қазақ сарбазының алтыншы қаруы болған!

Қазақ даласында шабыншылықтың ондаған жылдар бойы жүргені мәлім. Мұндай сүргінге рухы мықты халықтың ғана төзетіні һәм белгілі. Аттың жалында жүргенде қобызды күңірентіп отырудың жөні болмады. Содан да ондағы атой домбыраға көшірілген-ді. Осыдан барып домбырада атой мен сабыр қатар жүрді.

Ақжелеңдер мен Қосбасарлар дүниеге осылайша келген. Сарбаздар қатын-баласын ойлап езілгенде Ақжелең тартылған! Сарбаздар адамшылықтан шығып, төрт аяқтыға ауысқанда Қосбасарлар тартылған! Кәуірлер сайын далаға келгенде ауызды алдымен осы Ақжелең мен Қосбасарға салған. Содан да барып сайын далада атой мен сабырдың елесі ғана қалған.

Сол елес қазақ даласын кезіп жүр. Коммунизм елесінің Еуропаны кезгеніндей...

Сол пұшпақтың біреуі мынау Шет өңірі. Бұлардың дәулескер еместері жоқ. Басқаны қойып құдалықтың өзіне домбыраны жүргізген.

Қазақтың мисыз күйшісі - Тәттімбет. Сол Тәтекеңнің Қосбасары Едірейден ұшқанымен алыс түскен жоқ. Оның жерсінгені осы Шет топырағы.

Кетті-ай дерсің сонсоң Тәтекеңнің Қосбасары...

Зарқосбасар болып...

Қарғақосбасар болып...

Мұңқосбасар болып...

Тәубекосбасар болып...

Назқосбасар болып...

Осы топырақта Тәтекеңнің қақырығы қалса керек. Қыздарбек, Мақаш, Айдос, Рысқұлбек, Әбди, Сембек, Бегімсал, Әбікен соның айғағы. Аталған күйшілердің әрқайсысы жатқан бір мектеп, жатқан бір әлем.

Аман, Жағыпар күйшілерге әлі кезек жетпей жатыр. Солардың соңғы тұяғы - Дәулетбек! Сәдуақастың Дәулетбегі. Тәрізі, күйшілерде тек есім ғана бола ма деймін. Әбди, Сембек, Әбікен дегендейін...

Дәулетбек десең де бәрі біле қалады. Қыздарбек, Аман, Жағыпар, Орал дегендейін...

Есімі күні бүгінге дейін білінбесе - қоңыр тірлік кешкендігінен! Ол бәзбіреулер сынды орынсыз көстеңдеп, өңмендемеді.

Бүгінде арамызда күйші көп. Тіпті, құлағымен тартатындар шықты. Қазір спорттағы бәсекелестік күй өнеріне де жеткен. Қу тақтайды тоқпақтап, жеңіл автокөлік мінип жатқандар бар. Тоқ жүгірткен гитарға ілесемін деп шанақты сабалайтындар шықты...

Күшім түлкіні иесі үшін алмайды, қу құлқыны үшін алады... Дәулетбек те солай. Ол күйді басқалар үшін тарта алмайды. Ол өзі үшін ғана тартады!

Қазақ баласының бұрынғы жіберген есесі аздай, өз қолымыз өзіміздің ауызымызға жеткенде де жіберіп жатқан әттеген-айларымыз жетерлік. Соның бірі Нұрғисаға қатысты ма деймін.

Атақты күйшіге еңселі ескерткіш орнатылған. Сол қолында домбыра. Ескерткіш алдындағы тақтаға күйшінің оң қолының саусақтары түсірілген.

Осы жерде еріксіз ойланып қаласыз. Әлгі ескерткішке Нұрғисаның есімін, не сойын жазып та керегі жоқ. Керегі сол қолы! Қайран Нұрағаң, солақай еді ғой... Домбыраны солақай тартып, тыңдаушысын нұрландырып жіберуші еді-ау.

Ал Нұрекеңнің әлгі оң қолын Шетке алдырсақ болады. Оның иесі мен білсем - Сәдуақастың Дәулетбегі! Нұрекеңде кеткен қателікті осылайша Дәукеңмен түзетуге болады-ау... деп ойлаймын.

Жиырма бесінші жазба
САБАЛАҚ ҚОСБАСАР

Қайролла туралы жазамын деп кім ойлаған. Бүгін жазамын деп.

Қарашаның түскені білініп тұр. Мына жатқан қырбық қардың да қайтпайтыны белгілі. Өйткені қараша қаздар қайтып кеткен.

Қайролла дүниеден өтті деген суыт хабарды жол үстінде жүріп естідім. Сапарымды үзіп, қатарда тұра алмадым. Ағасы болып жүргенімді қайтейін, жалғаннан қалған төмпешікке өз қолымнан топырақ сала алмадым. Бүгін де оның бақилық болғанына сеніп отырғаным жоқ.

Алайда бәріміздің де басымызда қараша тағдыр жүргені анық. Қайролланың күй тартқаны таңсық емес, әрине. Қай қазақ баласы қолына домбыра ұстамаған? Солай ойлайсың да қоя саласың.

Алайда Қайролла домбыра тартады екен деген әңгіме...маған ерекше әсер еткен.

Мен оның әкесі Дәулетбекті білдім. Тұтастай жатқан мектеп ғой. Білгенде кешегі шертпе күй алыптарының сынығы деп білдім.

Мен оның ағасы Халелді білдім. Жігіттің сұлтаны еді ол да. Тартып туған еді ол да. Бері салғанда әкесіне. Жан-жақты болатын. Палуандығы да болды, ақындығы да болды, жазушылығы да болды, дәулескерлігі де болды. Сол тұстың өзінде Дәулетбекұлы деп жазатын. Момышұлы, Смаханұлы дегендейін. Бірақ оның ғұмыры қысқа болып шықты. Баржоғы қырық жыл ғұмыр кешті.

Сол ғұмырды Қайролла жалғастырады деп кім ойлаған. Біздер солай танысқанбыз. Күй тартады екен. Бір кездескенімізде ауыл әңгімесінен аса алмадық. Тағы бір кездескенімізде тағы да сол ауыл әңгімесін қаузағанбыз. Бұл жолғы әңгімеміздің төркіні бөлектеу болды. Біздің елдің ауылдары күйші ауыл болып келеді ғой. Мені жанына жақындатқаны күй табиғатын түсінеді екен.

Сабалақ қосбасар жөнінде бірінші рет сол жолы әңгіме өрбіттік-ау деймін. Бірақ әңгімеміз жүйесіз шыққан. Ол да түсінікті-ау деймін. Сабалақ қосбасар жөнінде кешегі күнге дейін айтылмай келді ғой. Бірақ түбі айтылатыны һақ еді. Соны айтатын күн келген екен.

Бір күні іздеп жұмысыма келді. Осыдан алты жыл бұрын. Онда да қараша айы еді. Онда да қар түскен-ді. Бірақ онысы қараша қар еді. Еріп кеткен. Қайролла інім құр келмеген екен. Қолында шолақ домбырасы бар. Сол күні бір шешілдік-ау.

Сабалақ қосбасарды тағы да қаузағанбыз.

Сабалақ... Бұл атақты Абылай ханның лақап есімі ғой. Олай болса сабалақ қосбасардың осы Абылаймен тікелей қатысы бар. Дұрысырағы хан әулетімен тікелей қатысты. Қайролла айтады. Сабалақ қосбасардың бастауында Абылай тұр деп. Мен айтар едім. Абылайдан бұрынғы хандарымыз қолына домбыра ұстамаған ба деп, олар да күңіренбеген бе деп, жорық жылдарын күңірентпеген бе деп.

Осы жерде екеуіміз де тосыламыз. Өйткені Наурызбайдан кейін хан баласы қолына домбыра ұстады деген сөз естілмейді. Ал төрелер тартқан. Бірақ олардың күйлері сабалақ қосбасар деп аталмайды ғой.

Шетті шертпе күй отаны деп жатады. Бір кездері солай болған. Дәл бүгінгі күнде... Жанымыз иттей қыңсылайды. Айта алмайсың соны айқайлап. Өйткені айтып отырған шертпе күйіміз бұл жерде де өлімші хәлде жатыр.

Әлі аман болса ол осындағы жоқшы болып отырған ағалардың арқасы болар. Кәмел Жүністегін кім білмейді. Өмір Кәріпті кім білмейді. Бұл кісілер жай жоқшы кісілер емес, сабалақ қосбасардың жоқшылары. Кәмел ағамыз Қыздарбекті жұртымен табыстырса, Өмір ағамыз Әбікенді қайраннан алып шықты. Екеуі де «шамаларына қарамай» Абылайханға барды. Бір кездері солай дегенбіз. Қазір үндемейміз. Өйткені мойындаймыз. Сол шама Қайролла бауырымда да бар еді.

Оның артықшылығы онда сабалақ сарыны қалып қойған. Туған топырағынан жүққан, әкесі Дәулетбектен жұққан, Халел бауырынан жұққан.

Ақадырда Әбікен Хасенов атындағы музыка мектебі бар еді. Мектебі бар, әрине, маңдайшасындағы «Әбікен Хасенов атындағы» жазуы өшірілді. Атаусыз мектеп біздерге жабылып қалғанмен бірдей еді. Соған мәу деген бір жан болсайшы. Тіпті, Әбікен бабамыздың туған жылына күмән келтірушілер де шықты. Шырылдап тағы да сол Қайролла жүгірген. Одан кейін де жүгірістер аз болған жоқ. Орталық ашамын деді. Айдостың кешін өткіземін деді. Әбдидің кешін өткіземін деді. Экспедицияға шығамын, күй үлгілерін жинаймын деді. Ол солайынша алыс сапарларда жүрді. Мал табу амалымен жүрмегені анық. Бірде арсаладап келді. Көне домбыра таптым деп.

Сол сапарларынан сүмірейіп келген күндері де аз болмаған. Қақпанын алдырған аңшыдай отырар еді жүрелеп. Ақадырдан бастап Сарышағанға дейінгі ауылдарды сүзіп шыққан. Күйші бабаларының ізін таппақ тұрсын, ондай бабаларының барлығынан мақұрым болып шықты бауырлары. Мұндай жетесіздікке қалай күйінбесін. Сол бауырларының қолындағы ат қылып ойнап жүрген шыбықтарын алып, бір-бір қалақ ұстатқысы келеді. Алайда ондай оқу орыны ауыл, аудан тұрсын, облыс орталығында да жоқ болар ма. Рас, Тәттімбет атында музыка колледжі

бар. Алда-жалда Тәтекең тіріліп келер болса сол өнердің карашаңырағы деп әспеттеп жүрген оқу ордасына кіре қояр ма екен?! Өйткені онда шертпе күйдің исі де жоқ. Рахмет, Диынның баласы Аманкелдіге. Алматыдағы Құрманғазы консерваториясының ішінен шертпе күй сыныбын ашқанына. Әйтпесе, аузымызды құр шөппен сүртіп отырар едік. Тәтекең көшесінен Тәтекеңе арналған ескерткіш ашсақ болар еді деп қиялданатын. Біле білген жанға бұл осының барлығы бір адамның ғұмыры жетпейтін жұмыс қой. Бірақ оның айналасы шоқтықты еді. Зәрубай Сүйіндіков, Ертай Жәнібек, Абылай Шуланбаев, Ерлан Құсайынов, Қайрат Әбділда, Тілеубай Кәріпбаев, Мұхамедғали Баймұқанов, Оралбек Жүніс, Мағау Сембай, Зияда Мұқатаев, Қалкен Қасым, Әнет Сепбосынов және басқалары қашанда қасынан табылды. Алғаш неден бастаймын дегенде Шәкіратты Арқаға алып келуіміз керек дедім. Сөйтсем өзі де соны айта алмай отыр екен. Арқа төсінде ерекше бір сондай кеш өтті. Шәкіраттың қатысуымен. Оны біреу түсінсе, біреу түсінбеді. Одан кейін шертпе күй кештері жамыраған.

Арқада Дәулетбек мектебі қалай құрметпен аталса, Шәкірат Сержан есімі де Бекет ата елінде сондай құрметпен аталады. Дәулетбек пен Шәкірат ағаларымыз домбыраның қос ішегіндей еді. Жарасты ғұмыр кешті. Дәулетбек ағамыз бақилыққа озғанда үңірейіп қалды ма деген орынды Қайролла келіп басты. Енді Қайролланың орнын кім басар екен? Шәкірат ағамызға кім тіреу болар екен? Ойбу, бар ғой. Жүсіпбек бар ғой. Дәукеңнің немересі...

Ол осылайша Арқада шертпе күй орталығын ашуға қол жеткізді. Ол Арқа күйшілерінің есімін жаңғыртуға күш салды. Ол өзінің бар уақытын әкесі Дәулетбектің мұрасын насихаттауға арнады. Ал өзін насихаттауға, өзінің шығармашылық қуатын нәрлендіруге уақыты қалмап еді. Дәулетбек әкесіне бұйырғаны «Қазақстан Республикасының Мәдениет қайраткері» атағы ғана. Бары, біткені осы. Тіпті, «Шет ауданының Құрметті азаматы» атағы да бұйырмады. Дәукеңде жазық жоқ. Жазық бізде. Бұйыртпай жүрген.

Қайролла бауыр жөнінде де осыны айтар едік. Оның кеудесі таза жаңаш кетті. Кейінде жұмысым Алматыға ауысып кетті. Бір тоқайласқанымда үйге келген. Амандасуға келдім дейді. Әр жағы белгілі.

Төкті-ай сабалақ қосбасарларды... Кімдікі деймін ғой баяғы. Дәукең ағаңыздікі дейді.

Ең соңында құпия күйлер ғой бұлар деп қояды. Шынымен де солай шығар. Оның да өз құпия күйі болды. Сабалақ күйі. Сол сабалақ қосбасары кімде қалды екен?

02.10.2019 ж.
Абзал

Жиырма алтыншы жазба
МҰҢҚОСБАСАР

I. ТЕКТІЛІК

ТӘУКЕЙҰЛЫ Ысқақ (1937) Моңғолияның Байөлке аймағында дүниеге келген, сазгер, дәулескер күйші. ҚР Мәдениет қайраткері (2011). Қазақстан және Моңғолия Композиторлар одағының мүшесі, қазақ ұлттық музыкасының жалынды насихатшысы, ұлттық үрдістегі көптеген шығармалардың авторы. Қазақ музыка мәдениетінің алтын қорына жеті шығармасы енген. Оркестрге арнап 10 поэма, 6 увертюра, 4 сюита, 100-ге тарта ән мен романс, көптеген күй әуендерін өмірге әкелген. Соның ішінде «Ақадыр вальсі», «Аңсайды елі Сәкенін», «Алаштың Ақселеуі» атты әндері халқы сүйіп айтар әндеріне айналған. Таңдаулы күйлері мен әндерінің антологиясы іспетті «Арқада туған әуендер» атты жеке кітабы жарыққа шықты (2008). «Аңсау» атты жаңа эссе туындысы жұртшылық қолына тиді (2012). Қарағанды, Астана қалаларында (2012) шығармашылық есебі өткен. Облыс әкімінің «Үздік сазгер» номинациясының дипломанты.

Белгілі сазгер Ысқақ Тәукейұлы туралы сөз қозғағанда талант деген сөзді аттап кете алмайсыз. Жалпақ тілге салсақ өмір сүрудің өзі - талант. Өмір сүруге деген құштарлық сонымен сабақтасады. Осы құштарлық өнерге ойысқан шынайы туындының дүниеге келуіне жол ашады. Ежелгі түркілік пайымдауда талант айтыс-тартыста шыңдалып, тыныштықта бүр жарады деп түсініледі екен. Оның бір пайызы ғана шабыттың үлесіне тиеді. Қалғаны - еңбек. Мен өнер адамымын деп он жерден кеуде кергенімізбен түнде ұйқыдан, күндіз күлкіден қалып толғанбайынша, ой иірімдерін сағаттар бойы тапжылмай отырып ақ қағазға түсірмейінше, бір сөзбен айтқанда, маңдай терді сорғалатпайынша бірегей туынды туа қоймайды. Азапты өзі көргенімен, қызығын ел көреді. Өнер адамдары осындай мехнатты бастан кешіреді. Ысқақ Тәукейұлы да осы топқа жатады. Тайдан құнан шығып, одан бестілікке ойысып, қазір тарлан тартқан кезі.

Бұл кім өзі деп қыжыртатынымыз да рас. Кеудемсоқтық дәл бүгінгі таңда ешкімге абырой әпермейді. Заман желдеп, құбылмалы өмірдің өріне ұмтылған қиын-қыстау шақта бір-бірімізді қолтықтап, қатарымызды түзейтін асуда тұрмыз. Өзімдікі деп «қазақ бұл бетінде ел болмайды» деп, айта салғаннан сақ болғанымыз жөн. Бүгінгі айтар әңгіміміз қазақтың қазақтан басқа досы жоқ деген әңгіме болуы керек.

Жат елдің өнері бел асырмайды. Бізді желеп жебейтін бір жаратқан Алла, ата-баба аруағы, қала берді атамекеннің анадай аялы алақаны, ең соңында оның өнері, салт-дәстүрі, өнеге-өсиеті.

Құлаққа түрпідей тиетін оралман деген сөзді тауып алдық. Кезінде оларға қысастық жасағанымызды қаперге алмаймыз.

Ысқақ Тәукейұлы қандасымыз. Ата-бабалары заманында өр Алтайды мекендепті. Аумалы-төкпелі үркіндіде Қобда мен Баян-Өлгейге асқан. Өздері алты ағайынды. Өнер қонған шаңырақ. Сұлтан бауыры Ұлан-Баторда тұрады. Саясаткер, қоғам қайраткері. Сонымен қатар есімі монғол еліне мәлім романшы, жазушы. Тәйіп інісі актер. Қалған бауырлары да өнерден құр алақан емес.

Әкесі бай баласы деген атпен жалалы болып сотталады. Содан хабар-ошарсыз кетеді. Сазгерлік өнер туған анасы Миуадан жұққан екен. Ол кісі бертінде тоқсанға таяп өмірден озыпты.

Ысқақ ағамыз домбыраны жастайынан ұстайды. Табанынан таусылып ел ішіндегі домбырашылдардан дәріс алады. Кейін Қазақстаннан Баян-Өлгейге барған саз өнерінің білгірлері Қабидолла Тастановтың, Алдаберген Мырзабековтың, Мәлгаждар Әубәкіровтың алдын көріп, өнерін шыңдайды. Моңғол сазгерлерінен сабақ алып, жоғарғы оқу орнын тамамдайды. Содан саз өнері жолына біржолата түседі. Баян-Өлгей ұлт аспаптар оркестрінде табан аудармастан отыз екі жыл бойы жемісті еңбек етеді. Қасиетті саз өнерінің әр жанрында сүбелі туындылар береді. Өткен ғұмырында үлкенді-кішілі жанрда отыздан астам туынды беріпті.

Екі қазақтың бірі симфония жазбайды. Жазған осы - Ысқақ Тәукейұлы. «Жеңіс» атты симфониясы бар. Мәлгаждар Әубәкіровпен бірігіп «Ана - Жер Ана», «Қозы Көрпеш - Баян Сұлу» драмаларына музыка жазған. Ол аз десек қырықтың үстінде ән-романсы бар екен. Бір адамға жетіп артылатын дүние. Жақында Ысқақ Тәукейұлының облыс орталығында шығармашылық кеші өтті. Талғамы жоғары қарағандылықтар жоғары баға берді. Ризашылықтарын білдіріп, қошамет көрсетті.

Бүгінде ол Ақадыр кентінде тұрып жатыр. Бұл нақысты күйдің ығай мен сығайларын тудырған өлке. Қыздарбек, Сембек, Әбди, Аман, Рысқұлбек, кешегі Әбікен осы өңірдің тумалары. Осындай өңірді тұрақ етіп, шау тарта бастаған ағамыздың екінші тынысы ашылғандай. Бірнеше ән-романс беріп тастады.

Сарыарқаға өзі ғана келмей салқар көшті бастап келді. Кіндік қаны тамған Сырғалысын, дос-жарандарын, ағайын-бауырларын қиып келді. Сонау Ер Доспанбет өсиет етіп қалдырған Сарыарқа ғой бұл. Қалғанының бәрі - садаға. Өкініші жоқ болар. Алайда бір сағыныштың бар екені және даусыз. Сол сағыныш ақ қағазға саз болып түсіп жатыр. Сырғалысынан айырылған сағыныш. Сарыарқасына оралған сағынышы.

Біздер саз мамандары емеспіз. Құлағымызды аюға да бастырған емеспіз. Ішкі түйсік Ысқақ ағамыздың үлкен сазгер екендігін мойындайды.

Бүгінде өнер Одағына мүше болмасаң мойындай қоймайтын үрдіс шықты. Тарлан талантымызды тануда осы жағы ақсап жатыр-ау деп ойлаймыз. Жұқалап осы жағын жеткізгенбіз.

Моңғолия елін мойындаттым дейді... Өз елім тани жатар дейді...

Осының өзінде бір тектілік жатыр-ау.

P.S.

Ысқақ аға жетпіске толды. Облыс орталығына келіп шығармашылық кешін өткізді. Ол кісінің шығармаларын Тәттімбет атындағы академиялық оркестріміз ойнады. Белді әншілеріміз ән-романстарын шырқады.

Негізінен күй кеші деген жөн болар еді. Ағамыздың өзі шығарған бойлауық күйлері буынымызды алды.

Есімізді жиғанда ол кісіге құрмет көрсетіліп жатты. Аяғына кілем тасталды. Иығына шапан жабылды.

Біздің күткеніміз басқа-тын. Ысқақ ағаның Қарағандыда қалатын жөні бар еді. Алайда, ол кешкісін Ақадырына қайтып бара жатты.

25.04.2007 ж.
Қайыңды

II. КҮЙДАСТАНГЕР

Пенде болып келген соң...

Бұл мен білетін Ысқақ ағаның сөзінің бисмилласы.

Кейінгі уақытта қалаға жиі келгіштейтін болған. Келген сайын соғып кетеді. «Шығармашылық адамының өзгелерден қашанда бір уайымы көп қой» деп қояды. Тықақтап шаруасын сұрап керегі де жоқ. Өзі бәрін айтып береді.

Вокзалдан түсе салысымен өңіріміздің мәдениет министрі атанған апаймыз Рымбала Кенжебалақызымен хабарласады. Іле Әбуғалисан Шоқанбаевқа қоңырау шалады. Әбекеңмен арадағы әңгімелері қызық. Нота тілімен сөйлеседі. Өйткені екеуі де оркестрге шығарма жазады. Әр аспаптың өз нотасы болады. Тек цифрлармен сөйлесетін бухгалтерлер болушы еді. Бұлар да солай. Дорелете жөнеледі.

Қалған шаруасы біте жатады, бітпесе сол күйі қайта береді. Өйткені қайтып келуіне себеп болады. Ақадырда жатыр екенмін деп үн-түнсіз жатып алмайды. Кемінде аптасына бір хабарласып тұрады. Әйтпесе қарайып қаламын дейді.

Ол кісіден сұрап керегі жоқ. Бастап берсең болды. Аяғын өзі аяқтайды. Ал ол кісі сұраса, бермей қала алмайсың. Өйткені өзі үшін сұрамай-

ды. Сұраса қазақтың қасиетті қара домбырасы үшін сұрайды. Ол кісінің өзінің де өмірі осы домбыраға байланып қалған. Жо-жоқ, ағамызды барша аспаптарда ойнайды десе болады. Алайда ең қастерлісі - домбыра. Ең алдымен - домбыра, қалғаны - кейін...

Біздің әдетте көретініміз ақ қағаз. Ал Ысқақ ағамыздың қойны-қонышында нота қағазы жүрер еді. Болмаса кілтін салып, төтесінен тартар еді.

Қазақ сазгерлері бара бермейтін тың тақырыптарға барды. Күй-поэма дегенді тауып алды. Қазақ саз өнерінде алғаш болып Сәкен сұңқарға, Мәди мұзбалаққа арнап күй-поэма жазды. Онысы сәтті де шықты. Музыка мамандарынан жоғары баға алды. Одан кейін Сарыарқасын, Қарқаралысын жазды. Кейінгісін жақсы білемін. Кәдімгідей тақырыбын зерттеді. Өз аяғымен барды. Өз көзімен көрді. Білмегенін сұрап алды. Кең тыныста «Қарқаралысы» дүниеге солай келген. Сол үкілеген шығармасы тыңдарманына да бірден жете қойған жоқ. Қарағандыда айлап жатты. Дирижердің көмекшісіндей қасынан қалмады. Соған қабақ шытқан Әбуғалисан бауырымызды көрмедік. Қайта қуанып жүруші еді. Ысқақ ағасының келгеніне.

Кетер кеткенше музыка жазды. Ел сияқты таусылдым, біттім, соқамды суырдым деген жоқ. Бетховеннің өмірінің соңында керең болып қалғанын естіп едім. Алайда керең жүріп те музыка жазғанын осы Ысқақ ағамнан білдім. Оған қарағанда шүкіршілікпіз гой дейтін.

Шынында да Ысқақ аға шығармасын көріп жазатын. Мәди шығармасын жазғанда да суретіне тапжылмастан сағаттап қараған екен. Сәкен туралы жазғанда сұңқар ақынның бар ескерткішін адақтап шығыпты. Соның біреуі де ұқсамайды деп отырушы еді. «Менікі де ұқсамай тұр-ау» деп қалжыңдап қоятын.

Әкеден жастай қалған. Жетім өскен. Онысын айта бермейді. Шүкіршілігі бар еді. Өкінішім жоқ дейтін. Атамекенімде отырмын деп. Ақарлы-шақарлы отбасы болдым деп. Ақаңдай, Рымбаладай, Өмірдей орта таптым деп.

Пенде болған соң айта береміз ғой.

Әйтпесе айтары аз емес еді-ау ол кісінің. Әуп бисимилла, елге келгенде Торғай өңірінде қой баққанына сеніңіз. Байөлкеде ой бағып, туған жерінде қой баққанның қасіретін бір білсе, сол кісі ғана білер. Беріге дейін Моңғол елінің композиторы деп жүрдік. Бұл да намысқа тиюдің бір түрі. Әйтпесе ол кісінің сол елдегі жалғыз ұлттық оркестрдің жетекшісі екенін айтар едік ғой. Әрі-беріден кейін кейінгі жылдарда кәсіби күрделі шығарма жазған санаулы композиторларымыздың бірі осы Ысқақ ағамыз десек сеніңіз. Қазақтың Ақселеуімен - Ақаңымен шығармашылық байланыста болды. Қазіргі қазақтың қарағайдай компози-

торлары болып жүрген біраз бауырларының шығармаларын көз майын тауысып оркестрге түсіріп берді. Ақадырда жатып. Солар алдын орап жататын. Соның бәріне көз жұма қарады.

Ол да ет пен сүйектен жаралған. Қазақстан Композиторлар Одағына қабылданғанда балаша қуанып еді. Мойындады деп. Сол Одақтың 2004 жылғы сыйлығын алды. Үздік композиторға берілетін сыйлығын. Тағы да балаша қуанғанын көрдік. Мойындады деді.

Ол шығармалары арқылы өзін іздеді. Сәкен арқылы, Ақаң арқылы, Сарыарқасы арқылы, Ақадыры арқылы, Мәдиі арқылы...

Кейінде сырқаулы болды. Жетпіс бес жасқа толған мерейтойын ел болып тойлағанымыз есімізде. Тағы да сол Рымбала Кенжебалақызы, Талғат Ыдырысов, Әбуғалисан Шоқанбаев, Айбол Бидайбеков, Өмір Кәріп, Алтай Смет сынды жанашырлары жүрді. Ақадырда, Қарағандыда, Астанада есеп берді.

Сол кездегі Ысқақ ағамыз мүлде басқа адам еді.

Пендешелікпен айтсақ бұл кәдімгі бойжазуымыз екен ғой.

Асыл ағаның бақилық болғанына айлар аунап, жыл толыпты. Басқаларды қайдам, өзім аңдамаппын. Өлмес шығармалар қалдырған адамның жоғы білінбейді екен ғой.

Бәлкім, қателесіп отырған болармын.

Бәріміз де пендеміз ғой...

Жиырма жетінші жазба

ТЕРІСБҰРАУ

ЖӘНІБЕКОВ Ертай 1947 жылы Қарағанды облысы Жаңаарқа ауданының Атасу кентінде дүниеге келген. Қалам қайраткері. Өлкетанушы. Дәулескер күйші. Алматы халық шаруашылығы институтын бітірген (1968). Мичурин совхоз-техникумында оқытушы, Ортау, Қызылтау кеңшарларында маман, бас маман (1970-1973), Ақадыр аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшысы (1973-1979), Өспен кеңшарында партком хатшысы (1979-1987), ауыл шаруашылығы еңбеккерлері кәсіподағы Ақадыр аудандық комитетінің төрағасы (1987-1995), Ақадыр аудандық (1995), 1997 жылдан бастап Шет аудандық қаржы бөлімінің бастығы қызметтерін атқарған. Қазақстан комсомолының XIII, XIV съездерінің делегаты. «Азат» қоғамдық қозғалысының қайраткері, Ақадыр аймақтық ұйымының жетекшісі болған. Бүгінде Шет аудандық әкімшілігінің баспасөз хатшысы.

Жаңаарқа туралы әңгіме қозғала қалса неге екені белгісіз көз алдыма Тотаң орала қалады. Тотаң деп отырғаным Сайдалы сары Тоқа. Арқаның асу бермес күйшілерінің бірі.

Сайдалы сары Тоқаны ел білетіндей кейіп танытады. Соның ішінде өзіміз де бармыз.

Бүгінде Тотаңның есімі атала да бермейді. Басқасын айтпағанда жаңаарқалықтардың өздері Тотаң есімінен жаңылған. Себеп жеткілікті. Қайсы бірін айтарсың. Жер көкті жаулап алған шоуды көлденең тартуға болады. Күйге көрерменнің жиналмайтынын айтуға болады.

Ал ең бастысы, әрине, немқұрайылық. Соған етіміз өліп кеткен. Айқай шыққанда ғана қозғаламыз.

Тотаң есімі аталған жерде есіме еріксіз үш азамат түседі. Соның біреуі Ертай Жарылғапұлы. Ерекең алдында Тотаңды жатпай-тұрмай насихаттап жүрген екі адам бар. Бірі - Мұхамеджан Тілеуханов болса, екіншісі - Ахат Байбосынов. Сөз жоқ, Мұхаң үлкен күйшілеріміздің бірі. Алайда ағамыздың тартысы бөлек. Тура мағынасында тартады. Шертпейді. Шертпе күй табиғатына келмейді. Қолына қу таяқ ілінсе-ақ болды дүбірлетіп кеп береді. Екпіндетіп, құйындатып береді.

Мұхаң Арқаның бойлауық күйін сіңірмеген деп айта алмайсың. Олай болса себебі басқа. Мен білсем осы Мұхаңның шертпе мен төкпе күйді кіріктіргісі бар. Мұхаңнан басқа бірде-бір адам бұлайша тартпайды...

Басқаша тартатындар да бар. Бірі - Мағауия Хамзин. «Сарыжайлауды» Махаңша тартатындар некен-саяқ. Шашыратпай тартады. Сегіз перненің дыбысын бірден төге салса, кәне? Екіншісі - Ахат. Екі шекке емініп алатын осы Ахат.

Консерваторияның шертпе класында біраз уақыт дәріс берді. Тотаңның басын көтерген осы - Ахат. Қазір күй сайысы деген дендеп тұр. Сондай сайыстарда Мұхаң да, Ахат та көлік мінгендер. Сөз жоқ, тарту шеберліктерімен алды. Ең бастысы бұл Тотаңа көрсетілген құрмет.

Тотаңның тағы бір ізбасары - Ертай ағамыз. Көлік те мінбеген, көк жәшіктен де күй төгілдірмеген.

Сонда да біраз жұрт Ерекеңді біледі.

Қаржыгер деп. Қырық жыл бойы екі ауданның қаржы тізгінін ұстады. Жетпей қалыпты, артық шығыпты деген сөз шыққан жоқ.

Қайраткер деп. Қызыл партияны тәрк еткенімізде әлі «Асар», «Нұр Отан», басқасы жоқ болатын. Есесіне «Азат» бар еді. Мемлекеттік қызметте жүріп те осы партияның қатарында өзінің азаматтық сөзін айта алды. Қазақ баласын азаттық туының атына жиналуға үндеді. Тотаңның күйлерімен.

Тәуелсіз елдің ертеңі тікелей жасампаз еңбекпен байланысты. Соған орай адамдар арасындағы татулық пен сенім өте маңызды. Бұрын достыққа шақырушы едік. Енді төзімділікке шақыратын болдық.

Ерекең болса сабырлықтың құлы. Елді де сабырлыққа шақырады. Дау-шарды сотқа жеткізбеу қамында жүр.

Баяғының шалдары солай істеуші еді. Ерекеңнің солардың ұшқынын көремін. Көремін де ойланамын. Тотаңнан ауыспады ма екен деп.

Өйткені Тотаң шығармалары сабырға толы. Мұхамеджан аға сабалап тартса, өкініш уы өзегін өртеп жатса керек. Ахат аға жүгіртіп тартса күншуағына асыққан болар.

Сабырға жеңдіргені мен білсем осы Ертай аға. Түнекте те шуақ бар екенін жадынан шығармайды. Түнектен шуаққа сабырмен шығады. Жай шықпай, түнектің де шуағын ала шығады. Ал бұл тазару деген сөз.

Бұл екінің бірінің қолынан келетін шаруа емес. Соған орай Тотаң күйлері теріс бұраулы келеді.

Бұраудың шалысы, қалысы, телісі, терісі Арқа күйлеріне тән. Осылардың барлығы да бүгінде қолданыс аясынан шығып қалды. Терісінен басқа. Тотаң күйлері болмаса ол да кешегі күннің еншісінде қалғандай екен-ау.

Тотаңның қай күйі болсын жаныңды баурайды, жүрегіңді тебірентеді. Теріс бұраулы күйлердің дыбыстары бір-біріне жұтылып кетпейді.

Тізбек күйлердің шығу төркіні де осында жатса керек. Олай болса Тотаңның тізбек күйлері бір-бірін толықтырып тұрған шығармалар. Күйшінің «Төрт толғауы» осы топқа жатады.

Ерекеңді ел күйші деп жүр. Бәлкім, күйші де шығар. Өйткені ағамыздың шығармашыл әлеуетінен хабардармын.

Өзіме жақын тартатыным ағаның дәулескерлігі. Кейінде хабарлаушылар Сайдалы сары Тоқа күйлерінің насихатшысы Ертай Жәнібеков деп хабарлап жүр. Осының дұрысы - алдыңғысы болса керек.

Жақында бір топ күйшіміз осы Арқа топырағында күй керуенін өткізіп қайтты. Бұл жолы да Ертай ағамыз үйреншікті сорабынан жаңылған жоқ. Тотаңның «Төрт толғауын» қайырды.

Жаңаарқа десе ел бұрындары Сәкенді ауызға алушы еді. Бүгінде Жаңаарқа десең қымыз ба деп тақ ете қалады.

Ал есті қазақ Жаңаарқаны Тотаң деп біледі. Теріс бұраудың топырағы деп біледі. Олай болса осы бір асыл қазынамызды жоғалтып алмайықшы.

Жаңаарқа топырағында сан қилы мәдени шаралар өтіп жатады. Қашанғы қасаңдығымыздан шығар, соның қайсын болсын еліміздің елұранымен бастаймыз. Осымыз артық нәрсе. Ресми жиындарда, әрине, елұранымыз дұрыс. Қалған уақытта сахна төрінен Тотаң күйлері төгіліп тұруы керек. Қалғанына содан кейін жол ашық.

Осыны ел ағаларына да, аудан басшыларына да айтып жүрмін.

Арқа күйшілері, дәулескерлері туралы аз жазып жүргенім жоқ. Теріс бұрау туралы жазғаным осы болды. Ертай аға Жарылғапұлын алға салып. Ал ол кісінің алдында Тотаң тұр...

Жиырма сегізінші жазба
ТИЕККҮЙ

ӨТЕБАЕВА Тоқыман Қонысбекқызы 1963 жылы Жезқазған облысы Жезді ауданының Сарысу кеңшарында дүниеге келген. Жезқазған музыкалық училищесін тамамдаған (1982). Құрманғазы атындағы қазақ ұлттық консерваториясының түлегі (1987). Дәулескер күйші. 1987-1994 жылдары Жезқазған музыкалық училищесінде оқытушылық қызметте болады. 1994 жылдан бастап Ақадырдағы Ә.Хасенов атындағы мектепте күйшілік класынан сабақ беріп келеді. Көптеген байқаулардың лауреаты. Ы.Алтынсарин төсбелгісімен марапатталған.

Бізде күйшілік қыз баланың қолы емес деген түсінік бар. Оған түсіністікпен қарау керек болар. Байдың бабын табу керек, баланың көңілін табу керек, кір жуу керек, тамақ пісіру керек, келімді кісілерді аттандыру керек, одан қалса кейуана ененің тәрбиесі бар, кейқуат атаның батасы бар, күтімі бар. Осыдан кейін домбыра ұстамақ тұрсын, күй тыңдауға уақыт табылар ма?

Дина күйшіні барша қазақ біледі. Аққызды білмейтін қазақтың болуы мүмкін емес. Бұларды білетін қазақ баласы Әпикені де білсе керек.

Кейінгілерден Айгүл Үлкенбаеваны атасақ болар... Осы топқа мен Тоқыман Қонысбекқызын қосар едім...

Осы жерден сөзімді жұтсам деймін.

Қазір бәрі милығып кетті ғой. Бәрін айырған қазақ баласы бүгінде күйші мен композиторды айырмайды. Олардың осынау обал-сауабы біздің мойнымызда деп білем.

Күйдің табиғаты атымен бөлек. Қазақтың екі аспабы ғана күй тудырады. Домбырасы мен қобызы. Құ тақтай мен шанақтан төгілген айтып отырған туындымыз күй деп әспеттеледі. Ал оны дүниеге толғатып келтірген адамды күйші дейміз.

Рояльмен, болмаса гитарамен, болмаса пианиномен күй жазды дегенді естіген емеспін. Егер шынымен ондай саз туындаса, ол - әрине, музыкалық шығарма. Оның сюита, болмаса кантата, болмаса опус болуы мүмкін. Ал авторы, әрине, композитор.

Сондай-ақ домбырамен шығарма тартқанның барлығы бірдей күйші емес. Домбыра тартушыларды күйші деп атауды шығарып алдық. Шын

мәнінде ол домбырашы. Гитара тартушыны гитарашы, пианинода ойнаушыны пианиношы, сырнайда ойнаушыны сырнайшы дейміз ғой. Бұл да сол сияқты.

Күйші бар да, дәулескер күйші бар. Алдыңғысы түсініктi, кейінгісі де күйші, алайда дәулескері. Алдыңғысы күй тудырады, кейінгісі күй тудырмайды, алдыңғысының күйін өзінше өрнектейді. Бұл жерде орындаушы автордың өзімен егеседі, жесіседі.

«Бестөрені» орындаған Тәттімбет. Елдің құлағында жүрген «Бестөре» сол Тәтекеңнің «Бестөресі». Алайда Әбікеннің орындауындағы «Бестөре» де ел құлағында жүр. Мағауияның да «Бестөресі» ел құлағында. Олай болса Айгүліміз де, Тоқыманымыз да дәулескерлер.

Кейінде елімізде күй сайысы дегендер пайда болды. Сайыс қылатындай күй спорт емес. Шеберлер сайысы десе, онысы құлаққа қонады. Сол сайысында, сол байқауында күйшілер де, дәулескерлер жыртылып айырылады. Бұл түбегейлі дұрыс емес. Дұрысы күйшілерді бір бөлек, дәулескерлерді бір бөлек жесістіру керек. Сонда ғана кімнің кім екені білінеді. Музыкалық сауаты жоқ, нота танымайды деп те елді шеттетудің жөні жоқ. Тәтекең тіріліп келсе ол кісіні де сауаты жоқ деп қатыстырмай қоямыз ба?!

Тоқыман да осы ортаның жемісі, өнімі. Алған білімін, алған тәлімін кейінгілерге үйретіп жатыр. Назар салсаңыз әжептеуір жетістіктері бар. Ағайынды Қуатжан, Жазира Қуанышбековтер, Ернар Кенжебеков, Бексұлтан Имашев, Жәнібек Қалияқбаров, Рауан Мәшүріп, Бауыржан Айтжанов сынды ұландарымыз елімізді қойып, халықаралық додаларда ортақ қазанға жүлде салған өрендеріміз. Ертеңгі үлкен сахналарда жүретін өнерпаздарымыз.

2011 жылы ел тәуелсіздігінің жиырма жылдығына орай Рауан мен Бексұлтан ұстаздары Тоқыманмен бірге «Күй құдіреті» атты есеп беру концертін өткізді. Бұл да бір ғанибет еді. Ұстаз бен шәкірттің бір сахнада өнер көрсетуі, өнер додасында өнер шеберлерінің жесісуі кімді де болса желпіндірген. Ұшқан шыбынның ызыңы естілердей тыныштық орнаған. Дүр сілкінген көрермен болмады.

Бұл, әрине, өнердің құдіреті. Сонан кейін көрсеңіз ғой. Зал дүр сілкінген. Ел орындарынан тұрып құрмет көрсеткен.

Тоқыман аудан, болмаса облыс көлемінде қалып қойған өнер шебері емес. Тоқыман елімізге дәулескер ретінде осыдан жиырма жыл бұрын танылды. Осы Ақадыр сахнасында Әбікен Хасенов атындағы күй байқауы өткен. Оған өзін күйші санайтын өнер саңлақтарының қатыспағаны некен-саяқ болар. Қазақтың Ахаңы - Ақселеуі қазылық еткен сол өнер додасында Тоқыман ойып тұрып үшінші орынды алған.

Бұл Арқаның бойлауық күйлеріне көрсетілген құрмет еді.

Бұл Аққыздың сіңлілеріне көрсетілген құрмет еді. Соның өтеуіндей қазақтың күй сахнасында Тоқыманның шәкірті, Тоқыманның сіңлісі Жазира Қуанышбекова жүр.

Қазақтың Мақаңы - Мағауия күйшісі қоңырлатып құлақ күйін келтіріп алатын. Сонан кейін тиек күйін келтіретін. Тиеккүйге өзінің «Жайлауын» қоңырлатар еді.

Тоқыманда шығармашылық қуат бар. Оның да бір күні өз «Жайлауын» қоңырлатып отыруы мүмкін.

Лайым, соған жазсын.

Жиырма тоғызыншы жазба
ТҰМА ДАРЫН

«Өнерің асқан сый,
Отаның алған бағалап.
Бармағыңнан тамған күй,
Еліңді жүр жағалап...»

Бұл - қазақтың атақты күйшісі Әбікен Хасеновтың қабіртасындағы жазу. Алпыс екі тамырыңды қуалап кеңіткен осынау бір десерлі шумақты кім жазды екен деп ойлайсың. Кім де болса рухының мықтылығын мойындайсың. Жаудың баласы демеген. Халық жауы деп тұрған жоқ. Халық досы деп тұр.

Мұны жазған халық жауының баласы Қажымұхаммед Дияқажыұлы болатын.

Арқаға қадау емендей біткен Пайғамбар есімін иеленген бұл сойдан қазақтың атақты үш тұлғасы шықты.

Бірі - еліне Дияқажы есімімен белгілі болған Арқаның бүлікшіл ақыны Мұхаммедия Ахметұлы. «Ғалия» медресесінде оқыған. Түркияның Ая-Софиясын бітірген. Он алтыншы жылы патшаға әскер бермейміз деп елді ат үстіне қондырған. Қызыл қуып, ақ қашқан заманда шамасы жеткенше екеуін де қырып салып отырған. Ақыры қайран ер 1931 жылы Қарқаралының Үлкенкөлінде атылған.

Екіншісі - Мұхаммедкәрім Дияқажыұлы.

Жиырмасыншы жылдардың аяғындағы саяси оқиғаларда белсенділік танытқан кесек тұлғалардың бірі. Ауыл молдаларынан тіл сындырып, Омбыда оқиды. Одан кейін оқуын Петерборда жалғастырады. Алайда, денсаулығына байланысты оны аяқтамайды. Елге оралып, Қарқаралыда қаржы инспекторы болып істейді. Ауыл балаларын оқуға тартуда көп еңбек сіңіреді. Белгілі сықақшы Жүсіп Алтайбаевты тістелеп жүріп оқытады. Отызыншы жылдары Талғарда банк басқарушысы болады.

Қырдың саяси өміріне белсене араласады. Ақбайдың Жақыбымен тығыз қарым-қатынаста болады. Қыр қазағын Қытайға асыруда батыл әрекеттерге барады. Қазіргі Шет ауданын мекендеп жатқан бүкіл Бесата жұртының Қытайға өтуін жақтаған. Арқа жəне Жетісу қазақтарының Жаңа Тройцкдегі құрылтайына Боранқұлдың Әкбарымен Алматыдан өкіл болып қатысады. 1937 жылы Қытайдың тыңшысы деген жаламен Халық жауы ретінде ұсталады.

Үшіншісі - айтып отырған Қажымұхаммед Дияқажыұлы.

Ақшатау болыстығының оныншы ауылында 1913 жылы дүниеге келген. Ресей құжаттарында ол кісінің туған күні ретінде 1911 жыл көрсетіліп жүр. Сауатын ерте ашады. Қазақтың тағы бір алашшыл тұлғасы Ілияс Ахметовтың үйінде жатып, Қызылорданың тоғызжылдық мектебін бітіреді. Сол кездің өзінде әкесінің өлеңдер жинағын шығаруға талпыныс жасайды. Кітабын шығара алмаса да Сәбит Мұқанов құрастырған жинаққа Диекеңнің «Алтын сақа» толғауын енгізеді.

Оны Кеңестік қудалаудан біраз уақытқа Сәкен Сейфуллин сақтап қалады. Қажыкеннің партия қатарына өтуіне ұйытқы болады. Екі тілде бірдей сауатты жігіт тапсырылған жұмысты игеріп-ақ әкетеді. Сол кезде орыс тілі, оның ішінде аударма тілі жүріп тұрады. Қазақ ақындарының патриоттық өлеңдерін аудару оңайлыққа соқпайды.

Анау-мынау емес, Жамбыл ақынның хатшысы болады. Жыр алыбы өлеңдерінің орыс тілі редакциясын басқарады. Қазақ радиокомитетінде төраға орынбасары, М.Әуезов атындағы драма театрында өнер бөлімінің меңгерушісі, «Қазақфильмде» сценарий бөлімінің редакторы, «Мәдениет жəне тұрмыс» журналында түрлі қызметтер атқарады. Осы редакциядан 1977 жылы зейнеткерлікке шығады.

Бірқатар сатиралық өлең, мысал жазған. «Дария» атты өлеңдер кітабын баспаға тапсырған. «Бетпақдалада» деп аталатын дастан жазған. Бұл өлең кітабы шықпай қалған. Себеп - жеткілікті.

...Жоқ, бұлай күткенімше мүлдем жасып,
Өлейін дедім бір күн намыс тасып.
Талтүсте айла жасап, жұмысыма,
Киімім қарауыл ғып, кеттім қашып.
Күні-түн қаша-қаша елге жеттім,
Еліме, өзім туған жерге жеттім.
Арман жоқ,
Өтті, кетті сол бір күндер,
Тағдырым мені осылай дөңгелетті.

Бұл - 1949 жылы ақынның лагерьде отырып жазған өлеңі. Өлеңі «Лагерьде» деп аталады.

Осы жерде лагерьдің ақынға қандай қатысы бар деген сауал көлденеңдейді. Соғыс басталғанда Қажыкен мәдениет министрлігінің репертуар бөлімінде кеңесші болып істейді. Сол тұста қилы әңгіме жүреді. Қажыкен әскерге алынбайтын болады. Өйткені, ол жаудың, халық жауының баласы. Көзі ашық Қажыкен сол жерде неміс әскерінің біраз артықшылығын айтып қалады, онымен қоймай жалаңаш қол халқымыз қырылып қалады ғой деп уайым танытады. Мұны сол сәтінде қазақтың тағы бір Д.Ә. деген үлкен ақыны төрт әріпке жеткізеді. Сол-ақ екен, дөңгелек тегершіп теріс айналады. Әкесі - Дияқажының қас жауы болған С.Б. деген қарт ақын әлгіге қосылып береді. Халық жауының баласы да халық жауы деп 1941 жылғы 17 наурызда №307 іс қозғап, қызылсот Қажыкен ағамызды он жылға кесіп, қоя береді. Советке қарсы үгіт-насихаты үшін. Сөйтіп, Қажыкен ағамыз саяси тұтқындар қатарын толтырады. 1941 жылғы 20 қазаннан 1950 жылғы 14 қыркүйекке дейін КрасЛагта отырады. Үлгілі тәртібі және еңбектегі озаттығы үшін алты ай мерзімін ғана қысқартады.

КрасЛагтың 1938 жылы құрылғаны белгілі. 1950 жылға дейін онда жүз мың адам отырған. Соның жартысынан астамы саяси тұтқындар еді. Бұл кәдімгі орман құлататын лагерь болатын. Қажыкен осында ағаш құлатушы болады. Күніне екі норма беріп отырады. Осындағы жайлаған іш ауруларынан аман қалады.

Табиғатынан алашшыл ақын, Алаш тұлғаларының тәрбиесін сіңірген ол бәрібір кеңестік қыл арқаннан босай алмайды. Түрмеден босағанымен Алматысына жете алмайды. Кеңестік сот ондай рұқсат бермейді. Амал жоқ, Кеген ауданын паналауға ұйғарады. Байлаулы аттай біраз уақыты осында өтеді. Алматыға келген соң өнер мен әдебиет әлеміне қайтып сүңгиді. Алайда, лагерьде отырғаны бар, халық жауы деген аты бар - құлашын кеңге жая алмайды.

Тіпті, Жазушылар одағына да өте алмайды. Орыс тіліне өте сауатты болғандықтан қазақ жаушылары мен ақындарының аудармасын жасауға атсалысады. Байронның, Толстойдың, Буниннің, Марковтың және басқа да шетел, орыс классиктерінің шығармаларын тәржімалауға қатысады.

Мен 2008 жылы Дияқажының бір томдық таңдамалысын құрастырып шығардым. Сол кезде Қажыкен ағамыздың да жыр жинағын жинай жүргем. Онымa Диекеңнің жиені София Атшабекқызы көп көмек жасады. Сондай-ақ Жүсіп Алтайбаевтың жақын інісі Кеңесбек Хамзаұлы көзі тірісінде көп көмек жасады. Тіршіліктерінде бұл кісілер бір-бірімен қатыскан екен. Ақынның біраз дүниелерін сол қатысуларда жазып алған көрінеді. Біразын Жүсіп Алтайбаев ағасынан жазып алыпты.

Кеңесбек аға Хамзаұлы 1995 жылы дүниеден озды. Қабіріне өз қолыммен топырақ салдым. Қатты сыйлаушы едім азаматтығын. Ол кісі

нағыз Дияқажытанушы еді. Диекең жөнінде, Жүсекең жөнінде бірқатар танымдық дүниелер жазды. Сол кісі Қажымұхаммед шығармаларын да жатқа білетін. Біразын жоғалтып алып ұмыттым дейтін.

Сол Кеңкеңнің қолжазбалары менде қалған еді. Сол артында қалған дүниелерін жиыстырып «Өлең жазбай тұра алмадым» деген жинағын өз алдына кітап қылып шығардық. Сонда ағамыз Қажыкен ақын жөнінде де айта кетеді. Жалпы, Қажекең шығармаларын екіге бөліп қарауға болады. Бірі соғысқа дейінгі шығармалары, екіншісі кейінгі дүниелері. Осының тұшымдысы алғашқысы. Ертеректе жазғандары барынша жатық, қазақы. Сол заманның тынысы бар. Тарихи жырлар ретінде де қабылдауға болады. Өйткені онда қыр тарихы бар.

Кейінгі дүниелерінде қызыл саясаттың иісі андағайлап мұрын жарады. Жүректен шықпаған соң жүрекке жетпей жатады. Қолдан ұйқас жасағаны жазбай танылады. Арзымайтын дүниелерді қызыл түспен боямыштап жеткізеді. Бұған қарап Қажыкен ақын дүниесіне бір жақты баға беруге болмайды деп білем.

Ақындық қарымын, ақындық қуатын қырқыншы жылдарға дейінгі шығармаларынан аңғаруға болады.

Ақынның қызы Ғалима Қажыкенқызы әкесінің бар қолжазбасын Жүсіп Алтайбаевтың алғанын айтады. Өз алдына жеке кітап қылып шығарамын деп. Алайда Жүсіп ағамыздың да шамасы жетпеген сынды.

Асыл ағалардың қолынан келмеді деп айта алмаймын. Заманы солай болды. Сол кітапты жарыққа шығару мүмкіншілігі бізге бұйырған екен. Ол жинақ жақын күндері оқырман қолына тиетін болады.

Отызыншы жазба
ҰЛЫ САРЫН

Мен күйшілер отанында дүниеге келдім. Мені тудырған топырақ ол -Тәттімбет, Дайрабай, Ықылас, Сайдалы сары Тоқа, Қыздарбек, Бәубек, Сембек, Итаяқ, Абдолла, Әбікен...біздің ауылдың шалдары ең нашары деп менсінбей отыратыны - Мағауия. Сол Мағауияңыз ұлы күйші болатын...

Ақселеу СЕЙДІМБЕК

Ақаң, қазақтың Ақаңы - Ақселеу үлкен тыңдаушы еді ғой. Сонысын өзіне дәргей көретін. Менің де тыңдаушы болғым бар. Оның ішінде үлкені.

Мен күй тыңдап отырмын. Жүзінші рет тыңдағам. Мыңыншы рет тыңдап отырмын. Жүрегіммен. Не дейді мынау шалыс?!.

Өлі тыныштық тұрған. Тың етіп дыбыс шықсын. Астыңғы шектен. Тағы бір тың етіп дыбыс шықсын. Үстіңгі шектен. Тағы да бір тың етіп дыбыс шықсын. Бұл жолы екеуінен... Алғашқы бөлек шектер бірігіп кеткен, кірігіп кеткен. Жел көтерген толқындай бірін бірі жетелеп аунап берсін.

Алғаш түк болмаған. Сонан жоқтан бар пайда болды. Содан ол үлкейіп, үлкейіп, жарылардай болып тұрсын. Не болар екен деп демімді іштен алайын. Жоқ, жарылмады. Керісінше кішірейе, кішірейе жоқ болуға айналды...

Бұл не құдірет болды екен?

Жан сарайым ашылып қоя берген.

Үлкейсе де, кішірейсе де кеңістігі аунымады. Ұшы, қиыры көрінбейтін кеңістік. Қанатты пырақтай ұшып жүріп те ұшпағына шыға алса кәне. Ауасында бір иіс бар. Жұпар иісі. Қомағайлана жұтасың-ай келіп. Манағы тыңқыл адыра қалған. Мұнда бір кең тыныстың екпін бар. Бұл не деген жомарттық, ә?! Шашып жатыр, беріп жатыр, не деген таусылмайтын дүние бұл.

Жоқ, бар нәрсе қашанда таусылған. Манағы бар кішірейіп жатыр. Кенет әлгі кішіреймейді де, үлкеймейді де.

Жоқ, мұнысымен ешкіммен бөлісе алмайды. Бәрін берсе де мұнысын бере алмайды.

Бұл сарын еді. Ұлы сарын еді. Тәтекеңнен қалған. Мәңгіге. Мына сарын да сол сарынмен сарындас. Бірақ өзі емес. Өзінен былай да емес. Бұл жесіс еді. Үлы жесіс еді.

Алдыңғысы «Саржайлау» болатын... Кейінгісі де «Сарыжайлау» еді... Ұлы Тәтекеңнің алдынан шығып жын ұрып па? Бұған жай жайлауы да жетеді.

Бұл «Жайлау» еді. Бұл Мағауия Хамзиннің «Жайлауы» еді... Қазақ баласын сары даласынан айыра көрме дейді сарын. Қазақ баласын жайлауынан айыра көрме дейді сарын. Қазақ баласын сары жайлауынан айыра көрме дейді сарын.

Тыңдаушы болу үшін үлкен құлақтың болғаны жеткілікті. Үлкен тыңдаушы болу үшін үлкен жүрек керек.

«Сарыжайлауды» да, «Жайлауды» да тартып отырған адам бір-ақ адам болатын. Ол Тәттімбет емес еді. Ол Мағауия емес еді.

Ол - Шопыр болатын. Ол Тәттімбетпен де, Мағауиямен де жесісіп отырған...

Шопыр Мағауияның шәкірті болатын. Жаным сол Шопырды іздейді. Жүрегім сол Шопырды іздейді. Ол да Тәттімбет бабасының, Мағауия ағасының сорабына түскен. Көзі кетсе де ізі күйтабақта қалыпты.

Мағауияның қай шығармасы болсын ұлы шығарма. Мағауиядай қазақ баласында орындаушы болмаған. «Бестөрені» әлі күнге дейін Мағауиядай орындай алатын жан туған жоқ.

Мағауиядай дәулескер де болмаған. Сенбесеңіз оның «Жайлауын» қайтып тыңдаңыз.

Мағауиядай күйші бар дегенге тағы сене алмаймын. Оның «Қосбасарын» тек жүрекпен ғана тыңдау керек.

Сөйткен Мағауияның есімін мәңгілікке қалдырамыз деп тыраштанып жатқан жайымыз бар. Атаусыз қалған жоқ, әрине.

Алайда ол кісі ең алдымен күйші ғой. Тұтастай бір мектептің ірі өкілі ғой. Олай болса құрметіміз де соған лайық болуы керек.

Бір күйтабаққа тартқан күйін жинап, шолтаң етіп шығара қоямыз. Мағауияны тану үшін ең алдымен айналасын тануымыз керек қой. «Жайлауды» танумыз үшін алдымен «Сарыжайлауды» тыңдауымыз керек деп білем. Мағауияны тану үшін кешегі Шопырдан бастап бүгінгі Қалкен Қасымовқа дейінгі күйшілерімізді тыңдауымыз керек, тануымыз керек.

Ұлы Абайдың жүз елу жылдық тойында Мақаң Қарауылда бір ай жатты думандатып. Сол думанның жуан ішінде осы Қалкен ағаларымыз жүрді.

Мағауия Хамзин атындағы мектеп ашатын уақыт жетті деп білеміз. Консерваторияларда Мағауия Хамзин класын ашсақ құба-құп болар еді. Мағауия Хамзин атындағы конкурс ұйымдастырмасақ та, шертпе күй шеберлерінің конкурсында атаулы сыйлық тағайындауға болар еді.

Мағауия Хамзиннің текті тұқым екені белгілі. Бұл сойдан нешетүрлі сойқан күйшілер мен дәулескерлер шыққан. Солардың бірі Дәнелия Хамзин ағамыз. Осы Қарағандыда аман-сау жүріп жатыр. Мақаң жөнінде деректі кітап жазып бітірген адам. Әкесі Хамза да сойқан күйші болған адам. Арғы бабасы Әшімтайдың есімі қазақ күйөнері тарихында мәңгіге қалды. Оның «Қоңырқазы» классикалық бірегей шығарма болып табылады.

Сол Қарауылда біз де болғанбыз. Асыл ағаның қалақ домбырасын ұстауға жарағанымызға бақытты болып жүретінбіз-ді. Балқаш тау-кен техникумының директоры Төлеуқадыр Тоқтамысов ағамыз да Абай тойының жуан ортасында жүрді. Мақаңның серігі болып. Төкең де күй өнерінің білгірі болатын. Сол кісі айтушы еді:

- Мақаң дүниеден озған күні «Жайлауын» «Сарыжайлау» деп қайтып өзгертіңдер! - деп.

- Сонда ғана күйдің табиғаты ашыла түседі, - деп.

Күн артынан күндер, ай артынан айлар өтіп жатты. Сол асыл ағаның аманаты әлі мойынымызда жүр. Қарыз болып. Сол қарызымнан құтылып жатқан жайым бар.

Кенет қазақ радиосы күй парағын ашсын. Мағауия Хамзиннің шығармаларын орындасын. Бірінен бірі өтеді. Келер сәт диктор:

- Мағауия Хамзиннің күйі «Сарыжайлау», - деп койып калсын.
- Шатысты, - десін қасымдағы серігім.

Шынында да бұл Мағауия Хамзиннің «Сарыжайлауы» еді.

Отыз бірінші жазба
ШАҢКЕРЕЙ

Шәңкерей Қасымұлы МАНАБАЕВ (1926-1993), Қарағанды облысы Шет ауданының оныншы ауылында туған. Қызылжар бухгалтерлік техникумының түлегі (1958). Горький ауыл шаруашылығы институтын бухгалтер-ревизор мамандығы бойынша бітіріп шыгады (1977). К.Маркс колхозының бухгалтері, Ақшатау кен-байыту комбинаты жұмысшыларын жабдықтау сауда мекемесінің бухгалтер-ревизоры (1958-1966), Орджоникидзе совхозының бас экономисі, Босаға совхозының бас бухгалтері (1966-1977), Жезқазған облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының бақылау-тексеру басқармасының бас ревизоры (1977-1984) қызметтерін атқарған. Дәулескер күйші, ақын, қолөнер шебері. Ол кісінің жасаған домбыралары, басқа да бұйымдары мұражайларға тапсырылған. 1987 жылы Алматыда өткен дүниежүзі қазақтарының бірінші құрылтайында домбыра жасаушылар сайысында жеңімпаз деп танылған. Шығармалары баспа бетін көрген, ұжымдық жинақтарға енген.

Домбыраны тұтас ағаштан шапты. Қобызды қайыңның безінен ойды. Қамшының қамау басына көз салды. Аттұрманын алтынмен аптады. Сымын күміспен күптеді.

Құрайдан қиып сыбызғы сызылтты. Көк зеңгірдегі құс қиқуына қоңыр дауысын қосты. Қалақты қу тақтайдан күй үзді. Тобырлы айтыста топ жарды. Ат үстінде толқытып тұрып қыз сүйді... Алланың бұйыртқан баласын назым деді, керім деді.

Тауық жылы ауырмай-сырқамай бақылыққа озды.

Осының барлығы бір адам жөнінде. Ол кісі жөнінде ортамызда әңгіме бола қалса:

- Сері еді-ау, Шәкең, - деп қамығар еді.

Расында да ол кісі кешегі Ақандардың, Біржандардың, Сегізсерілердің қақырығы еді. Әттеген-айы заманында дүниеге келмегені...

Оймыштап ойып жасаған қалақ домбыраларын әлі де болса біраз үйдің төрінен көруге болар деп ойлаймын. Өрнегі бөлек дүние. Содан да иелерінің домбыра деп емес, өнер туындысы деп қарайтыны байқа-

лады. Қамау басына көз салған қамшысы Кеңесбек Хамзаұлы ағамыздың қолында жүретін.

Тірлігімізде аға, іниліктен арғыға бармадық.

Бізде Ізбасар Қабдырахманов деген азамат істеді. Кіші жүздің қазағы еді. Сол азамат та домбыраға үйірсек-тін. Қолы боста қу тақтайды тыңқылдатып отыратын. Сол ағамыз алдымызды орады. Шаңкерей ағамызды таза меншіктеп алды.

Домбыра керек пе Босағаға шапқылап бара жатады Ізкең... Қой керек пе тағы да Босағаға шапқылайды. Ой керек пе Босағаға барып қона жатады...

Бізге қалғаны қанағат. Сол қалғанының өзі аз дүние емес.

Ағамыз өмір бойы есеп-қисап жұмысында жүрді. Сонда да өзінің асыл мұратына уақыт таба білді. Ел өзінің түп атасынан безіп, батырақтың баласымын деп жүргенде ол кісі кеудесін жалаңаштап тастап, кешегі қазақтың қол бастаған батыры Көкбөрі Жарылғап батырдың, қалды Бәубек батырдың ұрпағымын деп жар салды. Түртіншектеп жүріп сол бабалары жөнінде ел ішінен дерек іздестірді. Ұрпақтары арасында үзіліп қалған шежірені жалғастырды. Өз қолымен маржандай әріптермен түзіп, балаларына аманаттады.

Ел ішінде Шеке атанған әкесі - Қасым, тұңғиық дәулескер күйшінің өзі болыпты. Арқа дәстүріндегі қарғақосбасарлар шертіпті. Өз жанынан сарын тудырыпты. Сырнайды сызылтып, серілік ғұмыр кешіпті. Босағасынан ат, балдағынан қандыкөз үзілмеген дейді. Алып бара жатқан аңшы болмаған, құсқа шықса тобылына барған. Дуына барып дуадақ түсірген. Бар-жоғы осы. Қалғанының барлығы серілік. Бесіктің балақтығына деп үкіге білдіртпей қауырсын үзген. Әжесі Балғыннан жұққан дейді барлығы. Онысы рас та болар, бәлкім. Өйткені әжесі кешегі Күнбөпе апамыздың өнер қонған сіңлісі болатын. Ал Күнбөпе апамыздың көркіне Шыңғыс төренің Жақып баласы, Шорманның Мұстапасы талып түскен. Балғын ән үзілдіргенде жүріп келе жатқан аттылы адам жүрісінен жаңылады екен. Әжесі қазақы ұғымдағы нағыз наздың өзі болыпты. Қасым атасына қосылып сәйгүлік баптайды екен. Атсейістігі тумысынан. Нағашы атасы Арқа өңіріне есімі шыққан Тәбенбай би болады. Ал бидің ұранға шыққан ат ұстағаны белгілі.

Үлкендер жағы әңгіме жарастырып отырып ду ете қалады кейде. Соңынан жуып-шайып жатар еді:

- Шекеден қалған сөз еді, - деп.

Ол кісі қуақы болыпты, тілдің мисыз жүйрігі, әжуаның тебені болған дейді. Әжеміздің көркімен кәдімгідей мақтанады дейді. Содан да сөз қалған.

- Сенің шешең әдемі ме, менің келінім әдемі ме? - деген.

Ол жастайынан қала көрді. Бәлкім, құрбыластарынан оқ бойы озық жүруіне осы да себеп болған болар. Жетіжылдықты Балқаш қаласында бітірді. Бұл ол тұста кәдімгідей білім болып саналатын. Мұндай білімімен ретті келіп жатса кез келген қызметтің құлағын ұстауға болушы еді.

Алайда Шәкең ешқайда бұрылмастан ауылға оралады. Шатауаттықтың құлағынан ұстайды. Жұмыс істеп жүріп те білімін жалғастыруды ойға түйіп жүреді. Білімге шөліркеген жас жеткіншек оның да ретін келтіреді. 58-ші жылы Қызылжар бухгалтерлік техникумын бітіреді. Ол кезде мұндай біліммен екінің бірі мақтана алмайтын. Наны өсіп, бес колхоз іріленіп К. Маркс атанғанда совхоздың бас есепшісі болады.

1962 жылы іргелес жатқан кеншілер қалашығына ауысып, Ақшатау комбинатының сауда бөлімінде тексеруші болады. Осында кәсіби біліктілігімен, адал еңбегімен, қолының ақтығымен көзге түсіп ревизор деген атағы шығады. Барған жерінің есеп-қисабын ретке келтіріп қана қоймай, жаңды көмек те көрсетіп келетін. 1966 жылы Орджоникидзе атындағы совхозға бас экономист болып шақырылады. Уақыт өткен сайын заман ағымына ілесу қиындай түседі, білім кемшіні анық сезіле бастайды. 1977 жылы жасы жер ортасынан асса да жоғары білім алады. Горький қаласындағы ауылшаруашылығы институтына түсіп, бухгалтерлік факультетін сырттай бітіріп шығады. Тағы да екінің бірі қолы жетпейтін оқу.

Осыған орай жұмысының жауапкершілігі де күшейе түседі. Жезқазған облыстық ауылшаруашылығы басқармасы бақылау-тексеру бөлімінің бас ревизоры болып еңбек етеді. Шәкеңнің алымдылығы, қарымдылығы, бір сөзбен айтқанда азаматтығы осы жылдары көрінеді. Елдер сотталып жатқанда, ол аман алып қалып жатты. Жаңаның аты қашанда жаңа ғой. Облыстың жаңа ашылған кезі. Жұмыс істеу тетіктері әлі қалыптаса қоймаған. Содан кемшін тұстары қылаң беріп қоя беретін. Талай қылмыстардың бетін ашқан. Өзі жемеген, өзіне жаратпаған. Елге болсыншы деген ниетпен жасалған. Соны түсінетін ревизорлар да болды, түсінбейтіндері де болды. Шәкең ондай істерге көзін жұма қарайтын.

1984 жылдан бастап Ақадыр ауданының Босаға шаруашылығына экономист болып ауысады. Соңғы деміне дейін осы қызметінде болады.

Ауылға оралған соң ұмытыла бастаған шеберлігін қайтып жалғастырады. Шығармашылықпен айналысады.

86-ның жазында белгілі қаламгер Қозы Уәдиев ағамыз бақилыққа озды. Сол кісінің қазасында көптен бері бұл жақта айтылмай келген жоқтау айтылды...

Ақынды ақын жоқтады. Бауырды бауыр жоқтады. Азаматты азамат жоқтады.

Бұл жоқтау маған сілкініс әкелді. Мен бәрін тастап ел ішінен жоқтау өлеңдерін жиыстыруға кірістім. Ағам алдына барып өткен жоқтауларды сырына қанықтым. Қатын жоқтау, бәйбіше-тоқал жоқтауы, ертоқтам сынды жоқтаулардың түрі барлығын алғаш рет сол кісіден естідім. Сол үрдіс кейінде жалғасын тапты. Шаңкерей ағамыз дүниеден озғанда ол кісінің қазасында жоқтау айтылды.

...Пайғамбарымыз Мұхаммед,
Пейішке сені жазсын тек.
Қолымды берем қош бол деп,
Риза бол, Шәкем-ай,
Шығарған мұны Кеңесбек.

Тағы да солай болды. Ақынды ақын жоқтады. Бауырды бауыр жоқтады. Азаматты азамат жоқтады.

Сөйткен Кеңесбек ақын Хамзаұлы да бақилыққа озды. Арқа өңірінде жоқтау өлеңдері қайта жаңғырса - Шаңкерей ақынның, Кеңесбек ақынның осындай үлесі бар.

Отыз екінші жазба
ШАПИҚ

Шапиғым,
шапағат қыл,
мен мұқтажың,
Рауаң бар бір ғұмырлық
ләуләк тәжің.
Дияқажы

Манарбек САҒЫМБЕКОВ (1940-2011), Қарағанды облысы Шет ауданының Қарасу ауылында туған. Алматы халық шаруашылығы институтының түлегі, экономист. Қарабұлақ кеңшарында бас экономист, Шет аудандық ауыл шаруашылығы басқармасында бөлім бастығы, Ақадыр аудандық халықтық бақылау комитетінің бастығы, Ақшағыл кеңшарының директоры, Ақадыр аудандық ауыл шаруашылығы департаментінің бас экономисі, Шет аудандық экономика комитетінде бас маман қызметтерін атқарған. Ақадыр аудандық, Жезқазған облыстық кеңестерінің, Қазақ ССР-нің бақылау комитетінің, Ауыл шаруашылығы министрлігінің, Қарағанды облысы әкімдігінің Құрмет грамоталарымен марапатталған. Дәулескер

күйші. Оның орындауындағы Арқа күйлері Қазақрадиосының алтын қорында сақтаулы. Бірқатары күйтабаққа түскен.

Атадан жаман туса хабаршысынан, жақсы туса нағашысынан көретін қазақпыз. Туғанға да, нағашыға да жарыған бір қазақ болса, ол Манарбек Тілеубекұлы еді. Арқаның артында сөз қалдырған, атақты тілмәр адамдарының бірі, ел ішінде Сақаң аталған Исабекұлы Салғи шешен осы кісінің нағашысы болып келеді. Сол кісіден алған тәлімі өмірлік азығы болды.

Өздерінің сойына жалқы, не қосар тін әу бастан жазылып қойған сынды. Қандай жағдайда болсын әйтеуір үзілмеді. Түйені тісі жесе, адамды шер жейді. Бұл сойда сондай уайым бар еді. Әкесі Тілеубек марқұм содан жиі үһілеп отыратын. Жо-жоқ, тағы бір жылбысқы сұрамаған. Осы алакөзімді аман ете көр деп жалбарынатын.

Содан да бұл шаңырақтан шапықтық үзілмей келеді. Үзбелеген таралғыдай тұрмыстары тоқ болды. Салғи нағашысы айтқандай саужой бітірген әкесі кәдімгідей шаруашылық басқарды. Есімі ел аузында жүрді. Екінші жаһан соғысынан аман келді демесең, қан көрген адамның көңілі қашанда күпті жүреді. Сонан да біреудің ала жібін аттамады. Айналасындағыларға да аттатпады. Ешкімді де алакөздемеді. Жамағайын арасындағы дамайда арашаға өзі жүрді. Сақаң да шапықшыл адам еді.

Атадан мал қалмайтыны белгілі. Кімге не қалатыны жаратқанға аян. Сонда да өзі қалғаны шапықтық деп ойлайды.

Ертеде жетімсіздік көп болды ғой. Соның бірі - күкірт жетімсіздігі еді. Оны барынша үнемдеп пайдаланатын. Осыдан барып от көметін. От көму деген сөз қидың шоғын күлмен қалың етіп жауып тастау деген сөз. Ертеңінде от жаққанда сол шоқты тамызық етеді. Үрлеп берсе болды қау ду ете қалады. Отты жазда да көмеді. Ертемен ауыл сол көмілген отты алуға ұмтылады. Шоқтың қызуы қайтпас үшін оны асығыс алып кетер еді. Сондықтан да бұл үйдің есігі қысы-жазы жабылмайтын. Қауды үрлеймін деп күйіп қала жаздағаны бар. Соны жаңа туған бұзаудың тоңғағымен Сақаң емдеп алып еді.

Нағашылап барса қайта алмай жүрер еді. Өйткені онда барса көретіні бүйрекбет ер, өрмелі керайыл, сырылған жұмсақ көпшік, тарау түскен қанжыға, алақандай шеттік, шашақтап өрген құйысқан, күміспен күптелген өмілдірік. Сұлулық әлемі оны осылайша біржолата баураған.

Абақ кіріп, күбің шығатын Сақаң бір күні қол басындай домбыра әкелген. Оның өзі қу тақтай еді. Содан Омардың Қалияқпары ешкі сойғызып, шек ширатқан. Үш күннен кейін кәдімгідей емініп отырғаны есінде. Қалекең Арқадағы ірі күйшілердің бірі болады. Ол кезде қу тақтайды байқап тартатын. Өйткені сыныққа сылтау етіп, үндеместер алып кететін. Сол кісі үнемі қолқаңды суырып алар шер күйлер шалушы еді.

Сұраған ел болса Бақай күйшінікі дейтін. Кейін білсе Бақай деп жүргені Қалекеңнің өзі көрінеді. Бақаймен тартқанынан Бақай атанған ғой. Соңында осы күйі қалды. «Бақайдың қосбасары» деген. Соны бертінге дейін тартып келді. Кейін қараса басқаға телініп кетіпті. Өкінгені әкесі сынды арашаға жүре алмады. Өйткені заманы қарсы бұтақты келді. Обалы нешік, мектепті жақсы бітірді. Жалқылығы тағы алдан шыққан. Өзі оқуын әрі қарай жалғастырсам дейді.

- Осы оқуыңмен-ақ колхоз басқарып кетесің, - дейді Сақаң тапыл сөйлеп.

- Саужоймен жерде қалған жоқпын, - дейді әкесі көзімен жер шұқылап. Ешқайсының маңайларынан ұзатқысы жоқ. Сонда тағы бір нағашысы жол ашқан. Қалидың Ноғайы оқыған адам ғой. Жалалы болып, итжеккенге айдалып, кейін өз басын өзі арашалап алған.

- Ел билеймін деп отырған баланы байлап ұстаймысыңдар? - деген.

ҚазМУ-ге түскен. Оның өзі ел ішінде үлкен әңгіме болған. Экономист дегенді кім естіген. Оқу бітіріп, елге оралған. Тындырымдылығымен, шапилығымен ел құрметіне бөленген.1973 жылы Жезқазған облысы ашылғанда Ақадыр ауданы халықтық бақылау комитетінің төрағасы болып тағайындалады. Тағы екі жылдан кейін уығын жаңа көтерген Ақшағыл кеңшарына директор болып кете барады. Содан бір орында жиырма жыл отырды ғой.

Кеңшар шөлейт жерге орналасқан. Сонда да жан-жағын жем-шөптен тарықтырған емес. Шөмелеген адам көрсе теріс айнала бастайтын. Өйткені бұл атырапта басы артық қылтанақ жоқ. Солайынша Ақадыр атырабында шапағаты тимеген жан қалмады деп білем. Сұрап келуші болса өзі барып түсіріп беретін.

Атақты Свет Оразай ақынның кейінде Ақадырда тұрғаны белгілі. Сол шайыр ағамыздың елу жылдығының сойыстығын осы Манарбек ағамыз көтерген. Қайда жүрсін қазақтың қара домбырасынан ажырамаған. Әбікен Хасенов атындағы республикалық бірінші күй жарысында ел назарын өзіне аударды. Шертпе күй шеберлерінің, оның ішінде Қыздарбектің, Бақайдың, Айдостың, Рысқұлбектің, Аманның мұраларын насихаттауға барынша еңбек сіңірді. Өз орындауында бірқатар күй жаздырды. Олары қазақ радиосының алтын қорында сақтаулы. Біраз күйлері ел игілігіне айналды.

Кейінде облыс орталығына көшіп келген. Не радиосына, не телестудияға өз орындауында Арқаның қосбасарларын жаздырмақшы болған. Өкініштісі сол арманы жеткізбей кетті. Ақсақалдық мүшелінде бақилыққа озды.

Қазір күй табактары шығып жатыр. Соларда Манекеңнің шалмалары бар. Асыл ағаны аңсағанда сол күйтабақтарды тыңдаймын. Шапиқ жанға шапағат тілеп.

Отыз үшінші жазба

ШОПЫР

Шопыр (Жақсылық) ОМАШЕВ (1934-1991),

Қарағанды облысы Ақтоғай ауданының Жалаңаш ауылында дүниеге келген. Күйші. Дәулескер. Мәдениет саласында жұмыс істеген. Арқа қосбасарларының жалынды насихатшысы. Сатан, Қасабай, Мұқсин күйшілердің мұрасын бүгінгі күнге жеткізуші. Күйлері жазылған күйтаспасы жарық көрген.

Шопырлықтың наны қай кезде де жүріп тұрған. Оның ішінде ауылдық жерде.

Осыдан бір жарты ғасыр бұрын шопырлардың түкірігі жерге түспей тұрды. Өйткені оларсыз ауылдың барша жұмысы бітпейтін. Елді де солар көшіріп, қондырды. Малды да сонымен тасымалдады. Соның қорабында адамдар да кетіп бара жататын. Өйткені о заманда қазіргідей автобустар жүріп тұрмайтын. Тіпті, келіндерді де сол жарықтықтармен түсіретін...

Соған сай шопырлар да директордан басқаларды көзге іле қоймайтын. Гараж деген жоқ. Көліктері байлаулы аттай қысы-жазы үй аласында тұрады.

Сол шопырларды ел көре де бермейді. Таң қараңғысында кетіп бара жатады. Түн қараңғысында келе жатады. Темір болған соң сынбай, бұзылмай тұрмайды. Соның «лөктірі» болса қалада болатын шығар. Ал ауылда шопырлардың өздері ілдебайлап жүре беретін. О заманда қазіргідей пісіру деген болмаған. Татын тазалап темірлерді бір-бірімен сарымсақтың былжырымен, тырнаның тандырымен желімдей беретін. Өйтетіні тырнаның еті сіңірлі келеді. Сол желімдерді ағашқа да пайдалана берер еді. Содан да домбыра шабушыларда ондай байлық жеткілікті болатын. Жақсылық сондай ортада өсті. Сондықтан оның шопыр болуы заңды да еді.

Алайда азан шақырып, ат тергеп Жақсылық қойған есімінің ұмытылып, Шопыр атануы көпшілікке құпия қалып келеді.

Бүгін де сол Шопыр аты қалмай келеді. Ал Жақсылық есімі кешегі күннің үлесінде қалғандай...

Жаратушы һақ жарылқаймын десе жарылқай салады ғой. Сондай алқанған өзекті жанның бірі осы Жақсылық болды.

Жаратушы оған елде жоқ құлақ берді. Үйде жатып қотандағы ешкінің күйіс қайырғанын айырар еді.

Жаратушы оған елде жоқ саусақ берді. Пернеге саусағы тигенде-ақ күй шіркін саулап қоя берер еді.

Бұл Шопырдың өзге шопырлардан бір өзгешілігі болды. Ол моторлардың дауысына қарап-ақ олардың дімкастығын қолмен қойғандай айтып беретін.

Шопыр десең Ақтоғай атырабы әр жағын айтқызбай-ақ біле қояды. Шопыр десең елдің жадында темір тұлпарлары тұра қалады. Ақтоғайлықтар болса шопырды қалақ домбыра деп біледі. Содан да олардың шопырға деген құрметі ерен. Олар шопырды бас әріппен жазады. Шопыр деп! Өйткені олардың Шопыры - күйші!

Осы атырапта жалған кешкен көшелі күйшілердің сүлейі осы кісі. Кешегі Әшімтай, Мүгілсім, Мағауияны берген Ақтоғай топырағы тусырап жатыр. Олардың қай-қайсы болсын ұлы күйшілер болатын. Олардан кейін де талай күйші келіп, талайы кеткен. Шопыр солардың бәрін өзінен жоғары қойды. Ал сол Шопырдың ұлы күйші екендігін кім біліп, кім айтып жатыр...

Әшімтай есімі айтылған жерде Шопыр есімі де айтылуы керек... Мүгілсім есімі айтылған жерде де Шопыр есімі айтылуы керек... Мағауия есімі айтылған жерде де Шопыр есімі айтылуы керек... Шопырмен бірге Сатан, Мұқсин, Қасабай есімдері де айтылуы керек... Бізде соның бірі жоқ.

Біздер ол кісілерді бір бірінен бөліп аламыз да қалың жұртшылыққа қан-сөлсіз ақжем қылып ұсынамыз. Біз бұл күйшілерді бір бірінен айыру арқылы қосбасарларымызды жетімсірете түсеміз.

Мына Теміртауда болат құяды. Үзіліссіз. Үзілсе-ақ болды қорытпа болып қалады. Шопыр күйі де үзіліссіз келеді. Оның «Ойтолғауын» тыңдап көріңіз. Сол Қасабайдың қосбасарын тартпаса ешкім де кінәламас еді... Сол Мұқсиннің қосбасарын бүгінгі күнге жеткізбесе ешкім де өкпе артпас еді...

Алайда ол Шопыр ғой... Ол Өзінің қалай Шопыр болғанын біледі! Ол сол Сатан, Қасабай, Мұқсиндердің арқасында Шопыр болды!

Қазақтың еті тек қаракесектен тұрмайды ғой. Еттің сәні қазы болса, қартасыз да еттің сәні кірмес еді. Бұлар да солай!

Сатан, Қасабай, Мұқсинсіз қосбасарды елестету мүмкін емес деп білем! Шопырды сіңіру үшін ең алдымен айтып отырған Сатан, Қасабай, Мұқсинді сіңіру керек! Шопырды Әбікен, Мағауиядан да бөліп қарау ақылға сыймас еді.

Мысал керек пе? Әріге бармай-ақ «Бестөреге» барайық. Әбікеннің орындауындағы «Бестөре» ұлы шығарма! Мағауияның орындауындағы «Бестөре» де ұлы шығарма! Шопырдың орындауындағы «Бестөре» де ұлы шығарма! Мен бұл бабаларымды жесістіретін болсам алдыға Шопырды сөзсіз шығарар едім!

Өйткені Мағауия болса алдындағы Әбікенмен жесісті! Шопыр болса алдындағы Әбікенмен де, алдындағы Мағауиямен де жесісті! Сол «Бестөреге» Әбікен де, Мағауия да, Шопыр да жабысып калған жоқ. Өздерін ат үстінен аударып, өздеріне аударып алған жоқ. Бекзаттық деген осы! Бекзадалық деген осы!

Әрі-беріден кейін мына жалғанға бұлбұл қалай керек болса қарға да солай керек! Олардың біреуі жоқ болды-ақ табиғи сұлулықта сүрең қалмайды. Сұңқардың жемтігін қарға жеуі мүмкін. Ал сұңқар сұңқардың жемтігін еш жемейді! Өйткені ол сұңқар ғой!

Өкініштісі сұңқар сұңқардың жемтігін жеген күні қарғаға айналады... Қосбасарлардың басына да осындай күн туған сынды. Ән ұрлаушыларды білуші едік, енді күй ұрлаушылар шыға бастады... Төлегеннің «Салтанатын» салтанатынан жұрдай қылдық. Сүгірдің «Бозінгенін» бозтайлақ қылып тартып жүргендер де бар...

Жә, осы жерден біз де тізгін тартайық. Күй туралы жазу қаншалықты азапты болса, күйші жөніндегі жазбаның азабын күйшілер жөнінде қалам тербегендер білер.

Сол азапты бастан кешкен жайт бар. Рақатты азап... Мен күй тыңдап отырмын. Ойтолғау... Шопырдың ойтолғауы...

Оны да білгіштер арнау күй деп жүр. Анаған арнаған дейді. Мынаған арнаған дейді. Осы жерге келгенде өзіңнің де еңіреп жылағың келеді... Өйткені «Ойтолғау» жай күй емес - шер ғой!.. Шерқосбасар ғой... Есі бүтін адам шер арнаушы ма еді біреуге?..

Жоқ, күйші осы күйінен өзін көрген! Ұлы күйшіні! Қалақ домбырасын соңғы рет қолына алғанда...

Соны айтудың сәті енді келген сынды...

БЕСІНШІ БӨЛІМ

ҚАРАТАНЫМ

Бірінші жазба
БЕРТІС ХАН ЕСЕБІ

Халқымызда мұрақ киген хандар есебі, шекпен киген қаралар есебі деген төрт амал заңына бағына бермейтін есептер қатары бар. Мына есеп те сол қатарға кіреді. Ел ішінде бұл есеп «Бертіс хан есебі» деп аталады. Бұл есеп Сүбіхибек Әбдірахимов ақсақалдан жазып алынған еді.

Бертіс ханның Түркістанды билеп тұрған заманында хан бағында өзекті жанның түсіне де кіре бермейтін жер-жиһанның өсімдігі жеміс беріп тұрыпты. Хан қол астындағыларға сол бақтан тегін жеміс жеуге рұқсат етіпті. Алайда, оның бір шарты болыпты. Келушіге хан қара есеп жұмыпты. Сол есебі арқылы келушінің нәпсісін біліпті. Қара ақылман болған жағдайдың өзінде нәпсісіне қарай хан қызметіне ілігіпті.

Сондай мақсатпен бір Қара ханға келіпті.

- Мейірімді алдияр! Өз бағыңыздан бір алма алуға рұқсат етіңіз, - депті шекпенді Қара.

Хан алуға рұқсат етіпті.

Қара баққа барады. Хан бағы әдепкі бақтан басқа болады ғой. Үш рет қоршауға алынған екен. Әрбір қоршау қақпасында жасауыл тұрыпты.

Қара бірінші жасауылға келіп:

- Хан маған бір алма алуға мейірімділік жасады, - депті.

- Рұқсат, бірақ, шығарда алған алмаңның тең жартысын және бір алма бересің, - депті жасауыл.

Қақпадағы екінші және үшінші жасауыл да оған осылай депті.

Сонда жасауылдарға сұраған алмаларын беру үшін Қара бақтан қанша алма алуы керек?

Қара бақтан өзіне неше алма алды?

* * *

Қара бақтан барлығы 15 алма алады.

Үшінші қақпадағы жасауылға жартысын және 1 алма береді. Бұл 8 алма деген сөз. Қалғаны 7 алма.

Екінші қақпадағы жасауылға жартысын және 1 алма береді. Бұл 4 алма деген сөз. Қалғаны 3 алма.

Бірінші қақпадағы жасауылға жартысын және 1 алма береді. Бұл 2 алма деген сөз. Қалғаны 1 алма.

Қара ханға айтқандай өзіне 1 алма алады.

Екінші жазба
ЖАРЫЛҒАП БАТЫР МЕН ҚАРАМЕНДЕ БИДІҢ АЛАТАУДА ДОСТАСУЫ

Шапырашты Қарасай батырдың елге аты шыққан батыр баласы - Жарылғап қайтыс болып, үш жүзге сауын айтады. Бұл омыраулы асқа орманнан көп Орта жүз балуанын баптап, атын сайлайды. Найманнан шыққан ағайынды Айдауыл, Қайдауыл деген атсейістер ел ішіне шығып, бәйгі алып жүрген аттарды желкөзден өткізеді.

Сол ағайынды атсейістер Арғын Қаракесектің сырт Бошанының бір тармағы Керней Жарылғап батырдың ауылында болады.

- Екі бәйгі аласың, - дейді.

Осындай сөзді Тобықты Қараменде биге де айтыпты.

Бұл сөзге батыр да, би де күпті болыпты. Өйткені, Жарылғаптың Шағыры Алатауды айналған бәйгелерге бұрын түспепті. Ал Қараменденің Тұрымтайы бұл кезде жиырмадан асып, сақа тартыпты.

Бұл тұста Жарылғап пен Қараменденің арасы көбең екен.

Би Шыңғыстан қозғалғанда, көш басын Жарылғаптың Қарауылшоқысына тіреп, батыр кеңшілік жасап, жер беріпті. Алайда, Кәрсен-Керней елінің шонжарлары «Арамызға Тобықтыны енгізбейміз» деп түртпектеп шығарыпты. Би қозғалуға тағы мәжбүр болады. Оның үстіне осы тәжікеде бидің баласы Сәрік опат болады. Ол жер әлі күнге дейін Сәрік басы деп аталады. Бұл қазіргі Қарағанды облысы Шет ауданының Ақжал кенішіне жақын жерде.

Алатаудағы асқа Жарылғап та, Қараменде де барады. Астың жетінші күнінде Алатауды алты айналған аламан бәйге өтеді. Бәйгеге қосылған үш жүз аттың жиырма бесіне бәйгі тігіледі. Оның алғашқы тоғызы отаулы бәйгі болады.

Бәйге алдында Жарылғап шабандозына:

- Алла оңғарып, алдыңа қара түспесе, көмбеге дейін Жарылғаптап ұрандап шауып, көмбеден Қараменделеп өтерсің, - дейді.

Осы бәйгеде Орта жүздің асығы алшысынан тұрады. Жиырма бес бәйгінің біреуін де сырт шығармайды.

Содан алты арыс Орта жүздің ақылмандары «жалғыз шапқан ат жүйрік» десіп, алғашқы тоғыз отаулы бәйгіні ғана алады. Тоғыздың алтауы Арғынға, екеуі Найманға, біреуі Қоңыратқа бұйырады.

Осы аста атсейістер айтқандай, Жарылғап та, Қараменде де екі бәйгіден алады. Жарылғаптың Шағыры көмбеден бірінші болып өтіп, шабандоз Қараменделеп ұрандайды.

Қараменденің Тұрымтай тұлпары да отаулы бәйгіні алады. Астан кейін батыр да, би де қайтадан қанаттас болыпты. Қайтар жолда Жарылғап би ауылында болып, Қарекеңнің қолын ұзартып қайтыпты...

Негізінен көпшілікке таныс бұл әңгіменің қитұрқы тұстары көп. Мен ұзын-ырғасын ғана айтып отырмын. Әлбетте, жүйрік ат, тұлпар Орта жүзде ғана ма деп келіспеушілік ауанындағы өкпе-наз айтушылар да болар. Бұл есептің руаралық трайбалистік бақайесепке еш қатысы жоқ. Ондайдан сақтасын бізді. Тек қазақ даласының мықтылары жиылады деген осы жиынға Орта жүз арнайы дайындықпен барған, содан да бәйгеде олжалы болған. Біздің елдің есепші шалдары осы бәйгенің отаулы тоғыз бәйгесін мұқамдағанда кейінгі балалардың жадында қалсын деген болар. Жай әңгімеден гөрі мұқамды әңгімелердің ғұмыры ұзақ келеді. Есептің бүгінгі күнге жетуі де содан.

Бұл әңгіме үлкен әкемнің көзі Салғи шешеннен, өз әкем Әкімжаннан қалған еді. Бұлардан өзге Алматы қаласында тұратын атақты Құлжанбек болыстың немересі Мәжит Бағайұлы, Ташкент қаласында тұратын Түсетай ақынның жиені Жүсіп Бердіұлы және ақшатаулық Қаппар Беркімбайұлы ақсақалдар айтып отыратын. Ал есептің танықтығына Қаракесек Керней Жарылғаптың «батыр», басқа Жарылғаптардан айрықшалайтын «Көкбөрі» деген лақап есімінің болуы, бәйгеге қосар атының Шағыр аталуы және оның бәйгеден бірінші болып келуі, Тобықтының атақты биі Қараменденің, Найманның Барақ батырларының тарихта болған тұлға екендіктері, Қараменде бидің Тұрымтай атты тұлпарының да болғандығы кепілдік бере алады. Есепті шешем деген жандар ескі архаикалық сөздерді білгендігі абзал болар еді.

Мұқамды есеп дегенді естуіңіз бар ма? «Мұндай «архаизм» қажеті не?!» дерсіз.

Әрине, қазіргі күйбең қарбаластың қамыты мойынына жабысып қалған адамға «архаизм» де, «мұқам» да басы артық ойға сүйрейтін шаруа. Бірақ, неге біз кешегі аталарымыз сөйлеген тілді ұмытуымыз керек? Керісінше, жыл жылысқан сайын жаңғыртып, күн қауысқан сайын қазақы болмысымызға оралып отыруымыз керек шығар!

Тарих - үлкен тәрбиеші. Тамыры терең елміз ғой. Тарихты да, шежірені де елді бөлу үшін емес, тегіңді білу үшін, туыстықтың алтын жүлгесін саралап, туысу үшін тарқатқан аталарымыз. Біздікі - сол әкелер

салған жолды жаңғырту. Өткен ғасырлар барысында бабаларымыз жасаған іргелі істер қазіргі ұрпаққа жұмбақ секілді. Теректің бұтақтары биіктеген сайын көлеңкесі зораятыны тәрізді уақыт озған сайын өткенді ұмыту молайып келеді. Ал қара тарихты жадыңнан шығарып алсаң, қазақы қара есептерді тіпті де шеше алмайсың.

Сонымен, мұқамымыз не дейді?

1. Тойнақтың иесі Жарылғаптан бұрын келген жоқ. Жарылғаптан бұрын келген Көкжарлы емес. Бәйгі алған сақи, би, батырлардың әрқайсысының саны екіден төмен, үштен жоғары болған жоқ.

Бәйгіге үш қырғыз шорысы тігілді.

2. Жарылғап Құтпан да, Көкбөрі де емес. Оған қырғыз шорысы бұйырмады. Қалмақ шорысын алған бидің Көккарасы сақидың Құсқанатынан кейін келді.

Бәйгіге үш қарақалпақ шорысы тігілді.

3. Бесқазық пен Көмбенің алған орындарының қосындысы Қарамендеде мен Жарылғаптың алған орындарының қосындысынан екі есе артық болды. Барақтар соңға үш ат салып келді. Төртшат алдына Тойнақты салды.

Қырғыз шорылары тақ, қарақалпақ шорылары жүгі келген ат иелеріне бұйырды.

4. Батпан бас бәйгені де, одан кейінгі орынды да алған жоқ. Сетер бел ортада келді. Сақилар бір қырғыз шорысын алды.

Бәйгіге үш естек шорысы тігілді.

5. Тұрымтай сақилардың атынан бұрын келді. Көмбенің алдына сақилар түскен жоқ. Естек шорыларын сақи, би, батырлар тең бөлісті.

Бәйгеге үш қалмақ шорысы тігілді.

6. Көктін алдына екі батыр салды, Жаңабатыр соңына батыр салған жоқ. Мойнақ Томашадан бұрын келді. Сетердің иесі қалмақ шорысын алған жоқ.

Екітін жұп орынды алды.

7. Құтпан алдына сақи да, би де салған жоқ. Сатай соңына сақи да, батыр да салған жоқ. Тігілген шорының бесеуін батырлар алды.

Билерге қырғыз шорысы бұйырмады.

8. Шағыр алдына ат салған жоқ. Жарылғаптар тақ, Барақтар тақ та, жұп та келді. Тұранәлі естек те, қалмақ шорысын да алған жоқ. Қырғыз шорыларын батырлар мен сақилар бөлісті.

Билер төрт шоры алды.

9. Тұранәлі соңына батыр салған жоқ. Мойнақ араға ат салып, Тойнақтан кейін келді. Төртшат ат жұп орынды алды, оның бәйгісіне келген шорыны Тұрымтай мен Тойнақтың иелері де алды.

Сақилар үш шоры алды.

10. Сақилар алдарына би салып отырды. Барақ батырдың алған орыны Көктін мен Жаңабатырдың алған орындарының қосындысынан екі есе аз болды. Қалмақ шорыларын сақи, би, батырлар тең бөлісті.

Бәйгіге тігілген шорылардың саны бірдей болмады.

11. Сатай мен Тұрсынәлі Жарылғаптардан кейін, Жаңабатыр Барақтардан соң келді. Екітін алған шорыны Құтпан да алды. Бесқазық алған шорыны сақи да алды. Сатай алған шоры батырға бұйырды.

12. Құсқанаттың иесі би, Көккарғаның иесі батыр, Сетердің иесі сақи емес. Екітін батыр, Көктін сақи, Батпан би емес. Сатай алған шорыны Жарылғап та алды.

Бірінің соңынан бірі өткен төрт аттың иесі естек, қарақалпақ, қырғыз, қалмақ шорыларын алды.

13. Жарылғаптар да, Барақтар да би емес. Көктін алдына Барақ пен Жарылғаптар түсті. Естек шорысын алған би де оның алдынан келді. Көкжарлы екі шоры алды. Жарылғап та екі шоры алды, оның біреуі басқа батырларға бұйырмады.

Сонымен, отаулы тоғыз бәйгі қалай бөлінді, бәйге аттары қалай келді және олардың иелері кімдер, кім қандай және қанша шорыдан алды?

* * *

Бұл есептің жауабын берместен бұрын мына беймәлімдеу сөздердің табиғатын аша кетелік.

Ең алдымен бәйге және бәйгі сөздері туралы.

Бәйге деген жарыс деген сөз. Мысалы, аламан бәйге - сақа аттардың жарысы, ұланбәйге - бұл жабағы-тайлардың жарысы. Бәйгі деген сол бәйгенің жүлдесі.

Сақи сөзі туралы.

Тіліміздe мырза, жомарт деген сөздер бар. Сақи сөзі солармен мағыналас. Бірақ, мағынасы кеңдеу. Мысалы, мырза деп келген кісінің меселін қайтармайтын адамды, жомарт деп астындағы атын түсіп беретін адамды айтады. Бұларға келушілер сұрап келеді. Ал сақи сұраушыларды алдына келтірмей-ақ береді, қара мал болса айдатады.

Шоры сөзі туралы.

Бабаларымыз жорықтардан қыз-келіншектер алып келіп тұрған. Олардың сатылатыны, күтушісі болатыны - күңдер. Олардың өздерінде бас еріктері болмайды.

Ал бас еркілері өздерінде болатындардың жөні басқа.

Бабаларымыз ертеңгі күнді де ойлап, басқа нәсілден әйел алып отырған. Оның ішінде жаугер елдің қыздарын көздеген. Қалмақ шешелеріміз

бізге солай келген. Бұларды ебей дейді. Олардың бас еріктері өздерінде. Ал бәйгіге тігілген ебейді шоры дейді. Олардың да еркі өзінде. Өйткені олар қазақ ұрпағын жалғастыруға дәнекер болады.

Енді есебімізге қайтып оралық.

Бәйгеден бірінші келген Көкбөрі Жарылғап екі бәйгі алады. Ол бәйгісін Тобықты Қараменде биге байлайды. Өз кезегінде Қараменде би де екі шоры алады. Бұл тұс Бабаңның (ел Қараменде биді Бабаң деген) бәйбішесінің баладан қалған кезі екен. Бабаң асқа келгенде осы жайтты да бір бүйіріне түйіп келіпті. Сондағы көздегені қалмақ қызы екен. Не Жарылғаптың, не өзінің бәйгісіне қалмақ шорысы шықпағаннан кейін «Құдай менің бұл ісімді құп көрмеген екен» деп аралары күреңқабақ болып жүрген Жарылғаппен екеуін қайтып достастырған Найманның ағайынды атсейістері Айдауыл, Қайдауылға байлап жібереді. Қайтар жолда батыр бидің үйіне Бабаңнан бұрын барып түскен екен. Бидің бәйбішесінен Бабаңның төрт шоры алғанын айтып, сүйінші сұрапты. Ол кездегі ұғым бойынша шоры деген сөз әйел деген сөз. Бидің бәйбішесі батырға сөзін аяқтатпай:

- Біздің жатырдан безінгендей Барекеңе (Қараны туралаған Баран деген ғой) не болды екен, осында бір сіңлім жүрген жоқ па? - деп қалыпты. Батыр осы сөзді ұстапты. Сөйтіп, Бабаңның қолын ұзартыпты.

Хан Абылай бірде ерулеп Жарылғап батырда жатыпты. Тағы бірде Көмбе Жарылғапта ерулепті. Жарылғаптардың көрсеткен сый-сияпаттары өтіп кетсе керек.

Сонда хан:

- Бұл Қарекесек Жарылғаптардан басқа ұл тумайтын болған ба? - депті дейді.

Мәшекең Көпей баласы тілімен айтсақ бұл - Дөй Жарылғап.

Барақтардың біреуі Найман Көкжарлы көкжал Барақ. Бір шапқан қырғызды қайта шабам деп опат болған.

Екінші Барақ бұл Аңырақай соғысына қалың қоңыраттарды бастап келетін Көктін Барақ.

Негізінде қазақ шежірешілерінің баянынша Барақ есімді батырлардың саны жиырмадан асып жығылады екен.

Осы Қоңырат Көктінұлы Барақ аспаннан түскендей ойламаған жерден пайда бола кетеді екен. Осыған байланысты оны ерекшелеп Көктін Барақ дейді екен.

Тұранәлі би - Қанжығалы қарт Бөгенбайдың баласы, Бапан бидің әкесі, Сақұлақ бидің атасы.

Сатай сақи - Қуандық, оның ішінде Темеш болады. Көкбөрі Жарылғаптың нағашысы болады.

Жаңабатыр бидің есімі көпшілікке мәлім болар. Бесқазық деп хан Абылайдың өзі атаса керек. Әдетте төрт-ақ қазық қағылады ғой. Жаңабатырдың елі - Күлік.

Сонымен:

Көкбөрі Жарылғаптың аты - Шағыр, алған шорысы - естек, қарақалпақ.

Құтпан Қараменде бидің аты -Тұрымтай, алған шорысы - естек, қарақалпақ.

Көмбе Жарылғап сақидың аты - Құсқанат, алған шорысы - естек, қалмақ.

Көкжарлы Барақ батырдың аты - Тойнақ, алған шорысы - қарақалпақ.

Көктін Барақ батырдың аты - Сетер, алған шорысы - қырғыз.

Көкжарлы Барақ батырдың аты - Мойнақ, алған шорысы - қалмақ.

Бесқазық Жаңабатыр бидің аты - Көккарға, алған шорысы - қалмақ.

Екітін Тұранәлі бидің аты -Төртшат, алған шорысы - қарақалпақ.

Батпан Сатай сақидың аты - Томаша, алған шорысы - қырғыз.

Үшінші жазба
ҚОЯНДЫ ЖӘРМЕҢКЕСІНІҢ СОҢҒЫ КҮНІНДЕ...

Әкелеріміз жеті атамызды таратуды, төрт түлікті айыруды, аңқұстың арам-адалын ажыратуды, үш жұртты жіліктеуді ғана үйретіп қоймай, шытырман есептерге де салып жіберетін.

Сондағы мақсат - баланың алғырлығы мен ұшқырлығын ұштау екен ғой. Әдетте ел ішіндегі есепшілердің есебі қазақы ұғым-түсінікке құрылғандықтан жадыда тас жатталып қалатын.

Кейінгі кезге дейін сол есепші шалдардың бәс тігіп, есеп жұмыс-қандарын көзіміз көрді де. Ал мына есеп сондай есепші шалдардың бірі - Жаманның Құсайынынан жазылып алынған-ды.

Сөз ішінде айта кетелік, бұл кісіде сонау 70-ші жылдардың өзінде жарты мыңнан астам жекеменшік қойы болды. Осыдан кейін қазақты есепке жоқ деп көріңіз...

Ертеде біздің де бабаларымыз Қоянды жәрмеңкесіне жүріп, малын пұлдап, артынып-тартынып қайтады екен.

Қаракиік жылы біздің елден Түйте балалары Бәубектің Данияры, Бәйсейіттің Нұрланы және Қабылдың Кетбайы бастап мал айдапты. Жәрмеңкенің соңғы күні олардың азын-шоғын малдары сатылмай қалыпты. Содан көңілі - мас, қарны - тоқ Түйте балалары қалған малды есепке жұмып, шешкен адамға беруге бәс тігіседі.

Алайда бәске отырушы ұтылып, Түйте балалары қалған малын есе-леп сатып, жәрмеңкеден аста-төк болып қайтқан екен.

Енді есебімізге қайтып оралалық.

Қоянды жәрмеңкесінің соңғы күнінде Түйте балаларында мынадай мал басы қалыпты:

Жасына қарай 3 түрлі - бие, сойтал, байтал;

Еніне қарай 4 түрлі - ойық, тілік, қиық, көсеу;

Жасы мен еніне қарай Кетбайдағы мал басы -11;

Қайсы біреулеріндегі ойық енді бие басы - 2-ден жоғары болыпты;

Қайсы біреулеріндегі тілік енді бие басы - 2-ден төмен болмапты;

Қайсы біреулеріндегі ойық енді байтал басы - 2-ден жоғары бо-лыпты;

Қайсы біреулеріндегі қиық енді байтал басы - 2-ден төмен бол-мапты;

Үшеуіндегі ойық енді сойталдың басы - 4;

Ойық енді биенің басы - 6;

Көсеу енді байталдың басы - 6;

Сойталдың барлық басы - 13;

Байталдың ұзын саны - 18;

Кетбайдағы байталдың басы - 8, оның басымы қиық енді;

Кетбайдағы көсеу енді бие басы - 2;

Даниярда кем дегенде 3 түрлі енді байтал болды;

Үшеуінің біреуінде ғана қиық енді бие көп болды;

Нұрлан мен Даниярдың әрқайсысында 3 түрлі енді бие болды;

Даниярдағы бие басы - 5;

Нұрландағы бие басы Даниярдан артық;

Нұрландағы ойық енді бие мен байтал саны бірдей;

Нұрланда көсеу енді бие болған жоқ.

10 бас тілік енді малдың кем дегенде 7-і Кетбайдікі;

Кетбайдағы бие басының кем дегенде жартысы тілік енді;

Тілік енді бие мен көсеу енді байталдың басы бірдей;

Қиық және ойық енді байталдардың басы бірдей;

Көсеу енді биенің басы Кетбайдағы қиық енді байталдың басымен бірдей;

Кетбайдағы биенің басы Нұрландағыдан кем емес;

Кетбайдағы биенің басы Даниярдан артық болмаса кем емес;

Нұрланда қиық енді сойтал болған жоқ;

Нұрланда ойық енді сойтал басы Даниярдағыдан артық болмаса кем емес;

Кетбайдағы ойық енді сойтал басы Нұрландағыдан кем дегенде 2 есе артық болды;

Кетбайдағы сойталдың ұзын саны қалған екеуінің қайсысынан бол сын 2 есе артық болды;

Даниярда 2 түрлі енді ғана сойтал болды;

Даниярдағы сойтал мен байталдың басы бірдей.

Сонымен жәрмеңкенің соңғы күнінде Түйте балаларының әрқайсы сында жасы мен еніне қарай қанша малы болды?

* * *

Сонымен әңгімені ұзартпай жауабын келтірейік:

Даниярда үш ойық, бір қиық, бір көсеу енді бие;
Екі қиық, екі көсеу енді сойтал;
Бір тілік, екі қиық, бір көсеу енді байтал болды.
Барлығы - 13 бас.

Нұрланда үш ойық, екі тілік, екі қиық енді бие;
Бір ойық енді сойтал;
Үш ойық, үш көсеу енді байтал болды.
Барлығы - 14 бас.

Кетбайда төрт тілік, бір қиық, екі көсеу енді бие;
Үш ойық, екі тілік, бір қиық, екі көсеу енді сойтал;
Екі ойық, бір тілік, үш қиық, екі көсеу байтал болды.
Барлығы - 23 бас.

Ойық енді мал басы - 15;
Тілік енді мал басы - 10;
Қиық енді мал басы - 12;
Көсеу енді мал басы - 13 болған.
Барлық мал басы - 50.

Бірінші жазба
ЖАЛҒАН

I. ТУМАҚ - СҮНДЕТ...

«Өлмек парыз, - деп айтар, - тумақ сүндет»,
«Мойынта ораза, намаз, - дейді, - міндет».
Алымдар орындауды мәжбүр етер,
Адамға Мұхамбетке болған үмбет.
Егер де намаз палуан пасық шықса,
Олардан ыбырат алып жұрт не білмек?
Мың ірәкәт намаздан артық деген,
Кісіге істеген бір ізет - үрмет.

Майлықожа

Сөзіміздің бісімәлласын тақырыбынан бастасақ па деймін. Тумақ - сүндет дейді Майлықожа бабамыз. Туылмақ демейді, тумақ деп отыр.

Ол кісінің он тоғызыншы ғасырда өмір сүргені белгілі. Араға екі ғасыр түскенде туылмақ деп сөйлеуіміздің жөні қайсы? Бұл тілбұзарлық, басқа ештеңе емес, қалды надандығымыздың көрінісі. Бұлай бара берсек бір күні туған жер деп жазудың орнына туылған жер деп жазуымыз бек мүмкін.

Сонымен адамның бұл дүниеге келмегі сүндет екен. Адам бұл дүниеге туу үшін, көбею үшін келеді екен. Адамның адами болмысының миссиясы осы. Бұл миссия барша мақұлықатқа қатысты. Ұрық шашқан көптеген мақұлықаттың миссиясын орындағаннан кейін өлетіні сөзіміздің дәлелі болса керек. Тумақ сүндет болғанда өлмек парыз. Өзің туып, өзгені тудыру сүндетке жатады. Сүндет амалы орындалған соң ғана өлмек парыз...

Барша мақұлықаттың көбеюі жұптық жартылысынан болмақ. Адам баласы да сол жұп тіршіліктің бірі ғана. Туу, көбею осы жұпқа байланысты. Ол жұп аналық, аталық деп аталады. Тұңы аталығы.

Тіршілік жалғастығының табиғи қатаң сұрыптаудан өтетіні белгілі. Мұны ата-бабаларымыз да жақсы білген. Ата-тегіне қарау содан барып шыққан. Жай ғана құда түсіп қоймай, соқыр құдалыққа дейін барған. Балалар тумай жатып белқұдаласқан. Өйткені маһаббат-саһабаттан гөрі ұрпақ жалғастығы маңызды болған, әрине.

Босаға аттағаннан кейінгі әйел баласының орыны ерінің сол жағы болған. Жатса да, отырса да, тұрса да.

Ендігі жерде ауылдың назары жас келінде болады. Оның жүріс-тұрысындағы, бет пішініндегі өзгерістерді аңдиды. Кереге орамалын шаршылап ене де дайын отырады. Содан бір күні сүйінші хабар жетеді. Келіннің бетіне білінер білінбес ноқат жүгірді деп. Міне, осы кезде енесі аяғына шалынып жүріп керегеорамалын керегеге іледі. Бұл келіннің аяғы ауыр дегенді білдіреді. Осыдан бастап келін барша ұсақ-түйек жұмыстан азат.

Жүктілік әйел баласының ағзасына үлкен өзгерістер алып келеді. Тамақ жақпайды, тәбеті тартпайды, жүрегі айниды. Аңсары белгісіз бір дәмге ауады да тұрады. Оның бір жапырақ ет болуы мүмкін, бір шөкім тұз болуы мүмкін, бір қасық қаймақ болуы мүмкін. Мұны бір сөзбен жерік (жерікас) дейді. Осы кезде құрсақ шашу жасалады. Оған көршіқолаң әйелдер жиналады. Келіннің жерігін басамыз деп өздері дайындаған жылы-жұмсақтарын, таңсық дәмдерін ала келеді.

Келіннің жерігі басылды ма деп қалған дәмді итке тастайды. Ит оны жейтін болса итжерік дейді. Иттің жерік асқа қосарлануы құпталмайды. Құрсақ шашу әрі жалғасады. Бір күні табылады. Әдетте, жүкті әйелдер қышқыл, тұзды дәмдерге жерік болады. Соған орай топырақ жеп, малта жеп, қытыр (кесек тұз) жеп жерігін басып жатады. Ал мұндай асты иттің жеуі екіталай болса керек. Мұндай хабарды сүйіншілеп жатады.

Құсжерік дегені тағы бар. Мұнысының табиғаты бөлектеу. Кейбір келіндердің жерігі басылмай қояды. Ондайларды ел жақсы ырымға жорыған. Өйткені ондай әйелдер әдетте қасқырдың не аюдың өтіне жерік болады. Оларға әлгі өтті көлеңкеде қақтап кептіріп жалатқан.

Мұндай жағдайда кішігірім той да жасалған. Өйткені дүниеге ер бала келеді деп білген. Ондай балалардан батыр шығады деп дәметкен.

Құсжерік деп айтудың сыры мынада болса керек. Әдетте қасқырдың болмаса аюдың етін ешқандай мақұлықат жемейді. Алайда құс төресі бүркіт жейтін көрінеді.

Әйел итжерікте қалса үйден ұзамайтын бала туады деп, болмаса қыз бала туады деп жорамалдайды. Ал итжерікте қалмаса түзбала туады деп қуаныштап жатады. Түз бала деп бабаларымыз осындай себеппен ер балаларды айтқан. Сонымен тіршілік көзі түйін түйді делік. Жалпақ тілмен айтқанда оны туыт деген бабаларымыз. Аудармашылар құла-

ғына сала кетелік - эмбрион сөзінің баламасына осы туыт сөзін алсақ қателесе қоймаспыз деп ойлаймын. Туыт табиғатына орай өсіп жетіле бастайды. Қашанға дейін. Толғаққа дейін, әрине. Баланы әйел тумайды, толғақ туады.

Ана толғағының өзі қиындықпен жүреді.

Біреуі асып туады, мұны қашатолғақ дейді. Енді біреуі жетпей шала туады, мұны - асатолғақ дейді. Толғақтың бұл екі түрі де жас сәби үшін қатерлі. Дұрыс күтім болғанда олар шетінемей қалады.

Ұзынтолғақ, айтолғақ, толғақ, толғақ,
Жар бола гөр, Ұмай ана, өзің қолдап...

Ал керек болса. Осынау халық өлеңіне сенсек толғақтың үш түрі барлығы көрінеді.

Қазақтар толғаққа «ай есебін» алған. Әдетте бір айда отыз күн бар. Осының үш күнін ай есебіне сыйдырып, өлі күн деп отыз күннен шегеріп тастайды. Өйткені, аталған үш күнде ай көрінбейді.

Айырым - жиырма жеті. Бұл кәдімгі үш тоғыз. Осыдан-ақ толғаққа бабаларымыздың тоғыз санын араластырғанын көруімізге болады. Жиырма жеті - үш тоғыздың қосындысы. Бірінші тоғыз - етеккір тоғызы деп аталады. Екінші тоғыз - арылу тоғызы. Үшінші тоғыз - кездесу тоғызы. Осы үш тоғыз (есебі) етеккір аяқталғаннан бастап жүргізіледі.

Ерлі-зайыптылар соңғы тоғыздың тақ күнінде кездессе, дүниеге ұл келеді деп есептеген, соған орай аға-жеңгелері жас жұпты осы күнге кездестіруге әрекет жасаған. Ал жастар жұп күнінде кездессе, дүниеге қыз бала келеді деп есептеген.

Тоғыз есебі бойынша тоғыз айда жиырма жеті күннен есептегенде 243 күн болады. Оған үш тоғызды қосыңыз. Қосындысы - 270. Айдағы отыз күнді тоғызға көбейтсек те осы сан шығады.

Тоғыз айымыз - осы.

Тоғыз күніміз - есе тоғыз.

Есе тоғыз дегеніміз -кездесу тоғызы. Тоғыз ай, тоғыз күн толғағымыз осы. Толғақтың жете, өте, кете түрлері барлығын да айта кетелік. Олардың табиғаты осы ұзынтолғақ, белтолғақ, айтолғақ табиғатынан онша ұзай қоймайды.

Белтолғақты ел ішінде ортатолғақ деп айтушылық бар. Толғақ қыз толғақ және әйел толғақ деп екіге бөлінеді.

Қыз толғақ деп әйел баласының бірінші рет босанардағы толғағын айтады. Бұл толғақ алдайды. Тар құрсағы кеңейгеннен кейінгі толғақтардың барлығы қатын толғақ делінеді.

Толғақ алты айдан кейін басталады.

Мұны ұзынтолғақ дейді. Ұзынтолғақта әйелдің құйымшақ сүйегіне баса назар аударылады. Өйткені, құйымшақ сүйегінің ашылмай қалуы мүмкін. Сондықтан, құйымшақты құйрық (қой) майымен төменнен жоғары қарай білемдеп сылайды. Осы ұзынтолғақта дүниеге келетін баланың жынысы анықталады. Ер бала жоғары, қыз бала төмен орналасады. Ер бала болса әйелдің іші шошақ, үшкір болып бітеді, қыз бала болса дөңес келеді. Ер бала қимылдағанда оң жақтан, қыз бала сол жақтан қимылдайды.

Осы ұзынтолғақта әйелдердің босанып қалатындары да бар. Мұндай жеті айлық балалар әлгіндей дайындық болған жағдайда аман қалады. Оларды тұрар дейді. Ұзынтолғаққа баса назар аударудың басты себебі осында жатыр.

Жеті айдан кейінгі толғақты белтолғақ (ортатолғақ) дейді. Жеті айында дүниеге келмеген бала осы белтолғақта келсе, оның адам болып кетуі некен-саяқ. Сондықтан елдің тілеуі әйелдің үстінде болады. Қалайда белтолғақты келтірмеудің жолын қарастырады. Бұл кезеңде әйелді жүресінен отырғызбайды, көйлегінің етегін бүреді, көйлектің ішінен қамбал кигізеді, серуендетуді жиілетеді. Олай болмағанда іштегі баланың қозғалысы көбейеді.

Соңғы айдағы толғақ айтолғақ деп аталады. Бұл енді мерзімімен келетін толғақ. Елдің көңілі жайланады. Баланың қимылдауы көбейеді. Әйелдің бүйір таянатын тұсы осы. Бала дүниеге келерде салмақ бүйірге түседі. Әйелдің ұзын немесе белтолғақта бүйір таянуы өте қауіпті. Түсік тастауы мүмкін. Сондықтан да бүйір таянуды қазақ жаман ырым санайды. Бүйіріңді таянба деген тыйым сөз содан қалған. Айтолғақ қысқаннан бастап баланың түсер жолы ашыла бастайды. Ол қатаң есепке алынады. Үш елі ашылса іште дейді, төрт елі ашылса келді дейді. Бес елі ашылғанда бала белге түседі. Жеті елі ашылса жерге түседі.

Толғағы келген әйелдің өздігінен, өз күшімен босана алмауы мүмкін. Мұндай жайт алғаш босанған әйелдерде жиі кездеседі. Мұндай жағдайда қатын күреске түсіп жүрген палуан әйелдер шақырылады. Бұл жерде бел тарту әдісі қолданылады. Бұл әдіс бойынша қарулы қол керек болады. Өйткені, әйелдің белін қапсыра құшақтап, ішін төмен қарай басып, әйелдің босануына көмектеседі. Кейде бел тартысына ер-азаматтар да араласа береді. Баланың көлденең келуі де мүмкін. Мұндай жағдайда жаңа сойылған малдың тазаланған ішегін қолға киіп, баланы түзеп жібереді. Бала теріс келген жағдайда әйелді арқанға тартады. Әйелдің екі аяғын жоғары, басын төмен қарата асып, әйелдің ішін сылау арқылы баланы жайлап түсіреді.

Дүниеге келген бала өздігінен дыбыс бермейді. Дыбыс шығару үшін майқұйрықтан салып жібереді. Бала шар етеді. Адамның дүниеге жылап келетін себебі осыдан.

Қыз бала болсын, ер бала болсын оны анасының оң жағына жатқызады. Өйткені сәби қашанда періште. Мұндай бала анасының иісін тез алады. Соған орай анасын жазбай таниды. Кей балалардың анасының көйлек-көншегінің иісінен тыныштанатыны содан. Кіндіктері оратылып туып, анасының жанына кеш барған баланың иіс алмауы мүмкін. Ондай баланы қазекем «иісалмас» деп жазғырған. Шешесі баладан кеткенде оны ауылдың жас әйеліне телиді. Ондай бала тез жетіліп кетеді. Оларды исал (иісал) деп жатады. Кейде керісінше шығып жатады. Ондай баланың артынан қолжетім деген сөз ереді. Қолдан жетім қылып алғандарын айтқаны болар.

Сәбидің кіндігін кескен адамды кіндік шеше дейді. Әйелді босандыратын адамды (әйелді) аққол деген.

Одан кейін баланың қырықкүн шілдеханасы басталады. Бұл қырық күн жас ананың сергектігін талап етеді. Баланың бастырылып қалуы, тұншығып қалуы сынды тосын жайттардың алдын алу деген сөз. Соған орай қыз-қырқын сәбиі туған үйді төңіректейді.

Туғаннан соңғы үшінші күнінде азан шақырылып, есімін береді. Мұны ат қою дейді. Оған дейін бала «Құдай бере салған» есімімен жүре тұрады.

Ат қоюды көп жағдайда ат тергеумен шатыстырып алып жүрміз. Есімі қолайсыз, болмаса алып жүруге ауыр болса (Мұхаммед, Ахмет, Махмұт...) азан шақырып, есімін қайтып қояды. Мұны бабаларымыз ат тергеу дейді. Сондай-ақ жаңа ортаға түскен келіннің (жеңгенің) қайын жұртының есімін (Балта - Шапқы, Айтбай - Атамайым... т.б.) бадырайтып айтпай баламалап айтуын да ат тергеу дейді.

Бала туғандағы сүйінші хабарды да айта кетелік. Жалғанның жарығын ашқан бала ер бала болса аңшы, қыз бала болса саятшы деп сүйіншілеген. Дүниеге жеті айлық қыз бала келіп жатса отыз жеті деп, ер бала келіп жатса тұрар деп анықтай түскен. Ал туыт уақыты толық болғанда қыз бала туса қырық жеті деп, ер бала туса атүстар деп сүйіншілеген.

Есімі қойылған, болмаса қайтып тергелген бала шетінеп кеткен жағдайда жаназасы шығарылады.

Қырқынан шығарылмаған бала шетінеп жатса, ел сап құрып, қатарға тұрып жатпайды. «Жақсы адам ба», «қарызы бар ма» сынды сұрау салу болмайды.

Қырқынан шықпай қайтыс болған баланы шетін деген. Оларға арнап бейіт, мазар соқпаған. Өйткені оларды періште деп есептеген.

17.11.2019 ж.

II. ӨЛМЕК - ПАРЫЗ...

Өлсе өлер табиғат, адам өлмес,
Ол бірақ қайтып келіп, ойнап күлмес.
«Мені» мен «менікінің» айрылғанын,
«Өлді» деп ат қойыпты өңкей білмес.
Абай

Қазақ адамға қаратып өлді деп айта қоймайды. Мал екеш малдың өзіне қаратып айтқанның өзінде, арам қатты деп жатады. Мал сойғанда өлді ме деп сұрамайды, жаны шықты ма деп сұрайды.

Бұл сөзді бабаларымыз барынша жұмсартып айтуға тырысқан. Мұның өзі бабаларымыздың дүниенің ақыреттігіне, бұ дүниеден басқа да дүние - о дүниенің барлығына сенгендігін көрсетеді. Дүниеден қайтқан адамның аруақ болатындығына сенімі бекем болған. Бұл ұғым бойынша аруақтар барлық жаман істерін бұ дүниеде қалдырады. О дүниеге тазарып аттанады. Сондықтан аруақтар туралы бейсауат бөстекі сөздер айтылмайды.

Бабаларымыз өлді дегеннің орнына қайтыс болды деген. Олардың ұғымынша қайтыс болды деген сөз өлді деген сөз емес. Бұл дүниеден өтті деген сөз. О дүниеге жетті деген сөз. Әр жағы мәлімсіз.

Адам баласы бұ дүниеге келгенде өзімен ештеңе алып келмейді. О дүниеге өткенде өзімен тағы да ештеңе алып өтпейді. Сондықтан дүниеге келді, дүниеден өтті деп жатамыз.

Қайтыс болды деп өз ажалынан өткен адамды айтады. Ал сол ажал құрғыры біреуге от болып, біреуге су болып, біреуге ауру болып жетеді. Дәмі таусылған адамның бәрі аруақ. Ажалы жетсе қасықтағы суға кетеді деп біледі бабаларымыз.

Сол ажалымыз ауру, сырқат болып жетсе - адамның қайтқаны. Мұндай адамдар дүниеден қайтарын қашан да білген. Соған орай бала-шағасын, туған-тумаларын жинап, айтар өсиетін айтып, аманаттарын тапсырып дүниеден озған.

Ажалдың аяқтан алатыны белгілі. Бірінші күні аяқ кетеді, екінші күні кеуде кетеді, үшінші күні алқым кетеді. Осы үш күнді қазақ бір сөзбен алар деген.

Осы үш күнде сал тартып жатқан сырқат орнынан тұрып кеткен, аузынан су өтпей жатқан адам атаукересін ішкен, тіл-ауыздан қалғаны кәлимаға тілін келтірген. Мұны ел ішінде бойжазу деп те айтушылық бар.

Бар уақытта бейбіт өмір бола бермеген.

Жаугершілікте дүниеден озған адамды қаза тапты деген. Бұл өз ажалынан өлмеді, жау қолынан қайтыс болды деген сөз.

Дін жолында оққа ұшқандарды шейіт деген. Оқ деп бұл жерде ажал ретінде түсініледі. Ажалы, қайтқан жері мәлімсіз адамдарды да шейіт кетті деген. Ажалдың кісі қолынан болуы мүмкін. Қастық жасалуы мүмкін. Бұлардың бәрін мерт болды деген. Барымта-сырымтадағы кісі ажалын да мерт болды деген.

Табиғат апатынан қайтыс болатындар аз емес. Біреуі суға кетіп жатады, енді біреуі отқа оранады. Біреуіне нажағай түсіп жатады. Сондай-ақ бүгінде көлік апаты көп. Мұндай қазаға ұшырағандарды опат болды дейді.

Өлді деп бір-ақ жағдайда айтылады.

Жаратушының әркімге берген бір сынағы болады. Сол сынаққа шыдамайтындар да бар. Ондайлар жаратушыдан өздеріне өлім сұрайды. Жанымды тезірек ала көр деп. Сол сәтінде жаны шығып жатса адамның өлгені. Алайда ондай адамдарға өлім келе қоймайды. Ондай жандар күнде өзіне өлім тілеумен болады.

Жаманның өлімі де жаман деп қазақ осындайдан айтады.

Жаратушының мейірімі кең. Кейін жаны шығып жатса, оларды да қайтыс болды дейді.

Біреуді біреу мүсіркегенде, есіркегенде өлген адам деп жатады. Өйткені оның артында жоқтаушысының болмағаны. Дұға бағыштар ұрпағының қалмағаны. Ағайынның да, жамағайынның да болмағаны. Сонда да бабаларымызды оларды өлтіріп қоймаған. Ондай адамдарды балаларына тапсырып отырады. Есімдерін оқыған құранына қосып отыр деп.

Жаны тәнінен шықпаған адамды марқұм дейді. Шыққаннан кейін аруақ. Қайтқан адамның денесін мәйіт дейді. Кей жерде өлік деп те айтушылық кездеседі.

Мәйіттің ендігі баратын жері қабір.

Қазақ дәстүрінде қабір алдын ала қазылмайды. Қабірді көр деп те айтады. Қабірлер көп болғанда қорым, не болмаса қабірстан дейді.

Қарағандыдағы қорымдар баршылық. Соның бастысы Соқыр өзеніне жақын орналасқан, өзен атауымен аталатын қабірстан. Сол қабірстандағы жұмыс күндіз-түні үзілмейді. Сондағы шаруалары қабір қазу. Бәрі дұрыс-ау. Бірақ қазақы шариғатқа сыймайтын жерлері жетерлік. Ең алдымен қабірді адамы қайтпай тұрып қазады. Екіншіден, техникамен қазады. Қазақ баласы ешқашанда көрді трактормен қазбаған, қолмен қазған. Әлгілерге жосық айтсаң, мәйіт түскенше шұңқыр, түскен соң көр деп сайрап қоя береді.

Көрді алдын ала қазбаудың мәнісі бар.

Көр үш түрлі қазылады. Біріншісі, ер адамның қабірі. Ер адамның ұяты белден төмен екендігі белгілі. Соған орай ер адамның көрі белден төмен қазылады. Мұндай көрді белқұдық деген. Өмірінде үйленбеген қыздарға да белқұдық қазған.

Әйел адамның ұяты кеудеден төмен. Соған орай әйел адамның көрі кеудеден төмен қазылады. Мұндай көрді төсқұдық деген.

Ал қызайлардың ұяты шашынан төмен. Қазақ баласы қандай да бір себеппен тұрмыс құрмаған қызына кісі бойы көр қазса, осындай себебі бар. Мұндай көрді қызқұдық деген.

Кез келген өткінші мұндай қабірлердің бет топырағының көлеміне қарап, қабірде кім жатқанын біліп, соған орай дұғаларын бағыштаған.

Қазақта қайтқандарға қаратып марқұм деп айтушылық бар. Бұлай деп айтушылық жан тәннен ұшқанша айтылады. Ал тәннің жаннан ұшуы қырық күнді алады. Соған орай марқұмның қырқы беріледі. Одан кейін аруақ. Қырқын бермейінше марқұмның басын көтермейді.

Жылында адам ағзасы еріп, ет сүйектен толық ажырайды. Қазақтың марқұмға деген ең соңғы құрметі осы жылында беріледі. Оны ас дейді. Бұл астың мәртебесі үшімен де, жетісімен де, қырқымен де қабыспайды. Қазақтың асы барынша салтанатымен өтеді. Есебі той десе де болады. Ат шаптырады, балуан күрестіреді, ақындарын айтыстырады.

Бұл жерде марқұмның жылы мен асын шатыстыруға болмайды.

Ең алдымен айтарымыз бабаларымыз пайғамбар жасына келмеген аруақтарға ас бермеген. Олардың жылын берген.

Арқада Бәйсейіттің Нұрланы деген атымтай жомарт тұлға болған. Сол жомарт қырық жасына жетпей кенеттен жабысқан сырқаттан қайтқан. Әкесі Бәйсейіт баласының жылын нағыз атымтай жомарттың жылындай қылып береді. Ат та шапқан, айтыс та болған, палуан да белдескен. Бірақ ас емес. Ұрпақтары да ас берілді деп айтпайды. Өйткені сауын айтылмаған.

Мәшекеңнің Құнанбай асының берілмеуіне байланысты айтатын уәжінің астары да осындай. Өйткені Орта жүзге сауын айтылмаған, өйткені исі қазаққа сауын айтылмаған.

Басқа жұрт өлімнен қорықса да, қазақ баласы өлімнен қорықпаған. Қанша күн жарық көрсе де бір өлімнің һақтығын ұмытпаған. Сондықтан оған кәдімгідей дайындалған, дайындық жасаған.

Бабаларымыз өлімді материалдық тұрғыдан түсінбеген. Рух тұрғысынан келген. Содан да барынша қорқынышты өлім сөзіне барынша байыпты қараған. Соның бірі үмбетінің Жаратушының иелігіне өтті деген ұғым. Бұл ұғым бойынша үмбеті Жаратушының иелігіне өткеннен кейін біржолата о дүниенің адамына айналады. Бұл дүниемен тек қана Құран бағыштаумен ғана байланысады.

Адам дүниеге мұсылман болып келеді. Адам дүниеден мұсылман болып өте ме?! Оның жауабы сан алуан. Соңғы демінде тілін кәмиллаға келтірсе жетіп жатыр. Мұсылман болғаны.

Мұсылман болып өтпесе - өлгені. Оның артынан қанша бағыштасаңыз да оқыған дұғаңыз бармайды.

Өлімнің өзінің екі сипаты бар. Бірі бұ дүниенің өлімі. Екіншісі о дүниенің өлімі.

Бұ дүниеде мың жасағандар болған! Мәңгілік жасағандар болмаған! Мәңгілік ғұмыр тек о дүниеде ғана! Ендеше өлімнің өзі шартты ұғым болып шығады. Бұ дүниеде өледі, о дүниеде тіріледі! Түптің түбінде бұ дүниедегі тірлігін о дүниенің дайындығы деп білген. Кебін кимейінше өлім жоқ деп біледі бабаларымыз. Кебенек киген соң өлім бар деп біледі.

Он екі мүшесіне алар кірген жан енді кетудің қамын жасайды. Оның ең бастысы - арыздасу. Ел арыздасуды қоштасу деп біледі. Алайда бұлар бар-жоғы мағыналас сөздер. Арыздасу ауыр сырқаттың еншісі, бұ дүниенің адамы еместің еншісі. Арыздасуға ет жақын адамдар қатысады. Артық айтқан сөздеріне, білместікпен істеген амалдарына кешу сұрайды. Арыздасу жансыз заттармен де болған. Мәселен, насыбайшы шақшасымен, домбырашы қалағымен, ұста көрігімен арыздасқан. Мінген қылқұйрығымен, жүгірткен итімен, алғыр құсымен де арыздасушылар болған.

Атжетер жердегі ағайын-жамағайын, ел адамдары алар кіргенін естісімен кешу айтысуға қамданады. Өйткені қазақ ішінде «Алла кешсе де аруақ кешпейді» деген ұғым қалыптасқан. Бұл ұғым бойынша пендесі аруақ санатына өткендіктен кеше алмайды. Бір сөзбен айтқанда бұ дүниенің адамын о дүниенің адамы кеше алмайды. Сондықтан да о дүниенің адамы бұ дүниенің адамы болып тұрғанда кешу айтуға ұмтылады.

Мұның кең тараған түріне Әсет пен Кемпірбайдың айтысын жатқызуға болады. Әрине, бұл айтыс та емес, көңіл сұрау да емес, бұл кешу сұрау.

Көңіл сұрау мен көңіл айту да мағыналас сөздер емес. Көңіл сұрау сырқаттың хәлі әлсірей бастағанда басталады. Көңіл сұрау сырқаттың әл-қуатын арттыруға, көңіл-күйін көтеруге бағытталған. Сырқаттың көңілін сұрауға қандай да бір шектеу қойылмаған. Алайда көңіл сұраушының әңгіме-дүкенге жарамдылығы, әңгіме айтып сырқатты жетелей алатындығы ерекше бағаланған.

Арыздасу мен кешу сұраудан кейін бой жазушының сәлем салуы болады. Өйткені арыздасу мен кешу айтысуға жер шалғайлығына, басқадай да себептерге байланысты келмей қалған ел жақсыларына дұғай сәлем жолдаған. Шортанбай жыраудың Арқаға келіп қайтқаны белгілі. Денесі ауырлап, жер тартқанда жырау дұғай сәлем жолдаған. Сол дұғай сәлемдердің бірінде Кәрсен Көпбай мен Керней Нұрлан мырзаның да есімі аталады:

Дұғай сәлем айтайын,
Көпбай менен Нұрланға!
Харамды мал демесін,
Зәбір болар иманға.
Қазақтан пара алмасын,
Ұмытпай жүрсін Алласын.
Құдайдан қапы қалмасын,
Өлгенді менен барласын.

Бізде қоштасу деген жоралғы жоқ. Елдің айтып жүрген қоштасуы бақұлдасу деп аталады. Бақұлдасуды көбінесе алар алқымға кіргенде айтқан. Онда балаларымен, ағайынымен, құдайы қосағымен бақұлдасады. Айтар өсиетін айтады. Мәселен, басын қайда қоюды. Мәселен, сүйекке түсуді.

Алланың үмбеті дүниеден озғаннан кейін оның қазасын ет жақыны естіртеді. Арқада айтулы Бодық деген батыр өткен. Хан Кененің қолында соғысқан. Бодықтың жалғызы Керімбек мерт болғанда баланың өлімін ағасы Қодық естірткен. Ол естіртуі мынау:

- Батыр!
Қарадан алған алғысың көп:
Салмағы пілдей болады,
Шапағаты тілдей болады.
Төреден алған қаргысың көп:
Салмағы зілдей болады,
Атқан оғы мірдей болады.
Сол оқ жалғызыңды тапты,
Жетектеп кеп отырмыз
Керімбек мінген атты.

Жан иесі қайтыс болғаннан кейін жоқтау айтылады. Ел тұтқаларының жоқтауын белгілі шайырлар шығарып беріп отырған. Арқаның атақты болысы Құлжанбек қайтыс болғанда атақты деген бес шайыр жоқтауын жазған. Соның ішінде баласы Әбеудің жоқтауы өткен дейді.

Арқада Берден деген дамолда өткен. Сол кісі жиырма тоғыз жасында шешектен қайтыс болыпты.

Сондағы бәйбішесі Аққыздың айтқан жоқтауы:

- Қалың Түйте жосылып,
Қашты бәрі шұбырып.
Қызылтаудың баурында,

Төрт баламды құшақтап
Қалдым жалғыз зар ұрып.
Кернейдің ұлы көп еді,
Қалың біткен тоғайдай.
Бірінен себеп болмады,
Мақамбетше, Ноғайдай.
Айым мен күнім тұтылды,
Алтын сақам ұтылды.
Қарарға көзім сытылып,
Қармарға қолым қырқылды.
Айтып айтпай не керек,
Тағдырдың бар ма шарасы.
Кемелге келген марқасқа,
Қырық жастың арасы.
Ежелден қыршын кететін,
Атасы мен бабасы.
Маңдайға берген сор дағы,
Табылмай ауру дауасы.
Емдесе де неше жыл,
Келмеді дәрігер шамасы.
Асқар да тауым құлады,
Көзімнің жасы бұлады.
Жастай қалған төрт бала,
Кімді сүйеу қылады?

Артында бәйбіше-тоқал қалып, олардың қосамжарланып жоқтау айтатыны болған. Ондай жоқтауды бәйбіше-тоқал жоқтау/ы деген.

Арқада бүлікшіл Тоқсантайдың Қапасы деген ақын өткен. Атақты Мәди ақынды қамақтан босатып аламын деп Қарқаралы түрмесін шаппақшы болған. Сол Қапас қайтыс болғанда бәйбіше-тоқал жоқтауы айтылыпты.

Шүйкенің (бәйбіше) жоқтауы:

- Аузыма алдым Алланы-ай,
Отырмын бейбақ зарлап-ай.
Бізді кімге тастадың,
Ғайып боп кеткен, парман-ай.
Күлісті Күреңді
Күдірейтіп байлаған,
Алмасын шарға қайраған.
Жасанған жаудың алдынан,

Малын жалғыз айдаған.
Сауыты қалды-ау сандықта,
Қатыны қалдық тұлдықта...

Тәшкеннің (тоқал) жоқтауы:

— Ортадағы таяныш,
Жанбай жатып өштің-ау,
Ел орнынан қозғалып,
Көктемеде көштің-ау.
Алла өзі қиғанын,
Өзі алды, қайтем-ау.
Кәміл болсын иманы,
Қай ісіңді айтам-ау.
Жоқтау айтып босамын,
Дауысымды қосамын.
Қоштаспай кеткен ақсұңқар,
Қай қылтадан тосам-ау.
Жаным қалай қиналман,
Ақсұңқар құстың сойы еді.
Осынша халық жиналған,
Жұртым-ау, неткен той еді?..

Бізде жоқтауды әйел адам айтады деген ұғым қалыптасқан. Шын мәнінде ер адамдар да жоқтау айтқан. Одан сыртқары балалары да жоқтау айтқан.

Ендігі жоралғы басу айту, кей жерлерде мұны жұбату дейді.

Тағы да мысалын келтірейік. Сол Бодыққа Кәрсен Шамырхан ақын басу айтады. Онысы мынау:

- Тесік етік білінеді су кешкенде,
Түлік басы білінеді ел көшкенде.
Бала деген болжаусыз екіталай,
Бітер-бітпес бел шешкенде.
Батыр!
Буарсыз белің,
Қу жалғыз мерт болып
Бастап келдім елімді.
Жалғыздық Тәңіріде
Пендесі болмас жалғыз.
Алланың не берері, бермесі,
Екі дүниеде де болжаусыз!

Ал көңіл айту белгілі бір топтың, болмаса елдің атынан айтылады.

Айтып отырған Бодық батыр қайтыс болғанда сегіз ата Кәрсенді бастап Көпбай, үш ата Қоныштағайды бастап Дүйсенбай би келеді. Осы тұста аталасы Балта Бәкі шешен де жетеді. Сондағы шешеннің Бәшекең бастаған топқа айтқан көңіл айтуы:

Мұнар да мұнар аспанды,
Шерімен бұлт торлады.
Әбілеттің адасып,
Түйтеге кеп қонғаны.
Ауыздық тартқан Алаштың,
Ер көңілі борлады.
Бұйра жатқан Бошанды,
Шемен түсіп шорлады.
Келген жауды аудырған,
Ат босатпай кермеден.
Төбелеп келген төрені,
Ерқарағa теңгерген.
Хан Саржанды қаштырып,
Ер Науанды састырып
Келгенде өлім Батырға,
Хан Кенекем бермеген.
Өз дегені болмаса,
Өзге жанға көнбеген.
Өзгеге соң ермеген
Бодық қайтып туар ма?
Қауіп-қатер бар жерге,
Жанына қара алмаған.
Андағайлап жау шықса,
Алдына жан салмаған.
Шаң қаптырып келгенде,
Олжадан жан қалмаған.
Жоқ ісіне бармаған
Бодық қайтып туар ма?
Сегіздің алды, Көбекем,
Үшеудің алды, Дүйсекем,
Төртеудің алды, Бәшекем,
Сендерде арман бар ма екен?
Зая қылар бәрін де,
Тоғыз айдың толғағы.
Талай да келер жайсаңы,

Талай да келер байсаңы...
Қайда Бодық болмағы?

Осы жерде шегініс жасайық. Сондағы айтарымыз белгілі бір тұлғаға айтылар көңіл айту, естірту жеке адамның емес, елдің атынан, рудың атынан айтылатыны. Ондай жыр үлгілері халық талқысынан өткен. Бір ғана ру емес, бірнеше рудың тезінен өткен. Айтып отырған естіртуімізді, болмаса көңіл айтуды шығарған ақын-шайырларға үлкен құрмет көрсетілген. Оларға үйірлеп жылқы айдатқан. Ондай шайырлардың есімдері ел аузында аңыз болып жүрген.

Осы саптағы Дияқажы, Әбеу, Тәшен ақындардың есімі Арқа жұртшылығына етене таныс болған. Олардың осынау эпитафиялық сипаттағы поэтикалық жолдары ғасырлардан ғасырға кеткен.

Айтар болсақ Тәшен ақынның есімі күні бүгінге дейін ел аузында жүр. Тағы бір кереметі сол ақындардың айтқан көңіл айтуларының бүгінгі күнге қылшығы қисаймай жеткендігі.

Енді оқырмандарымыз назарына Тәшен ақынның классикалық сипаттағы көңіл айтуын ұсынайық. Ақын бұл көңіл айтуды Арқаның атақты батыры Боранқұл бақилыққа озғанда ағасы Райымқұл айтқан:

Иә, шырағым, Райжан,
Не іс болса құдайдан.
Патша болған тәжділер де өткен,
Жарлық қылған хандар да өткен,
Нарлық қылған Қамбар да өткен,
Кереметті пірлер де өткен,
Аты мағлұм ерлер де өткен,
Жердің жүзін сайран еткен,
Сауық құрған серілер де өткен,
Жақсы менен жарлы де өткен,
Арманы көп зарлы да өткен,
Алды-арты жоқ жалғыз да өткен,
Он екі айда байғыз да өткен.
Өткен сұлтандарымыздың,
Бақи жолы ізгі болсын,
Әзіз рухы нұрға толсын.
Қалғандарыңызға,
Ғайыптың құсы қонсын.
Ел сүйсінген туысына,
Қазақ сыйған уысына,
Естіген жан риза болған,

Қырық жыл қылған жұмысына.
Қанбазарда қазақтан асқан,
Нұр сипаты тасқан.
Орыс-қазақ бас қосса,
Таразысы басқан.
Абылайдай атты болған,
Дұшпандарына қаһары қатты болған.
Досына балдай тәтті болған,
Дүниеге мырза болған,
Дос-дұшпаны ырза болған.
Бөрсе қолы ашық,
Алса жолы ашық,
Жақсыларға жанасып,
Нашарларға қарасып,
Аш-арыққа жем берген,
Аз бен көпті теңгерген,
Ақыл-қайраты тең келген.
Алтын менен күмістей,
Қалайыға өң берген.
Қап тауындай жуанды,
Қайырып мойнына өңгерген.
Үш жүзден алым алған,
Өз еркімен салым салған.
Қойдай ықтырған,
Қояндай бұқтырған.
Жалындай шарпытқан,
Киіздей қарпытқан.
Қайратымен қорқытқан,
Бермей тұрған сараңды,
Қорғасындай балқытқан.
Ебін тауып енші алған,
Алтай менен Қарпықтан.
Сасқанда сабыр болған,
Қорыққанға қорған болған,
Ашқа азық болған,
Ауғанға қазық болған.
Адымы алыс болған,
Азуы қарыс болған,
Өнерлімен таныс болған.
Алымы қайтпаған,
Ешкім кейін тұр деп айтпаған.

Еш нәрседен атының басын тартпаған,
Екі жүзді наркескен,
Жау келгенде саптаған.
Нөкер жиып қасына,
Жүз тұлпарды баптаған.
«Сені ме, бәлем» деп келсе,
Орыс пен қазақ батпаған.
Ауыр жұмыс келгенде,
Айлық жолды аттаған.
Әйнекті кескен ақ болат,
Қап түбінде жатпаған.
Ниеті бірге жолдасын,
Дүниеге сатпаған.
Ақтың арнасын бұзған,
Орыстың ордасын бұзған.
Қарсы тұрып қасқарған,
Халқыныц жолын басқарған.
Айтқан жерден табылған,
Қайратын халқы сағынған.
Дүшпаны келсе жауар бұлттай жабылған,
Досы келсе сый-сияпатпен жағынған.
Жақсыларға жар болған,
Не тілесе бар болған.
Қайырлы болсын өткен ер,
Мұратына жеткен ер,
Қара жерден басқадан,
Қауып қылмай өткен ер.
Тарқаттым базар арманым,
Разымың кең Алланың,
Елу екі жасында
Жатты-ау жұтып парманын.

Ендігі дүние қаралы үйді белгілеу. Ел дауыс қойып келеді, ат қойып келеді. Ондай үйді айрықшалап қояды. Биік сырыққа ту іліп қояды. Қайтқан адам жас болса - қызыл, жасамыс адамға - қара, ал қария болса, ақ орамал байлаған. Қандай адамның қайтқанын осы белгі арқылы білініп тұрады.

Қайтқан адамды бүгінгідей таңертең өтсе, түсте жерлеп тастамаған. Үйіне бір күн қондырған. Оны шымылдық деген. Шымылдық күзетіне ет жақын есті қария қалдырылған. Мұны жансауға деп айтушылық та

бар. Оның себебі түсінікті. Кейбір адамдардың уақытша жан тапсыруы болады. Қазіргі тілмен айтсақ клиникалық өлім.

Жаназасы шықпайынша құран оқылмайды. Ал дәлел тартуға жол ашық. Жаназадан бұрын мәйітті тәрбиелейді. Оны Арқа қазақтары мейрамсуы дейді.

Мынаған назар аударайық.
Құстар мәз-мәйрам...
Балалар да мәз-мәйрам.
Құстар су ішті деп.
Құстар су ішіп жатыр деп.
Көк бүр жарды.
Қыс кетіп барады...
Бұл наурыздың 14-сі.
Наурыз осы күні кіреді.
Осы күні құс су ішеді.
Оны Мейрам суы дейді.

Бұл құстың бірінші су ішуі. Адам баласы да Мейрам суын ішеді. Соңғы суы. Оны да Мейрам суы дейді.

Алланың үмбеті жан тазалығын жоғарыда айтқанымыздай өзі атқарады. Ал тән тазалығын ет жақын ағайындары, жақын-жуықтары атқарады. Яғни мейрам суын ішкізеді.

Ондай адамдар ел таңдауына түседі. Егер өсиеттеген болса, бақұлдасуда айтқан кісілерін түсіреді. Ондай адамдар саны бестен аспайды.

Мәйітті жерлеу артында қалған ет жақындарына сын. Басын қарайтпайынша жақындарында тыншу болмаған. Соған орай жылына дейін басын қарайтатын болған. Оған ел-жұрт болып қатысқан. Сондықтан да бейітке құрметпен қараған. Жанынан өтіп бара жатқан жолаушы міндетті түрде атының басын іркіп, дұға жасаған. Бұл сүннет амалына жатады.

Бейіт бұзу үлкен күнә саналған. Кенесарының қырғызбен соғысы нақ осы бейіт бұзудан басталған.

Марқұмның өсиеттеген жеріне, мәселен боран соғып жеткізе алмағанда, аманат деп жеткен жеріне қойған. Бірақ кейін қайтып қазып алып тиісті жеріне жерлеген. Аманатқа ешқашанда қиянат жасалмаған.

Аманат басына ешқандай белгі қойылмаған. Қабір топырағын белгі еткен. Қайтқан адам жерленгеннен кейін артында қалған мүкәмалы тұлданады. Оған қару-жарағы, ер-тоқымы, мінген аты, құдайы қосағы жатады. Бұған бала-шаға кірмейді.

Ал тұлданған ат пен тұлданған қатынның жайы басқашалау.

Құйрық-жалы күзеліп тұлданған ат жылына жаратылса, тұлымы кесілген қатынға жылынан кейін әмеңгерлік салтымен байға шығу мүмкіндігі берілген.

Ағасы қайтса інісі, інісі қайтса ағасы әмеңгер болған.

Ал тұлданған аттың басы қазанға тұтастай салынған. Оған ел жақсылары, ел басшылары арнайы шақырылған. Ондай шақырулар болмаған жағдайда өкпе-реніштер туындаған.

Бабаларымыз «Өліде аруақ, малда кие, аста кесепат» бар деп білген. Бұлардың үшеуі де атады, соғады деп білген. Сондықтан да аруақ атымен анттасқан. Сондықтан да малды ұрып-соқпаған. Сондықтан да асты ысырап қылмаған.

08.01.2018 ж.

Екінші жазба
ПЕЙШТЕН ЖАРАЛҒАН

ЖАМБАС ЖҮРГЕН ЖЕРДЕ ПЫШАҚ ЖҮРЕДІ

Қазақ баласы не тапса да маңдай терімен тапқан. Қазіргідей Алла береді деп алақанын жайып отырмаған.

Сол маңдай терін төрт түлігін төбелетіп өсіруге жұмсап, берекетін алған.

Берекеті деп отырғанымыз малымыздың адалдығы. Бұл өзі бүгінде қалтарыс, құпиясы көп кепке айналған. Сырт көз бәрі дұрыс көрінгенімен, шын мәнінде қызықтаған қызылымыз адалынан болмай жатады.

Наным-түсінігіміз бойынша төрт түлігіміз жаратушымыздың бізге адалынан бұйыртқан малы. Алайда сол адалдық жолын бүгінде ұзартып алған жайымыз бар. Тіпті, адасып қалғанбыз десек те болады.

Мал сойған жұрт адалдау дегенді шығарып алды.

Бездеу деп айтушылары да ұшырасып қалады.

Талау сөзін бірде естісек, бірде естімейтін болдық.

Әрине, бұл біздің бүгінгі күнгі сөзіміз. Кешегі өткен бабаларымыз мұның барлығын тәрбиелеу деген.

Бүгінде жіліктеу, мүшелеу, талау, тәрбиелеуді эбден милықтырып алған жайымыз бар. Мал жаратқанда осы алдыңғы үш сөз міндетті түрде ойымызда тұрады. Алайда дөптей алмай жатамыз.

Содан барып адасып жатамыз.

Жұртты адастыру әлеуметтік желілерде ғана емес, қалың танымдық әдебиеттердің өзінде өріп жүр. Бәрін қойғанда жілігіміздің өзін айыра алмайтын хәлде тұрмыз. Әлжеліні қарасаң тіл шұбарлығынан шығып

діл шұбарлығына еніп кеткенімізді көреміз. Жілік санына жете алмай жүр екенбіз. Энциклопедиялардың өзінде жілік саны он екіден асып жүр.

Шын мәнінде малдың төрт аяғында сегіз ғана жілік бар. Қос-қостан ортан жілік, тоқпан жілік, асықты жілік, кәрі жілік. Сол жіліктерді буынынан шығаруды жіліктеу дейді.

Бұған дау айтушыларға айтарым жілікте май болады. Оны бабаларымыз әспеттеп жілік майы деген. Ал жілік санатында жүрген жамбас пен жаурыннан кім маған жілік майын тауып бере алады?!

Асыраймын, сәулем сені,
Жіліктің майыменен...

Қызға сөз салған жігіттердің бұл өлеңі бар шаруаны айтып тұрған жоқ па?

Тілімізде «арам қатқыр» деген қарғыс сөзі бар. Бұл айтып отырған төрт түлігімізге қатысты сөз. Олай болса оларда да бір кілтипанның болғаны.

«Арам қатқыр» деп қазақ баласы өлген малды біледі. Қазақ баласы тап осылай айтардай қаскөй емес, әрине. Бабаларымыз малды өлтіріп жемей, жанын шығарып ас қылған. Күні кешеге дейін әке-шешелеріміздің магазин етінен бас тартуын сонымен ғана түсіндіруге болады. Өйткені өндірістік жағдайда малды тоқпен өлтіреді.

Малды бауыздайтынымыз белгілі. Қазіргі мұсылманшылығымыз төрт аяғын байлап, «аллауәкбарды» айтсаң жеткілікті деп отыр. Алайда бабаларымыздың сойған малын адалдаудың өз жолы болған.

Бауыздағанымызбен малдың жаны бірден шыға қоймайды. Қанын толық шығару керек болады. Кейбір адамдардың қолы ауыр келеді, тіл тарттырмайды. Кешегі үлкендеріміз ондай қасапшылар қолына пышақ ұстатпаған. Малдың қанын ішу (жеу) біраз жұртта бар. Бізде ол адалдыққа жатпайды. Бабаларымыз қаны шыққанда ғана малдың жаны шығады деп есептеген. Содан барып мал бауыздаудың өзін үшке бөліп қараған. Алдымен тамақтан бауыздап, бой қанын шығарған. Одан соң жүрегін тіліп, дем қанын шығарған. Ең соңында жұлынын кесіп, тамыр қанын шығарған. Кейінгісін жұлындау деп те айтып жатады.

Қаннан кейін жынның кезегі тұрады. Етке тарамасын деп бірден өңешті байлап тастайды. Соңынан бөлек алып, арнайы шұңқыр қазып, соған көмеді.

Малдың жыныс бездерін, қуығын, жатырын басқа мүшелеріне тигізбей сылиды. Ішек-қарнын ақтарып, май бездерін, өтті алып тастайды. Бұлардың барлығы да әлгі көміске (шұңқыр) кетеді.

Осыдан кейін ғана барып малды мүшелеуге кіріскен.

Малда он екі мүше болады.

Осы мүше, мүшелеу сөздерінің анықтығы бүгінде эбден жасықтаған. Адам баласына қаратып айтқанда да он екі мүшесін қилы айтып, жазықты болып отырған жайымыз бар. Мал баласына қаратып төрт мүше, жеті мүше дегенімізбен мұнымыз да еш танықтық әкелмей отыр.

Қарапайым тілмен айтқанда мүшеміз бөлшек деген сөз.

Әлемде тұтас жаратылыс жоқ. Бөлінбейді деген атомның өзі бөлшектен тұрады. Олай болса, мүше деп жүргеніміз жалпылама, шартты атау. Мысалы, төрт мүшең аман ба деп амандасқанда аяқ-қолың аман ба деп түсіну керек. Байқап қарасақ мүше сөзі бізде сүйек атауларына байланған. Бұған сайсақ, мойын да мүше, омыртқа да мүше, бас та мүше. Қалғанының бәрі - ет. Сүйексіз бөлшектердің барлығы да - ет. Демек қазақ баласының танымында мүшеміз мал денесіндегі сүйек. Осы сүйектерді бір бірінен ажыратуды мүшелеу дейміз.

Көпшілік мойынды жарата бермейді. Себебін де білетін сияқтымыз. Еті қатты келеді. Ал сол мойынды жаңа босанған әйел баласына арнайы беретінімізді қалай түсіндіреміз?

Себебі біреу, еті қуатты.

Жылқы еті ыстық етке жатады. Алайда қой етінің ыстығы оны жолда қалдырады. Оның ең ыстығы - мойын еті. Мойын еті денедегі суықтықтың барлығын айдап шығады. Содан да жас босанған әйел баласын тез ширатады. Содан да оларын әспеттеп қалжа деп жатады.

Қазақ баласының түсінігінде мүшеміз дастарқан басында отырғандардың қолына мүжу үшін ұсынылатын сүйек (мүше).

Жалпы, адам баласының денесінде 206 сүйек бар деп есептеледі. Жылқыда 205 сүйек бар көрінеді. Басқаларында да солай. Ғажабы сол осы 205 сүйектің өз атаулары бар.

Сонда қалай болғаны? Он екі мүшеміздің екі жүзден асып жығылғаны ма?

Бұрынғы бабаларымыздың қалтасында бәкілері бірге жүрген. Өйткені эрбір жанның бүйыртқан мүжитін мүшесі болады. Сондықтан да етке отырған жанның барлығы да бәкілерін шығарған. Өйткені ұсынылған мүшені (сүйекті) мүжу керек болады. Ал біздің түсінігімізде сүйекті тіс арқылы мүжиді.

Алайда малдың тіс тимейтін мүшелері де болады. Ол - бас пен жамбас. Бастың тәрбиесін мипалау дейді.

Есті қазақ ешқашан осы бас пен жамбасқа тіс тигізбеген. Сондықтан да бабаларымыздан «жамбас жүрген жерде пышақ жүреді» деген сөз қалған. Тап осы жерден тағы бір шегініс жасауға тура келеді. Қазақтың астау еті дегеніміз не деген сауал көлденеңдейді.

Бабаларымыздың ертеде етті астаудан жегені белгілі. Табақ, табақ тарту кейінде келген.

Қазақтың астау еті сол малдың толық он екі мүшесі түскен еті. Сол астау етті тек он екі адам ғана тұтынған (жеген). Он үшінші адам дастарқан басына отырмаған. Өйткені біздің табаққа бары он екі сүйек түскен. Оның сілемін қазір де көруге болады. Өйткені бір табақ етке тек он екі адам шақырған.

Ал табақ еттің жайы атымен басқа. Бір жілік болса жетіп жатыр. Бұлай есептегенде бір қойдың етінен он екі табақ шығады. Кешегі бабаларымызша есептегенде бір қойдың еті бір табақтан аспаған.

Бабаларымыз әр нәрсені орын-орынымен ажыратып отырған. Еш қазақ баласы жылқы етінен көже жасамаған. Ал қой етінен ше?

Жасаған!

Сорпа сүйекте болады деп шегелеген үлкендеріміз. Ал ол сүйегіміз он екі мүшеміз. Сонымен біздің айтып жүрген он екі мүшемізге не жатады? Әрине, малдың сан және қол еттері!

Сан және қол еттеріндегі сегіз жілік, және екі жамбас, және екі жауырын. Осы он екі жіліктің бірі қазанға түссе - ет, болмаса - көже.

Сорпасы жоқ ет болмайды! Сорпасы жоқ па - көже болғаны!

Олай болса қазіргі наурызкөже деп әспеттеп жүргеніміз оттаубай болып шығады, онда қазы-қарта жүргендіктен көже емес - сорпа!

Енді бездеуге түссек болар. Адам бойында без болатынын білеміз, ол шіркін малда да жеткілікті.

Ауызекі тілде бармақ, саусақ, қасық без деп жатады. Бұл сырт пішінine қарай айтылған сөз. Шынтуайтында бұларымыз жұтқыншақ, мойын, қабырға, мойын, жамбас, жілік, шап бездері.

Қол етін тәрбиелегенде жауырынға қарсы жұмсақ етіндегі бармақтай безді есте ұстау керек. Осыны жұрт бармақбез деп жатады.

Жұрт айтатын айдарбез бар. Ол атауында тұрғандай асықты жіліктің айдарбасында болады.

Жамбас безі бар. Ол малдың жамбас ойығында болады. Соған орай оны қасықбез деп атаушылық бар.

Төсті бұзғанда жабысқақты сылып тастау керек. Кей өңірде оны шеміршек деп жатады.

Қабырға безі дегені бар. Ол бұғанада болады.

Қазақ баласында түсінігінде без арам, уыт. Сондықтан оны ит баласы тұрсын, құс баласына да жегізбей көміске шығарады.

Көріп отырғанымыздай бездің жұрмейтін жері жоқ екен. Малда да адамдағы ұйқы безі болатынын да айта кетелік.

Адамдардағы сияқты малдарда да без шошиды. Бездің көкесі сонда болады. Мұндай жағдайда шарбы бездерінің саны жиырмадан да асып

жығылады дейді. Сондықтан да малсақ бабаларымыз ондай жағдайларға жол бермеген. Бұл жерде бездің етті бұзатынын, иістендіретінін есте ұстауымыз керек болады. Без етті ұзақ сақтаудың жолын байлайды. Бездің сорпаны бұзатынын да ұмытпағанымыз жөн. Ондай түн асқан сорпаны қазақ баласы ішпеген. Айныды деп.

Бізде малдың жөн-жосықсыз сойылатын кезі құрбан айтындағы құрбан малдар. Міне, сол құрбанға шығарған малымыздың тәрбиесіне барынша ыждағаттықпен қарауымыз керек. Ондағы қасапшыларды арнайы курстардан өткізу керек болады. Ондай сойыстан ешқандай да сауаптың болмайтынын түсінсек керек. Олай болса бұл үлкен ысырап. Арамның көкесі осы!

Ендігі қалған әңгіме талау болар. Мұндай әңгімені бүгінде ешкім де қозғамайды. Өйткені ондай ұғымнан ажырап қалғанбыз.

Қазақ баласының ұғымындағы талау дегеніміз не сөз?

Бұл мал баласының етінде түрлі себептермен мал қанының түйіліп қалып қоюы, болмаса ұюы, қан тамырларының қарақошқылдануы, болмаса қараюы. Малды ұру, малды зорықтырып қудалау, малды сүйрелеу осындай жайларға бастайды.

Мал тамырының да кәдімгі күретамырдан, көктамырдан және қылтамырдан тұратынын білеміз. Талау негізінен осы қылтамырлардың жарылуынан болып жатады.

Сойыстарыңыз сүйгін болсын!

Сойыстарыңыз шүйгін болсын!

05.12.2023 ж.

Үшінші жазба
БЕСІНШІ ТҰЛІК

І. ТҰЛІК ПЕ, ТҰЛІК ЕМЕС ПЕ?

Сонымен...

Ешкінің өзі тұлік пе, тұлік емес пе?

Тұлік болса нешінші?

Бесінші, әрине. Төрт тұлікті қазіргінің кез келген баласы біледі. Бесіншісін білмейді. Оны ілгерідегілер білген.

Киіз туырлықты моңғол ағайындар еңсесін тіктеп, елтаңбасын кестелегенде алдыңғы қатарға тұліктерін шығарған болатын. Соның ішінде ешкі де болды. Бесінші тұлік болып! Қазақ баласының тұлік есебінде ешкі баласы жоқ. Неге?

Ешкі табиғатынан тарамыс мал. Оның етінің таралып, май жинау кезеңдері қазақтың күнделікті тұрмысына келе бермеген. Келіп-кетіп жаткан конақтарына қой баласын жұмсаған. Ешкіге келгенде тосыла берген.

Жай уақытта ешкіні қасқыр да жемейді. Тағы да қайталап айтамыз жаруы - жарады. Бірақ жемейді! Өйткені ешкінің майы қатып қалады. Шекке май қатқан қасқырыңның өзі алысқа ұзай алмайды. Айналшақ болып, бір орынды айнала береді. Ондай айналшақты баланың өзі де соғып ала алады.

Ертеде де қастандық оқиғалары болып тұрған. Соның біліне бермейтін уақиғалары тікелей осы ешкі түлігімен байланысты. Жо-жоқ, ешкіге сүзгізбеген, бар-жоғы ешкі етін жегізген. Сол жетіп жатыр. Адам ешкішек болып қалады. Ешкішекіңіз түйнеміңізбен бірдей! Мұны жұлдыз ауру дейді. Бір түннен қалсаңыз тұрып кетесіз. Сондықтан да қазақ баласы ешкі өсіруге құлықты бола бермеген. Оның ішінде түлік қатарына қоспаған. Алайда оның қалдықсыз ресурс екендігін жақсы білген. Соған орай әрекет еткен.

Алдымен етінен бастайық. Ең жеңіл ет - ешкінің еті. Тез таралады. Дәруменге өте бай. Әсіресе, жасы келген адамдарғ қажетті кальций қоспаларына өте бай. Ол үшін ешкіні өсіру керек. Өсіргенде ешкіні кәдімгідей тәрбиелейді. Бұл нағыз қара күздің уақыты. Қаракүзде ешкі малы, оның ішінде серкенің еті кемеліне келеді, шынымайланады. Аса семірген серкеден кәдімгі қазы түседі. Мұндай ет кәрі-құртаңға айтарлықтай қуат, нәр береді.

Ертеректе Ақадыр аудан болып тұрғанда әкімі Баттал Мұқышұлы ел аралауға сапарлас болуға шақырсын. Содан бір қойшының үйіне барып түстенбейміз бе?! Үйме табақ еттің қапысы болса кәне?!

Бір кезде Батекең:

- Мынау ненің қазысы? - десін.

Баттал барынша қазақы, қожанасырлығы өзіне жарасып тұратын адам еді. Мен бірнәрсені бүлдіріп алмайын деп тілімді тістей қояйын.

- Қандай малдың қазысы? - деп қояды. Әппақ май, шылқып тұр. Ойлансам, кәне?!

- Серкенікі, - деп қойып қалдым.

- Азвиде мен емес, сен оқуың керек еді, - деп әбден разы болсын. Ешкі етінен кейін бір аяқ қымыз, не ашыған айран ішсе жетіп жатыр. Олар ешқашанда майдың қатуына жол бермейді. Ешкінің түлік есебіне кірмеуінде сиырдың да катысы бар. Өйткені ертеректе бабаларымыз сиыр малын сасық деп мұрын шүйіріп асырай қоймаған. Сондықтан да қолда айран бола бермеген. Ешкінің қазы беретін қазылық айы қазанмен тұспа-тұс келеді. Серкелерді ұшалап осы айда сояды. Ешкінің қазысы алты айдан аспайды. Асқан уақытта май өзін өзі жейтін болады.

Аш қасқырдың да ешкіні жейтін жайы болады. Сондайда қасқыр кәдімгідей шөп жеп тұрады. Ол шөбіміз - ермен. Ермен ешкі майын еріте алады. Сондықтан да бабаларымыз ешкі терісін илегенде майдан арылту үшін осы ерменді қолданған.

Ешкінің сүті мың да бір ем. Төрт түліктің ішінде ана сүтіне жақыны да осы ешкі сүті. Ешкі сүті тез қорытылатын тағам түрі. Сондықтан да оны жасамыс адамдар пайдаланады. Ешкі сүтінің бөрткен, безеуді алып түсетін де қасиеті бар. Соған орай ешкі сүтін жақпамай ретінде жиі қолданады. Құлақ ауруларына да ешкі сүті қолданылған.

Ешкінің терісіне келетін болсақ, ең мықты тері осы ешкі терісі. Сондықтан да көкпар тартқанда серкені пайдаланған. Ешкінің терісі тез жидиді, майынан тез арылады, үстіне бір уыс тұз тастаса жуық маңда ірімейді. Таспаны осы ешкі терісінен алады. Өрімнің негізгі терісі осы ешкі терісі. Бәленбай бас дырау қамшылар осы ешкі терісінен өрілген, сәндік аяқтон жасаған. Соған орай оның терісі етінен де қымбат бағаланған. Ешкі терісін арқалаған баяғының қазақтары Меккеге еш мұқтаждық көрмей жеткен дейді.

Ешкі жүнінен асыл ештеңе жоқ. Ең алдымен құрт-құмырсқа жоламаған, салмағы құс ұлпасындай жеңіл болады әрі жылы, суықты да өткізбейді. Сондықтан да ешкі жүнінен тоқылған тоқымалар қашанда жылы болады. Жосаға көнгіш келеді. Соған орай әйел киімдері осы ешкі жүнінен тоқылады. Ал қылы негізінен басжіптер мен ноқтаға пайдаланылады. Ешкінің қылы жылқыға қарағанда жуас келеді.

Қазақта құлтабан деген сөз бар. Сырт қарағанда бәрі түсінікті сияқты. Мұндай сөз моңғол мен қалмақтарда бар екен. Мұнан ұғарымыз сүйегінен емес, табанынан құл. Тереңірек үңілсек оның да өзіндік сыры бар екен.

Соғыс уақытында қолға түскен тұтқындарды жұмыс күші ретінде ғана жеккен. Алайда жаугер тұтқындарды олайша мәжбүрлеу оңай болмаған. Соған орай ешқайда кете алмайтын етіп тұтқынның табанын тіліп, ешкінің қылын сіңірген. Өйтетіні жылқыға қарағанда ешкінің қылы жасық.

Мұндай тұтқындар алысқа ұзай алмаған. Және бұлар құлдар емес. Оның ішінде құл табандар емес. Болса қыл табандар. Құлтабандар емес - қылтабандар. Мүйізі ерігіш келеді. Әшекейлік маңызы жоғары. Шақшалық, тазтарақ, құстарақтар, бітеуине, көтеуине, шұқуыштар, пышақтың бөдесі, жақтың бөтесі осы ешкі мүйізінен жасалады.

Қалғаны - тұяғы. Одан да сәндік бұйымдар жасайды. Алайда дәрілік қасиеті күшті. Жылқының, оның ішінде еркегінің екі жасында тісейтіні белгілі. Тісеу аса бір қиыншылықпен жүреді. Соның салдарынан жылқы малы азып кетеді. Соны жеңілдету үшін ешкі тұяғын ақжем болған-

ша жұмсартып, кептіріп тартады. Соны құнанға ішкізеді. Сол жазында құнан шөп талмауға жарап, жетіліп кетеді.

Бабаларымыз малдың күйлілігін сауырына, бауырына, жауырынына қарап айырған. Жай уақытта ешкінің семіздігін айыру мүмкін емес. Оны ешкі бағушы шекшектер жақсы білген. Ешкінің бұғасында екі без болады. Жай уақытта ол көзге көрініп тұрады. Ал мал семіргенде қолдың жұдырығындай майға көміліп кете барады. «Безі жоқ ешкі пышақты табады» деген мәтелдің тура мағынасы осындай.

Сөз ішінде айта кетелік, бұрындары ешкілі байлар болған. Ешкінің табынын тасар, бақташысын шекшек деген. Қойдың ағын катық, ешкінің ағын көкпек деген. Қой момақан болғанда, ешкі секек. Қойдың жүйрігі келепан да, ешкінің жүйрігі секей.

Ешкі жарықтық табиғатына қарай жылына екі рет төлдеп отырған. Оның екінші мәрте төлдегендегі төлін дағалай атаған. Қазақтың қариялары ешкілерді осылайша төлдетіп, жыл бойы ешкі етінен ажырамаған. Кәрілік мүшелге шыққан бабаларымыз ешкі етін көбірек пайдаланатын болған. Өйткені ол сіңімді және адамды тез ширатады.

Осыларымызды енді адамға қаратып айтсақ бәрі де кездеседі.

Таңғалатын түк те жоқ. Емшек сүтімен бала көтерген шешелеріміз аз болмаған. Жылдың басында туған әйелдердің сол жылдың аяғында босанып жататын сәті аз болмаған. Ондай балаларды ерекшелеп балақай деген. Қазіргі уақытта балақай сөзі басқа мағына алып кеткен.

Ендеше ешкі баласы бір жылда сегіз төл бере алады. Мұндай тасар ие бермейді. Содан да «Есің кетсе ешкі жи» деген мәтел қалған.

II. ТӨРТ ТҮЛІККЕ ҚОСПАДЫҚ...

Әңгіменің түп сұрауы ешкі жарықтық неге бесінші түлік аталмады деген сауал болса керек.

Мен осы сауалды басқаша қойғым келеді. Ешкіні қазақ неге төрт түлікке қоспады деп.

Мен өзімді толық мұсылманмын деп айта алмаймын. Намаз оқитынным рас. Әкем де, шешем де намазға жығылған. Әжем де намаз оқитын. Әр жағын білмеймін. Балам да намаз оқиды.

Менің түп бабам Болатқожа (Қаракесек) менің он бесінші бабам болады. Сол бабам мұсылман дінінде болыпты. Ол жөнінде тарихи деректер там-тұмдап кездеседі. Алайда менің бабаларым өздерінің бұрын тұтынған Тәңірі дінін де талақтамаған. Сол тін менің де бойымда бар.

Мұны неге айтып отырмын?

Ешкі белгілідей жеңілтек мал. «Текедей бақылдап қалған», «текесасыған», «текесақалданған», «шыбжындаған шібіштей», «ешкінің құ-

йыршығы», «қотыр ешкіше сүйкеніспей...» сынды құлаққашар теңеулер тілімізде артып жығылады. Және күні бүгінге дейін қолданылады.

Мұнан ұғарымыз ешкіні бабаларымыз әу бастан жаратпаған.

Неге?

Әргі-бергі тарихты қопарыстырып отырсаң әскерлер жорыққа басқасын алмай ешкі жарықтықты алып жүріпті. Әр жағы түсінікті. Арап елдерінде ешкімен төсектес болу әуезесі бар. Оңдай әуезе көршілес отырған елдерде бар. Ішінара өзімізде де кездесіп қалады.

Әсіресе бұған оң-солын тани қоймаған балалар килігіп жатады.

Діни әпсана бойынша шайтан адам баласына әйел бейнесінде көрінеді.

Сол діни сана бойынша шайтан бізге ешкі бейнесінде көрінеді.

Еркекті тура жолдан тайдыратын шайтан, ал ол болса әйел мен ешкі бейнесінде көрінеді. Шайтанның мүйізді, айыр түяқты болып бейнеленетіні сондықтан.

Қой жоғалтқан қазақ болса да, ешкі жоғалтқан қазақ болмайды.

Ешкісін жоғалтқан қазақ онысын іздемеген. Шайтанға айналып кетті деп есептеген.

Астрологтардың айтуынша адам түсіне ең көп кіретіні әйел мен ешкі екен. Түсінде ешкі көрген қазақтың тыныштығы болмаған. Оның жоруы болмаған. Анығын Алла біледі деп қоя салған.

Түсіне ешкі кірген бабаларымыз отпен аластаған. Өйткені ешкі шайтан. Шайтан оттан жаралған. Қайтып отқа айналсын деген ниет.

Түсінде ешкі көрген бабаларымыз ақ жаймаға ақ тамызып, түсімді көшіре көр деп отқа жағып жіберген. Соңынан білген аяғын оқыған. Өйткені шайтанның құраннан ғана қорқатынын білген.

Көкбарды екінің бірі білетін болар. Сол көкбарға серке салатыны баршаға аян. Және тартысқа тек еркектер түседі.

Серкенің терісінің сақтиян екені рас. Одан гөрі шайтандығы асып тұр. Серкені талапайға берсе, осындай себебі бар.

Шайтаннан өш алу мұнымен тынбайды. Көкбар ешкі денесі тартуға жарамағанда тоқтаған. Бұл кезде ешкі еті өз сөлімен әбден мылжаланданып қалады. Соңынан көкбарға қатысушылар әлгі ешкі етін жейді. Ешкі еті дәмді болса шайтанды аластадық дейді.

Көкбар беру деген сөз шайтанды аластау деген сөз. Түсінде ешкі көрген адам ғана көкбар берген.

Енді аталарымыздың шайтанды шығарғанда әжелерімізге қамшы көтергенін еске алыңыз. Осы да жетер. Бас жаққа барыспағанымыз абзал болар.

Кешегі бабаларымыз жоқ, оның орнына ешкінің етін, сүтін ас деп білмейтін жаңа ұрпақ келді. Бұл ұрпақ түлік санын көбейтетін

ұрпақ емес. Өйткені қойдың құлағынан қорқатын ұрпақ өсіп шықты. Ал кешегі аға ұрпақ қайтып келгендей жағдай болса ешкіні міндетті түрде түлік қатарына қосар еді.

2014 ж.

Төртінші жазба
ЖҰМАҚТЫҢ ИІСІ

І. ТОҒЫЗҚҰМАЛАҚ ПӘЛСАПАСЫ

Бүгінде тоғызқұмалақ жөнінде әңгіме көп. Аузы-мұрнымыз қисаймай ойын атауын өзгертейік деп біраз езеуредік.

«Бақсақ бақа екен» дегендей, біреулерге тоғызқұмалақ атауының аудармасы ұнамайды екен. Оқыған надандығымыз осыдан-ақ көрініп тұр. Қай халықтың ұлттық ойыны басқа жұрттың тіліне аударылып жүр екен? Бейсбол, карате, го, рендзю, регби ойындарының қазақша атауын білетін жан бар ма екен? Олай болса, тоғызқұмалақ та өз атауымен қалуы керек. Елбасымыз айтпақшы, бабаларымыз біз ұялатындай ештене қалдырған жоқ. Ал, құмалақ сөзі үшін ұялатын жандар болса олардың алдымен қазақ болмағаны, қалды мүсілім болмағаны. Осының барлығы тоғызқұмалақ ойынының табиғатын түсінбегендіктен.

Белгілі мәдениеттанушы-тоғызқұмалақшы Еркетай Иманбаев ағамыз тоғызқұмалақ философиясын жазып жүр. Ал біздің бүгінгі әңгіметіміз осы ойынның пәлсанасы туралы болмақ.

Қош, сонымен, тоғызқұмалақ ойыны қалай пайда болды? Әркім әртүрлі айтады. Толық жауап жоқ. Жауап бар еді. Біздер соны аттап кетіп жүрміз. Тоғызқұмалақ ойыны адамзат баласымен бірге сонау Ибраһим пайғамбар дәуірінен өмір сүріп келеді. Қалай келді, неге келді? Оны елжұрт білсе керек. Ұлық пайғамбарымыздың ниет тазалығын көріп һақ Тағала көктен қой түсірді. Көк дегеніміз пейіш, жұмақ. Бабаларымыз қой түлігін тергегенде пейіштен жаралған деп әспеттейді.

Олай болса тоғызқұмалақ ойыны сакралды өнер!

Қой пейіштен құмалақсыз түскен жоқ. Құмалағымен түсті. Тоғыз құмалағымен...

Абай тоғызқұмалақ ойнады деген сөзді барша жұрт жазып та, айтып жүр. Біздің Арқада Қаздауысты Қазыбек тоғызқұмалақ ойнады деген де сөз бар. Соны екінің бірі айта алмайды. Өйткені, жасқанады. Өзінің сауатынан. Өзгенің сауатынан.

Шын мәнінде, ойнаған. Бұл ойынды Төле бабамның да, Әйтеке бабамның да ойнағаны даусыз. Оған мысалды алыстан іздеп керегі жоқ.

Қаздауысты Қазыбек бабамыз қазан көтерген жерде бас ұстаған ғой. Сол әулие бабамыз басты былайша мүшелейді екен.

Алдымен құлақты кесіп алып, ақыр күніңе дейін жаманшылық естіме деп әуелі оң жағындағы, соңынан сол жағындағы көршісіне береді екен.

Одан кейін аракөршісіне, яғни, көршісінің көршісіне ақыр күніңе дейін жаманшылық көрме деп екі көзін береді дейді.

Таңдайын кесіп алып, өзің өлсең де сөзің өлмесін деп қарсы отырған адамға береді дейді.

Ең соңында өзіне кеңсірікті қалдырып иіскейді екен. Пейіштің иісі шығады деп.

Бұл сөзімізді тағы бір мәдениеттанушымыз Жұмажан Нұртайұлы да қолдайды.

Құмалақтан жиіркенсе, қазіргі қазақ жиіркенген. Бұрынғы қазақ қой сүтіне түскен құмалақты алып тастап іше берген.

Осы құмалаққа біздің бақсы, балгерлеріміздің де қатысы бар. Олардың тобын құмалақшы дейді. Олар алдарындағы құмалақты таратып, мәлімсіз жайтқа бал ашады. Құмалақтардың ұзын саны -41. Сол қырық бір құмалақ цифр тілімен сөйлейді. Демек, әр құмалақтың соңында ақпарат бар деген сөз.

Бұл жағдайда да құмалақ өзінің сакралдығын сақтап тұр. Олай болса қағынан безген құландай болмайық. Тоғызқұмалақ атауын өзгертейік деп шет болмайық.

Қасиетті Құран Кәріміміз - тұнып тұрған математика. Оны әбжад есебімен түсіндіруге талпынған ғалым-тоғызқұмалақшы Ғұзыхан Ақпанбек. Кешегі Машани шәкірті. Ғұзыхан ағамыздың бұл жөнінде күрделі еңбегі де бар. Сол кісі айтады. Әбжадты тоғызқұмалаққа да қолдануға болады деп.

Тоғызқұмалақ ойынындағы құмалақтың ұзын саны - 162 (81х2). Ғұзыхан ағамыздың айтуынша, бұл «Фатиха» сүресінің әбжадтық мәні (162). Тыныштық жағдайында, ойын басталмай тұрғанда тоғызқұмалақ ойыны кәдімгі «Фатиха» сүресі болып шығады. Ойынның сакралдығы, қасиеттілігі, тылсымдылығы осылайша, атойлап-ақ тұр емес пе?!

Қазір Ғұзыхан Ақпанбек жолын ұстанушылар шыға бастады.

Мен білсем, бұл жолға арамыздан бірінші болып түскен жоғарыда айтқан Еркетай Иманбаев болса керек. Ол кісі тоғызқұмалаққа иман тұрғысынан келеді. Осылайша, тоғызқұмалақ философиясынан тоғызқұмалақ пәлсапасына келіп отыр. Ырықсыз.

Сонда тоғызқұмалақ пәлсапасы дегеніміз не? Ол - сакралдық, әрине.

Тоғызқұмалақ ойыны да математикадан тұрады. Сакралды болғандықтан оған да әбжад есебін қолдануға болады.

hақ Тағаладан басқасының барлығының да жұбы бар. Ақ-қара, ұзын-қысқа, ыстық-суық дегендейін. Сандар да солай. Толықтыққа ұмтылады. 1 санының жұбы - 2. Ал 3 санының жұбы - 2 бола алмайды, оның жұптық (толықтық) саны - 4.

1 санынан басқасының бәрінде нәпсі жатады. 1-ді 1-ге көбейтсек те - 1! Олай болса, тақ сандардың барлығында да бір құпиялық бар. Тоғызқұмалақ та осы тақ және жұп сандардан тұрады.

Тоғызқұмалақты екі адам ойнайды. Ойын басталмай тұрғанда онда бәрі де сакралды. Отау саны да тақ, құмалақтар саны да тақ. Ойын басталған соң-ақ пенделік болмысымыз атойлап шығады. Біздер нәпсіміз арқылы толықтыққа ұмтыламыз. Біздер қайткен күнде 82 құмалақ алуға тырысамыз. Өйткені, бұл - жеңіс!

Ойын басталмай тұрғанда тараптарда - 81 құмалақ болады. Ойыншыға осы 81 құмалағын сақтап қалса болғаны!

Жеңу үшін қарсы жақтың 1 құмалағын ұтып алсаң жеткілікті.

Тоғызқұмалақ ойынының философиясы - 82.

Тоғызқұмалақ ойынының пәлсапасы -81.

Тоғызқұмалақ ойынының философиясы - жеңу (82).

Тоғызқұмалақ ойынының пәлсапасы - жеңілмеу (81).

Кез келген логикалық ойынның мақсаты - жеңу.

Тоғызқұмалақтың философиялық мәні де (мақсаты) - жеңу, қазандығындағы құмалақ санын 82-ге жеткізу.

Тоғызқұмалақтың пәлсапалық мәні (мақсаты) - жеңілмеу, алғашқы 81 құмалағын сақтап қалу.

Осыған орай онда басқа логикалық ойындарға қарағанда өзіндік ерекшеліктері бар. Оның ең бастысы - жемеу. Жемей-ақ діттеген мақсатқа жету.

Тоғызқұмалақта бұл жүрістер алыс-беріс аталып жүр. Тоғызқұмалақ ойынында оның көрінісі - тұздық пен атсырау. Ойыншылардың екеуіне де мұндай мүмкіндік берілген.

Осы екі мүмкіндік арқылы бастапқы құмалақ санын (81) сақтап қалуға болады.

Тоғызқұмалақ ойынының пәлсапасы дегеніміз, осы.

Ойынға қатысатын құмалақ саны - 162 (81+81). Бұл сакралдық сан (81).

9 отау бар, әр отауда 9 құмалақтан бар, ұзын саны - 81 (9 х 9). Тоғызқұмалақтың пәлсапалық мәні ойын басталмай тұрғандағы саны ойын аяқталғаннан кейін де өзгермеуі керек, яғни, ойынға 81 құмалақпен кіріп, ойыннан сол 81 құмалақпен шығу керек. Оған жетудің амалы -

атсырау мен тұздық. Ал алыстың (жеудің) бұл жердегі мәні толықтыққа ұмтылу ғана! Олай болса оныншы отау (тұздық) толықтық отауы болып шығады.

81 саны бұл жерде кемелдік саны болып табылады. Өйткені, ол 9 санының көбейтіндісінен (9 х 9) құралған.

Натурал сандардың кемелі - 9 саны және оның көбейтінділері. 9х9=81.

Нәтижесінің өзі кемел сан - 9 (8+1). 9х9ˣ9=729. Мұнда да екі тоғыз - (7+2) және 9. 9х9х9х9=6561. Мұнда да солай - 6+5+6+1=18 (екі тоғыз 18:2).

Ал тоғызқұмалақ ойынның философиясы дегеніміз не?!

Ол әу баста айтқандағымыздай, толықтыққа ұмтылу, яғни, тақ сандардың жұп сандарға ұмтылуы. Тоғызқұмалақ ойыны табиғаты осы - толықтыққа ұмтылуы. Тоғызқұмалақ ойыны жағдайында толық (жұп) сандар шабытты (табысты) жүріс болып есептеледі. Өйткені, осы жүрісі арқылы ойыншы өзінің қазандығындағы құмалақ санын еселейді, діттеген мақсатына жақындай түседі. Бар-жоғы қарсыласынан 1 құмалақ алса болғаны. Егер, өз құмалағымен қалған болса (81), онда ойын тең аяқталған болып есептеледі. Сондықтан, оған қайткен күнде 1 құмалақ артық алуға тура келеді. Отауларындағы 81 құмалақты толық қылғанда 82 (81+1) ғана мақсатына жетеді. Өйткені, 81 санының толықтық (жұптық) мәні - 82.Тоғызқұмалақ ойынының дүниеуи (пәнилік) сипаты осы. Ойынның толық және кемел түрінде ерекше бір күрделі айырмашылық жоқ. Ал ойынның кемел түрінде 81 құмалақ алса жеткілікті.

Е.Иманбаев 9 санын - адам дейді. Өйткені, адамның іш дүниесін бұл әлеммен байланыстыратын тесік саны - 9. Ауыз, көз, құлақ, тағы басқа тесіктер. Адам жанының болмыстық үштағаны - заттық, рухани, рухтық. Жанның әбжадтық мәні - 54. Осы жанның болмыстық мәні - 162 (54х3).

Демек, тоғызқұмалақтың әбжадтық мәні жанның заттық, рухани, рухтық мәндерінен тұрады.

Дененің әбжадтық мәні - 74.

Иманның әбжадтық мәні - 92.

Міне, Иманбаевтың иманы!

Ақылдың әбжадтық мәні - 200. Жанды жоғарыда айтқанбыз - 54. Екеуінің қосындысы 254-ті құрайды. Енді осыдан 92 (имандылық) алып тастасақ, 162 болады. Осыдан кейін тоғызқұмалақты қалайша имандылық ойыны демеске?! Олай болса тоғызқұмалақ иманды байытатын ойын болып шығады.

19 саны Құранның арқауы деп аталады. Бұл дүние 6 күнде жаралған.19 және 6 сандарының көбейтіндісі - 114. Бұл сан болса, қасиетті Құран Кәрімдегі сүрелер саны.

Жоғарыдағы адамға (9 тесік) байланысты мынаны айтар едік.

Жаратылыс бес тектен тұрады. Ауа, су дегендейін. Олардың тек құраушы сандары - 26 және 62 сандары. 26-ға 19-ды қоссақ 45 болады. Мұны да зерттеушілер адам деп қабылдайды. Өйткені, адам сөзінің әбжадтық мәні - 45. Ал 62-ге 19-ды қоссақ, 81 болады. Мұны Ғұзыхан ағамыз да, Еркетай ағамыз да толық адамға барар жол деп түсіндіреді. Себебі, толық адамның әбжадтық мәні — 92! '

Мұхаммед пайғамбарымыздың әбжадтық мәні - 92!

99 саны Алланың көркем есімдерінің жиынтық саны. Енді осыдан 18-ді (он сегіз мың ғалам) алсақ 81 шығады.

Айдың (нұр) әбжадтық мәні -11. Осы 92-ден 11-ді алсақ тағы да 81 шығады. Енді керісінше, жүріп көрелік.

Осы жерде еріксіз еске һәкім Абай түседі. Абай адамның өзін үшке бөліп қарайды. Пенде (пақыр), жартыкеш адам, толық адам деп.

Тоғызқұмалақтың ұзын саны - 81 (9х9). Енді оған нұр, жарық, қамар (ай) санын қосалық (11). Қосынды - 92 болады.

Олай болса тоғызқұмалақ ойыны иман (имандылық) ойыны болады.

Сонымен, мақаламыздың соңына да жеткен сындымыз. Бұрында өткен бабаларымыз бұл ойынды сакралдығын сақтап ойнаған сынды, яғни, ойынды 81 құмалақпен бастап, 81 құмалақпен аяқтаған. Бұл кемелдік ойыны болса керек. Ал ойынды 81 құмалақпен бастап, 82 құмалақпен аяқтау - бұл тоғызқұмалақ ойынының толықтық (табиғи) сипаты, яғни, тақтық қашанда жұптыққа ұмтылады.

Біз қазір осы кейінгісін ойнап жүрміз. Бәлкім, бабаларымыздын әу бастағы ойынын жаңғыртармыз?! Бастапқысын - бақи, кейінгісін - пәни деп те атауға болар еді. Тоғызқұмалақ ойынының бұл екі түрінің де дербес өмір сүруіне толық құқы бар деп білеміз.

II. ТҰЗДЫҚ

Жалпы, ми, интеллектуалды ойындар арасында тоғызқұмалақ ойыны ерекше орында тұр. Қырғыз бен қазақ баласы иемденіп жүрген бұл ойынды қазір төрткүл дүние жұртшылығы ойнай бастады.

Бұл қатардағы мангала, овари, калах, тағы басқа түрлері қалың жұртшылыққа кеңінен танымал. Әлемдік деңгейде түрлі жарыстар өтіп тұрады.

Бұл ойындардан тоғызқұмалақтың атап өтер ерекшелігі - тұздығының барлығы. Осы тұздық оны шахматтан ерекшелендіреді. Шахматта да, тоғызқұмалақта да табысты жүріс жасау (жеу) міндетті емес. Мұнан басқа тоғызқұмалақта - атсырау бар.

Шахматта жемей, не жеп мат қою мақсаты тұрса, тоғызқұмалақта бұл өзгешерек. Табысты жүрістен тыс атсырауды да үнемі ойлап отыру керек болады. Одан қалды тұздық алуды әсте есте ұстау қажеттігі туындайды. Шахматта бәрін бір жүріспен шешуге болады. Тоғызқұмалақта ойын тағдырын бір тас (құмалақ) шешеді.

Тұздық табиғаты ашылып болды деп айта алмаймыз. Аттас отаулардан тұздық алмау, тоғызыншы отауға тұздық салмау сынды шектеу ережелері кімді де болса ойландырса керек.

Бүгінде тоғызқұмалақты Абай һәкім ойнады деп жазып та, айтып та жүрміз. Бізде Қаздауысты Қазыбек бабамыз тоғызқұмалақ ойнаған деген де әңгіме бар. Ресейде шахмат мектеп бағдарламасына енген. Басқа да интеллектуалды ойындар көптеген елдің мектеп бағдарламасына еніп жатыр.

Бізде ғана мұндай бағдарлама жоқ. Әлде тоғызқұмалағымыз интеллектуалды ойындар қатарына жатпай ма?!

Осы жолда шыр-пыр болып жүрген бір адам бар десе, оны Еркетай Иманбаев ағамыз деп білем. Бізді жақындастырған, негізінен, руханият-ау деп ойлаймын. Руханияттың астарында математиканың жатқаны жақсы мәлім.

Еркетай Әрінұлының оқыған оқуы қолданбалы математика еді. Қазақ политехникалық институтының автоматика және есептеу техникасы факультеті болатын. Ағамызды оқытқан Гульницкий, Рақышевтен біз де дәріс алғанбыз. Жалпы, бұл факультетте медальшылар ғана оқитын. Солардың қатарында Ерекең де институтты қызыл дипломмен бітіріп шығады.

Соған орай Алматыда қалдырылады. Қазақ ССР Ғылым академиясының Тау-кен институтына аға инженер болып қабылданады. Ел оған болашақ академик ретінде қарай бастайды. Өйткені ол институтта жүріп тау-кен ісіне математиканы алып келеді. Сол ісін аяқтай алмайды. Басты себеп отбасылық жағдай еді. Амалсыздан туған Қызылордасына қайтып оралады. Мұнда қызмет ұсынып кім күтіп отырғандай еді. Оның үстіне мұнда тау-кен институтының иісі де жоқ. Есесіне мұнда политехникум бар. Соған оқытушы болып орналасады. Ауылда жатып та ғылымнан қол үзбейді. Бүкілодақтық ауыл шаруашылығын электрлендіру ғылыми-зерттеу институтының аспирантурасында оқиды.

Осында жүріп бірқатар өнертапқыштық ұсыныстар енгізеді. Техникумда «Ақылды автоматика» лабораториясын жабдықтайды, дауыстан электр тізбегін ажырататын, қосатын электронды қондырғылар, айналмалы оқу тақтасы, электрондық қауіпсіз құралдарын ойлап тауып, іске қосады. Алайда осының бірде біреуі жүрегіне тыншу әкелмейді. Сол жылдары қазақтың ұлттық ойыны тоғызқұмалақпен шындап шұғылда-

на бастайды. Қанша дегенмен, математик емес пе, оның негізін сандардан іздеуге талпыныс жасайды.

Еркетай аға үлкен тоғызқұмалаққа осылайша келеді. Келгенде жаттықтырушы болады. Тоғызқұмалақ елде әлі өріс ала қоймаған кез. Р.Кәрімбаев, Ә.Акшораев, С.Тілеубаев, Ж.Тұрғанбаев және басқалары етпетінен жатып қалған тоғызқұмалақ ойынының бойын қалай тіктейміз деп жан ұшырған шақ. Міне, осы тұста елге Еркетай аға есімі біліне бастады.

1997 жылы алғаш рет Қызылорда топырағында ел көлемінде Елбасы атындағы жарысты ұйымдастыруға қол жеткізді. Мұның өзі киелі ойынымыздың жаңа өріс алуына жол ашты. Ал 2009 жылы тікелей эфир арқылы Елбасымызға тоғызқұмалақты дамыту бойынша сауал тастап, пікір бөлісті.

Өзі болса іскер басшыны іздеді. Тоғызқұмалақ ойынын өрістетін. Соны тапқан сынды. Қазақ руханиятының тағы бір жанашыры Әлихан Байменовты іздеп барып, тоғызқұмалақ федерациясының тізгінін ұстауды ұсынған. Әлекеңнің де математикаға қатысы бар, ол кісінің де политехникалық білімі бар болатын. «Неге мені іздеп келдіңіз?» дегенде «Сізде тоғызқұмалақшылардың ойлау жүйесі бар» деген. «Ол қандай жүйе?» дегенде «Абайдың ойлау жүйесі» деген. Бәрін осы бір ауыз сөз шешкен. Бүгінде Әлихан Мұхамедияұлы халықаралық тоғызқұмалақ федерациясын басқарады. Тоғызқұмалағымыз осылайша жаңа өріс алған еді.

Ағамыз осы екі арада жиырма төрт спорт шеберін, оның ішінде төрт халықаралық дәрежедегі спорт шеберін, Әсел Далиева, Кәкімжан Елеусінов сынды әлем чемпиондарын шыңдады. Осыған орай бір әріптесімнің ол кісіге «әлем чемпиондарын қалай дайындайсыз» деп сауал тастағаны есімде қалыпты. Сондағы Еркетай ағаның «мен адам тәрбиелеймін» деген жауабы әркімді ойлантса керек. Өйткені тоғызқұмалақ адам тәрбиелеудің таптырмас құралы.

Сөйтіп жүріп те, ғылыми жұмыстарын тоқтатқан жоқ. Жұртшылыққа тоғызқұмалақтың көрнекі тақтасын ұсынды. Мұнан сырт екі патентке ие болды. Төрт кітапша жазып тастады. Ең бастысы, «Тоғызқұмалақ ойынының философиясы» атты ағылшын, орыс, қазақ тілдерінде ғылыми еңбек түзді. Кейінгісін тоғызқұмалақ ойынының жаңа тарихи беті деп білеміз.

Тоғызқұмалақ ойынының философиясын әбжадпен беру бұл барып тұрған көзсіз ерлік. Сол ерлік Еркетай Әлкенұлының қолынан келді.

Асыл аға жетпіс деген белесіне осындай жетістіктерімен келіп жатыр. Бір басына жетерлік «ҚР Еңбек сіңірген жаттықтырушысы»,

«ҚР Құрметті спорт қайраткері», ҚР Білім беру ісінің үздігі», «ҚР Ұлттық дәрежедегі төреші» сынды спорттық атақтары бар. Басқа да марапаттары баршылық.

Тоғызқұмалақ ойынының көркі - тұздығы. Мен үшін де Еркетай аға осы тұздық сияқты. Мен ол кісіні басқаша елестете алмаймын.

Бесінші жазба
ҚАЗАҚ ҚАЛАЙ ТҮСТЕЙДІ?

Барша түстің негізін қызыл, сары, көк түс құрайды. Жетпейтін түсті осы үш түстің қосындылары арқылы алуға болады.

Егер қызыл мен сары бояуды араластырсақ ол қызғылт сары болып шығады.

Сары мен көк бояуды өзара араластырсақ онда жасыл болып шығады.

Көк пен қызылды араластырсақ онда сиякөк бояу пайда болады.

Мұнымен қатар түссіз бояулар бар екендігін де ұмытпайық.

Олар: ақ, сұр, қара.

Түстер жылы және суық деп бөлінеді.

Жылы түстерге сары, қызыл, қызғылт сары, қоңыр бояулар жатады.

Ал көк, күлгін, сиякөк, көгілдір жасыл түстер суық түстер болып табылады.

Мысалы, күн - жылы түс, көк (аспан) - суық түс.

Ағырақ - солғын ақ түс.

Ақ - таза ақ түс.

Ақжал - түр-түсі құлаға ұқсас болғанымен сирақтары мен жал-құйрығы бозғылт немесе боз түс/ті жылқы

Ақтау - ағы байқалатын түс.

Ақшыл - ағы басым аралас түстің өтпелісі.

Ала - ақ пен қара түстің қайталап келуі, түгінің арасында ақ жүнді дағы бар/жылқы.

Алабай - қанық ала түс.

Бай сөзі қанық, көп деген ұғымды береді. Салыстырыңыз: тоғызқұмалақта тасы көп ұяны бай дейді.

Алапес - ойдым-ойдым ақтаңдағы бар түс.

Албыр - қызылы айқын өтпелі түс.

Алқызыл - қанық бояулы қызыл түс.

Алтайы - қызыл түстің құлпырып тұратын өтпелі түсі. Салыстырыңыз: алтайы түлкі.

Ашаң - ағы анық түс.

Ашаң адам дейміз. Таза қоңыр емес деген сөз.

Әз - таза ақ түс.

Салыстырыңыз: әз адам - соқыр/басыр адам.

Әппақ - таза ақ түс.

Байбөрі - қанық сұр (бөрі).

Байқасқа - қанық қасқа.

Байкөк - қанық көк.

Байқара - қанық қара.

Байқоңыр - қанық қоңыр.

Байсары - қанық сары.

Байторы - қанық торы.

Байшұбар - қанық шұбар.

Баран - қара.

Негізінен жылқыға қаратылып айтылады. Салыстырыңыз: Барнауыл/Баранауыл.

Боз - жылқының таза ақ түстісі.

Бозала - айналаны ажыратуға болатын мезгілдегі түс.

Әдетте бозала таң деп жатамыз. Бұл таң атып келе жатқан мезгіл.

Бозаң - таза ақ емес түс.

Бозғылт - ағы айқын түс.

Бөрте /бурыл, тарғыл/ - қанық өтпелі түстің реңкі.

Салыстырыңыз: бөрте ешкі /бурыл байтал, тарғыл сиыр/.

Бурыл /бөрте, тарғыл/ - қанық өтпелі түстің реңкі. Салыстырыңыз: бурыл байтал /тарғыл сиыр, бөрте ешкі/.

Жасыл - сары мен көк түстің қоспасы.

Жасылдау - сары түстің аздығы бар түс.

Жасылырақ - көк түсі басым жасыл түс.

Жап-жасыл - жасыл түстің қанығы.

Жирен - сыртқы қылшық түрлері бірыңғай сарғыш немесе қызыл/ы/жылқы.

Жолай - қара және ақ түстерінің өрнекте қатар келіп отыруы.

Көгілдір - көкшіл түс, ашаң көк.

Көгілжім - көк аралас түс.

Көгірек - көгі басым түс.

Көк - түгі шымқай көк, көкшіл қылшық/ты жылқы.

Көкшіл - көгі басым түс.

Көкпеңкөк - көк түстің қанығы.

Күлгін - негізгі түстердің бірі болғанымен табиғатта сирек кездеседі.

Күрең - жалпы түсі қызыл болып келетін/жылқы.

Күп-күрең - күрең түстің қанығы.

Қара - сырт түгі түбіне дейін шымқай қара/жылқы.

Қаракөк - сыртқы түгі қарақошқыл келетін/жылқы.

Қаралжық - қарасы басым ағы аралас түс реңкі. Салыстырыңыз: қаралжық түлкі.

Қармалжық - көк қылшық араласқан түлкі, қарасы.

(«Қара түлкі қармылжық,

Қас сыпайы киген жұрт».

Бұқар жырау, 98 бет.)

Қоңыр - жасыл мен қызыл түстің немесе қызғылттың сұр немесе көкпен қосылысы болып табылатын түс. Бұл түс табиғатта сирек кездеседі.

Қоңырлық - қоңырын жоғалтпаған аралас түс.

Қоп-қоңыр - қоңыр түстің қанығы.

Құла - басы мен денесі жылтыр сары, арқасынан құйрығына дейін қара жолақты/жылқы.

Құрымсары - сары реңкі қарамен астасып келген/жылқы.

Қызғылт - қызыл емес, бірақ соған жақын өтпелі түс.

Қызғылтым - әлі қызыл да емес, қызғылт та емес түс реңкі.

Қызыл - негізгі төрт түстің бірі.

Қызылкөк - жалпы түсі көк болып келгенімен қылшықтарының түсі қызылға ұласатын/жылқы.

Қызылдық - қызыл түстің ең солғыны.

Қызылша - қызылы айқын түс.

Қылаң - ақшыл түс.

Қып-қызыл - қызыл түстің қанығы.

Сап-сары - сары түстің қанығы.

Саралжық - сары түстің қызыл түспен араласып келуі.

Салыстырыңыз: саралжық түлкі.

Сарғылт - сары емес, соған жақын өтпелі түс.

Сарғылтым - сары да емес, сарғылт та емес түс реңкі.

Сарғыш - сарысы солғын түс.

Сары - сыртқы түгі бірыңғай сары келетін/жылқы.

Сарша - сарысы кете бастаған түс. Салыстырыңыз: сарша түс.

Сарыала - басым түсі сары, аралас түс. Салыстырыңыз: сарыала қаз.

Сұп-сұр - сұр түстің қанығы.

Сұр - жалпы түгі көкшілдеу келетін/жылқы.

Сұрғылттау - көкшіл түкке ақ араласқан түс/жылқы.

Сұржекей - сұры жолақ болып келетін/жылқы.

Сұркөжек - көкке қарасы араласқан көжек түсі.

Сұрқай - таза сұр түс.

Сұрша - бет ажарының қызылы жоқ, көкке барып ұласатын түс. Салыстырыңыз: сұрша қыз.

Тарғыл /бөрте, бурыл/ - қанық өтпелі түстің реңкі.

Салыстырыңыз: тарғыл сиыр /бурыл байтал, бөрте ешкі/.

Торы - тобылғы түстес, жал-құйрығы, сирақтары қарақошқыл/жылқы.

Шабдар - сырт түгі ақшыл сары, жалы бурыл, ақ пен қарасы араласып келген/жылқы.

Шикілсары - ағы басым сары түстің реңкі.

Әдетте адамға қаратып айтады.

Шұбар - майда теңбілді, қылшығы ақ түсті келетін/жылқы.

Шұбарала - шұбардың аласы.

Жапон жұрты қырық тұсті айырады дейді. Оларын даңғазы қылады. Қазақ баласы негізгі төрт түстің қырық реңкін жазбай таниды. Одан сырт өтпелі түстер қаншама?! Қазақ бір түстің өзін әртүрлі атайды. Мәселен, бурыл байтал, тарғыл сиыр, бөрте ешкі. Өкіншітісі, осы түстердің өзін екшеусіз пайдаланамыз. Мәселен, бурыл сиыр деп айтып қоймай, жазып та жүрміз. Тарғыл ешкіге құлағымыз үйренген. Бара-бара жылқы баласын да бөрте байтал, болмаса тарғыл сойтал деп жүрмесек болды.

Алтыншы жазба
СОҚЫРҒА БАРСАМ ЖЫЛАҒЫМ КЕЛЕДІ

Мұрынға су жетпей тұрған заман туып тұр-ау.

- Қайда бара жатырсың?
- Құдайы дәмге...
- Қайдан келе жатырсың?
- Құдайы дәмнен...

Бүгінде не көп - құдайы дәмдер көп. Далада да, қалада да. Біреуінің қырқы, біреуінің жүзі, біреуінің жылы дегендейін. Одан қалды марқұмның қайтқанына он жыл болды деп, не жиырма жыл болды деп хатым құран түсіріп шақырып жатады. Амалдың жоқтығынан алақан жаюшылардың ішінде отырасың.

Сондай отырыстың бірінде көпей шалдардың бірі:

- Соқырға барсам өлгім келеді, - дегені.

Құран оқылып кетіп, әлгі әңгіме аяқсыз қалған еді. Оның мәнісін жақында ғана түсіндім.

Қарағандының үстімен Соқыр деген өзен ағады. Жылап ағатын өзендердің бірі. Ерекшелейтіндей алып бара жатқан ештеңесі жоқ. Сол өзеннің бойында қаракесек Жалаңтөс батыр жатыр. Ол бабамызды да ел соқыр деп біледі. Көзіне найза қадалғанда мына шөңге қайдан жабысып жүр деп алып тастаған ғой. Содан Соқыр батыр атанған. Сол Соқыр жатқан жерді ел қабірстан қылып алды. Қазір ел Соқыр деп Қарағандының қабірстанын біледі. Бүгінде екінің бірі оң жаққа сұлағанын сол Соқырға ала жөнеледі.

Жазушы Дәулет Таңатұлы екеуміз бір ауылдан едік, іні болып келетін. Бір жағынан дос та едік. Бала-шағасы бақилық болғанына он жыл болды деп құдайы берді. Қой, артында қалған тірлігімді білдірейін деп мен де Соқырды бетке алғам. Содан жарты күнімді марқұмның мазарын іздеумен өткіздім. Соқыр жарықтық өскен екен. Қала қалай өсіп жатса қабірстанымыз да солай өсіп жатыр екен. Тіпті, қаладан да әдемі болып барады екен. Қабірстан деуге аузың бармайды. Балқаштың балуан тасынан, Баянауылдың жасыланынан, Ресейдің қызыл кірпішінен бой көтерген мазарлар көз майыңды суырады. Басындағы көгілдір келген күмбездері анадайдан мен мұндалап айқайлап тұрады. Ондай күмбездер әрі-беріден кейін мешітіміздің ұшарына да бұйыра бермеген.

Осы тұста әлгі ақи шалдың Соқырға барсам өлгім келеді деген сөзі есіме түссін. Мұндайда не айтуға болады? Мүмкіндігінше ештеңе айтып керегі жоқ. Айтпасқа тағы болмайды.

Біз өзі әу бастан әсершіл, бәсекешіл, замана көшінен қалып қалмауға тырысқан халықпыз. Біреу бақа бағып жатыр десе жата алмаймыз. Ол шөл бақасын бағып жатса, біз неге көл бақасын бақпаймыз деп шыға келеміз. Сол бәсекешілдігіміз осы қабірстанда айқайлап-ақ тұр. Жасыратыны жоқ, кейінгі бой түзген мазарлар ерекше бір талғаммен, барынша ойластырылып салынған екен. Сондағы қабіршілерден жөн сұрадық:

- Мұндай құрылысты жылдап салады, аға, - деп қарап тұр.

Болса болар деп әлгі мазарлардан көз ала алсамшы. Іштей әлгі ақи шалдың сөзінің жаны бар екен деп қоямын.

Дәулетке барып тұрып кешегі өзіме қалам ұстауды үйреткен Рымқұл Сүлейменов, Кәрім Сауғабай, Жамбыл Ақылбаев сынды ағаларымның басына соқпағаным қалай болар екен деп қалған жарты күнімді де өткіздім. Күні кеше ғана өз қолымызбен қара жерге беріп едік, енді соны таба алмай жүргеніміздің жөні болсын?

Турасын айтайық, тірінің қадіріне жетпегеніміз аздай, өліміздің де қадіріне жете алмай отырған жайымыз бар екен. Қабірстан екіге бөлініп қалыпты. Бірі жатаған зираттар да, екіншісі ҮІР мазарлар. Бірі шөл де, бірі шұрат. Алдыңғыларында құлпытастан басқа ештеңесі жоқ, кейінгілерінде зәйтүн ағашына дейін өсіп тұр. Ойлап отырсаң пантеонға айнала бастағандай-ау. Өйткені, кейінгілерінде кісі бойы қоладан құйылған

қола ескерткіштері тұр. Белден тұрған мүсіндіктері де жетеді. Қалай десек те алдары бос емес. Тұтастай галерея жасаған мазарлар да бар екен.

Осында шырақшы болып жүрген шалды сөзге тарттық. Ол шалдың да іші шеменге толған екен.

- Бұл қабірстан емес, құрылыс алаңы, - дейді әлгі кейқуатымыз, - қалай қара жер көрінеді солай тракторлар, крандар, қилы техникалар ағыла бастайды, содан қыс түскенше ырыл-дырыл бір тоқтамайды, ол аздайын әлгі құрылысшылар музыкасыз жұмыс істей алмайды білем, ала жаздай радиолары сұңқылдайды да тұрады...

Айтары жоқ, УІР мазарларға жарық та жеткізіліп қойыпты. Ыдысыңыз табылып жатса шай қойып та ішуге болады.

Абыз деуге келетін талай құйқалы қызметтің тізгінін ұстаған ағамыз өтті дүниеден. Тіршілікте ағамыз болып еді, асыл ағаға соңғы қызметімізді көрсетейік деп біздер де бардық. Жалынды большевик, партияшыл қайраткер болатын. Қарағандының әкімдері осындағы Ленин ескерткішін аламыз деп трактор жібергенде соның жолында осы ағамыз кесе көлденең жатып алған еді. Қалай дегенде де оған түсініспікпен қарадық. Қазіргі партияшылдарымызға осы қасиет жетіспей тұр-ау. Сол кісі бақиға озарында мені партбилетіммен көміңдер, митингілеп, кеңесше қойыңдар деп өсиеттепті. Сол кісінің бақилық сапарына қатысып, құрметімді білдірейін деп барғам.

Брежневтің жерлеуінен бір де кем болған жоқ. Зеңбірек атпағаны болмаса, бәрі де болды. Қаланың орталық театрларының біріне мәрмәр табытын қойды. Қарларына қызыл таспашалар іліп, кезекшілер жүрді.

Облыс басшылары да, КПСС-тің қазіргі мүшелері де құрметті қарауылда тұрды. Содан сөз сөйлеу басталды. Елағалары сөз сөйлеудің кезегіне тұрды. Бірінен бірі асып, мақтап жатыр, мадақтап-ақ жатыр.

Жаназасын қашан шығарады деп жалпақ жұрт тұр. Кенет еңселі, қарулы келген алты жігіт табытты иыққа салып ала жөнелсін.

Сол қаралы шеруден жер болып қайтқан едім. Елағалары болып жүрген ағаларыма өкпем қара қазандай еді. Партбилеті құрысын, ең құрығанда табыттан арашалап ала алмады-ау. Әлде айтқылары келмеді ме?! Әлде өздерінің де бұл өмірден солай өтпек ниеттері болды ма?!

- «Мұсылманша жерге берейік», - деген...

Тағы бір бауырымыз опат болған. Опат болғанда өз өзіне қол салған. Полигоннан. Тура көрініп тұрған ауруы болмаған. Сол баланың бакилығы біраз әңгіме болсын. Мұсылман қабірстанына жерлеуге болмайды деп біреулер көңірсіген. Тіпті, жаназасын шығаруға болмайды дегенге дейін барғандар болды. Соның бәрін Балақажы мешітінің имамы тыйып тастаған. Соның барлығын имамның бір-ақ ауыз сөзі шешкен:

- Бәрі де полигонның салдары...

Кімнің қалай қабылдағанын қайдам, ал өзім тура қабылдадым.

Семей полигонының жабылғанына ширек ғасыр болды деп күмпілдеп жүрміз. Ал оның қаншаға созыларын ойластырушылар бар ма өзі? Өмірге мутант ұрпақтар енді келе бастады. Өзіне-өзі қол салушылар соның белгісі. Олардың бұл өмірде көрген қызығы шамалы. Сол кәріптерді мұсылмандар қабірстанынан шығарып тастағанымыздың өзі мұсылманшылық па?

Қазір ата-аналар күні дегенді шығарып алдық. Кеңес кезінен ауысқан дәстүр деп мән беріңкіремегенімізбен сол дәстүр орныгып та алғандай. Қалай мамыр айы туады, солай шелпегін алып ел Соқырға тартады. Ал мамыр айындағы Соқырдың жолы милығып жатады. Сонан жұрт батпақтап, барар жеріне әзер жетеді. Қайтарында тағы да сондай машақатқа ұшырайды. Қабірстаннан солайша ренішпен қайтады. Шын мәнінде қабірстан рухани тазалық орны болып табылмай ма?!

Қай жерде болсын ардагерлер кеңесі деген бар. Аудандық, қалалық, облыстық... Солардың бірінің де қабірстанмен жұмысы болмағаны ма?! Олардың жайы белгілі. Тойдан қайтып бара жатқандар.. .Олай бола, барар жерлерінен хабардар болып отырмайтыны қалай?! Мешіттегілерге барып айтсаң олар да бастарын ала қашады. Біздің жұмысымыз емес деп. Егесі бар деп...

Сондағы егеміз кім? Жердің егесі ме, қабірстанның егесі ме?!

Мен білсем, жердің иесі бір басқа да, қабірстанның иесі бір басқа болуы керек. Ие жоқ деген бос сөз. Бірақ көрінбейтін ие. Өйтетіні сырттан қарауылдап отырған жайлары бар. Қазған жеріне ақша төлесең болды. Қалай қазды? Онда шаруаң болмасын. Кім қазды? Онда да шаруаң жоқ... Қазір қабірді трактормен қазатынды шығарды. Бұған не деуіміз керек?

Бұрындары қабіршілер болушы еді. Оның өзінде мұсылман болушы еді. Сол кісілер қандай жағдайда болсын қабірді қолмен (күрекпен, қайламен) қазатын. Енді не болды?

Қабір қазғаннан шығады. Мұндағы қабіршілердің мұрнына су жетпей жатады. Қашан барсаң қабір қазып жатқан үстінен шығасың. Олардың далдалап, ел көзінен жасырған болады. Бұл тірлігіміздің хұкімін кім айтады? Сау жүрген адамға қабір қазып қойғанымыз қалай?

Өздері қабір деген сөзді ауызға алмайды. Құдық дейді. Одан бір нәрсе өзгеріп кетпейді ғой. Мұнан өткен кандай надандық болуы мүмкін?!

Абай һәкімге сенсек, бір надандықгы екінші надандық тудырады. Оның мысалы осы қабірстанда жыртылып-айырылады.

Бұрынғы өткен бабаларымыз мәйітті қара жерге қалай болсын солай бере қоймайтын. Құмды ма, тастақты ма, дымды ма деп топырағына зер салушы еді. Қазіргілерде соның бірі жоқ.

Сорақысы қабірлердің бәрі бірдей. Екі метрден қазады да тастайды. Ер ме, әйел ме - бәрібір. Ер адамның ұяты белден. Оның құдығын сол

белінен асырмайтын. Әйел баланың ұяты кеудеден. Олардың құдығын омыраудан асырмас еді. Дүниеден кім кетіп бара жатқанын сол құдығына қарап біле беруші еді. Қазіргі құдықты айырып білу мүмкін емес. Қыз баланың ұяты шашынан. Демек қыз баланың құдығы кісі бойы. Бізде осының бірі жоқ.

Білмей тұрып істесек бір басқа. Бәрін біліп тұрып істейміз ғой. Бүгінде мәйіттің жаназасын оқыған молданың бейіт басына міндетті түрде баратыны белгілі. Қыздың құдығына түсіп бара жатқан еркектің мәйітін көріп тұрып неге үндемейді? Сол бейіт басына жиналғандар ішінде ел зиялылары да, ел ағалары да қосарланып жүреді. Олар неге үндемейді? Ертең өздерінің де солай көмілетініне көздері жетпей ме?

Аруақ дегенде тік көтерілетініміз бар. Ал сол аруақты қара жерге қоршылықпен беретініміз қалай? Бұрынғы бабаларымыз аруақ атады деп күңіренуші еді. Қазіргілер аруақ жарылқайды деп күмпілдейді.

Жақында тағы да Соқырға бардым. Пенделерден жасыған рухымды аруақтарға құран оқып шығыңтырып қайтайын деп.

Жолымды тағы да сол қабіршілер кес-кестей берген.

- Не істеп жатырсындар?

- Шұқыр қазып... - деп күмілжиді көзтаныс болып қалған қабіршілер.

- Тірліктерің құрысын...

- Неге, аға?..

Енді өзім үндемей қалдым. Олардың.да түсінгім келген.

Қайтса - құдық.

Қайтпаса - шұңқыр.

Бұл олардың өмірлік ұстанымына айналған. Тіршіліктен түзген пәлсапалары. Өкініштісі, надандықтың иісі бұрқырап тұр еді...

Жетінші жазба
ҚАЗАҚТЫҢ ЖАҢА ЖЫЛЫ

I. АЛЫС ТА ЖАҚЫН НАУРЫЗ

Еліміз 1991 жылдан бері наурыз мейрамын тойлап келеді. 2009 жылдан наурыздың 21, 22, 23 күндері Наурыз мейрамы деп жарияланды. Іле-шала ЮНЕСКО Наурыз мейрамын материалдық емес құндылықтар тізіміне енгізді. Ал 2010 жылы БҰҰ Наурыз мейрамын ресми түрде 21 наурыз күніне белгілеп, Халықаралық Наурыз күні деп жариялады.

Сонымен Наурызды тойлап келеміз...

Қалай тойлап келеміз?..

Жасыратын ештеңесі жоқ, айтуын айтып алып, айтқанымызды жұтып, өзімізді де, өзгені де ыңғайсыз жайға қалдырған жайларымыз аз болған жоқ. Басқа жерді айтпағанның өзінде осы Арқа өңірінде Наурыз мейрамын қилыша тойлап келдік. Жылымықты тосатын болдық. Соған орай 22 наурыздан басталған тойымыз Арқа төсінде наурызда да, сәуір де, мамырда да тойланып жатты. Үш күнге белгіленген мейрамымыз солайша үш ай бойы тойланатын болды. Сөйтіп, қолымыз той тойлаудан босамады. Елді де, өзімізді де мезі қылдық. Наурыз мейрамына деген құрметіміз солайынша кеміп жатты.

Содан да бүгінде қарапайым тұрғындардан бастап министрімізге дейін Наурыз мейрамын жаңаша тойлау форматын ұсынып жатыр.

Әрине, бұрынғы жосығымызды жоққа шығарып, ұшпаққа шығамыз десек бұл да надандығымыздың бір белгісі болар еді. Дегенмен ертеңгі күнге құр қол баруға да болмайды.

Біз өзі әсіре әсершіл халықпыз ғой. Онымыз, әрине, кеңістік-Дала баласына жарасымды. Алайда арнамыздан асып-тасып жататынымыз бар. Мәшекеңше айтсақ, жиегімізде тұрмаймыз.

Сондағы тапқан сөзіміз әз сөзі болды. Жер-көктің бәрін Әз-Наурыз деген жарнамалар жаулап алып жатты. Оған құлағымыздың үйренгені соншалық Наурыз десек есімізге еріксіз эзі қоса түседі. Шын мәнінде әз деген сөз соқыр, ақ деген мағынаны береді. Дұрысырағы, көзінің қарасы кетіп, ағы қалған адамды эз адам деген. Мәселен Әз Жәнібек, Әз Тәуке сондай адамдар болған. Өкініштісі, жазармандарымыз әз сөзін әскери шен деп түсініп, елді адастыруға себеп болды.

Тағы бір шегіншек түсінігіміз Наурыз мейрамын діни мереке қылып алдық. Қайда барсақ та дастарқан басында сәлдесін қоқайтып молдаларымыз отыратын болды. Аузымыз қисаймай біздің той, Шығыстың тойы дейтінді шығардық.

Шын мәнінде Наурыз өмір сүру ұстынымыз!

Бұл жалпы адамзаттық ұстын!

Оны қазаққа, болмаса өзбекке телу, болмаса түрікке, парсыға телу асылық. Бұл адамзатпен қоса жасасып келе жатқан мейрам. Керек десеңіз Наурыз мерекесі он сегізінші ғасырға дейін Ежелгі Грекияда, Ежелгі Римде, Ұлыбританияда аталып өтіліп, 1700 жылға дейін ежелгі Русьте тойланып келген деген дерек те бар. Көктем мерекесі туралы мәліметтер антикалық және орта ғасырлық жазушылардың еңбектерінде де кездеседі екен.

Араға үш ғасыр уақыт түскенде Наурыз мейрамының бірізділіктен ажырап, қилы сипат алуы неліктен?

Қазақы ұғымда бұл көктем мерекесі, жуанның жіңішкерген тұсы. Жағырапиялық тұрғыдан келсек мұнымыз өзімізге жөн болғанымен, басқа ендіктер мен белдеулерде басқа маусымдар жүріп жатады ғой.

Бабаларымыз наурызды қызылбастың наурызы деп жатады. Қызылбасымыз парсы жұрағаты. Мұнымызды тарихи жәдігерлеріміз де қуаттайды. Нау деген парсыша жаңа деген мағынаны береді. Латынның ноесі, немістің нойе-сі, орыстың ново-сы осы нау-дан шыққан.

Руз да парсы сөзі. Күн деген мағынаны береді. Сонда Наурыз сөзі Жаңа күн деген мағынаны береді. Демек, Наурыз деген сөз Жаңа күн деген сөз екен! Жаңа жыл деген сөз емес!

Сонда жұртымыздың Наурызды Жаңа жыл деп тойлап отырғанын қайда қоямыз?!

Адамзаттық күнтізбенің шәмси және қамар жүйесімен есептелгені белгілі. Алайда құдайәлпеттес, аллаәлпеттестердің күштеп таңуымен күнтізбе есебінен жаңылдық. Біздің желтоқсанымыз қазіргі жалпы өркениетте декабрь/децембер деп қабылданған. Күнтізбеге он екінші ай болып кірген. Алайда дека деген латынша он деген мағынаны береді ғой. Олай болса жыл григориан күнтізбесі бойынша декабрьде-оныншы айда біткенімен астрономиялық санау бойынша ақпан айымен бітеді.

Олай болса Жыл басы Наурыз айымен бірге кіру керек еді ғой.

Олай болса Жыл басы Бірінші Наурыз ғой!

Алайда Жылдың бізде, басқа да елдерде 21-і, болмаса 22 наурызда тойланатыны қалай?

22 наурыз күні түн мен күннің теңелетіні белгілі. Мұнан былай түн қысқарып, күн ұзара беретін болады. Ендеше бұл Жыл мерекесі емес, Күн мерекесі.

Күн ең алдымен сайран болса, соңынан - от!

Бұл Күн мерекесі!

Бұл От мерекесі!

Әбу Райхан Бируни, Омар hайям тәрізді әлем таныған тарихи тұлғалардың еңбектеріндегі Шығыс халықтарының Наурыз мейрамын қалай тойлағаны туралы деректерінде парсы тілдес жұрт Наурызды бірнеше күн тойлаған. Олар Наурыз күндерінде әр жерден от жағып, отқа май құйған. Жаңа өнген жеті дәнге қарап болашақты болжаған. Жеті, ақ кесемен дәстүрлі ұлттық көже «сумалық» ұсынған. Ескі киімдерін тастаған. Ескірген шыны аяқты сындырған. Бір-біріне гүл сыйлаған. Үйлерінің қабырғасына дөңгелек ою - «күн символын» салған. Үйлеріндегі тіреу, ағашқа гүл ілген. Жамбы ату тәрізді түрлі жарыстар өткізген. Бұл күні кәрі-жас мәз болып, бір-біріне жақсы тілектер айтқан, араздаспаған. От деген - өмір! От деген - жылымық! От деген - көк!

Ең соңында от деген - аластау!

Терістіктің бәрін отпен аластаған!

Сөйтіп жаңарған!

Ал Наурыз мерекесін бабаларымыз наурыз айының он төртінде атап өтіп отырған. Өйткені бұл күні көктем кіреді. Өйткені бұл күні Арқада наурызек торғай су ішеді. Мұны Арқа жұрты мейрам суы дейді.

Мейрам суы дегеніміз - тірі су. Мұны ғылымымыз да қуаттайды.

Бұл мерекеміз еліміздің батысында көрісу күні деп аталып жүр. Сол көрісу күні наурызға жалғасқан. Ата-бабаларымыз Наурыз мейрамын қазіргідей үш күн емес, солайша бір апта тойлаған.

Тойлағанда дастарқан басынан тұрмады деген сөз емес. Қыс ішінде қатыса алмаған алыс-жақынның аманшылығын білген, адамы опат болған отбасылардың үйіне барып бата жасаған.

Күнесіген қарияларын күн көзіне шығарған.

Малдың да, жанның да бауыр етінің екі есеге дейін ұлғаятын кезі осы кез.

Ал оның уытын қайтаратын дәрмен - ақ.

Олай болса ақ мол болсын!

Ұлыс оң болсын!

12.03.2019 ж.

II. САУШЫЛЫҚ МЕЙРАМЫ

Адамзат баласы өз жаратылысынан берменгі уақытта талай жағдайды бастан өткерді. Жақсысын да, жаманын да. Қуаныштысын да, реніштісін де. Соның мезеттік, бір реттік сипатын да, тұрақтылық сипатын да байқаған. Оларын күделікті өмірінде қолданған. Жылдар бойы жинақтаған мұндай канондарын ұрпақтарына мұра еткен.

Табиғат тылсымы сан алуан. Бір маусымының жыл сайын қайталанып келуі мүмкін, болмаса уақыт салып қайтып келуі мүмкін. Бұл жайттың тұрмыстық қана емес, ұрпақ жалғастық та маңызы бар. Сондықтан да мұндай күндерді ұрпақ жадында ұмытылмастай етіп қалдырып отырған. Ауыл болып, ел болып атап отырған. Кейін келе халықтық сипат алып, мереке, мейрам деп әспеттеліп, сакралдық сипат алып аталып отырған. Сондай әспетті күндер аз болмаған. Соның ең бастылары жыл басы, тоқсан басы, ай басы, апта басы болған.

Ғасырлар бойы қалыптасқан ырым нанымдары бойынша оны өздерінше атап отырған.

Сондай ұлт-ұлыстардың бірі - біздің бабаларымыз, қазақтар. Негізі біздерде ат байлап, алашқа шығарған атаулы мереке-мейрамдарымыз болмаған. Соған қарамастан әр күнін мереке қылып өткізген.

Сүндет, мүшелік, отаужасылық сынды сакралдық, циклдік, тұйықтық сипаты бар тізбелік (календарлық) тойлар міндетті түрде аталды.

Жыл он екі айдың бір күнін міндетті түрде жалпыхалықтық мейрам ретінде атап өткен. Ол - наурыз мейрамы.

Наурыз дегенде ел есіне бірден екі ел түседі. Парсылар мен ауғандар.

Наурыз парсы сөзі. Жаңа (күн) деген сөз. Олардың мерекесі отпен байланысты. Бәрін отпен аластайды. Пәле-жала дегендейін. Яғни, саушылықтарын нығайтады. Демек, саушылық мерекесі болғаны.

Ауғандар тарс бекініп отбасыларында атап өтеді. Оларға ортаға жұмыртқа тастайды. Табиғат заңы бойынша алтыншы күнінде жұмыртқада туыт пайда болады. Әлгінде ғана жаны жоқ нәрседе жан пайда болады. Бұл да саушылық мерекесі.

Парсылар да, ауғандар да мұсылман елдері. Осыған қарап көпшілік бұл мерекені діни мейрам, оның ішінде мұсылмандар мейрамы деп ойлайды. Олай болған жағдайда арабтар да жаппай тойлауы керек еді ғой.

Сонымен бірге жұрт бұл тойды түрік жұртының мейрамы деп те ойлайды. Өйткені түрік нәсілі бұл мерекені апталап, айлап тойлайды. Оның ішінде Таяу Шығыс (түріктер, күрдтер...), Қаптауы (Дағыстан жұрты, қарашай...), Кіндік Азия (Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Түркіменстан...), Сібір Ресейі (Татарстан, Башқортстан...) бұл тойды төл мерекеміз деп атап өтеді. Бұл ұлыстар атаулы мерекелерін әр түрлі атап өткендерімен мейрамның түп мазмұны өзгермейді.

Ол - көктемнің келуі, тіршіліктің ояну. Анық нәрсе астрономиялық ампуласы анық, толық.

Қыс (өледі), көктем (тіріледі). Өмір жалғасады. Демек бұл тіршілік тойы, тіршілік жалғастығы тойы.

Ал тіршілік дегеніміз саушылық деген сөз.

Бұл ең алдымен жан саулығы (рух). Бұл - от (отпен аластау). Бұл тән саулығы. Бұл - су. Су болғанда - көже (наурызкөже), сүмелек. Парсылар, ауғандар, түріктер, күрдтер отқа ерекше мән береді. Олар наурызды жан тазалығы деп қабылдайды. Соған орай рухани тазаруды алдыңғы орынға қояды. Отпен аластау оларда жаппай сипат алған.

Жер жағдайына, ауа райына байланысты бұл мейрам Кіндік Азия елдерінде қосарлық сипат алады. Олар жан саулығымен бірге тән саулығына да ерекше мән береді. Отпен аластап қоймай, тәндерінің де саулығын нығайтуға әрекеттенеді.

Кіндік Азия елдерінде, оның ішінде Қазақияда ауа райы қарсылықты келеді. Қысы аязды болып келсе, жазы ыссы болады. Кей жылдары ыстық пен суықтың қосарлы айырмасы сексен градусқа дейін жетеді. Әрине, мұның өзі адам денінің саулығына ерекше әсер ететін фактор. Осыдан барып адам ағзасында қарсылықтық қабылетін әлсірететін ахуал (иммунитет) пайда болады. Мұндай кепке ұшыраған адам баласы аурушаң болады. Олай болса оны сауықтыру амалын қарастыру ке-

рек болады. Алты ай қысы бар дала жағдайында оған қарсы тұрар күш қайсы?!

Бабаларымыз сол дауаны дәріден іздемеген. Тағамнан іздеген. Тағамнан болғанда судан іздеген! Тірі судан!.. Бұлақ суынан!..

Суымыз - осы, көжеміз - осы. Оларын әспеттеп наурызкөже деген! Қазақ, қырғыз жұрты осы наурызкөжелерін төрге шығарған. Өйткені наурызкөжені дәрі деп қабылдаған. Дәрі деп тұтынған. Бір ай бойы (наурыз айы бойы) үзбей тұтынған. Бұл қазіргі календарлық күнмен есептегенде наурыз айының он төртінен басталып, көкек айының он үшіне дейін жалғасқан. Есте болса, тәуелсіздік алған жылдарымызда наурыз мейрамын көкек айының ортасында да тойлап жататынбыз-ды. Ендеше мұны сөкеттеуіміздің еш жөні жоқ екен. Ендеше наурыз мейрамы саушылық мейрамы! Оны халқымыз наурыз айы бойы тойлаған (емделген). Наурызкөжені қазандап пісіретін себебіміз осы. Онымыз бір күндік ас (дәрі) емес, бір айлық дәм!

Сол дәріміздің атауы қойкөже!

Өйткені наурызкөжеміз осы қойдың етінен тұрады. Оның құрамы жеті дәмнен тұрады десек, соның негізі қойдың ұшасынан.

Наурызкөжеміздің құрамы мынадай:

1. Су (тірі су).
2. Тұз.
3. Ет (қойдың еті).
4. Май (қойдың құйрық майы).
5. Бидай/тары/арпа/жарма.
6. Құрт (қойдың құрты).
7. Қатық (қойдың қатығы).

Наурызкөже ішкен адам біледі. Көженің бір шарасын қотарып жіберсеңіз күн ұзаққа тоқ жүресіз.

Қырғыз ағайын біздің көжемізбен бірге өзбек ағайынымыздың да сүмелегін пайдаланады. Ол да саушылық тағамы.

Ендігі айтайын дегенім көрісу күні жөнінде. Көрісу күні дегенді тауып алдық. Ол дәстүріміз еліміздің батыс аймағында қалды деп күмпілдейміз.

Шынымен солай ма?

Мен олай деп айта алмас едім. Өйткені наурыздың он төртін біздің жұрт та тойлайтын. Наурыз деп. Наурыз тойы деп. Наурыз мейрам деген кейінде кірген сөз.

Бұл өткен ғасырдың елуінші жылдарының соңы, алпысыншы жылдардың басы болатын. Біздің жұрт болғанда, Арқа жұрты. Сол Арқаның Шет аймағы. Ақшатау өңірі. Наурыздың қалай он төрті туады, солай ел жағалап кетер едік ата-әжеміздің жетегінде.

Көже ішеміз дейтін сонда үлкендер. Бата жасаймыз дейді сонда үлкендер. Көже сөзінде де сакралдық жатыр деп ойлаймын. Оны филолог ғалымдарымыз зерттей жатар. Тақырыбымызға оралайық.

Наурызек деген торғай болады. Қалай наурыз туады, солай пайда бола кетеді. Сол торғайымыз қалай су ішеді, солай жаңа күн туды деп есептеледі. Сол-ақ екен, үй жағалап кетеміз. Мал-жанның амандығын түгелдеп. Тірілері көрісіп жатады. Аманат деп. Өлілеріне бата жасайды. Салауат деп. Сол дәстүріміз тәуелсіздік жылдарымен бірге біржолата ұмытылуға айналды. Басты себебі наурыз тойы наурыз айының жиырма екісінде тойланатын болды. Олай болса екінші той артық болып шығады. Бір жарда екі шашылудың жөні жоқ. Есесіне еліміздің батыс өңірінде сақталып қалды. Оны қазірде көрісу күні деп шегелеп қойдық. Шын мәнінде онымыз наурыз мейрамы болатын.

Жадымыз неткен қысқа еді.

17.03.2020 ж.

III. КӨЖЕ МЕ, СОРПА МА?

Елбасы көне түрік оркениетіне тоқталады. Бұл әлемдік өркениетке қосылған үлес. Түрік жазушысы Зия Гөкалп «Түрікшілдік негіздері» атты еңбегінде: «Арабтар мен еврейлер өздерінің дінімен, франңуздар романдарымен мақтанады. Ал біз немен мақтанамыз?» дейді. Ол түріктер мораль жағынан бірінші орында екенін айтады. Мораль - адамгершілік, адамдар арасындағы қарым-қатынас, салт-дәстүр, әдет-ғұрып. Сөйткен салт-дәстүрлеріміз көмескіленіп ұмытылып бара жатыр. Бұл күні кеше ғана өзіміз атап өткен Наурыз мейрамына, оның иіінде наурызкөжемізге де қатысты.

Наурызтойдың, бүгінше айтсақ Наурыз мейрамының басты ұстыны атауында тұрғандай - наурызкөже. Кәделі асы жетіп артылатын қазақтың ай-жылында бір келетін аңсар тойында көжеден аспай қалуы қалай?

Алты ай қыс жалаңбас сорпа ішіп отыратын қазақ баласының аңсары неге ғана көжеге ауа қалды екен? Әлде бұл ата-бабаларымыздың жеңсік асы ма еді? Көже болғаннан кейін-ақ оның сойыс малы сиыр да емес, түйе де емес, жылқы да емес! Әрине, қой! Ендеше наурызкөжеміздің соғыммен еш қатысы жоқ. Онда қазы-қарта, жал-жая жүрсе адасып жүргені, болмаса кейінгі жады шолақ келіндердің өздерінің шығарып алғандары.

Атаулы көжеміздің қадырын кетіргеніміз соншалық, бүгінде ел наурызкөжесін ішсе де дастарқан басынан көтеріле қоймайды. Сондағы

күтетіндері - үйме табақ ет. Өйткені ет қазақтың басты тағамы. Алайда наурыздың басты тағамы емес. Наурыздың басты тағамы - көже, көже болғанда наурызкөже.

Бүгінгі күннің тұрғысынан қарасақ Наурыз мейрамы бізде 22 наурыз күні тойланады. БҰҰ 21 наурызды Халықаралық наурыз күні деп жариялады. 2009 жылдан бері біздер наурыздың 21, 22, 23 күндерін үзбей тойлап келеміз. Мұнан басқа елімізде наурыздың 14-і де тойланады. Мұны батыстық бауырларымыз көрісу күні деп жүр.

Сонымен наурызкөжемізді қай күні ішеміз?

Астрономиялық жыл санауымыз бойынша наурыз 1 наурызда кіреді. Ел бұл күні көктем келді деп бір-бірін құттықтағаны болмаса ешкім де наурызкөже дайындап отырмайды. 21, 22, 23 наурыз күндері наурызкөже ішетініміз анық. Өйткені бұл күндері ел болып наурыз мейрамын тойлаймыз. Көрісу күнінде ше? Арқа өңірі бұл күнде көрісу күнінен ажырап қалғанымен біздің балалық шағымызда бұл күн атаулы мереке болатын. Ел біркиерлерін иықтарына іліп алып, үй жағалап кететін. Бір-бірлерімен көрісіп, барын аманаттап, жоғына салауат айтып қайтар еді.

Бұл күні көже ішетінбіз. Наурызкөже...

Наурыз торғай, наурызым торғайды ел білсе керек. Арқа жағы бұл құсты наурызек дейді. Наурызек торғай деп те айтады. Басқа торғайлар жылы жаққа кетіп жатқанда осы құстар туған топырағынан ұзай қоймайды. Кететіндері де болады. Кеткенде топталып кетеді. Қалатындары да аз емес. Арқа жұрты осы наурызекті наурыз айынан әсте бөліп қарамайды. Өйткені наурыз айында наурызек көрінеді. Наурызек торғайды көрген ел сүйінші сұрағандай қылып ерекше бір шаттықпен айналасына жеткізеді. Осыдан бастап елдің ұйқысы түзу бола қоймайды. Ел олардың су ішкенін аңдиды. Өйткені олар су ішкен күні күнтізбеге Наурыз кіреді. Олардың ішкен суын Мейрам суы дейді...

Наурыздың бірінен бастап қасаттана бастаған қарға қой құмалағын тастайды. Оның шамамен бой жасыратын кезі наурыздың осы он үшінсіне келеді.

Сол-ақ.екен басталады. Қазан көтеріліп, мейрам суы келтіріледі. Наурызкөже суы жай су емес, мейрам суы. Мейрам суы дегеніміз, тағы қайталап айтамыз - тірі су!

Қазақ жерінің қай пұшпағында болсын ел-жұрт жиналып, бұлақ көзін ашып жатады. Неге?

Өйткені бұлақ суы - тірі су! Наурызкөженің суын осы бұлақтан алдырады. Қазіргі қазақ баласының ұғымында көже міндетті түрде кеспеден тұрса керек. Содан барып наурызкөжеміздің бағы қайтып тұр. Өйткені оны да кеспесіз көз алдымызда елестете алмаймыз.

Әлімсақтан әжелеріміз наурызкөжені жеті тағамнан дайындап келген. Ел ақ дегенге ойлайды, көженің басты құрамы не сүт деп, не, шұбат деп, не саумал/қымыз деп. Расында да, наурызкөженің түсі сүт түс, ел соған қарап әлгіндей ойласа керек. Әйтпесе, наурызкөженің құрамында ешқандай сүт те, саумал да, шұбат та жоқ. Бары - Су!

Наурызкөжеміз - көже! Ал көжеге жылқы, болмаса сиыр еті жарамайды. Түйе етінен көже жасайды дегенді де естімедік. Бабаларымыз сиырды сасық деп оның етін қазанына жолата қоймаған. Ендеше наурызкөжеде сиыр еті де, түйе еті де, жылқы еті де жоқ. Әрі-беріден кейін жылқы еті болса сорпа деп атар едік.

Ал қойдың еті жарамды. Көжеқатық дегеніміздің өзі көп нәрсеге көзімізді ашып тұр.

Наурыз мейрамының басты белгісі/атрибуты Қызыр да, қымыз да, қазы да, қарта да, құрт та, жент те, шапан да, камзол да, сәукеле де, домбыра да, қобыз да, киіз үй де емес... Наурыз мейрамының басты белгісі - Ақ!.. Ал ақ дегеніміз - көже! Сүткөже де емес, бидайкөже де емес, атала да емес, Наурызкөже. Ақ мол болсын деп айту себебіміз осыдан.

«Жуанның жіңішкеріп, жіңішкенің үзілер тұсына» он сегіз мың ғалам да қалжырап жетеді. Бұл тұс адамзат баласының, сонымен қатар жанжануарлар бауырларының ұлғаятын тұсы. Ұлғайғанда екі есеге дейін ұлғаяды. Басқаны қойғанда адам бауырының он келі тартқан уақиғасы да кездесіпті. Ресми медицина мұны аурудың бір түрі деп есептемейді. Алайда оның сырқаттық сипаты барлығын да жоққа шығармайды. Ал бабаларымыз оны сырқат деп білген. Оның емін де білген. Оның бірден бір емі - Ақ! Наурызкөже!.. Тірі судан және қой етінен жасалған көже!

Ақ мол болсын деп айтсақ тілеуіміздің астарында осындай тылсым сыр жатыр. Наурызкөженің сүт түс болатыны оның құрамында Қатық пен Құрт (сықпа) бар. Сықпа деп айрықшалап отырғанымыз қазақ қайнатылған құрт қоспаған. Көже болған соң Ет болуы міндетті. Ал қазақтың тісте қалар еті басқа елге бір күндік азық екені белгілі. Ал еттің бараны жүрген жерде, қылаңы да қатар жүреді. Олай болса наурызкөжеге ұсақтың/қойдың еті салынған.

Қазір баршылық болған соң аталмыш көжеге қазы-қарта, жал-жая қосушылар баршылық. Тағы сол телесандық наурызкөжеге тауық етін қосқан түстік ағайындарымызды көрсетіп жатты. Ал негізінен наурызкөжеге салынатын ет койдың еті. Жылтырсыз көже болмайды. Ол жылтыр/Май тек қойда ғана бар. Бір саптыаяқ наурызкөже ішкен адам жуық маңда тамақ іздей қоймайтыны осыдан. Өйткені қойдың еті қорғасын...

Сықпаны сиыр сүтінен жасамайды. Ол тек қойдың қойыртпағынан жасалады. Қатық боса-болмаса қойдың еншісі.

Көжені ұйытатын дақылы не бидай, не тары, не арпа, не жарма. Әжелеріміз наурызкөже дайындағанда осылардың біреуін ғана пайдаланған. Көшпелі қазақ бау-бақшамен шұғылданған жоқ, астың дәмін жаужұмыр/картоп пен сәбіз кіргізеді деу әбестік. Тұздан үлкен дәмдәуіш жоқ. Қазіргі уақытта айтып отырған наурыз тойымызға дінді де араластыра бастадық. Тіпті, наурызды Нұх пайғамбарымыздың заманынан тойлап келеміз деп те айтушылық бар. Әрине, дінді дәстүрімізбен қабыстыра білсек одан ұтпасақ ұтыла қоймасымыз анық. Наурызкөжеге қой етін араластыру себебін діни әпсанадан іздеушілік сол бір балаңдығымызда жатыр. Қой етінің болуы қой пейіштен жаралған деп нығарлап қоямыз. Бәрі де рас, бәрі де дұрыс. Алайда ата-бабаларымыз қасиетті дініміз тұрмысымызға кірмей тұрып-ақ Наурыз тойын тойлап келген. Ендеше мұндай көзқарасқа сабырлықпен қараған жөн болады.

Сонымен айтып отырған Наурызкөжеміздің құрамы мынадай:

1. Су (тірі су).
2. Тұз.
3. Ет (қойдың еті).
4. Май (қойдың құйрық майы).
5. Бидай/тары/арпа/жарма.
6. Құрт (қойдың құрты).
7. Қатық (қойдың қатығы).

27.03.2019 ж.

IV. ҰЛЫС МЕЙРАМЫ

Бұл мейрамның қазіргі ресми атауы - «Наурыз мейрамы».

Осылай жазып келеміз. Ұлыстың ұлы күнін тойлағаннан бері. Алайда бұлайша айтушылық жоқ. Қаймана жұрт әсте «Наурыз мейрамы» деп аузын керіп отырмайды. Наурыз тойы деп төтелейді.

Түркі жұрты бұл мейрамды түркі халықтарының ортақ тойы деп қабылдайды. Алайда бұл мейрамды түркі нәсілінен еместер де тойлайды. Парсы, Тәжік жұрттары да оны ұлттық мерекесі ретінде өткізеді.

Бұл мұсылман баласының тойы деушілер қарасы да қою. Олардікі жөн дейін десең арап нәсілі екі-ақ мейрамды біледі, бірі - Ораза айт та, екіншісі - Құрбан айт!

Наурыз парсы сөзі. Жаңа күн дегенді білдіреді. Демек Наурыз мейрамы қызылбастардың мерекесі болды ғой! Тәжіктердікі жөн болсын. Жусауы бір жұрттар ғой...

Біздікі ше?

Біз қашаннан бері қызылбастардың сойылын соғатын болғанбыз? 21 наурыз күні қазақ болып жатып, 22 наурыз күні қызылбас болып оянатынымыз қалай? Бәлкім, біз біле бермейтін діни негізі бар болар. Олай болса мұсылман күнтізбесіне көз жүгірткеніміз артық бола қоймас.

Бұл күнтізбе бойынша жыл басы - мұқарам, одан кейін - сафар (суфрун), одан кейін - рабиғ әл-әууал деп жүрміз. Бұл атаудың негізгі мағынасы көктем дегенді береді. Қазір көпшілік жұрт бұл айды - мәуліт айы деп жүр.

Себебі айтпаса да түсінікті. Соң Пайғамбарымыз дүниеге осы айда келген-мыс. Осы үшінші айымыздың басқадай ерекшелігі жоқ. Арап жұрты үшін. Олай болса бұл тойымызды діни мейрам деп қиғаштауымыздың жөні жоқ. Көне түркі жұрты жыл санауды реттік санмен жүргізген. Оның сарқыншағын өзімізден де көруге болады. Қытай мен Моңғолия қазақтары наурызды - Бірдің айы дейді. Демек наурызымыз біздің күнтізбеміздің бірінші айы болғаны! Жыл басы болғаны!

Қаңтар, Үт (Үттің айы), Бірдің айы, Көкек, Мамыр, Маусым, Шілде, Тамыз, Мизам, Қазан, Қараша, Желді.

Енді екпіндетіп отырған қызылбастар күнтізбесіне назар аударайық - ***амал, сәуір, зауза, саратан, әсет, сүмбіле, мизам, ақырап, қауыс, жәди, дәлу, құт.***

Бұл ай атауларының еліміздің күнгей және батыс өңірлерінде жиырмасыншы ғасырға дейін келгендігін айту жөн.

Қазіргі ана тілімізде қолданылып жүрген ай атаулары - қаңтар, ақпан, наурыз, сәуір, мамыр, маусым, шілде, тамыз, қыркүйек, қазан, қараша, желтоқсан. 1990 жылы ресми бекіген атаулар. Бұл атауларға қарап та көптеген сәйкессіздіктерді көреміз. Ай атаулары мен амал атаулары әбден бытысқан. Бір жарты ғасырдай уақыт орыс атауларымен жүрдік. Оған қарағанда, әрине, бүгінгі ай атауларымыз қазақ баласының руханиятымен үндеседі. Бұған қарап қазақ күнтізбесінің әлі күнге дейін орнықпағанын анық көреміз. Бұл барып тұрған сорақылықтарымыздың бірі. Ағылшындардың үш әріпті қосақтап жазып, бір әріп қылып оқитыны сынды келеңсіздік. Үлкен ағамыз - аққұлақ көршіміздің күнтізбесіне қарасаңыз онан да милыққан жұртты көрер едіңіз. Сол бытыстырған ай атауларын кириллицасымен бірге бізге тықпалады. Бұл қазақ баласының ұлттық кодын жоюға бағытталған қадамдардың бір парасы ғана болатын. Сол астам саясаты күткендегідей өз нәтижесін берді. Қазақ күнтізбесіне қызылбастар тізбесі қосамжарланды. Татар молдаларымен бірге араптың сақауланған ай атаулары ере келді. Сөйтіп амал атауы мен бытысқан ай атауынан қазақ күнтізбесі - қазақ совет күнтізбесі қалыптасты. Оны кәдімгідей заңдастырып, бекітіп қойды. Солайша жыл басын - наурыз деп келдік.

Жоғарыдағы күнтізбелерге қарап анық нәрселерді де көруге болады. Қазіргі желтоқсан деп жүрген айымыз (реттік саны - он екінші) қойдың құмалағы түссе көрініп жатар аппақ көрпені оранады. Бұл ұрықарылардың бейсауат жүрістен өздерін сырт ұстайтын уақыты. Өйткені оларды қар үстіне түскен іздер ұстап береді. Одан кейінгі айдың қаңтар атауы танық. Бұл айда тіршілік атаулының барлығы қаңтарылады. Жүріс-тұрыс азаяды. Аяқты мал қолға қарайды.

Одан кейінгі айды қазіргі қазақ танымшыларымыз үт айы деп жүр. Әрі-беріден кейін үт сөзін қазақ сөзі деп жүр. Кәмел Жүністегі ағамыз мұнан да әріге барады. Қызылбастар бұл сөзді бізден алған деп. Бұл ай өлі мен тірінің арасы, аралық уақыт. Жұт апаты қазақ баласына осы айда келген.

Одан кейінгі ай - өзімізге таныс Наурыз айы! Анық нәрсе наурыз сөзінің қазақ сөзі еместігі. Кімнің сөзі екендігі де белгілі. Соған қарамастан бұл қалай деуші қазақ баласы табылмай отыр. Наурыз болса - наурыз!

Егер бұл шынымен қызылбас сөзі болса, қазақтың өз төл атауы қайда? Міндетті түрде болуы керек! Бізге қалғаны соны іздестіру!

Ел айтып жүргендей бұл мерекеміз түркі жұрты үшін ортақ мереке болса әр түрлі аталып өтетіні несі? Біреуіміз 21-де, енді біреуіміз 22-де, тағы біреуіміз 23-де атап өтіп жатамыз. Біздің тәжіктермен 22-сі күні атап өтетініміз қалай? Бәрін қойғанда біздің өзіміз бұл күнді әр күні атап өтеміз. Оның сыры неде?

Еліміздің батыс аймақтары 14-нен бастап тойлайды. Ал бұл біздің ресми мейрамымызбен сәйкес келмейді. Содан амалсыздан оны да халық өздерінше заңдастырып жатыр. Көрісу айы дейді. Көрісу амалы деп жатыр. Бұлай деп айту заңға онша томпақ келмейді. Соған орай ешкім де бұларың қалай деп жатқан жоқ.

Есті жұрт бір мерекенің бір жұртта әр қилы аталып өтуі қалай деп мазасызданууда. Батыстағы, болмаса күнгейдегі қазақ теріскейде де сол қазақ емес пе дейді. Ендеше бір мерекенің екі түрлі тойлануы қазақ баласын жатқан төсегінен жұлып алатын жайт. Және оның жауабын беретін уақыт жетті деп білеміз.

Батыстағы бауырларымызға ел сияқты 22-сі күні неге тойламайсыздар деп сауал қойыңызшы. Жауаптары дап-дайын!

- Ол - қызылбастардың мерекесі! - дейді. Жасы да, жасамысы да.

Оның жауабын Арқа қазақтары да біледі, Тарбағатай қазақтары да біледі, Жетісу қазақтары да біледі. Алайда айтқысы жоқ. Олай дейін десе қазақтың өз жаңа жылы қайда кетпекші? Әлде елде бар жаңа жыл қазақта болмаған ба? Болған. Соны сезінгендіктен айтпай отыр.

Сөз жоқ, Наурыз байрамы қызылбастардың мерекесі! Ол мереке - Жаңа күн! Жаңа жыл да емес, жаңа ай да емес! Жаңа күн - күн мен түннің теңелген күні! Ол - 22 наурыз! Ол - қызылбастардың мерекесі! Ал қазақтардың жаңа жылы қайда?

Бар ол мерекесі! 14-ші наурыз! Ұлыстың ұлы күні! Бұл күні жаңа ай - жыл басы ұлыс айы кіреді! Олай болса біздің төл мерекеміз - Ұлыстың ұлы күні! Ол күн - ұлыс айының 14-сі.

Мұнан былай осыған дейін наурыз деп атап келген айымызды бабаларымызша ұлыс деп атайық! Басты мейрамымыздың атауын да өзгертейік. Ұлыс мейрамы деп!

Ұлыстың ұлы күні құтты болсын!

Ұлыс мейрамы құтты болсын!

18.03.2021 ж.

Сегізінші жазба
ҚАЗАҚТЫҢ СОҒЫМЫ ҚАЙ СОҒЫМ?

Қазақтың соғымы туралы сөз қозғаған соң әңгіме жылқы жарықтық туралы, оның бал татыған еті туралы болмақ. Жылқы етін кімдер жеген деген сауалдың туындауы да заңды. Бірден айтайық - бәрі жеген.

Мұсылмандар ғана жеген деген қате түсінік. Орыс та, неміс те, француз да сүйсініп жеген. Кейінде діни нанымдары бойынша ажыраған. Кімдер ажырамаған деген сауалға келер болсақ, оның эу басында қазақтар тұрмақ. Одан қалды қырғыз бен ноғай тұр. Одан қалды башқұрт, татар, сақа тұр.

Киіз туырлықты, алдарына ырғын жылқы қостарын салған көшпелі елдер қатарындағы қалмақтар, буряттар, тұңғыстар бұл күнде жылқы етін татып алмайды.

Қазірде жылқы еті ең таза экологиялық өнім ретінде жарнамалануда. Соған орай жылқы етін кез келген супермаркеттерден кездестіруге болады. Еуропа елдерінің бәрі жылқы етін таңсық ас ретінде пайдаланады. Англосакс елдері болмаса (Канададан басқасы), сондай-ақ жөйіттер болмаса жылқы еті барлық құрылықтарда сатылады. Ал жылқы етін тұтынуда қытайлықтар алдына жан салмай тұр. Одан кейінгі орында қазақтар тұр. Одан кейінгі орында моңғол ағайын тұр.

Жылқы етін жейтін жұрт жылқы малын жосықсыз тұтына бермеген. Оның ішінде белгімалдарының амандығын есте ұстаған.

Соғымымыз осы белгімалға жатады. Белгімалдың қолды болуы, арам қатуы, болмаса аяқтан қалуы сынды тосын оқиғалардың алдын

алуға ұмтылған. Ондай малды ата болып, ауыл болып, аймақ болып қарауылда ұстаған. Әрі-беріден кейін «белгімалды алғанның белі кетеді» деген алушыны жасқаншақ етер қарғыс сөзі де бар. Сондықтан әккі барымташылар мал алғанның өзінде де әлгіндей белгімалдарды жазбай танып, міндетті түрде оқшаулап тұсаулап тастап кеткен.

Белгімалдың біз танып біле бермейтін эзотерикалық сипаты бар. Айталық. Қайтқан адамның мінген атының тұлымы кесіліп, тұлданады. Мұндай аттарды тұлымат, кей жерлерде тұлат дейді. Ондай адамның жылына жаратылатын тұлыматты алғанның өзі, болмаса ет жақыны шетінейді деген түсінік қалыптасқан. Бұл санатқа солақ таңбалы аттарды да қосар едік. Солақ таңба болғанда ай таңбалылар. Ай таңбаның адамының (иесінің) нашарлағанын білдіреді. Мұндай таңбаны иесі тезірек сауығып кетсе екен деп салады. Сауыққан жағдайда әлгі белгімалдарын шалады. Мұндай белгімалды кешегі шалдарымыз құрбандық деп отыратын. Өйткені солақат сырқат адам айықса да, көз жұмса да жаратылады. Сол солақатты алушылар болмаған. Оларда әлгі ат иесінің сырқаты алған адамға көшеді деген ұғым болған.

Белгімал тобындағы бәйгемалдарын да әсіре әспеттеген. Ұранға шығарылғандықтан оларды ұранат деген. Ұранаттарын қазақ баласы ешқашанда пышаққа жықпаған. Оларын жегін мал, мініс малы ретінде ұстамаған. Есті қазақ қандай жағдайда болсын ұранаттарын жетелетіп жібермеген. Ұранатты сұрау, болмаса қалау үлкен әбестік саналған. Содан барып оларын кәдімгідей адам сынды жер қойнына тапсырған. Оларға арнап арнайы ән-жырлар шығарған, ескерткіш қойған. Сондай-ақ жегін мал (жылқы) етін де тұтынбаған. Ал оларды союға ниеттенгенде құр жіберген.

Жылқы етінің қастерлісі - соғымы, соғым малы. Ата-бабаларымыз соғымдарын қазіргідей сатып, болмаса базар барып қыртысына қарап саудалап алмаған. Соғымдарын айтып жүргеніміздей үш-төрт ай бұрын емес, жарты жыл бұрын белгілеген.

Соғым малы да белгімалға жатады. Белгімалдың басына ноқта, арқасынатоқым, аяғына тұсау түспеген. Қазақ баласы белгімалын қазіргідей еш уақытта жемдеп бордақыламаған. Соған қарамастан соғымдарын кондициясына жеткізген. Ешқандай да екпе жасамай, дәрі бермей, қолда бордақыламай.

Осы жерде сәл шегініс жасайық. Бүгінде соғымға түйе, сиыр союшылар көбейіп тұр. Одан қалды қой союшылар шықты. Олардың есебінше үш қой сойсаң бір қараның есебіне жүрмек.

Ал кешегі күнде бабаларымыз соғымға тек жылқы малын сойған. Басқадай сойылған мал күздік мал есебінде қаралған.

Қазақ баласы шүйгін болсын деп тек жылқы баласына қаратып айтқан. Шүйгін деген сөз жұқ деген сөз. Қалған жайда семіз болсын деген. Қарамал сойғанда сүйкімді болсын деп те айтушылық бар.

Бүгінде жаз соғым дегенді шығарып алғандар бар. Бұлайша жазда сойған жылқы малын айтып отыр. Бұл жерде айтарымыз бабаларымыз еш уақытта жылқы малын орынсыз жұмсамаған. Мәжбүрлік болғанда ғана (өлім-жітім, той-томалақ) жылқы малын пышаққа жыққан. Тіпті, қадірлі қонақтың өзіне қой жыққаннан әрі аспаған. Соған орай ешкім де өкпе-реніш білдірмеген.

Бүгінде соғым сойып алушылардың жаңа бір тобы пайда бола бастады. Олар ерте бастан жылқы малын жаз (күз) айында сойып алып, етін тоңазытқыштарда сақтайды. Олардың майлары қабырғаға жұғып үлгермегендіктен шылқып тұрады. Мұны да соғым деп айта алмаймыз.

Жаз, күз айларында сойылған жылқы малын бабаларымыз сойыс малы деген. Адам баласына алардың белгісі үш ай бұрын көрінеді. Алар деп бабаларымыз аяққа кірген ісікті айтады. Ондай ісік ешқайда қашпайды. Аяқтан белге, белден алқымға көтеріледі. Соңында алып тынады. Мұндай жағдайда айналасы қонағасына (қырқы, жылы) деп сойыс малын белгілейді.

Бабаларымыз той-томалаққа белгілеген малдарын тоймал дейді. Мұндай белгімалдарын ебелекке жіберген, ебелекті жерде ұстауға тырысқан. Өйткені ебелек жеген мал майын қабырғаға жинаған. Малдың жазда қазы шығаруы осыдан.

Сонымен, қандай жағдай болсын қазақ баласы қар түспейінше соғым соймайды. Өйткені қар түскенде ғана жылқы баласы іш майын қабырғасына жинай бастайды.

Сонда соғымды қай мұғдарда сойған жөн? Оны да айталық. Қыс тоқсан түскенде! Бұл шамамен бүгінгі жыл қайыруымыз бойынша желтоқсан айының 13-і. Неге?

Жылқы малының шүйгіндігі қабырғасындағы қыртысымен белгіленеді. Оны қазы дейді. Оның өзі саусақ өлшемімен өлшенеді. Пышақ сырты, бармақ, елі, екі елі, үш елі, төрт елі, табан, сере деп кете барады. Бұл жерде байқағыш адам сырт тұрған екі өлшемді анық көреді. Пышақ сырты, табан деген қандай өлшемдер?

Соғым малы ешқашанда тырық болмайды. Болатын кезі бар. Отбасында сусамыры, қан кемі, қан асыры бар ағайындар ондай жандарға малды арнайы баптаған. Қабырғасына пышақ сырты май тұрғызған. Демек, бұл тырық мал деген сөз емес. Тырық мал өсіру үшін біраз тер төгуге тура келеді.

Сонан кейін саусақ өлшеміне жатпайтыны табан шығарған малдар. Табан шығар малды азған адамды торалту үшін баптаған. Азған адам-

дарға епетейсіз семіз адамдар да жатқан. «Қардың басын қар алады» демекші, өртке қарсы өрт салған бабаларымыз май басқанға май жегізген ғой. Осыдан кейін оларды данышпан демей көріңіз? Қайран, қазақтың қара шалдары!?.

Тоқсан түскенде олар қараңғы қорада ұсталған. Сөйтіп, оларды қабырғаға май жинау мүмкіндігінен айырған.

Сонымен, қазақтың соғымы қай соғым? Іші-сырты бірдей соғым! Ондай соғым тек қыс тоқсан түскенде білінеді. Бұл, қайталап айтамыз, желтоқсан айының 13-і.

Әдетте, соғымға жылқы малының ұрғашысы жаратылған. Оның өзінің кәделісі бар. Олар - жабағы (тай), байтал, ту бие. Еркек мал союдан қашқақтаған. Алдайды деп. Құнанға атымен жоламаған. Екі жасында тісейді деп. Дөненді жақтырмаған. Айғыр шығар деп.

Осы жазбамды жазу барысында ел не дейді деген дейін ғаламторды қосқам. Мұндайда көмекшіміз «Уикипедия» болса керек еді. Алайда айтып отырған тақырыбымызда да сусаниншілдігінен танбапты. Басқасы басқа, мынауы қай сөз? «Қазақ қасиетті мал есебіне жатқызатын түйе мен жылқының басын бөлмей асып, пісірген. Сиырдың басын ғана бөліп, жеке-жеке тартқан».

Ал керек болса... Сиырдың басының үшке бөлінетінін білмеген, жылқы басының сойылып, екіге бөлінетінін және оның шеке аталатынын білмеген «білгіш» парақшамыздан не қайыр? «Қазақ тарихы» сайтына салған «Соғымыңыз шүйгін болсын» деген танымдық жазбасында тағы бір Сусаниніміз - Алтынбек Құмырзаққұлы деген бауырымыз «Қазақ тарихында ірі байлар соғымға деп 20-ға тарта жылқы, 100-ге жуық қой, 30-ға тарта ірі қара, 1-2 түйе малын сойған» деп жазады. Сонда әлгі байымыз ай сайын он жылқы, болмаса сиыр, жиырма қой жеп отырған ба? Олай болғанда бай ауылы мешкейлер ауылы болды ғой.

Қош, сонымен соғым сойдық дейік. Бірінші болып кім сояды? Әрине, баршылықтағы жандар сояды. Ауылдың үлкені, елағасы, абыз ақсақалы сояды. Оны соғымбасы дейді. Соғымбасы қазанға тұтас асылады. Келмей қалған жандар болса олардың сыбағасы жеткізіледі. Жалпы, соғымбасыдан ауыз тимейтіндер болмайды. Жаппай соғым сою содан кейін басталады. Соғымбасын беретін адам кемі екі мал сояды. Оның біреуі соғымбасы. Сонда соғымды кім сояды? Кім сойғаны қалай, қасапшы сояды да. Ең алдымен, айтарымыз - қасапшы сояды ма, шабады ма? Әрине, шабады. Олай болса... Малды соятын адамды қасапшы емес, союшы дейді. «Союшысы келіссе сорпасынан кім қалар» деген мәтел бар. Демек, союдың да жөн-жосығы бар деген сөз.

Союдың басы бауыздаудан басталады. Бауыздағанда - орады. Екі орғаны бауыздаушыға сын. Содан да олар «менің қолым емес» деп өздерін

орынсыз жазғырудан арашалап жатады. Ал соғым союшыны сойымшы дейді. Осы соғым мен сойым сөздерінің түбірі бір ме деп ойлаймын. Оны тіл мамандарымыз түптей жатар. Союшы мен сойымшының айырмасы қандай дегенге келейік.

Сойымшы тек соғым ғана сояды. Соғым сойған пышағымен басқа мал баласын соймайды. Мұндай пышақты мүкі дейді. Жай уақыттың өзінде мүкімен жылқы соймайды.

Қазақтың тағы бір пышағы - бәкі осы мүкімен түбірлес сөз бе деп ойлаймын. Мүкамал сөзін де осы саптағы сөз деп білемін. Қазақтың мүк қалтасы осы мүкі сақтайтын қалтасы ма деп ойлаймын.

Қасапшы қазақ ұғымында күндіз-түні мал қасаптайтын адам, қасаптан басқа кәсібі жоқ адам. Оның басты талабы мал терісінің бүлінбеуі. Сонымен бірге ол ет шабушы. Ет шапқанда сүйектің өзін ет қылып жібереді. Қасапшыны өсіре мақтағанда «сүйек таппадық» деп отырады. «Құс (шымшық) сойсаң да қасапшы сойсын» деп жатсақ, оның осындай мәні бар.

Тілімізде тәрбие деген сөз бар. Кейінге дейін арабтардан енбеді ме екен деп келген едім. Бүгінде өзіміздің төл сөзіміз екендігіне ден қойдым. Адамның тәрбиесі түсінікті. Осы тәрбие сөзінің соғымға тура қатысы бар. Күнделікті сойыста малды мүшелейді. Жылқыны да. Ал соғымды мүшелемек тұрсын тәрбиелейді. Ең бастысы етке жел тигізбейді. Ондай ет піскенде сағызданып тұрады. Етті жас күйінде сақтаймын десе суға шылап, мұздатады. Жер қазып, мұзқаптап сақтайды. Мұндай ет бұзылмайды. Сөлін ұстап қалады. Нағыз сүр керек болса онда етті ұнда сақтау керек болады. Мұндай ет еш уақытта бұзылмайды және оны суға қайнатпай-ақ жей беруге болады. Оны қазақтар мейізсүр деген. Шынымен дәмі мейіз татып тұрады. Бұрынғы қазақтар етті етқапта сақтаған.

Ет табаққа ешқандай бөтен қоспасыз түсуі керек. Тәрбиесі келіскен етке ешқандай сарымсақ, жуа, басқа да дәмдеуіштердің қажеті шамалы. Кемеліне келген мұндай дәмді қазақтар соғым еті деп әспеттеген.

Бүгінде етке дәмдеуіш қосу сөкет саналмайды. Әсіресе, қазы айналдырғанда көп қолданады. Есте болатын жайт - тұздағанда жылқы еті қашанда өзіне керегін ғана сіңіреді. Бұрынғылар солайынша етті екі-үш күн тұзға бұқтыратын. Қазіргілер дәмдеуіштерін сіңірер-сіңірместен қазыны айналдырып жібереді. Содан барып қазымыз сарымсақ иістеніп тұрады.

Жіліктерді буындарынан шығаруды жіліктеу деген.

Етті мүшелеріне қарай бөлшектеуді мүшелеу деген.

Жылқының қазысы он екі қос қазыдан тұрған. Қабырғалары мен жіліктерін екіге бөліп, табақтық шығарған.

Мүшелеп салғанда бір малдың еті он алты табақ шығарған. Турап салғанда жиырма бес табақ шығарған.

Қазақтың еті тек еттен ғана тұрады.

Сөз соңында айтарымыз... Айтпасақ та болатын еді... Дегенмен...

Ертеде кандидаттық, әлде докторлық қорғамақшы болып жылқылы ауылға әлде адам дәрігері, әлде мал дәрігері келіп түрлі сауал шығарыпты. Соның бастысы жылқы етінің пайдасы жөнінде болса керек. Бәрін айтып келіп жылқышы сөзінің соңына келгенде тосылып қалыпты. Өйткені бала-шағасы төрт көзі түгел отырса керек.

Содан әлгі адам қайтып кетеді Алматысына. Арада екі-үш жыл түскенде жылқышының үйін қайтып жазбай тауыпты. Алайда отағасы бақилыққа озған екен. Содан жөн сұраспай ма? Сонда әжеміз теріс бұрылып:

- Кетер-кеткенше қасымда жатты, - деген екен.

Соғымдарыңыз шүйгін болсын!

31.10.2019 ж.

Тоғызыншы жазба
ШАЛ МЕН КЕМПІР ЕРЛІ-ЗАЙЫПТЫЛАР ЕМЕС

І. ШАЛ

Кейінгі уақытта бұқаралық ақпарат көздеріндегі, әлеуметтік желілердегі шал мен кемпірге қатысты бір-бірімен қабыспайтын, тіпті керегар пікірлерден аяқ алып жүре алмайсыз. Адасқан жұртты алып шығам деп ниеттенген талпынысымыздың соңында өзіміз адасып жатамыз. Оған себеп көп. Соның бастысы аталмыш ұғымдардың алғашқы мағыналары әбден күңгірттеніп, бүгінде адам танымастай мағына алып кеткен.

Шал мен кемпір сөздеріне деген үйірсектік белгілі киногер Ермек Тұрсыновтың «Шал» туындысы жарық көргеннен кейін екпіндей түсті деп білеміз. Айтары жоқ, бұл туындының көрерменіне берері аз емес, көрерменін кәдімгідей бір ысытып, бір суытып отырады. Туындыда қазақ ділімен қабыспайтын көріністері болғанымен, кейіпкерін өзінің қоршаған ортасынан сырт ұстағанымен, түптің түбінде сол ортасы керек қылып жатады. Сол кино туындыдағы ақылман қария сахнадан түсіп елімен шал болып араласып кете барады. Бұл туынды елді еміндіріп қойған. Оның алдында ғана Ермек бауырымыздың анайылау болса да «Келін» бейне туындысы елдің санасына сілкініс алып келген. Ел енді

оның жалғасындай «Кемпір» фильмін күткен. Әлеуметтік желілердегі шалға қарағанда кемпірге қатысты пайымдаулардың ас та төк болып жататыны осыдан болса керек. Оны алдағы уақыт көрсете жатар. Біздің заманымызда жасының келуіне қарай шал деп айтушылық болды. Бұрынғылар шал сөзін сирек қолданатын. Оның өзінде әйел баласына қатысты айтатын.

- Шалға кетіпті, -деп мүсіркейтін егдеге тиген бейбақты.

Ал бүгінде өзінен үлкенді шал деп айтушылық жастар арасында белең алып барады. Олар шал сөзін орыстың старик сөзінің баламасы ретінде қолдануда.

Мәселен, Эрнест Хемингуейдің «Шал мен теңіз» атты шығармасы бар. Тәржімешілердің шалалығынан осылай кетіп қалған. Әйтпесе оның жатық аудармасы «Қария мен теңіз» болу керек еді. Ермек Тұрсыновтың «Шалы» туралы да осыны айтуға болады.

Сол шал сөзіне бүгінде ешкім де мыңқ етпейді. Осыдан бір отыз жыл бұрын мұны айтқан адамның кекілінен сипай қоймайтын.

- Мұны қай шешең айтып жүр? - деп қара жерге қақпай кіргізіп жіберетін. Тіпті «шалдардың» шақарлары қамшы да көтерер еді. Көпшілік шал деп ұрықтан қалған еркекті түсінетін... Сол шалдар қосақтарының алдында өздерін кінәлі сезінер еді. Содан да барып бала істейтін жұмыстың бәрін өздері атқарар еді. «Осырақ шалым аман болсын» сөзінің астарында осындай мән жатыр. Оны айтасыз, «он (отыз) балаң болғанша осырақ шалың болсын» деп мәтелдеуіміздің жөні осы.

Сөзімізде «шал шығар қымыз» тіркесі бар. Оның мағынасы шалды аяғынан тұрғызатын қымыз деген сөз. Өйткені бұл қымыз қуатты болады. Өмірден «ұрықсыз» өтетін еркектер аз болмаған.

Оның бірі жазудан болған. Оларды белсіз деген.

Бірі зинадан болған. Зинаға байланысты піштірушілік болған. Оларды әтек деген.

...Ал әлгіндей бейбақтарын мүсіркесе ұрпақсыз қалады-ау деп мүсіркеген. Қазағыма болсыншы деп қазағына керек сөзді теріп жүретін жорналшы бауырымыз Әлібек Әбдіраш «Шал» мен «Кемпір» деген жазбасында былай деп жазыпты: «Бейсенбіде біраз адамның басы біріге қалыпты. Қолында құманы, иығында сулығы бар бала шетінен су құя бастағанда жұмсақ жиһазда жамбастап жатқан үй егесі: «Балам, шалдардан баста!» деді. Өзіме орынды ескертудей көрінді.

Бірақ қолын ұсына берген қаба сақалды қарт: «Шалы несі?!» деді шекесі шытынап. «Шал» дегенге шамданып қалды. Одан басқа ешкім тіс жармады. Олар да мен сияқты түсінбей отырған шығар?

Осы кезде әлгі ақсақал: «Сөздің мағынасын біліп барып айтқан абзал. Мәселен, менің жасым сексенге аяқ басты, бірақ, шал емеспін. Қа-

зақта: «Шал күндіз - мақтаншақ, кешке - жасқаншақ, түнде - қызғаншақ» деген сөз бар. Енді, жетеңе бірдеңе жетті ме?» деді көзін сығырайтып. Езуінде жымиыс белгісі бар. Мен енді-енді ептеп бірдеңе түсіне бастағандаймын. Неге екенін қайдам, есіме: «Мынау жасына жетпей шал болыпты ғой» деген сөз түсті. «Шал» сөзінің түп-төркіні - «төсек қатынасына жарамай қалған еркек» екенін ұқтым».

Дегенмен, қосарымыз бар.

Шал деп шауқатын тауысқан еркекті айтады. Шауқаты таусылған еркек төсек қатынасынан өзіне керегін ала алмайды. Содан барып мүсіркеу пайда болған. Әйтпесе, «шал қылады, дал қылады» деп бұрынғылар айтпас еді ғой.

Шалды да айттық, шауқатты да айттық. Ал шалшауқатты білеміз бе? Ертеректе бұл сөздің қолданыс жиілігі жоғары болғанымен, бүгінде қолданыстан шығып барады. Өйткені бүгінде бұрынғыдай шал, шауқанға тиіп жатқан бейбақтар жоқ.

Шалы түсінікті. Шауқаты да түсінікті болса керек. Еркектің жыныс безіндегі сұйықтықты айтады. Жалпақ тілмен айтқанда қан деген сөз, ұрық деген сөз. Бұрынғы шалдардың балалары немерелерімен қатар ойнап жүре беретін. Мұндай кенже балаларды шалшауқат, шалдың соңғы баласы деп көтермелеп отыратын.

Шалшауқат деп айтқанда кемсітіп айтпайды, көтермелеп айтады. Және мұндай балалар өзгелерден бөлек тұратын. Кесек мінезімен, әрекетімен. Сондықтан да оларды шалшауқат деген.

Шалмен жарыса қолданып жүрген сөзіміздің бірі - шауқан сөзі. Бір қарағанда тіліміздегі мұндай сөз жоқ сияқты. Болғанда қандай!

Шал-шауқан деген сөз бар емес пе? Тіл мамандары мұндай қатардағы сөздерді қоссөз деп жүр. Дұрысы қосар сөз болса керек еді.

Шалы түсінікті. Шауқаны ше?

Шауқанымыз екі түбірлі сөз. Шауымыз егде, кәрі деген мағына береді. Сонда шауқанымыз қанымыз шау тартты, қанымыз ескірді деген ұғым береді.

Адамзаттың бір түйір қаннан жаратылғаны белгілі. Олай болса бұл сөзді ер адамның ұрығы ескірді деп түсіну керек болады. Олай болса шауқан деп бұрынғылар төсек жаңғыртуға қауқарлы ер адамдарды айтқан.

II. КЕМПІР

Шал сөзі айтылған жерде жадымызда кемпір сөзі жаңғырып қояды емес пе? Шал-кемпір деп қосақтап айту күнделікті өмірде берік орын алған. Өйткені оларды ерлі-зайыптылар деп білдік.

Жыл жүгіріп, аттаған ай,
Күздің лебі ызғарлы, ә?
Кемпір бопты, әттеген-ай,
Біздер сүйген қыздар да...

Бұл белгілі ақын Абзал Бөкен ағамыздың қаламынан туған шумақ. Қай жағынан алсаңыз да әп-әдемі өлең. Алайда ой қайшылығына назар аудармасқа болмайды. Кешегі күннің тұрғысынан алғанда.

Қартайған қыздардың бәрі кемпір бола алмайды. Олар аз болады. Өйткені олар өздерінің әйелдік болмысынан бас тарта алмайды.

Ер адамның пірі - Бір Жаратушысы да, әйел адамның пірі - байы, қосағы.

Сол әйел адамының пірсіз қалуы мүмкін. Оған себеп көп. Ажалдың от болып келуі мүмкін, су болып келуі мүмкін. Қазақ ондай әйелдерді еркіне жібермеген. Қосағының жылы өтісімен әмеңгерлік жолмен не қайнағаларына, не қайындарына қосқан. Бұл салтты ешкім бұза алмаған.

Алайда әлгі қаралы әйелдерге бір кеңшілік берген. Олар өз бастарына бостандық сұраған. Ондай әйелдер қалған ғұмырында төсек қызығынан өздерін сырт ұстаған. Оларды кемпірлі деп кемпір атаған. Соған лайық құрмет көрсеткен. Өйткені олар пірлеріне, қосақтарына адал болды.

Ал қазір жөн-жосықсыз жасы келген әйел адамдарды кемпір деп айтып жүрміз. Оның өзінде құрметпен емес, кемсітіп, қалды мүсіркеп айтып жүрміз...

Кемпір сөзінің бүгінде басқаша мағына алғанымен, түп мағынасын сақтап қалған. Қоғамымыздағы кейінгі сілкіністермен бірге әмеңгерлік салты да көбең тартты. Сөйтіп, ері дүниеден өткен әйелдер жесір қалдым демей, ерінің міндетін де мойнына алған. Уақыт өте ондай әйелдерді де кемпір деп айтушылық белең алып, кейінде орныққан.

Шал сөзіне қарағанда кемпір сөзінің қолданылу жиілігі жоғарыдағыдай себептермен төмен болса керек. Алайда шал мен кемпір сөзі қосарланып айтқанда аузымызға алдымен шал сөзі түспей кемпір сөзінің түсетіні қалай? Осының өзінен-ақ кемпірдің шалдың қосағы еместігі көрініп тұр емес пе?! Өмірлерінің соңында тумаларының болмауынан, не қалмауынан ер адамның да, әйел адамның да жалғыз қалуы мүмкін.

Ертеректе ауылымызда балалары жоқ қариялар тұрып жатты. Барынша бауырмал адамдар болды. Бала көрсе маңдайынан иіскемей жібермейтін. Содан мұрынбоқтар әтпішулерін беріп құтылатын.

Сол қарияларда бір отбасылық жарасымдылық бар болатын. Көздері жұмылғанша айқай-шу көтермек тұрсын, тәжікелерін де көрсетпей

кетті. Кейін сол кісілердің ерлі-зайыпты адамдар еместіктерін білгенде таң қалғанымды айтпаңыз.

Бір үйде тұрған жандар ағалы-қарындасты адамдар екен. Біреуінің пірі кеміген, екіншісі шал екен. Әйтпесе бір үйдегі жандардың кемпір-шал болуы мүмкін емес-ау...

Кемпір сөзі жас ерекшелігін білдірмейді. Оны жоғарыда айттық. Соған орай жас жесірдің де кемпір мәртебесін алуы мүмкін. Бірақ табиғат өз дегенін істейді ғой.

Сондай себеппен әлгіндей «кемпірлер» берген серттерінде тұрмай қалады. Соған байланысты кемпір мәртебесінен ажырайды.

Міне, сондай «кемпірлерді» сампыр дейді. Яғни, әйелдік болмысын қайтып тапқан кемпірді сампыр дейді.

01.11.2019 ж.

Оныншы жазба
ҚЫЗ ШЫНЫМЕН ЖАУ МА?..

Бүгінде әлеуметтік желіде белгілі пәлсапашы Омар Жәлелдің қызды тауар дегені, енді бірде қызды маркерге теңегені қызу талқыланып жатыр. Тіпті, орысқұлықты қаракөз қарындастарымыз бауырымыздан көпшіліктен кешірім сұрауды талап етіп, акыры кешірім сұрауға мәжбүр де болды. Шын мәнінде ол кешірім сұрай қоятындай ешқандай әбестікке де барған жоқ еді.

Әңгіме күрделі еді. Әңгіме ұлт тағдыры туралы еді. Балшықтан адам жасай алмай отырған біздің қоғамымызда қыз тағдыры қазақ қоғамының күйреуіне анаратын бағыт алып отыр. Сондықтан да ел бүгінде қыз тағдырына ұлт тағдыры деп қарайды.

Бабаларымыз бұл жөнінде қазып тұрып айтқан.

Қыз жау деп... Шынымен солай ма?!.

Сол айқайдың жуан ортасында Омар Жәлел де жүр. Бір айтып қоя салған жоқ. Қалай мүмкіндік туады солай қыз тағдыры тақырыбына көміліп кете барады. Соған орай абайтанушы бауырымыз әйелтанушы атағына қалып отыр... Бар-жоғы бауырымыз батырып қана айтқан еді. Ақырып айтқанда не болар еді?!.

Ал негізі сондай жағдайдың алдында тұрмыз. Олай деуге себеп жеткілікті. Бір жаратушының көбейтіп жатқаны бір басқа, адам табиғатына қарай өзі көбеюі керек еді. Біз өз жаратылысымызды өзіміз жаратуымыз керек еді. Өкініштісі халқымыз осы жасампаздық қабілетінен айырылып бара жатыр. Соның ең бастысы жаратылыс тудыру жасын-

дағы қыздарымыздың денінің оң жақта отырғаны. Басқа елдің қыздарының мұндай жаста байлы-баранды болып, алды әже атанып отырған жайы бар. Тағы бір бес-алты жылда олардың тұрмыс құра қоятынына сенім жоқ. Әр жағы белгілі.

«Барыңнан жоғың» деп бабаларымыз осындайдан айтса керек Біздің бабаларымыздың заманында әйел баласы көп болмаған. Анығы көптігін білдірмеген. Тоқалдыққа алған. Аяқбаулыққа алған.

Әйтпесе әйел баласы қашанда ер адамдардан көп болған. Өйткені соғыс деген бар, барымта-сырымта деген бар, бөріктілердің көп жаса майтыны бар... Бірақ еш уақытта қыз баланың көптігі білінбеген...

Қыз қазақ баласының ұяты. Отбасының ұяты, руының ұяты, тайпасының ұяты, елінің ұяты. Ауылының ұяты, аймағының ұяты, елінің ұяты. Бұл біздің бабаларымыздың ұстанымы. Біз осы ұстанымымыздан ажырап барамыз. Жәлел бауырымыздың айтып отырғаны осы.

Қыз бүгінде қазақ баласының бас ауруы. Бұрын да солай болған Қазақ баласы әйел баласына ұрғашы деп қарамаған. Баламның анасы деп түсінген. Сонсоң ғана барып ұрғашы деп қабылдаған. Ер адамның міндеті баласына жақсы шеше тауып беру деп есептелген. Сондықтан да бұл мәселемен әке-шеше, ата-әже, баба-мама, ағайын, жамағайын болып шұғылданған.

Табиғи сұрыптау деген бар. Қанық ұлттығын қанықтыра түсу үшін бабаларымыз мұнымен түбегейлі шұғылданған. Содан барып құдаласу дәстүрін шығарған. Бір қуанарлығы қазір ел осы дәстүрімізді жаңа тұрпатта жаңғыртып жатыр. Бабаларымыз балалары дүниеге келмей жатып та оларды атастыра берген. Және оларынан зардап шекпеген Сондықтан да қазақ баласы құдалыққа қатты мән берген. Ел болып қалыңдық қарауға шыққан. Соған орай құдалықтың түрі көп болған Қалыңдық қарағанда дені сау, ақыл-ойы анық ұрпақ жалғастығын ойлаған. Соған орай құдаларын белгілеген. Сарысүйек құда болған тараптар да жеткілікті. Шамалары жеткенше қыздарын алыс жерге ұзатуға талпынған және қалыңдықты алыс жерден қарауға бейіл болған. Өйткені қан тазалығы бәрінен де жоғары еді. Осылайша қазақ баласы қатын алмай қайын алған.

Осы жерде ойыма бір әпсана түсіп отыр. Атақты Қанжығалы қарт Бөгенбай бір жорықта Көкбөрі Жарылғаппен қарбалдасып шауыпты Содан қалмақтың бетін қайтарып, Жарылғап әлгі Қарабұлақ деген жерден аттанатын болыпты.

Жақаңды шығарып салып тұрып Бөгенбай:

- Құда болалық, құдай айырмас дос болалық, Жарылғап, - денті,

Сонда Жарылғап тіс жармай тұрып қалыпты. Содан:

- Төрт ұлым бар еді, - дейді Жарылғап.

- Сенде жоқ болса да менде қыз бар. Сөзіңді байла! - дейді қарт батыр.

Жарылғап аға батырдың сөзін қабыл алыпты.

- Олай болса алдағы күзде келемін, - дейді Бөгенбай, - бірақ саған қоятын шартым: төрт балаңды біртіндеп алдымнан өткізесің. Күйеубаланы өзім таңдаймын.

Жарылғап мұны да құп алады. Мұны сол кезде біраз жұрт сөз қылады, әрине. Қыз қараушы еді, қалыңдық қараушы еді, күйеу қарағаң да бар екен ғой деп...

Келер күзде Бөгенбай келеді. Жарылғап та тегін адам емес ғой, аға батырды сынамақ болады. Батырдың алдынан өз балам деп топқа түсіп жүрген елдің төрт баласын өткізеді. Төртеуін алдынан өткізген қарт Бөгенбай:

- Жарылғап, енді өз балаларыңды көрсет, - дейді.

Батырдың сыншылдығына тәнті болған Жақаң кешірім сұрап, өз балаларын келтіреді. Алдымен тұңғышы Жәнібекті салған екен.

- Қотан аяқ, қолекпелеу екен, - дейді Бөгенбай.

Бұдан кейін Сәдібекті келтіреді:

- Отбасынан ұзамай, мал ішіндегі малма етектің өзі болар тірі жүрсе, - деп оны да жаратпайды.

Бес қаруына ие кенжесі Бәубекті келтіргенде:

- Сауытымды киер, сағымды сындырмас деп сенген балаң ғой бұл. Мұны да қоя тұр, - депті.

Ең соңынан екінші ұлы Қырбасты шақыртса, Қырбас ақыра келді дейді:

- Мына заман не заман? Қатыны бай таңдаған қандай заман? - деп.

- Жарады! - депті қарт батыр.

Бөгенбай Жарылғаптың осы баласын жаратыпты.

- Тағы да бір қызым болса оны да осы балаңа беруге бейіл едім, - депті.

Сөйтіп, Бөгенбай қызын Қырбасқа береді. Одан есімі Арқаға Бәшекең, Бәжең деп білінген атақты Бәйсейітбай туған.

Атақты жазушы Жүсіп Алтайбай айтқандай «Ол ауыздыға сөз, азулыға дес бермеген Бәйсейітбай. Аузынан жалын атқан аға сұлтан Құнанбайға Қарқаралы дуанында болған бір топта «Ақырзаман боларда күншығыстан жалғыз көзді тажал шығады, сен тап соның өзі емессің бе?» деген Бәйсейітбай. Жалғыз баласы Нұрлан абақтыға түсіп, соның ісін қуа келген Бәйсейітбай оязға кіре алмай кезек күтіп отырған Шорманның Мұсасы мен тағы да Құнанбайды көріп «Сеніп келгенім сен екеуің ең, босағада күшіктей телміріп отырған түрлерің жаман екен, енді кете берсем де болар» деген Бәйсейітбай. Жамантай ханның ба-

ласы Түлік төре күш көрсетіп, Бәйсейітбайдың көк тұлпарын алып кел деп жіберген биін сабап-сабап қоя берген Бәйсейітбай.

Қысқасы, Бөгенбай мен Жарылғаптың түлегі Бәйсейітбай да ердің епінбей, егеудің сынығындай, ақылына күші сай көкжал болған. Бірақ оның заманында ту ұстап, қол бастап жорыққа аттанушылық болмай қалған».

Бір жаратушы Қырбасқа қайын жұртты осылайша өзі лайықтаған. Қайын дұрыс болғандықтан Жақаң Бөгенбай батырдың осындай қай асылықтарына көнген. Әйтпесе, бұл дүниеге Бәйсейітбайдай берен келер ме еді?!

Сол Бәйсейітбайдан Арқаға атымтай жомарт атанған баласы Нұрлан мырза туған.

Сол Нұрланнан кешегі Ақшатау болыстығының болыстары болған Қуанышбек, Сәдуақас мырзалар туған.

Мәдиді құтқарып алам деп Қарқаралы қамағын шаппақшы болған кешегі ер Қапас туған.

«Қатын алмай қайын алудың» себебі осы. Бүгінгідей мәһаббат-сәһаббат деп жатсақ осындай тұлғалар дүниеге келер ме еді?!

Осы жерде есімізге, әрине, «Тақиялы періште» фильмі еске түседі. Кейбіреулер ойлайтындай ол туынды комедиялық емес, қарсылық фильмі болатын. Сол Бәйсейітбай заманында қожа, төре бөліске түскенде Бәжең «Төре төрімізді бермейді, қожа ел бұзады» деп оларды алудан бас тартқан. Ол заманда өздерін ақсүйек санаған олар қарадан қыз алмаймыз деп өз қарындастарын өздері қатын еткен ғой. Бәжең осыдан тартынған.

Бұл ештеңе емес, сорақылығы енді шығып жатыр. Мысыр имамы мұсылмандарға туған қызын қатын қылуға рұқсат беріпті.

Каирдегі сунниттік бағыттағы ең мықты Аль-Азхар университетінің имамы Мазен аль-Серсави көпшілікке «еркектердің өз қыздарымен жыныстық қатынасқа түсуіне болады» деген мәлімдемесі үшін танылды. Ол үшін қыз бала некесіз туған болу керек. Оның ойынша, некесіз туған қыздардың әкесіне ешқандай қатысы жоқ.

«Егер ондай әйел еркектен жүкті болып, босанса, онда онымен болатын еркек үшін ол һарам емес» дейді имам. Бұл мәлімдемесін ол 2012 жылдан бастап айтып келеді. Оның сөздері жазылған бейнежазба желіге тарап, шетелде де көп рет қаралған.

Қазіргі уақытта Египет қоғамында исламдағы әйел рөлі қайта дауға салынуда. Жақында ғана Наби аль-Вахш есімді қорғаушы ашық-шашық киінген әйелдерді, әсіресе, жыртық джинсы сым кигендерін зорлау керек деген мәлімдеме жасады. Бұл мұсылман әлемінде болып жатқан жайт.

Біздегі жағдай да оңып тұрған жоқ. Бір депутат қарындасымыз бастаған сылқымдар екі байымыздан болса деп елді шулатып жүр. Ал енді бір депутат бауырымыз қазақ қыздарының қытай азаматтарымен некесін сөз қылды. Аттандайтын жер-ақ еді. Бірақ дауысы құмығып шықты. Тағы бір Амантай қажы жетіспеді. Түбі айтып отырған қажымызды депутат етсек ұтылмайды да екенбіз деп қалдым.

Неке деген жай нәрсе болып қалды. Бүгін тіркеліп, ертең ажырап жатыр. Оған мешіт төңірегіндегі дау-дамайларды қосыңыз. Талақ деген шықты. Шариғатқа сияды деп жатыр. Сыйғаны сол, өздерін мүмін деп есептейтіндер қатындарының есімдерінен жаңылып жатыр. Өйткені бүгінгі қарлардың ілгері-кейінді байлары төрт-бесеуден асып жатыр. Бұл түптің түбінде жаппай некесіздікке алып келетін жайттардың бірі. Сондықтан ерте ме, кеш пе бұл мемлекеттік деңгейде талқыланатын мәселе деп ойлаймыз.

Осының барлығы кешегі бабаларымыздың неке институтынан ажырағанымыздан болып жатыр.

«Қайын алудың» тағы бір себебі жігіттің жақсы болмағы нағашыдан. Ер жігіттің барлық игі қасиеті анадан. Бұл медицинамыз куәлік беріп отырған шындық.

Қазақ баласының қыз баласына деген құрметінің жиексіз болуы осы себептен. Қазақ баласы қызын еш уақытта кемшілікте ұстамаған. Баласын міндетті түрде қазақ қызына үйлендірген. Еш уақытта қазақ баласының бәйбішесі басқа ұлттан болмаған. Басқа ұлттан қатын алар болса, оның барлық шариғатын келтіріп тоқалдыққа алған.

Бұған керісінше қызын еш уақытта басқа ұлтқа бермеген. Өйткені қыз бала ұлт құтысы болып есептелген!

Қазақта еркек жаманы болса да әйел жаманы болмаған. Сондықтан байсыз өткен қазақ қызы болмаған!

Қазақ қызының басқа жұртқа қатындыққа шығуы қасірет болып есептелген. Өйткені өзіндік ұлттық генінің басқа жұртқа ауатынын білген. Сондықтанда қыздарын басқа жұртқа жібермеген. Керек болса тоқалдыққа алған. Керек болса аяқбаулыққа алған.

Ал бабаларымыздың өздері неге басқа жұрттан қатын алған? Қан ауыстыру керек болған.

Бұқар жыраудың өзі айтпай ма? «Қатының болсын қалмақтан, отының болсын жантақтан» деп. Біздердің талайымыздың мамаларымыз қалмақ жұртынан болған. Сол нағашыларымызды - жоңғарларды жұрт етпеген де біздерміз-жиендеріміз...

Міне, жиеннің ел болмайтын себебі! Міне, қыздың жаулығы! Міне, қызымыздың жаулығы!

Бүгінде әже жасындағы қыздарымыз әлі күнге оң жақта отыр. Және мыңдап отыр. Бұл нонсенс! Байсыз қазақ қызы болмаған! Ал байсыз қазақ қызы болса, оның өзі мыңдап болса онда ұлттың азғаны! Жәлел Омар бауырымның айтып отырғаны осы! Қызымызды байсыз қалдырмайық дейді! Қызымызды басқа жұртқа бермейік дейді! Бұл ұлт ертеңі үшін айтылып отырған сөз. Омар Жәлел бауырымыз ұлт қауіпсіздігін көтеріп отыр. Ұлтымызға, ұлттығымызға бүгінде қауіп-қатер көп. Соның бастысы қыздан болып отырғаны жасырын емес.

Байқасақ бүгінде этникалық қазақтар дегендер көбейіп кетті. Түріне қарасаң қансуға, тіліне қарасаң қазағыма тартып тұр. Осыларды тіліне қарап бауырым дей аламын ба?! Менен басқаларды да бұл сауал әсіре мазалайтын болса керек. Өйткені іштей қарсылығымыз қазір ашық сипат ала бастады.

Ол аздайын осы этникалық қазақ дегендер қазақ қыздарына үйленіп жатыр. Қазақ болды дегеннің өзінде олардың тегі кім?! Кім бізге тектеп береді. Олай болса тексіз ұрпақ күшіктеп жатыр... Бұл туыттар казағымның ертеңі болады дегенге сене алмаймын!

Қазақтың жат жұртқа кеткен жері аз емес. Оларымызды бір жаратқанға тапсырып, бүгінгі шекарамызды бекемдейік. Осы сайын даланың басты байлығы мұнай да, алтын да, уран да емес! Басты байлығы адамы! Адамы болғанда... Қазағы!

Олай болса еліміздің ертеңі ұлттық саясатымызға негізделген демография саясаты болуы керек.

Тоқал әңгімесінің аясынан шығайық. Аяқбау әңгімесіне көшейік. Олай болса бабаларымыз салып кеткен неке институтына кайтып оралайық. Қыздарымызды жат жұртқа жібермейік. Елімізде кәрі қыз деген болмасын! Өз қызымызды өзімізге жау қылмайық!

«Қыз өссе елдің көркі» дейді бабаларымыз. Омар Жәлелдің де, басқаларымыздың да айтпағымыз осы.

Жиен дегенде ең алдымен есіңізге нағашы сөзі түседі. Балаға үш жұрттың ішінде жақын жүретін жұрты. Соған орай бұл жұртты жалпақ тілде есел деп жатады. Баланың есі кіргенде қайтаратын жұрт деп біледі. Одан кейін есіңізге міндетті түрде баланың шешесі, яғни қыз түседі. Қазақ қызын қатты әлпештеген. Қонақ деп білген. Өрісім деп білген. Соған орай төрден орын берген.

Ал енді жат жұрттыққа кеткенде қызын жау деп білген. Өйткені қызы дүниеге жат жұрттықты әкеледі ғой. Ал ол шақалақтың бүгін болмаса ертең жау болуы әбден мүмкін.

Содан барып та «қыз-жау» деген сөз қалған.

08.03.2020 ж.

Он бірінші жазба

АРУАҚПЕН ОЙНАМАЙДЫ

І. АРУАҚТЫҢ ШЕКАРАСЫ

Сонымен шекараны аттап өттік! Аруақтардың шекарасын! Шабуыл басталғалы не заман! Оңынан... Солынан... Тігінен... Көлденеңінен... Ашық... Жабық...

Мұнымызды қанша жерден бүркемелегенімізбен екі күннің бірінде алдымыздан шығып жатты.

Аузынан аруағы түспейтін қазақ баласы сол аруақ аталатын жерде тілін тістейтін халге келді...

Мешіт жақтан ширк деген сөз шықты. Бара-бара күшейді. Бара-бара мұны Алламызға серік қосу деді.

Енді бәрін қойып аузыңа Аруақты алма деп отыр! Мұны мүптиіміз айтты деп бір соқтық... Айтпады деп бір соқтық...

Тіпті, сөзден һәрекетке көше бастадық... Сол һәрекетіміз өзіміздің Қарқаралымыздан шығып жатыр... Бауырларымыз айтады... Бейіт салмайық (соқпайық) деп! Бір нәрсенің басын ашып алайық. Біз қазақпыз!

Жоқтықта жүруіміз мүмкін... Аштықта жүруіміз мүмкін... Бірақ бейіті жоқ қазақ болмаған!

Бүгінде мешітті Құдай үйі деп айтушылар шықты. Мешітке Құдайымыз керек болмаса Құдайға мешіттің еш қажеті жоқ болар...

Ал бейіт дегеніміз бұл Аруақтың үйі! Аруақтың үйі бейіт жөнінде жоғарыдағыдай айта алмаймыз. Өйткені адам баласының тірідегі үйі - тамы болса, өлідегі үйі - бейіті.

Мешітке қаратып бұлай айтар болсақ онда аруақтарымызды мешітте жерлеген болар едік.

Бейіт- қазақ баласының өлілерге көрсететін құрметінің индикаторы. Сен әкеңе бейіт соқпадың ба - сен ешкім де емессің! Сен - нөлсің! Ең құрығанда сен басын қарайтуың керек! Шамаң жетпей жатса аманттауың керек! Егер баласының шамасы жетпей жатса басқа қарындастары бар! Егер олардың шамасы жетпей жатса аталастары, ағайындары бар! Ешкімі жоқ болса, онда қайманалардың өздері соғады! Қазақтық деген осы! Сондықтан қазақтың кез келген баласы көмусіз қаламын деп еш уайым жеген емес.

Кейінгі екі ғасырда қазақ баласының көрмегені жоқ. Қашқын да болды... Босқын да болды... Күштеп туған топырағынан айырды... Зорлап итжеккенге айдады...

Содан да балаларымыз жоқшы болып жүр! Содан да балаларымыз бейіт соғып жатыр... Бабаларының басын тапса болды! Соғады бейітті!

Оған ешкім де кедергі бола болмайды! Ешқандай да пәтуа... Ешқандай да бұйрық-қаулы... Қазақ баласы ондай замандардың талайын бастан өткерген...

Күні кеше ғана емес пе еді - Колбин деген сойқанның сондай қаулы шығарғаны...

Сөйтсек Колбин соққан қазақ баласынан құрылыс материалы деп кірпішті қызғанған екен ғой. Алайда онысы «Тұрғын үй-91» бағдарламасын орындауға «қол ұшын» берді деп айта алмаған болар едім... Кірпішке қарағаң қазақ баласы жоқ...

Бейіттерді енді таспен өріп шығаруды жүзеге асырдық! Сол тастан өрген бейіттеріміздің кірпіштен салған үйлеріміздің соқталылау көрінетіні де жасырын емес еді.

Бейіт бұл қазақ баласының қамал қорғаны! Бейіт бұл бабаларымыздың кейінгі ұрпағына қалдырған мұрасы!

Бізде болған... Көр ашу, көр қазу уақиғалары... Солардың оңғаны болмады! Олардың түп-тұқияндарымен құрығандары болды... - Аруақ атты!..- дейтін мұндайда үлкендеріміз. Қазақ даласындағы үлкенді-кішілі соғыстардың барлығы осы бейіт бұзудан басталған. Бәріне көнген қазақ баласы тап осыған келгенде көне алмаған!

- Аруақ!.. - деп атқа қонған.

II. ТІРІ АРУАҚ

Қазақ баласының наным-түсінігі елде жоқ түсінік. Қазақ баласы Тәңіріні де мойындайды... Қазақ баласы Құдайды да мойындайды... Қазақ баласы Алланы да мойындайды...

Мұнан басқа... Қазақ баласы Жаратушы бар деп біледі... Ием бар деп біледі... Жаратқан бар деп біледі!..

Осы түсінігімізге қарап-ақ бізді діннен шығарып жіберуге болады! Шығарып та жатыр!

Алайда онымыздан кэпір болып кеткен бауырларымызды көріп отырғанымыз жоқ... Қазақ баласы өз түсінігінде ешқашанда өздерін Құдайға, болмаса Тәңіріге, болмаса Аллаға жақындатуға тырыспаған! Аралық қашықтықты ұстанған! Неге? Өйткені оларды танып-білу мүмкін емес деп білген! Сондықтан да оларды барынша қасиеттеген!

Мұндай қашықтықты аруақтар бойынша да ұстанған! Алайда оларға жақындауға барынша ұмтылған! Өзі емес, өзгелер арқылы! Баласы әкесі арқылы! Олай болса бала қашанда әке алдында жауапкершілікте болады!

Соның бастысы өлім-жітімге қатысты жоралғылар! Сол жоралғыларды аяғынан шығарғанда ғана Аруақ аруаққа айналады!

Соның бастылары... Қашанда, қай жағдайда да адамның өлімге дайын болуы - жорыққа шыққанда, болмаса айлық алыс сапарларға шыққанда әулет қорымынан бір уыс топырақтың болуы... Қандай жағдайда болсын мәйітті әулет қорымына жеткізу... Марқұмның соңғы сәтінде ел-жұртымен бақұлдасуына, арыздасуына, өсиет қалдыруына мүмкіншілік жасау... Қайтқан күнінен үш күн бойы шілдехана күзетінің болуы... (Клиникалық өлім еместігіне көз жеткізу). Марқұмға мейрам суын ішкізу... (Сүйекке түсу). Жаназасын шығармай тұрып қонағасын беру... Бұл енді тірінің дәмі. Марқұм әлі өлген жоқ.

Ескеретін нәрсе қонағасы қашанда үшінші күнінде берілген. Одан кейін ол жаназасы шығарылып, марқұмға айналады... Үші беріледі, жетісі беріледі, қырқы беріледі... Ең соңында жылы беріледі... Сонда ғана марқұм аруаққа айналады!

Жоқ айналмайды! Жылы берілгенде баласы міндетті түрде тергеледі! Тіріні тірі тергейтін болады. Сұраудың үлкені...

- Әкеңнің басын қарайттың ба? - деп сұралады. Марқұмның ақыреттік үйі көтерілмесе ешқандай да ас берілмеген! Бейітің жоқ па - сен ешкім де емессің! Тірі де емессің!.. Өлі де емессің!.. Міне, сонда қаймана қазақ жетеді!

- Аруақ! - деп күркірейді. Аруақ шақырылған жерде қазақ баласы жата алмайды... Арғы күнінде қабірден бейіт өсіп бара жатар еді... Басқа жағдайда бала Сүлдерге айналады! Бұл бір пәлендей қарғыс, болмаса теріс бата, болмаса бәддұғас емес... Бұл халықтың наласы! Ондай жандарды халық сыбырға бергісіз қылып: - Тірі аруақ!... - дер еді.

Олай болса сұрауға дайын болайық!

31.05.2023 ж.

ПІ. АРУАҚТАР ҚОРҒАП МӘСКЕУДІ...

Қазақ баласы күнделікті өмірінде Құдай есімін аузына ала бермеген. Онысының басты себебі - қазақы құдайшылығы! Қазіргі айтып жүргеніміздей шүкіршілігіміз!

Бабаларымыз Құдай ауылын мазалауды артық санаған. Қандай жағдайда болсын. Есесіне бабаларына жүгінген! Аруақ шақырған!

Аруақ деген қазақ баласының қисабы түгел болған. Сондықтан да қазақ баласының батасында аруақтарымыз алдыңғы орында тұрған.

Бір шикіөкпеге зар болғанда бейіт жағалап кеткен. Аруақ орнына барып мәдет тілеген... Және кішкентайлы болған! Сол шаранасын дүниеге әкелерде қиналыс тапқан. Мұндай жағдайда Ұмай Аналары мәдетке келген! Бибәтима Аналары күш берген! Сондай мәдеттің арқасында өздері де дін аман қалған! Дені сау сәбиді де өмірге әкелген!

Өмір болған соң бәрі бола береді. Оның ішінде өмірге қауіптілігі бар жағдаяттар өтіп жатады. Сондай жағдайдың бірі - сәбидің тұрмауы. Мұндай жағдайда ондай шаранаға қыз баланың есімін берген! Болмай қойған жағдайда сәбилеріне аруаққа шыққан бабаларының есімін қойған! Сол сәбилер тұрған!

Өйткені аруаққа шыққан бабалары алқаған! Сондықтан да төршежірелерімізде бабаларымыз есімінің қайталануы көрініп қалса басқадай себебі жок деп білгеніміз жөн. Ант бергенде де бабаларымыз аруаққа шыққан бабаларының есімін аузына алып тұрып берген! Серттескенде де аруақты бабаларына жүгінген! Сондықтан да ант бұзу, болмаса сертте тұрмау қазақ баласы үшін үлкен күнә саналған!

Қазақ баласының бұл наным-сенімен басқа жұрт шеберлікпен пайдалана білген. 41-ші жылы Мәскеу жау құрсауында қалғанда Ставка оны қорғауды орыс баласына тапсырмай, қазақ баласына тапсырды!

Неге?

Мұрт көсем кейбіреулер ойлап жүргендей «кездейсоқ» адам емес. Оны атеист деп жазғыруымызды да артық нәрсе деп білгеніміз жөн. Ең құрығанда оның семинарист екенін жадымызда ұстайық. Демек оның параллель әлемінен хабары бар деген сөз. Олай болса... Кобо да білген! Қазақ баласының осы күнге қалай жеткенін!

Аруақ еді жеткізген! Аруақ - қазақ баласының қамал қорғаны еді! Аруақ деп қазақ баласы атқа қонғанда олардың әрқайсысы жау көзіне мың болып көрінді!

Оның алдындағы Патша-Құдай да білген! Білгендерін екеуі екі түрлі қолданған... Қазақ баласының Аруағын әлсірету мақсатында Патша құдай Далаға указной молдаларын жіберді. Олар өздерінің Патшаларын Құдай дәргейіне көтерді! Оның салдарын әлі тартып келеміз! Сондықтан Нұрсұлтан жездемізді Құдай деп аспандатқанымыз негізсіз емес еді...

Ал Кобо қазақ Аруағын мүтіл Ресейдің қамал қорғанына айналдыруды ойластырды және онысына жетті! Питерде Шостаковичтің жетінші симфониясы ойналса Мәскеу аспанында қазақ баласының есімі аруаққа шыққан батырлары атойлады!..

Бөгенбайлап, Қабанбайлап, Байқозылап, Жарылғаптап, Жидебайлап, Сеңкібайлап, Райымбектеп, Наурызбайлап, Малайсарылап шапқан қазақ сарбаздары зеңбіректеріңізден де қаһарлы еді. Жау жүрегі жарылып өліп жатты! Мәскеу солай қорғалған!

Ал Берлинді алған элгі айтып отырған Кобомыздың бауыры Кантария мен қайдағы бір Егоров емес, қазақ Рақымжан Қошқарбаев еді! Арғын Темештің баласы еді! Рас болса Мейрамдап шапқан дейді! Олай болса Мәскеуді алып қалған қазақ баласының Аруағы еді!

Енді келіп аруақты ауыздарыңа алма деп жатыр... Бейіт салма деп жатыр...

Мұнан өткен қорлық сірәда болмас! Бұл бабаларымызға тіл тигізу деген сөз! Бұл тыныш жатқан аруақтарды ояту деген сөз!

Ал бұл өте қауіпті! Аруақтар оянса қазақ баласы жата алмайды! Тапап өтеді! Ешқандай заң-зәкөн, ешқандай пәтуа, ешқандай табу кедергі бола алмайды!

Оның мысалын алыстан іздеп керегі жоқ! Кешегі қаңтар қырғынында елді алып қалған өкімет, болмаса мүптият, болмаса ОДКБ емес!.. Аруақтарымыз алып қалған! Ішкі аруағын сыртқа алып шыққан батыр ұландарымыз!

02.06.2023 ж.

IV. МОЛА

Мола... Бұп бүгінде қазақ баласының қолданысынан шығып бара жатқан сөз. Ешқандай архаизмге келмейді! Дұрысырағы пассив сөзіміз...

Астана атауын өзгерткенімізде біраз дау-дамай болды. Қаланың Целиноград атауын Ақмолаға өзгерткенде ешқандай да жария дау-дамай болмады. Дау-дамай сол Ақмола атауын Астана атауына өзгерткенде шығып, кеңірдек керіскеніміз жасырын емес. Содан қойшы, «Ақ мол» деген пәтуаға келгендей болдық.

Біздің жармақтығымыз сол тұста осы атауымызбен ерекше көрінді. Өйткені біздер мола сөзінен қаштық! Тіпті, мола сөзін орысшаласақ бізді түсінбей қалады деп қызарақтадық... Ал сол орыстарыңыз заманында ешқандай да қызарақтамай Ақмола атауын бекітіп-ақ жібермеді ме?! Сол тұста біреудің есінде қалған, біреуімізде қалмаған осы Ақмола атауына қатысты эпенділеу мысал ел құлағында жүрді.

Жазушы ағамыз Жүсіп Алтайбаевты ЦК шақырып алып, жаңа қызмет ұсынса керек. Ақтөбеге бар дейді. Бармаймын дейді. Ақмолаға бар дейді. Бармаймын дейді.

Неге деп сұрайды хатшы. Төбеге бармағанда молаға барамын ба дейді жазушы ағамыз. Сөйтіп, ағамыз осы екі ауыз сөзімен орнында калыпты. Жазушымыз не айтты, хатшымыз не түсінді. Оны пайымдаған жан болмады. Сол пайымы бізге қалғандай-ау...

Қазақ баласы қашанда бейітті қыратты жерге салған. Турасын айтсақ төбеге салған. Аяқ астынан жоғары болсын дегендік...

«Ел төресіз болмас, жер төбесіз болмас» қатардағы мақал-мәтелдеріміз баршылық. Бұл мақалымыздың әу басқы нұсқасы «жер төбесіз болмас, ел төресіз болмас» еді. Кейіндеу жүргізіп жатқан саясатымыз-

ға орай төбені екінші орынға сырғыттық. Олай болса төбеміз жай ғана төбе, болмаса қырат емес екен. Онда да қазақтық сакралдық жатыр. Өйткені онда аруағымыз жатыр. Бір атаның, болмаса бір әулеттің, болмаса бір рудың үрім бұтағы болып бейіт соққан. Ал қазақтың бейіті тұрған жерде өмір бар! Төбелі жерде су бар, мал бар! Ең бастысы мұндай төбелер қазақ баласының қамал қорғаны! Қаруылтөбелері!..

Ал моламыздың жайы бейітімізге қарағанда күрделірек, оның сакралдық сипаты да анығырақ... Өйткені моламыз бабаларымыз түсінігінде бақсылардың, балгер-құшнаштардың, дуаналарымыздың, көріпкелдеріміздің еншісі. Таза қазақы тілмен айтсақ, жай адам молада жата алмайды! Моланың санаты бейіттен әлдеқайда жоғары! Өйткені моладағылар қашанда көкке жақын тұрды.

Біз оларды түсінуге қауқарсыз едік. Содан барып шаман атадық... Бақсы атадық... Олар тірісінде ел ішіне сыймады. Оқшау өмір сүрді... Аулақта жалғыздықты таңдады... Олар ел ішіне барып өздерінің танымпайымдарын тықпаламады... Ал келгендерді күтіп алып, қолдарынан келген көмегін аямады. Тірісінде саяқ өмір сүрген олар бақилыққа озған соң да алдыңғыларға қосылмады. Оларға арнап бөлек там салды! Ол тамдарын мола деп әспеттеді!

Моланың қабірстан, болмаса қорым болуы мүмкін емес еді... Онда жалғыз ғана адам жатты! Және ол молалар ақ түсті болып жұтынып тұратын.

Бейіттен қол жаймай өтуге бар қазақ моладан аттап өте алмайтын. Соған орай жолдан бұрылып тәу етер еді.

Қазақ баласының танымында молалар жалғыздықтың нышаны! Және моланың бәсі қашанда бейіттен жоғары болып келген! Ондай молаларды өнер туындысы деуге келеді. Өйткені бақсыларымыз молаларын өздері көтерген!

Бейіттегі жанның кім екендігінің білінуі мүмкін бола бермейді. Ал моладағы бақсыны барша жұрт білген! Қазақ баласының түсінігінде бақсы аруақ пен жаратушының (Тәңірі, Құдай) арасындағы аралық санат. Олай болса... Өлгеннің жаманы жоқ!

Қазақ баласы ешқандай кітапсыз-ақ өлімге дайындалған! Сол дайындығының басқы атрибуттары - бейіт (мола)! Бейіт (мола) - бұл қазақ баласының кейінгі ұрпағына қалдырған мұрасы.

Олай болса соңғы қазақ қалғанша бейіт те жасай береді!

Мола да салынады!..

06.06.2023 ж.

V. СҮЛДЕР/І

Сонымен, мынау менің аруақ пен бейітке қатысты бесінші мақалам. Әлжелідегі оқырмандарым оны жақсы білсе керек. Ашығын айтайын, бұл бас жарылып, көз шығатын тақырып. Өйткені тақырыбымыз дінмен, оның ішінде мұсылманшылығымызбен, оның ішінде қазақы мұсылманшылығымызбен байланысты болып отыр.

Соған қарамастан бардық. Қазақ баласының қамы үшін.

Кімге қалай, мен қазіргі дінге қатысты ұстанымды жақтай алмаймын. Оны қаңтар оқиғасы көрсетті. Дін бізді қорғамайды, анығырағы бізді қорғай алмайды. Керек десеңіз ұстанып отырған дініміз қазақ баласының идеологиясы да бола алмайды. Өйткені қазіргі мұсылманшылығымыз бізді тәуелділікке шақырады, құлдық қамытынан шығармайды.

Бізді құтқаратын нәрсе ата-бабаларымыздың ұстанымы - әдет-ғұрпы! Әдет-ғұрпымыз мемлекеттік деңгейде идеологиялық темірқазығымызға айналғанда ғана қазақ баласы ұлт ретінде жаһандық көшке ілесе алады. Басқа жағдайда бәрі де бос сөз болып қалады.

Қазақ баласының тәуелсіздігі екі үлкен әлемнен тұрады. Сырт тәуелсіздігі мен іш тәуелсіздігінен...

Бабаларымыз сырт тәуелсіздігін бергенімен еш уақытта іш тәуелсіздігін бермеген!

Сондықтан да қилы тараптан біздің іш тәуелсіздігімізге шабуыл жасалып жатыр. Одан қорғанудың бір-ақ жолы бар. Ол - ата-бабаларымыздың ұстанымына адал болуымыз.

Сонымен, бүгінгі тақырыбымыз - ...Сүлдер/і...

* * *

Сонымен...

Сүлдер/і...

Медицинаның айналасындағы жұрт қазір бұл лексемді скелет сөзінің баламасы ретінде қолданып жүр.

Жалпы, бұл лексемнің атау тұлғадағы қолданысы қызық. Соған орай әуелі осы сөзіміздің дұрысы қайсы деп тілтанушыларымыз сүлдер мен сүлдері сөздерін қатар алып шығады.

Ал мәдениеттанушыларымыз бұған әкеп сүлде сөзін қосақтайды.

Бұл лексемдерден біздің қашуымыздың жөні жоқ деп білем. Ерте ме, кеш пе - біздер бұл лексемдермен тоқайласатын едік. Соған өмірдің өзі әкеліп отыр. Мұнымен айналысатын құрылымдар бізде жеткілікті. Соның түпкі нәтижесі жоқ. Содан барып біз сынды дилантаттар килікпес

нәрсеге килігіп жатады. Қазіргі уақыт ырғалып-жырғалғанды күтпейді. Әсіресе, жарылысты саладағы жағдайлар баршамызды ойландырса керек.

Қаңтар уақиғасында мүптиятымыз бұғып қалды. Керек десеңіз орыс-украйн соғысына деген өз позициясын да білдірген жоқ.

Мешіт салу деген әуезеге айналды. Қалталы дүмшелер ойларына келгенін істеп жатыр. Салған мешіттерін көрсеңіз жылағыңыз келеді. Дәрет орындарын әлі күнге дейін сыртқа шығармай келеді. Мешіттегі имамдар бөлмесіне кіргендер білер болар бұл жайтты.

Бұл қазақы мұсылманшылығымызға келмейді.

Мешіт болған соң оның асханасы мен мәйітханасының болғаны абзал, әрине. Алайда оны ескеріп жатқан әлгі қалталы құрылысшыларымыз жоқ. Қазір мешіттеріміз ауылдық жерлерге де барды. Тіпті, қоскостан бой көтеріп жатқандары бар. Алайда оған барып жатқан жандар қарасы сұйықтау. Барса асханасына ғана барады...

Осыдан кейін ойлануға тура келеді... Мүптият не қарап отыр деген сауал да көлденеңдейді...

Бұл жазбамыз мүптиятты қаралау, болмаса асыл дінімізге көлеңке түсіру емес, керісінше қорғау деп қабылдағанымыз жөн болар еді. Ақты ақ, қараны қара деп айту уақытында тұрмыз! Әлжеліні ашып қалсаңыз алақан жайып тұрған мешіт салушыларды көреміз... Медіресе салып жатырмыз деп жатқан роликтерді ашсаңыз онда да алақан жайып тұрған ұстазды көресіз...

Осыдан кейін де елге бірнәрсе дейміз бе?!

«НұрОтанымыз» праймериз жасап, «Аманатқа» айналды. Қорыққан жоқ. Кеткен кемістерін ашық мойындады. Өздерін биік мінберлерден сынаған біраз бауырларды қатарына алды. Өздері жетелеп жүріп мәжілісімен жасады. Қазір солар қайрат жасап жатыр... Баршамызға сондай бір жаңару керек!

Бізде екі жамағат жоқ. Мешітке барып жүргендер де солар... Бейіт салып жатқандар да солар...

Осыдан бір отыз жыл бұрын олар үйіндегісін мешітке тасып еді-ау... Енді не болып қалды?! Болғаны сол - бейіттер (мазарлар, кесенелер, сағаналар, т.б.) салып жатыр. Салғанда да аспандатып салып жатыр. Мешіті қайсы, бейіті қайсы...айыра алмай жатамыз... Бұл ненің белгісі?!

Бәрі де оралады! Аруақтар да... Топырағына оралып жатыр!

Қабанбай баба мазарын аспандатып салып тастадық. Онда батыр бабамыздың сүйегі жоқ қой деушілер шықты. Сонда аруақ шақырып жатырмыз ғой деген бір жан табылмады! Міне, осы топтағы бауырларымызды сүлдерге қоссақ та болады.

Кейінгі толқынның көргені сүлдердің екі легі. Алғашқысы қазақ баласының тарихында ақтабан шұбырындыдан кем соққан жоқ. Бұл

Арқадағы, қазақ даласындағы ашаршылық жылдары еді. Сөйтіп жүріп те бабаларымыз әу басқы ұстанымынан таймады. Белден көтеріп бейіт соқпаса да белден қазып жерледі!

Кейіндеу оған да мұршалары келмеді. Өйткені жұрт жаппай сүлдеріге айнала бастады. Қазақ баласы ойлаудан қалды. Қалғаны рефлексі еді. Оның өзі төртаяқтылардың рефлексінен аспады. Қайткенде қарынды тойдырудың қарекетіне көшті. Өйткені олар сүлдері еді!..

Басқаша өмір сүрудің жолы жоқ еді... Сөйтіп жүріп те Әбіл мен Қабыл бабаларының тәжікесін естерінен шығармады. Біреулері өліп қалғандай болса беттерін жабуды ұмытпады... Басқаға шамалары келмеді... Бұлар сүлдері еді...

Ал сүлдер?.. Бұлар қазақтығы тұрсын адамдық кейпінен ажырай бастады... Мына әлем оларға қарын және тамақ болып ғана көрінді! Содан барып олар өз әлпеттестерін қорек қылды... Бала, әйел, еркек деп қарамады... Ең соңында олар өздерін... Өздері... Қорек қылды... Бұлар СҮЛДЕР еді...

Бейіт салудың қажеті болмай қалды... Олар хайуанға айналған болатын... Ал хайуандарға бейіт соғылмаған!.. Енді... Осының бәрін бүгінгі күнімізге әкелейікші... Біздер әзір СҮЛДЕРІ санатында тұрмыз!

Бейіт салмаймыз... Жай бетін ғана жабамыз... Бұлай жүре берсек СҮЛДЕР ауылы да алыс емес-ау... Сүлдері мен сүлдердің аражігін айырғандай болдық...

Бұлардың қайсы болсын қорқынышты... Әзірге сүлдері ауылына аяқ басып отырмыз... Бейіт салудан бас тартып жатырмыз! Бірақ біріміздің бетімізді біріміз жауып жатырмыз... Сүлдеріміздің әр жағынан сүлдердің құлағы қылтиып тұр...

Сол күн келгенде көресінді көретін боламыз... Моласыз қаламыз... Бейітсіз қаламыз... Кесенесіз қаламыз... Сағанасыз қаламыз... Ешкім де көмекке келмейді... Аруақ шақыратын өзекті жан болмайды...

Ең соңында... Көмусіз қаламыз! Мен де... Сіз де... Ол да... Имамымыз да... Мүптиіміз де...

* * *

Сөйтіп... ҚАЗАҚ БАЛАСЫ БҰЛ ДҮНИЕДЕН КӨШЕДІ...

* * *

Ал... БЕЙІТТЕРІМІЗ, КЕСЕНЕЛЕРІМІЗ, МОЛАЛАРЫМЫЗ, САҒАНАЛАРЫМЫЗ ҚАЛАДЫ!

07.06.2023 ж.

VI. ҚАЗАҚИЯ

Қазақ қоғамы жарылыс алдында тұр. Қалайық, қаламайық, ерте ме, кеш пе - ол бәрібір өтеді... Бізді күпті ететіні сол жарылысымыздың нәтижесі... Өйткені кез келген жарылыс үлкен құрбандықтар алып келеді. Соның кейіндегі көрінісі - қаңтар уақиғасы! Оның жалғасы болуы мүмкін бе?

Әрине! Міндетті түрде! Өйткені біздер соғыс жағдайындағы мемлекетпіз! Біздегі соғыс барлық деңгейде жүріп жатыр! Қазір біздің бәріміз де сарбазбыз! Ешкім айтпаса да үлкен соғыстың қайдан келетінін біліп отырмыз!

Олар бізден жүз есе, мың есе қуатты! Олар өте қауіпті! Ол да түк емес... Олардан да қауіптірек жау бар! Олар - өзіміздегі түрі қазақ бауырларымыз! Олар - көрші елдерде отырған түрі қазақ бауырларымыз! Ертең беті әрі болғыр соғыс бола қалған жағдайда қазақ баласы қазақ баласына қарсы жүретін болады! Өзіміздегі түрі қазақ бауырларымыз өзімізді қарауыл ұшына алатын болады! Қаңтар уақиғасы соны көрсетіп отыр!

Елдің дал болып отырғаны... Ақиқатын күткен еді... Биліктен... Мүптияттан... Әзірге тырс етпей отыр!..

Соған қарағанда осылардың өздері де сау сиырдың боғы емес-ау дегенге алып келеді. Кім кімге сенеді? Бір нәрсе айқын... Халық билікке сенбей отыр... Мүптиятқа да сенбейді... Бұлар қарашасына қорған бола алмады, болмайды да...

Сонда... Қазіргі тұрып жатқан аспан тіреген зәулім үйлеріміз, мешіттеріміз, медреселеріміз - бәрі, бәрі біздің моламызға айналады! Аман қалғандарымыз ешқандай да мешіт, болмаса медіресе салмайтын боламыз... Ешқандай да бейіт, болмаса мола салмайтын боламыз...

Біздер үй соғатын боламыз! Қамал қорғанымыз бола алатын! Бәлкім, ол киіз үйіміз болар... Бәлкім, оның лашық та болуы мүмкін... Ең бастысы оның қамал қорғандығы!

Оған жетудің бір-ақ амалы бар! Қазақстандағы қазақ - қазақ, Ресейдегі қазақ -қазақ. Қытайдағы қазақ - қазақ, Өзбекстандағы қазақ - қазақ болғанда! Қазақтығы ұйқыға кеткен бауырларымыз оянғанда! Қазақстанымыз ұлттық мемлекет болғанда ғана! Қазақы мұсылманшылығымызға оралғанда ғана!

Біздің қазақтығымыз барлық ұстанымымыздан көрініп тұруы керек! Жеген тағамыздан! Киген киімізден! Жүріс-тұрысымыздан! Сөйлеген сөзімізден! Үлкенге деген құрметімізден! Кішіге деген ілтипатымыздан! Қыл ақыры дәретті қалай сындырғанымыздан!

* * *

Сонда ғана Қазақиямызға ораламыз!

08.06.2023ж.

Он екінші жазба
АРҚАНЫҢ ҚЫСЫ

Бүгінде күн райын болжау мүмкін болмай барады. Оның мың бір себебі бар. Соның бастысы әлемдік жылымық.

Қазір қара құрылықта да қар жауады дегенге сеніңіз. Торнадаңыз Ресеймен шектесетін қазақ жерінен де көрініп жатыр. Ал поляр шұғыласы келіп те үлгерді.

Артық кемі жоқ алты ай жататын Арқаның қысы да тосын мінез танытып тұр. Қарашада қардан қара жер көрінбеуші еді, ал бізде желтоқсанда да қара жеріміз жалаңаш жатыр. Сол емініп отырған қарымыз кеше ғана жауды. Қыс Арқасына оралып жатыр. Есесіне еліміздің түскейінде жойқын борандар жүріп жатыр. Арқаның арқары ғана емес, қысы да ауған сынды...

Күннің райын білу Арқа қазақтары үшін өте маңызды. Кешегі есепшілеріміз күн райын Зодиак шоқжұлдызына қарап болжаған. Қыс белгісі Сүмбіле туысымен-ақ көріне бастаған. Сүмбіледе су жүріп, айтарлықтай суиды. Су беті кәдімгідей жыбырлап, қабаршық мұз тұрады. Бұл жұлдызды батыста Сириус деп әспеттейді. Ең жарық шоқжұлдыз болып есептеледі. Бұл біздің қазан айымыз. Алғашқы шымшым аяздар осы айда тұрады. Оны бабаларымыз түстеп, ақшұнақ аяз деген.

Қарашада құс қайтады. Қарашада көктайғақ тұрады. Қарашада қар бекиді. Қыстың зәрі бекіген қарға сынады. Мұнымыз Қауыс. Бабаларымыз айтқан «қараша, қауысымыз» осы ай. Жұрт қысқа түсер малын осы айда белгілейді. Көршілеріміз бұл айды Стрелец деп жүр.

Бұл айда да аяз тұрады. Бозартып көгертетін аязды бабаларымыз көкшұнақ аяз деген.

Одан кейін Қамбар туады. Қамбар ата түлігінің күні туады. Жылқы малы осы айда тебінге түседі. Ішті малдың құлыны көлденең түсетін айы осы ай. Көршілеріміз бұл жұлдызды Козерог дейді. Біздікілер әлгі дайын Қамбар сөзінен қашып Тауешкі деп, Ешкімүйіз деп калька жасап жүр.

Бұл айда қыс әбден күшіне енеді. Арқаның арқа қарыр аязды күндері басталады. Бұл айымыз желтоқсанға келеді. Айдың басында Қыр-

бастың қызылшұнақ аязы жүреді. Биылғы бұл аязымыз тұрмысымызға көптеген қолайсыздықтар алып келді. Қар жоқтықтан оның қару лебі айтарлықтай өскен еді. Соған орай үсік шалғандар саны да айтарлықтай өсті. Бұл айға ұрынғандар құлағын беріп тынған. Содан да шұнақ аталған. Аяздың атауы атақты Көкбөрі Жарылғаптың баласы, Қанжығалы қарт Бөгенбайдың күйеубаласы Қырбастың есімімен байланысты. Қырбас та батыр болған адам. Мал ығытымен қырға шығып кетпей ме?! Содан қайтып кеп тұр дейді, екі құлағы қып-қызыл болып домбығып. Ел құлағыңыз дей бергенде «е, не болыпты» деп қамшысымен қақпай ма? Содан құлағы қолына келіп түсіпті.

Қазақ баласы бұл шұнақта ешқашан жолға шықпаған. Бұл аязды жұрт қызылшұнақ аяз деген. Осы айдың аяғында Арқаның шудаланып өтетін текебұрқылдағы бар. Онда киіктер маталып, құжындар бұрқылдайды. Бұл тұста киіктер Арқада болмайды. Олар түскейге ауады. Бұрқылы түсінікті, текесі несі? Айтып отырған құжынымыз кәдімгідей текеше бұрқылдайды. Әйтпесе, арқардың еркегі құлжа делінеді. Құжын деп Арқа қазақтары қорамтаға (үйірге) бірінші рет түсетін құлжаны айтады. Арқаның көз байлаған бораны осы амалда өтеді.

Орыстың Козерогінен кейін Водолейі келеді. Бізде Көнек дейді. Қазақ есепшілері осы көнек айында күн мен айдың қоралануын ерекше назарға алады. Күн қораланып жатса қар қалың болады. Ал ай қораланса аяз күшейеді деген сөз.

Көнектің үшінші аптасында аяз күшейеді. Оны есепшілеріміз қыс шілдесі деген. Осы аязды сарышұнақ аяз дейді.

Арқада не аяз тұрады, не боран соғады. Екеуі қатар келмейді. Одан кейін Үтіміз келеді. Батыста оны Рыбы деп жүр. Үттің басында да ақырған аяз тұрады. Одан кейін аязымыз сына береді. Үсік шалатын аяздар болмайды. Бұл айдағы аязды қоңыршұнақ аяз дейді. Борасыны бөрісырғақта өтеді. Бұл айдың соңғы аптасында өтеді.

Үшінші айдың екінші жартысында май боран өтеді. Осыдан кейін қысымыз көктемге жол береді.

20.12.2023 ж.

ЖЕТІНШІ БӨЛІМ

ЖАДТАНЫМ
(Түптаным)

Бірінші жазба
ТӘҢІРҚҰТ

Көктемде қой да қоздайды,
Ит те күшіктейді,
Қасқыр да балалайды,
Қой баласы қой болып шөп жейді,
Ит баласы ит болып боқ жейді.
Қасқырдың баласы қасқыр болып
қой жейді.
Асылдың басын асыл алмақ емес,
Нәсілдің құны сұралмай қалмақ емес.
Қожбамбет би

САРЫН

Қожбамбет бабамыз неткен әулие еді?! Бәрін де қолға ұстатқандай айтып кетіпті ғой. Кейінгі ұрпағының күн жарығында адасатынын сезген ғой... Сол күннің алдын алайын деп шегелеген ғой...

Балалайтын адам ғана болса керек-ті... Жоқ, бабамыз қасқырдың баласы дейді, иттің баласы дейді, қойдың баласы дейді... Қазақ баласының құлағы бұл тіркестерге қанық үйренген. Бұл қалай деп жатпайды. Бұл тіркестер әке-шешенің баласына кейігенде айтатын сөздері ғой. Алайда баласы мұны айналайын деп қабылдайды! Басқа жұртқа осылай деп айтып көр - басыңды жармаса да бір-екі қойғыштап қалары анық... Ал қазақ баласы шам шақырмайды. Өйткені соқыр түйсігі шынымен оның көк бөріден жаралғанын айтады...

Мына сайын даланың иесі шынымен қазақ пен қасқыр! Екеуі де еркін, екеуі де азат... Ештеңеге де байланбаған! Су іздемеген! Ну іздемеген! Даланың топырағын шайнағанды қанағат тұтқан!

ҚАСҚЫР БІЗДІҢ ҰЛТТЫҚ КОДЫМЫЗ!

Жаманауыз деп жерге тығып жібереміз. Тәңірқұт деп аспандатамыз. Неге?!

Атақты Сүйінбай ақыннан да кодтық өлең қалған. Соның бірі біздің жазып отырған тақырыбымызға байланысты. Әңгіме тұп-тура қасқыр туралы.

Бөрілі байрақ астында,
Бөгеліп көрген жан емен.
Бөрідей жортып кеткенде,
Бөлініп қалған жан емен.
Бөрілі найза ұстаса,
Түйремей кеткен жан емен.
Бөрілі байрақ құласа,
Күйремей кеткен жан емен.
Бөрі басы - ұраным,
Бөрілі менің байрағым.
Бөрілі байрақ көтерсе,
Қозып кетер қайдағым...

Осындағы бөрі сөзінің орнына қазақ сөзін қойып оқып көріңізші. Ештеңе өзгермейді!

Осы үш шумақтың өзі қазақ пен қасқырдың бір тамырдан өріс алатынын айғақтайтын, ғасырлар тоғысында қалып қоймай бүгінгі күнге жеткен бағасыз жолдар. Осы үш шумақтан қасқырдың бүкіл болмысын тануға болады. Осы үш шумақтан қазақ баласының болмысын көресіз.

Қасқыр жөніндегі мифологиялық, діни, тұрмыстық әпсаналарды бір мақалаға сыйдыру мүмкін де емес болар. Тек айтарымыз мұндай әпсана барша халықта бар. Бірде ол жауыздықтың, аярлықтың, тойымсыздықтың нышаны ретінде көрінсе, екіншісінде ол табандылықтың, адалдықтың, еркіндіктің нышаны ретінде көрінеді. Қасқыр осылайша қосболмыстық сипатқа ие болғанымен, түркі жұрты оны қашанда бірақ сипатта көріп келеді. Ол түркі жұрты үшін еркіндіктің нышаны!

Түркі жұрты өзінің түп тамырын осы қасқырдан өрбітеді. Мифологиялық Ашинаны солайша біздің өмірімізге жақындастырып қояды. Ашинамыз қасқырдың құртқасы. Тіліміздегі шулан қасқырдың ұрғашысы деген сөз. Моңғолдар шоно дейді.

Бізге ең жақын деген халықтардың бірі - қырғыздар өздерін бұғыдан таратады. Қазақ болса өздерін қасқырдың ұрпағымыз деп бі-

леді. Бабаларымыз бізге солай деп кеткен, енді бұл сөзді біз де балаларымызға айтып отырмыз. Қалай десек те қасқырдың қосболмыстық сипатының ізі біздің де наным-түсінігімізде айқайлап тұрмаса да жеткілікті.

Соның ең бастысы - қасқырды жаманауыз дейтініміз. Оны жаманауыз дейтіндей бабаларымыз одан не теперіш көрді екен деп еріксіз ойланасыз. Осы сәт осы қатардағы қасқыр басын кеміте түсетін басқа сөз оралымдары еске түседі. Ит-құс деп айтатынымыз бар. Жойдасын деп айтатынымыз бар. Ұлыма деп айтатынымыз бар. Қырыпсал деп айтатынымыз бар... Соның ішінде өзін қасқырдан өрбітетін қазақ баласына осы жаманауыз сөзі ауыр тиеді. Соншама не істеп қойды екен біздің қасқыр бабаларымыз?

Түк те. Оның табиғаты солай. Оның ауызы жаман. Оның ауызы таза емес. Қаншама әлпештегенімізбен қасқырға жақын тұрған итіміз-де де тазалық жоқ. Басқаша болғанда мысықпен бірге ит те төрімізге озатын еді ғой.

Бұл жөнінде өркениет жұрты не дейді деген сауал еріксіз көлденеңдейді. Олар бірауыздан біздің бабаларымыздың сөзін бекітіп береді. Олар қасқырды санитар деп біледі. Орман санитары десе олар бірден орман қасқыры деп түсінеді. Осыған байланысты көпшілік жұрт қасқырдың көбеюіне мүдделі.

Оның мысалын әріге бармай-ақ АҚШ-тағы Йеллоустоун ұлттық бағынан көруге болады. Олар көресінді осылардан-ақ көрдік ғой деп өткен ғасырдың отызыншы жылдарында қасқыр біткенді қырып, тігерге тұяқ қалдырмайды. Оның арты осы бақтағы түз тағыларының ауру-сырқаушылығына соқтырады.

Әрине, адамнан табиғат ақылдырақ. Жоғалған қасқырдың орнын шүйбөрілер басады. Алайда олардың қауқары белгілі. Олар бизондарды ала алмайды. Содан араға алпыс жыл салып баққа қайтадан қасқыр жібереді. Сөйткен жаманауыздарымыз жағдайды сол жаман ауыздарымен сауықтырып береді. Жаманауыз деп қазақ тегін айтпаса керек-ті. Жаманауыз деп елді сақтандырып тұр. Қасқырдың аузы тиген жер жаман деп түр.

Сол бабаларымыз қасқыр малға шапқанда не істеген? Өлгенді тірілте алмағанымен бабаларымыздың қолынан да біраз нәрсе келген. Ал бұл жағдайда мал болмайды деп пышаққа жыққан.

Қасқырдың аузы осьшайша жаман болған. Алайда басқа жері жаман деген сөз кеше де естілмеген, бүгін де естілмейді. Есесіне қасқырды асқақтатушылық қазақ даласына кеңінен жайылған. Қасқыр туралы жаман сөз айту көргенсіздікке есептелген. Содан да малын алдырса да бәрін Бір Құдайға тапсырып, бэлағат сөздеріне бармаган.

Қазақтың қасқыр тектілігін бір-ақ мысалдан көруге болады. Қазақ баласы ешқашанда біреудің еркіндігіне қол сұқпаған. Қай мақұлақаттың болсын бас еркіндігін табиғатынан деп, болмысы деп қабылдаған. Қазақ баласы ешқашанда түз тағысын асырамаған. Оның ішінде ешқашанда қасқыр асырамаған.

Қасқырдың еркіндігін бәрінен де жоғары қойған. Қасқыр асыраған жандардың бәрін «әй, кәпірге» шығарған. Қазақ назаланғанда «ит екен» деген, сүйсінгенде «қасқыр екен» деген!

Қасқыр елдік нышанға ие болған. Түркі жұрты оны байрақтарына шығарған. Қасқыр бейнелі елтаңбалы жұрттар да бар.

Бұл жағынан біздер ұятты болып тұрмыз. Әйтпесе, біздің де қасқырды мемлекеттік нышандарымыздың біріне айналдыруымызға әбден болатын еді. Қасқыр мен қазақтың табиғаты бір дегенге сеніңіз!

Қасқыр жаманшылыққа барғанымен өзіне келгенде бәрінен тыйылған. Хайуанаттық, мақұлықтық нәпсісінен жоғары тұрған. Еш уақытта бір-біріне қастандық жасамаған. Еш уақытта бірін-бірі тастап кетпеген. Бір-ақ рет жұп құрған. Қашанда қорегімен бөліскен. Қарақұлақтарын әуек болып тәрбиелеп, асыраған. Аң қағуға жарамағандарының әуек есебінен өз үлестері болған.

Енді осының барлығын қазақка қарап айтыңызшы. Еш қателеспейсіз! Біздің түбіміз бір дейтініміз осыдан!

Басқаларды білмеймін, ал қазақ дегенде менің есімде міндетті түрде қасқыр тұрады. Жақсы көрейік, жаман көрейік қазақты бүгінгі күнге жеткізген оның рушылдығы. Қазақ баласы руына адал болды. Және керісінше рулық қоғам оның қорғанышы болды. Рудың ұжымдық жауапкершілігі болды. «У ішсең руыңмен» деген сөз содан қалған. Қасқыр да солай. Онда да әуектік жауапкершілік бар. Олардың бірі талауга түсіп жатқанда қалғандары қарап тұрмайды. Жараланып қалғандай біреулері болса, оларын майдан даласында тастап кетпеген. Кәрі-құртаңдарын шет шығармай арқалап жүріп асыраған.

Қаны, гені бойынша қазақ ең таза халықтардың бірі. Қазақ жұртының жеті атасынан беріде қыз алыспайтынын екінің бірі біледі. Қасқыр да солай. Қасқыр да ешқашанда өзінің қарындастарымен (бір қарыннан шыққандармен) жұп құрмайды. Тағы бола тұрып өзі туған қабынан, өзі тудырған қабынан алыс тұрады.

Қасқырдың және бір тектілігі ешқашанда құтын бермеген! Және ешқашанда басқаның құтын қабына құйып алмаған! Осыған орай олардың құтын Тәңірқұт деп аспандатқан! Бұл миға сыймайтын нәрсе!

Барлық жаратылыста ешқандай ырыққа көнбейтін үш ұстын бар. Оның бастысы - қарын қамы! Екіншісі - қорғаныштa болуы, өзін өзі қорғай алуы! Үшіншісі - көбеюі!

Осы үш ұстыннан сырт тұрған екі жаратылыс бар. Оның бірі - қасқыр! Екіншісі - қазақ! Бұрынғы бабаларымыз тура солай болған! Өкініштісі бүгінгі қазақ баласы олай айта алмайды!

Басқа басқа, біздің бабаларымыз құтын ең жақын деген ұлысымыз қырғыздарға да бермеген! Оның мысалына Ер Наурызбайды айтсақ болады! Оның мысалына ұлт көсемі Әлихан бабамызды айтуға болады! Бұл жағынан қасқыр мен қазақ дәтті. Қасқыр да өзіне деген ең жақыны - ит баласына құтын бермеген!

Қазір ұлттық код жөнінде көп айтылып жүр. Көпшілікке жаңа аңсар ретінде ұсынылып жүр. Өкініштісі сол жаңа концепциямыз құр желбуаз сөз болып қалып барады. Керек десеңіз айтып отырған қасқырымыз ұлттық код ретінде қаралмаған да!

Қазақтың ұлттық кодына кіруге тиіс үш жаратылыс бар! Соның біреуі ғана ұлттық кодымыз ретінде мойындалып отыр. Онымыз - жылқы жарықтық! Оның өзінде жарым-жартылай. Оның өзінде мүгедектікті басына жазып қойдық. Ұлттық кодымыз болғандықтан міндетті түрде ол біздің ұлттық рәміздерімізден ойып тұрып өз орындарын алулары керек еді. Ұлттық кодымыз деп мойындалған жылқы жарықтығымыздың бейнесін тек Елтаңбамыздан ғана көреміз. Елбайрағымызда ондай бейненің көлеңкесі де жоқ. Қасқыр деген бір ауыз сөз Елұранымызда да айтылмайды. Бұл ұлттық кодымыздан бас тарту деген сөз! Бұл қазақ қазақтығынан жеріп отыр деген сөз! Бұлай жүре берсек ендігі қазақ баласы қазақ болып қалуға ұмтылмайды деген сөз!

Біздің қоғам қазір өскелең ұрпағымызды соған итермелеп отыр. «Астарлы акиқат» деген бір телехабар бар. Көрген адам жерге қарайды. Құртына ие бола алмай жүрген бауырларымызды көреміз...

Қазақтың ендігі бір коды... Он ойласаңыз таппайсыз... Қойы! Кәдімгі қойымыздың да жылқы жарықтықтың жанынан өз орынын алуға әбден құқылы. Қазақ баласының денсаушылығына денсаушылық қосқан осы қой жарықтық! Қой - қазақтың дәріханасы! Бүгінгі қазақ баласы оны ет (тамақ) деп біледі! Кешегі бабаларымыз оны дәрі, дәрумен деп білген! Кешегі бабаларымыз бүгінгідей кәрі-құртаңдарды талғажу қылмаған. Қазақ баласының қой жөніндегі пәлсапасын бір-ақ сөзбен беруге болады. Еркек тоқты - құрмалдық... Мұнан өткен пәлсапа болмас! Бұл не деген сөз? Қой етін же деген сөз! Соя же деген сөз! Тоқты жасынан асырма деген сөз! Қой же деп айтты екен деп ұрғашы тоқтыны жеп қойма деп тұр! Олай болған жағдайда таяқ ұстап қалуымыз әбден мүмкін!

Осы жерде бір шегініс жасаудың реті кеп тұр. Әлі күнге дейін жаңа ғана сойылған еттің атауын таппай келеміз. Орыс жұрты «свежее мясо» деп ұрады. Бұлары өздеріне жарасады. Бізге де жарасады. Алайда соның дұрыс атауын таппай жүрміз. Тіпті «балғын ет» деп жүрген де жа-

йымыз бар. Олай болса «свежее мясоны» аударып, қотарып әуре болмай-ақ қоялық. Өз сөзімізбен айталық. Соя ет десек бәрі түсіне қалады.

Есті қазақ сондықтан да марқа жеген. Онысын түнемелікке шығармаған, ертеңіне қалдырмаған! Ондай жағдай болмаған жайда қой етін қақтаған! Қой жарықтық та талай елдің ұлттық рәміздерінде тұр. Тек бізде ғана жоқ!

Ұлттық рәміздеріміздің өз орнын алуға таласы бар тағы бір мақұлықатымыз - қасқырымыз! Оған да қойдың кебі кигізілген. Ол жарықтық бәрінен де әбден мақұрым қалған. Олай болса қазақ руханиятында ойланатын жағдайлар баршылық болып шығады. Бұған кешендік көзқарас керек!

Бір сөзбен айтқанда мұның бәріне кешегі қазақтың көзімен қарау керек! Сонда ғана жаһандық көштің соңында салпаңдап жүрмейтін боламыз!

ИТ СЕГІЗ ТУАДЫ, БІРЕУІ АБАДАН...

Бөлтірігін алма шуланның,
шұрқан салар қораңа.
Мәтел

Иттің сегіз, шошқаның тоғыз табатынын (туатынын) екінің бірі білсе керек. Ал иттің абадан туатынын кім естіген? Соған орай бұл жердегі әңгіме абадан жөнінде, абадан төңірегінде болмақ.

Бұл не қылған абадан, ол қасқырға қатысты айтылмаушы ма еді деген заңды сауал туады.

Әңгімемізді бастамастан бұрын мына жайтты да анықтай кетейік. Мал туа ма, әлде табады ма? Таймас жауап беру мүмкін емес. Адамға қаратып айтсақ анықтығы - туатыны. Малға қаратып айтсақ ойлануға тура келеді.

Қой қоздайды, ешкі лақтайды, жылқы құлындайды, түйе боталайды. Бұл қазақтың төрт түлігіне қатысты атаулар. Төлінен шыққан тума сөздер. Ешкімен табиғаты бір киікке қаратып айтсақ ол да лақтайды. Арқар қоздайды. Әрі қарай...

Ойлануға тура келеді. Қара малға қаратып айтсақ төлдейді деп айтуымыз керек болады. Олай болса аяқты мал төлдейді. Ал аң атаулыға қаратып балалайды деген.

Қазіргі уақытта абадан сөзі басшы, нақтырай түссек, көшбасшы мағынасында түсініледі, қолданылады. Баз-базда жөн-жосықсыз қолданатымыз да бар, әсіре мағына артатынымыз да бар - оған түсіністікпен қарағанымыз дұрыс. Бұл әсіресе өнер адамдары арасында кеңінен та-

раған. Мақтауға келгенде қазақ баласының сөз таппай қалатыны бар. Сондайда абадан сөзін ұрып жібереді. Тіпті әйел баласына қаратып та абадан деп айтуға машықтанып алдық. Сырт қарағанда ешқандайда айып-шамы жоқ сынды. Алайда абадан көп болмайды. Бөрі де солай. Санаулы. Есті қазақ ешқашан да абадандар, болмаса бөрілер деп сөйлемеген.

Абадан байрақты деп айту бар. Мына шешен жұртының меншіктеп жүрген байрағында қасқырдың суреті бар. Түбіміз көктүрік болған соң солай болып тұр. Жалпы, түрік жұрты өздерінің арғы бабасын қасқыр (қашқыр, қасқар, қашқар, қошқыр, бөрі, бэрэ...) деп біледі. Біз қалай қасқырды аспандатсақ нанымын бұзбаған түркі баласымен бірдей чуваш, ғағауз... сынды шоқынды бауырларымыз да солай аспандатады. Оған моңғол жұртын қосыңыз.

Түріктер өздерін қасқырдан таратады. Анықтай түссек шуланды (шона, шина/ашина...) түпанамыз деп біледі.

Аңыз бойынша бабамыздың аяқ-колын шауып, денесін ит-құсқа жем болсын деп айдалаға тастайды. Алайда ғайыптан шулан пайда болып оны өзінің қамқорлығына алады, кейін одан сегіз бала табады. Біздің түркі жұртымыз осы сегіз баладан тарайды.

Осы жерде елдің назарын мына жайтке аударғым келеді.

Бабаларымыз жыртқыштардың қай баласы болсын бір сөзбен күшік дейді. Соған орай оларды күшіктеді дейді. Аю қонжықтады, қасқыр бөлтіріктеді, барыс аландады деген сөз жоқ. Алайда балалады деп айтушылық бар. Қасқырға қаратып. Қасқыр балалады деп екінің бірі айтады және олай айтты деп ешкім де сөкпейді. Себеп қасқыр/шулан/ашина адамды/түрікті туды ғой, балалады ғой... Олай болса адамзат баласы, оның ішінде түрік жұрағаты қасқырға адам әлпеттес/өзі әлпеттес деп қарайды. Және пәнилік өмірінде қасқыр ұстанымын ұстанады (басының еркіндігін бәрінен жоғары қояды, өзін туған анасымен жұп құрмайды, өзімен бірге туған апа-қарындастарымен жұптаспайды, өзінен туған қызымен жұптаспайды, бір-ақ рет жұп құрады, өзімен туғандарға ешқашанда қастық қылмайды, қартаң-құтаңдарын, аң қағуға жарамай қалғандарын ешқашанда ас-сусыз қалдырмайды, өліп жатса көмусіз қалдырмайды...).

Діни аңыз бойынша көктен пәрмен келіп Ибраһим пайғамбардың баласын құрмалдыққа шалатыны бар. Ал біздің бабаларымыз сол заманның өзінде басқа жолды таба білген. Олар құрмалдыққа қасқыр баласын шалған. Сөйтіп Көкті де ырза қылған, өздері де дін аман қалған.

Жебірей жұрты қошқар шалған! Біздің жұрт/бабаларымыз қашқар (қасқыр) шалған! Бұл дәстүр бүгінде шұбаш (чуваш) бауырларымызда қалып отыр. Олай болса қанша түркі жұрты бар болса қасқыр баласына деген соншама құрметі бар.

Біздің байрағымыздағы қасқыр жай қасқыр емес - абаданы. Олай болса мемлекеттік рәміздерімізді қайтып қарайтын жақсы күндер туар, сол тұста рәміздік, қодтық мақұлықаттарымызды нышан төріне шығарармыз! Қаскыр қоғамдасып өмір сүретін тағылар. Сондықтан үйірі болады. Қасқырдың үйірін - әуек дейді.

Заманында казақтың белді ақын-жазушыларының бірі Ғабиден досымыз Құлахмет «Үйірі жоқ көкжал» деген роман жазды. Мен әуек жөнінде айтқанымда ол қатты өкінді. Түзетудің реті келмеді. Кітап шығып кетіп еді.

Қасқырдың жалғыз жортатындары болады. Қазір оларды көтермелеп жүргенімізбен кешегі шалдар оларды бұралқы деп тұқыртатын. Бұралқылар ұзақ өмір сүре алмайды. Оның толып жатқан себептерін тәптіштемей-қ негізгі бір-ақ себебін айта кетелік. Әдетте бұралқының өмір сүретін, аң аулайтын, демалатын аумағы бола бермейді. Сондықтан олар басқа бір әуектің жеріне (аумағына) кіруге мәжбүр болады. Ал әуектер өз аумағына басқа жалдарды кіргізбейді. Кірген жағдайда талап тастайды.

Бүгінде АҚШ-тағы Йеллоустоун ұлттық бағын екінің бірі біледі. Сондағы қасқырларды 1926-35 жылдар аралығында құртып бітеді. Солақ екен шиебөрілер қаптап кетеді. Олар кеміргіштерді құртқанымен үлкен аңдарға элі келмейді. Соның салдарынан ауруларының саны күрт артады. Жағдайды түзеу үшін 1990 жылдары баққа 66 дала қасқырын жібереді. 2005 жылы олардың саны 118-ге жетеді. 2012 жылы аулауға рұқсат береді. 2015 жылы бақта он әуек болған. Сол он әуек тоғыз жүз мың шары метрге қожалық жасаған. Бақтағы қасқырдың саны екі есе артуы үшін ширек ғасыр керек болған. Жаңадан бірді-екілі әуек пайда болған. Өйткені жоғарыдағыдай себептерге байланысты жаңадан әуек құру оңай болмайды.

Әуекте кемі екі қасқырдан отыз жалға дейін болады. Жал деп қазақ қасқырды айтады. Көкжал деген сөз көк қасқыр деген сөз, осыған сәйкес ақжал деген ақ қасқыр, қаражал деген қара қасқыр, қызылжал деген қызыл қасқыр деген сөз.

Осы жалдардың ішінде бәсінің жоғарысы, төтемдік сипатының қанығы, киелісі, әрине - көкжал. Өйткені көк аспан деген сөз. Кокжал деген көктің, аспанның жалы деген сөз. Мына Шет өңірінде Ақжал деген кеніш бар. Соның тарихын жазушылар жалдары ак болып келегіндіктен Ақжал атанған деп жазыпты. Шын мәнінде онда ақ қасқырлар көп болған. Жал қасқырдың тек арланында ғана болады. Қаншығында болмайды. Олай болса ақжал дегенде әуелде ақ қасқыр мағынасы, сонынан барып арлан мағынасы түсініледі.

2013 жылы Жақұтияда ел естімеген уақиға болды. Төрт жүз қасқырдың басын біріктірген әуек бір жарым мың халқы бар ауылдың қотанына шабуыл жасаған. Үш күннің ішінде қырық бас жылқыны қырып салған. Сонан барып тарап кеткен. Ұсақ әуектерге бөлініп. Мұндай уақиғаларды Сетон-Томпсон көп жазушы еді. Сене қоймаушы едік. Онымыз бекершілік екен.

Қазақ баласы жыртқыш аңдарды жіліктегенде ұрғашысын қаншық, еркегін арлан, баласын күшік деп жіліктеген. Қасқырдың қаншығын шулан деген. Моңғол жұрты оны шона дейді. Еркегін?.. Ауызекі тілде арлан деп жүрміз.

Елімізде аты жер жарып жүрген «Астана арланс» деген бокс клубы бар. Соның клубтық туында қасқыр бейнесі бейнеленген. Осыған қарап ел арлан деген атауды қасқыр деп қабылдап жүр. Бұл да біздің надандығымыздың бір белгісі. Соны көре тұра үндемейміз. Негізі жал. Ол жөнінде жоғарыда айттық. Әуек болған соң оның басшысы (көшбасшысы) болады.

Мына орыс ағайындар әуекті стая, басшысын (көшбасшысын) вожак дейді. Вожағы, әрине, арланы, сонда шуланы әуек басқара алмай ма деген ой оралады. Бәлкім, ол ағайындар шуланның да әуек басқаратынын білмейтін болар?

Жоқ, біледі, алайда мағынасын әбден тарылтып алған. Олар әуекті басқаратын ұрғашы қасқырды да вожак дейді.

Бір-ақ кесіп, альфа-самка дейтіндері бар. Біздің түсінігімізше біріншіден ол - шулан, екіншіден ол - бөрте.

Әуекті шулан басқарғанда оны құртқа дейді. Олай болса үшіншіден ол - құртқа. Орыстар башкир деп жазатын жұрт бар. Шын мәнінде ол башқұрт (басқұрт) деген сөз. Бүгінде Башқортстан деп жазып жүр. Құртымыздың, қортымыздың, көртіміздің, гөртіміздің түбірі бір - құрт. Олай болса бұл жерде басқұрт сөзі бас шулан болып шығады, алайда оған жалы да, шуланы да бағынатын болғандықтан ол басқұрт болады. Башқұрт жұрты біздің құртымызды құртит дейді. Бұл ұрғашы ит деген сөз. Осы ағайындар әуек басшысын башбөрэ дейді. Бұл басбөрі деген сөз, әрине. Салыстырыңыз: басқұрт - басбөрі.

Бала кезгі ертегі есіңізге түскен болар.

«Ерте, ерте, ертеде,
Ешкі жүні бөртеде,
Ертеде өткен Қызылқұрт елінде...» -

деп басталатын біз тыңдаған ертектердің бірі. Олай болса мұндағы ертек оқиғасы қызыл қасқыр елінде өткен. Осы құрт сөзі қазақ аруына тікелей қатысты.

Қазақ ең әдемі қызын сұлу деген. Ең сұлу қызын ару деген. Бетіне ноқат түсіп, іші білінген қыздарын бөрте деген және оларын ең сұлу деп өбектеген. Іші-сырты бірдей қыздарын құртқа деген. Қарақыпшақ Қобыланды батыр жары есімінің Құртқа аталатынын әлі ұмыта қоймаған болармыз. Қысқаша қайырғанда орыс ағайынның альфа-самкасы осы. Ермек Тұрсыновтың «Шал» туындысында Шалдың қасқырға айтатыны бар «әй, Құртқа, осы сен менің соңымнан неге қалмайсың?» деп. Демек бұл жерде әуекті абадан емес құрқа басқарып тұр.

Керісінше әуекті қасқырдың жалы да басқарған. Оны әуекбасы/абадан деген. Вожагымыз осы - әуекбасы/абадан. Ал қасқырдың жалының альфа болуы, болмауы құртқаға байланысты. Әуектегі қаншықтардың барлығы күшіктей алмайды. Күшіктейтін тек қана құртқа. Қалғандары құртқаның бөлтіріктерін асырап, тәрбиелеумен айналысады. Бөлтіріктерінің әкесін құртқа өзі таңдайды. Оны бөрі дейді. Альфа-самеціміз осы бөрі. Әуекті абадан басқарғанда абадан - альфа-самец. Ал альфа-самка - бөрте болады.

Қасқырлардың қарығуы ақпан айында өтеді. Оны қазақтар әспеттеп бөрісырғақ дейді. Бұл амал ақпан айының 17-25 аралығында өтеді. Бабаларымыздың бірнәрсе білгендігін осыдан-ақ байқай беріңіз. Қасқыр сырғақ демейді, бөрісырғақ дейді, өйткені бұл сырғақта болашақ бөлтіріктердің әкесі - бөрісі анықталады. Мұндай жұптар тұрақты болады. Бөрте 63 күн көтереді. Бөртенің құртқа болмауы мүмкін. Алайда құртқа міндетті түрде бөрте болады. «Шалдың» негізгі оқиғасы үш күнді қамтиды. Алайда онда уақыт, кеңістік ұғымдары әбден милықтырылған. Көкектің ортасынан әрі қарай қасқырлар күшіктеп бітеді. Ал фильмде құртқа қыста күшіктеп жүр. Бөрте апанда күшіктейді. Туғанда бөлтіріктерін соқыр туады. Бөлтіріктерін қарақұлақ туады.

Ит те күшігін тоғыз апта көтереді. Ит пен қасқырдың түбі бір екендігін осыдан-ақ пайымдауға болар. Оның да күшігі соқыр, саңырау болып туады. Бір аптадан соң көзін ашады, тағы үш күннен кейін ажырата бастайды. Қазақ атамыз ырымға жаман деп жалқы күшік тапқан ит пен күшігін атып тастаған. Күшіктің құлағы екі аптадан кейін естиді. Қасқырдың құлағы тік келеді де, иттікі салбыраңқы. Шуланның күшігі тек бір арланнан, ал иттің итақайының күшігінің атасын бір Алладан басқа ешкім білмейді. Қасқыр жоғарыда айтқандай күшігін алпыс үш күн көтереді. Қасқыр да сегіз туа береді. Негізінен тақ туады. Нешеу туатыны тағы да құртқаға байланысты. Жемтік көп болатын жылдары көп туады да жылаңқы жылдарда шектейді. Соның өзінде жалқы тумайды, кемі қосар туады.

Қосар деп қазақ бір ұрғашы, бір еркек төлді біледі. Олай болса қосардың біреуі ұрғашы болады да, екіншісі міндетті түрде еркек бола-

ды. Құртқаның бірыңғай не ұрғашы, не еркек туатыны болмайды. Жаңа туған бөлтіріктің көзі көк болады. Сегіз айдан кейін сарғыш тартады. Көзінің көктігін өзгертпейтіндері де болады. Оларды боркөз дейді, бұл бөрі көз деген сөз. Бөрілер негізінен осы боркөздерден шығады.

Көк көзді мақұлықаттар бола береді. Төрт түлікке қаратып айтқанда көккөз түйе, немесе бие деп айтпайды, шағыр дейді. Бабаларымыз оларды жаратпаған.

Соған орай шағырдан үйір салмаңыз деген. Қазақ итбегілері боркөздерді бөлек тәрбиелеген. Қасқыр алады деп. Көзі көк болып туатындардың қасқырмен бір шатысы бар деп білген. Қазақ итінің бөрісоғарлары осылар. Түбі - қасқыр. Қырық күн шілдеде тазыны аңға қоспайды. Ыстықта қызыл ет болады деп. Қыс шілдеде тартып семіретін қасқыр жаз шілдеде жатып семіреді. Бұл уақытта қасқыр бөтегесі бөртіп семірген құстарды торуылдайды. Әсіресе олар дуадаққа өш келеді. Дуадақ жерден көтерілгенше орнында басып қалады. Жемтік жейді, өлексе жейді дегенімізбен итке қарағанда қасқыр таза. Қазақта жүріс алған адамға қаратылып айтатын жалап деген сөз бар. Иттің тісі тиген жерді де жалап деп айтады. Ал бөрте бөлтіріктерін апаннан тысқары жерде қоректендіреді. Онысы апан айналасы лас болмасын дегендік. Ауру-сырқаудан да тыс болады. Барлық жыртқыштар сынды жал да құсып жемдейді. Жеті аптада бөлтіріктер етті сүйектен ажыратып жей алады. Сегізінші аптада бөлтіріктердің қорегі тірідей келе бастайды. Көп ұзамай бөрте оларды емізуден бас тартады. Бөлтіріктердің қасқыр тірлігі басталады. Қоңыр күзде олар да жалдың қатарын толықтырады. Топтасып аң қағуға жарайды. Қазан айында «абадандық» үшін төбелес/қырқыс басталады. Қасқыр шамамен күніне жарты пұттан астам ет жейді. Қорек іздегенде күніне екі жүз шақырым жер өте алады. Су жоқ болғанда мұз қаршиды. Қарда тұз жоқ болғандықтан оны жалай қоймайды. Өлексемен де қоректене береді. «Шалда» әуек Шалдың пәрменімен «Гарринчасын» тартады. Ал әуекте сегіз жал жүр. Ол айтып отырған сегізімізге жетпейді. Қасқырдың қасақы тағы екендігі белгілі. Олай болса олар бір қоймен шектеле алмайды және олар кем дегенде «отардың» жартысын қырып салуы керек еді. Ұлығанда бастарын қосады. Жер аумақтарын белгілейді. Аңға шығады. Ит аяғын жастанып ұйықтайды. Қасқыр да солай басын кезек-кезек екі аяғына қойып ұйқысын қандырады. Бөрі жортады. Ит шаңытады. Ит құйрығы сымпыл келеді. Ит қабады, талайды, қасқыр ауыз салады. Иттің бұралқысы тіміскеленіп жүреді. Қасқырдың бұралқысы жалғыз жорта береді. Ит талайды, қасқыр тартады. Кәрі төбет бапылданады.

Қазақта негізінен итбегі деген сөз жоқ. Бәлкім, болған шығар. Жадымыз қысқа ғой. Ұмытып қалған болармыз. Тіліміздегі атбегі, құсбегі тір-

кестері бар. Олай болса итбегі тіркесі неге болмайды. Бұл сөзді бірінші рет «Көрлеуіт» хикаятымда пайдаландым. Кейін «Итбегі» деген әңгіме де жаздым. Бүгінде елдің бәрі итбегі деп жазады.

Жатыр деп тек адамға қаратып айтатынымыз белгілі. Қарамалға қаратып үйі дейді. Түлкіге қаратып айтқанда да үйі дейді. Түлкі үйігеді ғой. Итке қаратып ұйы дейді. Ит ұйығады. Қасқырға қаратып қары дейді. Қасқыр қарығады ғой. Табиғатына байланысты шуланға қарағанда жалы өлім-жітімге көбірек ұшырайды. Сондай себеппен әуектің абадансыз, әрі-беріден кейін бөрісіз қалатын күндері болады. Бұл жағдайда әуек (құртқа) бөріні ауылдан іздейтін болады. Бөріге иттің бәрі жарай бермейді. Құртқа боркөзді іздейтін болады.

Ел итті қасқырдан тараған деп біледі, әрі-беріден кейін қасқырдың азғыны деп біледі.

Шын мәнінде ит қасқырдың емес, шиебөрінің тұқымы. Байқайсыз ба, бөрі сөзі алдымыздан тағы шығып отыр. Бұл тегін емес. Арқада он сегіз мың жылқы біткен Адамбай, Тұрсын деген шалқұйрықты байлар өткен. Сол Адамбайдың Құтпан деген бөрібасары болыпты. Соны шүйқұлақты деп отырушы еді. Бұған қарағанда шиебөріміз шүйбөрі болса керек. Қасқырдан тарайтын ит тұқымына кәдімгі төбет пен орман төбеті/лайка жатады. Қасқырды бір алса осы төбеттер алады. Өйткені түбі бір.

Қасқырды ғылыми тұрғыдан жіліктегенде ит тұқымдас деп тәпсірлейді. Қасқыр тұқымдас деп айтпайды. Олай болса қасқырдың түп атасы ит пе, әлде иттің түп атасы қасқыр ма - оны зерделейтін уақыт әлі алда деп білу керек... Әлгі әуек (құртқа) ауылдың төбетін өзімен бірге алып кеткенде бес-ақ күнге алып кетеді. Өйткені бөрісырғақ бес күнге созылады. Бес күн бойы төбет абадан да болады, бөрі де болады. Иттің абадан болатын жері осы! Иттің бөрі болатын жері де осы. Қазақ итті қасқырдың азғыны деп білетінін айттық. Қасқырға тән бекзада қасиеттердің барлығы да итте кемшін, не жоқтың қасы.

Қазақта «ризамын азу тісіме» деген мәтел бар. Итті ақылды хайуанаттар қатарына апарып қосып қоятынымыз бар. Рас, ол ақылды, алайда қасқырдан ақылды емес. Ең ақылды деген иттің парасаты үш айлық қарақұлақтың ақылынан аспайды. Дене тұрқыларында да айтарлықтай айырмашылық бар. Ең алып деген төбетіңнің өзі қасқырдан кемі екі есе кіші болады. Итке қарағанда қасқыр тарамыс болып келеді. Соған орай кей халықтар ит етін тұтынғанымен қасқыр етін тұтынбаған. Әуелде осындай мәтел бар ма еді деп ойланасың? Бар болған соң айтылады да. Тістің бәрі мықты. Алайда азу тістен мықтысы жоқ. Жыртқыштардың барлығы да азу тісті болып келеді. Олардың күн көрісі осы азу тісіне байланып қалған. Өйткені осы азу тістерімен қорғанады, қорегін таба-

ды. Азу тіс жаугершілік замандағы қазақ баласының алтыншы қаруы болған. Қолға түсіп қалғандай болса, шиманда байлаған арқан не жіпті осы азу тісімен шешкен. Қайырып айтқанда азу тісін түйнеш ретінде пайдаланған. Ит тісейтін мақұлықат. Оның жағымен қоса жаратылатыны осы азу тістері. Оның өзі барлық иттерде шыға бермейді. Қасқырға қарсы түсетіні осы табиғи азу тістілері. Ит қасқырды осы азу тісімен алады. Осындай иттің қасқыр алғанын көрген қазақтан жоғарыдай мәтел қалған. «Ризамын азу тісіме» деген.

Қазақ аңшылары қасқырды алаөкпе болып қуа бермеген. Жағын қарыстырып алған. Аңсақ іниміз Кісімнің Дәулеті айтады. «Нивамен» қасқырға шығыпты. Алақүйын боран еді дейді. Содан жалдың біреуін көріп қалады. Бірақ жалтарып алдырмай қояды. Содан бір жазыққа шыққанда көлікпен басып өтеді. Жаны шыққан болар деп жалды іздесе жоқ болып шығады. Әрі іздеп, бері іздеп, табылмаған соң қайтады. Көлігін гаражына қойып демалады. Ертеңінде машинасының эр жерін қарамай ма? Сөйтсе машинаның астынан жал көрінеді дейді. Қасқыр машинаның буферінен тістеп айырылмай қойған ғой, соңынан жағы қарысып қалыпты. Әзер айырып алдық дейді іниміз.

Жақында көзіме бір мақала түсті. Бейкүнэ мақала. Қасқырға ит салыпты. Соны авторы салбурын деп алыпты. Ал кеп ойланайын. Өздері салбурын деп өткізіпті. Салбурын десе салбурын. Себебі қасқыр алғанды салбурын дейді. Құспен қасқыр алғанды. Ал итпен қасқыр алғанды естімеппін. Өйткені ит қасқырды ала алмайды. Қандай ит болсын. Өйткені иттің азу, жақ күші қасқырдан кемі екі есе кем болады. Қасқыр иттің жағын ұсатып жібереді.

Жақында бір эңгіме естідім. Есті эңгіме екен. Үстіңгі кабаттағы үй ит асырапты. Әлгі үйдегі иттің шуаш исі астындағы үйге жетсе керек. Негізінен иттің коламта иісіне екінің бірі шыдай бермейді. Содан астындағы үйдің иесі төбелес көршісіне итіңді құрт деп айтады ғой. Көршісі оған мэу демепті. Содан қоярда қоймай жүріп қасқыр майын тауып алып, көршісінің балконына жағады ғой. Сөйтсе элгі ит балконнан қарғып кетіпті...

Елдің бәрі білетін, ретін келтіріп қазақтың Ахаңы - Ақселеуді боқтайтын, хатшы Шайдаровты, прокурор Күзгібековты, директор Аймағанбетовты сөзден тосылдыратын Жынды Ысқақ бар. Лақап аты әлгіндей болғанымен бұл кісі нағыз ұтқыр, тапқыр сөйлейтін тілмар болған. Оның үстіне шидің басы - теуітті шитімен алған мерген, аңсақ адам болған екен. Сол кісі жаз айларының бірінде жойдасын алып, сойып, терісін шарбаққа жая салады ғой. Содан ауылдың барша иті ауыл шетіне шығып алып, ауылға қарап үреді дейді. Әлгі шуылдақтар солайша бір ай бойы ауылға жолай алмай жүреді. Осыған орай ауылда

неше түрлі эңгіме жүреді. Ауылымыздың қасқыр алатын иттеріміздің түрі осы ма деген? Бұл эңгіме Ысқақ ағамызға да қатысты еді. Өйткені ол кісі де қасқыр алатын төбеттер мен тазы ұстапты. Содан тағы бір күні тірідей қасқыр алыпты. Онысын ауылға алып келіп, ауызын буып қоя береді ғой. Сонда бір ит те жақындай алмапты. Содан жігіттер бәстесіпті. Ит қасқырды ала алмайды депті. Сонда Ысқақ ағамыз алады депті. Өйткені ағамыздың жас кезінде ауыл иттерінің қасқыр алғаны болыпты. Оның тұқымы ағамызда болса керек. Шамасы онысы боркөз болса керек. Бірақ азған-ау шамасы... Тағы да бір жойдасынды алып келеді. Басқасы басқа, элгі «боркөзі» де жақындай алмайды қасқырға. Ызаланған ағамыз элгі жойдасынды тірідей сойыпты. Сонда да бір ит жолай алмады дейді. Көргендер айтады. Тірідей сойғанда да қасқыр дыбыс шығармапты.

Құсқа құс салғанды саят дейді. Мұнымен заманында көбінесе қыз балалар әуес болған. Аңшылыққа да сыймайды. Аңшылық болған соңақ оның артында қарын қамы жатады. Тон үшін, тымақтық пұшпақ үшін түлкі қағу, қоян қағу бар. Оны шалдыру дейді. Тұзақпен, қақпанмен алғанды түсіру дейді. Ертеде ағаларымыз іштері пысқанда қасқырды итпен талатуға шығатын. Інішегіміздің айтып отырғаны сол ма деймін.

«Ісі ілгерілегеннің иті ат үстінен оттайды» деген де мақалымыз бар. Ит жеті қазынаның бірі. Ит аузындағысын иесіне жырып берген. Бабаларымыз да қарыз болып қалмаған. Ол аузындағы адалымен бөліскен. Ол адалы - ешкі түлігі еді. Күнделікті ішіп-жемінде қой өзінен аспаған. Ал ешкінің жөні бөлек. Оны іш қатырады деп қазақ баласы түлік ретінде өсіре қоймаған. Осыган орай етін жаратпаған. Адал бола тұрып. Есесіне итке қиған. Алайда ит те ешкі етін жемейді. Сол ешкі етін итке жеуді үйреткен. Ешкі етін жеген итке ермен жегізген. Ерменді, жалпы, ешкі мен қой жеген. Ал ермен ешкі майын қатып қалса ерітеді, эйтпесе қатуына жол бермейді. Мақал осыған орай туған.

«Тіліміздe қасқыр ішікті, ит аяқты» деген де мәтел бар. Мәтелдің «қасқыр ішіктісі» біршама түсінікті болғанымен «ит аяқтысы» еріксіз тосылтады. Қасқырдың терісін илеп, ішік тіккен. Сыйлы қонақ келгенде аяқ астына қасқыр терісін тастаған. Аттанғанда қасқыр ішік кигізген. Қасқыр ішік кигізу үрдісі бар болғанымен елдің бэріне бірдей қасқыр ішік киізе бермеген. Мұндай құрметке қырық жастан асқан ер-азаматтар ғана бөленген. Себебі еркектің жілік майын ағызып жібереді деп есептеген. Ал «ит аяқтының» жайы басқаша. Итаяқ деп әдетте итке ас салатын ағаштың қайыңынан тұтастай шабылған ыдысты білеміз. Ал айтып отырған атауымыз иттің терісіне қаратылып аталған атау. Иттің терісі ішікке жарамағанымен аяқтонға жарайды. Сонымен итаяғымыз - итаяқ/тон. Ит терісінен жасалған етік. Мына сібір жұрты күні бүгінге

дейін қысқы етікке ит терісін пайдаланады, оларын унты деп әспеттейді. Олары суыққа төзімді келеді, суық өткізбейді. Тілімізде итен деген сөз бар. Бұл өзі ит тон деген сөзден шыққан. Сол итеніміз осы ит терісінен жасалған аяқ киіміз, аяқтонымыз, унтымыз.

Иттің тағылануы болғанымен, қасқыр қолға үйренбейді. Жабайыланған иттер баршылық. Динго соған жатады. Дингоның эдепкі иттерден айырмашылығы олар да қасқыр сияқты топтанып өмір сүреді. Көзін ашпаған, қарақұлақтанбаған бөлтіріктерді асырағандар болған. Алайда олардың ешқайсы табиғатынан аспаған. Адам көзі тайған жерде қасқырлығын істеген.

Қазақ баласының төрінде ит жатқан. Оның өзінде тазысы. Тазының бәрі де таза бола бермейді. Қанша жерден жуып-шайып тазалағанмен ит иісі шығып тұрады. Алайда туа тазасы болады. Ит иісі болмайтын. Оларды әлеке деген. «Әлекедей жаланып» деген сөз тіркесі соған орай айтылған. Мал дәрігерлік сауаты бар, жөн білетін ағайындар айтқанымызды қуаттайды. Олардың айтуынша ондай иісті тері безі шығарады. Кей жағдайда сол тері бездері жетілмей қалады. Тазының таза болатыны содан. Соған орай ит жалаңшақ болады. Осы әлеке сөзін теріс түсінушілік бар. Тазының жүйрігі деп. Шын мәнінде ол тазының тазасы.

Иттің жәутігін бабаларымыз ноқай деген. Біраз түркі жұрты итті ноқай дейді. Қазақтың «эй, ноқайының» эр жағында ит екенсің мағынасы жатыр. Бабаларымыз жырқыштарды да жынысына қарай жіліктей білген. Олардың еркегін - арлан, үрғашысын - қаншық, баласын - күшік деп атаған.

Арыстанның арланы - қамбар. Қазақ есепшілерінің күн қайыру жүйесінде Ай мен белгілі бір Жұлдыздың кездесуі бар. Соның алғашқысы - Қамбар тоғысы. Осы Қамбар жұлдызы Аймен бес рет тоғысады. Алғашқы рет айдың тоғыз жаңасында тоғысуы - тоғыздың айы /қазан айы/ атанған. Келесі кездесу айдың жеті жаңасында өтетіндіктен ол жетінің айы /қараша айы/ деп белгіленген. Осы ретпен Қамбардың Аймен бес жаңасында кездесуі - үштің айы /қаңтар/, бір жаңасында кездесуі - бірдің айы /ақпан/ деп аталған. Қамбар тоғыз жүйесі бойынша жыл басы акпан айының бірінші жұлдызы. Осындағы Қамбар жұлдызы деп отырғанымыз Арыстан жұлдызы.

Арыстанның қаншығы - қаншыр. Қаншырдың бастапқы мағынасы қан ішер болса керек. Өйткені аңға арыстанның қамбары емес қаншыры түседі. Ал қаншырдың «қаншырдай қатып қалған», «қаншырдай қатпа» сынды ауыспалы мағыналары да оның аңға түсуімен байланысты. Себебі қаншыр үнемі аңға түсетін болғандықтан бойына артық ет жинамайды. Арыстанның күшігі - шөншік. Кей жерде шөншікті шөнжік деп жұмсартып айту да кездеседі.

Жолбарыстың қаншығы - өлекшін. «Күшігін асыраған өлекшіндей, азғындап шөктің, Сара, жылдан жылға. («Біржан - Сара» айтысы). Күшігі - сарымақ. «Саптыаяқтай еріндім, сарымақтай азулым» (Бұқар жырау). Жолбарыстың арланы - айбар. Осындағы ай түбірлі сөзде көне түрік тілінде айығ түрінде кездеседі. Бұл - ашулы, жауыз деген сөз.

Аюдың арланы - айтыс. Жалпы, аю сөзі жоғарыда аталған ай түбірінен шыққан. Хакас тілінде айдас - күшті, ірі, мықты мағыналарында қолданылады. Бәлкім, айтыстағы тыс сөзі тіс шығар. Соңда ай - тыс «қорқынышты тісті» деген ұғымын бермей ме? Каншығы - кірекей. Күшігі - қонжық.

Барыстың қаншығы - таутан. «Алма апаннан аланды, таутан алар баланды» /Мақал/. Күшігі - алан. Арланы - барсақ. Ел ішінде «Таутанын тастап барыс ат, жаға болар ішікке» деген мәтел бар. Осы мәтелде жансақтық орын алған. Дұрысы: «Таутанын тастап барсақ/барысақ/, жаға болар ішікке». Барсақ қазіргі ұғыммен қарайтын болсақ барынша сақ /аң/ деген мағынаны білдіреді. Шын мәнінде барыстың қырағысы / сағы/ арланы емес өлекшіні.

Қарсақтың қаншығы - мырсақ. Кей жерде мыршақ деп айтушылық та бар. Қарсақ атауы аң атауы ретінде кейінде қалыптасқанға ұқсайды. Қарсақ деген сөз аңның ұрғашысына қаратылып айтылған сөз. Ендеше жоғарыдағы барсақ пен осы қарсақтың бастапқы мағынасы өзгерген бе дейміз. Күшігі - жәутік. Жәутік нашар деген сөз. Әдетте қарсақтың күшігі элжуаз болып туады. Тіліміздегі жаман - жәутік тіркесі бар. Осындағы жәутік сөзі нашар деген мағынаны білдіреді.

Сілеусіннің қаншығы - ілбісін. Ел ішінде ілбішін деп айту да кездеседі. Еліміздің шығысында Үлбі деген кен орыны бар. Осы кеніш атауының ілбішін атауымен түбірлес екенін аңдауға болады. Күшігі - інсін.

Түлкінің қаншығы - қанжыр. Тіліміздегі қанжырық сөзі осы қанжырмен түбірлес болар. Тура мағынасы - түлкінің қаншығы мағынасында да айтылуы әбден мүмкін. Күшігі - жаутаң. Арланы - алтын. Алтынның тура мағынасы - бірінші айлакер. Көне түрік тілінде ал - айла, тын/тұң/ - бірінші. Қазіргі қазақ тілінде қолданылып жүрген тұңғыш сөзінің мағынасы - бірінші деген сөз.

Борсықтың арланы - борақ. Қаншығы - сасық. Күшігі - эзборақ. Борсық та күшігін соқыр туады. Әзборақтағы «эз» соқыр деген сөз.

Күзеннің арланы - шақар. Қаншығы - шашал. Күшігі - безек.

Мәлімнің күшігі - мәулен.

Мысықтың еркегі - мыршым. Ұрғашысы - мырсын. Күшігі - соқыр.

Ең соңында айтарымыз, қасқырға қаратылып айтылған бір мәтел бар. «Бөлтірігін алма шуланның, шұрқан салар қораңа» деген. Қасқырдың кекшіл тағы екендігін білеміз. Оның ішінде шуланның, оның ішін-

де бөртенің кекшілдігі әлемет. Бұлар нағыз қырыпсалдар. Соған орай қазақ аңшылары апаннан күшік алса бәрін алған. Көз алдарында күшігі жүрсе кегін ұмытпайды деп.

Сонымен жазбамыздың соңына жеткен сындымыз. Қазақ атамыз итті жеті қазынаның біріне санатан. Қасқырды да өзінен алыстатпаған. Терісін ішікке жаратса, кыл ақыры өтін емдікке пайдаланған. Шешелеріміздің омырауынан сүт шықпай қалғанда ит емізгендері болған. Итемген есімі соған орай қойылса керек.

Қасқыр өтіне жерік болған аналарымыз да аз болмаган. Есті қазақ бекерден бекер қасқыр ауламайтын болса, осындай себептері бар.

БӨРІСЫРҒ АҚ

Барып-барып жаяу сырғақ ирелеңдвп басылады,
Түк болмагандай күнің дагы түтеленіп ашылады.
Апта салып көз байлаган перделерің гайып болып,
Бөрте менен көк серектен алтын шуақ шашылады.
Әуектің бүл саф тірлігі тоқтап қалган ашылады,
Серек біткен бір-біріне жақындап кеп қасынады.
Қолтық қызық басылган соң бөрте қалып соңында,
Айга қарап бөрі ұлиды, эуектің ең басындагы.
Бөрісырғақ сап басылган, әуек көшіп бара жатыр.
Түк көрмегендей,
түк білмегендей,
Маңгаз гана дала жатыр.

Бүп менің өлеңім. Сонау жиырма жасымда жазғанмын. Осыдан-ақ менің қасқырға қаншалықты жақын екендігімді көруге болар.

Менің туған нагашым Бітім Көшмағанбетұлы қазақы ұғымдағы аңшы еді. Еш уақытта қолына мылтық, автомат алмайтын. Еш уақытта джип, вездеход, аэрошана мінбейтін. Атпен шығатын, қолына құрық та алмайтын, жалаңқат алатын. Сол нағашымның қасқырдың құтын аламын деп бөлтірік асыраган жылдары болды. Нағашы атам Көшмағанбет көшелі адам еді. Сол кісі баласыныц осы ісіне қарсы болды. Бала да болсам сол қарақұлақтың тәрбиесіне мен де қатыстым. Оның тәрбиесіне бүкіл ауыл болып жұмылған. Сол қарақұлақ бәрібір құтын бермей кетті. Бүл әңгімелер менің құлағымда содан қалған. Әйтпесе, қасқыр түрсын киікке де шыккан адам емеспін.

Журт менің осындай тосын жазбаларыма қарап мені аңкөс, аңшы деп біледі. Қайталап айтайын, мен еш уақытта түз тағысына мылтық кезенген адам емеспін.

Боран, болмаса аяз жөнінде әңгіме қозғала қалса жадымызда Арқа жаңғырып қоя береді.

Ал менің жадым тітіреніп тұрады. Өйткені менің бабам осы Арқаның алғашқы аязында ұшып өлген. Сол аязды Арқа жұрты күні бүгінге дейін Қырбастың қызыл шұнағы дейді. Қырбас дегі отырғанымыз атакты Көкбөрі Жарылғап батырдың баласы, Қанжығалы қарт Бөгенбайдың күйеубаласы.

Шұнақ деп қазақ баласы құлақ кемістігін айтады. Қырбас бабамыз аязға ұрынып қамшымен қаққанда құлағы қолында қалған ғой... Бұл кэдімгі желтоқсан айының басы.

Бұл Кәмел Жүністегі ағамыздың «Жыл он екі айында» бар. Кәмекең күнін де анықтай түседі. Ақпан айының 4-5-і деп. Қазіргіше айтсақ ақпанымыз желтоқсан айы.

Осыдан кейін өтетін боранды амалымыз - текебұрқылдақ. Ол айтып отырған ақпан (желтоқсан) айының 17-22 аралығы.

Екінші аязымыз қаңтардың басына келген. Оны ауызекі тілде бетжабар дейді. Кәмел Жүністегі күн таласы деп жазады. Кәмел ағамыз оны қаңтардың 1-2-не келтіреді.

Үшінші аязымыз да осы қаңтарға келеді. Оны сары аяз, болмаса сарышұнақ аяз, болмаса сарышұнақ дейді.

Осы жерде еріксіз басыңызды шайқайсыз. Қазақ жылқыны ғана емес, аяздың өзін де түстеген бе деп. Өйткені қоңыр аяз дегені де бар. Қаңтарда жүрген амалымыз осы сары аязымыз. Бұрындары бораны күндіз-түні көзіңді буып, аязы көтерілмесе түсе қоймайтын. Бүгінде соның бораны қалып, аязы кеткен сынды. Оны қазіргі ғаламдық жылымықпен ғана түсіндіруге болар. Осы сары аязымыз қаңтардың 17-27-не келеді. Кешегі есепші шалдарымыз өзекті жанды бұл аяздан сары алып қалатын дейтін. Бұл не сары десек май деуші еді жарықтықтар. Сонан барып бұл май соратын аяз дер еді.

Осы сары аязымызды жаңсақтықпен, болмаса білместікпен бөрісырғақ деушілер шығып жатыр. Осы жерде барынша жұмсартып айтқанымызбен надандығымыздың иісі шығып тұрғанын несіне жасырайық. Ең алдымен мұның амал екеніне ден қояйық. Амал болған соң-ақ оның сакралды болғандығы. Адам баласы соны шешем деп-ақ келеді. Сонан да барып адасып жатқанымыз.

Сонымен бөрісырғақ дегеніміз не?

Әуелі осы бөрімізді анықтап алайық. Әрине, ол қасқыр. Әрине, ол қасқырдың арланы. Әрине, ол арлан болғанда - жалы. Әрине, ол жал

болғанда - бөрісі. Жал деп қасқырдың арланын айтамыз. Қаншығы - шулан.

Қасқырдың үйірін әуек дейміз. Осы әуекте шамамен жиырма-отыз қасқыр болады. Орманды қасқырлы орыс жұрты әуекті стая дейді. Әуекті бастаушыны вожак дейді.

Қалай екенін қайдам, біздер осы вожак сөзінің калькасын жасап көсем, көшбасшы деп жүрміз. Кешегі үлкендер оны эуекбасы деуші еді. Сондықтан алдағы уақытта осы сөзге назар аударсақ деймін. Оның үстіне бізде басқұрт деп айтушылық бар ғой.

Осы жерде көзі қарақты оқырманның «сонда абаданымыз не?» деуі әбден мүмкін. Абадан дегеніміз де эуекбасы деген сөз. Алайда... Аңға қасқырлар әуек болып шықпайды. Олардың да қартайғаны, түрлі жарақаттан мүгедек болып қалғандары, аң қағуға жарамайтын көксеректері болады. Сондықтан олардың күш кемістігі білінгенде олар бірігеді. Әуектер күш біріктіреді. Бірнеше әуек топтасып, үлкен бір әуекті құрайды. Соны басқаратын әуекбасыны абадан дейді. Орман қасқырлы орыс жұртында мұндай ұғым жоқ. Өйткені орманда жемтік жеткілікті. Оларда бәрі вожак. Сондықтан абадан сөзіне құрметпен қарап, жөнімен қолданғанымыз дұрыс болады. Бабаларымыз «абадан байрақты» деп тегін айтпаса керек. Және оны сакралды сөз деп қабылдайды.

Тақырыбымыздан ауып барамыз-ау дейміз. Қайтып оралайық.

Көкейімізге келіп тірелген сауал әуек қайтып көбейеді деген сауал болса керек. Шынымен, қайтып? Жұптасып, әрине. Жұптасып деп текке айтып отырғанымыз жоқ. Қасқырлар бір-ақ рет жұп құрады. Және әуекте мұндай бір-ақ жұп болады! Міне, мәселе қайда?

Жұпқа түсетін қасқырдың арланын бөрі дейді. Арланның жал екенін білеміз, қарап отырсақ жалдың барлығы бірдей бөрі бола алмайды екен. Моғал тілмен айтсақ әуектегі қасқырлардың тұқым шашатыны біреу болады, сол біреуімізді бөрі дейді. Тілімізде жиілігі жоғары бөрікөз, бөрімінез, басқа да бөрі сөзімен қатысты сөз тіркестері жеткілікті. Осы тіркестерден-ақ бөріде сакралдық қасиеттердің барлығы білінеді. Ол не қылған қасиеттер?

Ол ең алдымен әуектің иесі. Бүгін де! Ертең де! Ол эуекті құрайтын қасқырлардың аналығын таңдай білуі керек. Ол келешек ұрпағының жататын жерінен жаңылыспауы керек. Ол қаритын қаншығын жазбай тануы керек. Таңдау жеткілікті. Мың емес, жүз емес, алайда жеткілікті. Таңдау жасалғанда оны бөрте дейді. Осы жерде естеріңізге ештеңе түспей ме? Бөрте деген түп апамыз бар емес пе еді? Ол апамыз жаһанды тітіреткен Темужиннің таңдауы емес пе еді? Кешегі Абылай, кешегі Кенесарының... мамасы емес пе еді?

Мама сөзіне де шекеден қарап жүрген жайымыз бар. Қазақ баласы әжеден кейінгі әжемізді мама деген. Салыстырыңыз: мамабие, мамақаз,

мамақазық. Үйші қауымдар жалпы ағаштың ұрғашысын мама деген. Содан барып ағаштың барша ұрғашысын мамағаш дейді. Бөрінің бөртені таңдауы өте маңызды. Өйткені әуектің одан әрмен өсіп-өнуі осы бөртеге байланысты. Әуектің ертеңін осы бөрте шешеді. Қандай жағдайда болсын бөрте «қысыр» қалмайды. Бір жағдайда тоғыз, енді бір жағдайда жалқы табуы мүмкін. Неге?

Қасқырлар қоғамдасып өмір сүретін мақұлықат. Қоғам болған соңақ онда да кемістіктер болады. Кемел қоғам ешқашан да болған емес, болмайды да. Соның жарқын көрінісін осы әуектің мысалынан көруге болады. Аңға топтасып шығады, түсірген олжаларын өзара бөліседі. Ол олжадан ешкім де сырт қалмайды. Әлі аңға жарамайтын қарақұлақтарын еш уақытта аш қалдырмайды. Әуек ең алдымен соларды қоректендіреді. Содан кейін аңға шығуға жарамайтындарды... Сол аңға шығамын деп жарақат алып, мүгедек болып қалғандардың кезегі қарақұлақтардан кейін тұрады. Осыдан кейін қасқырларды текті демей көріңіз! Уау, сонда аңшылардың өздері қайда қалады? Олар өздерін де ұмытпайды. Соны бөрте шешеді. Айналадағы қорек жеткілікті болғанда тоғыз табады! Қорек мардымсыз болғанда жалқы табады! Бірақ ешқашанда жоғарыда айтқанымыздай қысыр қалмайды! Қасқыр еш уақытта құтын босқа шашпайды! Сондықтан да бабаларымыз оны тәңірқұт деген.

Әңгімемізге қайтып оралайық. Қасқырдың тектілігіне көзіңіз енді жетеді! Бөрі мен бөрте мойнына алған шаруаларын басқа мақұлықаттар сынды ашық, кез келген жерде жасамайды. Олар бұл жауапкершіліктерін жасырын жасайды! Әуектен бөлініп, көзден таса жерде. Бір жаратушы ақпанның ақырған боранын осы бөрі мен бөрте үшін әдейі жіберген сынды көрінеді. Әуектің қалған көзінен жасырынуы үшін... Осы амалды бабаларымыз бөрісырғақ деген. Бұл амал ақпан айының 17-25 аралығында өтеді.

Қасқыр баласын 63 күн көтереді. Содан барып қарақұлақтарын сәуір айының аяғында экеледі. Қыс ішінде қасқыр (бөрте) күшіктеді деген әңгімені естімедік. Қоңыраязымызды ұмытып барады екенбіз. Ол Үркер ауғанда түсетін шымшыма аяз. Ел ішінде үтаяз деп айтушылық бар. Өйткені ақпан кіргенде үт түсетіні белгілі.

БӨРІТОН

Тіліміздe бөрітон/ды деген сөз бар. Мәшекең Жидебай батырды суреттегенде бөрітонды деп жазады.

Осы сөзді де алғаусыз қолданатынымыз байқалады. Оны өзіміз аңғара бермейміз. Содан да барып қасқыр ішік мағынасында түсініп, сол магынада қолданып жүрміз.

Шын мәнінде бөрітон да қазақтың тонына, оның ішінде сыртаңына (сырттон) жатады. Бөрітон деген сөз бөрі киім деген сөз. Қасқыр ішік те қазақ баласының сыртаңы. Қасқыр ішікті екінің бірі киді десек те бөрітон жөнінде олай деп айта алмаймыз. Бөрітонды екінің бірі кимеген. Ондай мүмкіндік бола да бермеген. Өйткені қасқырдың бәрі бөрі емес. Бөрі дегеніміз жұпқа түсетін қасқырдың жалы. Ал қазақ аңшылары ешқашанда бөрі соқпаған. Сонда қазақ баласы қайтіп бөрітон киіп жүр?

Бір әуекте жалы бар, шуланы бар отызға тарта қасқыр болады. Соның біреуі ғана бөрі. Жұпқа түсетіні. Қасқыр ішік деп сөйлейтін қазақ баласы қасқыртон деп сөйлемейді. Және керісінше бөрітон деп сөйлейтін бабаларымыз бөрі ішік деп айтпаған. Демек бұл жерде де бір кілтипанның болғаны. Қасқырішік ең алдымен сыртаң, сырт киім. Сырт киім болғанда қысқы киім. Адам жанының қорғаны. Қалай дегенде боранды-шашындыдан бір адамның жанын алып қалады. Одан қалса салтанат киімі. Қасқырішікті жанның айбары асып тұрады. Оны үлкен де, кіші де кие береді.

Бөрітонның жөні басқа. Оны кез келген адам кие бермейді. «Бөріұлтарақтының жеті жерде үйі» бар деген сөз де тегін айтылмаған. Қырықтан асқан ер-азаматтардың барлығының ұлтарақтары осы бөрі пұшпағынан сырылған. Өйткені ондай ұлтарақ суыққа алдырмайды. Ал бөрітонды қырыққа дейінгі ер-азаматтарына кигізбеген. Қандай жағдайда болсын. Себеп біреу, еркек шауқатын жасытқан...

Бөрітонды азамат серігін суыққа алдырғанда, болмаса боранды күнде жолда қалдырғанда оған кесікті құн белгілеген. Оның айбанасына толық құн төлеген. Ал қасқырішіктіге ондай құн белгіленбеген. Қазақтың Сексенбай, Тоқсанбайларының әкелері осы себептен бөрітонды болған.

Қазақ ішінде бөрітонды қалау, болмаса бұйымтайға шығару болмаған. Ал тон иесі өзінің қалауына қарай бөрітонын сыйлай алған. Тонды болыңыз! Бөрітонды...

БҰРАЛҚЫ

Жалдардың барлығы да бөріден үміткерлер.

Сол жалдарың бөрі болуы мүмкін бе? Мүмкін болса ол қалай өтеді? Бөріден үміткер жал өзінің шешесімен (бөрте), қарындасымен (шулан), не апасымен (шулан) еш уақытта жұпқа түспейді. Қасқыр баласының тектілігін осыдан-ақ аңдауға болар. Олай болса бөріден үміткер әуектен шығуға мәжбүр болады. Бөріден үміткер деген сөз өз алдына әуек құрушы деген сөз. Әуек құру үшін бөрте керек. Оны қайдан алады? Басқа әуектен!

Жалпы, тіршілік дүниесінде нәпсісін қанағаттандыруға келгенде еркегі ұрғашысына қарағанда осал келеді. Бұл адам баласына да катысты. Бұл қасқыр баласына да катысты. Содан барып әуектегі жалдардың барлығы бірдей болмаса да өз алдына әуек құруға ұмтылушылар ішнэра болады. Мұндай жағдайда әуектің қатал заңы бойынша ол әуектен шығып қалады. Енді ол әуектің шапағатына бөлене алмайды. Ортақ қазаннан үлес тимейді. Бір сөзбен айтқанда өз күнін өзі көретін болады.

Әуектен шығып қалған мұндай жалды бұралқы дейді! Бөрі болғанша бұралқы бастан талай сынақты өткереді. Соның бастысы қорегін тауып жеуі. Ең алдымен оның аң аулау аймағы болмайды. Аңға бірігіп шығатын әріптесі болмайды. Қасқыр ешқашанда жалғыз аң ауламаған. Бірақ сондай күн туған. Бұралқының басына. Өз алдына әуек құрам, бөрі болам деушілердің барлығы да осындай сынақтан өткен. Әуектен шығып қалған мұндай бұралқылар аң аулау аймағы болмағандықтан ауылды торуылдайды. Қазіргі уақытта БАҚ беттерінде қалаға қасқыр кіріп кетті деген байбалам мақалалар өріп жүр. Оның өзінде елді қорқытып құтырғаны дейді. Шын мэнінде олар - бұралқылар!

Қазақ баласы итқұс деп қасқырға қаратып айтса да негізінен осы бұралқыға қаратып айтқан. Әйтпесе, эуек ауылға шабуыл жасамайды. Ал бұралқылар шабуыл жасайды. Ауылға. Қойқораға. Тауыққораға... Мүмкіндік болып жатса ит дауысына салып, итті ауылдан шығарып алып жәукемдеп кетеді. Құс дауысына салып, құсты да, оның ішінде дуадақ пен құрларды баудай түсіреді. Осының бэрін істейтіндер бұралқылар. Неге бұралқылар?

Әуектен шығып қалған бұралқылар да бірігеді. Бірақ бұларға әуек заңы жүрмейді. Содан барып олардың бөріге ұмтылған ғұмыры ұзаққа бара бермейді. Әуектегі жалдар ешқашанда бірін бірі тастап кетпейді. Ал бұралқыларға бұл заң жүрмейді. Сондықтан да олар қилы жайттарға ұшырап жатады. Қорек қамымен бас қосқан бұралқылар қауіп төнгенде өз бастарын сауғалайды. Осыдан барып олардың ғұмыры қиылып жатады. Бөрітонымыздың шикізаты, тоны осы бұралқылар, бөрі болам деп талпынған жалдар. «Бұралқыға бар өлім бөріге жоқ» деген сөз содан қалған.

Біздер ит-құс деп жатамыз жэне бөліп жазамыз. Сол ит-құсымызды түбегейлеген жанды көрмедім. Осы сөзді қосып жазсақ қайтеді. Итқұс деп?! Не ит емес, не құс емес, алайда итқұс... Итқұсымыз, эрине, қасқыр баласына қатысты, оның ішінде нақ осы бұралқыға қатысты. Қашанда біршек болып жүретін бұралқылар ит дауысына салып, оларды аулаққа алып шығып жәукемдеп кетеді. Құс дауысына салып жайылып жүрген дуадақтарды орындарында басып қалады. Бабаларымыз қас-

қырдан қорықса, нақ осы бұралқылардан қорыққан. Сондықтан да жөн сұрасқанда:

- Итқұстан аманбысыңдар? - деп жатады.

Бұл бұралқыдан аманбысыңдар ба деген сөз...

ӘУЕКЗАҢЫ

Ақыл... Көптің ақылы... Аздың ақылы... Жалғыздың ақылы... Мына әлем құламай тұрса ақылға сүйеніп тұр!

Қасқыр ақылды жаратылыс. Ол жалғыз жүргенінде де, көптің ішінде жүргенінде де ақылынан ажырамайды, алжаспайды. Ол не нәрсені болсын ақылмен шешеді. Олар әуекті де ақылмен құрады. Ақылмен басқарады... Әуектегі эрбір ақылды қасқырдың ұраны... Бірі бэрі үшін...

***

Қасқырдың үйірін әуек дейді. Орман жұрты стая дейді. Әуекті басқаратын қасқырды әуекбасы дейді. Орман жұрты вожак дейді. Осы жерден бастап дала жұрты мен орман жұрты арасында түсініспеушілік басталады. Өйткені орман жұртында альфа самец, бета самец, альфа самка деген түсінік бар. Қисын бойынша альфа самка болғандықтан бета самка да болу керек еді. Алайда айтылмайды. Өйткені бета самканың мәртебесі толық анықталмаған. Әуектегі жалдардың барлығы да әуекбасылыққа ұмтылады. Алайда ондай дәргейге жететіні некен-саяқ болады. Өйткені эуекбасы болу екінің бірінің басына жазылмаған. Сондай себеппен өмірінің соңына дейін әуектің мүшесі (алғадай, тоспашы, шабуылшы, қарауыл) болып жүре беруі мүмкін. Бұл табиғат заңына қарсы жайт. Бұл нонсенс. Өйткені он сегіз мың мақұлықат әлемі көбею үшін жаралған. Сонда қалай болғаны?

Кез келген жанды мақұлықат ең алдымен тамағына тәуелді. Бірінші кезекте қорек тұрады. Екінші кезекте қауіпсіздігі тұрады. Үшінші кезекте ғана көбеюі тұрады. Әуектің заңы осы үш ұстынға негізделген. Қасқыр дүниесі осы үш мәселені шешу үшін әуекке бірігеді. Қоғамдасып қорек табады... Қоғамдасып қорғанады (қауіпсізденеді)... Қоғамдасып көбейеді... Анығы - қоғамдасып көбеймейді...

Әуекбасыны жазбай тануға болады. Оның құйрығы қайқы жүреді. (Осы жерде «Ауыл итінің құйрығы қайқы» деген мәтелді еске түсіріңіз). Қалғандарынікі қысыңқы (түсіңкі) болады. Оның ішінде өзгенің ақылымен жүретіндері құйрықтарын қысып жүреді. Бұтына. Кім әуекбасы болады, болмаса бола алады?

Әуекбасы әуектегі ең азулысы... Ең қарулысы...емес... Керісінше ең ақылдысы! Әуек ақылға бағынады! Әуек ақылды мойындайды! Орман жұртының альфа самеці бізде бөрі аталады. Альфа самка бізде бөрте аталады. Бөртені бөрі таңдайды. Әуектегі жұптасатыны осы екеуі - бөрі мен бөрте! Бұлар бір-ақ рет жұптасады. Оларды тек өлім ғана айырады.

Сонда эуекбасыны кім алмастырады? Бета самец дейді орман жұрты. Қосы дейді бізде. Ел ішінде әуекқосы деп те айтушылық бар. Бұл өте күрделі өтетін процесс. Әдетте бір эуектегі қасқырлардың барлығы бір ата-анадан (бөрі-бөрте) тарайды. Ал қасқыр өзінің анасымен, қарындасымен, қызымен жұптаспайды. Бұл көктен түскен пәрмен. Олай болса бөртені ол басқа эуектен іздейтін болады. Мұндай жағдайда әуектің бөртесі алғашқы мәртебесінен айырылып, жай ғана әуек мүшесі болып қалады. Әуекбасы ақылды болса эуек те ақылды болады. Мұндай эуек өзі де өмір сүреді, басқаларына да өмір сүруіне жағдай жасайды. Мұндай әуектер әуек заңын қатал ұстанады. Және оған өздерінің қажеттілігін сыналап та болса енгізеді.

Әуек қатарынан шығып қалған бұралқылардың өз әуегіне қайтып баруы некен-саяқ болады. Көп жағдайда қабылдамайды. Өйткені ол бөрі болам деп саяқтанған жоқ па? Ал оның өзі шыққан әуегінде бөрте болатын шуландар жоқ қой. Болса ол анасы, болса қарындасы, болса апасы.

Алайда басқа әуектің өз қатарына қосып алуы әбден мүмкін. Өйткені әуекбасы одан өзін көреді. Өйткені бұралқы бөрілікке ұмтылған өжеттісі, ақылдысы ғой. Бұралқы басқа әуекке қабылданғанда ол жаңа міндет атқаратын болады. Ол қосы болады. Ол әуекбасының сүйеніші болады. Ол әуектегі үшінші қасқыр болады (әуекбасы - бөрі, бөрте, қосы). Әуекбасы мерт болғанда оның орнын осы қосы басады.

Қосы әуектегі бөртеге бөрі бола алады. Алайда көктен түскен пәрменіне орай бөртенің бас тартуы әбден мүмкін. Ондай жағдайда бөртені әуектегі шуландар қатарынан таңдайды. Ал бөрте мерт болғанда бөрі бөртені басқа әуектен іздейді. Әуекті екі қасқыр (бөрі, бөрте) құрады деу де асылық. Әуекті үш қасқыр құрайды (бөрі, бөрте, бөлтірік). Бөрте түрлі себептермен күшіктемейтін болса эуек тарайды. Әуекте осылайша үш қасқыр да, отыз қасқыр да бола береді. Әуектегі қасқыр саны қаншалықты көп болса соншалықты қуатты болады.

Осындай кереғар санына қарамастан эуектер бейбіт өмір сүреді. Олар бірінің шекарасына бірі кірмейді. Үлкен эуектер кіші әуектерге күш, болмаса қысым көрсетпейді. «Қасқыр да қас қылмайды жолдасына» деген осы. Қажет болған жағдайда әуектер бір-бірімен қосылып, суперәуектер құрады. Оны да эуекбасы басқарады. Ол суперэуекбасыны абадан дейді. Әуектер механикалық топ емес, тобыр да емес. Өзінің

ішкі заңдары бар кемел құрылым. Үнемі қозғалыста тұратын тірі ағза. Көбейіп жатады, азайып жатады.

Әуектің ішкі заңдылықтары ондағы қалыпты ахуалды қалыптастырады. Өмір сүру ахуалын. Ол заңды ешкім де бұза алмайды. Бұзам дегеннің өзінде бұзу мүмкіндігі жоқтың қасы. Өйткені ол әуектің күйреуіне соқтырады. Сондықтан да кез-келген әуек оқыс жағдай (өрт, жер сілкінісі, басқа да табиғат апаттары) болмаса өсіп-өркендейді, кемелдене түседі. Қасқыр жалғыз болғанда өзін өзі қорғай алмайды. Екеу болғанда ол енді өзін де, серігін де қорғай алады. Әуектегі қасқырдың эркайсысының өз орыны бар. Жау тап бергенде үлкен-кіші, еркек-үрғашы демей жаппай қорғанады. Өмір сүру ортасының аясын кеңіткен, болмаса басқа да жағдайға байланысты сойқандарға тек алғадай топ қатысқан. Қарақұлақтары серек тартпайынша ешқандай оқыс қимылдарға (аң аулау, сойқан) бармайды.

Иттер де, қасқырлар да бір-бірімен қырқысады. Кешегі үлкендеріміз оларды иттөбелес, қасқырсойқан дейтін. Қасқырлар арасындағы сойқан негізінен жер үшін, қорек үшін өтеді. Сол сойқанға қатысқан қасқырлар бірін-бірі жарып тастамайды. Тіпті, жаралауға да бармайды. Әуекбасы әуектегі бірде бір жалды, болмаса шуланды таламайды. Және өзгелерінің бірін-бірінің талауына жол бермейді.

Әуек үш топтан тұрады.

Бірінші топты әуекбасы басқарады. Ол топты алғадай топ дейді. Оған жалдардың ең азулылары топтастырылады.

Екінші топты әуекқосы басқарады. Ол топты әуектің құртаңдары, серектері құрайды.

Үшінші топты бөрте басқарады. Үшінші топты негізінен шуландар құрайды. Сойқандарға түсетіні әуектің бірінші және үшінші топтары. Қасқыр жарақат алған жағдайда оны әуек болып күтеді және әуек болып қатарға қосады. Сойқандардан, болмаса аңшылықтан мүгедектік алған қасқырлар эуектің ерекше қамқорлығында болады.

Аңшылыққа барынша даярланып шығады. Мәселен, суатқа қашан құлайды, қанша бас, қашан құлайды, келер жолы қайсы, қайтар жолы қайсы. Мұны әуектің қарауылдары атқарады. Шабуылдарды үнемі әуекбасы бастайды. Аңшылықтан түскен олжаны қылдай бөліседі. Әуекте үш қарауыл (қасқыр) болады. Үш топтың тыныштығы, қозғалысы осы қарауылдарға байланысты. Шуланның (бөртенің) әуекті басқаратыны болады. Ондай әуекбасыны құртқа дейді. Мұнан әуектің заңы өзгермейді. Осы жерде еске башқырт жүрты еске түседі. Олар өздерін басқұрт дейді...

* * *

Әуекті құру қиындықпен өтеді. Есесіне оның оның ұйымшылдығы, топшылдығы кемел болады. Олар селбесіп өмір сүруді игереді. Оның ең бастысы - ауызбіршілігі. Әуектің өміршеңдігін жалғыздың да ақылы, көптің де ақылы шешеді. Олардың үстанымы жаға ұстатады.

* * *

Бәрі бірі үшін...
Бізге осы ұстаным жетпей жатыр-ау...

АБАДАН

Менің соңғы постым осындай жазбаммен қалған болатын. Жолсапарға шығып кетіп, әрі қарай жалғастыру мүмкіндігім болмай қалып еді. Үн-түнсіз қала салуыма да болушы еді. Алайда әңгіме қазақ баласының үлттық коды - қасқыр туралы еді...

Әңгіме Ұлытаудағы тоғыз (кей ақпаратта он) метрлік қасқырға арналған ескерткіш туралы. Бұл жөнінде БАҚ беттерінен оқып, берекесін берсін, мұны қолға алған азаматтарға абырой жазсын деп тілеулес болдық. Отандық БАҚ жарыса жазды. Мұндай алып ескерткіш ТМД кеңістігі тұрсын, бүкіл әлемде жоқ деп.

Сөз жоқ, Ұлытау десе-ақ бір бүйрегіміз бұрып тұрады. Үлттық руханиятта өзіндік орындары бар Әнуар Омаров және Берік Әбдуғали бауырларым басқарған ауданның кейінгі уақыттағы өзгерісі ғаламат-ақ! Ұлт ұясы - Ұлытауды ұлықтауда сөзден іске көше бастағанымызды осы бір ескерткіштен-ақ көруге болатын еді. Қыруар қаржы құйылып жатқанын да естіп отырмыз. Кешендік құрылыстың қанатын қомдай түскенін де көзімізбен көрдік. Теңіздің дэмін тамшысынан-ақ білуге болады. Осы ескерткішті көріп қатты ойланып қалдым. Біреу төбемнен суық су құйып жібергендей болды. Қасқыр жөнінде кейінгі уақытта үлкенді-кішілі жиырма шақты мақала жазыппын. Менің де білмейтінім баршылық шығар. Осы ескерткішті көріп бетімнен бастым. Мен мақау екенмін... Ұлттық рухқа арналған жэдігер ғой, аяғынан шыға кетейінші деп... күн салып қарамаймын ба? Сізге өтірік, маған шын - таппадым... Іздегенімді таппадым...

«Бұл қазақтың басын қосатын ескерткіш...» Отандық БАҚ осылай жалаулатып жатты. Бэрі дұрыс-ау, алайда оқыған надандығымыздың бізден қалмай келе жатқандығын нақ осы ескерткіш анық таныттты. Осы ескерткіш туралы кім не жазбады. Біреулеріміз қасқыр деп жалау-

латтық... Енді біреулеріміз көкбөрі деп жалаулаттық... Тағы біреуіміз Ашина деп жазуға дейін бардық... Ау, сонда осы ескерткіштің құдыретін түсіндіре алатындай бабалармыздың тіл қорында сөз болмағаны ма? Болғанда қандай? Абадан!..

Бұл ескерткіштің атауы - Абадан болу керек! Қасқырдың үйірін әуек дейді, әуектің көсемін эуекбасы дейді. Ал бірнеше әуек біріккенде эуекбасылардың көсемін - абадан деген! Өкінішке қарай мен іздегенімді таппадым! Абадан дейін десем құт белгісі жоқ! Құртқа дейін десем емшек безінің орны көрінбейді. Сонда? Содан қойшы, шегіншектеп қарадым... Анық көрініп тұр. Жалды екен! Қуанып қалдым. Мақау емес екенмін. Жал тек еркек каскырларда болады. Бабаларымыз қасқырдың арланын жал деген. Шынымен жал екен! Ал жалдық белгісі қайда? Ескерткішті эрі қарап, бері қарап ондай белгі безді таба алмадым. Әлде мутант қасқыр болды ма екен?.. Ертең ме, бүрсігүні ме бұл ағаттығымыз датүзелер... Сонда жаңа бір қателікке жол бермейікші!.. Жалымызға емшек безін салып қоймайықшы!..

Оқыған надандығымыз бізден қашан қалар екен?

КІМ АБАДАН БОЛА АЛАДЫ?

Осы да сөз болып па? Әрине, ең азулысы, ең күштісі, ең сіңірлісі...

Солайы солай-ау, алайда табиғатқа қарасаң бұл ойыңыздан қайтар едіңіз... Табиғи сұрыптау деген бар! Сол сұрыптауымыз осы қасқырға келе бермейді. Әуек үшін, эуекбасылық үшін қасқыртөбелес басқа тіршілік иелеріне қарағанда жұмсақ өтеді. Өйткені қандай жағдайда болсын олар ешқашанда бірін-бірі майып етпейді. Сондықтан да олардың әуекбасылық шайқасын жұмсартып төбелес деп отырмын. Жер үшін, аумақ үшін әуектер арасындағы төбелесте де жалдар бір бірін жарып тастамайды. Олар төбелессе де ақылмен төбелеседі. Сондықтан мұндай төбелесте жалдың ең мықтысы, ең азулысы жеңіске жете бермейді. Соған орай эуекті кімнің басқаратынын аңдауға болар. Әуекті жалдың ең ақылдысы, ең айлалысы басқарады. Айла дегеніміз ақылдың туындысы. Әуектегі отыз каскырдың қорегін тауып беру, оларды басқа әуектерден қорғауды ұйымдастыру, жер аумағына ие болу, ең бастысы өздерін басқа эуектерге мойындату оңай шаруа емес. Осының бәрінен аман шығу үшін, эрине, күш емес, ақыл керек, айла керек, амал керек. Ақылды эуекбасы аңға қашан шығуды ғана белгілеп қоймай құсқа шығуды да ойластырып отырады. Олардың дуадаққа топтап шығуы айтып отырған сөзіміздің жарқын мысалы болса керек.

ТӘҢІРҚҰРТ

Сонымен жазбамыздың тақырыбына қайтып оралдық.

Тәңіркұт!

Алматыда, «ҚазАқпаратта» жүргенімде біраз жұртпен араласып, дәмдес болдық. Соның бірі - аяулы Зейнолла Сәнік ағамыз еді. Маңғаз ағамыз сөзге сараң еді. Оның ішінде Құдай сөзіне. Алайда біздің әңгіміміз жарасқан. Баспамызға келіп тұрды. Әңгімелесу үшін. Бұл әңгімені сол кісіден алып қалған едім.

Қандай мақұлықат болсын табиғатынан аса алмайды. Қорегін соғысып жүріп табады. Өзін соғысып жүріп сақтайды. Соғысып жүріп көбейеді.

Ұлы табиғаттың жаратқаннан салып қойған инстинкті (түйсігі) бар. Ол қандай жағдайда болсын - көбею! Табиғатта бәрі кездеседі. Аталығы болмай-ақ көбею бар... Аналығы болмай-ақ көбею бар... Сол жаратылыстың средний род болуы мүмкін емес! Біздің түсінігімізде.

Жоқ, болады екен! Бөрісырғакта бөрі мен бөрте ғана өз табиғатынан аумайды! Қалғаны өз табиғатынан бас тартады. Мүның бәрі көктен! Онан кейін де аяғына жетпеуі мүмкін. Қысыр қалуы мүмкін... Алайда қасқыр емес! Жалқы да болса әкеледі. Бөрте дүниеге өзі тектесті әкеледі! Бұл көктің таңдауы! Мұны Тәңіркұт дейді!

БҰЛ ЖАЗБАМЫЗДЫҢ ТҰЗДЫҒЫ

Қазір қасқыр аулауға бізде тыйым салынған. Соған орай қасқырдың етіне, ішек құрылысына, өтіне, тұяғына деген сұраныс аспандап тұр. Әлемде адам саудасы жүріп жатқанда тәйірі бұл сауда болып па?! Дегенмен бұл да соған барабар сауда. Осыдан екі жыл бұрын қасқырдың үшасы бір мың доллар тұрды. Қазір екі мыңға жеткен болар. Өйткені...

Бұл есірткі саудасымен байланысты. Есірткіге пышақ үшы қасқыр өтін қосып жіберсеңіз із алғыш итіңіз, иіс алғыш иіңіз оған аяқ баспайды. Айналып өтеді...

22.***03.2021 ж.***

Екінші жазба

АҚБАҚАЙ

Ит жақсысы - Ақбақай,
Үйде жоқ та, түзде бар...
Қожабамбет би

Ит үрген жерде ауыл бар^
Қазақ мақал-мәтелінен

ИТ ТЕ АЙҒА ҚАРАП ҮЛИДЫ...

«Жібек жолы» арнасынан иттің тазы мен төбет тұқымдары жөнінде хабар көрдім. Хабарға атынан ат үріккендей біраз бауырларымыз қатысты. Алайда өзін қойшымын деп жүрген Алмасбек Садырбайдан басқа ешкімді жүздей алмадым. Тіпті, жүргізушісін де түстей алмадым.

Осы ит тұқымдарымен айналысатын біреу естіп, біреу естімеген «Қансонар» атты қауымдастық та бар екен. Айтуларынша күндіз-түні жұмыс істеп жатқанға ұқсайды. Оның өзін кинолог бауырымыз басқарады екен. Итпен кинолог емес, итбегілер айналысса керек еді ғой деп қоямыз. Синолог балам айтады, хайуанаттар дүниесінде ұлттық реңк болады деп. Оны өзім де ойлап қоюшы едім. Жаңылыспасам керек. Түркіменнің алабайын көргенде есіме міндетті түрде тақиясын алшита киген түркімен тұрады. Тайғанды көріп қырғыз бауырдан айналып тұрасың. Ал өзіміздің тазымыз бен төбетімізге келгенде көзімізді аяқ ұшына түсіретініміз қалай?!

Кім қалай десе де ит қазақ баласы үшін құр жай үй жануары емес, ұлттық құндылық! Сондықтан да осынау тұжырым эр қазақ баласының зердесінде жүрсе дейсің. Ит қазақ баласының үғымында тазы мен төбет қана емес, ол ең алдымен - бөрібасар, ол ең алдымен - барақ, ол ең алдымен - боркөз (бөрікөз)... Ол ең алдымен - үшар!.. Итбегілер ұшарды білсе керек - иттің жүйрігі! Ұшар дегеніміз қанатты итіміз! Қанатты қасқырымыз - құныс! Қанатты түлпарымыз - пырақ! Қазақ қорымдарын қазғанда эманда осы жануарлар сүйектерінің шығуы тегін емес! Осыдан кейін бүл жануарларды ұлттық құндылығымыз демей көріңіз?!

Сол құндылығымыздың тініне, өзегіне жете алмай келеміз. Бабаларымыз бізден кейін қандай ұрпақ келер екен деп күмәнмен қарағандай итті жеті қазынаның бірі деп шегелеп кеткен. Соны айтуы айтамыз да, эрі қарай ой жүгіртпейміз. Бір сөзбен айтқанда ит қазақ баласының жан қорғанышы! Бір сөзбен айтқанда ит қазақ баласының тэн қорғанышы! Бір сөзбен айтқанда ит қазақ баласының қамал қорғаны! Бір сөзбен айтқанда ит қазақ баласының Қытай қорғаны! Бір сөзбен айтқанда ит қазақ

баласының асыраушысы! Қазақтың талай ойдым ауылдары осы иттің арқасында ашаршылықтан аман қалған. Ит сол табиғатынан әлі ажырай қойған жоқ... Күні кеше ғана итке кәдімгідей зарплата төлеген. Ондай зарплатаны жер қазғандардың өздері де алмаушы еді. Ит адам жанының арашашысы дегенге сеніңіз. Күрделі оталардың барлығы да ең алдымен итке жасалған.

Жә, осы жерден тізгін тартайық. Сонымен ит тұқымын сақтауға 1,4 млрд. теңге қаржы бөлініп отыр екен. Аз сома емес. Жалпы, итке қаратып айтсақ көп те емес. Көк жәшіктен көрген талқылауды санамнан өткізсем эңгіме элгі қыруар соманы игеру жөнінде болып жатқан сынды. Шынымен өңеш керетін жағдай-ақ екен. Ит болғанда эңгіме тазы мен төбет, олардың тұқымын қалай сақтау керектігі туралы екен. Олай болса ең әуелі тазы мен төбеттің мәртебесі айқындалуы керек. Бір-ақ мысал келтірейік.

Кешегі есті құлақ шалдар Арқадағы тазының сабалақ түрін айтушы еді. Тазының бұл түрі әдетте жүндес келген. Өйткені қыс Арқада кемі алты ай жатады. Кешегі хан Абылайдың сабалақ аталуының астарында осындай мән жатыр. Тазының сол тұқымын орнықтыруға қаражат бөлінген бе? Бөлінбесе қайтпек керек?.. Ит тұқымын асылдандырумен кім шұғылдану керек? Қазір экологтеріміз бен кинологтеріміз шұғылданып жатыр екен. Бұлай жүре берсек мұнымен жұмысын тастап геологтеріміз да шұғылдана алады екен.

«Шымшық сойса да қасапшы сойсын» деп жатамыз. Сол «қасапшымыз» дәл осы жерге керек! Қасқыр айға қарап ұлиды! Ай астындағы қасқырлар бірігейік деп ұлиды... Ит те айға қарап ұлиды!.. Кімге қаратып бірігейік деп ұлиды екен?.. Есіңізде жүрсін, ит иесін іздегенде ұлиды... Өйткені оның ең жақын жаратылысы сіз бен біздерміз... Менің бес жасымда тазымен бірге түскен суретім бар. Таймас атамның тазысы еді.

- Тұйғыным, -деп төрге шығарып қояр еді. Бүгінде еріксіз ойланам. Осы тұйғын сөзі қырғыздың тойғанымен түбірлес сөз емес пе деп. Бұл осыдан алпыс жыл бұрынғы жағдай. Біз Тұйғын дегенімізбен басқа жұрт:

- Таймастың бақайы, - деп аса бір сүйіспеншілікпен атап отырар еді. Ол кезде осы бақай сөзіне мән бермеппін.

ИТТІҢ АБАДАНЫ НЕГЕ ЖОҚ....

Сүтқоректілерді топтастырғанда қасқыр мен итті иттұқымдастар деп бір топқа жатқызады. Оның себептері жеткілікті.

Діни аңызда ит жұмақтан Адам атамызбен бірге шығып қалған. Қалай дегенде ол жұмақта өмір сүрген. Бұған қарап ит қасқырдан бұрынғы жаратылыс деп тұжырым жасауға болады. Қасқырды өз алдына топ

деп қарастыратындар, болмаса қасқыр біріншілік, ит екіншілік деп қарастыратындар қарасы да аз емес. Екеуін екі топ деп қарастырушылар да баршылық. Анық нәрсе бұлар бір-бірінен алыс емес жаратылыстар...

Осы ит тұқымдастарына жататын басқа да жаратылыстар баршылық. Солардың арасында бізге жақсы танысы - шүйбөрі. Шүйбөріні бізде шагал (шақал) деп айтушылық та бар. Мұнан басқа гиенамыз бар. Қазақтың қорқауы осы гиена ма дегендейсің. Мұның бір таңқаларлығы не ит сияқты, не қасқыр сияқты дәрет сындырмайтыны. Одан басқа гиеналық итіміз бар. Одан басқа жабайыланған итіміз - дингомыз бар. Осылардың бәрін ой жүгіртіп сараптайтын болсақ қалай дегенде ит те әлеуметтік топтасып өмір сүретін мақұлықат деген тұжырымға келеміз. Сонда бұл топтың әлеуметтігі қай деңгейде?

Шағалымыз да, қоркауымыз да, қорқау іспеттес итіміз де, диногомыз да топтасып өмір сүреді. Бұлар да қасқырлар сынды эуекке бірігеді. Олардың да көшбасшылары болады.

Қасқырды дала қасқыры, орман асқыры, тау қасқыры деп жіліктегенімізбен оның біз білетін ерекше сұрыпы жок. Ал ит шіркіннің төрт жүзден астам түрі бар дейді. Олардың тайыншадайы да болады, қол басындайы да болады. Бұлар, әрине, бір әуекке біріге алмайды. Қазіргі жағдайда ит әуегін көз алдымызда елестетуіміз қиын. Өйткені иттің бәрі даладан жылы пәтерлерге көшіп алған. Олардың қорегін тауып беруші - адам. Сондықтан да олардың абаданы - адам (иесі).

Ертеректе қойшы ауылдары топтап ит ұстады. Оның ішінде бәрі жүрді - тазысы да, төбеті де, қапталы да, дүрегейі де... Менің Тойымбек, Құсайын аталарым сондай ит ұстаған койшылар еді. Оқудағы үш ай үзілісте сол қойшы ауылдарға барамын. Сонда көргенім бұл иттер қашанда тату болды. Бірін бірі талап, қырқысқанын көрмеппін. Ырылдан эріге бара қоймаушы еді. Қазір ойлап отырсам олардың әрқайсысы өз орындарын білген екен ғой. Демек бұлар да топ болып өмір сүреді. Бірақ бұлар қасқырлар сияқты қоректерін өздері таппайды. Иесі тауыгі береді. Оның қорғанысы да мықты. Мылтықты иесі бар. Содан барып та олардың топтық құрылымдары осал. Содан барып та оларға абаданның қажеттілігі шамалы. Бәрібір, топталып өмір сүрген соң басшы болу керек. Ондай басшы болады. Оны ерекшелей қоятындай да ештеңесі жоқ. Қойшы ауылындағы ондай ит - төбет. Ондай маң басқан төбеттерде күш жағы баршылық, оның үстіне барынша сабырлы жаратылыс.

ИТ ЖАҚСЫСЫ - АҚБАҚАЙ

Жаһандану дәуірі ойына келгенін істеп жатыр. Тіпті ойға алмайтын нәрселер болып жатыр. Өзекті жандар құдайы болмысынан бас таргып жатыр. Жарық дүниеге еркек болып келіп, қараңғы түнекке ұрғашы

болып аттанып жатқандар қарасы көбейе түсуде. Мынау бақырлық дүниеде еркек болып та, ұрғашы болып үлгеріп жатқандар да баршылық. Қазақтың баяғы қызтекелері жолда қалған. Екі байға тиюге рұқсат сұрап жатқан қарындастарымыз да баршылық. Миға кірмейтін, ойға алмайтын нәрселер орын алуда. Әсте сенгің келмейді. Адамзат баласы өзі әлпеттестермен жұптаспай басқа мақұлықаттармен жұптасқанды жаратқан жайы бар.

Қалай дегенде әлемде ит культі жүріп тұр. Бразилияда ит шіркінді өздерімен қатар қояды. Олардың некесін шіркеулерінде қияды, тойларын шілде айында арнайы мейрамханаларда өткізеді. Мұндай культ басқа жұрттарда да жүріп тұр. Ит культінен қазақ баласы да бас тартып отырған жоқ. Жоғалтып алған ит культін қайтып қалпына келтіру бойынша бүгінде қазақ даласында қыруар жұмыс жүріп жатыр. Оның ішінде қазақ төбеті мен қазақ тазысын әлем жұртшылығының назарына алып шығу бүгінгі қазақ итбегілерінің басты нысаны болып қалуда. Мемлекет тарапынан бұл бағытта қолдау болмағанымен қарсылықтың жоқтығын айтсақ та жеткілікті. Кейінде олар да ұйқысынан оянып, айтарлықтай сома бөліп отыр.

Аға ұрпақ өкілі мұның не екенін білсе керек. Өкіметтің үнсіз қолдауымен өткен ғасырдың алпысыншы жылдарында ит біткенді қырып салғанымыз бар. Ит ауруы қойға жұғады деген догма болды. Бүгінде бәрі басқаша. Ветаринарияның жетілгені соншалық, бүгінде итке қой ауруы жұқпаса, қойға ит ауруы жұға қоймайды. Итпен жұбайлық жағдайда тұратын иісалмастарды бүгінде көз көріп отыр. Тіпті, олардың некеге отырғандары да бар дейді. Енді жыланмен бірге тұратын әуезе шығыпты дейді. Мына жарық дүниеде біраз жүре тұрсақ оны да көретін болармыз.

Ендігі әңгіміміз ит жөнінде... Одан бұрынғы әңгіміміз қасқыр жөнінде болған. Ал қасқыр жүрген жерде иттің жүруі үйреншікті жайт. Оның үстіне жалпы ит жөніндегі бабаларымыз түсінігінен ажырап қалғанбыз. Түсініп отырмын. Бір жиырма бет ит жөнінде не жазды деп отырған боларсыз. Анығы сіз біле бермейтін жайды жазып отырмын. Сіз елемеген, сіз назар аударmаған ұсақ-түйектей болып көрінетін елеусіз нәрселер...

Мал қиының өзін жапа, тезек, томалаққа айыратын бабаларымыз итті қасқырдан қанша алыстатқанымен өзінен ешқашанда алыстатқан емес. Сонда қаншалықты жақын, болмаса алыс? Бірге тумағаны болмаса... Анығы қасқырдан жақын. Қасқырды қалай киелі санаса итті де киелі мақұлық санайды. Ит туралы жаман сөз айтып көріңіз...

- Тәйт эрі, тантымай отыр, - дер еді. Мұны екінің бірі айта қоймас, ал қазақтың кез келген көпей шалы айтады. Екінші рет айтып көр дегендей ызбармен айтады. Мұның өзі көп жайтты ұғындырса керек.

Қазақ түсінігінде Жаратушы итті адам, оның ішінде қазақ үшін жаратқан. Мұндайда «баланың барлығы, иттің көптігі білінбейді» деп айтады. Бабаларымыздың ит жөніндегі діни нанымы да бұл түсініктен алыс жатқан жоқ. Ит жерге жұмақтан келген және жұмағына барады. Соған орай қазақ баласы итті де жерге арулап көмген.

Иттің адам баласына өткен еңбегі көп. Соның ішінде бабаларымыз оның екі қасиетіне ден қойған. Оның бірі - құтқарушылығы. Тағы бірі - асыраушылығы. Осы жерде сәл шегініс жасалық. Кейінгі кездегі әлемдегі табиғи апаттың күрт өсуі итке деген сұраныстың да айтарлықтай өсірді. Осыған орай бүгінде иттің ізшіліне, иісшіліне (ізбақай, иісбақай) сұраныс көптеген елдерде мемлекеттік деңгейде талқылануда. Оларды өсіру үшін арнайы тұқымбақтар ашылуда. Ит баласы қашанда иесін қасқырмен қоңсы қондырмаған. Ит баласы иесінің басына ғана емес, қора-қопсысына, алдына салған малына қарауыл болған. Адамзат баласы ота атаулыны адамнан бұрын оның адал досы итке жасаған. Күні бүгінге дейін солай. Кей елдің құтқарушы қызметінің нышаны ретінде осы ит бейнесі алынған. Талай қаланың қалалық нышанында ит бейнесі жеткілікті. Алғашқы түсінікте ит құдай орнында жүрді. Көне эллада жұрты әлі күнге дейін сол сенімдерінен ажырай қойған жоқ. Ит баласы қашанда аузындағысын иесімен бөліскен. Бұл әсіресе ашаршылық жылдарында білінген. Мүтіл ауылды асыраған иттер аз болмаған. Бұрындары ондай иттер туралы әңгімелер айтылушы еді, бүгінде ұмытылған. Бүгінгі түсінікте итті адам асырап отыр. Бүгінде ит қазақ баласының ермегіне айналған. Қасқырға қарсы салатын иттерін октовенге кіргізіп қойған. Одан тірі шыққан иттер болса санаулы болар. Осының бәрін бозөкпелер істеп жатса кешіріммен қарауға болар, алайда оның да басы-қасында ел ағаларының жүретіні көрініп қалып жүр. Бұрында біреу ит сатты деген әңгіме естілген емес. Қазақ баласы ешқашанда итті тауар деп білген емес. Бүгінде бұл әңгіме желдей есіп тұр. Соған қарамастан мәрт қазақ итті қалай тегін алудың жолын білген. Не қалаған, не бұйымтайшылаған. Мұндайда жөн білетін қазақ баласы дәрменсіз. Жетелетіп қоя береді. Ит жетелеген қазақ осылайша бұрын да білінген. Қарымтасы қалаушының мәрттігіне байланысты. Біреулері мініп келген атынан түскен. Біреулер үйір жылқы айдатқан. Біреулер ішік кигізген. Мұның бәрі қазақ даласында кәдімгідей әңгіме болған. Сондықтан қазақ даласына аттары шыққан ит баласы баршылық. Қазақ дүниетанымында ит сертті мақұлық, иесіне адалдықтың үлгісі. Иесіне ет асса, итіне сүйек тастаған. Бұл оның да қандай жағдай болсын күтімі болды деген сөз. Қазіргідей ит қуған бала болмаған. Қазіргінің баласы иттен қашық жүргісі бар, бұрынғының баласы итке жанай жүрген. Өздерін иттен тудыратын, болмаса өрбітетін жұрт жер бетінде аз емес.

Оларға арнап орнатылған ит мүсіндер де баршылық. Иттің кәдімгідей соғысқа қатысқанын жұрттың бәрі біледі. Ғарышқа да солар иесінен бұрын ұшты. Иттің иесіне деген осы адалдығын адамзат баласы бүгінде оны ит жарықтықтың өзіне қарсы пайдалануда. Өртке де бірінші болып кіретін осы иттер, минаға да ұрынып жататын осы иттер, бір сөзбен айтқанда олар заманымыздың камикадзелері болып тұр. Дегенмен адамзат баласы итке деген құрметін жоғалта қойған жоқ. Ит кеше де босағада отырмаған. Бүгінде иттің орны төр. Ол құрметті адамзат баласының итке орнатқан ескерткішінен көруге болады. Қазақ жерінде де ондай мүсіндер бар. Алайда арнап мүсін соқты дегенді естімедім. Діни нанымда адамзат баласының құрбандыққа қой шалғаны белгілі. Ежелгі түркі жұрты да құрбандық шалып тұрған. Онысы, әрине, қасқыр еді. Құрбандыққа ит те шалынған. Әлі күнге солай. Газ атылып жатса да алдымен ит жүреді, сәулен шығып жатса да ит жіберіледі, жер сілкінсе де қиранды астында ит жүргенін көреміз... Бұл жазбамыз ит жөніндегі танымдық жазба болғандықтан оның биологиялық, болмаса физиологиялық негіздерін ежіктеуге ұмтылмадық.

Ит жөніндегі жалпы түсінігімізді мұнан арман қазақ баласының, оның ішінде бабаларымыздың түсінігімен жалғастырғанымыз жөн болар деп ойлаймын. Ит жарықтықтың мәртебесін бабаларымыз бір-ақ ауыз сөзімен берген. Жеті қазынаның бірі деп!

Қалған эңгіме осы қазынамыз туралы. Қазақ баласының ит туралы қазақы танымы туралы. Сіз қанатты мақұлықаттарды білсеңіз керек. Қанаты бола тұр ұша алмайтынын да жақсы білесіз деп ойлаймын. Олардың қатарын бабаларымыз түйеқұс деп біледі. Не түйе емес, не құс емес...Бұл өз алдына лексем болғанымен бабаларымыз бұл сөзді де кемсіткі сөз ретінде пайдаланғанын байқаймыз. Қанатың бола тұра ұша алмайсың деп тұр. Ал қанаты жоқ сүйген мақұлықатына қанат байлап беріп, онысын пырақ деп барынша көтермелеген. Осы жерде еске ең алдымен жылқы жарықтығымыз түссе керек. Қанатты жылқымыз біздің елтаңбамызда тұр. Қанатты қасқырларды да білсек керек. Қанатты барыстардың сұлбасы да қазір жер-көкті басып кетті.

Қанатты иттер жөнінде бұлай деп айта алмаймыз. Өйткені бізде сол қанатты итке бергісіз, қанатты иттен де жүйрік италақазымыз бар. Өкініштісі сол ұлттық мифологиялық әпсанамыздың табиғатын аша алмай келеміз. Жұрт мұндағы италақазды кәдімгі сары ала қазбен шендестіреді. Ал бұл құстың алып бара жатқан ештеңесі жоқ. Бұл мифологиялық әпсанамызды басқаша өрбітетін жұрттар да бар. Олар қаздың орнына құмайды айтады. Бұл құсты да аспандата қоятындай керемет бір ерекшеліктері жоқтың қасы. Өлексемен қоректенетін отырықшы құстардың бірі. Бұл өзі кәдімгі гриф. Санитар құс. Соған қарамастан

бұл әпсана ел ішінде әлі де айтылып келеді, айтыла да береді және оған соқыр сеніммен сенеді. Бүгінде иттің жүйрігін, ит болғанда тазының жүйрігін осы құмаймен байланыстырып құмай, құмай тазы деп айтушылық белең алуда.

Шын мәнінде ит жүйрігін бабаларымыз ұшар деген. Оның өзінде ұшар деп элгі қанатты бақайларымызды айтады. Ұшар деп ерекшелегенімізбен мұнымыз кәімгі тазы. Оның өзін қазақ итбегілері екіге бөледі. Ойшар деп, өршар деп.

Өршарымыз төсі кіріңкі, құйрығы шұбаңқы келетін тазымыз, бұл жүйрігіміз өрге қарай жүгіреді.

Ойшарымыз төсі шығыңқы, құйрығы сербегінің үстінде шиырылып тұратыны, бұл ұшарымыз ойға қарай жүгіреді. Қара Ертіске құятын Шар деген өзен бар. Қалбатаудың Шары деп жүр. Кешегі үлкендер осы Шарды Ұшар деп ежіктей түсер еді. Қалмақ атауы деп жүрген жұрт та бар. Дұрысы алдыңғысы болса керек.

Ендігі әңгіме бабаларымыздың ит жөніндегі түсінігінен туып, бізді адастырып жүрген әңгіме-әпсаналар туралы.

Ит серті бар мақұлықат. Киіктің серті жол кесу болса, иттің серті ерте ме, кеш пе ата жауымен бетпе бет келу. Ал иттің жауы кәдімгі қасқыр. Кез келген қасқыр итті бұтарлап кете алады. Керісінше итте ондай қауқар болғанымен айбын жоқ. Кейбір иттер қасқыр алғанымен, көбінесе өздері жем болып жатады. Ит әбден қартайғанда да бұл сертінен тая алмайды. Өлерін білген ит өлермен. Ол ұли бастайды. Ата жауын іздейді. Бұрынғыдай бұғып қала алмайды. Жауына жемтік болып кетсе де шайқасып өледі. Иттің жақсы аталатыны, өлімтігін көрсетпейтіні осыдан. Негізінен бұл мәтел жүрексіздерге, қорқақтарға қаратылып айтылады. «Ит жақсысы өлімтігін көрсетпейді» дегенде бабаларымыз осыны айтып отыр. Бұл мақал «Жақсы ит өлімтігін көрсетпейді» деп жарыспалы түрде де айтылып жүр. Ит жеті қазынаның бірі. Жұмақта болатын мақұлықаттың ішінде ит те бар. Құс өзі үшін алады, ит иесі үшін алады. Адам ұстаған мақұлықаттың ішіндегі ең тазасы осы ит деп есептеледі. Шын мәнінде ит нас мақұлықаттың бірі. Қазақ онысын жақтырмайды. Үлкендер жағының бір нәрсеге кейістік білдіргенде «сілекейіңді жақпай отыршы» деп айтатыны сондықтан. Тазының тазасы - әлеке. «Әлекедей жаланған» деп айтса қазақ тазының тазалығын да айтып отыр. Соған орай қазақ баласы тазыны төрге оздырған. Мұнан біздің білеріміз ит иесіне ауру-сырқау әкелмейді екен. Ит ауырғанда иесінен алыстай бастайды. Әлі жеткенше денесін сүйреп барып өледі. Яғни, ит өлген жер деген сөз алыс жер деген сөз. Ит иесінен ұзап барып өлді деген сөз. hақ Тагала мақұлықаттарды Адам Атадан бұрын жаратқан. Жұмақтан Адам Ата hауа Анамызбен, шайтанмен шығып қалған.

Сонда шайтан мақұлықаттарды азғырған. Адам Ата сендерді құртады деп. Сонда бірінші болып ит қапқан екен. Алайда Жәбірейіл періштеден хабар келіп, Адам Ата оны қапса да жылы құшағына алады. Адам Атаның жұпар иісін алған иттер оның жау емес, дос екендігін біледі. Сөйтіп болашақ иелерін қорғап қалады. hақ Тағалла оларды мәңгілікке дос етеді. Ілгеріде иті жоқ түңілікті сөккен жағдай да болған. Үрерге иті жоқ деп кемсіткен, айып қылып бетіне басқан. Бұл қорғансыз қалды, доссыз қалды деген сөз. Бұл сөздің екінші жартысы біріншісімен өзектес. Сығарға биті жоқ дейді. Иттің қызылмен қоректенетіні белгілі. Қызыл деп отырғанымыз ет. Еті жоқ үйге ит жоламайды. Ал қаны аз адамға бит жоламайды.

Тағы да сол телесандыққа жабысып қалғанбыз. Әңгіме ит, оның ішінде тазылар жөнінде болып жатыр. Ойдан, қырдан итбегілер жиналған-ақ екен. Біреуі кейінде ғана қазақ даласында пайда болған Тұйғын тазысы жөнінде баяндауда. Араларында дамай басталды.

- Тазының құс тістеген жүйрігі, - дейді иесі.

- Баяғының шалдары тазының жүйрігін әлеке деуші еді, - деп біреуі әлсіз күңк етті.

- Жүйріктігін қайдан білуге болады? - дейді сауал қоюшы.

- Жаясынан, - дейді иесі.

- Жалды болса тіпті ерен, - деп тағы қоссын.

Енді біз ойланайық. Итте жая болады, жал болады дегенді естіген емеспіз. Шамалауымызша элгі итбегіміз сербекті айтқысы келген болар. Жылқыда жая болса, итте сербек болады. Жалдың да жылқыда болатыны белгілі. Қасқырда да болады. Көкжал, қызылжал, ақжал деп айтатынымыз содан. Ал тазыда жал болуы мүмкін емес. Ит те жеті қазынаның бірі ретінде әлпештелген. Оларға да арнап аяқ шабылған. Ол - итаяқ. Иттің де иті бар. Түлкі шалатын, қасқыр алатын тазылардың орыны бөлек болған. Әсіресе, тазының әлекесі қастерленген. Олар үшін де арнайы аяқ шабылған. Оны тазыаяқ деген. Итаяқ пен тазыаяқтың айырмашылығы жоқ десе де болады. Алайда тазыаяққа да өнер туындысы ретінде қараған. Кейбір аңшылар тазыаяқтарын иттерімен бірге ала жүрген.

Ит жөніндегі тақырыптардан қашып жүрем. Ахаңа - қазақтың Ақселеуіне тиіп кете ме деп. Өйтетінім... Ел ішінде сөз бар. «Ел жаманы - Тарақты, Ит жаманы - барақ-ты» деген... Сөйте тұра жүз жиырма алты қаһанымыз бен hанымыздың тең жартысының есімдерінің Барақ болуы қалай дейсіз? Барақ есімді қазақ батырларының саны да бір жиырмадан асып түседі екен. Сонда Барақ қалай жаман болады? Әйтеуір бір күні Барақка барып тірелетінімізді мен білмедім емес, білдім. Соған орай іш дайындығымды сақайттым. Арғы-бергі білгенімді миқазаныма

түсірдім. Мидан жүйрік ештеңе жоқ ғой. Мың сан жауапты ұстатты. Соның біреуі ғана тура. Соны дөптеймін деп талай таңды көзім бақырайып атырдым.

Әу басқы әңгімеме оралайын. Шардың Ұшар екендігін айтушы Сұқаң - Сүбіхибек ақсақал.

Сүбіқибек Әбдірахимов ақсақал менің көрген адамым, көргені көп, білетіні де айдын шалқар, текті ата ұрпағы. Ол кісінің әкесі Ахмет мұғалім деп ел ішінде әспеттелетін, «Ғалия медресесін тауысқан адам. Аудан орталығынан бір қырық шақырым жерде, Қайрақты деген кеңіште тұрды. Заманында мектеп директоры, поссовет болып істеген адам. Аптасына кем дегенде бір рет қоңырау шалады. Келгін дейді. Жұмыс аяғында барып тұрам. Ол кісі болса ауыл ақсақалдарын көгендеп қойғандай жозы айналдырып отырғызып қояды. Сонан түн ауғанша ауызымыз жабысып, сөз сапырамыз.

Сондай себеппен Сұханнан біраз әңгімесін алып қалдым. Сол сапырыстың ішінде итталау да болды. Ит көрмедім деп айта алмаймын. Көсеу ит бар деген жердің бәріне ерінбестен бардым. Былай қарасаң бейкүнә мақұлықат ғой. Иесін талайтынына еріксіз күмән келтіресің. Бірақ талайды екен. Иесін... Онысы не дейсің еріксіз? Бүгінгі күннің қазағы ойланбастан құтырған тиді деп бір оққа жалынар еді. Ал кешегінің қазағы үйін жығып көше жөнелген. Ит өзі таза болмағанымен тазалықты сүйген. Иттің басты жауы қасқыр. Оның серті - қасқыр. Не атажауын алып өледі, не өзі жем болып кетеді. Итөлім деп осыны айтады. Өлімді өзі іздеп барады. Ит өлімтігін көрсетпейді деп осыдан айтады («Жақсы ит өлімтігін көрсетпейді»). Сонда оның сүйек-саяқтары қайда кетеді? Көміп кетеді. Атажаулары... Бұл әлгі жозы жағалап отырған қайрақтылық шалдардың сөзі.

Итталау да болады дейді. Иесін жүргізбейді дейді. Аяғына оратылып. Үзеңгіге аяқ салса ат алдынан тұрып алып үргеніштейді дейді. Иесі есті болса иттің жаманшылық сезіп тұрғанын сезеді.

- Көш! - деп тұр еді үргеніші. Өйткені ол жер жаманауыздың қабірстаны еді. Ал жаманауыздар ондай қабірстандарына оқтын-оқтын оралып отырады. Бұл иесіне де, өзіне де қауіп. Содан ит иесін талайды. Есті иесі мұндайда есті итіне жүгінеді. Ит қашанда көшті жаманауыздар қорымынан сырт қондырады. Ит көш деп осыны айтады.

Ит жаманының да осы көшке тікелей қатысы бар. Әңгіме барақ жөнінде.

- Бәлі, - дейді Ақселеу ағамыз, - иткөшің жөніндегі әңгімең құлаққа тосаңдау естілгенімен барақ жөніндегі пайымың менен де ілгері кетіпті. Төре болмағанымызбен біздер төреге есеппіз. Төре емеспіз, төреден былай да емеспіз. Сен қаузаған барақты біз де қаузағанбыз. Сол

төреңізге біз де барғанбыз. Сіз қойған сауалды біз де көлденеңдеткеміз. Сондағы айтқандары...

Ит төресі - барақты! Барақ итті жаман қылып отырған тағы өзіміз. Не жақсы болса сол жаман емес пе? Қасқырға қарсы түспеді деп кем үстаймыз. Алайда қасқыр көрсе құйрығын қысатын дүрегейіміз емес ғой. Барағымыз ит болғанымен қасқырға есеп үргенішіміз. Қалған түйінді өзің түйнештей бер. Жаман болғанда Бараққа қасқыр болмадың деп тұр. Біздерге - Тарақтыларға төре болмадың деп тұр... Қасқырға қарсы тұра алатын барағың біздің көшімізді қайтсын. Иесінің күйін күйттемеген соң барақ қайдан жақсы болсын?!.

Бұл әңгіме осыдан бір қырық жылғы бұрынғы әңгіме. Қашанда бір бүйрегімде жүруші еді. Соны айтатын уақыты келген екен. Ит жаманы барақ-ты... Оны жұрт білсе керек! Ит жақсысы - Ақбақайды білеміз бе? Ендігі әңгіме Ақбақай жөнінде...

БАҚАЙ

Бақай!

Бұл сөзді естігенде менің жадымда Ішкөз (Ишкуз) көсемі Ізбақайдың (Ишпакай) есімі жаңғырып тұрады. Тіл мамандары да, этимологтар да, этнографтар да бұл сөздің парсының спака сөзінен алынғанын айтады. Еуропалықтар осы спакадан собаканы шығарып жүр. Бұл сөзге зер салып жүрген агамыз Олжас Сүлейменовтың «Қыш кітабынан» кейін осының өз сөзіміз екеніне ден қоясың. Бұл - бақай деген сөз! Бұл - Ізбақай деген сөз!..

Жіті зер салсақ бақай/спакай/сабака бір сөз және бір мағынада қолданылады. Қайсы кімнен ауысты оны тіл мамандары дәйектей жатыр. Біздің айтайын дегеніміз бабаларымыз сол сәби санасының өзінде-ақ иттің еркек-ұрғашысын ажырата алғандығы. Қазақ дүниетанымы бойынша қалам тербеген өзекті жанның сөз қылуға тұрмайтын кейбір тақырыпты барынша тәпіштеп алатыны бар. Тәпсірлегенде де сондай жайттар алдыңнан өре түрегеледі. Бұған баяншы сөздік қоры таусылып қалған соң, болмаса өресі жетпегендіктен бармайды. Қайта өрелі болғандықтан саналы түрде соған барады. Мұны мәжбүр ежіктеу, мәжбүр қайталау дер едім. Осыдан бір он жыл бұрын қасқыр жөніндегі түсінігіміз ит жөніндегі қазіргі түсінігіміздің деңгейінде болатын. Қазақ жазушылары мен танымшылары бұл тақырыпқа ендеп бара алмады. Себебі белгілі. Қазіргі классик деп ен салған акындарымыз бен жазушыларымыздың шығармаларын аударыстырғанымда соған көзім анық жетті. Ауыздарына не келсе соны соға салады. Бәлкім, өздеріне біліне де бермейтін болар. Ал біз үшін, осы жолда жылдар бойы ізденіп,

тірнектеп жинап ел назарына ұсынатын танымшылар үшін бүтін тоңға түскен жамаудай көрініп тұрар еді. Қазақтың үлкен ақыны Ғабиден Құлахметпен досжар болдық. Оның көрнекі шығармаларының бірі «Үйірі жоқ көкжал» еді. Мен оған қасқырда үйір болмайтынын, әуек болатынын айтқанымда досымның өкінгені. Мұндай мысалды қисапсыз келтіруге болады. Қасқыр жөнінде жазған адамның ит жөнінде жазғанын қош көретініміз бар. Жазары болса, әрине. Жоқ болса жұртты адастырған болып шығады. Сондай жазарманның бірі өзіміз.

Мен кейінгі он шақты жылда қасқыр жөнінде жиырмадан астам үлкенді-кішілі танымдық дүние беріппін. Сол жазбаларымның барлығы да сонылыққа тұнып тұр еді. Ел естімеген атаулар, ел біле қоймайтын қасқырдың өмір сүру дағдысы, қасқырдың мәрттік мінез-құлқының қазаққа орайластығы... - бәрі де соны еді. Сонан сауалнама жүргізейін. Жер бетінен қасқырдың сүйегін көрдіңіз бе деп. Өлген касқырдың сүйегі қайда кетеді деп. Қасқыр қорым көрдіңіз бе деп. Сонда да жетекке жүрмейді-ау...

Сонан өзім жауап берейін. Қасқырдың сүйегі ешқайда да кетпейді деп. Олар да өзіміз сынды, жер қазып, арулап көмеді деп. Олардың өз қабырстаны болады. Сүйектерін көрінген жерге көме бермейді. Олардың да өз қорымдары болады. Соған жерлейді. Және қорымдарына келіп тұрады.

Мұндайда мен нағашым Бітім Көшмағанбетұлын жағалаймын. Менің «Көрлеуітімдегі» Тастың прототипі осы кісі. Білетіні көп. Көңілге түйгендері де аз емес. Мейлінше қарулы адам. Қасқырды жалаңқат алады. Бұл нағашымның да менен қашық жүргісі бар. Өйткені менің сауалымның ұшы-қиыры болмайтын. Он сауал қойсам, кемі екеуіне жауап берер еді. Маған соның өзі жеткілікті. Әкей де ит тірлікке байланғандардың бірі еді. Тура мағынасында.

- Итті білсе қазақ білсін, - деп отыратын әкеміз. Ол кісімен де әңгіміміз жараса бермейтін. Әкеміз көргенін ғана айтуға құлықты еді. Сол мен берген сауалға жауап бере алатын ел адамдарын ретін тауып үйге келтіретін. Осыған орай әкейді қатты сыйладым. Өзі білмесе де білетін жандармен тілдестіріп жүрді. Осыдан кейін қалай жазбай тұрарсың?! Ит жөнінде... Бұл мен ойлағандай оңай шаруа емес екен.

Біздің елде Бақай деген күйші өткен. Ел сол кісіні көшелі күйші деп көтермелейтін. Болса болар деймін, өйткені әкемнің туған бауыры Қасымжан ағатайым ол кісіні алға салып отыратын. Ал ағатайым ел таныған, киноға түсіп жүрген күйші болатын. Ел ол кісіні көтермелегенде бақайымен күй шалған деуші еді. Өзім көрген жоқпын, бірақ екінің бірі айтатын. Соған қарап мен ол кісінің есімін бақай қойған екен ғой деп ойлайтынмын. Есім кіре бұл есімнің жанамалығына ден қойдым. Есі

түзу адам мұндай есім қоймайды ғой деп жобаладым. Жетпісінші жылдары Алматының политіне түсейін. Ауылға келіп мауқым басылды-ау дегенде әкей:

- Кіші ағаға барып кел, - деді. Құсайын деген кісі еді. Ел Жаманның Құсайыны дейді. Менің атамның немере інісі. Бардым. Атам ауылда жоқ еді.

- Бақай іздеп кетті, - деді әжеміз. Менің есіме сарт етіп Бақай күйші оралды. Е-е, күй тыңдауға кеткен екен ғой деп тон пішейін. Сол күні кешке қайтып келдім. Атамды көре алмадым. Қалуға болмады. Ертеңінде жол жүруім керек еді. Болған жайтты сұраған соң әкейге айттым. Әкем реніш танытты.

- Ел бұқа іздеуші еді...- деп.

Сонда бірінші рет естідім. Әкемнің аузынан. Естідім де таңғалдым.

Иттің еркегін бақай дейді екен...

- Бақайдың ағы не, көгі не? - деп шырт түкіріпсін. Сабасына келсін деп ештеңе сұрай қоймадым. Әкейдің ит жөнінде бірнәрсе білетініне шүбә келтіре қоймаймын. Өйткені әкей де қилы ит ұстады. Майбас атамның туған бауыры Таймас атам да ит ұстады. Атамның мақтанышы - Тұйғын деген тазысы еді. Сол Тұйғынмен бала кезде түскен суретім әлі күнге дейін бар. Тұйғын тазы болғанда әлекесі еді. Сондықтан да оның орны қашанда төр болатын. Түйғынды сұраушылар да, қалаушылар да көп болды. Қандай себебі бар екендігін білмедім, білетінім Таймас атам Тұйғынын ешкімге қимады. Жанында Тұйғыны жүргенде салтанаты асып тұрушы еді. Сол Тұйғынымыз атамыз дүниеден өткенде жоғалды да кетті.

- Жылыкөннен көрдік, - деп жүрді біреулер. Жылыкөн деп отырғанымыз менің ата-бабаларымның жатқан корымы... Кейінде әкей қопарылғыш заттар қоймасының меңгерушісі болып істеді. Ол қоймасы кеніштен шалғай жерде болатын. Сол қойманың күзеті әлемет болатын. Сол күзетке ит те жегілген еді. Оларға кәдімгідей жалақы төлейтін. Содан әкей де іздеп жүретін. Іздегенде үргенішін іздейді де... Дегенмен Құсайын әкесін өзі ақтап алып жатар еді:

- Қайтсін енді, бақай іздегенде ағын іздейді де... - деп. Солайынша мен бірінші рет бақайдың не екендігін білдім... Солайынша мен бірінші рет бақай жақсысы ақбақайды білдім... Кейінде барып ізбақайды білдім... Кейінде барып иісбақайды білдім... Кейінде барып есбақайды білдім... Біреу естіген, біреу естімеген атаулар. Әрине, әңгіміміз ит жөнінде. Тазы, төбет, барақ, бөрібасар, дүрегей, барлас жөнінде... Сөз жоқ, ит жеті қазынамыздың бірі! Сол қазынамыздың қадіріне жете алмай отырған жайымыз бар-ау... Жанымыздың жарасына сор болып тиетін шындық-ау... Жадымыздың қысқалығы болмаса талай қиын-

қыстау күндерімізде осы үргеніштің амандығынан аман-есен шыққан жоқпыз ба? Қоян тіреп, милыққа дейін құлаған құлақшын кигізбеді ме? Таңынан түлкіні іліп, шалқайтып алтысай арғын тымақ кигізбеді ме? Қанаты жоқ болса да қияқты құсты іліп, жүрек жалғаттырмады ма? Жарғағы жоқ болса да көлденеңінен балық тістеп, балықсорпа ішкізбеді ме?

Сөйткен итті білсек керек-ті?

Біле қоймадық деп сіз отырсыз-ау... Бұл бауыр тақырып болса да жат тартып қалған екен. Қазақ-орыс тілдеріндегі қағаз бетіне түскен біраз жазбаларды аударыстыруға мәжбүр болдық. Аударыстырдық та жағамызды ұстадық. Тапқанымыз мардымсыз еді. Бәрі есімде қалмаған болар. Бірақ есімде қалғанының өзін өзгелердің жазбаларынан кездестіре алмай пұшайман болайын. Қазақ тіліміз жұтылып барады деп байбалам саламыз. Соған себепші өзіміз бе деп қалам. Түсінікті қылып жеткізуге тырысамыз. Ең оңай сөздерді тауып аламыз. Бұл жағынан ешкімге жеткізе қоймаймыз. Содан тіліміз жұтаң тартып барады. Оның мысалын осы менің жазбамнан көруге болады. Бір ғана ит сөзіне, ит мақұлықтың тірлігіне қатысты қолданыстан шығып қалған жүздеген сөзге жолықтым. Біреуін білсем, біреуін білмедім. Өрем жетпегені де толып жатыр. Сонда да тауым шағылмады. Жылдар бойы жинай бердім. Ең соңында өзім ит болып кете жаздадым... Қазақ тілі жұтылып жатыр деген байбаламға қосылғым жоқ. Бекершілік деп ойлаймын. Өйткені біздің тіліміздің өзі біраз тілдің тілдік қорын сіңіріп үлгерген. Біздің тілімізде аңдаған жанға арап, парсы, түрік тілдерінің іздері сайрап жатыр. Моңғол тілі де солай. Өзге жұрттың тіліндегі біздің де төл сөздеріміз жетерлік. Кезінде қазақтың «кәдімгі Сәбит Мұқановы» моңғол жұртына барған бір сапарынан қазақтың басы бүтін үш жүз сөзін термелеп келіп еді. Қалмақ сөздігін қарастырсақ одан да қазақ сөзі жамырап қоя берер еді. Жақұт тілінде де біраз қазақ сөзі адасып жүр. Біздің тіліміздің сіңіргіштігі сондай тіпті халықаралық терминдердің өзінің алғашқы қалыбын таппай қаламыз. Оң жамбасымызға келгенін аударып ала қоямыз. Ең құрығанда калька қылып... Ал осы итке келгенде көткеншектеп қалады екенбіз. Өз сөзімізді ұмытқанбыз, жадымыздан шығарғанбыз, ал өзге жұрттың сөзін қабылдамағанбыз. Орыс жұртында иттің еркегін кобель, ұрғашысын сука дейді. Осы сөздерді өз тіліміздің іздейік. Жоқ... Тіпті калька аудармасы да жоқ...Сонда қалай болғаны? Орыстың иті мен қазақтың иті екі бөлек болғаны ма? Орыста болғанда қазақ итінің ұрғашысы мен еркегі болмағаны ма? Ит жыртқыштар тобына жатады. Өйткені етпен қоректенеді. Жыртқыштардың еркегін арлан, ұрғашысын қаншық дейді. Осыны итке қаратып айтқанда күмілжіп қаламыз...

Итке қаратып иттің арланы дегенді естімедік. Қаншығын естіп жүрміз. Иттің қаншығы деп айтып та, жазып та жүрміз.

Мына жайтқа да назар аудара кетейікші. Айтып отырған арланымызды еркегі деп жасытатынымыздың себебі неде? Кез келген қазақ баласы ит пен қасқырдың тұқымдас екенін біледі. Сол қасқырдың арланын жал деп, қаншығын шулан деп ажыратып қояды. Жарайды, иттің мәртебесін қасқырдың мәртебесінен төмен-ақ қояйық, алайда өзіміздегі иттің еркек, ұрғашысын ажырата алмайтынымыз қалай? Кешегі Мәшекеңнен бастап Сапуан, Әуезхан, Мұхтар, Қалихан, Дулат, бүгінде көзі тірі, топырағымыз бір Кәмел, Өмір ағаларымның ит жөніндегі жазбаларынан керегімізді таппау себебіміз неде? Әлде біздің иттеріміз средний род па? Еркегі, ұрғашысы болмайтын... Сонымен иттің ұрғашысын не дейді?

- Қаншық, - дейді...
- Ұрғашысы, - дейді...
- Еркегін ше?
- Төбет!..

Ал керек болса... Қасқыр біздің төтеміміз! Керек болса қасқыр біздің ұлттық кодымыз! Ал ит ше? Бабаларымыз олардың да басын кемітпеген. Жеті қазынының біріне балаған. Иттің һарамдығын біле тұрып... Иттің тісі тиген жерді міндетті түрде ойып алып тастаған. Жалап деген оны бабаларымыз. Жалап (жәлеп) деп жүріс алған еркек пен әйел баласын да айтып жатады. Күні кешеге дейін иттен ажырай қойған жоқпыз. Өйткені қызыл көменестер қой санының басын елу миллионға жеткізу міндетін қойды. Соның бағымы, күзеті осы иттің мойнында еді. Сондықтан да әр қойшының қотанынан қой мен бірге он шақты иті қоса өретін. Сол иттерді тұрмыстық қажетіне қарай өсіре білді. Қой бақтырды, төл тасымалдатты, жүгіртті, аң шалдырды, қасқыр талаттырды, үй, қора-қопсы күзеттерді, құс ілдірді... Суретке бергісіз тазы ұстады, тайыншадан кем емес төбет ұстады. Сақұлағын да сұрыптап шығара білді. Оларын үргеніш деп аспандатты. Тазыларын салтанат деп білді. Елде жоқ, жерде жоқ сол тазының сасық иістен ада әлеке тұқымын алып шықты. Онысын төсекке шығармаса да төрге шығарды. Сол тазыларын жүгіртті. Аңға салды, құсқа салды... Оларын елден ерекше қылып барлас деп атады. Барластарының өзі іштей бөлінді. Із алғыштарын ізбақай деді... Иіс алғыштарын иісбақай деді... Естілерін есбақай деді... Осының бәрін білген қазақ баласы иттің ұрғашысы мен еркегіне келгенде неге тосыла береді? Білмеді деп айта алмасақ керек. Білсе ол атаулары қайда? Ел ішінде неге естілмейді? Өткен мыңжылдықтың елуінші жылдарынан бері Қытай, Моңғолия, Ауған, Иран, Түркия, Ресей, Өзбек, Қарақалпақ қазақтары ағылып келіп жатыр. Бәрін қойғанда біз іздеген сөздердің олардың сөздік қорында болмауы қалай?

Ит пен қасқырға қатысты «Итбегі», «Көрлеуіт», «Ақжал», «Нашақор», т.б. көркем туындылар беріппін. Бұлар таза этнографиялық шығармалар еді. Осындағы итбегі сөзі таза өзімнің сөзім. Қазақ сөзжасалымын алға тартып, атбегі, құсбегі... сынды итбегі сөзін қалыптастырдым. Осы шығармам «Жұлдызда» жарық көргенде қазақ сөз өнерінің құрметтісі Нұрмұхан Оразбеков ағамыз қоңырау шалып:

- Сен мына итбегі сөзіңмен қазақ тарихында қалдың, - деп көтермелеп еді. Алғаш Алматыға жұмыс ауыстырып барған соң «Көрлеуітімді» құшақтап «Жұлдыздың» табалдырығын аттайын. Проза бөлімінің меңгерушісі кәдімгі сөз зергеріміз Қалихан Ысқақ ағамыз болатын.

- Не жөнінде? - деп сұрады.

- Ит жөнінде, - деп жөнімді айтып, әңгімемді тастап кеттім. Келер жылы тағы бардым.

- Ит жөнінде ме? - деп сұраған. Басымды изегем. Үшінші жылында да барғам.

- Тағы да ит жөнінде ме? - деген ағамыз... Төртінші рет те баруға оқталғам. Бірақ Қалихан ағам ұзақ сапарға жүріп кеткен еді. Содан бері ол есікті қайтып ашқан емеспін... Енді, міне, тағы да ит жөнінде жазып отырмын. Өзімді-өзім қамшылап отырған жайым бар. Ит жөнінде, нақ осы сарында жазуға һақым бар деп есептедім. Осы жазу барысында әлеуметтік желілерді, атаулы порталдарды ақтарып шықтым. Баяғы сол сусаниншілдік... Өздері дым білмейді, соған қарамастан өзгелерді дым білмейді деп есептейді. Ауыздарына не келсе соны жазады... Мен биолог, болмаса зоолог, болмаса мал дәрігері, болмаса ветеринар, болмаса аңшы, болмаса қойшы емеспін. Ақадырда жер үйде тұрғанымда бір он жыл үйқұлақ ұстағаным бар. Болған, біткені осы. Кейінде екі үлкен мақала жаздым. Біреуі наурызкөже туралы. Екіншісі соғым туралы. Бұл мақалалардың екеуі де кәдімгі қазақ түсінігіндегі ұғымдардан атымен алыс жатқан болатын. Оны көшіріп басушылар аз болмады. Жазуы жазып алып, кәдімгідей ширығып күтіп отырдым. Өйткені осыған дейін соғым деп келгеніміз құр ет болатын. Ал тәуелсіздік алғаннан бергі отыз жыл уақытта наурыз мейрамын үзбей тойлағанымызбен бірде бір рет наурызкөже ішпеген екенбіз. Алайда тырс еткен бір жан болмады... Ал мен болсам менің бетімді аймаңдай қылып тырнар ма екен дегем... Бірақ мен соған дайын едім. Жасыратыны жоқ, ішімді тарттым. Содан ойланайын. Мен білгенді бірде-бір қазақ баласы білмегені ме деп. Әрі-беріден кейін қысылайын... Елдің бәрін «білгіш» деп құстаналап отырып, өзім де солардың қатарына қосылып кеткен жоқпын ба деп. Сол хәлім тағы да басымда тұр. Басқасын айтпағанның өзінде иттің ұрғашысы мен еркегінің атауын менен басқа бірде бір қазақтың білмегені ме, білмесе оның себебі неде? Сонда қалай болғаны?.. Білгіштерге бар-

май-ақ қоялық. Бүгінде екінің бірі этнограф. Шамамыз жеткенше оларды да қарап шықтық. Сол баяғы средний род...

Қазақта амал атаулы баршылық. Солардың бірі ақпанда өтетін - бөрісырғақ. Бөрісырғақта елдің не ойлайтынын білмеймін. Ел бөрі мен бөртеге жабысып жатқанда мен өз ойымнан шошып тұрамын. Иә, бөрісырғақтан мен арланы шүйбөрі, қаншығы бөрте ит баласын көремін. Қасқырдан ит жаралған ба, әлде керісінше ме? Әлде екеуінің де үйығы бір ме? Осы жерде тісімізге мынаны да тістете кетейік. Басқа басқа, Арқа қазақтары да бүгінде иттің жатыры, қасқырдың жатыры деп сөйлейтінді әуезе қылып алған. Сол әуезеден алыс жүрсек болар еді...

Жатыр, сөз жоқ, адамда ғана болады. Жалпақ тілмен айтқанда жатырда бала ғана жатады. Әрі кетсе Маугли жатады... Басқалары?.. Олар да жатады... Бірақ олардың жататын орыны өзгеше аталады. Бабаларымыз соны бір-ақ ауыз сөзбен қайырған. Жатын деп... Маймылдың жатыны, аюдың жатыны, борсықтың жатыны... деп.

Ал қарамалға қаратып үйі дейді. Жылқының үйі дейді. Биенің үйі демейді. Түйенің үйі дейді. Інгеннің үйі демейді.

Бұл да назар аударатын нәрсе. Түлкіге қаратып айтқанда да үйі дейді. Түлкі үйігеді ғой. Бәлкім... Содан барып та үйі дейтін шығар. Қисыны толық келіп түр.

Итке қаратып айтқанда ұйы дейді. Осы ұйы сөзінің түп тамыры ұя деген сөз бе деп қаласың. Жалпы, үй, үйі, ұйы, ұя сөздерінің түп-тамыры біреу болар. Сонымен иттің жатыры ұйы. Қазақ сөз жасамына қарай орайластырсақ ұйы емес, ұйық болуы керек еді.

Ит ұйығады. Қасқыр ше? Ол да ұйығатын болар? Өйткені ит қасқырдан жаралды емес пе?! Қасқырға қаратып қары дейді. Қасқыр қарығады ғой. Уау, бұл қалай болғаны? Ит пен қасқырдың тұқымдастығы қайда қалды? Ит баласы жұпқа бір-ақ рет түсіп жатса ұйығады деген! Басқаша болғанды ылығады дейді! Кейінгі сөзді аса бір жеккөрушілікпен атайды. Мойындайық, мойындамайық, ит қасқырдың көшірмесі. Оның ішінде нашары... Өйткені оның әкесі қасқыр болғанымен, шешесі қасқыр емес. Шүйбөрінің кірігетін жері осы жер. Жалпы, иттің атасы шүйбөрі деп отырған бөріміз қай бөрі? Орыс жұрты оны шакал дейді. Қазіргі қазақ баласы оны шиебөрі деп жүр. Ал Арқа қазақтары оны әлімсақтан шүйбөрі деп келген. Күшігін шүйқұлақ дейді. Салыстырыңыз, қасқырдың күшігін қарақұлақ дейміз. Ал түстіктегі бауырларымыз шағал дейді. Шакал... шағал... Бұлар калька сөздер ме, жоқ әлде екеуі бір сөз бе? Осыған қарап шакалдың орыс сөзі екендігіне еріксіз күмән келтіресің. Сол орысымыз осы сөзді боқауыздарына қолданады. Шакал дейді! Аса бір жеккөрініш сезімімен. Оларды осылайша опасыз санайды. Шынымен солай ма?!

Орыста род ұғымы бар. Бізде де бар. Туыт дейді. Бүгінде қолданыстан шығып қалған. Осы жерде оның тағы бір мағынасын айта кетейік. Бабаларымыз барша мақұлықат баласының салған түйінін туыт деген деп ойлаймын. Бұл кәдімгі эмбрионымыз ғой. Оны бүгінде көрпеш/енді бірде түйін деп жүрміз. Осы туытқа жұғыстырып айтарымыз орыс жұрты қасқырдың арланын волк, қаншығын вольчица, күшігін волчонек дейді. Итке қаратып кобель, сука, щенок дейді. Шүйбөріге қаратып шакал, самка, щенок дейді. Бұған қарап оларда да бірізділіктің жоқтығын көреміз. Шүй сөзі қазақта молшылық ұғымында қолданылады. Және солай түсініледі. Соғым сойғанда семіз болсын демей шүйгін болсын десек басқа себебі жоқ болар. Ал шиебөрі жарықтықта құлақ жағы баршылық. Осыдан барып оның күшігі шүйқұлақ аталып тұрған жоқ па? Олай болған жағдайда шиебөріміз шүйбөрі болып шығады. Олай болса айтып жүрген шиебөріміздің дұрыс атауы шүйбөрі. Түскейдегі бауырларымыз шиебөрі деп те, шүйбөрі деп те айтып жүр. Шүйбөрі қалай дегенде қасқырға жақын. Олар да қасқыр сынды бір-ақ рет жұп құрады. Олар да қоғамдасып өмір сүреді. Олар да қасқырша көбейеді. Олар да шұйқұлақтарын алпыс үш күн көтереді. Бұлардың туыстығы осымен бітеді. Шүйбөрі сүйегі ұсақ болғандықтан өздерінің шамалары жететін қоян, борсық, суыр сынды майда аңдарды азық қылады. Реті келсе итті де тартып кетеді. Шүйбөрінің одан әрі алыстай түсетін жері өлексемен де қоректене беретіні. Мұнан басқа шөп-шаламды, жеміс-жидектерді де азық қылып жүре береді. Ал шүйбөрінің терісі ішікке жарады дегенді естімедік. Тон тіккен деп те ешкім айта қоймайды. Соған қарамастан ертеректе, соғыс жылдарында шүйбөрі терісін де жиыстырып өңдеген екен. Оны не істегендерін кім білсін, ал біздің етікшілер сол шүйбөрі терісінен шитен деген аяқтон, аяқтон болғанда қысқа қонышты етік тіккен екен. Осы жерде бабаларымыздың ит терісінен итен тіккендерін де оқырмандарымыздың есіне сала кетейік. Бұл әлгі сібірліктердің унты етігіне келеді.

Ең бастысы қасқыр шүйбөріге құтын берген! Содан барып ит пайда болған. Кері болуы әсте мүмкін емес. Шуландар тек жалмен ғана жұптасқан! Шүйбөрінің сырт пішініне қарасақ қасқырдан гөрі итке туысатын сынды. Итті жеті қазынамыздың бірі деп шимайлап та, сұққылдап та жүрміз. Қазір итшеріе деген әуезе шықты. Жеті атасынан бері қайырады, жетпіс жеті атасына дейін талдайды. Әйтпесе саудаға шығарған итіңіз өтпейді. Қалай дегенде жаһанда ит саудасы жүріп тұр. Жақсы ит үшін автокөлігінен түскендер, басындағы баспаналарын сыйлаған делқұлылар туралы аңызда қисап жоқ. Иттің бүгінгі мәртебесі - тауар!

Сондықтан да ит саудасы бүгін-ертең тоқтап қалмайды. Ит саудасы бұрыннан бар. Қазақ байлары заманында жақсы ит үшін үйірлеп айтұяқ

айдатқан. Бірақ қазақтың итсаудасы қазаққа ғана тән сауда. Өйткені қазақ ұғымында ит айтып өткеніміздей жеті қазынаның бірі. Бір кездері иесін ит асырған жылдар болған. Ашаршылық жылдарында дөңгелеген ауылдар орнынан қозғалмаса олардың асыраушысы ит деп білгеніміз жөн. Қазақ ұғымында ит иесі үшін алады.

Қазақ руханиятындағы арғы-бергі жазбада ит табиғаты жөніндегі тұщымды жазбалар некен саяқ, жоқтың қасы. Себеп ол заманда итті қазіргідей жіліктеп отырудың қажеттілігі болмаған сынды. Бәрі білген. Қазір сол білгеніміздің ажырап қалдық. Ит атаулы қойшы-қолаңда қалды. Қалалық жерді қаңғыбас иттер басты. Қазіргі қазақтан сұрап көріңіз, иттің еркегі төбет, ұрғашысы қаншық деп қарап тұрады. Біздің ит жөніндегі түсінігіміздің тарылғанын осыдан-ақ байқауға болар.

Ендігі бірауыз сөз итқұс жөнінде. Қазақта итқұс деген сөздің бары анық. Итке қаратылып айтылғаны да анық... Құсқа қаратылып айтылғаны да анық... Қазақтың сөздік қорында мұндай лексемнің болғанымен оның толық мағынасы ашылмаған. Тіпті, ондай талпыныс жасалмаған да тәрізді. Әрі-бері ақтарыстырған қағаздарымыздан ондай сонар шықпады. Осынау қоссөздің алғашқы және кейінгі сыңарларының мағынасы өз алдына айқын болғанымен бірігіп келіп не мағына беретіні ұмытылған, дұрысы күңгірттенген болса керек. Оның да жөні бар сынды. Өйткені оның айтылу жиілігі өмір сүру салтымызға байланысты сиреген. Сөз жоқ, қазақ баласы итқұс деп қасқырға ғана қаратып айтады. Қисынға салсақ итке қаратып айтпасақ керек-ті. Құсқа қаратып айтпасақ керек-ті. Осы жерде шүйбөріге де қаратылып айтылмай ма деген сауал алдымыздан атойлап шыға келеді... Қасқырды ит деп ұғынсақ ол түсінікті. Өйткені қасқыр ит тұқымдас. Қасқырды құс деп ұғынсақ қалай болады? Амандық-саулықтан соң қыр қазағы «Итқұстан амансыңдар ма?» деп жөн сұрасады. Қазіргі жұрт мұны «Қасқырдан амансыңдар ма?» деп түсінеді. Шынымен, солай ма?

Қазақ әпсанасында италақаз екі жұмыртқа тастайды. Соның бірін құмай, екіншісін тазы басады. Құмайдың басқаны - ит те, тазының басқаны не ит емес, не құс емес. Құмай басқаны - құмайтазы да, тазы басқаны - итқұс. Құмаймен аң қағады. Итқұсқа бөккен дуадақ, саңырауқұр сынды құстарды ілдіреді. Ертеде емдік мақсатта итқұспен кептер де аулаған. Бұған қарап бабаларымыздың құс ілген итті жақтырмағанын көреміз. Өз ісімен шұғылданбады деп иттің басын кемсітетінін байқаймыз. Пәле-жала осындай шатасулардан деп түсінген. «Итқұстан амансыңдар ма?»-ның мағынасы енді түсінікті болар.

Ел арасында тағы бір жаңсақ түсінік жүр. Тазының жүйрігін әлеке деп жазатынды шығарып алыппыз. Арғы-бергі әдебиеттерден басқа мағынасын таппадым. Қалай дәріптесек те итте жағымсыз иіс бар. Сасық

демей-ақ қояйық, күлімсіге келеді. Қалалық жерде ит ұстайтындардың үйінен сондай иіс шығып тұрады. Ол иісті ешқандай әтір иісі баса алмайды. Қазақтың мысықты үйге алып, итті алмау себебі осы. Басты себебі. Дегенмен керісінше де болып жатады. Анау-мынау емес... төрде жатады. Оның өзінде тазысы. Әлгі Тұйғынды Таймас атам «Әлекең» деп отырушы еді. Алғашқыда адам аты деп ойлайтынмын. Кейіндеу білсем біздің Тұйғынымыз тазының әлекесі екен. Иттегі сасық иісі тері безісінен шығады. Сол тері безісінің жетілмейтіні де болады. Ондай жағдайда иттен ит иісі шықпайды. Әлекеміз осы! Иттің тазасы! Тазының тазасы! Мұндай иттің жаланып тұратыны түсінікті. «Әлекедей жаланып» деген сөз содан қалған.

Жоғарыда айтқанымыздай ит жүйрігін ұшар деген. Бұларымыз қанатты иттер. Осы ұшар түсінігінің итқұсқа қатысы жоқ па деген ой да мазалап қояды. «Тілімізде жақсы ит өлімтігін көрсетпейді» деген мақал бар. Осы мақалды күні бүгінге дейін жете тәпсірлемеппіз. Талпыныстар жоқ емес, бар. Өкініштісі аяғына дейін жетпеген. Бұралқы қасқырдың үнемі аш құрсақ жүретіні белгілі. Даланың құзғын-қарғасы жүргенде далада өлексе де жата бермейді. Содан амалы құрыған бұралқы ауылдыториды. Қарауылына тоқты-торымды алады. Алайда ауылдың үргеніштері алдыра қоя ма? Тоқтаусыз үріп аспан астын жаңғыртады гой. Қасқырдың ақылды мақұлықат екеніне бүгінде ешкім де дау айтпайды. Ақыл тұрған жерден айланың да шығатыны белгілі. Бұралқы соңғы айлаға барады. Ит даусына салып үргенішті ауыл сыртына шығарып алады. Шығарып алады да... Төрт башайын қалдырады... Қасқырдың ит болатын жері осы!

Ит тұқымдастардың негізгі ауруы құтырма. Ішек құрылысы ауруы да оларға оңай тиіп жатпайды. Қолдағы иттің аш жүре қоймайтыны белгілі. Кейде ит те иттігіне барады. Әлдеқалай шөжемен ойнаған болып өңештен асырып жібереді. Ит екенсің деп қазақ осындайдан айтады. Бұл жерде арамсың, болмаса адал емессің деп айтып тұрған жоқ, ит екенсің, қасқыр екенсің деп айтып тұр. Сондай ауыл иттерінің күресіннен шықпай қалатыны бар. Тауық, болмаса қаз сойған үйдің күресінінен. Кәнігі итбегілер соның сырын білсе керек. Білгенде қандай! Олар итке арнап құс өсіреді. Болса кептер, болмаса көгершін ұшасы да жарайды! Әсіресе, тазылар кептер етіне өш келеді. Иесі құс етін бермегенде өздері ауыл сыртына шығып кептерге шығады. Құс болып қиқулап, аспандағы кептерді жерге түсіреді. Қалғаны белгілі. Түтесі шыққан қауырсындары қалады... Қасқыр да ит... Ол да қиқулап құс түсіреді... Кептерін де... Көгершінін де... Дуадағын да... Уілдеп... Дулап... Сонымен қасқырымыз... Ит те екен... Құс та екен... Ит жаманы, болмаса ит жақсысы деп сөйлейтін қазақтар болса ғана керек. Мұнан байқайтыны-

мыз салыстырмалы түрде болса да, болмаса өмір сүру дағдысына қарай қолайына жақпаған үргенішін бабаларымыз жіліктеп қойған.

Ел ішінде бір желбуаз әңгіме бар. Ит сырттандары қасқырды алады деген. Сөйтеді де ит сырттандарына бөрібасарды, барақты, боркөзді жатқызады. Мен болсам бұлардың біреуіне де өз тарапымнан ен салмас едім. Өйткені қандай ит болсын қасқырды ала алмайды. Мейлі қасқыр соғарыңыз тайыншадай болсын, мейлі өгіздей болсын. Өйткені табиғатынан асып ешкім де кете алмайды. Жыртқыштардың басты қаруы - тісі. Оның ішінде - азутіс. Қасқырлар бөлтірігін дүниеге әкелгенде тісімен қоса әкеледі. Оның жағы туа түгел! Бірер күннен кейін ол ет жеуге жарайды. Ал иттің күшігі тіссіз туады. Жалпы, тіс жағынан бұлар адам баласына ұқсайды. Бұларда да 42 тіс болады. Бұларда да сүт тіс деген болады. Бұлар да тісейді. Қасқыр баласының жақ күші иттен бірнеше есе күшті болады. Ит қарсы келген жағдайда қасқыр өзінің ақылды екендігін бірден көрсетеді. Тамақтан, болмаса шаптан алып әуре болып жатпайды. Олар иттің бас қаруын - жағын ұсатып жібереді.

АҚАЙ

Арғы-бергі әдебиетті төңкергенде көзімізге оттай басылғаны итақай деген сөз. Уикипидияның өзінде де тұр. Итақай - иттің күшігі дейді... Итақай - иттің ұрғашысы дейді...

Халқымыздың сөз сардары Сәкен Жүніс ағамыз да кейіпкерінің аузына итақайдың иттің ұрғашысы екендігін салады. Басқа жазушыларымыздан да осы сынды пайымды кездестірдік. Мұның өзі біздің жазушыларымыздың шын шеберлігін көрсетпей ме? Әңгіменің, не баянның өн бойында бір мәрте де иттің ұрғашысын, еркегін, күшігін не дейтінін ауыздарына алмайды ғой. Сонымен итақайымыз иттің күшігі ме? Әлде қаншығы ма?

Соқыр түйсігімізге салсақ ұрғашысына кідірген болар едік. Алайда тілімізде «иттің итақайы» деп ұнамсыз мағынада айтылатын сөз тіркесі де бар. Тура мағынасы «кім көрінгенге» саяды. Әрі-беріден соң «басқа шықты» мағынасында қабылдаймыз ғой... Сонда бұл қомсынысымыздың жөні қайсы? Итақайдың жазығы не? Жазығы жоқ емес, бар. Соның бастысы көпжұптылығы. Әу баста қасқырдың, шүйбөрінің және иттің тамырлас екенін түптеген болғанбыз. Енді соны толықтыра түсудің реті келіп тұр. Сөз жоқ, итақай иттің қаншығы, ұрғашысы. Алайда қайсысы? Жоғарыдағы баянымыздан қасқырдың, шүйбөрінің жұптасып көбейетінін білеміз. Көбейгенде жұптасып көбейеді. Ит те жұптасып көбейеді. Ит қыста және көктемде жұптасады.

Бұл жағдайда ақай жұп талғамайды. Оның күшігінің әкесін осыдан кейін дөптеу мүмкін болмай қалады. Ақайдың жұптасудағы мұндай бәтуасыздығына орай оны итақай деген. «Иттің итақайы» кемсіткі сөз осыдан шыққан.

Бұл жерде итақай жалғыз емес, оған қосар итбақайымыз бар. Итбақайымыз да кемсіткі сөз. Құтына ие бола алмайтын бақайды бабаларымыз итбақай деген. Аға ұрпақ білер болар. Сол кісілердің аузынан естіп едім.

- Ақай-бақай болып отырмысыңдар? - дегенді... Махаббат болып отырмысыңдар деген мағынада айтылған сөз ғой. Жақсы болып отырмысыңдар деген сөз.

Сонымен біраз жайттың бетін ашқан сындымыз. Иттің арланын - бақай дейді. Бақайдың ішшілін - ізбақай дейді. Бақайдың иісшілін - иісбақай дейді. Бақайдың естісін - есбақай дейді. Бақайдың жақсысын - ақбақай дейді. Бақайдың жаманын - итбақай дейді. Бақайдың түкке жарамайтындары болады. Олар қараптан қарап тұрып бақанға асылатындары. Оларды бабаларымыз ырбақай деген. Иттің қаншығын - ақай дейді. Ақайдың бақай талғамайтынын - итақай дейді. Сонда айтып отырған ақайымыздың итақайдан қандай айырмашылығы бар деген заңды сауал туады.

Иттің әуелгі жұптасуы қыста (желтоқсан, қаңтар) өтеді. Олардың екінші мәрте жұптасуы жоғарыда айтқанымыздай көктемге (ұлыс) келеді. Жұптасуы деп бұл жерде шартты түрде ғана айтып отырмыз. Бұлар қасқырлар сияқты бір-біріне адал емес жұптар. Сондықтан да оларды итақай деп кемсітіп жатамыз. Олардың ішінде де бір-ақ рет жұптасатындары болады. Бұл көбінесе қыс айында (желтоқсан, қаңтар) өтеді. Олар шынымен қасқырлар сынды жұп құрады. Мұндай жұпқа түскен ит қаншығын ақай деп әспеттейді. Онымен бірге жұпқа түскен бақайды ақбақай деп аспандатады. Құтын бермейтін бұл жұптан бұрынғылар бөрібасарлар күткен. Ілгерідегі қазақ итбегілері бөрінің құтын осы ақайларға құйып алуға тырысқан. Мұндай жағдайда олардың күшігін боркөз (бөрікөз) деп аспандатқан. Мұнан былай да жұптасудың мүмкіндігі бола тұра олар қайтып жұптаспайды. Ақайлар жұбын қыс (желтоқсан, қаңтар) айларында құрады. Олар да күшіктерін қасқыр сынды 63 күн көтереді. Кей тұс 75 күнге дейін кетіп қалады. Кейінгісі итбақайларға қатысты. Тазының аңкөсі осы бақайлар.

Есті қазақ итті екіге бөліп тастайды. Барақ деп. Тықыр деп. Барақтары иттің жүндес келетіндері. Тықырлары жүн-жұрқадан жұрдайлары. Жалпақ жұрт тықыр деп тазыны, барақ деп төбетті ұғынады. Итке жақын жүрген қазақ болса барақ деп бақташыны, тазы деп аңшыны біледі.

ТОҚАЙ

Құртит сөзін естіген боларсыз. Башқұрт туысқандарымыз құртқаны құртит дейді. Құртит деп айтушылық бізде де шінәра кездеседі. Бірақ біздің түсінігімізде құртит құртқа емес, иттің күшігі. Кішкене ит мағынасында жұмсалады. Құртит деп біздегі татарлар қанденнің күшігін біледі. Шын мәнінде иттің күшігін тоқай дейді. Бұлай деп айтушылық татар жұртында әлі күнге бар.

Шегелеп тұрып айтайық, иттің күшігін - тоқай дейді. Тіліміздегі «ақай-тоқайы шықты», «ақай-тоқайын шығарды» сөз тіркесіндегі ақайымыз бен тоқайымыз осы. Ит шіркіннің жылына екі рет жұптасатынын жаздық. Қысында жұптасқаннан туған күшікті қыскүшік, жазында туған күшікті жазкүшік дейді. Ел ішінде қыскүшікті ақкүшік, жазкүшікті көккүшік деп айтушалық та бар. Негізінен қыскүшікті көпек дейді. Тұрмағанбет ақынның «Ит пен сүйек хикаясындағы» көпегіміз осы. Сондай-ак ел ішінде көккүшікті боқай деп айтушылықты кездестірдік. Мұның бәрі нені көрсетеді? Мұнымыз иттану әліппесі емес. Нағыз иттану ғылымының негізгі түсініктерінің қазақ тілінде болуы бізді көп жайтқа жетелесе керек. Осы қасқыртану мен иттануға қатысты түсініктер бойынша бабаларымыздың басқа түркі жұртының бәрінен де шоқтықты болғанын көреміз. Біздің иттану қорындағы басқа жұрт сөздерінің орныгуы да ойландырса керек. Бұл сөздік қорымызда басқа жұртта кездесе қоймайтын жүзден астам лексем болса, соның негізгі айналыста жүретіні бес-алты-ақ сөз екен. Қалғандары айтып отырған сөздеріміздің түрлемесі. Иттануға қатысты қазақ сөздерінің қисынының да тіректі екендігін бірден аңдауға болады. Бұл қалай, мұнысы қалай дейтіндей бір-бірімен байланыссыз сөздер емес. Бабаларымыздың қасқыртану мен иттануда сөздік қатарының болуының өзі ұлт интеллектін көрсетсе керек.

Тоқай сөзін естіген бетте екі сөз найзағай отындай жылт береді. Оның бірі - тоғай сөзі. Екіншісі, әрине, ноқай сөзі. Қыр қазағы ренжігенде «ноқай екенсің» деп жатады. Мұның түп-тура мағынасы «ит екенсің» деген сөз. Ауыспалы мағынасы иттігіңді істедің деген сөз. Ноқай деп моңғол ағайындар итті айтады. Осы жерде санаңды жаныңа жақын тағы бір сөз осып өтеді. Ол -Ноғай сөзі. Осы қазақ баласына бауыр ноғай сөзін ноқайға қимайсың. Алайда шындықтың бетіне тура қарағаннан басқа жол болмаса керек. Мұның өзі ит культінің қазақ даласында кейінге дейін дәуірлеп тұрғандығын көрсететін мысалдардың бірі деп қабылдаған жөн. Ұнатайық, ұнатпайық ноғай деген сөзіміз ноқай деген сөз. Екеуінің түбірі бір. Мұнан қашудың жөні жоқ. Итті де түркі жұрты қасқырдың жанына апармаса да киелі санаған. Ол бүгінгі

біздің түсінікте жаман, нашар сөз болып тұр. Бұрынғы заманда онымыз қастерлі сөздің бірегейі болатын. Оның тағы бір мысалын өзгеден іздемей-ақ өзіміздің табуымызға болады. Ол - адай омонимі. Бұл да тура мағынасында ит деген сөз. Бұл сөз хакас бауырларымызда қалыпты. Ит хакас тілінде адай деп аталады. Түрік жұртында итті боқай деп те айтушылық бар екен. Мұны ноқайдың вариациясы дегеннен гөрі бақаймен төркіндес деген жөн сияқты.

Осы тоқай атауына байланысты тағы бір архетипті алып шығуымызға тура келеді... Ол тоғай сөзі. Тоқай сөзімен түбірі бір сөз. Қазақ сөз танымшылары, қазақ діл танымшылары осы тоғай сөзімен барақ сөзін байланыстырады. Жай ғана байланыстырып қоймайды. Даму динамикасын да ұсынады. Ол динамика бойынша барақ қалың, сабалақ, ұйысқан деген мағына береді. Қазіргі қолданып жүрген тоғай сөзіміз де осы мағынада айтылады және түсініледі.

Мен өмірімде қазақтың Ақселеуімен көп араластым. Ақаң кәдімгідей менімен санасатын. Ақаңның ит жөніндегі түсінігі менен асты деп айта алмаймын. Алайда ит жөніндегі жалпы түсінігіміз бір арнаға тоқайласып, бір арнадан шығып жататын. Әкем Әкімжан жөн білетін қазақтың бірі еді. Мені көрген Оралхан Бөкей ағам мұның әкесі қандай екен деді ме ауылдан алдырып, түнді түнге ұрып әңгіме соққандары бар. Ахаңның да біздің әкеймен жүздескісі бар-ды. Алайда тағдыр бәрін басқаша шешті. Менің справочнигім сол кісі болатын. Бәрін алып қала алдым деп айта алмаймын. Алайда сол алып қалғанымның өзін ешбір оқулықтан, ешбір жазбадан кездестіре алмағаныма пұшайман болатыным рас. Сондай жағдайда құтқарушым болып Ахаң жетер еді.

- Сен Ақтоғай жөнінде Марғұланның не айтқанын білесің бе? Мен үндемедім. Тоқай-тоғайды біліп тұрмын. Неге ақ?

- Біліп жүргін. Жалқы туған тоқайды ақтоқай деген... Кейінде барып ақтоғай деп айтушылық шыққан...

* * *

Ит жөніндегі танымдық жазбамыз қысқаша қайырғанда осындай болды. Аңдаған жұрт бізде ит жөніндегі түсініктердің қоюлығына марқаяр еді. Қазақта бар бұл түсініктерді басқа жұрттардан табу мүмкін де емес. Осы жерде оның басты себебі не деген сауал туындайды.

Қазақ баласы иттің екі-ақ түрін әлпештеді. Оның бірі - төбет! Екіншісі - тазы! Бұл екеуі барда қазақ баласының есебі түгел болатын.

Қазақтың ит культі елде жоқ культ! Бұл культ бойынша иттің де ұлттық белгісінің сілемін көреміз... Жай ғана төбет демейді қазақы төбет дейді... Жай ғана тазы демейді қазақы тазы дейді...

* * *

Сонымен ит жөніндегі «ликбезіміздің» де аяғынан шықтық-ау дейміз. Одан әрі езе берсек жазып отырған біздің бағамыз кемір еді. Оқып отырған оқырманымның құрметі кемір еді. Алайда бір нәрсені анық білдік.

Ит жұптасып та көбейеді, жұптаспай да көбейе береді.

Асылы алдыңғысы.. Оларды Ақбақай, Ақай, Тоқай дейді...

Жасығы кейінгісі... Оларды Итбақай, Итақай, Ырбақай дейді...

БҰЛ ЖАЗБАМЫЗДЫҢ ТҰЗДЫҒЫ

Қазір иіс алғыш иттерге деген сұраныс әлемет. Әсіресе есірткіні табуға салатын иттердің бағасы айтарлықтай. Ондай иттерді әуелі өздерін нашаға үйретеді. Соңынан тәуелді қылады. Мұндай нашақор иттер есірткіні жазбай табады.

Үшінші жазба
АҒАРҒАН

ҚАЗАҚ ВАКЦИНАСЫ

Қой бағыңдар, өйткені береке сонда.
Қасиетті хадистен

Семіздікті қой ғана көтереді.
Қазақ мақал-мәтелінен

Жақында ғана ФАО-ның (БҰҰ-ның азық-түліктік ауыл шаруашылығы ұйымы) жыл сайынғы статистикалық жинағы жарық көрді. Міне, қызық, жер беті халқының саны өскен сайын олардың тұтынатын тағамдық өнімдерінің көлемі де өскен екен. Сонда халық саны өскен сайын азық-түлік жетіспей аштықтан қырыламыз деген Батыстың байбаламының жайына қалғаны ма?! Сөз жоқ, жаһандық экономикалық сілкіністер азық-түліктік өнімнің бағасына айтарлықтай әсер етті. Мұнан тағамдық өнімнің көбеймейтіні белгілі. Сонда қалай болғаны?

Дастарқанымыздан дәстүрлі, үйреншікті, қалыпты тағамдарымыз кете бастады. Жілігі татымайды деп қоян етін талғажу көрмейтін қазақ баласының бүгінде көзі бақырайып тарақан жеп отырғанын көз шалады. Құрт-құмырсқа жеп жүргендер де бар. Мұның бәрі де тұк емес. Мәзірімізге жасанды талшықтар келіп жатыр. Шығыс Азияның, оның

ішінде алып Қытай жұртының жасанды күрішті талғажу етіп отырғаны жасырын емес. Жэне сол жұрт оларын сыртқы нарыққа да ішығарып жатыр. Ендеше біз де сол жасанды күріштен суға күптіріп, палау жеп отырған болармыз. Бәрі мүмкін, мына заманда мүмкін еместің өзі мүмкін... Дэл сол қысық көз көршіміздің сыртқа ет шығаратынын білсек керек. Есесіне олар сырттан қой етін миллион тонналап тасымалдайды. Бұл да бізге ештеңе ұғындырмай ма?

Қазір жаһан жұрты өз алдына тыныш жатқан қазақ жұртына өздігінен соқтыға бастады. Сонда не дейді? Жерің неге бос жатыр дейді? Толтыр дейді сол бос жатқан жерлеріңді. Адамыңа толтыр деп айтпайды. Қойға, тауыққа, қоянға, шошқаға... толтыр дейді. Өзің жемейді екенсің біз жейміз дейді. Асыра бізді дейді. Асырай алмайды екенсің, эрі қарай сырғы дейді... Бөлісейік дейді... Нені?

Міне, бұл сауалдардың сауалы болса керек!..

* * *

Жер бетіне шынымен демографиялық дағдарыс келгені ме?

Бұл үлкен тақырып...

Қолдан келгенше биологиялық, физиологиялық ықпал жасап жатыр. Ол тек адам баласының өсу қарқынын тежеп отыр. Бұл шетін мәселені саясатпен реттеу әрекеті де ешкімді қанағаттандырып отырған жоқ. Өйткені эр мемлекеттің демографиялық саясаты эр түрлі. Біреулері шектеуді қаласа, енді біреулері көбейуді қалайды. Алаң жұртта табиғат бэрін өзі реттейді деген де концепция бар. Сондағы алаңдары жер анамыз қанша жанды асырай алады деген сауал. Табиғатқа етене жақын дала баласының бұл сауалға берер жауабы қашанда дайын. Мал бағып қана қоймай жан да баққан бабаларымыз мұны баяғыда айтып кеткен. Әр бала өзінің несібесімен туады деп.

Бабаларымыз ұрпақ сүюді бэрінен де жоғары қойған. Содан жалғыз баланы санатқа қоспаған, екі баланы жартыкеш бала деп білген. Үш баланы ғана бала деп есепке алган. Көзі жұмыларда ұрпағына «бір қозы артық туса шөп басы айыр шығады» деп өсиет айтқан. Әр жағы түсінікті.

Сонда қазақтың несібелі баласы қандай бала?! Әрине, еншілі бала. Енші алып, отауын бөлек тіккен, алдына төрт түліктен төл салған бала.

* * *

Еттен ажырамаған жұртпыз. Еттен ажыраған күні жұрт жаңартуымызға тура келеді. Өйткені қазақтың сайын даласында ет жемей өмір сүру мүмкін емес. Оның ішінде қойдың етін, жылқының етін... Ал еттің қуаттылығы белгілі.

Өткен ғасырдың алпысыншы жылдары жер бетінің эрбір тұрғыны 2200 ккал қуатын тұтынған екен. 2009 жылы 2800 ккал-ға жеткен. Бүгінде еуропалықтар күніне 3370 ккал тұтынады екен. Бұл ең жоғарғы көрсеткіш.

Ет жеуден алдамыз. Нансоғар да өзіміз. Майды толғап жұтатын қазақ баласы бүгінде бананды да теріс көрмейді. Осыдан кейін-ак казақ баласының қанша калорий тұтантын есептей беруге болады. Қазір әлемде 852 миллион адам аштық жағдайында өмір сүріп жатыр дейді элгі дерек көзі. Жер бетінің халкы эні-міне жеті миллиардты құрайды деп отырмыз. Бүгінде 2,3 миллиард тонна дэнді дақыл өндіреді екенбіз. Соның бір миллиардын өзіміз тұтынамыз, 750 миллион тоннасы малды азықтандыруға кетеді екен. Қалғаны өнеркәсіп секторына барып құйылады дейді немесе іріп-шіритін көрінеді. Қалай дегенде мал басының өсімі бар. Бұл өсімді сақтау және одан эрі арттыру қазақ даласының жемазық базасының әлеуеттігіне байланысты. Сондықтан егістік алқапты диверсификациялау қолға алына басталды. Әзірге нәтиже мардымсыз.

Бірақ эйтеуір жоқтан бар... Олай болса малды алыс жайылымдарда семіртуге тура келеді. Оған үмтылып отырған ешкім жоқ. Себебі шалғай жатқан жайылымдарда су көзі жоқ, электр де жоқ. Олай болса фермерлерді ынталандыру керек болады. Оның тетіктері қандай болмақ? Әрине, құдықтарды қалпына келтіру. Қарағандымызды мысалға алайық. Қазіргі уақытта облысымыз бойынша 2,5 мың құдық бар екен. Соның жартысынан көбі жарамсыз жағдайға келген. Оларды қатарға қайтып қосу айтарлықтай қаражатты талап етеді. Облысымыздың шалғай жатқан 1402 мал шаруашылығы нүктесі бар екен. Соның 16,5 пайызы ғана электрленген.

* * *

Қой түлігіне барша жұрттың таласы бар. Қой түлігі барша құрылықта бағылып, қағылады.

Адам баласының эу басқы мамандығы осы қой бағу - қойшылық болған. Діни әпсаналардың барлығында пайғамбарларымыз қой бақкан. Бүгінгі жұрт қой бағуға арланады. Кешегі жұрт онысын мақтаныш тұтатын. Тіпті, совет өкіметі де қой жарықтыққа дұрыс қарады. Қой етін қазанынан түсірмеді, қойшыларын қызыл Кремльге жинаудан таймады. Оларды барынша әспеттеді. Еңбектің Алтын Жұлдызын солардың кеуделеріне тақты. Съездер сарайында да солар отырды. Бүгінде қой бағып отырған қазақ баршылық. Бірақ оларды қойшы деп отырған жанды көрмедік. Фермер дейді оларды. Ең жаманы жұрт қатарына қоспайды. Қойшы деп кемсітеді. Фермер деген олардың жаңа атауы да

ұшпаққа шығарып отырған жоқ. Кешегі құрметтің бірі де жоқ бүгінде. Қазақтың да өз Алтын Жүлдызы бар. Бірақ сонымыздың бірі де қойшыларымызға бұйырмай тұр.

Кешегі өкімет қазақтікі болды деп айта алмаймыз. Бүгінгі өкіметіміз де сол саясаттың сойылын соғып отыр. Қызыл өкімет қой өсіріңдер деп сұңқылдап еді. Бүгінгі өкіметіміз екі сиыр өсір деген сұңқылынан таймай тұр.

Екеуін де түсінуге болады.

Біріншісі қызылын қазақ арқылы айырды. Мәскеуді қызылмен нақ осы біздің Қарағандымыз қамтамасыз етіп отырды. Оның өзінде марқа етімен.

- Күніне төрт самолет ұшады, - деп мақтанушы едік. Сөйтсек себебі жогарыдағыдай екен ғой... Қызыл өкімет солайынша тұра береміз деп есептеді. Сондықтан қазақ баласы алдына қойдың санын елу миллионға жеткізу міндетін қойды. Сол қазақ баласы алдындағы бағымынан өздігінен бір қой да соя алмады. Бұйырса сол ақсақ-тоқсағы бұйырды. Бұйырса кэрі-құртаңы бұйырды. Қазақ баласына қалай қой бақтыруды білген қызыл өкімет сол қазақ баласына қалай кэрі-құртаңды жегізуді де білді. «Қауыс, кэрі-құртаңдарды тауыс» деп жінікті қызылдың қазақ жандайшаптары. Түсінесіз бе, бұл теңізшінің мұхитта тұрып шөлін баса алмай тұрғанымен бірдей жайт ғой! Қызыл өкіметтей де бола алмадық ғой деп өкініп жатады аға ұрпағымыз. Қазақ баласын жарылқамаған өкіметке несіне итінетінімізді түсінбеймін. Қазіргі өкіметіміз де сол өкімет.

Екіншісін де түсінуге болады. Совет өкіметінің елу миллионға жеткізем деген малын тауысып алып, енді не істерін білмей отырған жайы бар. Осыған дейін өзгеге ет жегізіп келген қазақ енді өзге жұрттың етін талғажуда. Сонау мұхит асып ет келуде. Ол еттің су татитынын біле ме екен біздің өкімет?!

Кім қалай десін, олай десін, қазақты осы күнге дейін асырап келген түлігі - нақ осы қойы.

* * *

Қой - қазақ баласының дастарқаны. Қазақ баласының дастарқаны әсіре басымшылықта қой өнімдерінен тұрды.

* * *

Қой - қазақ баласының тоны. Қазақтың бар тоны осы қой терісі мен жүнінен тұрды.

* * *

Қой - қазақ баласының дәріханасы. Өйткені қой баласы шөптің үш жүзге тарта түрімен қоректенеді!

* * *

Қазақтың «шөп жемейтін мал болмайды» деп айтатыны бар. Сол малы осы - қой жарықтық. Қазақ баласының баспанасы болмаса да мал ұстамайтыны, оның ішінде қой өсірмейтіні болмайтын. Алдына бес-алты ұсағы жоқ үйге жан түспейтін. Ал бұл қорлықтың үлкені болатын. Қонақ түспеген үй ол кезде молаға саналатын.

Қазақ қой өсіруді білді. Қандай ет жеу керектігін де білді. Қой етін жеуге қатты қарады. Қазақшылықпен қарады. Өйткені қазақ баласы қой етін дәрі-дәрмек ретінде пайдаланды. Қой етінің жазбайтын сырқаты қалмайтын.

Бір сөзбен айтқанда қой - қазақ баласының дәріханасы еді. Олай болса қой баласына деген құрметімізді қайтып түзейік. Біздің қойға деген құрметіміз аргонавтардың құрметінен бір де кем болмауы керек. Олар қой жүнін алтынға балаған. Орыстың өзі оған ден қойған. Золотое руно деп.

* * *

Ал біздің қойдан жеріген жайымыз бар. Неге? Мәскеу шіркін қазақты қойдан ажыратудың жолын өмір бақи қарастырып келген. Қойға қатысты атаулардың бәріне кемсіткі сөздерді (атауларды) пайдаланған. Баран дегенде соншама бір жиіркеніштікпен айтар еді. Осыдан барып қазақ баласы қой қораны айналып өтуге мәжбүр болған. Осыдан барып қой етін жеуден тартыншақтаған. Бүгінде әлем жұртшылығы қой етіне біржолата ден қойған. Оны экологиялық таза өнім деп сараптама жасап қойды.

Қазақ баласы қой өнімінің ысырабына жол бермеген. Ащы шегіне дейін пайдаланған. Құрығанда онысынан ащы қуырдақ жасаған. Расында да қой түлігін ұлттық кодымыз дейтін болсақ оның да ұлттық рәмізіміздің төрінен өз орынын алуға құқылы. Қазіргі жағдайда жылқымыз қалай әспеттеліп отырса, қойға да сондай мәртебе беруіміз керек. Әлде бізде қойға байланысты төменшектік пиғыл қалып қойған ба? Қойымызды байрағымызға шығарайық дейтін жан табылмай отыр. Ағылшындар бізге өнеге бола алмайды ма? Олар қой жарықтықты төбелеріне шығарып отыр ғой. Жасыл құрылықтың тіршілігі тек қоймен

ғана байланысты... Біздің де тіршілігіміз осыған ұқсас... Ендеше қазақ қойының қанатты тұлпардың - пырақтың жанынан өз орынын алуға тиіс деп білеміз... Қазақ баласы қанатты қойды да білсе керек. Оны бабаларымыз әспеттеп келепан деген.

***

Бата жағынан келгенде қазақ баласының алдына түсе қояр жұрт бар ма екен?! Назар аударған, құлақ қойған жан болса бата ішінде міндетті түрде бір тілектің басқасынан гөрі жиі аталатынын аңдар еді. Қыс дастарқанда да, жаз дастарқанда да сол тілекті естір едік. Тіпті күнде естиміз, тіпті дастарқан жайылған сайын сол тілекті естиміз десек артық айтқандығымыз емес. Алақанын алдына алған қариямыз ең соңында:

- Ақ мол болсын! - деп батасын қайырып, бетін сипар еді. Құлағымыздың үйреніп кеткендігі соншама, оның астарында не жатқанына ой жүгірте бермейміз.

Ақ сөзі қазақ баласының ұғымында сүт деген сөз. Ауыл көрген баланың санасында мұндай сәтте сиыр, сиыр болғанда сиыр сүті тұрар еді. Көпшілігіміз де осы сыңайда ойлаймыз, жайдақ ойда боламыз. Төрт түліктің бәрінде де сүт бола түра неге олай ойлайтынымызды өзіміз де түсіндіре алмаймыз.

Сол ағымызды ағарған деп те айтушылық бар. Мұнан ақ сөзі мағынасының онша өзгере қоймағанын аңдаймыз. Дегенмен ақ және ағарған сөздерінің екі мағыналы сөздер екендігін ішкі түйсікпен ажырата алар жайдамыз. Ағы сиыр сүті болса, ағарғаны жылқы сүті. Баршамыз солай ойлаймыз. Алдына мал салған қазақ баласы онысын ешқашанда қақтап саумаған. Онысы да болған. Малын пұлдағанда. Ондағысы ырысымыз осы үйдің босағасында қалсын, басқа үйге кетіп қалмасын деген наным-түсінігінен.

Қазақ баласының күнделікті, жыл мезгілін талғамай тұтынатын өнімі осы ағы, осы ағарғаны. Оны ас, тағам деп емес, дәрі-дәрмек ретінде пайдаланған. Оның ішінде жылқы жарықтық пен қой жарықтықтың сүті ерекше сұранысқа ие болған. Оларды қазақ баласы ағарған деген.

Басқа жақты біле қоймаймын, алайда Арқа жұрты мұны білсе керек. Өйткені Арқада қыс алты ай жатады. Өйткені жалаңбұт кәуірлермен бірге Арқаға өндіріс ошактары ерте келді. Ол өзімен бірге түрлі ауру-сырқауларды арқалай келді. Олардың өз емдері болды. Оның бастысы - самогондары еді. Оның ішінде әспеттісі - перуаштары болатын. Ал оның қазақ сахарасындағы жалғыз емі - ағарғаны болатын. Әсіресе, өкпе-тыныс ауруларының мың да бір емі деп осы ағарған есептелді. Соған орай қазақ ауылының қысыр саумаганы болмаған.

Есті ауыл ешқашан ағарғанын үзбеген. Осы сәт құлағыңыз елең ете қалған болар. Өйткені сіз бұл сөзді жиі де болмаса естіп қалып жүресіз.

- Ағарғанын үзіп алма! - деп тапсырып жатады үлкендер жағы. Бұл сырқаулы жаны бар отбасындағы әңгіменің ауаны. Осы жерде есіңізге еріксіз орыс руханиятының алыптары Толстой мен Пушкиндер оралады. Өйткені оларда өкпе сырқаты болған және оларынан қазақ сахарасына келіп, қымыз ішіп біржолата айыққан. Көзіміз көрмесе де сенеміз. Өйткені өкпесін алдырған кыр баласы қашанда аулақтан үй тігіп, ағарған ішкен. Ағарған ішті деген сөз қымыз ішті деген сөз. Былтырдан бастап осы ағарған сөзінің мағынасы кеңи түсті. Бүгінде ағарған десеңіз қазақ баласы қымызды емес, саумалды алға тартады. Оның шіреті одақ кезіндегі үнді шайынының шіретінен бір де кем емес еді.. Оның шіреті тоқсаныншы жылдардағы арақ-шарап дүкендердің шіретінен бір де кем емес еді. Керек десеңіз жасымыз бар, жасамысымыз бар соғыс жылдарындағыдай нан кезегінде түрған аға толқын өкілдеріндей таң атпастен аяғымызды алып шіретте түрдық. Жэне сол жерде жылы күйінде соңғы тамшысына дейін ішуге ұмтылдық. Тіпті, сол желбауда қонып қалушылар қарасы да аз болмады.

Басқа жүрт ала алмаған ковид індетін қазақ баласы осылай алған.

* * *

Шәй, шәй қойым, шәй қойым... Шәй-шәйлап қой қайырған ауыл баласы өзінің не айтып отырғанына ой жүгіртті ме екен осы?! Таяқ ұстаған қазақ қой семірді демейді, шәйлады дейді. Ауызекі тілде семірді деп айтушылық бар. Осы жерде шәйлау мен семірудің екі мағыналы сөз екендігін де айта кетелік. Қой майын құйрығына жинағанда шәйлады дейді, майын етіне (қабырғасына/сүбесіне) жинағанда семірді дейді.

Бабаларымыз қойдың тегене құйрығын әспеттеген. Оның да жөні бар. Тегенеқұйрық қойлар семіздікті көтере алмай жатып қалады. Ит сияқты шөкесінен тұрып, қозғала алмайды. Міне, осы тұста тырс-тырс етіп қой құйрығы терісінен жарылады. Шып-шып етіп май көрінеді. Құйрығынан жарылған мұндай қойлар қазақ баласының жеңсік асы. Қазақтың қой құйрығын шыжғыратын тұсы осы тұс. Онымен адам денесін сылаған. Қазақ сыныкшылары үгітіліген сүйек сыныктарын жинағанда осы қой майын пайдаланған. Сондай-ақ қой сүйегімен адам сүйегін осы кезде алмастырған. Өйткені қой сүйегі осы тұста майы жегендіктен кішірейеді. Адам ағзасына салғанда ол қайтып бұрынғы көлеміне ұмтылады. Мұндай май шық етіп жүрекке тимейді. Оны шикідей де жей береді. Қазақтың толғамай жұтатын майы осы. Қандайда бір себеппен омыраудан ажырап қалған жас баланы осы маймен торалтқан. Оны бі-

лемдеп турап алып, шикідей сорғызған. Онда ең бастысы холестерин болмайды. Ата-бабаларымыз қой етін сойысымен тұтас асуға асыққан. Себебі түн асқан қой етінде холестерин жинала бастайды. Марқаларда холестерин атымен болмайды. Бұл медицинада әбден дәлелденген айғақ нәрсе. Бүгінде еуропалық стандарт деген шықты. Бұл стандарт бойынша олар төрт айлық қой (марқа) етін тұтынады. Әдетте жемтігін тамақтан алатын қасқыр қойға келгенде ауызды құйрыққа салады. Құйрығы жырым-жырым қойлар көрсек оның осындай себебі бар. Ертеде жау шапқанда ұран отын жаққан. Сол от түн ішінде бәленбай шақырымнан көрініп тұрған. Сол ұран отының тамызығы осы қой құйрығы екен. Тамызытқы құйрық ешқандай жауын-шашынға сөнбейді дейді.

Сол жаугершілік заманда Арқа қазақтары Алатауға араға күн салмай барған дейді. Бетпақдаланы басып өтіп. Ал Бетпақдалада су жоқ екені белгілі. Сол шөлден өткен орыс әскерлері алты күн дегенде эзер жетіпті. Себебі сол құйрықта. Шөлдеген атқа қой құйрығын жегізген. Құйрық қорытылғанда орасан зор су бөлген.

Ендеше қазақ баласы қойды тегін шәй-шәйламайды екен.

* * *

Діни тәмсіл бойынша адам жаратылысында қойға деген мұқтаждық болмаған. Ол мұқтаждық көктен келген. Діни аңызатта қой Көктен түскен дейді. Қалғаны жерден (топырақтан) жаралған. Мәселен, түйе сордан, жылқы желден, сиыр судан, ешкі тастан жаралған дейді. Қойға келгенде бейіштен жаралған дейді. Тағы да сол діни қағидат бойынша бейіштен жаралған мақұлықат бірқыдыру. Олардың арасында мысық, жылан, ит бар. Қой да соның ішінде. Демек қой жарықтық басқа түліктерге қарағанда артық жаратылған. Содан да асыл хадисімізде «Қой бағындар, өйткені береке сонда» делінген. Өйткені қой адам баласының құтқарушысы. Кисең киімің, ішсең сауының, жесең қызылың. Ең бастысы жаныңның арашашысы.

Тағы да осы діни әпсаналарымызға жүгінелік. Онда шайтанның кез келген бейнеде көрінетіні айтылады. Екі-ақ жағдайда шайтан басқа бейнеде көріне алмайды екен. Оның бірі кептер болса, екіншісі осы қойымыз. Біріншісі Нұх пайғамбар кемесінде жақсы хабар жаршысы ретінде көрінсе, екіншісі көктен түскен. Исламның ұлық мейрамы Құрбан айт. Құрбандық шалу Ибраһим пайғамбардан бастау алады. Тұңғыш Ысмайыл жеті жасқа толған кезде түс көрген екен. Алла тағала ұлын құрбандыққа шалуды бұйырады. Пайғамбар көктен келген пәрменге бойсұнады. Ұлын құрбандыққа шалайын деп өткір қайралған пышақпен қанша осса да өтпей қойыпты. Алла құлының өзіне адал екендігіне

толық көз жеткізгеннен кейін көктен көк қошқар түсіреді. Атам қазақтың қойдан қошқар дейтіні осыдан. Шынында да содан былай қой жарықтық адам жанының арашашысы болған. Ата-бабаларымыз қаншама жазықты болса да айыпкерге өлім жазасын кеспеген. Кісі өлтіргенге де өлім жазасы болмаған. Өйткені адамның жанын бір Алла ғана алған. Қалғаны соның салдары. Екі жақ татуласқанда қой қандаған. Қанша адам келсе де, қанша адам отырса да ондайда қой сойған.

Адам Атаның сүйікті ұлы Әбіл болған. Сол Әбіл қой баққан. Әбілдің ажалы бауыры Қабылдан болған. Қой мен Әбілдің, Қой мен Адамның бір-бірінен ажырауы осы Әбіл өлімінен кейін болған. Қабыл мәйітті не істерін білмеген. Соны қарға арқылы Алла тағала көрсеткен. Жерле деген. Содан бастап қойдың сүйегі жер бетіне қалып, адамның сүйегі жер астына кететін болған.

Қой бағу бір ғана өзекті пендесінің пешенесіне жазылып қойылмаған. Пайғамбарлардың барлығы да қой баққан. Қойшылық адамзат баласының бірінші мамандығы. Берекенің қой малында екенін білген.

Жылқы етін ай-жылында жеп жатады. Түйе еті де солай. Сиыр етін бабаларымыз аузына да салмаған. Қастерлісі қой еті болған. Бүгінде мүтіл Еуропа қой етіне көшіп жатыр. Өйткені қой еті ешқандай гармонға көнбейді. Бүгінде құс еті жеуге жарамай қалды. Өйткені әйел гармонын сіңіріп біткен. Сиыр еті де солай. Жылқы, түйе етін де кемі үш-төрт гармонмен толтырып қояды. Ал сол гармондарыңыз еркек қуатын жояды. Олай болса қой жегеннің ертеңі бар.

Жадымызда осы болсын.

* * *

Ковидтің басқа жерден шықпай дәл іргеміздің шығуы елімізді абыржытып-ақ тастаған. Содан төрт ай өткенде дабыл қағылды. Өкімет ойбайға басты. Үйден шықпа деп. Аузыңды тұмшала деп. Ковидтен құлақтанып үлгерген жұрт дәріханаға жүгірген. Қас қылғандай ондағы сөрелердің барлығы жылан жалағандай жалаңаш тұрды. Ел шыбындай қырылып жатты. Сол қырғынды тоқтатқан өкімет, болмаса дәрігер емес - қазақтың сол ағарғаны, сол саумалы еді. Өкінішке қарай осындай ауыр сәтте пайда табушылар қарасы да шаң беріп қалды. Дегенмен жұрт есінен адаса қоймады. Есін жиған жұрт енді қалаға ағылды. Ағарғандарын шөлмекке құйып, ауруханалардың алдын бермеді. Қырдан ағарған келіп жатты. Тонналап, шишалап. Міне, қызық, соның бәрі тегін еді. Осыдан кейін қазақтың қазақтан басқа досы жоқ дегенге қалай сенбессіз?! Кейінгі кезде есек сүті деген әуезе шықты. Сырт құлақ естіп отырғаным сондай вакцина шығыпты. Бұл енді тура Батыстың әңгімесі.

Бәлкім, емдік қасиеті болса болар. Алайда біз айтып отырған вакцина бола қояр ма екен.

* * *

Бабаларымыз ай құлақтанса азығын сайлаған, күн құлақтанса күрегін сайлаған. Сайлаған азығының һалалына мән берген. Сол азығының қадірлісі жесе тісіне кіретін, жемесе түсіне кіретін ет болған. Өзімізді жарылқап болғандай сол етпен өзгелерді жарылқаймыз деп жанталасып жатқан және жайымыз бар. Елбасымыз атап көрсеткендей көршілес Ресейдің өзіне 500 мың тонна ет экспорттай алады екенбіз. Келер жылдан 60 мың тонна ет жөнелтеміз деп қызыл танау болып жүгіріп жүрміз.

Отандық және шетелдік ет рыногында басты орынды құс етінің алатыны белгілі. Одан кейінгі орында шошқа еті тұр. Ата-бабаларымыз сасық деп теріс айналған сиыр еті үшінші орында. Оның өзінде сиыр және бұзау еті деп тағы бөлінеді. Қазақтың тісі мен түсіне кіретін қой еті мен жылқы еті одан кейінгі орындарда. Одан кейінгі тұрған бұғы еті мен қоян етіне екінші сұрыпты деп пысқырып та қарамайды.

Қой аталған жерде ойда ешкі тұратыны белгілі. Ешкі етінің қойға қосақталып жүргені бір бұл емес. Алайда бүгінде ресейліктер қой мен ешкіні өз алдына айырып, жеке-жеке сала ретінде дамытып жатыр. Олардың Азық-түлік доктринасында қой мен ешкі етінің өз орыны бар. Ет экспортын бағытқа алған қазақстандықтардың шығарылымында қой етінің де үлесі қомақты болса керек. Өйткені ол қазақ баласының зәузатжадылық, тарихи тағамы болып қалыптасқан. Қазақ баласының күнделікті ішіп-жемінде қой бірінші орында тұрған. Келген қонағына тауық соймаған, әрине. Алты ай қыс болмаса, немесе арнайы мезеттерде болмаса жылқы еті де сойылмаған. Сиырды жоқ-жітіктер ғана қорек еткен. Ілкімдісі, пайдалануға қолайлысы осылайша қой болған. Бабаларымыз қой етін «қартайтпай», жастай жеуге тырысқан. Оларын марқа деп әспеттеген. Және сойған малының етін қазанға тұтастай салған. Қазіргідей ет сақтайтын орын болмағаны да себеп болар, алайда қой етін сойған бетте жеп қоюға тырысуының басқа да себебі бар.

Итқұс ешқашанда қой етін ертеңіне қалдырмаған. Оны жерге де көміп әуре болмаған. Жеп тауыса алмаса тастап кеткен. Марқаның майы жүрекке тимейді. Уыздайын сіңімді болады. Өйткені онда холестерин болмайды. Түн асса-ақ болды онда холестерин жинала бастайды. Түн асатын ондай еттерін әжелеріміз қақтай бастайтын. Қой етіндегі холестерин мөлшері басқа түліктермен салыстырғанда әлдеқайда төмен. Мәселен, мәрмер деп мақтап жүрген сиыр етімен салыстырғанда ондағы

холестерин мөлшері 2,5-4,3 есе аз. Оның үстіне қой еті биологиялық, химиялық, аминоқышқылдық және энергетикалық бағалығы жағынан еттің басқа түрлерінің алдында тұр. Жаңа сойылған етте холестерин болмайтынын табиғаттың өзі дәлелдеп берген. Итқұс қашанда қойды құйрығынан тартқан. Және онысын малжаңдамай қылғыта салған. Қазақтың кешегі мешкейлері еш уақытта құйрық майын малжаңдамаған. Өзіміз көрген кешегі шалдарымыз да май шайнап отырмайтын. Қылғыта салатын. Жұтқа ұшыраған малды торалтуда осы қойдың құйрығы пайдаланылған. Әлдеқандай себептермен сүттен ажыраған балаларын үлкендер нақ осы қойдың құйрығымен торалтқан. Олай болса қой етін жастай жеу керек болады. Қой еті ыдырағанда орасан энергетикалық қуат таратумен қатар орасан мөлшерде су бөліп шығарған. Қазақ ғылымында өзіндік орыны бар атақты ғалым М.Әлімханов қойдың аштыққа ең төзімді түлік екенін дәлелдеп шыққан. Қой өзінің құйрығының майын жеп қоймай, суын ішкен. Ерте заманда бабаларымыз орта жолдағы Бетпақтың шөліне қарамастан Алатауға үш-төрт күнде жетіп баратын болған. Хан Кене осы тәсілді қолданып талай рет патша әскерін қапы қалдырған. Ал оның басты себебі жылқы баласына шөліркегенде қойдың құйрығын жегізген! Қой етінің мұндай бағалылығын табиғатынан іздеген жөн болады. Өйткені ол аяқты мал, өз аяғымен жайылатындықтан ол шөптің сан алуан түрін пайдаланады. Мал мамандары қолдағы малдың шөптің үш-төрт түрін талғажу ететінін, ал қой жарықтықтың кемі 272 түрлі шөпті жейтінін көлденең тартады. Қой тоқ қайырғанда ғана шөптің жуасын іздейді. Қалған уақытта ол шөптің ащысын қуалап оттайды. Ал ащы шөптің шырын жинайтыны белгілі. Мұндай шөптің шөл және шөлейт жерде өсетіні аян. Қазір қой саны бойынша бірінші орында Австралия тұр. Онда 150 миллион бас қой бар деп есептеледі. Түркия, Ресей де отарлы елдер санатына кіреді. Біздер де осы санатқа кіреміз. Бүгінде ғалымдар сапалы қой етін алу үшін төрт айлық қозыны сойысқа жіберу керек дейді. Бұл тәсілді ағылшындар әлімсақтан қолданып келеді. АҚШ та, Ресей де бұл қалыпқа түсіп алған.

Түспей жүрген өзіміз.

***

Ковид деген не?

Жалпақ тілмен айтқанда бұл кәдімгі өкпе-тыныс жолдарының сырқаты. Батыстық мамандар айтып жүргендей ол вирус болған жағдайда оның емі жоқ. Онда оның сырқат болмағаны. Бір анық нәрсе оның шылауында өкпенің жүретіндігі. Жұрт өкпеден кетіп жатыр. Жанталас бар жерде болған. Қалай алып қаламыз деген. Қолдан келгені антибиотикті

екпе жасау еді. Содан оттегі жастықшалары келді. Енді адам өкпесін соған костық. Алайда ол да қорғаныш бола алмады. Қос өкпе оттегіге толы бола тұра жұмыс істемеді. Анығы жұмыс істеуден бас тартты. Осындай себеппен қаншама адам көз жұмды?!

Оны өз басымыздан өткізген соң айтып отырмын. Ғайыптан тайып тұрып кетсең - ковидсің, ал тіл тартпай кетсең - пневмониясың. Жер асты жұмыстарына жегілгендер біледі. Шаңды шахталарда жұмыс істегендердің кәсіби ауруы бар. Силикоз деген. Бұл да өкпе дерті. Онымен ауырғандар оларын өзімен бірге ала кетеді. Мақтап жүрген медицинамыз бұл жерде дәрменсіз. Алайда одан айығып кетушілер де бар. Қазақы ем жолымен. Ол жол - ағарған! Ол дертті қазақ баласы ағарған деген! Бұл кешегі қазақ емшілерінен қалған жол! Бұл дертке ұшырағандар өкпелерін жоғалтып алып жүреді. Оның мәнісі айнаға түскенде айна өкпенің бар-жоғын көрсетпейді.

* * *

«Қой көрмеген қуалап өлтіреді» дейді бабаларымыз... Соны жете түсіне алып жүрміз бе?

Біздің қазіргі мақтап жүрген фермерлеріміз саулықтарын өлгенше қоздатады. Сойысқа тісі түскенін ғана жібереді. Қазіргі қазақтың сайын даласына жерсіндірілген қойдың еділбай, дегерес, сарыарқа түрлері ағылшынымыздың гамильтонынан, орыстардың романовкаларынан бір де кем түспейді. Олай болса еліміздің Азық-түліктік қорғанысында қой етінің алар орыны ерекше болмақ. Соған орай өзіне барынша назар аударуды қажетсінеді. Кеңестік кезеңде қой шаруашылығы барынша дамыды. Қазақ даласындағы қойдың санын 50 миллионға жеткіземіз деп итіндік. Біздің бабаларымыздың жеткен жері 36 миллион болды. Бұл Одақтың қой өсірумен шұғылданатын кез келген аймағынан жоғары көрсеткіш болатын. Мәскеу, оның ішінде Қызыл Кремль Қаптауының Дағыстан, немесе қалмақ қойларын тұтынбай қиырдағы қазақ даласынан айтып отырған еділбай қойының етін вагондап тасымалдап жатты.

Одақ кезінде 1991 жылы 55,3 миллион қой болған екен. Соның 2,5 миллионы біздің облыста өсірілген. Бүгінде облысымыз бойынша қойдың басы 1,5 миллионды құрайды деп жүрміз. Қой басының санын 25 миллионға жеткізу міндеті тұр. Елімізде қойдың ет рыногын қалыптастыру үшін 18 миллион қой жетеді деп айтатын сарапшылар қарамы де жетерлік. Одақ кезінде жыл сайын 878 мың тонна тірідей салмақта ет дайындалыпты. Осының 136,3 мың тоннасын қарағандылықтар өндірген екен. Қарағанды, Теміртау, Жезқазған, Балқаш ет комбинаттары Одақтың етке деген сұранысын қанағаттандыру үшін ауысыммен

жұмыс істеуге мәжбүр болады. Бұл аталмыш комбинаттар күндіз-түні жұмыс істеді деген сөз. Қарағанды комбинатының өнімдері тікелей Мәскеу және Ленинград қаласына асырылған.

Ресей бүгінде қой етіне, оның ішінде марқа етіне емініп отыр. Одақ құлап, 1999-2000 жылдары Ресейде 14,5 миллион бас қой мен ешкі қалады. Біздің де жетіскеніміз шамалы. 24 миллион басты баспа бас айырбасқа жұмсап, 12 миллионын әзер алып қалдық. 2001 жылдан бастап Ресей қой басын өсіру, асылдандыру бағытын алды. Соның нәтижесінде қойдың басы 2005 жылы біржарым есе өсіп 18,2 миллион басқа жетті. Бүгінде оның саны 21,5 миллионды құрайды. Қой басы Дағыстанда 5 миллион, Қалмақияда 2,3 миллион, Ставрополь өлкесінде 1,9 миллионға жетті. Тірідей салмақта 365 мың тонна қой етін өндіруді межелеп отыр. Ал біздер Одақ заманында 500 мың тонна қой етін өндіріп келгенбіз.

* * *

Мына Арқада Ақшатау комбинаты деген болған. Қорғанысқа қажетті ауыр металдар өндірді. Соның шахталарына түскендердің силикоздан сауы жоқ еді. Сол Ақшатауыңыз тікелей Мәскеуден басқарылды. Соңғы үлгідегі медициналық жабдықтары болды. Ел сол орталыққа Мәскеуден келетін. Қаралуға. Оның үстіне Ақшатаудың дәрігерлері шетінен мықты еді. Сонда істеген радиолог Қоқаш деген ағамыздың диагнозын Мәскеудің өзі растап отыратын.

Сол Қоқаш ағамыз айтып отыратын.

- Ағарғанның отадан басқа жолы жоқ, - деп. Айнаның өкпенің баржоғын көрсетпейтіні өкпенің ағарып кетуінен. Сол Ақшатауда түрған біраз шахтер ағаларымыздың тесік өкпелі болғандығын айта кетелік. Сол ағаларымыздың біразы бір өкпелерін осы дүниеде қалдырып кетті.

Мұны естіп айтып отырғанымыз жоқ, көзіміз көріп айтып отырмыз. Мен сол шахталарда екі жыл еңбектендім. Қазақтың қазіргі қабырғалы қаламгерлерінің бірі Құлтөлеу Мұқаш та осы жолдан өткен. Теріс кетіп жатсам сол бауырым ағасын түзей жатар.

Осы жерден жазбамызды үзіп, бір қайырып тастағанымыз дұрыс болады-ау деп ойлаймын.

Сонымен қолданыстан кетіп бара жатқанымен әлі де өзінің ұлттық реңкінен біржолата ажырай қоймаған ағарған сөзі бар екен.

Ағарған дегенде қазақ баласы оны ең алдымен жылқы сүті деп біледі. Білгенде саумал мен қымызды ағарған деп біледі. Оған басқа түлік сүті жатпайды.

Ағарған деп қазақ баласы өкпе дертін біледі. Оның ең ауыр түрі - туберкулез. Медицинамыз оны емдеуге дәрмендіміз дегенмен оның әлі де құйрық тістесіп өзімізбен келе жатқанын көріп отырмыз. Айтып отырған Ақшатауымызда алып тубдиспансер болды.

Ел онда тесік өкпелілер жатады дейтін. Өкпе туберкулезі ел ішінде тесік өкпе аталатын. Алайда оны ешқашанда ағарған деп айтпаған.

* * *

Арқа қысының ызғарлығы белгілі. Ықтасын, пана болар сыртаң киімдерге терінің барлығы бірдей жарай бермеген. Бәрін басынан өткерген қазақ «тоғыз қабат торқадан тоқтышақтың терісі артық» деп бірақ қайырған.

Қой жарықтықтың қашанда терісі қымбат бағаланған. Және ең бағалысы бабаларымыз айтқандай тоқтышақтың терісі болған. Тоғыз тоқтышақтың терісінен өгіз ішік киген бабаларымыз қандай күн болсын жер мойнының қашықтығына қарамай сапарға шыға берген. Бабаларымыз Қояндыға мыңдап қой айдағанда етін бір бөлек, терісін бір бөлек пұлдаған.

Тәуелсіздік алып, бір қойды бір шиша араққа айырбастаған заманда ел ақыр таяғын ұстап қалған. Сол заманда Моңғолиядан көшігі келген қандастарымыз елді еттен тарықтыра қойған жоқ. Олар күндіз-түні Баянөлгейден елімізге ет тасымалдады. КамАЗ-дарға кәдімгідей текшелеп тиеп әкеліп жатты. Бір қызығы олардың бір де бір терісі келген жоқ. Кейін білсек олар қой терісін сол елде пұлдап келеді екен. Өйткені тері етінен төрт еседей қымбат көрінеді. Мәселен, қой еті сол тұста 200 рубль тұрған, ал терісі 800 рубльге дейін барған.

* * *

Қазіргі уақытта қой етінің келісі төрт мың теңгеге барды. Құрбан айтта шалынған тоқтының бағасы қырық мыңнан кем болған жоқ. Бұл баға мұнымен тоқтамайды. Бұл қазіргі қуаңшылықтағы баға. Еліміздің батысындағы көктеммен келген қуаңшылықтың жалғасы міндетті түрде болады. Тоң тұрған жоқ. Жауынның иісі де шықпады. Енді бұл қуаңшылық Арқаға келетін болады. Қоңыр күзде. Еттің бағасы сол кезде шамамен бес мың теңгенің үстіне шығады. Түйе еті деген болмайды. Жылқы еті болады деп те айту қиын. Сиыр еті бізді жарылқайды деп айтуға ауыз бармайды. Бұлардың барлығы қырылып жатыр.

Шыдас беріп тұрғаны қой жарықтық ғана. Ол қазір өзінің құйрық майын қорек қылып тұр. Ертең не боларын ешкім де тап басып айта

алмайды. Қазір тұтыныс бойынша құс еті бәрінің алдында тұр. Одан кейін боса-болмаса - шошқа еті. Одан кейін - сиыр еті.

Одан кейін - қой еті. Дастарқанымыздан қой еті кетсе бізде денсаулық та болмайды деген сөз...

* * *

Менің Әкімжан әкем есті адам еді. Бір келгенінде Оралхан Бөкей ағам әкемді ауылдан алдырып, бір түн, бір күн отырып әңгімелерін алып қалған еді. Сол Орағам әкейді Естекей аға деп кетті.

Өйткені әкей әңгіме айтқанда:

- Есте кейі бар, кейі қалмады, әр жағын түгендеп ал, - деп отырушы еді. Менің Орағам жақтырған «Керат» деген әңгімем бар. Әкей соның басты кейіпкері еді. Сол айтып отырған Ақшатауда «соғыстан қайтқан солдаттар» дегендейін «соғыстан қайтқан тулақтар» деген әңгіме бар. Онысы мүгедек аттар еді. Бірақ еңбекке жегуге жарайтын. Орағам осы әңгімені түсіне қоймады.

- Неге мүгедек аттар? - дейді. Одан барып:

- Неге аттар, неге өгіз емес? - дейді. Сондағы әкейдің жауабы:

- Ағарған жылқы жарықтықты ала алмайды... Шахта болған соң онда сәулен болады. Сәулен деп отырғанымыз бұл кәдімгі радиациямыз. Бұл да өкпені ағартатын кеп.

- Сәулен қойды да ала алмайды, - деп және қосып қояды әкей. Орағамның бір рахаттанған жері осы еді. Кейін білсем Орағамда да өкпе сырқаты болған екен ғой. Сәуленге ұшыраған өкпені айнаңыз көрсетпейді. Шахтер жұртының өкпелерін жоғалтып жүретін себебі осы.

Сол кеп қазақ даласына былтыр келді. Ағарған болып. Ковид еді. Оның табиғатын дөп басқан жан болмады. Вирус деді, бактерия деді, микроп деді... Ең соңында бәрімізге тұмша кигізді...

* * *

Қойдың жүнін айтар болсақ еріксіз құмығып қаламыз. Одақта, қалды бізде қой басының қысқаруына себеп болған тоқыма өнеркәсібінде жасанды талшықтардың пайдалана бастауы еді. Ресейдің әрбір азаматы өмір сүріп жатқан аймағының клйматына байланысты ең аз шекті 0,75 кг таза талшық тұтынуы керек. Біздің жағдайда бұл 0,63 кг екен. Шын мәнінде біздер 0,17 кг ғана таза талшық тұтынады екенбіз. Ресейде бұл көрсеткіш бізден де төмен көрінеді - 0,14 кг. Қазақша қайырмаласақ біздер бес есе, ресейліктер бес жарым есе жеңіл киініп жүр екенбіз. 1990 жылдары көршіміз 226,7 мың тонна жүн өндіріп келсе, бүгінде ол 55 мың тоннаны құрайды.

* * *

Қазақ баласы қашанда есін бермеген, қазақ баласы қашанда зәузаттық жадыға адал болған. Сөйтіп өртке қарсы өрт салған! Ағарғанға қарсы ағарғанды салған!

Ақшатаулық шахтерлерің жүз жасағандары болмаса да тоқсан жас жасағандары болған. Соның барлығы ағарғанның арқасы. Хрущев заманында жылқы жарықтыққа нәубет келген. Қызыл өкімет елдің қолындағы ай тұяғын сыпырып алған. Интернационалды колбаса жасаймыз деп, достық колбасасын жасаймыз деп. Сол нәубет Ақшатауды айналып өтті. Ақшатауға кеңшілік жасады.

Ағарғандарға ағарғанын қалдырды. Бұл тікелей Мәскеуден келген пәрмен еді.

* * *

Шахтер отбасының бірі біздің шаңырақ. Әкей беделді. «Қазақ КСР-і Құрметті кеншісі» атағы бар. Жаман тұрмайтын сындымыз. Үйірлеп жылқы ұстады. Бір қырық-елу бас қой-ешкі ұстады. Балалығым шығар, мен ол тұста мән бере қоймадым. Ақшатау дүкенінде бәрі қалаулы тұратын. Құс сүтінен басқасының бәрі болды. Мәскеудің қамқорлығында ғой... Соған қарамастан әке-шешеміз сүт, болмаса ет іздеп дүкен жаққа аяқ баспайтын. Қалайда дегенде бізге қой құйрығын жегізудің жолын табатын. Қалай дегенде бізге қымыз ішкізетін.

Әлгі силикозы үшін шахтерлер қосымша өтемақы алады. Бұл ақылары басқалардың айлығынан жоғары еді. Сондықтан ақшатаулық шахтерлер өкпе ағарғанынан біржолата айығып кетуге құлықты емес еді. Оны кейінде түсіндік қой. Әлгі ағарғанның алдын алу амалдарын біздер үшін жасайды екен ғой. Ұрпағымыз аман болсыншы деп. Оны да кейінде түсініп жатқан жайымыз бар. Қазақ вакцинасына енді жеткендейміз!

Ағарғанға қойдың да қатысы бар екен! Бала кезімізде үлкендер жағы:

- Ағарған қоямыз, - деп жататын. Сонан бір секті ағарғанға отырғызатын. Елдің бәрі соны өз күтіміне алатын. Әбден семіргенде элгі сек жарықтық құйрығынан жарылатын. Сол майды ағарған дейтін!

Ковидке қарсы қазақ вакцинасы - осы!

Осы - ағарған!

* * *

Қалған әңгімені тонның ішкі бауындай араласқан қазақтың тағы бір соқталы тұлғасы Ахаңды - Ақселеу ағаны алға салып баян қылайын.

Ахаң жүрген жерде қазақтың қазіргі классиктік канондағы тағы бір жазушысы Өмең - Өмір Кәріп ағамның жүретіні белгілі. Бүгінде біздің әңгімемізге қатысты Самат ағамыз да, Ахаң да, Бәтен тәтеміз де, Самат ағамыздың жамағаты Майра апайымыз да бақилық болған. Соның барлығының орнын толтырып Өмең ағам Ақадырында отыр.

Сонымен...

Тағы да Өмең ағаның үйіндеміз. Тағы да қоңыр күз еді. Ел етек-жеңін жиған уақыт. Шөп түсірілген. Қи қамбаланған. Күздік сойылған. Жабағы-тай қолға қараған, дала малының қораға қарап мөңірейтін уақыты. Адамдар түз тағысынан қорықпай, қора әккілерінен қорқады. Баяғының ұрылары кереге көзінен ұрлаушы еді, бүгінгінің ұрысы шаңырақтың өзінен шығара береді. Ет желінген. Сорпа ішілген. Батаны тосып отырған жайымыз бар. Өмең ағамның мал уайымы далаға шығарды.

- Өзекті жан болған соң-ақ эркімнің үлкенді-кішілі уайымы бар. Алаңсыз жұрт қашанда алдырған. Еркектің әйел алдында бір уайымы бар, қалай асыраймын деген. Баяғыда қырындап жүргенде бәріміз де жіліктің майымен асыраймыз дегенбіз. Қазір соны кім айтты екен деп ойланамыз. Әкенің бала алдында бір уайымы бар, қалай жеткіземін деген. Уайымның төресі осы, өзің қандай болсаң балаң да сондай болады. Ер-азаматтың ауыл алдында бір уайымы бар, ауылдың бетін қызартып алмайыншы деген. Әдетте ондай адамдарды ауылдың ұяты деп жатамыз. Оларды ауылдың ақсақалдары деп жатамыз. Мына Өмең ағаң сол қатарға жатады. Бұлар жалаң аяқ жер баспаса жүре алмайды. Ақ ішемін деп көрші ауылда қонып қалғандары да бар.

Ахаң ақсақалға деген сөзге екпін беріп, баса айтты. Сол тұста Өмең әлі елудің жуан ортасына да шықпаған еді.

- Мен Өмкеңмен бірге болдым ғой... - Бәтен апамның шалын қорғаштап жатқан сиқы.

- «Алаң да алаң, алаң жұрт, Ақала ордам қонған жұрт» деп Қазтуған бабамыз жетпіс жеті атамыздың аманатын жыр жолдарында қалдырған жоқ па? Сөйтіп те жүріп Еділді тастап шықтық. Ал жерінен айырылған жұрт ел болмайды. Қаңғыбастар қатарын толтырады.

- Ағарғанға қарап отырмыз ғой, - деп Бәтен апам әлсіз қарсылық білдіргендей болды. Сол екі ортада есікт; шалқасынан тастап Өмең ағам кіріп келді. Сұраулы жүзбен қараған. Не істеп отырсыңдар дегендей.

- Ағарған жөнінде айтып жатырмыз, - деді апайымыз.

- Қымызмұрындықты да қыстыра сал, - деді ағамыз.

- Сенің ағарғаның Толстойды жаздық деп жүрген ағарғаның ғой. Мен саған қазақты жазатын ағарғанды айтайын...Самат Мұсабековтың маған берген ағарғанын айтайын...

- Маған да берген...

Өмең қалай кірсе солай шығып кетті. Шамасы тұз іздеп келсе керек. Өйткені қолында соры шығып тұрған тұз астауы жүрді. Ахаң Өмеңнің арсын-күрсін қимылдарын онша жақтыра қоймады. Отырып-отырып әңгіме арнасын тағы аударды. Алдымызда ыссы сорпа тұрған. Құрт қосылған сорпаны да бұл жақ ағарған деп жатады.

- Мына түскей жақтағылар ағарғанға онша мән бермейді. Керісінше өндірісі дамыған Арқа жұрты бұған қатты мән береді. Өйткені бұл жұрт тесік өкпелі келеді. Кез келген өндіріс орыны радиация шығарады. Бұл сәулен ауруына ұшырады деген сөз. Соның дауасын ел таппай келеді. Қазақ елі алып өндірістер орыны. Олай болса жақын жылдары қазақ баласы екі иығынан дем ала алмай, күркілдеп көксау отыратын болады. Мынау іргеміздегі Ақшатауда тубдиспансер бар. Соның босаған күні болмайды дейді. Әлі қазақ даласы осы тубдиспансерлерден көрінбейтін болады. Ахаңның бұл әңгімесі менің жаныма батады. Өйткені айтып отырған Ақшатауы менің туған жерім.

- Менің айтайын деп отырған ағарғаным Толстойдың, болмаса Пушкиннің қазақ даласына іздеп келген ағарғаны емес. Менің айтайын деп тұрғаным, басқа, басқа болғанда ең алдымен қазақ баласына керек ағарған. Қазір айна деген шықты. Түшкіргеннің барлығы соған жүгіреді. Ал оның денсаулықты алмаса қоспайтыны белгілі. Кейінгі уақытта әңгіме шығып жүр. Қос өкпесі де тесік екен деген. Өкпесі айнаға шықпаған екен деген. Солайы солай да шығар. Бірақ өкпесіз адамның өмір сүре алмайтыны тағы белгілі. Мына Ақшатаудың іргесінде екі совхоз бар. Ақшатаудың шахтерлерін қуаттандырсын деп салған болар. Сол екі шаруашылығын сол Ақшатаудың өзінен тамақтанып отыр. Бәрін қойғанда олар Ақшатауға ақ ішуге барады. Өйткені қазақ шахтерлерінің дені қу жандары үшін жылқы ұстайды, бие сауады. Бәрі рас. Әлгі айтып отырған комбинатымыз қосалқы шаруашылығында бие ұстап отыр. Шахтерлерге тегін ішкізеді. Артылып жатса саудалайды. Содан да жұрт соларға қарап емініп отыр. Бұл екі ортада Өмең де ортамызға оралған.

- Әлі өзің қашырған түлкіңді ұстай алмай отырсың ба? - деп Ахаңды алып түссін.

Ел ішінде Серік Ісмақов деген көшелі ақсақал өтті. Кәдімгі ғалым Айгүл Ісмақова қарындасымыздың әкесі. Сол ағамыз қазақы әңгіменің түбін түсіруші еді. Шаруашылық басшысы болған, лауазымды қызметтер атқарған. Сері болмаса да сол ортаға жақын жүретін ағамыз. Аңкөстігі бір басына жетуші еді. Ал мұндай адамдардың болған оқиғаны әсірелейтіні белгілі. Бұл жағынан Ахаң Серік ағамызға бәрімізден де жақын ба деп қалам. Секең тізгінді бір алды ма - жуық маңда тарта қоймайды. Әуелі алтайысын қашырады. Өзі тоспада жүреді. Содан қызылкүйрықты інге кіргізе алмай жүргені.

- Міне, кірді!.. - ел ду ете қалады. Жоқ, кірмейді. Киргізбей отырған Секең. Сөйтіп жүргенімізде түлкіден көз жазып қаламыз. Бірақ Секеңнің бір жерден алып шығатынына сенімдіміз.

- Қайда? - дейді жұрт.

- Апақтап жүргенімізде іниге кіріп кетіпті...

- Сонда құйрығын алға салып кірген бе?..

- Енді солай болып тұр ғой... Әңгіменің бұлайша аяқталуы елді бір желпіндіріп тастаушы еді. Өмең ағамның меңзеп тұрғаны осы әңгіме

- Біздің ішіп жүрген ағарғанымыз бен мына Төкіжанның ауылының ішіп жүрген ағарғандары екі бөлек пе деп қалдым. Бұларда бәрі ағарған. Өкпеге шипа болса болғаны. Майлы сорпа да ағарғанға есеп. Майлы сорпаның не екенін осы ауылдан көрдік. «Ленжаста» жүргенімде Самат ағамыз ауылға шақырып қоймады. Бір сапардың реті келгенде өзім іздеп бардым. Барғанымды қайтейін, ауылда жоқ болып шықты...

- Ойбу, - деп жатыр әңгімеге елтіген Бәтен апам. Мен де отырмын қап деп.

Сүйек жағынан Бәтен тәтем маған апай болып келеді. Соған орай апай деп айта берем. Ахаңның Самат деп отырғаны кәдімгі халық ақыны Самат Мұсабеков. Жан-жақты адам еді. Ағып тұрған сөз болатын. Сөз бөлгенді жақтырмай отыратын. Ол кісі сөз алғанда бір ұйықтап тұруға болады. Жатқан бір қазына еді. Ол кісінің өлеңі қайсы, қара сөзі қайсы - айыра алмай жатамыз. Лекітіп, төгілтіп сөйлейді. Ал бір тоқтаса сол тоқтаған жерінде қалады. Одан кейінгі әңгімеде ешқандай мән қалмайды. Бұл менің Самкеңнің алдына барғанда байқағандарым.

- Самкеңнің серілігі елде жоқ серілік пе деп қалдым. Қайда бет алғанын айтып кетеді екен. Майра жеңгем қайда жүргенін қолмен қойғандай айтып берді.

- Домбыра ауылға кеткен. Арғы күнде келіп қалар, - деді.

Мұндай да болады екен ғой деп құлағым елең ете қалды. Домбыра ауылды кім естіген. Алғаш не істесем деп ойланып қалғам. Енді ойланатын ештеңесі қалмады. Сол домбыра ауылға баруды шештім. Айтып отырған ауылдары Шалтас деген жерде екен. Бұл атақты Әбікен күйшіні берген топырақ. Содан да домбыра ауыл атанған жайы бар. Қарабұлаққа тиіп тұрған жер десе де болады. Қайнақ тұрғандай уақыттақ жетіп бардық.

Көзіме бірден оттай басылғаны дала иелері - күмбезді бейіттер еді. Қоныстарын көріп келеміз. Күмбездерден шалғай тігіпті. Тіккенде уаз деген машиналарын ортаға алған. Үстінен шатыр тігіпті. Сарышағанның әскерилерінен алған болу керек. Болмаса Ақшатаудан алған болар. Жерошақ қазып тастаған. Тайқазан болмаса да соған барабар қазан тұр. Оның не қажеттігі бар деп ол қойдық. Мосы ол тұр. Тамызығы молы-

нан. Кәдімгідей жайлап алыпты. Айқыш-ұйқыш қызыл сым тартып тастапты. Оған неше түрлі шөп тартылған екен. Көлеңкемен кептіруді көргеннен-ақ дәрі шөптер болды ғой деп тон пішіп тастадық.

Біз барғанда өздері жоқ болып шықты. Енді қайдан іздесек деп дал болайық. Анадай жерде үшақаланып қос тігіліпті. Бұл маған таңсық емес. Алайда оның айдалада не қажеттігі болды деп ойланып қоям? Жақындап кеп қарасам ішінде ит секілді шоқиып нән сек отыр. Шынымен ол отыр еді... Секті семірткендері соншама оны орнынан қозғау мүмкін емес еді. Қай жағымыздан шығар екен деп апақтап біз тұрмыз. Жоқ, бізді көрген екен. Өздері келді. Әлгі қызыл сымды дәрісым дейді екен. Қызылеспенің мысынан қайнақталып, тартылған дейді. Қызылеспе деп тұрғандары сол тұстағы бұрынғы кеніш атауы. Заманында ағылшындар мыс, күміс, алтын өндірген екен. Қорғасын да өндіріпті.

Самкең сол баяғы апақтаған беті. Сөзге қонақ берсе, кәне. Жанындағы серігі өзім қатарлас Атай деген азамат екен. Музыкалық аспаптардың бәрінде ойнай ма деп қалдым. Қолына не ілінсе соны аспап қылып ойнай береді екен... Бұл Атайды білсем керек. Қоңқабайдың Төлеутайының баласы. Есімі Атай емес Батай болушы еді. Ахаң жаңсақ естіген болар. Бүгінде дін аман жүріп жатыр. Сексеннен асқан жасы болуы керек.

- Ал, - деймін Самкеңе, - бұл ненің дайындығы?..

- Жақсы келдің, Селеужан. Бір күндік кемдігі болып тұр. Бір күн аял жасасаң бәрін көресің, ағаңа өмір бойы ризашылығыңды айтып жүресің...

- Бопты, - дедім Самкеңшілеп. Айдалада жатырмыз. Көлденең сөз қоссақ жұлдыз санап жатырмыз. Түн тыныштығында бәрін естіп жатасың ғой. Кенет тырс-тырс етіп жаңбыр жауып тұрғандай болды. Дыбысы бар, тамшысы жоқ бұл не жаңбыр деп қоям.

- Құдайым бар екен... - деген дауыс шықсын. Самкеңнің дауысы. Жазбай танып тұрмын. Сөйтсем байлауда тұрған сек құйрығынан жарылған екен. Қойдың құйрығын тазалап қырып тастаған. Бит тайғандай. Шып-шып еткен дыбыс жиілеген. Тырс-тырс еткен дыбыс та қоюлана түскен. Қойдың құйрығы шыны тегенеде жатыр. Бейне бір жүзіп жүрген сынды. Көкжиек сығырая бастағанда-ақ оның әппақтығы білінді. Әппақ болғанда елде жоқ ақтық. Өмірімде мұндай құйрық көрмеген болармын. Тегенеден шығарсаң жер-көкті алып кететіндей.

Және бір таңғалғаным аяқ-шанақтың барлығы ағаштан еді. Қасық та ағаш, ашасы да ағаш, аяқ-табақтың барлығы ағаш...

Маған бәрі таңсық. Сұрайын десем ол кісілердің мұршасы болмай жатыр. Кенет тым-тырыс болды да қалды. Шіпіл де тоқтады, тырсыл да тоқтады. Тегенеге жақын тұрған Атай ағаш қасық тола майды тартып жіберді. Самкең де алақанымен күреп май жұтсын.

- Перваш! - деп қойды Атай.

- Сен тегенеден іш, - деді Самкең, - елге айтып жүресің...

- Тегенеден су іштім десем де жүрт нанар ма?.. - дедім, бірақ ойымда басқа нәрсе түр еді.

Біреулердің тегенемен арақ ішті дегендерін естіп едім. Сол есіме түссін. Ал тегенемен қымыз ішкендерді өз көзіммен көргенім бар. Оларды масайып қалар ма деп ойлаушы едім, жоқ, аяқ-қолы қимылдамай серейіп қалады екен. Ондай ішкіштерді ақыш дейді екен. Мен көрген ақыштардың кірпігі қимылдап жатты.

- Жақында, бері, - деді Самкең, - өмір бойы бізді есіңе алып жүресің... Жақындауы жақындадым. Қалай дегенде жүрексініп тұрмын. Бала кезімде ұрлық майға қақалғаным бар еді. Сол есіме түсіп жүзімді бұрдым. Қайтып бұрылғанымда Самкеңнің қос алақаны майға толып тұр еді.

- Шөбереңнің қолынан осынша май іш, - десін... Маған шегінер жер қалмаған. Көзімді жұмып ішіп жатырмын. Көзімді ашып қалсам Самкең алақанын әкетіп жатыр. Өзім таң қалдым. Соншама майды ішіп тастағаныма.

- Енді өмір бойы тынысың тарылмайды. Өкпең ағармайды. Жөтел, күркілдектен алыс тұрасың...

Осы жерге келгенде бәміз де кәдімгідей май ішкендей тыжырынып қалдық.

* * *

Менің ауылым болса да мен бұл әңгімені жете біле қоймайды екенмін. Оған кәдімгідей қысылып отырдым. Ойыма әкем түсті.

Бір қарындасым түскей жаққа тұрмысқа шықты. Содан құдалар келетін болды. Үй іші оған кәдімгідей дайындалып жатты. Мен оқуда едім. Қонақтардан бір күн бұрын келдім. Келсем біздің әкей де бір секті жаратып жатыр екен. Көрейінші деп қораға барсам адам тұратындай жағдай жасап қойыпты. Бәрі мұнтаздай тап-таза. Бұл сек те ит сияқты шоқиып отыр екен. Оны да орнына қозғау мүмкін емес еді.

Құдалар келіп, секті жаратты. Ел сек етін жей алмады. Әкей тағы бір малды атып ұрған. Құдалар кеткен соң сектің етін елге таратып жіберді. Шамасы бұл да ағарған болса керек.

Әкеміз жылқы ұстады. Баяғы қос өкпесі үшін. Ыс салатын. Торсық пішетін. Көрші совхозда Кәрбан деген аталас ақсақалымыз тұрды. Ел сол кісінің торсығын әспеттеуші еді. Өмең ағамның манағы ағарған жөніндегі әңгімесі аяқсыз қалған әңгімедей болып көрінсін. Оған өзі де қысылды-ау деймін...

- Маған да бір шишасын берген, - деді Өмең, - Бәтен екеуіміз қылдай бөліп ішкенбіз...

- Бәрімізге бергені сол бір құты екен ғой. Мен ол құтымды Рымқұл бауырыма бергем...

- Сүлейменнің Рымқұлы ма?

- Ие, өзіміздің Рымқұл... Рымқұл ағамен кетер кеткенше араласқам. Мен білсем өкпеден кетті. Анығын айтпады. Мен тіпті ағамызды Алматыға алып кетпекші де болғам. Қазір осының бәрі көз алдымнан өтіп жатыр. Шамасы бұрыннан өкпесінде бір кінәраты болған-ау деймін.

- Әскерде жүргенімде жатып қалғаным бар. Троицк қаласында өткердім. Орал таулары емес пе? Өкпек желдері болушы еді. Жерде сыз бар-тын. Сол жөтел болып жабысты. Жазылғандай болғаныммен андасанда сыр беріп қоятын. Содан құлан таза айығып кеттім. Самкеңнің күреп ішкізген майының арқасында.

- Әлі қазақ жерінде талай пәберік-зауыт самсайды. Ол қазақ даласына тесік өкпе сырқатын қоса ала келеді. Қазақ даласы екі иығынан дем ала алмай күркілдеп тұрады. Соның бірден-бір шипасы - мен көрген ағарған. Бар-жоғы бір күреп ішсең болғаны. Құлан таза жазылып кете барасың.

Өкпе құрты барлардың ағарған ішіп, жазылатынын талай естігенбіз. Естіп қана қоймай, өз көзімізбен де көрдік. Ағарған деп қазақ бұл жерде қымызды айтады. Алайда қыр қазағы ағарған деп басқа нәрсені біледі. Ол ағарғандары - қойдың шып майы.

* * *

Бүгінде сол шып майын - ағарғанды дайындайтын адам жоқ. Бұл жақ ағарған дайындамақ тұрсын қымыз да ішпейді. Ішпейтіні бұрынғыдай жылқы малын ұстамайды. Өйткені айтып отырған Ақшатауларымыз құлаған. Бұрынғы он мың халық тұратын қалашықта бүгінде мыңға толмайтын бала-шаға тұрып жатыр. Немісі Албаниясына, орысы Ресейіне көшіп кеткен. Қалғаны - боса-болмаса казақтар. Өндірісі талапайға түсіп, ашық-шашық қалды. Ал ондай жердің радиациясы үзілмейді.

Оларға ағарған керек!

Ағарған бүгінде барша қазақ баласына керек. Өйткені айнаға түскен қазақ баласының өкпесі таптырмай жатыр. Дәрігер сорлы өкпесі жоқ деп айта алмайды, өйткені біледі, өкпесінің барлығын. Ал бар деп айтайын десе айнадан шықпай тұрады.

Ол аздайын бүгін қазақ даласына ковид деген келді. Оның да емі - ағарған болса керек.

Ахаң бұлардың бірін де білмей кетті. Бірақ солай болатынын білді деп ойлаймын. Оның уайымы - қазақ баласының өкпе тесігімен жаппай ауыратындығы еді. Сол көріпкелдігі келді. Әлем жұрты жанталасып сол ковидке қарсы вакцина іздеп жатыр. Ал ол вакцина құрғыры қазақ даласында төрт аяқты сек болып жайылып жүр.

- Өмеңнің қазақтығына шәгім жоқ. Саған да шәк келтірмеймін. Мен қазақтығымызға шәк келтіремін. Қазақ болып туғанымыз анық. Қазақ болып өлетінімізге шәк келтіремін.

* * *

Бұрынғы қазақ қазіргі қазақтай аурушаң болмаған. Жөтел, тұмау-сымауды ауру деп білмеген. Ел ауырған сырқатпен қазақ баласы да ауырған. Бірақ қырылып қалған қазақ жоқ.

- Қазақ болып өмір сүрді. Адалынан өмір сүрді, аштан өлсе де қарамға жоламады. Ет жеді, сүйек мүжіді, сорпа ішті. Ет деп жылқы мен қой етін білді. Қалғаны суық әкеледі, жел әкеледі деп ауыз тигені болмаса дастарқандарына көп жолата қоймады. Кез келген ауруға қарсы қазақы емді қолданды. Қан қысымы көтерілгенде шертпе жасады. Баспа шыққанда басқымен басты. Сол дәурен қазақ баласының басынан кетіп барады.

Оның орнына еуропаланған, қазақ баласына жат өмір сүру салты қалыптасып барады. Өзіміздің жеміс-жидегіміз үзіліп тұрғанда шикілі-пісілі қара құрылықтың бананына ұмтылдық.

Қазіргі жұрт қой етін қойып, мәрмер ет деп Аргентинаның сиыр етін іздейтін болыпты. Солардың ешқайсысы қазақ баласына саулық қоспайды. Ендеше қазақ болып қалайық.

Бұл Асан Қайғы бабамның уайымы еді!

Бұл Ахаңның уайымы еді.

Бұл Өмең ағамның да уайымы.

Бүгінде бұл уайым маған ауысқан.

БҰЛ ЖАЗБАМЫЗДЫҢ ТҰЗДЫҒЫ

Бүгінде қадірменді қарияларымыз азайып барады. Барының қадірі қалмай барады. Бас ұстаудан қашқақтайтын ағаларымыз пайда болды. Ата жолын, бабалар жолын тәрк етіп жатқан жайымыз бар. Бас ұстаудың, оны тәрбиелеудің неше түрлі әңгімелері бар. Соның ең кереметі, тәлімдісі Қаздауысты Қазыбек бабамыздың бас ұстауы. Содан бабамыз бас ұстайды дейді...

- Мына өмірден кетер кеткенше жаманшылық естімесін, - деп шұнтитады екен.

- Мына өмірден кетер кеткенше жамандық көрмесін, - деп шүңейтеді екен.

- Мына өмірде өз сөзің болсын, - деп қойды таңдайынан айырады екен.

Ең соңында қойдың кеңсірігін өзіне қалдырып иіскейді екен:

- Пай-пай...

Жұмақтың жұпар иісі шығады, - деп...

20.03.2021 ж.

Төртінші жазба
ШЕКШЕК

Серке еті - ем, ешкі еті - жел.
Қазақ мақал-мәтелінен

Ешкі сойып жесең, бір күндік,
Сауып ішсең, мың күндік.
Қазақ мақал-мәтелінен

Менің сағаттап сөйлесетін жазушымның бірі - Өмір Кәріп!

Кімге қалай, мен ол кісінің барлық жазбаларын оқыдым десем болар. Ол кісінің шығармаларында қазақ әлемі жатыр. Сондықтан да ағамыз менің жаныма жақын. Ағамыздың өзі айтқандай әлде мен көп алдым ба, әлде өзі менен көп алды ма - бір Құдайымыз білсін!

- Жазушының бір бағы, бір соры болады. Онысы алып отырған тақырыбы. Тапса - бағы, таппаса - соры... Сенің мықтылығың сен тақырып талғамайсың. Тақырып сені өзі тауып жатады. Сен халық этнографиясын сіңіргенсің, кітабиден таза адасың. Олай болса кетер-кеткенше қаламың қолыңда болады деген сөз. Сенің прозалық туындыларыңның оқырмандары дүниеге енді ғана келіп жатыр. Сен сол ортаны өзіңнің этнографиялық пайымдарыңмен жасап жатырсың. Қазақтың ішіп-жемі жөнінде Сәбең жазды. Ахаң да барынша қалам тербеді. Мен де біраз көсілдім. Ендігі кезек сенікі...

Міне, қызық. Мен этнографиямда алдыма Ахаң мен Өмкеңді саламын. Өйткені бұл ағаларымның ішкі жан дүниесінің өзі халықтық этнографиядан тұрады. Сөйтсем Өмкең сөзінің жаны бар екен. Бізді жетпіс жыл бойы Қызыл өкімет қазақтығымыздан ажыратыпты, ал

кейінгі отыз жылда өзіміз қазақтығымыздан безіппіз. Бізден қазақтықтың иісі мүңкіп тұруы керек еді - ондай әлі ештеңе бола қойған жоқ.

Бәрін тәрк етіп қытайша сөйлей бастадық, бәрін тәрк етіп қытайға тие бастадық...Ішіп-жемеміз де солай. Бәрін тәрк етіп шіби етін жеп отырмыз. Оның өзі Буш сирағы...

Бүгінде жазушы көп, жазарман көп. Қазір жазушылардың жаңа типі пайда болды. Олар жазарманнан гөрі көшірушіге келеді. Сенің жазғаныңды көшіріп алып, өзінікі етіп қояды. Жыныңа тиетіні дұрыстап көшіре де алмайды ғой...

Менің мына жазбам соны жазба. Ешқайдан көшіргем жоқ. Өз жазбам. Алдымда мен көшіре қоятындай да ештеңе бола қоймапты. Өйткені әңгіме ешкі жарықтық жөнінде еді. Неге екенін кім білген, басқаға келгенде ағып тұратын қазақ ешкіге келгенде құмығып, шаң қауып қалады.

Төрт түлік арасында әңгімеленетін тақырыптар арасында ешкіге қатысты қотыр әңгімелер жеткілікті. Соның бір парасы шайтанның ешкі бейнесінде көрінетіні... Тағы бір парасы мерезбен ауырғандарды осы ешкімен емдегендері... Тағы бір парасы жорыққа шыққандардың жолға ешкі жарықтықты алып шығатындары...

Осы іспеттес әңгімелер казақ баласын тұсаулайды деп білем. Осыдан барып ешкі жөнінде әңгіме айтпақ тұрсын, ешкі жөнінде сұраудан да тайсақтап тұрар едік.

Ол айтпаса, сен сұрамасаң, әрине, ешкі төңірегіндегі әңгіме тыйылады. Біз қазір сондай жағдайда тұрмыз. Ешкі жарықтықты әбден жексұрын қылып біттік. Кеңестік қызыл саясат қазақ баласына барынша сиыр етін жегізуге ұмтылды. Оның әр жағында талпақ танау етін жегізу ниеті тұр еді. Не керек, қызыл жандайшаптар осы саясаттарын табандылықпен жүргізді. Қызыл армияның тамағы сиыр және талпақ танау етінен тұрды. Қоғамдық тамақтандыру орындарында бұлар табақ қайыстырды. Қазақ даласына сиыр және талпақ танау шаруашылықтарын салу жаппай қолға алынды. Сорақысы шаруа шамшырақтарын ынталандырғанда тірідей торайлармен ынталандырды. Сало дегенді сары қазы деуші иісалмастар да пайда болды.

Бұл қызыл өкіметтің елді отырықшылыққа мәжбүрлейтін саясатының жабайы көрінісі еді. Жылқы өсірушілер жөнінде жұмған ауыздарын ашпады, ал талпақ танауға келгенде көсіліп берер еді. Барлық құрмет талпақ танау өсірушілерге арналды. Осыдан барып қазақ талпақ танау бағушылары шықты.

Қызыл өкімет қайткен күнде қазақ баласын сиыр етіне отырғызуды ойлады. Сонан барып тартып алу саясаты жүрді. Бұл нәубет оқтын-оқтын жылқы жарықтыққа келіп тұрды. Жылқыға, оның ішінде айғырға қырғидай тиді. Елдің бедеу мініп жүрген күндері болды.

«Қойдың еті қорғасын» деп қой етінен ол ажыратты. Тіпті, қой етінен сабын қайнатамыз деп те соқты-ау. Ал өздері болса сол қазақ баласы қағып-баққан марқа етін жеп отырды.

«Ешкі еті ос...-ды», «ешкі кедей-кепшіктің малы», «есің кетсе ешкі жи», «ешкі бала-шағаның несібесі» деп салды-ау сойқанды қызыл саясат насихаты. Құлақ түбіңнен күнде осылай қақсап тұрса қалай сенбессің?! Қызыл баспалар ешкі суретін салып астына шайтан деп жазып жатты.

Осыдан кейін ешкі етін жеп көр!

Осыдан кейін ешкі өсіріп көр!

Ешкі асқан күні қойшының өзі теріс қарап жатып алар еді. Бұл іштей қорлану еді! Өйткені ол білетін... Ешкі етінің сіңімділігін! Кім қалай десе олай десін ешкісіз малшының күні жоқ! Мақтап отырған қотан қойымыз осы ешкі жарықтықққа қараған! Қайда бастар екен деп!

Сол өкімет келмеске кетті деп жүрміз. Оған да отыз жыл болыпты.

Алайда... Сол өкіметтің өзіне жете алмай қалған жайымыз бар. Алдында малы жоқ қара таяқты ұстап қалған жайымыз бар. Қотанымызда қой жоқ... Ауламызда ешкі жоқ... Енді бірер жылда қызылдың бәрін ұмытып, шөп-шалам жеп отыратын жайға да келерміз. Қазір бәріміз сатарманға айналдық. Содан да сауда айналасында жүрміз. Біреуден арзанға сатып аламыз, басқа біреуге қымбаттырақ сатуға ұмтыламыз. Қолымызға не түссе соны сататын болдық. Бәріміз сатушымыз. Үй сайын дүкен ашып алдық. Сатып тұрмыз. Дәретхана сатып тұрған бауырымызды да көрдік. Енді бірер жылда дәретімізді де сататын шығармыз... Сондай себеппен төрт түлігімізді де саудалап жатырмыз. Өзбек бауырларымыз жақсы болып тұр. Келеді де тиеп әкетеді. Қазақ баласының бәрі бүгінде фермер. Малшымын деп айтпайды, жалған ұяты жібермейді. Қазір фермермін деп те айтпайды, қожалық басшысымын дейді.

Әр нәрсенің киесі бар.

Төрт түлікте де...

Түйені боздатып қойғанымызды Ойсылқара піріміз кешіре ме?..

Жылқы жарықтықты азынатып қойғанымызды Қамбар атамыз кешіре ме?..

Сиыр жарықтықты мөңіретіп қойғанымызды Зеңгі бабамыз кешіре ме?..

Қой момынымызды маңыратып қойғанымызды Шопан атамыз кешіре ме?..

Ешкі секегімізді бақылдатып қойғанымызды Шекшек атамыз кешіре ме?..

Ай, қайдам?..

Есесіне шетелден әкеп жатырмыз. Сиыр еті Ресей мен белорысты айтпағанда сонау Бразилия мен Аргентинадан келіп жатыр. Оларын

мәрмәр ет деп әспеттейді. Оның тойымсыз ет екенін білсе қазақ білер. Жей бересің, жей бересің...Бірақ тоймайсың. Өйткені онда даланың ащы отының жұғыны жоқ. Жуындыда тұрған малдан қандай қуатты ет түсе қалсын?! Цистерна толы сүт береді деп тағы сол елдерден қыруар қаржыға сүттіген сатып алып жатырмыз. Ал оның не ішіп, не жейтінімен жұмысымыз жоқ. Ондай сүттігендеріміз келер жылында қазақтың қарабайыр сиырының берген сүтін бере алмайды.

Төрт түлік ішінде адам денсаушылығын нығайтатын бір түлік болса, ол қой да, екі түлік болса екіншісі ешкі. Өйткені бұлардың жемейтін шөбі, шалмайтын қияғы болмайды. Даланың көркі төрт түлік еді. Мыңғырып жатқан малды көріп көз қуанышына бөленуші едік. Бүгінде ондай көріністі түсімізде ғана көруге болатын шығар.

Былтыр денсаушылығым болмай қалды. Содан Арқадағы іскер бауырым Зияда Мұқатайұлы ауылына саумал ішуге шақырды. Сонда қуанып едім. Дала жап-жасыл екен. Тоң түспей, сол жазда жаңбырдың болмағаны белгілі. Соған қарамастан дала көкпеңкөк болып жайнап тұр еді. Алайда қуанышымды Зияда су сепкендей басты:

- Тобылғы мен қарағандар ғой... Мен үнсіз қалдым...

- Екі жыл болды. Ие бермей тұр...Өртедік те, қышқыл да құйдық, сонда да болмай тұр...Жылқымызды қырып ала жаздадық. Тобылғының өртеңі шалқұйрықтарымыздың табанына пышақ болып қадалды...

Бауырымның сөзіне жұбатар бір ауыз сөз қоса алсамшы... Мен бәрін түсінген едім...

Кешір миғұлаларыңды, Шекшек ата!..

Кешір миғұлаларыңды, Шопан ата!.. Тобылғы мен қарағаң басқа дәрумендi шөптi өсірмейді. Олар гүлдейді. Көз етіңді суарады. Тобылғы да, қарағаң да гүлі арқылы көбейеді. Ал сол гүлді өліп-өшіп жейтін ешкі мен қой еді ғой! Ендеше... Қайтарымызда Зияда бауырым көңілімізді таза құлазытқан тағы бір әңгіменің шетін шығарды.

- Мынаны бәрін сатып, қой мен ешкі өсірсем деймін...

- Не кедергі дейміз біз? - өре түрегеліп.

- Салпыетек қойшы жоқ...

Міне, гәп қайда?!

КҮЗДІК

Өмкең сөзінің жаны бар.

Сыраханаға бара қалсақ қолында жыбырлаған шаяны бар қандасымызды көрер едік. Мейрамханадан мейрамхана қоймай ит етін тауып жейтіндер бар. Қолтырауын етіне қыруар ақша шығарып, ас қылып отырған бауырларымыз да баршылық екен. Бұл қалай десең, оның

қаны көк деп аузыңды буып қояды. Осының барлығы қазақтығымыздан алыстап кеткендігімізден болып отыр. Оған бүгін-ертең оралуымыз әсте мүмкін емес. Өйткені қазақ тіліміздің өзі нан тауып жеуімізге жарамай тұр. Соған қарамастан ертеңгі күнге қазақ болып жетуге ұмтылушылық бар. Бұл жолдың ұзақ та созалаң болатын түрі байқалады. Өйткені елдің қайтып қазақ болғылары жоқ. Жүз жылдық құлдық санамыздағы қазақтықты комаға түсіріп жіберген. Жекелеген сөздер ғана емес, тұтастай түсінік-пайымдар ел жадынан шыққан.

Соған орай мыңдаған сауалдың туындауы әбден заңды. Өкініштісі олардың жауабын жылдар бойы күтуге тура келеді.

Мен өмір бойы қазақтанумен айналысып келемін. Қазақ баласының жадынан шыққан мыңдаған сөзді білемін. Әбден көмескіленіп кеткен талай салт-жораларымызды орнықтыруға күш салып жүрмін. Дегенмен болмай жатыр, бұл іспен академия, болмаса тұтастай институт айналысуы керек еді. Ал бізде зейнетке шыққан аға ұрпақ өкілдері айналысуда...

Өмкеңнің айтып отырған сөзі сізді ойландырмай ма? Басқа тақырып құрып қалғандай неге қазақтың ішіп-жемін жазуымыз керек? Тереңірек ой жүгіртсек кез келген ұлттың мінез-құлығы, түйсігі, ақыл-ойы оның ішіп-жеміне байланысты. Мына жеңгі көршімізде һарам-һалал деген түсінік атымен жоқ. Оларға жыбырласа болып жатыр. Өзін мақтаудан танбайтын аю көршіміздің де ұзағаны шамалы. Оларға қарын тойдырса болады. Ол ит бола ма, ол мысық бола ма - бәрібір...

Жер бетінде қазақтай зәбір көрген бір де бір ұлт жоқ болар. Соған қарамастан уақыт көшінен қалмай келеміз. Қалай дегенде біздер ата-бабаларымыздың ішіп-жемінен айырыла қойған жоқпыз.

Ендеше қазақ болып ішіп-жейік, қазақ болып дәрет алып, түзге отырайық.

Батыс бізге банан жегізіп әуре. Ал біздің зәузаттық жадымыз оның ас болмайтынын айтады.

Қазақ баласының басты тағамы - ет! Сондықтан бізде ет культі жүріп тұр. Үлкен мейрамханалар мен тойханалардағы табақ тартымындағы әсіре музыкамызды түсінуге болады. Тап қазір елұранымызды ойнаса да түсіністік танытуға бейілмін. Қазақтың еті - қазы, қарта, жал, жаядан тұрады.

Соның қадірлісі - қазы!.. Ол жарықтық жылқыда ғана болады!

Сонан соң ешкіде болады!

Жылқының қазысын сере қазы дейміз...

Серкенің қазысын серке қазы дейміз! Қазақ баласының қонақжайлығы белгілі. Келген қонағы үлкен болсын, кіші болсын өлі ет бермеген. Демек мал сою керек болады. Сондағы соятын малы қайсы?!

Ханы келсін, қарашасы келсін - казақтың соятын бір-ақ малы бар. Ол - қой жарықтық! Өйткені қойдың еті төрт айдан кейін жеуге жарайды! Онысын қазақ марқа деп әспеттеген! Сөз ішінде айта кетелік, марқа еті ең таза экологиялық өнім болып табылады. Қазір ол әлемдік брендке айналды...

Соған қарамастан ел ішінде жылқы союшылық бар. Торқалы тойдағы, топырақты өлімдегі бұл сойысты түсінуге болады. Жай уақыттағысын ше? Шынтуайтында бұл кемі - дарақылық, кемі - есі кеткендік... Тіпті, құлын сою деген әуезе шықты. Бәленбай деген би Абылайханға құлын сойыпты-мыс... Осы әңгіме қазақ даласында желдей есіп тұр.

Жөнін айтсаң шалқасынан түседі:

- Бұзаудың еті болғанда құлынның еті неге болмайды? - деп. Әрі-беріден кейін өзіңе дүрсе қоя береді. Осыдан кейін сөзің қайтып жарасар?! Сонда да айтуымыз керек, сонда да жазуымыз керек. Тақыр жерде өскен жас ұрпақтың жазығы бола қояр ма екен?!

Сонда нені айтуымыз керек? Ең алдымен еттің шикілігін айтуымыз керек. Қазақ қашанда сойыс малын кемеліне келтіріп сояды. Бұл малдың іші-сырты бірдей болды деген сөз. Ондай уақыт жылқы жарықтық үшін желтоқсан айы. Осы айдың 13-16 аралығында жылқы еті әбден кемеліне келеді. Жаппай сойыс басталады.

Мұнымызды қазақ соғым айы дейді. Қазақтың соғымы жылқыдан ғана тұрады!

Бүгінде қазақтың ет жөніндегі түсінігі атымен өзгеріп кеткен. Оларға қой сойсаң да ет, сиыр сойсаң да ет, құс сойсаң да ет. Жоқ, кешегі бабаларымыз ет деп тек жылқы етін білген. Қайталап айтамыз, қазақтың еті қазы-қарта, жал-жая, шекеден тұрады. Ендеше соғымға жылқы малы ғана жаратылады.

Соғым сойдым, соғымға сиыр жараттым деушілік бұл тантыған әңгіме! Керек десеңіз сиырыңыз күздікке де жарамайды...

«Қараша-қауыс, кәрі-құртаңды тауыс» деп күні кешеге дейін тақылдап келдік. Бүгінде айта қоймаймыз. Себебін білеміз. Өйткені бұл айларда қой жарықтық сойысқа шыға қоймайды.

Оның орнына ешкі жұмсалады! Ешкінің еті кемеліне қазан айында келеді. Қазақтың күздігі осы!

Қазақтың күздігі де қазыдан тұрады! Серке қазыдан!

Қазіргі қазақ баласы жаңа бір әуезе тауыпты. Соғымға жылқы союы сояды, ал күздікке құнажын, болмаса тайынша соятын болыпты. Бұл біздің ішкі надандығымыздың көрінісі... Қазақтың күздігі де, соғымы да қазыдан тұрады!

Қазақтың соғымы - жылқы!

Қазақтың күздігі - ешкі!

Осы жерде тағы бір жүз сауал анталайды. Соғымға тек ірі мал сойылады деп. Қазіргі тантыған этнографтар шықты. Ауыздарына келгенін соғады. Олардың айтуынша Қытай мен Моңғолиядағы бай қандастарымыз соғымға екі жүзге тарта мал шығарады екен және онда төрт түліктің бәрі өріп жүр. Осыншама мал Моңғолияның армиясын бір қыс асырауға жетеді ғой. Әлде ондағы бауырларымыз мешкейлікке өтіп кеткен бе? Осыншама көл-көсір мал бізде тек аста ғана пышаққа ілігеді. Әйтпесе соғымға арналып екі-үш бас қазанға түседі.

Тіпті, біреуі жыл бойы соғым соямыз деп кесірленеді. Онысын және жазсоғым, қыссоғым деп жіліктейді. Бұған қарасақ көктемсоғым мен күзсоғымның да болғаны ғой... Біздің де жетісіп тұрғанымыз шамалы. Соғым деп үш-төрт қойды отап тастайтынымызды несіне жасырайық.

Соғым сөзі тек жылқының етіне қаратылып айтылады. Жылқының еті қашан піседі, сонда соғым басталады.

Күздік те солай. Күздік сөзі тек ешкі етіне қаратылып айтылады. Ал ешкі етінің пісуі қазан айына келеді. Осы айда серкелер сере қазы байлайды. Оны серке қазы деп әспеттейді.

Ең жеңіл ет - ешкінің еті. Тез таралады. Дәруменге өте бай. Әсіресе, жасы келген адамдарға қажетті кальций қоспаларына өте бай. Ол үшін ешкіні өсіру керек. Өсіргенде ешкіні кәдімгідей тәрбиелейді. Бұл нағыз қара күздің уақыты. Қаракүзде ешкі малы, оның ішінде серкенің еті кемеліне келеді, шынымайланады. Аса семірген серкеден кәдімгі қазы түседі. Мұндай ет кәрі-құртаңға айтарлықтай қуат, нәр береді.

Осы күнде шүйгін болсын, сүйгін болсын деген сөздер жарыса қолданылып жүр. Оны соғым бата деп әспеттеп жүрміз.

Шын мәнінде соғымға жылқы сойылғанда шүйгін болсын дейміз!

Күздікке серке сойылғанда сүйгін болсын дейміз!

ТӨРТІНШІ ТҮЛІК

Сонымен не болса да болды. Жағдай мен ойлағандай емес екен. Комада жатсақ та тіріміз. Әлі күнге дейін күздік соятындар бар екен. Күздікке күні кешегідей серке сояды екен... Бұл менің күтпеген нәрсем. Және ешкіні Түркістанда да, Қостанайда да, Торғайда да, Жезқазғанда да, өзіміздің Шетте де кәделі ас ретінде жейді екен. Соған қарамастан кекету, мұқату, кекесін сипатындағы жазбалар да бой көрсетті. Ең бастысы өздеріңіз сауал қойдыңыздар - өздеріңіз жауап бердіңіздер.

Осымызбен біз не ұттық?!

Бұл сауал өте маңызды.

Қазақ жөңге емес ғой. Қыбырлағанның бәрін ауызға жетелей жөнелетін. Біздің не ішіп, не жейтініміз қанымызда жазылып қалған. Біз сол жадымыздан әлі айырыла қоймаппыз. Айырылған күні ұлтсызданамыз. Алдымызда үлгі ала қоярлықтай ешқандай ұлтты көрмей түрмын. Мақтап жүрген араптарымыз біздің бабаларымыздың тырнағына да татымайды. Туған қарындасын қатын еткен олардан не қайыр? Өздерін өркениет көшінің алдында бара жатырмыз дейтін орыс көршіміз өз сідігін өзі ішіп отыр. Ол қайтып бізге өнеге көрсетпекші?! Жұрт мақтаған прансозың бақа жеп отыр. Жапоның шаян жеп отыр. Бұл ерте ме, кеш пе - бір жерден шығады. Сонда опық жейтін боламыз. Сол прансозымызға қарайықшы. Ең әдемі қыздар солар деп келдік. Қазір ең көріксіз қыздар қатарында жүр. Мұның өзі жұқалап айтқаным. Трусиіне ие болмаған жұрт осы кепке ұшырайды. Ақборықтай ұл тауып келген сол прансоз қыздарымыз не істесе де зәңгі туып жатыр. Содан да қазіргі прансоздардың түсі қоңырқай тартып барады...

Бұл пәле бізге де келіп қалды. Біздің қыздарымыз қысық көздерді дүниеге келтіріп жатыр. Бұл - ұлттық апат деген сөз! Тоқал алмақ тұрсын жалғыздарына ие бола алмай отыр. Қуат іздеп аптекаларда жүр.

Олай болса ішіп-жемімізді түзейік! Сонда ғана дүниеге Тоқсанбай, Сексенбайлар келеді. Әзір оның ауылы алыс та болар, дегенмен Елубайдарды көріп кеткеніміз ғанибет болар еді. Ұлт үшін, әрине...

Біз қазір бәрін білетін сындымыз. Білмей жатсақ инетіміз бар. Алайда сол инетіңіз жөн сөйлемей тұр-ау. Сайрап тұрған уикипедияны ашсаңыз ешкіге келгенде жағының қарысып қалғанын көресіз. Түк таппайсыз. Емге жоқ... Энциклопедиямыздың жағдайы да жетісіп тұрған жоқ. Сондықтан бізге қазақ дүниетанымына деген, қазақтануға деген жаңа ұлттық көзқарасымызды орнықтыруымыз керек. Оны кешегі орысшовинистік, кеңестік, өзіміздің жаңақазақтық, космополиттік жамылғыштарынан аршып алуымыз керек.

Қайсысын ашып қарамасаңыз да қазақ халқының ұлттық дүниетанымына қатысты атауларға келгенде аяғымызға тұсау түскендей кібіртіктеп қаламыз.

Бұл ұлт қастандығы! Ұлт қастандығы деген кеше ғана емес, бүгін де өршіп тұр. Оның өзі күтпеген жерден алдыңды орайды.

Жақында ғана бір хабарды оқып, айтып тұрған сөзімнен жаңылысып қалдым. «Қазекпеге» halal деген сертификат беріпті. Ондай пәтуаны кімнің шығарып отырғанын да іштей біліп отырмыз. Сонда мұнымыз қай сасқанымыз? Мешіт құдай үйі деп жүргендердің өзі пәтуасыздар.

Әйтпесе, құдайға мешіт не керек?! Атқораның эр жақ-бер жағындағы мешіттеріміз құдай тұрсын өзімізге де керек болмай бара жатыр-ау...

Олай болса біздің діни нанымызға да жаңа көзқарас қажет болады.

Әңгімеміз аясына қайтып оралайық.

Елдің ешкісі ешкі де біздің ешкіміз ешкі емес. Орыстың ешкісіне қарасаң иесіне жақын-ақ, құдды бір ат тергегендей Анька, Манькалап тұрады. Сол ат тергеуге жақын тұрған біздер болсақ түстеуден әріге бармаймыз. Қара ешкі, ақ серке деп қоя саламыз. Қағынан жерінген құланның жағдайындамыз. Ешкіден жерінгеніміз соншалық, тіпті жоғалып жатса іздеп те эуре болмаймыз. Босаға аттап жатқан жиендер болса оларға ешкі байлау түк те емес. Базарға барған жан ешкі саудасын көрмейді. Барған күннің өзінде ешкім де ешкіге бола саудаласпайды. Сұраған бағаңызға бере салады. Ешкі бағамының құнын түсіріп жібергеніміз соншалық, тіпті бұл тақырыпқа екінің бірі бара қоймайды. Сөйткен ешкіміздің өзі түлік қатарына жата ма? Жатса нешінші түлік?

Қазіргі әліппеден бастап академиялық оқулықтарда ешкі жарықтық түлік қатарында жоқ! Ксшегі ешкі жеген қойшы баласының өзі міңгірлеп қалады.

- Бесінші түлік шығар...- деп қарап тұрады. Қазіргі жорналшы бауырларымыз бәрін жиып тастап ешкі жарықтықты бесінші түлік деп жүр. Қой деп айтуға жасқаншақтаймыз, алтыншы түлік болып шықса қайтеміз деп... Ешкі түлік есебінде бар! Және бесінші, не болмаса алтыншы емес, төртінші! Сонда біздің дәстүрлі қалыптасқан ұстанымымыздағы түлік саны біреуге кеміп тұр ғой. Ол қай түлік болмақ?! Қайсысы болса да ешкі емес. Қазақ баласына төрт түліктен ерте білінгені - ешкі!

Есіңізде ме?

Ерте, ерте, ертеде...

Ешкі жүні бөртеде...

деп әжелеріміздің бізге ертегі айтатыны...

Қандай қонақ келсе де қазақ баласы қой жаратады. Қонаққа бола түйе, болмаса бие сою ел ішінде шінара кездескенімен, белең алмаған нәрсе. Мұнымызды кісіліктің белгісі деп айта қоюмызға бола қояр ма екен?!

Осы жерде ел ішінде жүрген бір әңгімені келтірмекпін.

Ертеректе өңірімізге қазақтың Ғабеңі - Ғабит Мүсірепові келіпті. Жанында кәдімгі академик Ебіней аға Бөкетов бар дейді. Мұндай адамдардың ел ішіне шыққанда көшелі әңгіме іздейтіні белгілі. Сондай себеппен бұл кісілер атақты Абзал Қарасартовтың баласы Мәз ағамыздың үйіне түседі. Бір қазақтың сөзін сөйлей алатын, өзінен асып тағы бір

қазаққа жөн сілтей алатын ағамызға аудан басшылары ананы сойыңыз, мынаны сойыңыз демесе керек.

Өзгеге жөн сілтеп жүрген адам өз жөнін біледі ғой. Ағамыз қонақтарына қой жаратыпты. Суын бұлақтан алдырды дейді. Бұлақ суында ауа көпіршігі болмайды. Сол ескерілсе керек. Алайда аудан басшыларының қабақтары түсіп кетеді. Ағамызды бір тулағын шығармады деп жазғырған ғой. Бұл әңгімені Ғабеңнің де құлағы шалып қалады. Содан кетер кезде аудан басшысы:

- Тай соятын жөніміз бар еді, - деп міңгірлеп, өзінше ақталмақшы болады. Сонда Ғабең:

- Түйе соятын жайы бар екен. Жөні келмей тұр ғой, - деп аяғының ұшына қараған елдің басын көтертіпті. Сол тұста Ебіней аға суық тигізіп алған екен. Тықыл жөтеліпті.

- Жазжөтелдің мың да бір емі серке қазысы емес пе? - депті Ғабең. Мәз ағамыз қазысын қайыстырып айналдырып Ебіней аға үйіне серке қазы жібереді. Өйткені қонағына жөн білетін қазақ ешкі етін ұсынбаған.

Бір отырыста осы жай әңгімеленіпті. Сонда Ебіней ағамыз:

- Ел де оттай береді, кісілігі сүйсіндірді! - депті. Мұнан шығатын қорытынды есті қазақ қонағына ешкі етін ұсынбайды екен. Сонда ешкі етін қай уақытта жаратады? Күздікке жаратады!

Күздікке жаппай серке сояды.

Қазақ ауылдары үш ай жаз, екі ай күз ешкі етін жеп шығады. Ұзын ырғасы қазақ баласы бес ай ешкі етін қорек қылады екен. Аяқты малда құнарлығы жағынан ешкі етіне жететін мал жоқ. Ешкі қуалап жүріп шөптің бес жүзден астамын талғажу етеді екен.

Бұл не деген сөз? Бұл қазақ баласы өзіне керек дәрумендi ешкі етінен алады деген сөз. Құрамы жағынан ешкі сүті ана сүтіне жақын екен. Жетім қалған баланы осы ешкі сүтімен жеткізген екен. Оның үстіне бабаларымыз ешкі етін бала-шағанікі, шал-шауқандардікі деп кесіп тастаған.

Бұл не деген сөз? Бала-шаға қашанда дәрумендi болады деген сөз... Шал-шауқандар қашанда бақуатты жүреді деген сөз... Дүниеге Алпысбай, Сексенбай, Тоқсанбайлардың келуіне осы ешкі еті үлкен сеп дейді. Ендеше ешкі етін жейік... Серке сересін кертіп отырайық...

Ешкімізді төрт түліктің қатарына енгізейік! Төрт түліктің ішінде ешкінің орнына жүріп жүрген түлікті дөптейік. Оны түлік тізімінен шығарайық! Қазақтың түлік саны бесеу емес, төртеу! Олар - түйе, жылқы, қой, ешкі!..

Бұл тізімнен шығып қалғаны - сиыр... Сиыр үлкен сасық саясаттың арқасында төрт түліктің қатарына еніп кеткен. Қазақ баласын отырықтандыру керек болғандықтан патшалық Ресей қазақ даласына сасық

сиырларын тықпалаған. Сол себепті сиырды барынша әспеттеген, оның орнына қой мен ешкіні неше түрлі сөзбен орынсыз күстаналаған.

Еті қорғасын, еті теке сасиды, ішіңді кептіреді, ішіңді желге толтырады... Осы сөзді кейінгі ұрпақ кемі ғасыр бойы естіп келеді. Соның кесірінен ел ешкі жемейтін жағдайға келді. Діни әпсана бойынша шайтан адам баласына әйел бейнесінде көрінеді. Сол діни сана бойынша шайтан бізге ешкі бейнесінде көрінеді.

Еркекті тура жолдан тайдыратын шайтан, ал ол болса әйел мен ешкі бейнесінде көрінеді. Шайтанның мүйізді, айыр тұяқты болып бейнелетіні сондықтан. Қой жоғалтқан қазақ болса да, ешкі жоғалтқан қазақ болмайды. Ешкісін жоғалтқан қазақ онысын іздемеген. Шайтанға айналып кетті деп есептеген. Астрологтардың айтуынша адам түсіне ең көп кіретіні әйел мен ешкі екен. Түсінде ешкі көрген қазақтың тыншуы болмаған. Оның жоруы болмаған. Аныған Алла біледі деп қоя салған. Түсіне ешкі кірген бабаларымыз онысын отпен аластаған. Өйткені ешкі шайтан. Шайтан оттан жаралған. Қайтып отқа айналсын деген ниет. Түсінде ешкі көрген бабаларымыз ақ жаймаға ақ тамызып, түсімді көшіре көр деп отқа жағып жіберген. Соңынан білген аятын оқыған. Өйткені шайтанның құраннан ғана қорқатынын білген.

Көкбарды екінің бірі білетін болар. Сол көкбарға серке салатыны баршаға аян. Және тартысқа тек еркектер түседі. Серкенің терісінің сақтиян екені рас. Одан гөрі шайтандығы асып тұр. Серкені талапайға берсе осындай себебі бар. Шайтаннан өш алу мұнымен тынбайды. Көкбар ешкі денесі тартуға жарамағанда тоқтаған. Бұл кезде ешкі еті өз сөлімен әбден мылжаланданып қалады. Соңынан көкбарға қатысушылар әлгі ешкі етін жейді.

Оны былжыр дейді. Ешкі еті дәмді болса шайтанды аластадық дейді.

Көкбар беру деген сөз шайтанды аластау деген сөз. Түсінде ешкі көрген адам ғана көкбар берген. Енді аталарымыздың шайтанды шығарғанда әжелерімізге қамшы көтергенін еске алыңыз. Осы да жетер. Бас жаққа барыспағанымыз абзал болар.

Ұлт денсаушылығына сызат түсті. Төрт қатын алатын қазақтың ер-азаматтары қазір біреуден аспай тұр. Еркектік қауқарлығынан ажырап жатыр... Ер-азаматтарымыз жерге қараған заман туып тұр. Балаларымыз үйлене сап ажырасып жатыр...

Ойландырмай ма? Ер-азаматтары бар қарындастарымыз ойнастықтарын ашық жасауға көшті... Бұл да ойландырмай ма? Ойландырса осымен әңгімемізге нүкте қояйық.

Кешегі бабаларымыз жоқ, оның орнына ешкінің етін, сүтін ас деп білмейтін жаңа ұрпақ келді. Бұл ұрпақ түлік санын көбейтетін ұрпақ емес. Өйткені қойдың құлағынан қорқатын ұрпақ өсіп шық-

ты. Ал кешегі аға ұрпақ қайтып келгендей жағдай болса ешкіні міндетті түрде түлік қатарына қосар еді. Төртінші түлік қылып.

ШЕК

Алдыңғы әңгіземіз мына әңгімемізге астар болуға жарамайды. Бәлкім, келісерсіз, бәлкім, қарсы боларсыз. Өйткені бүгінгі әңгіземіз аруақтармен қатысты. Ал қазақ баласы еш уақытта аруаққа қарсы сөз сөйлемеген! Бұл бір өте нәзік тақырып!

Бір-бірімізді жаралап алмайықшы...

- Аруақ жоқ! - дейді мешітіміз. Аруақ жоқ болса мынауымыз не?.. Аруақ қазақтың соңғы бастионы! Оны беріп алсақ қазақтығымыздан кеткеніміз... Онда қазақ даласында жаппай мола бұзу басталады... Ал сол молалар мына даланың иесі...

Біздің қай ісімізде болсын береке болмай тұр. Ұлтқа опа бермейтін жандайшаптарымыз тағы да Елбасымызды Нобель сыйлығына ұсынып жатыр. Алтыншы, әлде жетінші... рет. Бәлкім, сегізінші рет. Ала алмайтынын біліп тұрып ұсынамыз-ау.

Мұнымыз ұлт қастандығы! Басқа түк те емес. Бұл қазақ халқының сағын сындыруға істеліп жатқан жұмыстың бір кішкентай мысалы.

Қазір Ассамблея ұлттық кодымыз деп сайрайтындар да шықты. Ұлттық код не деген сауалға термешілеріміз термеде деп, суретшілеріміз оюда деп, домбырашыларымыз домбырада деп, жырауларымыз жырда деп бөсіп жатыр.

Соған орай атаулы күн сұрай бастады. Өйткені оның мысалы бар. Бізде домбыра күні бар. Олай болса қобыз күні неге жоқ дейді, сыбызғы күні неге жоқ дейді? Әрі-беріден соң қобыздың домбырадан бұрын пайда болғанын алдыға тартады. Бұлар адам баласының жаратқандары ғой.

Енді Құдай жаратылысын кодқа шығару басталды. Жаратушы әуелі адамды жаратты, одан қазақты жаратты, қазақ қазақ болу үшін түйені, жылқыны, сиырды, қойды жаратты. Неге екенін қайдам, ешкі жарықтық бұл тізімнен шығып қалып тұр. Далбаңдардың бұл тізімге үй құстарын қоспағанына шүкіршілік етесің.

Елдігіміздің басты нышаны - мемлекеттік рәміздеріміз. Олардың өзі әлі күнге дейін бір жүйеге түспеген. Гимнді әнұран, гербті елтаңба, туды ту деп алдық. Алайда жатық қолданыс емес. Әуелі осы атауларымызды бір ізге түсіріп алайық.

Әңгіме елге қатысты болған соң онда міндетті түрде ел, болмаса оны алмастыра алатын сөз болу керек. Олай болса әнұранымызды - елұран, елтаңбамызды -елтаңба, туымызды - елбайрақ дейік. Қазақы жатығы осы деп білем.

Қазіргі қазақ баласы қазақтың ұлттық коды деп жылқыны біліп отыр. Оның мемлекеттік рәмізімізде көрінуі заңды да. Ал үңілейік. Не көріп отырсыз? Елтаңбамызда не бейнеленген? Әрине, жылқы. Нақтылай түссек тұлпар. Тағы бір қараңызшы. Қанаты бар ғой жарықтықтың. Ендеше пырақтың өзі болғаны!

Тағы бір рет көз салыңызшы. Көзіңізге мүйіз шалынды ма? Шалынды, әрине. Жылқыда мүйіз болмайды. Мұндай мүйіз таутекеде болады. Мұндай қарағай тескен шалқақ мүйіз серкеде ғана болады. Олай болса елтаңбамызда ешкі жарықтықтың да болғаны ғой. Маған салса мен ешкімізді мемлекеттік рәмізімізге ойланбастан шығарар едім. Өйткені еліміздің біржолата күйремеуінің бір себепшісі осы - ешкі жарықтық. Төрт түлігіміздің ішінде мемлекеттік рәміздерімізден өз орынын алуға толық құқылы. Сөз жоқ, ол қазақ баласының ұлттық коды! Араб жұрты ешкі соңында өлуге бар. Өйткені олардың құрбандығы бар. Құрбандыққа олар қазекең сынды не сиыр, не түйе, не қой шалмайды. Олар ешкі шалады.

Осы жерде ат шалдыруға тура келеді. Құрбандықты ең әуелі пайғамбарларымыздың шалғаны, құрбандыққа көктен қой түскені және шалынғаны белгілі. Олай болса араптардың қой орнына ешкі шалатыны қалай? Осы араптарымыздың өзі дін мұсылман ба?! Менің мұндай қитұрқы сұрақтарыма жауап беруге Өмір ағам құлықсыз. Өйткені ол кісінің алдында жайнамазы бар, қолында таспиығы бар. Ақадырда алғаш болып мешіт ашқанымызда бір адамдай шапқылаған еді. Екінің бірінің үйінде бола бермейтін түркіменнің қалы кілемін өз қолымен мешітке әкеліп тапсырып еді. Бүгінде мешіттен шыға қойған жоқ. Алайда ол кісі де қазір жұма намазы күні ғана бас сұғады. Себебі толып жатыр...

Тіпті, мола салма деп жатыр. Оны, әрине, Өмкең ауырлайды... Кешегі Колбин аман жүргенде біздің бір мешітімізге ие болғандай екенау... Ал Өмкең болса салып тастады күмбезін. Өмкең жатар жеріне жата қоймаса да ел ол жерді Өмкең қарауылы деп айта бастады.

Құрбандықтың әу басқы үкімі қой шалу болатын. Ал кейінгілердің түрлі пәтуа шығаратынын қалай қабылдау керек?! Кімге қалай, менің қабылдағым жоқ. Ит сегіз тауып, қойдан көп емес, ешкі де сегіз тауып қойдан көп болмай тұр. Саны бойынша қойдан озық тұрған ешқайсы жоқ. Олай болса ешкі шалу бұрыннан бар болған. Араптар да ешкі шалған. Қойдан бұрын, әрине. Ал кімге арнап шалды? Болмаса не себепті шалды? Бұл ойланатын мәселе. Олар да алғашқы ұстанымынан кете алмаған. Қилы пәтуа туындауының басты себебі де осы-ау деп ойлаймын. Біздің де жетісіп тұрғанымыз шамалы. Араптардан алыс кете қоймаппыз. Жай уақыттың өзінде сиыр етіне жолай қоймайтын қазекем құр-

бандыққа келгенде жол беретіні қалай? Соған қарамастан дін мұсылмандық бізде қалған-ау осы... Қазақ баласы құрбандыққа түйе шалды дегенді естімеппіз. Арагідік кездесіп қалғаны болмаса сиыр да шалмаймыз. Ешкі жарықтыққа атымен жолай қоймаймыз... Ал ешкіні құрбандыққа шалу жөніндегі пәтуа біздерде былтыр ғана шықты-ау деймін... Бірақ имамдарымыз пәтуа шығарды екен деп құрбандыққа ешкі шалған жанды да көрмедік. Қазақ құрбандыққа тек қой шалған! Арагідік ешкі шалушылар да болды. Олардың саны жыл өткен сайын көбейіп те келеді. Бірақ олар ешкілерін құрбандық деп шалған жоқ!

Шек деп шалады! Шек шалушылық біздің өңірде сексенінші жылдарға дейін келді. Айттан бір күн бұрын шалушы еді. Ауыл молдалары Қатым Құран түсіруші еді. Ол заманда қатымды бүгінгідей бір күнде түсіре салмайды. Молдамыз оңашаланып бір ай бойы шығарушы еді. Сондықтан жұрттың бәрі шектің қай күні келетінін біліп отырды. Шектің батасын да молдалар беруші еді...

Осы жерде тағы бір мәрте ат шалдыруымызға тура келеді. Өйткені әңгіме ешкінің басы туралы болмақ. Басқа басқа, ешкінің басына бата берілмейді. Тіпті, қазақ баласы ешкінің басын табаққа да жолатпайды. Мұндай жағдайда бата беріледі. Дастарқан батасы деп.

Ал шекке шалғанда бата беріледі! Шек батасы! Өйткені ол Аруақ шақырды ғой! Оның өзінде молда береді... Бұл күні ешкі жарықтықтың бағасы аспандар еді. Оған деген елдің құрметі басқа күні болмаса да сол күні көрінер еді. Және шекті әр босаға шалушы еді. Құрбандық шалмайтын шаңырақ болса да шек шалмайтын үй болмайтын!

Өйткені шек аруақтардың несібесі! Құрбандықтағыдай ешкім де ешкіге мінгесіп жатпайтын. Оның ешкі ақ болсын, ешкі қара болсын деген пәтуасы да болмайтын. Ешкі болса болды! Сау болса болды!

Тоқсаныншы жылдардан бастап діннің елімізде өрістеуімен шекке тосқауыл қойыла бастады. Ең соңында ұмыт болуға айналды. Бұл harам деді мешіт! Бұл Аллаға серік қосушылық деді мешіт! Бұл ширк деді мешіт! Мұны естіп әке-шешелеріміз қаяулы болды. Іштей мешітке қарсылықты болды! Қалай сол кісілер кетті, шек те солай сап тыйылды. Оған да, міне, ширек ғасырдан астам уақыт өтіпті. Мешітке ілесіп біздер де жоқ дедік. Аруақ жоқ дедік!

Тоқсаныншы жылдары ел ата-бабаларына оқытар құрандарын мешітке барып оқытушы еді. Бүгінде ел молаға барып оқитын болды! Өйткені Аруақ бар! Биыл шек шалған біраз жанды білемін. Шекке етпкі шығарғандарын да білемін! Олай болса бізді аруақтар тастамапты!

Біз де Аруақтарды тастай алмаппыз! Өйткені мына даланың екі дүниеде иесі - Аруақ! Бүгінде қалың қазақ түсінді. Аруаққа деген құрметін түземейінше ел болмайтынын! Бұған ештеңе де кедергі бола алмайды. Қыл ақыры мешіт те!

Ел жермен жексен болып кеткен молаларын, қорымдарын іздеп жатыр. Басын қайтып қарайтып, қыруар қаржы тұратын ескерткіш-белгілерін қойып жатыр. Ешкім ондай бұйрық, нұсқау беріп жатқан жоқ. Мешітіміз әу бастан қарсы.

Сонда бұл не? Бұл Аруақ бар деген сөз. Шектеріңіз қабыл болсын! Шекке шығарған шекшектеріңіз қабыл болсын!

Аруақтар екі дүниеде де алқасын Сіздерді! Жайшылықта ешкі етіне тыжырынып қарайтындар жұқтап қояр еді. Себебін мың ойлансаңыз да таппайсыз. Жетпісінші жылдары осының себебін сұрап ауыл молдасы Қаппар Беркімбай ақсақалға бардым. Ол тұста Қапекең елудің жуан ортасында болатын. Алайда бізге ақсақал болып көрінуші еді. Ол кісінің жауабы қысқа болды:

- Қойды құрбандыққа жыққанда дыбыс шығармайды. Ал ешкі жарықтық бақырып қоя береді. Ырымшыл қазекем осыны аруақ шақырды дейді...

Міне, қызық, бұл мен бұған дейін білмеген дүнием еді.

- Араптар ешкілерін құрбандыққа шалады ғой. Оларда да аруақ деген түсінік бар ма? - деймін атеистігім ұстап.

- Оны өздерінен сұра...

- Шекке қой шала ма?

- Түк болмаса шалуға болатын шығар. Біздер атамзаманнан ешкі шалып келеміз. Ешкі аруақтар несібесі...

Бүгінде шек шалу қазақ даласында некен-саяқ кездеседі. Мешіт мұнымызды һарам жоралғыға балап қойды. Содан жалпақ жұрт та шек шалуға құлықсыз.

- Аруақ жоқ! - дейді мешітіміз.

- Аруақ бар! - дейді қаймана қазағымыз. Өйткені шек шалып жатыр. Өйткені шекке шыққан шекшегіміз бақырып:

- Аруақ!... - деп жатыр. Шек шалайық! Ең құрығанда ішімізден ешкіге қосылып тұрайық:

- Аруақ! - деп.

- Аруақ!..

- Аруақ!..

- Аруақ!..

ЕШКІБАС

Қазақтанудағы жазбамды осы «Шекшек» жазбаммен жаба салуға болушы еді. Алайда бұл жазбам да этнографиялық жазба болғандықтан оны жалғастыруды жөн көрдім. Әңгіме бас, малдың басы, оның ішінде ешкінің басы жөнінде.

Қазақ даласындағы біраз дау-дамай осы бастан шыққан.

Менің бір ағам болды. Тілі тікенді еді. Керемет қотармашы еді. М. Аралов деп қотармалайтын. Өз жазбаларына келгенде Марал Хасен деп жөніне көшетін. Сол кісі біреулерді жақтырмағанда:

- Ешкібас! - деп зілденіп айтушы еді. Содан әуре болайын. Ешкібас дегеніміз қандай бас деп. Күндердің күнінде аупартком жақтан көңілсіз оралды. Өзінше қатырып отыр екен:

- Ешкібас!.. - деп. Сабасына келгенде көкейімде тұрған сауалымды лоқсыта салдым.

- Ешкібас деген қандай бас? - деп. Ағамыз түк болмағандай жайдары қалпына көшейін десін.

- Ит жемейтін бас! - деді.

Осы сауал да, алған жауабым да әлі күнге өзіммен бірге келеді. Қалада бас әңгімесі жүрмегенімен қырда басқа қатысты қилы әңгіме баршылық. Кешегі күнде басқа деген талас болған. Өйткені бас ұстаудың да қазақы жолы бар. Жолыңнан жығылдың ба, соңыңнан қалмайтын сөзге қалдым дей бер. Бастың да бәрі бас емес.

Жылқының басын шеке дейді. Және оларын табаққа салмай бөлек әкеледі.

Ешкінің басын шік дейді... Арқадағы бас жөніндегі әңгімесі көбіне Арқаның асу бермес биі Бәйсейітпен байланысты. Ертеде Тобықтыда өткен бір асқа Бәйсейіттің әкесі Қырбас та барыпты. Қанжығалы қарт Бөгенбайдың сынына толып, жалғыз қызын алған Қырекең де оңай адам болмаған. Жолы да, жасы да келіп тұрса да табақта бас болмапты. Содан жер болып оралады. Күндердің күнінде сол елде тағы да ас өтеді. Енді асқа Бәйсейіттің өзі барады. Жолы да, жасы да келіп тұрмаса да табақта бас болыпты. Сонда Бәйсейіт:

- Шабыңдар Қырекеңе! Бастың батасын алып келіңдер, - деп жігіттерін жұмсайды. Содан бас қайтып келгенше дүйім жұрт дастарқаннан тұра алмапты.

Қойдың құлағын ұстаған ауыл баласы емеспіз бе. Бір күні үй іші лақ сойсын. Ет табаққа түсісімен лап қойдық. Сол кезде Асылхан інім:

- Ешкінің құлағын жегім келеді, - деп қиғылық салсын.

- Ит алып кетіпті, - деді отырғандардың бірі. Балалығым болар, мен соған сендім. Кейін білсем ит алмапты. Ешкі сойғанда басы табаққа түспейді екен. Себебін біле алмай көп жүрдім. Жөн білетін әкем де жөнін айтуға құлықсыз еді. Бір күні айтты-ау:

- Ешкі басына бата қайырылмайды, - деп. Неге екенін қайдам, неге деп сұрай алмадым. Шамасы өзім табам деп ойласам керек. Бір күні оның да жауабын білдім:

- Ол - шайтанның еншісі... Бұл мені қатты ойландырды. Бала да болса астар іздеймін. Ойыма әжемнің ешкі басын ұстап отырғаны түседі.

Өзімнің де шешемнің бастың миын алып отырғанын көріп қалғам. Тағы да әкемді жағалаймын...

- Енді оны кім ұстауы керек? Шайтанның басын шайтан ұстау керек!..

Бұл маған ұнамады. Анам кетіп қалып тұр ғой. Бірақ өзін де жетістіріп тұрған жоқ ғой. Оның да өз шешесі кетті ғой...

Бәрібір бұл маған тыншу әкелмеді. Ешкіге байланысты түрлі қиғаш-тықтарды көріп қалып жүремін. Әйтеуір жұрт оны кемсітіп тұрады, болмаса кемсіткілері келіп тұрады. Содан да ел ешкі жөніндегі әңгіме-лерге көп жолай қоймайды. Алайда мен қалмаймын. Алдымда менің сауалым жүреді:

- Шікті кім мүжиді?
- Әйелдер мүжиді!.. Мен бәрібір қалмаймын:
- Батасын кім жасайды?
- Ешкі басына бата жасалмайды... Мұнан түсінгенім ешкі бірде жа-райды, бірде жарамайды. Неге? Тағы да сол Қаппар ақсақалға барғам:
- Шекке ешкі соямыз ғой?..
- Қазақ ешкі сояды...
- Бата жасаймыз ғой?
- Әрине...
- Ешкінің басы табаққа түседі ғой?
- Түседі... Осы жерде ақсақалымыз кідіріс жасасын. Сосын әрі жал-ғасын:
- Шекшектің басын бөлек әкеледі...
- Шеке сияқты ғой?
- Иә, шеке сияқты...
- Кім мүжиді?
- Бата жасайтын адам мүжиді...
- Оны кім жасайды?
- Шек құранын кім оқиды, сол жасайды... Қапекең менің неге келіп отырғанымды, әрине, біледі. Сондықтан ол кісі де жауаптан мүлт кет-пеуді ойлайды. Жауабын қысқа қайыруға тырысады. Сауал қоюда мен де қуланып алдым. Барынша қысқа қоямын. Енді мен өзімді де, елді де қинайтын сауалымды ақсақалымызға іркілмей қояйын:
- Осыған дейін шайтан деп келдік ғой?
- Келдік...
- Енді?..
- Шек құранын оқыдық ғой! Шайтан қанша жерден мықты болса да құраннан қорқады!

Енді мен үндемей қаламын. Асылық жасап, ақсақалды қинағаныма кәдімгідей ұялыс табамын. Осы жауапқа өздігімнен жетпегеніме, же-

тесіздігіме налимын. Ал ақсақалдың мерейі тасып тұр. Ол кісі талай рет шек құранын оқыған. Өйткені ол кісі ауылымыздың молдасы болады. Кейінде дүние өзгергенде де ел оқыған молдаларды іздемей осы ақсақалды іздеп жататын.

- Шек жылына бір-ақ рет келеді. Аруақтарға арналып шек құраны оқылады. Құран оқылған жерге пәле-жала, жын-шайтан жоламайды... Шек те белгімал. Ал белгімал қашанда елдің назарында жүреді. Ол әу бастан адал. Қазіргіше айтсақ һалал. Өйткені ол құранға ұйғарылған мал, шекке ұйғарылған мал... Жә, Қаппар ақсақалымыздың осы сөзімен бұл жазбамды да аяқтайын. Бірақ кейінде мен де Марал ағамның сөзін қолданатын болдым. Ешкібас деген сөзін... Өйткені бұл өмірде мен жаратқан адамдар да бар, жаратпаған да адамдар бар.

Құдайым баршаңызды осы ешкібастықтан сақтасын!

ТАҒЫ ДА БЕСІНШІ ТҮЛІК ТУРАЛЫ

Белгілі жорналшы М.Сембайдың мақаласына үнқосу орайында жазылған «Бесінші түлік» атты мақалам бойынша оқырмандардан біраз хабарласулар болды. Әуелі өзіміздің «Орталықта» жарық көрген мақалам көп ұзамай «Егеменге» де шыққан еді.

Әңгіменің түп сұрауы ешкі жарықтық неге бесінші түлік аталмады деген сауал.

Мен осы сауалды басқаша қойғым келеді. Ешкіні қазақ неге төрт түлікке қоспады деп.

Мен өзімді толық мұсылманмын деп айта алмаймын. Намаз оқитыным рас. Әкем де, шешем де намазға жығылған. Әжем де намаз оқитын. Әр жағын білмеймін. Балам да намаз оқиды.

Менің түп бабам Болатқожа (Қаракесек) менің он бесінші бабам болады. Сол бабам мұсылман дінінде болыпты. Ол жөнінде тарихи деректер там-тұмдап кездеседі. Алайда менің бабаларым өздерінің бұрын тұтынған Тәңірі дінін де талақтамаған. Сол тін менің де бойымда бар.

Мұны неге айтып отырмын?

Ешкі белгілідей жеңілтек мал. «Текедей бақылдап қалған», «текесасыған», «текесақалданған», «шыбжыңдаған шібіштей», «ешкінің құйыршығы», «қотыр ешкіше сүйкеніспей...» сынды құлақашар теңеулер тіліміздe артып жығылады. Және күні бүгінге дейін қолданылады.

Мұнан ұғарымыз ешкіні бабаларымыз әу бастан жаратпаған.

Неге?

Әргі-бергі тарихты қопарыстырып отырсаң әскерлер жорыққа басқасын алмай ешкі жарықтықты алып жүріпті. Әр жағы түсінікті. Араб елдерінде ешкімен төсектес болу әуезесі бар. Ондай әуезе көршілес отырған елдерде бар. Ішінәра өзімізде де кездесіп қалады.

Әсіресе бұған оң-солын тани қоймаған балалар килігіп жатады.

Діни әпсана бойынша шайтан адам баласына әйел бейнесінде көрінеді.

Сол діни сана бойынша шайтан бізге ешкі бейнесінде көрінеді.

Еркекті тура жолдан тайдыратын шайтан, ал ол болса әйел мен ешкі бейнесінде көрінеді. Шайтанның мүйізді, айыр тұяқты болып бейнелетіні сондықтан.

Қой жоғалтқан қазақ болса да, ешкі жоғалтқан қазақ болмайды.

Ешкісін жоғалтқан казақ онысын іздемеген. Шайтанға айналып кетті деп есептеген.

Астрологтардың айтуынша адам түсіне ең көп кіретіні әйел мен ешкі екен. Түсінде ешкі көрген қазақтың тыншуы болмаған. Оның жоруы болмаған. Анығын Алла біледі деп қоя салған.

Түсіне ешкі кірген бабаларымыз отпен аластаған. Өйткені ешкі шайтан. Шайтан оттан жаралған. Қайтып отқа айналсын деген ниет.

Түсінде ешкі көрген бабаларымыз ақ жаймаға ақ тамызып, түсімді көшіре көр деп отқа жағып жіберген. Соңынан білген аятын оқыған. Өйткені шайтанның құраннан ғана қорқатынын білген.

Көкбарды екінің бірі білетін болар. Сол көкбарға серке салатыны баршаға аян. Және тартысқа тек еркектер түседі.

Серкенің терісінің сақтиян екені рас. Одан гөрі шайтандығы асып тұр. Серкені талапайға берсе осындай себебі бар.

Шайтаннан өш алу мұнымен тынбайды. Көкбар ешкі денесі тартуға жарамағанда тоқтаған. Бұл кезде ешкі еті өз сөлімен әбден мылжаланданып қалады. Соңынан көкбарға қатысушылар әлгі ешкі етін жейді. Ешкі еті дәмді болса, шайтанды аластадық дейді.

Көкбар беру деген сөз шайтанды аластау деген сөз. Түсінде ешкі көрген адам ғана көкбар берген.

Енді аталарымыздың шайтанды шығарғанда әжелерімізге қамшы көтергенін еске алыңыз. Осы да жетер. Бас жаққа барыспағанымыз абзал болар.

КҮҢЕМШЕК

Ешкі жөнінде бір елу бет жазып қоя саламын дегем. Алайда бет саны ұзап барады. Тіпті, жүз бет те жазуға болады екен. Алайда бұл бос сөз емес, этнография ғой. Бүгінде асфальтта туған, ешкі емшегінде неше үрпі барлығын біле қоймайтын, дүмбілездігіне қарамастан өздерін этнографпын деушілер көбейді. Бұлар өте қауіпті. Бұлар - Сусаниндер. Өз қатемізді түзей алмай жүріп өзгелердің жаңсақтықтарын түзеу азап жұмыс. Бұл дегеніміз чистильщик

деген сөз. Күл жұмыс тазқараның жұмысы. Бұл жұмыс тіл санитарының жұмысы. Сол жұмысқа жегілген түріміз бар. Кезінде «Түңіліктің бауы - төртеу» деп елді өзіне жалт қаратқан Ақселеу ағамызды да «ағаларын беттен алды» деп сөктік. Сол әңгімеге біз де жақын жүрміз-ау. Ерте ме, кеш пе, әрине, бұл тақырыпқа біз де барамыз. Ал бүгінгі әңгіме ешкінің сүті жөнінде

Арқадағы жатаған таулар жеткілікті. Қанша тау бар, сонша атауы бар. Сондай таулардың бірі - Қыземшек деп аталады. Расында да айтып отырған тауымыз қыздың емшегіне ұқсаушы еді. Қазіргі балалар білмегенімен осы тау төңірегінде де аңыз-әпсаналар баршылық. Бұл жерде оларды келтіріп те керегі болмас. Алайда біреуіне тоқталудың реті келіп тұр. Ол жазбамыздың атауына байланысты. Айтып отырған тауымыздың дәл жанында тағы бір тау тұр. Алдыңғысынан ауса, кәне?! Тек емшек ұшы алдыңғысындағыдай үшкір емес, жатаған. Бұған назар аударып жатқан жандар да бар болар, алайда соның түбіне жеткені некен-саяқ болса керек.

Әңгіме кейінгі таудың атауы жөнінде.

Білетіндер күңемшек дейді. Қыземшекті бұзылмаған емшек деп қабылдасақ, күңемшекті қалай қабылдауымыз керек?!

Әлгі Қыземшекпен иіндесіп Ақшатау кеніші тұр. Өндірісті мекеннің қазақтары «рабочий емшек» дейді. Қалай айтса да бір қисыны келіп тұр. Шын мәнінде бұл атау ешкі түлігімен байланысты.

Төрт түлігіміз арасында осы ешкі емшегі дамыл көрмейді. Өйткені ешкі жарықтық кемі үшем табады, бесемге дейін барады. Оның үстіне жылына екі дүркін төл береді. Жалпақ жұрт ешкі емшегін күңемешек дегенімен шекшектер ешкінің соңғы екі емшегі деп нақтылай түседі.

Ертеректе шынымен ешкілі байлар болған. Олардың дені осы күңемшектерді көбейтуге мүдделі болған. Ағыл-тегіл сүтті не қойдан, не сиырдан емес, осы ешкі жарықтықтан сауған. Ешкінің сүттілігі соншалық, бір үшеуі сүттіген сиырдың сүтін берген. Сүтті ешкіні ертеректе сүттіген деген. Кейінде бұл атау сиырға ауысқан.

Сиыр малының бізге кейінде келгені белгілі. Арқа қазақтары әлі күнге дейін одан ет асуға құлықты емес. Ал мынау Көкше жағы қазағының сиыр етін таза қазан маңына жолатқысы жоқ. Қызыл өкімет қазақ баласын осы шекшектен әбден түңілтті. Еті шал-шауқанға ғана жарайды деп шықты. Енді бірінде еттен теке иісі шығады деп және соқты. Ең соңында қазақ баласы ешкі етін жемек түрсын, ешкі сүтінің не екенін де білмей өсті. Ал өздері болса жеп те жатты, ішіп те жатты. Терісінен етік тікті, түбітінен шәлі орамал жамылды. Тіпті, Орынбор шәлісі деген ешкі шәлісі мүтіл әлемге белгілі болды.

Ақшатаулық Қаппар ақсақалды тағы да тауып алғанбыз. Күңемшек жөніндегі сауалымызды қойғанбыз. Ол кісінің айтуынша баяғы колхоз заманында ешкі сауу қалыпты көрініс болған. Ешкі саумайтын ошақ болмайды екен. Қандай жағдай болсын қақтап саумайды екен. Соңғы екі емшегін төліне қалдырады екен.

Сол екі емшекті күңемшек дейді екен...

- Күңемшегі бар үйдің түтіні түзу ұшатын, - дейтін.

- Екі сиыр бір үйді асырайды, - деп жатыр Елбасыдан бастап аграршылдарымыз.

- Олардың аузына неғып ешкі түспеді? - деп біз отырмыз.

Ресей бүгінде қой мен ешкі түліктерін жеке-жеке дамытуға кірісті. Әлемдегі ең көп ешкі, әрине, Қытай көршімізде. Онда шамамен 180 миллион бас ешкі түлігі бар дейді. Бізде 2 миллиондай. Белорыс жұрты бүгінде сатылымға ешкі етін, ешкі сүтін шығарып қоймай, оның майын ем ретінде шығарып жатыр. Косметика өнімдеріне де осы ешкі ағарғаны пайдаланылуда. Еуропаны ешкісіз көз алдымызда елестету өте қиын. Ешкі сүтінен жасалған ірімшіктің саудасы әлемдік нарықта жүріп тұр. Тау халықтары да ешкі шаруашылығын қайта құруда. Ешкісі жоқ үйді олар үй деп есептемейді. Олардың ауа-райы жауынды-шашынды болып келетіндіктен сыртаңына ешкі терісі, ешкі жүні пайдаланылады. Өйткені ешкі терісі су ұстамайды. Ал ешкі жүніне ешқандай да шыбын-шіркей, құрт-құмырсқа жоламайды.

Ертеректе ұршық иіріп отырған әжелеріміз көрші кемпірлер келе жатқанын білген бетте ұршықтарын тасалай бастайтын. Өйткені ешкі жүнін сұрау әдеті бар еді. Бізге де қайткен күнде ешкі шаруашылығын қайтып құру міндеті тұр. Соны қайырлысы күңемшектен бастасақ.

Біз өзі қызық халықпыз. Бабалар аманатына адал бола алмадық. Оған және оралғымыз жоқ. Кешегі бабаларымыз бала-шағасын ешкімен асыраған. Ешкі жарықтықты бала-шағаның несібесі деп шегелеп кетті. Соны қаперімізге алмаған неткен халықпыз өзі?!

Қай қазақ баласы болсын баласы үшін бәріне барады. Біздің ендігіміз не? Баланың анасының омырауында сүт бар ма, жоқ па - бәрібір, ешкі сүтімен асыра деп тұр ғой... Бала үшін оның жолына қарамастан қазақ ешқашан да қой соймаған ғой. Бабаларымыздың мұнысы бізге ештеңе айтып тұрған жоқ па?! Кешегі бабаларымыз дәрі дегеннің не екенін білмей өтті! Олардың дәрісі ішіп-жеген тамағында еді... Қазақтың ұлттық тағамы тек дәріден тұрды! Ал біз болсақ одан кейін тағы дәрі ішіп жатамыз... Бізде де әр босағадан кемі он шақты ешкі өретін.

Қарағандыда ешкі жоқ емес, бар. Соның барлығы дерлік күңемшектер. Әуелі көзге ешкі шалынады. Оның соңында басына орамал байлаған әжелер көрінеді. «Орыс» әжелер...

Өз әжелерімізді қашан көрер екенбіз...

Осы жазбамның түйінін өздеріңізге қалдырсам деп едім. Алайда ешкіде сүт болатынын да білмейтін жұртшылық бар-ау деп ойлаймын. Бұл ұрпақ білсе, сүт сиырда ғана болады деп ойлайды... Сонымен күңемшектің не екенін білгендейміз! Бұл ешкінің соңғы екі емшегі! Алдыңғы екі емшегі ше? Таптыңыз ба?.. Әлі де ойланыңызшы... Әрине, қыземешек!

Қалай айтсақ та ұлы халықпыз-ау!

БЫЛЖЫР

Сонымен ешкі жөніндегі жазбаларыма нүкте қоймақшымын. Мен ойлағандай қазақ баласы әлі де ешкі етінен бас тарта қоймапты. Мені шақырушылар көбейді. Ешкі етіне... Серкенің сере қазысына...

Соңғы шақыруды осы жазбаның қазығы болған Өмір Кәріп ағамыздан алып отырмыз. Және оған Қарағандыдан біраз жан арнайы шықпақпыз. Ішімізде кім жоқ дейсіз, жазушымыз да бар, ақынымыз да бар... Профессорымыз да бар, академигіміз де бар... Ал Өмір ағамыз туғанынан ешкі етінен ажырамаған адам!

Менің бұл жазбаларымды қабылдау өте қиын. Өйткені біздің менталитетімізді өзгертіп жіберген. Мен сол комаға түсіп қалған менталитетімізді орнына қойғым келеді. Ол үшін мен өзімді құрбандыққа шалуым керек еді. Бұл қазақтың Ахаңының - Ақселеу Сейдімбектің жолы. Мен соған барып отырмын. Баррикаданың бір жағында мен де, екінші жағында менің оқырмандарым! Сол оқырмандарым жайлап мен жаққа өте бастады. Алғаш бетте өре түрегелушілер болған. Және олар жай адамдар емес еді, ел танып тұлғалар болатын. Қазір үнсіз...

Қазір кез келген қазақтан сұраңызшы. Қазақтың төрт түлігі туралы. Сарт еткізеді... Түйе, жылқы, сиыр, қой деп... Сонда ешкі қайда?

Мен осы жазбаларымда сиырды алып тастап, ешкіні кіргіздім. Ел үнсіз. Неге? Өйткені оның зәузаттық жады айқайлап түр. Ешкі төрт түліктің көкесі деп. Соны тап баса алмай түр...

Қазақ баласының нөмірі бірінші малы - Жылқы. Бірге туған жоқ! Бірге көмілді! Мүтіл мұсылман әлемі жылқыны һарам қылғанда қазақ баласы өзінің ұстанымынан айнымады. Ендеше...

Түлігінің тұңы - Жылқы!

Екінші түлігі - Ешкі!

Үшінші түлігі - Қой!

Төртінші түлігі - Түйе!

Олай болса мен әлі бұл тақырыптарға қайтып ораламын. Менің әлеуметтік желідегі жазбаларымнан кейін ешкім де бүгінде соғымға сиыр соймайды! Осы жазбамнан кейін ешкім де күздікке сиыр соймайтын болады. Мен соған сенемін!

Мен қазақ баласының зәузаттық жадына сенемін!

* * *

«Былжыр» деген бойлауық күй бар. Арқа күйшілері білсе керек. Кәрсен-Керней күйшілері тартушы еді. Қазір бұл күйді тартса Қалкен Қасымов ағамыз ғана тартатын шығар. Бәлкім, Төлеутай Асқаровініміз тартатын болар?.. Арқаның асу бермес болысы Есбергенніц бір немересінің есімі де Былжыр. Ал Есберген бабамыз ерен күйші болған. Кешегі Дәулетбек Сәдуақасов сол кісінің жұқанасы болады. Бұл күйді өмірінің соңына дейін сорасын ағызып тартқан Тоқтыбек күйші де өтті. Ол кісініц күйші баласы Ержан да бақилық болып кетті. Қазір ет тарту деген бар. Оны фарш деп алып жүрміз. Соған балама іздеп жүрген жан көрмедім. Ал оныц баламасы өзімізде бар. Бабаларымыз да ет тартқан. Және оған әйел баласын жолатпаған. Онымыз...

Былжыр... Демек былжырдың да ет болғаны. Ет болғанда қандай... Кешегі бабаларымыз былжыр деп тек ешкі етін білген... Кешегі бабаларымыз былжырды шикілей де жей берген... Ендеше ендігі әңгіміміз былжыр туралы...

Ендеше ендігі әңгіміміз ешкінің еті туралы...

Кеңестік қызыл саясат ешкі кедей-кепшіктің несібесі деп таза шегелеп берді. Сөйтіп, ешкіні түлік санатынан шығарып тастады. Оның орнына сиыр жарықтықты енгізді. Сөйтіп, сиыр жарықтық түлік санатына еніп кетті. Ешкі табиғатынан тарамыс мал. Оның етінің таралып, май жинау кезеңдері қазақтың күнделікті тұрмысына келе бермеген. Содан барып келіп-кетіп жатқан қонақтарына қой баласын жұмсаған. Ешкіге келгенде тосыла берген. Өйткені оны бала-шағаның несібесі деп білген... Осыған қарамастан қазақтың барша жастағы баласы ешкі етін жеген. Және өзі жеп қоймай, бала-шағасына да жегізе білген.

Осы жерде тағы бір шегініс жасамасақ болмайды. Баланың несібесі екенін түсіндік дейік. Шамамыз жеткенше түсіндірген болдық. Оу, онда баланың ғана емес, шағаның да несібесі деп тұр ғой. Сонда шағамыз кімдер?

Физиологиялық тұрғыдан сөйлесек адам баласы алпыс жастан асқан соң (61 жас-мүшел) қайтадан сәбилік қалпын ала бастайды. Адам өзінің

теріс қуаттарынан ажырай бастайды. Рухани жағынан тазара бастайды. Бара-бара сәбиге айналады. Шағамыз осы топқа кіретін кісілер. Олай болса ешкі жасы асқандардың да несібесі.

Ешкі етін кемсітушілік осы жерден басталады. Шал-шауқандардың асы деп. Біздің ұлт сатқындығымыз осы жерден көрінеді. Осының бәрін жазған орыс емес, жазған - қара орыс, өзіміздің бауырлар. Олар бізден ешкі етін тартып алып, сиыр етіне отырғызды. Мұнан үлкен ұлт қастандығы болмас!

Қазақ және басқа да ұлт ертегілерінде қасқыр жүрген жерде міндетті түрде ешкі де жүреді. Өйтіп-бүйтіп жүріп касқыр ешкіні (лақты) жейді. Алайда ол (ешкі-лақ) есебін тауып, міндетті түрде құтылып кетеді. Алайда бұл мифтің өмір сүруге толық құқысы бар деп білеміз.

Жай уақытта қасқыр шынымен ешкіні жемейді. Тағы да қайталап айтамыз жаруы - жарады. Бірақ жемейді! Өйткені ешкінің майы қатып қалады. Шекке май қатқан қаскырыңның өзі алысқа ұзай алмайды. Айналшақ болып, бір орынды айнала береді. Ондай айналшақты ойын баласының өзі де соғып ала алады. Ертеде де қастандық оқиғалары болып тұрған. Соның біліне бермейтін уақиғалары тікелей осы ешкі түлігімен байланысты. Жо-жоқ, ешкіге сүзгізбеген, бар-жоғы ешкі етін жегізген. Артынан құдықта тұрған бір аяқ тастай қымызды тартқызып жіберген. Сол жетіп жатыр. Адам ешкішек болып қалады. Ешкішегіңіз түйнеменізбен бірдей! Мұны жұлдыз ауру дейді. Бір түннен қалсаңыз тұрып кетесіз.

Мұның мысалын кейінгі уақиғалардан да әбден байқауға болады. Елдің есінде болса Одақ кезінде мақтаға байланысты «өзбек ісі» деген іс дуылдап тұрды. Оны сонау Мәскеуден келіп індетті. Талай адам темір тордың әр жағынан шықты. Бірақ солардың өздері де оңған жоқ. Өзбек акалар оларға ешкі етінен кәуеп пісіріп, суық сырамен жылжытып жіберді. Өзағамыздың қалай дэм дайындайтыны белгілі. Мәскеулік ағайындар тарпа бас салмай ма?! Содан Мәскеулеріне жетіп, өздерін жайсыз сезінеді. Анаған көрінеді, мынаған көрінеді, айнасына түседі - түк те таппайды. Алайда солардың мына өмірден кетуіне осы ешкі еті себеп еді.

Сондықтан да қазақ баласы ешкі өсіруге бар болғанымен, қонағына ешкі союға құлықты бола бермеген. Оның осындай себебі бар.

Бұл басты себеп! Ең жеңіл ет, әрине, ешкінің еті. Тез таралады. Дәруменге өте бай. Бабаларымыз оның қалдықсыз ресурс екендігін жақсы білген. Ешкі етінен кейін бір аяқ қымыз, не ашыған ішсе жетіп жатыр. Олар ешқашанда майдың қатуына жол бермейді.

Ешкінің қазы беретін қазылық айы қазанмен тұспа-тұс келеді. Серкелерді ұшалап осы айда сояды. Ешкінің қазысы алты айдан аспайды.

Асқан уақытта май өзін өзі жейтін болады. Аш қасқырдың да ешкіні жейтін жайы болады. Сондайда қасқыр кәдімгідей шөп жеп тұрады. Ол шөбіміз - ермен. Ермен ешкі майын еріте алады. Сондықтан да бабаларымыз ешкі терісін илегенде майдан арылту үшін осы ерменді қолданған.

Былжыр жөнінде әңгімені езбей-ақ қояйын. Ел оны менің «Былжыр», «Көкбар» деген хикаяттарымнан тауып алар. Қазақ баласы көкбар береді. Көкбар дегеніміз шайтанды аластау деген сөз. Шайтан ол ешкі деген сөз. Олай болса... Ешкіні көкбарға шығарған! Шайтан деп! Тартысқа түскен ешкі еті әбден іриді. Өзінің сөліне өзі піседі. Осы етті бабаларымыз былжыр деген. Оны шикідей де жеген.

Бабаларымыз бір нәрсе білген болар! Қалғаны төменде...

Ешкі жөнінде әңгіме көп. Соның бастыларын жаздық-ау деймін. Ең соңында айтпасыма болмай тұрған жайды да айта кетейін.

Кәртай деген ақсақал болды. Ел сол кісіні Ерменшал деуші еді. Қашан көрсең де бір тал ерменді шайнап отыратын. Сөйтсек... Ешкі етін жеген соң шайнап отырады екен ғой...

БҰЛ ЖАЗБАМЫЗДЫҢ ТҰЗДЫҒЫ

Ешкі - қазақ баласының виаграсы. Менің ешкі жөніндегі осы жазбаларымды оқыған Өмір ағам:

- Ешкі етін жеген күні түсіме көзкөргенім кіреді, - дейді. Көзкөргенім деп Бәтен апайымды айтады. Өмкеңнің жамағаты. Бақилыққа озып, ағамызды кәдімгідей теңселтіп кетті. Бала кезімізде атамыздың тізесін жастанып жатып үлкендердің сөзін бөлмей тыңдап отыратынбыз. Бізді қақпайды деп ойлайды ма екен, «өте ересек» әңгімелер де айтыла беруші еді. Не ғажабы бар екенін кім білген, сондай әңгімелердің біразы өзімізбен жасасып келеді. Бұл кемі бір алпыс жыл бұрынғы әңгіме.

- Байсал бүгін пышаққа шек іліктіріп, ұмасын істікке шығарыпты, - десін Әбен деген ақсақалымыз. Бұл атамыз маған қан жағынан жақын болады.

- Тоқал алмақшы болып жүр еді. Ниетінен жарылқасын, - деді тағы бір ақсақалымыз. Сол ақсақалдың есімін ұмытпағаныммен сөзі құлағымда қалыпты.

- Ниеттеріңізден жарылқасын!

2023 ж.

МАЗМҰНЫ

Бірінші бөлім
ЕЛТАНЫМ

Бірінші жазба. Қазақтың «біздің қазағы» кімдер?.....3
Екінші жазба. Өзіміздің адасқанымыз аздай
өзгелерді адастырмайық.....11
Үшінші жазба. Әйелі азған елдің ертеңі болмайды..... 21
Төртінші жазба. Масылдық әу басқы тәрбиеден..... 25
Бесінші жазба. Тағаны түгел Қазақия.....26
I. Елбайрағым желбіреп, елұраным шырқалып,
елтаңбам асқақтап.....26
II. Ұлттық кодымыздың рәміздерде көрінбеуі қалай?.....31
III. Жарықтық..... 33
Алтыншы жазба. Үнді шайының иісі.....35
Жетінші жазба. Алтын адам ертегісі..... 39
Сегізінші жазба. Мәңгі елдер..... 43
Тоғызыншы жазба. Мәңгі ел аңсары.....46

Екінші бөлім
ТІЛТАНЫМ

Бірінші жазба. Отырған бұтамызды бұтарламайық..... 50
Екінші жазба. Бүтін киімге жамау түсірмейді.....53
Үшінші жазба. Тіліміз мүгедек емес, тіл мүгедегіміз.....60
Төртінші жазба. Ауыз өзіміздікі дегенмен.....63
Бесінші жазба. Ауыз жаппай келеміз, ауыз жауып қайтамыз.....69
Алтыншы жазба. Қазақ тілі мәңгілік тіл бола ала ма?.....70
Жетінші жазба. Тоғыз жүз тоққсан тоғыз сөз.....73

Үшінші бөлім
ДІЛТАНЫМ

Бірінші жазба. Ағайын, жамағайын және қаймана.....99
Екінші жазба. Бата, наурызбата, теріс бата және бәддұғас..... 104

Үшінші жазба. Бұлқыншақ, жарылғап, көздік,
қатар және долық.....106
Төртінші жазба. Желмая, тұлпар, қаратіл және келепан.....109
Бесінші жазба. Жұдырық, жұмырық, алақан және бес/бармақ..... 111
Алтыншы жазба. Кіндіктес, егіз, үшем, төртем және дағалай 113
Жетінші жазба. Қолбала, жолбала, ерікті және күл күндес.....114
Сегізінші жазба. Қырық жеті, отыз жеті, тұрар
және қырық серкеш..... 116
Тоғызыншы жазба. Саптыаяқ, жемаяқ, итаяқ және тобаяқ.....119
Оныншы жазба. Сәукеле, кимешек және шылауыш..... 120
Он бірінші жазба. Шөке, шеше, апақ және жұмсақ.....122
Он екінші жазба. Арыстан ақырады, жолбарыс күркілдейді
және бұлбұл сайрайды..... 125
Он үшінші жазба. Құтан далпылдайды, безгелдек безілдейді
және тарғақ жорғалайды.....127
Он тортінші жазба. Мақұлықаттарды естеу.....128
Он бесінші жазба. Хайуанаттар толғағы..... 129
Он алтыншы жазба. Жауырыншы.....129
Он жетінші жазба. Ет пен бешбармақ.....131
I. Ет.....131
II. Бешбармақ.....132
Он сегізінші жазба. Сақ етер тиді саныма,
сақсырым толды қаныма.....134
I. Сақетер.....134
II. Сақсыр..... 136

Төртінші бөлім
КҮЙТАНЫМ

Бірінші жазба. Ағаштіл.....138
Екінші жазба. Ағке.....140
Үшінші жазба. Ақтаңгер..... 143
Төртінші жазба. Алпан күйші..... 146
Бесінші жазба. «Алшағыр» күйі.....151
Алтыншы жазба. Әбікен..... 155
Жетінші жазба. Биялайқосбасар.....158
Сегізінші жазба. Былжыр.....161
Тоғызыншы жазба. Домбыра болып барып, қобыз болып оралдық 164
Оныншы жазба. Домбыра-ғұмыр.....166
Он бірінші жазба. Керімсал..... 169
Он екінші жазба. Күйғұмыр.....173

Он үшінші жазба. Күйдәуір.....177
Он төртінші жазба. Қараның Аманы..... 180
Он бесінші жазба. Қарғақосбасар..... 184
Он алтыншы жазба. Қоңыр.....186
Он жетінші жазба. Қоңырлатып күй төккен.....189
Он сегізінші жазба. Қосбасар.....191
Он тоғызыншы жазба. Қызқосбасар.....193
Жиырмасыншы жазба. Қырық түрлі күй айналған бармағына.....196
Жиырма бірінші жазба. Машақ күйші..... 200
Жиырма екінші жазба. Мінкенер..... 204
Жиырма үшінші жазба. Нұрқосбасар..... 208
Жиырма төртінші жазба. Оң қол.....211
Жиырма бесінші жазба. Сабалақ қосбасар.....213
Жиырма алтыншы жазба. Мұңқосбасар..... 216
I. Тектілік..... 216
II. Күйдастангер..... 218
Жиырма жетінші жазба. Терісбұрау.....220
Жиырма сегізінші жазба. Тиеккүй.....223
Жиырма тоғызыншы жазба. Тұма дарын..... 225
Отызыншы жазба. Ұлы сарын..... 228
Отыз бірінші жазба. Шаңкерей..... 231
Отыз екінші жазба. Шапиқ.....234
Отыз үшінші жазба. Шопыр..... 237

Бесінші бөлім
ҚАРАТАНЫМ

Бірінші жазба. Бертіс хан есебі.....240
Екінші жазба. Жарылғап батыр мен Қараменде бидің Алатауда достасуы.....241
Үшінші жазба. Қоянды жәрмеңкесінің соңғы күнінде.....246

Алтыншы бөлім
ДҮНИЕТАНЫМ

Бірінші жазба. Жалған.....249
I. Тумақ - сүндет.....249
II. Өлмек - парыз..... 254
Екінші жазба. Пейіштен жаралған..... 266
Жамбас жүрген жерде пышақ жүреді..... 266

Төрехан МАЙБАС

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ КӨМЕСКІЛЕНГЕН ЭТНОГРАФИЯСЫ

Этнографтың жазбалары
Таным кітабы

Редакторы ***Қанат Қайым***
Көркемдеуші редакторы және
компьютерде қалыптаған ***Гүлмира Өтенова***

Басуға 27.08.2025 ж. қол қойылды. Пішімі 60х90 1/16.
Офсетті басылым. Қаріп түрі «Times New Roman».
Шартты баспа табағы 27,0.
Таралымы 1000 дана. Тапсырыс № 500

Тапсырыс берушінің дайын файлдарынан басылып шықты.

ЖШС РПБК «Дәуір», 050009,
Алматы қаласы, Гагарин д-лы, 93а.
E-mail: priemnl @dauir.kz, zakaz/@ dauir.kz